

**З. ҚҰЛАМАНОВА
Т. ЖАҢАҚҰЛОВ**

**Б. МОМЫШҰЛЫ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
ТОПОНИМИКАЛЫҚ АТАУЛАР**

(Оқу құралы)



АРЫС

Алматы
2015

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 Қаз)
Қ 28

*Жамбыл облысы әкімдігінің Тілдерді дамыту басқармасының
тапсырысымен жарық көрді.*

*М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-дің Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға
ұсынылған (хаттама №7, «24» ақпан 2015 ж.);"
Асыл мұра"зерттеулер Орталығы қоғамдық бірлестігі*

Пікір жазғандар:

*филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбарақ С. О., филология
ғылымдарының докторы, профессор Көпбаева М.Р., философия
ғылымдарының кандидаты, доцент Джуншеев Р.Е.*

Қ 28

Құламанова З., Жаңақұлов Т.

Б. Момышұлы шығармашылығындағы топонимикалық атаулар:
Оқу құралы. / З. Құламанова, Т. Жаңақұлов. – Алматы: «Арыс»
баспасы, 2015. – 344 бет. ISBN 978-601-291-261-6

Оқу құралында екі тілде сөйлеп, жазатын әскербасы, Ұлы Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан батыр және жазушы Бауыржан Момышұлының шығармаларындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды: оның өмірі мен өнегесін, патриотизм, адамгершілік, махаббат, тіл, туған жер, топонимика, салт-дәстүр, т.б. – дәріптеп, пайымдайтын өзіндік идеялар, ой-пікірлері мен сөздерінің тілдік, философиялық, тарихи танымдық маңызы суреттеледі.

Кітап орта және жоғары оқу орындарында білім алушы жастар мен көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-291-261-6

© Құламанова З., Жаңақұлов Т., 2015
© «Арыс» баспасы, 2015

АЛҒЫ СӨЗ

Қоғамдағы әр құбылыстың өзіндік сипаты болады. Басқыншылық соғыстың еш уақытта гуманистік сипаты болмайды. Соғыстың бастамашылары адамның көңіл-күйіне, адамгершілігіне, имандылығына, мәдениетіне қарамай, тек өзінің амбициялық тілегін қанағаттандыруды ойлайды, өз ұлтының, мемлекетінің мүддесін көздеп, басқа елдердің елін, жерін күшпен тартып алуды негізгі мақсат тұтады. Соңғы жаһандық соғыстың да келбеті осындай болды.

Осы соғысты басынан аяғына дейін атқарған майдангер Б. Момышұлы оның әрі куәгері, әрі геройы болды. Өйткені фашистік Германияның соғыс өрті қалай тұтандырып, сол отқа қалай өзінің түскенін, әділетсіз соғыстың зардап шегушісі ретінде әділеттілік пен бейбіт өмірді қалаған Совет халқы мен дүниежүзі халқының әділетті тілегінің отына қалай жанғанын көреміз. Б. Момышұлы көргенін, білгенін екі тілде де көркемдеп жазатын автор. Ол соғыстың қатал, мейірімсіз, әділетсіз түрін көріп, олармен қалай жан аямай күрескенін басынан аяғына дейін қарапайым тілмен жеткізеді.

Аталмыш кітаптың авторлары Б. Момышұлының соғыса жүріп, оның қыр-сырын, тактикасы мен стратегиясын қалай меңгергені, соларды тәсіл ретінде қолданып жауды қалай ойсырата жеңгені, бес рет қоршауға түсіп, асқан айлакерлік пен тактикасының арқасында батальонын одан алып шыққаны туралы оқиғаларды, қолынан келгенше суреттеп, логикалық әспет береді.

Кітапта, Б. Момышұлының ұстазы, сырласы, кейін досы болып кеткен, бірақ командир мен қол астындағылар арасындағы офицерлік дистанцияны сақтай білген генерал И.В. Панфиловтың ақылды, салмақты, білімді образы қалай әсер еткені туралы философиялық ойлар жүйесімен көрсетіледі. Оның бергі жағында ротаның, батальонның, дивизияның командирі Б. Момышұлы қол астындағы солдаттар мен офицерлерге қанша қатал талап қойғанымен, соғыс бір сәт толастағанда, оларға деген патриоттық ілтипаттылық, жанашырлық, қамқорлық іс-әрекеттері өз алдына бір төбе.

Кітапта оның көзсіз ерліктері үшін ең жоғарғы наградаға генерал И.В. Панфилов, одан кейін майдан қолбасшысы маршал Рокосов-

ский жоғарғы атақтар мен қызметке ұсынғанда күнделікті тірліктей жайбарақат қабылдауы, Б. Момышұлының мансап пен регалиялар үшін емес, өзінің жерін, суын, сары даласын қорғап жүргендей болып есептеуі, асқан қарапайымдылығының белгісіндей еді.

Кітапта, авторлар, Б. Момышұлының әскери талантының, асқан патриоттылығының үлгісін «Москва үшін шайқаста» көрсетеді. Күн-түн қатып от кешу, кешегі қасында жүрген солдаттардың оққа ұшуы, әсіресе панфиловшылардың жаудың сан қайтара ентелеп шепті бұзуға әрекет жасап Москваға бет алуын жанкештілікпен тоқтатуы ұрпақтар айта жүретін, қайталанбас ерліктің үлгілері еді.

Майданда жүріп, алыстағы анасы, елі, жері, Мыңбұлағы туралы ойланып-толғанып, қазақ тілі, салт-дәстүрі, мәдениеті, болашағы тыныштық бермей жүрегін сыздатқаннан Қазақстанның басшыларына, жазушыларына, интеллигенциясына сан рет хат жазысулары ұлы қамқоршы тұлғалардың үлесінде болатын дүние:

Сыр айтам саған халқым ұға білсең,

Дайынмын от пен суға маған сенсең.

Арымды ақ ниетпен ақтамасам

Ризамын теріс қолмен бата берсей, –

деп адалдығына серт бергендей.

Авторлар Б. Момышұлының әйел тағдырына, оның ішінде, майданда өзінің қарындасындай болып кеткен, дәрігер, басы ауырып, балтыры сыздағанда қасынан табылатын Янина атты әйелді қолдауы, оның тағдырының ауыр, қосылған ерінің жайсыздау болуы Б. Момышұлын қатты толғандырады.

Кітапта ерекше орын алатын жайт, майданда Ставканың Бас қолбасшысы Сталинмен, оның орынбасары Жуковпен, басқа да маршал, генералдармен кездесіп, олардан қаймықпай терезесі тең адамдарша тілдесіп, пікір алысуы, Б. Момышұлының соғыс тактикасы мен стратегиясын олардан артық білмесе кем білмейтіндігін паш етеді.

Халық оған маршал, генерал, Батыр атағын әлдеқашан беріп үлгергендігін, авторлар дәлелді етіп көрсетеді.

Авторлар уақыт үндестігін сақтай отырып жаңа тарихымызда екі: Б. Момышұлы мен Н. Назарбаев феномендерінің қалыптасқанының кездейсоқ емес екендігін жүйелі баяндайды.

Қоғамның жаңа бағытта дамуы, Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекетке айналуы, ел өміріндегі барлық салалардағы түбегейлі өзгерістер, оның ішінде мәдениет, әдебиет, тіл, ғылым, білім, техника, т.б. үкімет тарапынан қамқорлыққа алынуы – қоға-

мымыздағы глобалдық үрдістер деп аталады. Жаңарған қоғамның жаналықтары қазақ халқының рухани дүниесінің даму мәселелеріне жаңа міндеттер жүктеді. Рухани мәдениетіміздің қай саласы болмасын тәуелсіз мемлекет кезінде, әсіресе тіл, соның ішінде ономастика жаңа белестерге көтеріліп дамуда.

Қазіргі ономастика кешенді ғылым болып табылады: ол әртүрлі филологиялық, гуманитарлық, жаратылыстану, әдебиеттану ғылымдарының әдістері мен мүдделерін қамтиды, оның дамуына филолог-лингвистер, фольклоршылар, тіл тарихын зерттеушілер, әлеуметтанушылар, философ-логиктер, тарихшылар, қоғамтанушылар, географтар, мифологтар, астрономдар, т.б. қатысады. Дегенмен, ол ең алдымен тіл біліміне қатысты. Мұны тек ономастика жеке ғылым статусын алғаннан кейін ғана XX ғасырда көпшілік мойындады. Оның бергі жағында еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ономастика ғылымы қайта түлеп жаңғырды.

Көркем шығарма мен жазушының жалпы шығармасында топонимдер саны әртүрлі болып келуі мүмкін. Барлық жалқы есімдер ономастикалық кеңістікті немесе текст ономастиконын құрайды, ол жалқы есім разрядтары мен басқа да белгілеріне қарай бірнеше топтарға бөлінеді.

Шығарма (текст) ономастиконы, оның құрамы, ономастикалық атауларды таңдауы мен шығарма ішінде байланысы жанр заңдылығы мен жазушының көркемдеу тәсіліне, әдеби шығарма түрі мен поэзия құрылысы, тексттің сюжеттік-тақырыптық мазмұнына сәйкестігімен, онимнің эстетикалық мәніне тікелей байланысты. Осы арқылы әр жазушының өз «ономастикалық әлемі» болады және де ол басқа да тілдік құралдар сияқты жазушының көркем идеясын білдіреді. Ал бұл «ономастикалық әлем» органикалық түрде көркем шығарманың ішкі әлеміне кіреді, оның бірліктері болмысты суреттеу үшін қызмет атқарады және бір-бірімен жүйелі түрде байланысып, көркем шығарма кезеңі мен кеңістігінде өмір сүреді.

Авторлық қолданыстың жалпы жүйесімен байланыстан басқа ономастикалық атаулар кез келген көркем шығармада өзекті болады, яғни олар әркез бір нәрсе туралы ақпарат береді, өзінің көркемдеуші қызметін атқара отырып, әртүрлі коннотативті мағынаға ие болады.

Ономастика мәселесінің ұлттық сана қалыптастырудағы қарқынды дамуы – оның саралануына және дамуына себепші факторлардың бірі. Ономастика салаларының бірнеше түрлерінің бар

екендігін айта отырып, олардың ғылыми тұрғыдан зерттелу деңгейінің бірдей еместігін анық байқауға болады. Сондықтан қазақ тіл білімінің маңызды міндеттерінің бірі – қазақ ономастикасын және оның жаңа бағыттарын кешенді түрде зерттеу болып табылады. Көркем шығарма тіл арқылы ұлттық-мәдени бағыттағы құнды ақпаратты ашуға септігін тигізуші ерекше материал болып табылады. Осы ойға А.А. Потебняның пікірі ұқсас: «Көркем шығарма үш сәттің: сыртқы форма, ішкі форма мен мазмұнның синтезі, яғни өнерге тән оның мінсіздігін, тұтастығын көріп, біз сөздің өзі өнер екендігін аңғарамыз».

В. Фон Гумбольдт: «Рух және халықтың өзін танудағы барлық құбылыстардың ішінде тек тіл ғана халық рухының ең ерекше және нәзік ерекшеліктерін аша алады және ең құпия ... ете алады» деген.

Сонымен бірге көркем шығарма тілінің ерекшелігін ономастикалық (жалқы есімдік) лексика – әдеби тексттің поэтикалық жүйесінің маңызды элементі, әлем бейнесінің ақпаратты маңызды символдық белгісін зерттемей жатып сөз ету мүмкін емес. Әдеби текстке енгізген жалқы есімдер ассоциативті байланысқа бай, символдық мәндегі маңызды ақпаратқа ие болып келеді. Осы мақсатта А.А. Фомин шартты түрде әдеби шығармалардағы ономастикалық атауларды зерттеудің төрт бағытын көрсеткен:

1. Философиялық; 2. Логикалық; 3. Әдеби танымдық; 4. Лингвистикалық.

Ғалым: «...Әдеби ономастиканың болашағы үшін соңғысының қызметі зор, себебі лингвистика шеңберінде ол барынша толық және объективті түрде қарастырылады және көркем тексттің қалыптасуы мен интерпретациясына ықпал етуші факторлар қарастырылады және жаңа лингвистикалық пәндер – когнитивті лингвистика, дискурс теориясы, текстаралық теория, т.б., сонымен бірге қазіргі кезде тез дамып келе жатқан текст лингвистикасы мен поэтика – әдеби ономастика өз міндетін шешуде өзара тиімді әрекеттесетін ғылымдар», – деп дәл тауып айтқан.

Көркем шығарма ономастикалық лексика әлемнің ұлттық көзқарасына тән мәнді мәдени мағына мен ассоциациялар туралы өзіндік ақпарат беруші болып табылады. Ал Бауыржан Момышұлының әдеби шығармашылық мұрасын зерттеу – өзектілік пен бүгінгі күннің қажеттілігінен туған. Сол себепті де жоғарыда атап өткеніміздей, Б. Момышұлының шығармашылығындағы топонимдерді танып білу арқылы еліміздің, жеріміздің, тіпті, батырдың ерлік жасау барысындағы жүріп өткен жолын, қалаларының аталу

уәждері мен семантикалық мән-мағынасын, тарихын білу арқылы жастарды ұлттық патриотизмге тәрбиелеудегі мәні зор болып отыр.

Бұл шығармада қазақ халқының біртуар азаматы, Халық қаһарманы, жазушы Б. Момышұлы шығармаларындағы топонимдердің даралығын, өзара ұқсастықтары мен байланыстарын, аталу уәждерін тани отыра, қазіргі кездегі топонимдердің ұлттық сипаты мен басқа орыс топонимдерін анықтау арқылы тарихи-лингвистикалық түсінік-талдау жүргізіледі. Ендеше, белгілі мақсатқа сәйкес ономастикалық атаулар соның ішінде, шығармалардағы топонимдердің семантикалық мәнін ашу мақсаты да жан-жақты қарастырылады.

Қазақ халқының Б. Момышұлы сынды біртуар ұлдары шығармаларындағы топонимдердің тілдік қолданыс қызметін анықтау Ұлы Жеңістің 70 жылдығының қарсаңындағы қажеттілік болып отыр. Қазіргі кезде қазақ ономастикасының салыстырмалы түрде дамыды деген шақта, аталған сөз шеберлерінің шығармаларындағы ономастикалық кеңістікті анықтау, яғни ономастикалық бірліктердің «өзіндік бір тарихи ескерткіштер» екендігін, олардың танымдық, тәрбиелік, тарихы мәнін дәлелдеу бұл кітапта орын алады. Б. Момышұлы шығармаларындағы топонимдер алғаш рет қарастырылған. Олар тарихи-лингвистикалық, лексика-семантикалық, танымдық-тәрбиелік мақсатта қарастырылып, жүйеге келтірілген. Кітаптың құндылығы сонда, Б. Момышұлының 30 томдық шығармаларындағы барлық топонимдерді жинақтап, сөздік жасалынған. Сонымен қатар «Ұшқан ұя» мен «Москва үшін шайқас» атты шығармасындағы топонимдердің толық талдануы, оның өмірі мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жүріп өткен жолындағы (бұрынғы Одақ көлемінде) топонимдер сараланып, жалпы сипатына толық түсініктер берілуі жастар санасында ұлттық патриотизм сезімін тудыратындығы сөзсіз.

Сайып келгенде, Б. Момышұлының шығармашылығының ішкі логикасындағы философиялық сарынды бір қырынан, ал топонимдерін екінші қырынан шығарма арқауы етіп, авторлар Жеңістің 70 жылдығына бағыштаған.

Аталмыш кітап оқырмандардың қызығушылығын тудырады деп толық сеніммен айтуға болады.

М. МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
ф.ғ.д., профессор

I

**Б. МОМЫШҰЛЫ
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ФИЛОСОФИЯЛЫҚ САРЫНЫ**

КҮН-ТҮН ҚАТЫП ОТ КЕШКЕН ЖЫЛДАР (*Москваны қорғау*)

Әлемде соғыстың неше түрі: үлкен-кішісі, ұзақ-қысқасы, әділетті-әділетсіздігі болған. Солардың ішінде ең жойқыны, әрі қауіптілігі жағынан XX ғасырдың қыркыншы жылдарындағыдай болған емес. Ол – екінші дүниежүзілік соғыс. Біз үшін Отан соғысы төрт жылға созылған, соғыста екі жақтан қырық миллионға жуық адам опат болған. Бұл екінші дүниежүзілік соғыс Совет мемлекеті мен Германияның, ал анықтай айтсақ, екі блоктың арасында: Германия жағында – Италия, Жапония, Совет Одағы жағында – АҚШ пен Англия болды. Бірақ негізгі ауыртпалықты СССР Германиямен қақтығыста көтерді. Бірақ соның ішінде Совет Одағының шығыны орасан көп болды.

1941 жылдың 22 июнінде мұздай қаруланған 5,5 миллион солдаттары мен офицерлері бар неміс-фашист басқыншылары соғыс жарияламай, тұтқиылдан бейбіт жатқан Совет мемлекетінің территориясына басып кіріп, бір-екі айдың ішінде Ленинградты қоршап, Москваның түбіне бір-ақ жетті.

Ел тәуелсіздігін қорғау үшін бүкіл халық болып көтерілді. Соғыстың келтірген шығыны мен зардабы адам айтқысыз, өлшеусіз болған. Ол кезде Совет Одағының құрамына он алты республика кіретін еді. Өлім мен өмір белдескен кезеңде Қазақстан халқы да одан сырт қалмады. Қазақстандағы адами, тыл, экономикалық ресурстар соғыс рельсіне бағытталып, Жеңісті жақындатуға үлкен үлес қосты.

Соғыс барысының қауіпті болғаны сонша, Москваның түбіне ентелеп жетіп келген неміс-фашист басқыншылары Қызыл алаңда олардың маршпен өтетіндігіне кәміл сенді, бұған Гитлер бастаған Вермахт басшылары, өздерінің көптеген «жалынды» сөздерімен майдандағы әскерлерін сендіріп бақты.

И.В. Сталин бастаған Кремль басшылары қатты күйзелді. Бірақ Москва жұртшылығы «Сталин Кремльде отырғанда, біздің бойымызды ешқандай қорқыныш сезімі билемейді» дегендей асқан сабырлық танытып бақты, тыныштық сақтап тіршілігін атқара берді. Дегенмен, рухты іштей қатты үрей де биледі. Бірақ Сталиннің: «Біздің ісіміз ақ, біз жеңеміз!» деген қорғасындай салмақты,

оптимизмге толы сөзі совет халқын рухтандырып, неміс-фашист басқыншыларына дегендегі өшпенділігін еселендіре түскендей еді. Өйткені, совет халқы әділеттілік үшін күреске үдере көтерілген еді. Тарихта жағымсыз құндылықтардың ең бастысы әділетсіздік ұғымы болса керек. Басқыншыларға деген ашу-ыза, кек алушылық адамдарды өзінің кіндігінің қаны тамған жерін, шомылған суын, биігіне шыққан тауын қорғауда аса табандылық танытып, патриоттық сезімінің қуаттанатынын біз тарихтан білеміз. Мысалы XVII–XVIII ғғ. қазақ жеріне басып кірген жоңғар-қалмақ басқыншыларына қарсы тұру, Томирис ханымның жерін-суын «қызылбастардан» қорғауда жанкештілік танытқан әрекеттерін т.б. білеміз. Жаңа дәуірде американдықтар да корейлерді, вьетнамдықтарды, ауғандықтарды, ирандықтарды және т.б. жеңемін деген әрекеттерінен түк шықпағанын, ақырында елін-жерін қорғаған кішігірім халықтардан жеңіліс тауып, әлемге маскара болғанының куәсіміз. Сондай-ақ неміс басқыншыларының азаттық үшін күрескен совет халқынан жеңілетіндігі де даусыз еді. Бірақ бұл бізді өлшеусіз адами және материалдық шығынға түсірді.

Совет Одағының тағдыры қыл үстінде тұрған, осы бір қауіпті кезеңін халық батыры Б. Момышұлы суреттеген екі кітаптың («Москва үшін шайқас», «Волоколамск тас жолы») маңызы айрықша. Жауынгер жазушы Б. Момышұлы – осы қиямет соғыстың ортасында от пен қан кешіп, басынан аяғына дейін Москваны қорғаған адамның бірі және бірегей куәгері. Осы кезде оның басқарған батальоны бес рет қоршауда қалып, бес рет оны бұзып шыққан. Тарихтан сирек кездесетін ерліктің иесі атанды. Төрт жылдық соғысты басынан кешірген батыр жауынгердің отыз томдық шығармалар жинағы жарық көріп, оқырмандарына жол тартты. Мұнда ерлік пен елдіктің, батырлық пен батыллықтың, отансүйгіштік пен махаббаттың, т.б. қырлары үлкен ыждахаттылықпен шынайы, әрі терең суреттелген. Оның шығармаларының құндылығы автордың соғыстың қақ ортасында жүріп, жауынгерлерімен ыстық пен суықты, аштық пен жалаңаштықты, азап пен қуанышты бірге бөліскендігі айғақ болады. Мұны өзінің адами парызы деп есептейді. Ол былай дейді: «Тағдыр мені адамзаттың жантүршігерлік қайғы-қасіретінің куәгері болуға жазса да, ақ қағаздың бетіне болат қаламсаптың ұшымен қисынды сөзді маржандай етіп тізе алатындай өнерім болмаса да жәй себеппен, менің қолым жауға сілтер семсердің сабын ұстауға, пистолеттің шүріппесі мен жауынгердің атының тізгінін ұстауға үйренген қолыма – қаламсапта, ұстаттың өктем тіліне үйреніп қалған тілім де ырық берер емес,

бірақ сарандардың санатында (өлер алдында бар байлығын далаға шашқан Қарынбай сияқты) қалмас үшін, өлгендердің рухы, зардап шеккен, адал солдаттарымның алдында – үн-түнсіз қалмауға, бастан кешкендерді тілсіз қағаз бетіне түсіруді өзіме парыз санаймын, өйткені ол: «ерлік елеусіз қалмасын, олжа – елге, атақ – ерге сауға» деген әділеттілік қағидасын еске салатын, шындық оқиға куәгерінің тілі болсын».

Аталмыш туындылар, ойлар, соғыстың тынышталған бір сәтінде блиндаждарда отырып, кейде майшамның, кейде электр жарығының, кейде күн сәулесінің жарығымен қанша жазылған күнделіктер. Солдаттардың бірнеше минут болса да демалысын бұзбай пайдаланып, тез-тез ой қисындырып қағаз бетіне түсіруге үлгерген автордың амалдары болса керек. Бұлардың әдеби көркемдігіне жауап бере алмайтындығына алдын ала кешірім сұрағандай: «бұл қарапайымдау, өңделінбеген олақтау, сұрыпталынбаған тартуым болсын, сөз өнерінің шеберіне кітап жазуы үшін, құрылыс материалдарына жарарлық сыйым болсын», – дейді. Автор айтқанындай, болашақ сөз шеберлеріне олардың: «толығырақ, көркемірек жазатын шығармаларына арқау болсын аманаттық мақсатпен қалдырып отырмын», – дегені сияқты. Бұдан әрі қарай автор келер ұрпақтан осы идеясын құрылыс материалдарын пайдаланып отырып өмірге туынды келтірсе, келер ұрпақ рухани азығына пайдаланып жатса онда менің оларға өкпем жоқ, деп асқан қарапайымдылық пен шүкіршіліктің үлгісін көрсете келіп былай дейді: «тұрғызылған ғимаратқа жабдықтаушының аты ешқашанда қойылмайтынын біле тұра, мен жабдықтаушы атануға ризамын және егер ол менің атымды, сөзімді еске алуды ыңғайсыз санап, атақты адам айтқандай етіп, (мұны өзімде жиі естимін) соның аузынан толғанысты ойлар түрінде айтқызса, ренжімеймін».

Бауыржан Момышұлы табиғат берген асқақ дарындылығын, келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, адамгершілігін, ер тұлғалық батылдығын іркілтпей келер ұрпаққа иіп береді. Өйткені, оның көргені мен қолында ұстаған қалам-қаруы оның дарындылығына азық болып сыртқа теуіп шығуға бұлқынып жатты. Себебі ғасырда бір туатын дарын иесі, ішкі рухынан туындаған ақыл-ойларын қағаз бетіне түсірмеске жанын жай тапқызбаса керек.

Су түбінде гауһар тас,

Жел толқытса шығады.

Ой түбінде асыл сөз,

Шер толқытса шығады, –

дегендей батыр жанының күйзеліп шерге толы болатынын білу қиын емес. Жаудың ниеті Совет Одағын күшпен басып алып, хал-

қын жер бетінен жойып жіберуге, қалғанын құл етуге жоспарлы болса, жан-жағында мылтық оғынан, снаряд-миналардан отандастары, жауынгерлері, жолдастары қынадай қырылып жатқанда, батыр тұлғалы Бауыржан Момышұлының жүрегі шерге толып, жауға арнаған зәрлі сөздерін қағаз бетінде бейнелеуге кіріскен. Соғыс аз толастаған кезде күннің, түнде керосиннің жарығын пайдаланып, үзік-үзік ой толғауға тырысқан. Оның бергі жағында аса қадірлейтін, ағасындай бауыр басып кеткен ұстазы кездейсоқ снарядтың сынығы тиіп, кенеттен қайтыс болған И.В. Панфиловтың өлімі оның қанатын қайрылтып, еңсесін түсіргендей болды. Бірақ, қайсар тұлға болаттай болып, жауды қайтсе де жеңуге құлшына кірісті. Рухы қайнап, қолына қалам алғызды:

Найзадан қол босаса қалам алдым,

Толғанып оқиганы көп ойландым,

Тырмысып әл келгенше көргенімді,

Жалтақтамай, именбей ашық жаздым.

Отырсам көп ойланып, күнім жақын.

Әр адам біле бермес сөздің парқын.

Ұрпаққа арнап істелген адал еңбек,

Ақ ниетпен ұсындым саған халқым.

Батырдың сөз толғанысына назар аударсақ – баяғыдай тасып тұрған күш-қуатым жоқ, байқаса сарқылып бара жатқандай сияқты, өлшеніп берілген уақытты жемісті пайдалану керектігіне меңзейді. Онысы дұрыс та шығар, өйткені өмір мен өлім серік қой, бірінен бірі көлеңкедей айырылмайды. Бойында қуаты бар кезде талантының тиегін ағытып ойларды көсілтіп-көсілтіп алу өмір жоспарында болса керек.

Бауыржан Момышұлының кітаптарының ішінде ерекше орын алатыны «Москва үшін шайқас» романы. Өйткені Ставканың ұйғарымы бойынша, генерал Панфиловтың 316-атқыштар дивизиясы Москва үшін болып жатқан қиян-кескі соғыстың өтіне жіберілді. Жаудың сына тәрізденіп екпіндеп, баса-көктеп еніп келе жатқан кезі еді. Бұл Совет Одағының тағдыры үшін жан алысып, жан берісіп жатқан шақ еді. Жазушы бұл жерде өзі аға лейтенант болып тағайындалған батальонның командирінің бастан кешкен оқиғаларын баяндайды. Алты жүздей адам колонна түзеп келе жатыр. Саптың соңында жаралы солдаттар мінген арба келеді. Соғыс адамды аяй ма, солдаттардың беттері көптен шайылмаған, сақал-мұрттары өскен, кірпіктері ғана қимылдайды, жүздері ісінген, жүріп келе жатып қалғиды, еріндері кезерген, салбыраған, иықтарына асынған винтовкалары бар, жүріп келеді.

Шаршап-шалдығып келе жатса да, өлең айтып еңсесін тік ұстап, рухын көтере аяқ басып келеді:

Смело в бой пойдем за власть Советов,

И, как один, умрем в борьбе за это! –

деп аспанды дүбірлете ұрандатып келеді. Комбаттың байқағаны солдаттардың аяқтары зорға алға қарай тартып келе жатса да, рухы сергек естіліп, байтақ жатқан Отаны үшін отқа салса да күймейтін сынай танытып отансүйгіштік сезімін әрі қарай ұштап келе жатқан секілді. Олардың әрбір адымы жауға деген өшпенділігін қайрап келе жатқандай сезілді. Дегенмен, ұрыстан шегініп келе жатқан солдаттардың көңіл-күйінің бәсеңдеу, солғындау екені байқалады. Олардың мұнын политрук Толстунов та күйзеле байқап келе жатыр.

– Амал қанша, қайтерсіз енді, біз болсақ шегініп келеміз, біздің осы түрімізді көру бұларға оңай дейсіз бе? Бұл жермен Москваның арасы жап-жақын «үйіме ертең ойран салынады деген қауіп кімді қажытып, кімді мұңайтпас, жолдас аға политрук», – деді төмен қарап Ж. Бозжанов.

Көшеде сап түзеп өлең айтып бара жатқан колоннаға бейбіт халық үлкен жеңіс үмітімен қарап, қолдарымен көздерінің жасын сүртіп тұрған әйелдер, шешелер, ал балалар болса колоннаның алдына жүгіре шығып бір-біріне батылсыз сыбырлайды. Олардың да еңсесі төмен, үстері алба-жұлба, аяқ киімдері лай басқан. Қала орталығы қираған, тонауға ұшырағандай ашық-шашық қалған иесіз магазиндер, орнында күл-қоқыс қалып өртенген үйлер, бір шегінен ілініп, желге желбіреген қағаз-жарнамалар соғыс ойранының куәсіндей. Бүкіл ұлт күрсінгендей көңілге қаяу түсіріліп жатты. Бұл 1941 жылғы октябрьдың соңғы декадасы еді. Ұлы Отан соғысының тарихына үңілсек, гитлершіл Вермахт «Барбаросса» жоспары бойынша Совет Одағын екі айдың ішінде тізе бүктірмек болып әлемге жариялады. Бірақ, онысы іске аспады. Өйткені әділетсіз агрессорлық соғыстың ақыры болмай, бейбітсүйгіш әділеттілікті ту еткен халықтың жағында бүкіл прогресшіл адамзат болды, Совет халқының Отанын қорғауда жанқиярлық іс әрекеттерін, батыл қимылдарын жақтады. «Отан, алға ұмтыл!», «Қасиетті соғысты агрессорларға қарсы баста!» «Родина Мать зовет!» деген ұрандар бүкіл әлемді шарлап кетті. Өзінің жерін жауға тапталпау және елін, халқын құл еткізбеу үшін үлкен де, кіші де, әйел қыздарымыз да, неміс басқыншыларына асқан патриоттық сезіммен қарсыласып өре түрегелді. Партизандық қозғалыс жаудың автожолмен, теміржолмен, кемемен, әуе жолдарымен тасымалдаған жүктерін апатқа ұшыратып, теміржол мен көпірлерді жарып, адамдарын қырғынға

ұшыратып, қалаларымызды келе салып басқарып отырған «мэрлерін» өлім құштырып, Жеңісті жақындату мақсатымен қарапайым халық қолынан келгеннің бәрін істеді. Халқымыздың тылдағы «бәрі де фронт үшін» деп істеген орасан жанқиярлық еңбек майданындағы ерліктері келер ұрпаққа адам нанғысыз үлгі болды. Халықтың отансүйгіштік сезімін ұштады.

Дегенмен, басым күшпен елімізге лап берген жау Москваны алу мақсатынан тайынбады. Жасыратыны жоқ, Ставканы, Бас қолбасшы И. Сталинді де айналасындағы соратниктері алдын ала дайындап қойған Куйбышев қаласына көшіруді жоспарлап қойғанды. Ұзақ уақыт көнбесе де жаудың алатынына көзі жеткендей болған сияқты болды. Өйткені Берия бастаған Политбюро мүшелері сын сағаттың жақындағанын айтудан танбады. Ендігі жерде Куйбышевте отырып басқарудың тиімді екенін сансыз дәлелдеп бақты. Өйткені, үкімет ертерек Куйбышевке көшіріліп жіберілген еді. Кремльде тек қана Сталин Ставкасымен қалғанды. Бір мезетте өзі шешті ме, әлде жан-жағындағылардың «жеңілдік» деген борғөбектік, дүрлікпе сөздеріне жеңіл мән берді ме, әйтеуір ұзақ күндер, түндер ойланудың нәтижесінде Сталин Ставкасын Куйбышевке көшіруге келісім береді. Москвадағы Курск вокзалында көсемге арналған арнайы поезд дайын тұрады. Келгеннен кейін Сталин вокзал алаңында темекі шегіп терең ойға шомып екі сағаттай ары-бері жүреді. Әдетте халық, москвалықтар оған құдайдай сенетін-ді. Қандай уақиғалар легін, қиындықтарды, намысын қайраған саясаткер, елінің сеніп тапсырған тағдырын нардай көтеруге жарамай бара жатқанына жаны күйзелді ме, әлде «Сталин барда не қам бар» деген москвалықтардың сенімін ақтамай кетіп бара жатқаны намысын қайрады ма, не көрсем де еліммен бірге көрейін деді ме, әлде халқының сенімін ақтаудың орнына қорқақтық танытып қашып бара жатқанына намысы кернеді ме, кенеттен урнаға трубкасын лақтырып жіберіп: «Кремльге тартыңдар!» – деп бұйрық берді. Түнгі үште Политбюроның отырысын өткізіп, мынадай шешім қабылдап радиодан бүкіл елге таратуды бұйырады:

1. Москваны қоршауда қалған қала деп жариялау;
2. Қаланың төңірегін 15 шақырым жерден қоршап оқоп қазу;
3. Москваны қорғау Жуковқа тапсырылсын! – деп қарар қабылдады. Жуков өзінің «Естеліктер мен толғаныстар» деген соғыстан кейінгі кітабында: «Аталмыш қарардың ізінше, таңғы сағат бесте жауға қарсы шабуылға шығып оның қоршаған шебін бұзып, 5 шақырым кері түріп тастадық, осы инициативаны біз Берлинге жеткенше қолдан шығармадық», – дейді. Қызыл Армияның аталмыш

жеңісі аса шағын болса да, соғыс басталғаннан бері қарай ұдайы шегініспен келе жатқан, оның үстіне 70 қала мен мыңдаған елді мекендерден айырылған Совет халқы үшін тарихи маңызы бар оқиға болды. Армия мен халық рухтанып кетті. Өйткені Вермахт өзінің «өмірі жеңілмейді» деп айдар таққан даңқты армиясының да жеңілетіндігі еске салынды. Левитанның даусымен жария етілген Информбюроның хабары Қызыл Армия емес соғыстың ауыртпалығын арқалап жатқан тыл еңбеккерлерінің көңілдеріне жеңіс үмітін ұялатты. Олардың рухы қанаттанып еңбек өнімділігін арттыруға тырысты.

* * *

Соғысқа араласқан батальон командирі Б. Момышұлы генерал Панфиловқа есеп беріп жатты. Әрине, күші тең емес жаудың қоршауынан түрлі амал-айла қолданып құтылып шығу оңайға соқпайды. Генерал қарама-қарсы отырып, папирос ұсынып:

– Адам шығыны көп пе? – деп сұрады. Болған шығыннан мағлұмат алған соң:

– Жараланған жауынгерлер қалып кеткен жоқ па? – деді.

– Ешкімді қалдырған жоқпыз, оларды осында алып келдік, жолдас генерал.

Генерал телефонды алып штаб бастығымен сөйлесіп: «Момышұлының батальонды жау тылынан аман-есен алып шықты» деп армия штабына хабарлауды бұйырды.

Кішкентай үзілістен кейін Б. Момышұлы генералдарға менің батальоныма жол-жөнекей басқа жақтан 90 адамдай қосылып, 600-ге жеткенін айтып, бірақ жол-жөнекей бір-бірлеп, топ-тобымен бізге қосылған жауынгерлер туралы, олардың кейбірі сонау шекарадан бері келе жатқаны туралы, оларды бөлек колоннаға тұрғызып, жан-жағына күзет қойып келгені туралы айтады. Осыны естігенде генерал ұнатпаған сыңай танытып, реніш сезімін көлденең тартқандай болып, қабағын жай шытады. Оның астарында қомақты сыр жатқанын ішім сезе қойды. Генералды ардақты ұстазым деп санайтынмы сондықтан.

– Мен бұл мәселе жөнінде сізден басқаша ойлап, басқаша түсінемін, жолдас Момышұлы, – деді ол салқын жүзбен көзіме тіке қарап.

– Қоршауда қалған жалғыз-жарымдар кім еді? Сіз оларды кімдер деп танысыз? Олар – мына қырғын соғыста полктерінен, бөлімшелерінен адасып қалған біздің бейшара жауынгерлеріміз. Мына шәт-шелекейде сүйенер, медет етер командирінен, жолдастарынан

ажырап, қорғансыз қалып, ашып-арып, өз тобын, өз үйірін іздеп келе жатқан өзіміздің солдаттар олар. Олар ел десе еңіреген, жолдас Момышұлы. Олар опасыздар емес. Олардың неміс қолында қалғысы келмей, өз тобын табуға талпынып, өзегі талып, азаптанып, қорлыққа көніп, тәуекелге бел байлап, бірнеше қиындықтардан толарсақтан қан кешкендей өтіп шығыпты. Бұл сізше ерлік пе, қорқақтық па? Меніңше, бұл ерлік. Азаматтық, адалдық. Олар өзіміздің адамдар ғой, шырағым-ау! Олардың қоршаудан ұйымдасып шыға алмағанына көбі кінәлі емес, олар бізге қосылып соғысқа қайта бармақ болып келгендер емес пе?

Генералдың бұл сөзінен кейін жаңа бізге қосылған тоқсан жауынгер туралы бірбеткей тіке сөйлегеніме енді өзім қатты қысылдым. Жорық кезінде оларға тым қатал болғаным қазір көз алдыма елестеп, жаныма батты. Оларды бөлек тұрғызуға бұйрық бергенімде, шекара формасын киген, сақал-шашы өскен, ұзын бойлы әлеуетті бір жігіт наразы болып, бетіме тіке қарап тұрып: «Немене, жолдас аға лейтенант, біз сізге тұтқынбыз ба соншалықты?» – деп еді. Мен зекіріп тастамақшы болғанымда, оның қасындағы жай киім киген бір қаба сақал жолдасы әлгі жігітке жылы сөйлеп, оны жұбатқандай: «Ештеңе емес, Иван Митрофанович, құдайдың мұнысына да шүкір, өзіміздің адамдарға тұтқын болсақ арманымыз не?» – деген еді. Содан кейін әлгі шекарашы жігіт түсі жылып, күлімсіреп: «Мейлі, жолдас аға лейтенант, мақұл, сіздің қарамағыңызда-ақ болайық», – деп сапқа барып тұрып еді. Біраз ойланып өз сөзін өзі құптағандай болып, ол тағы: «Майдан шебін бұзып өткеннен кейін бізге қару-жарақ береді, сонда жауға біз де қайта тиісеміз», – деген еді, – «өзіңнің қаруың қайда?» – деп оның сөзін кекесін түсініп, мен зекіре сұрап ем сонда: «Міне, жолдас аға лейтенант», – деп ол сабырлы түрде қойнынан бір револьверді суырып алып, түсі суық қара револьверді қолына салмақтап ұстап тұрды да, тағы да былай деді: «Бірақ, жолдас аға лейтенант, мұның ішінде небары екі-ақ патрон ғана. Сақтықта қорлық жоқ дегендей бір айдан бері қасқалдақтың қанындай сақтап жүрмін. Жаман айтпай жақсы жоқ, бірдеңе бола қалса бір оғы неміске, бір оғы өзіме деп сақтаған едім». Сөйтіп, ол револьверді қайтадан қойнына тығып қойып еді. Қазір бұл әңгімені генералға айтуды ұмытып кетіппін. Енді есіме түскенде әдейі айтпай ішке бүгіп қалдым. Өйткені, тоқсан жауынгер туралы өз айтқаным өзіме соққы болып тигені онсыз да жеткілікті болды.

– Мен сізге қарағанда көпті көрген солдаттардың бірімін, жолдас Момышұлы. Мен олардың мұңын, қайғылы халдерін түсінем,

олардың қадірін білем. Осы кездің өзінде олардың талайымен кездесіп әңгімелестім де, – деп генерал сөзін жалғастыра беріп, – олардың көбі жігерлі, ұстамды, тұрақты адамдар. Өзіңіз ойлаңызшы, жау жағына өтіп кетуге, немесе жау басып алған аймақта қалып қоюға олардың мың мәртебе мүмкіншілігі болды ғой. Бірақ олар мейлінше қорлық көріп, азаптана құз-қиядан өтіп, азып-тозса да, қайтадан сапқа тұруға тырысыпты. Олар соғыстан қашып келе жатқан жоқ, қайта өздерінің соғыс майданын іздеп келе жатыр. Өйткені, олар біздің жеңісімізге шын жүрегімен сенеді. Ал егер Совет өкіметі жеңіледі деген пасық пиғылда болса, мұншама азаптанып, жаннан түңіліп тәуекелге бел байлап несі бар еді олардың? Жеке-жеке бытырап келе жатқандарды жиып алып, басын қосып алып келгеніңіз дұрыс болған екен.

Генерал өзінің айтқан сөздерін пайымдап, қайта-қайта таразыға салып отырғандай-ақ біраз үнсіз отырды. Шынымды айтсам, генералдың көкейге қонымды әділ сөздерін сонда бірден түсіне алмадым – әлі тоқсан адамға бола генералдан сөз естігенім жаныма батты. Генерал ақырып айтпаса да, әр сөзі зілдей ауыр тиді, жәбірлендірді, зығырымды қайнатты. Оны сезген генерал мұртынан күлімсіреп:

– Қане, қане, ал айта беріңіз, айта беріңіз, – деді. Оның «айта беріңіз» дегенін мен «әңгімеміз осымен бітті» деп сыпайылатқаны ғой деп түсіндім. «Мына сын сағатта жұмысы көп, шаруасы тығыз кісінің уақытын алып отырмын-ау», – деп ойладым да, оның ойын бөліп, басты істерден қол үздірмеу үшін барынша қысқаша баяндауға тырыстым. Қала күйреп, от құшып, көк күңіреніп, жер тебіреніп, ел күйзеліп жатқанда, өмір мен өлім арасындағы қиян-кескі арпалыс, жойқын сұрапыл болып жатқанда, генералдың менімен әңгімелесіп отыруға уақыты мүлде тапшы деп түсінгенім ғой.

– Жиырма үшінші октябрь күні кешке, – деп бір жетіні аттап өтіп бара жатыр едім...

– Жоқ, шырағым, жиырма үшінші октябрінді қоя тұр, – деді генерал сөзімді бөліп.

– Сіз сөзіңізді Житаха мен Синьководан бастаңыз, – деп генерал сол жерлерді картадан шұқып көрсетті. – Біздің соғысты жобалауымыз есіңізде ме? Сол жоба іс жүзінде қалай болып шықты. Өңгімені содан бастаңыз.

Мен лейтенант Донских пен Брудный бастаған алдыңғы шептегі взводтардың соғысы туралы, олардың ерліктері туралы қысқаша баяндап бердім.

Бәрін тыңдап болғаннан кейін, генерал маған: Бір ұрыста тоғыз мәрте жараланса да, бір адым кейін шегінбеген Донскихты

наградаға ұсынуды және оның туған-туысқандарына ол жөнінде хат жазуды бұйырды. Брудныйдың әңгімесін айта бастағанымда, генерал үн-түнсіз тыңдап отырды, бірақ елендеп, сабырсызданып, қалтасынан сағатын аларын алса да, оған қарамай, тек оң қолының бас бармағымен дөнес шынысын сипалай берді. Мен де сасқалақтап, бұл нышан жақсы хабардың белгісі емес-ау деп сезе қойдым. Мен нар тәуекел, не болса о болсын деген оймен жасырмастан, жаппастан бұл лейтенант туралы жай-жапсардың бәрін түгел жайып салып барып, бір-ақ толастадым. Генерал да үн қатпай отырды. Сағатын столдың үстіне қойып, маған жақындай беріп, жылы шыраймен сөзімді бөліп, өзі сөйлеп кетті. Қызуым басылмаған мен сол шақта бұл кісі өзімен өзі сөйлесіп отыр ма деп қалдым.

– Талап қою бар да, қаталдық бар. Талап қою – заңды нәрсе. Қаталдық заңнан тыс. Әйтсе де... – деді ол осы бір сөзді созып айттып, маған көзінің қиығымен қарап. Мен де оған көз тайсалдырмай тіке қарадым. – Әйтсе де, – деп қайталады, – бір жағынан сіздікі өте дұрыс. – Менің нем дұрыс екенін айтпастан, осы мәселені ойлап, пішіп тұрғандай тоқтап қалып, стол үстінен сағатты қайта алып, шынысын тағы сипалап отырды да, ой желісін сабақтағандай: – Сіз, әрине, білесіз ғой, соғыс бұл екі ұғымды жиі-жиі шатастырады. Олай болмаса соғыс бола ма. Шатақ, шатасу соғыстың кесапатты заңының бірі емес пе. Брудныйдан және қоршауда қалған тоқсан солдаттан міндетті орындауды қатал түрде болса да әділ талап еткенсіз. Оныңыз дұрыс. Мен де сүйтер едім. Соғыс кей кезеңде табандылықпен талап қою мен қаталдықтың арасындағы айырмашылықты жойып жібереді. Соңғы сөздерді генерал салмақпен айтты. – Әлбетте, соғыс кезінде дауласып, мәселені ортаға салып талқылап жатуға уақыт жоқ. Кей кезде мейірімді, қайырымды болуды, адам баласына жанашырлық сезім білдіріп жатуды ойлауға да уақыт аз. Соғыс пен ұрыс пәрменді әрекетті, әсерлі, тапқыр, қатал қимылды уақытында тез талап етеді. Сонда да болса, шектен шығып, қалыптан аспау керек. Командир – ер серкесі, ер ағасы, жауынгерлердің жетекшісі. «Сергек ой – ер серігі» деген мақал бекер айтылған емес. Қызбалыққа жол бере берсек, қырып алу опонай-ақ. Ашуға тізгінімізді меңгертсек, орынды айыптаудан адасып, жазасызды жазалап адасуымыз сөзсіз...

– Менің жаза басып, қате кеткен жерім қайсы, сонда? Ашып айтыңызшы? – дедім мен шыдай алмай.

– Сіздің қиын-қыстау жағдайда бір шешімге келіп, оны іс жүзіне асырғаныңыз онды екені даусыз. Сіздің командирлік еркіңіз, сіздің шешіміңіз сәтті орындалыпты – бұ да жақсы. Сіздің алдыңызда

Брудныйдың кінәлі болғанына дау жоқ. Оны сіз қуып жіберіпсіз. Ол ыза мен намыс бойын кернеп, жаны ашынып барып ерлік істепті. Ерлікпен өз кінәсін ақтап шығыпты. Кетіп қалмапты, өзіңізге қайтып оралыпты. Міне, енді соның алдында сіз кінәлісіз. Оған тым қаталдық істеп кінәлі болдыңыз. Сіз оған: «Қайда барсаң онда барғын, ақыры немістерге кете бер, сен енді маған керек емессің!» – депсіз. Қаңғып жүріп қаза тапса, немесе, айтқан жерден аулақ, Отанға опасыздық істеу жолына түссе – сонда не болмақ?..

– Бұныңыз дұрыс екен. Адамды өлімге итермелегенім үшін немесе опасыздардың жолына айдағаным үшін өмір бойы жаным қиналып, арым күйзелер еді, жолдас генерал.

– Е, мәселе сонда, жолдас Момышұлы, мәселе сонда. Мұны өзіңіз енді байқап, түсініп айтып отырсаңыз, жақсылықтың белгісі.

– Мұны маған түсіндіріп, байқатып айтқан өзіңізсіз ғой, жолдас генерал.

– Айту, әрине, оңай. Бірақ, сол айтқанға түсініп, ұғып, білу қиынырақ... Ал, біздің көп жігіттер кейде, жаманшылық ойламаса да, асыра сілтеп ұрда-жыққа салып кетеді. Сіз мына жағдайда командирлік билікті аздап асыра сілтеп жібергендейсіз-ау. Меніңше, Брудныйды командирлік қызметіне қайта қойып, жолдастарының алдында оны ақтау керек болар. Бұдан былай өте-мөте бір ерекше жағдай болмаса, кісілерді орнынан ауыстырудың қажеті жоқ. Қанша дегенмен, әрбір жауынгер өз командиріне, өз жолдастарына, өз полкына бауыр басып, үйір болып қалады да, туған үй ішіндей жақсы көреді. Брудный қайтып келіпті, өйткені ол сізге бауыр басып, үйір болғанның бірі, – деп генерал сұқ қолымен нұқи сөйледі. Бұрын-соңды генералдың бұлай нұқи сөйлегенін көрмегендіктен мен ше-гіншектеп барып состиып қалдым. – Сөз жоқ, сіз оның көңіліне қатты қаяу салғансыз, бірақ та ол сізді ішінен жақсы көреді, жақсы көрмесе қайтып келіп несі бар еді оның.

– Оны мен де жақсы көремін, жолдас генерал.

– Әңгіменің өзі сонда болып тұрған жоқ па.

– Рас, жолдас генерал, мен өз правомды аздап арттырыңқырап жіберген екем.

– Аздап емес, көбірек арттырып жібергенсіз. Бұдан былай командирлік билігін қалыптан асырмай істеп көруге тырысқаныңыз жөн болар. Ал, менің дәрежем сіздікінен гөрі жоғарылау ғой. Бірақ мен әзірше дивизиядан ешкімді қуған жоқпын.

– Брудный үшін маған айтылған генералдың осы сөздерінен ауыр сөгіс қайдан болсын?

– Рас, айып менде екен, жолдас генерал, оған түсініп отырмын.

– Айыпты емессіз, қызбалаусыз, кей кезде тым қызбалаусыз... (Б. М. 2-том, 16-17-бб.)

Генерал жоғарыда ұстаз ретінде Бауыржан Момышұлының ол кісіні пір тұтатындығы туралы соғыстың қақпап тұрған кезінде жас-тарға қай жағынан болса да баулып тәрбиелеуде екі жақты қатар жүргізілетіндігіне тәнті болғанмын. Жалпы адами құндылықтардың: адамды сыйлау, оның еркіндігіне, көңіл-күйіне баса мән беру, аш-тоқтығына, киімінің бүтіндігінен хабардар болу, үй ішінің аман-дығын сұрауды тыс қалдырмауды, т.б. сияқты мәселелерді қамту сыйластық қарым-қатынастардың басым үрдісі екендігін терең түсіндім.

Ол кісі соғыс жағдайындағы командир мен солдаттың арасындағы қарым-қатынастың ерекше екендігіне былай мән беретін сияқты:

Біріншіден солдат, елінен, жерінен, отбасынан болса да қол үзіп, қамкөңіл болып жүрген адам. Өйткені ол кіндік кескен жерін сағынып еліне оралғысы келеді. Сағынғанда жалғыз жансыз хабаршы – хат арқылы хабарласады.

Екіншіден, біздің солдаттардың басым көпшілігі бұрын әскери тәртіп қатарынан өтпеген, соғыс кезіндегі қарым-қатынастан махрұм, тамақтануда бірішек болып қалған, оның өзінде соғыс жағдайында бірнеше бөліп ішесің, ішпесең соғысқа араласып кеткен соң ашсың ба, тоқсың ба онда ешкімнің шаруасы жоқ, киімнің, етігің, бас киімнің жыртылса өзің тігіп алуың керек, аяғың суда ма, батпақта ма, аязға тоңды ма, т.б. – ол сенің шаруаң.

Үшіншіден, орыс тілін білмеген соң команда мен бұйрықты уақтысында дәл қабылдап түсіне бермейсің. Оның үстіне орыс тілділер басқа этностарға атүсті қарап, оларға зорлық та, зомбылық та жасағанын Бауыржан Момышұлы реті келгенде өзі бар болса оның көз алдында бұл оқиғалар орын алып жатса лезде кесіп тастап отырған.

Төртіншіден, соғыс жағдайында бұйрықты екі етпей орындау, жәй емес толыққанды мағлұмат беретіндей етіп орындау ең негізгі принциптердің бірі болатындығы.

Сол себептен соғыс кезіндегі мен бейбіт өмір кезіндегі тәртіптердің айырмашылығы бар. Бірақ соғыс кезінде де жоғарыда келтірілген құндылықтарды естен шығармау ләзім.

Генерал Бауыржан Момышұлына комбат ретінде солдаттардың тәрбиешісі, ұстазы, жамылғы киетін анасы ретінде болуды тапсырады. Мысалы, 90 солдатты жеке конвоймен алып келдім дегенін, генерал олардың сатқын емес екендігін, Отанын сүйетіндігін, бірақ

соғыс жағдайында артқа шұғыл шегінгенде болжамнан жалғасып тоз-тоз болып отрядтарынан, роталарынан, батальондарынан, полк, дивизияларынан ажырап қалып, иесіз қалғандарын есіне салады. Мұндайда генерал, онсыз да оңып тұрмаған көңілі жабырқау, рухы мен психологиясына, «опасыз» деген сенбестікті ұялату адамгершілікке жатпайтындығына меңзейді. Шынтуайтқа келгенде, олар сатқындарға ұқсамайтын еді, ұқсайтын да жағдайы жоқ еді. Сондықтан да қалыптасқан жағдайға қарай оңды тұжырым шығару істің ақиқатына жақын келмек.

Генералдың ұғымында майданда командир солдаттарының аз шығынданып, көбірек жеңіске жетуін көздеу керек. Бейбіт кезде олардың көңіл-күйін көбірек көтеруді мақсат ету керектігіне назар аударуды баса айтатын. Өйткені олар да өзінің деңгейіне байланысты адамгершіліктің, имандылықтың, саясаттың, право, т.б. құндылықтарынан хабары бар адамдар.

* * *

«Алатаудың сұңқары» әңгімесі

1941 жылдың ноябрінде маршал К.К. Рокоссовский Б. Момышұлын полк командирі етіп тағайындайды. Онда оның жасы отызда еді де, әскери дәрежесі аға лейтенант екен. Айтуына қарағанда, ол кезде партия қатарында жоқ болса керек. Полк командирі болу оңай шаруа емес, оны соғыстың барысы көрсетеді. Өйткені батальон командирі болып көрген Бауыржан Момышұлы енді бір сатыға көтеріліп, полк командирі болғаннан кейін жауапкершілігі одан әрі қарай еселенеді. Бес рет жау қоршауынан аздаған шығынмен бұзып шыққаны туралы генерал Панфилов маршал Рокоссовскийге құлағдар еткен болуы керек. Сол кезде партия мүшесі емес командирді полк командирі етіп тағайындау сирек кездесетін оқиғаның қатарындағы нәрсе, үлкен сенім. Сол кезде полк штабының бастығы подполковник Сорокин деген азамат екен. Ол өзінің шенінің үлкендігіне қарамай, аға лейтенанттың қол астында қызмет ететіндігіне іштей қынжылса да, сырттай сыр білдірмей полк командирінің бұйрықтарын екі етпей, бұлжытпай орындауға тырысып бағатын-ды. Бұл қатаң – әскери тәртіп. Полктің партия жағынан комиссары – батальондық аға комиссар П. Логвиненко екен. Батальон командирлерінің әскери дәрежелері шетінен майорлар, түптеп келгенде үлкен ұлттың өкілдері. Осы жерде Бауыржан Момышұлының соғысты жүргізу методикасы, тактикасы мен

стратегиясы, адамдармен тіл табысу амалдары, талап қою стилі, жауапкершілігі, өзінен шендері жоғары әскерилерден сапалы болғандықтан, Бауыржан Момышұлына үлкен сенім жүктелгені көрініп тұр. Маршалдың қазақ ұлтының өкіліне сеніп тапсырған дәрежесінің үдесінен шығу нардың жүгіндей, зор жауапкершілікті арқалауға мәжбүр етті. Оны Бауыржан Момышұлы керемет ақтап шығуға тырысты, ақтап шықты да.

Бауыржан Момышұлы полкты қабылдағанда, полк штабы Трусово деревнясының түбінде тұр екен. Штабты қабылдағаны сол екен, бір сағаттан кейін немістер күтпеген жерден Трусово деревнясына пәрменді шабуыл жасайды. Бауыржан Момышұлы байқайды, немістердің күші басым. Қарсыласуға шамасын келтірмей, састырады. Табан тіреп соғысуға болмайтынын сезген полк командирі шегінуге мәжбүр болады. «Қашқан елге қатын жау» дегендей шегіну жәй қарапайым нәрсе емес, онда міндетті түрде ұтылатын жағдайлар жетіп жатыр. Бірақ, шегіну шығынын максималды түрде азайтуға тырысу, ұтымды тактика мен біліктілікті талап ететіні рас. Мұндайда лезде шешім қабылдау керек. Соғыс тактикасында ұтымды шегіну үшін тосқауыл (прикрытие) қажет. Ол үшін комиссар Логвиненконың қарамағына бір ротаны тосқауыл ретінде қалдырып, полкты тез алып шыққанша, жасыратыны жоқ полктың быт-шыты шығады. Немістер үсті-үстіне шабуылын бастырмалатып қыратын болған соң қашуға тура келеді. Обалы не керек, комиссар бұйрықты орындап шегедей болып, бір ротаның күшімен сіресіп тұрып, тосқауыл функциясын үлкен жауапкершілікпен немістердің екпінін тоқтатып, оларды алға жібермепті. Қарша борап тұрған оқтың астында тұрып жаудың жүрісін толастату оңай болмапты. Дегенмен, Логвиненко ротасымен полкке келіп қосылады.

Бауыржан Момышұлының полкі Соколов деген деревняға жетеді. Енді осы жерде есті тез жиып, қорғаныс мәселелерін ұйымдастыруға кіріседі. Бауыржан Момышұлы байқайды, немістер орасан зор күшпен бізді тықсырта жақындап келеді. Полк те қорқыныш сезімін жеңіп, бедірейіп қарсыласып тұрып алады. Полкте тек қана алты зеңбірек бар. Соларды алғы шепке қойып қарсыласпақ. Немістердің сегіз танкісі ентелеп келе жатады. Олар танктерге орнатылған зеңбіректерінен құсып-қақалып оқ жаудырып келеді. Лезде әлгі алты зеңбіректің бесеуінің тас-талқаны шығады. Енді бізде бір зеңбірек қана қалады. Полк командирі шыдай алмай, қалған бір зеңбіректің қасына жүгіріп барады. Қараса, еңгезердей қырғыз жігіті әлгі зеңбіректердің командирі екен, шені старшина. Әрі қарай полк командирі шыдай алмай былай жалғастырды:

– Ат! – деп айқай салады.

– Атып жатырмыз, командир жолдас, – деді.

Соғыста сәтті, сәтсіз нәрсе болады. Атқан оғың әркімге тие бермейді. Сол жолы (әлгі қырғыз жігітінің фамилиясы – Тоқтағұлов, аты – Сатыбалды екен) оның зеңбірегінің сәті түсті. Әр атқан снаряды далаға кеткен жоқ. Сегіз танктің бесеуін қиратты. Немістерге жан керек. Қалған үш танкі шегінуге мәжбүр болды...

30 ноябрь күні Крюковоға шегініп қайттық. Ол Москвадан отыз-ақ километр жерде. Москваның іргесі дірілдеп, қалтырап тұрған кезі еді. Крюковода алты күн соғыстық. Қолма-қол Крюковоны, біресе немістер бізден тартып алады, немесе біздер немістерден тартып аламыз...

Мен соғыс кезінде батальон командирі де, полк командирі де, дивизия командирі де болғандардың біреуімін. Бірақ та үлкен дәрежеме қарамастан (ол кезде жас едім ғой) солдаттармен қатар жүрген командирдің бірі болдым. Әр уақытта алдыңғы шепте жүргендердің біреуі болатынмын. Немістер бізді Крюководан қуып шықты. Есімізді жинап алғаннан кейін біз күш жинап, тағы да қарсы шабуылға шықтық. «Отан үшін, Сталин үшін!» деп айқайлап, ұран салып бара жатырмыз.

Мен де алдыңғы шептің қатарында жүгіріп бара жатырмын. Немістердің бірнеше минометтері бізді атқылай бастады. Сол бір шақта минаның жаңқасы менің алдымда кетіп бара жатқан жауынгердің қолына тиіп, білезігінен жұлып кетіпті де, оның қолы екі-ақ елі теріге ілініп қалыпты. Менің көзімше жаңағы жауынгер теріге ілініп тұрған қолын жұлып алып, қарға лақтырып жіберді. Соны көрген мен есімнен танып қала жаздадым.

– «Атаңның, гөрі қоқи!» – деп мылтығын оқтап алып, сермеп атып, алға тұра жүгірді. Соғыс заңы бойынша ол ауыр жараланғаннан кейін шетке шығып тұрып қалуы керек еді, бірақ ол өйтпеді. Ол қайта ызаланып-өршеленіп алға жүгіріп барады. Мен тағы таң қалдым. Мен оны қуып жетіп, түріне қарасам, әлгі жауынгер баяғы старшина Тоқтағұлов Сатыбалды екен.

Мен соғыста қорқақтықты да, батырлықты да көп көрген кісілердің біреуімін. «Шын Алатаудың сұңқары екенсің ғой!», – деп ердің ерлігі алдында жүрегіммен басымды идім («Көз алдымда бәріңсің», 81-82-бб.).

Бауыржан Момышұлы: «Шын Алатаудың сұңқары екенсің ғой» ... деп басымды идім деген тағзымда үлкен мағына жатқан сияқты. Бұл Москва түбіндегі Крюково қолдан-қолға өтіп жатқан кез. Жұлынып, екі елі ілініп тұрған қолын жұлып қарға лақтырған солдат қырғыз еді.

Бұдан біз Б. Момышұлының батальонының құрамы әртүрлі ұлттардан тұрса да олардың ұран мақсаты: Отан үшін өлуге дайын болды. Осы жерде біз жауды қалай жеңдік, жеңудің түпкі тәсілі неде болды десек, солдаттар Отаннан жанын артық санамады, оған пида етуге әзір тұрды. Қазақта «малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» деген мақал ғасырлардан бері қарай келе жатқан азаматтық құндылық. Намыс кернеген солдат жеңісті қолдан бермеуге тырысты. Түптеп қарасак, олар орыстың жерін, орыстың қаласын қорғауға он екі мүшесін, онан қала берді жанын құрбан етуге даяр болғанын байқаймыз (бұл жөнінен орыс халқы қазақ сияқты кішігірім халықтарға борышты). Мұхиттың майданнан жазған хатында:

*Оң қол мен аяғымды кетті жұлпы,
Жатырмын госпитальда көзім шығып.
Мал болар-болмасым екіталай,
Жатырмын халқым үшін жанды қиып.*

*Жиырма бір-жиырма екіде қазір жасым,
Артымда Гүлзахира қарындасым.
Ағаңның саған берген зор міндеті
Анашым «Мұхитым» деп зарламасын.*

*Осымен барлық назым болды тамам,
Сіздерге көп айтуға келмес шамам.
Тағдырдан күндіз-түні тілеу тілеп,
Бет алды о дүниеге Мұхит балаң ...*

Жауды жеңуіміздің басты себебі, біздің пайымдауымызша, техниканың күші емес – коммунистік идеология, рухани-патриоттық, отансүйгіштік жағы басым болды десек қателеспейміз. Өйткені, жаудың қаптап келе жатқан танктерін (кейбір кезде олардың саны 80-100-ге дейін жеткен) тоқтату, жару үшін біздің солдаттар жанкештілікпен бауырына танкіге қарсы жанғыш гранаттарды қысып алып, келе жатқан танкінің астына түсіп жатты. Сонда бір танкіге бір адам жанын құрбан еткен десе де болады. Ал, немістер ондай ерлікке барған емес, бармайды, өйткені олар агрессорлар, басқаның жері мен елін әділетсіздікпен жаулап алушылар. Олар дйттеген нысанасын алу үшін, Совет солдаттарына қарсы шабуылда қойнына граната салып алып, біздің танкілердің гусеницасына жатып оларды жарған жоқ. Ондайға батылы да жетпеді. Олар ондай рухта тәрбиеленбеген-ді. Оның бергі жағында басқыншылардың бойын әлдебір үрей-қорқыныш сезімі билейтіндей еді. Олар түскі

тамағын уақытында ішетін, ыңғайлылықта ұйықтайтын, жылы жерде жатуға тырысатын. Ал, біздің жауынгерлер әділеттілік үшін, тәуелсіздік үшін бастарын өлімге тікті. Намысты қолдан бермеуге жан-тәнін салып тырысты. Сондықтан да тарихта басқыншылар қорқау, олақ, арты бос келеді. Тәуелсіздігі үшін күрескен халықты жеңу мүмкін емес. Бұл – тарихтың бұлтартпас шындығы. Мысалы: басқыншы АҚШ әскері тәуелсіздігі үшін күрескен Кореяны, Вьетнамды, Ауғанстанды, т.б. жеңе алған жоқ. Өйткені еркіндігі, Отаны үшін күрескен халықтың рухы үстем, құдіретті келеді, елін-жерін ашынып қорғайды, агрессорларға, шет адамдарына деген өшпенділігі еселене түсіп, қарсылық қуатына қуат қосылады. Ал, агрессордың мақсаты жаулап құл ету болғандықтан, ол ел көнсе көнер, көнбесе менің ұтыларым шамалы деген психологиямен, мақсатына немқұрайдылау қарайды. Олардың жеңілісінің көзі осында. Бауыржан Момышұлының күнделігіне үңілсек, азапты жеңістер мен жеңілістер, ауыр түндер мен күндер бастарынан өтіп жатады. «Әрі қарай қалай болар екен» деген уайым ойды шарлап маза бермейді. Бірақ, жарқын үміт бізді алға жетелейді дейді.

Бауыржан Момышұлы былай деп көңіл-күйін білдіреді:

*Ауыр бір түн өтті бастан,
Құйды нөсер аямастан,
Өңменімнен жел өтті.
Суға ағып,
Оқты қағып,
Бірнеше жас қыршын кетті.
Ішім күйді,
Көңілім мұңлы
Тәлтіректен,
Тайғанап,
Қырдан ойға мен келем.
Қорегім жоқ,
Күні-түні
Тыным алмай,
Қарны ашып
Сапта тұрған
Жауынгерге не берем?*

* * *

Сөздің қысқасы, жан-тәнімен қарсыласқанына қарамастан, немістер үлкен күшпен Қызыл әскерді тықсырып, Волоколамск тас жолымен қаланы алмақ мақсатымен лап береді. Бауыржан Момышұлының айтуынша, немістер бар күшімен: артиллерия, само-

лет, танк, жаяу әскерімен дүниені алай-дүлей етіп, түгін шаңнан көрінбейтін етіп шабуылды үдетеді. Волоколамскіні немістер алыпты деген хабар да келіп жетті.

Осы бір Москваның тағдыры қыл үстінде тұрған шақта Жоғарғы Ставка неміс басқыншыларын тоқтатудың бар амалдарын ойластырады. Өйткені соғыс басталғаннан бері Қызыл әскер артқа шегінуден көз ашпады. Нәтижесінде №227: «Бір адым да артқа шегінуге жол жоқ!» деген бұйрықты жауынгерлер аруақтай есте сақтады. Сол бір кезде әлем демін ішіне тартып: «фашистерді тоқтатуға Совет Одағының күші жетер ме екен» деген сұрақты көптеп қойды. Осы кезде политрук Ключковтың «Артқа шегінуге жол жоқ, артымызда Москва!» деген ұранды сөзі солдаттар мен офицерлердің құлағында ылғи шыңылдап тұрғандай болды.

Екінші қатерлі сын Сталинградты қорғауда болды. Өйткені Москваны ала алмаған Гитлер басқыншылары Совет Одағының екінші дінгегі деп тапқан Сталинградты шабуылмен алуға бет бұрды. Осы бір аса сын сағатта 1942 ж. 9 октябрьде «Казахстанская правда» газетінде ҚазССР Жоғарғы Советі Президиумының, Совнаркомның, Каз. ЦККП (б)-ның Волга бойындағы шайқасқа қатысушы Қазақстан фронтовиктеріне қобалжуға толы үндеу жариялады: «Воин казах! Знай, что отступать дальше некуда... Братья товарищи, сыны казахского народа, защищающие в рядах красный армии героический Сталинград. Сокрушайте фашистскую нечисть истребляйте гитлеровские орды, не пропускайте врага, вперед, отбросьте его от Сталинграда, как в дни напряженных боев за Москву в ноябре-декабре прошлого года это сделали славные защитники Красной столицы, деритесь, как дрались бойцы 8-ой гвардейской дивизии, как дрались 28-героев панфиловцев». Это обращение зачитывали как на казахском и русском языках во всех воинских подразделениях дивизии. Воины бойцы выполнили с честью. Они не оступали ни на шаг удерживая свои позиции.

Сол күндері дивизия газеті «За нашу победу!» бетінде Н. Раков деген ақынның мынадай өлең жолдары жарық көрді:

*Пробивая путь на запад,
Дружно дрались как один.
Русский воин, сын казаха,
Украинец, армянин.*

За стойкость и мужество личного состава в оборонительных боях, упорство в наступлении 73-гвардейской дивизии было присвоено почетное наименование Сталинградская. С победным рапортом в Алма-Аты была направлена воинская делегация.

Өкінішке қарай, Совет Одағы тарағаннан кейін, бұл Ұлы Жеңіске Одақты мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстардың қатысы болғанын уақыт тарапынан жады тоқырауға ұшыраған кейбір орыс өкілдері оның ішінде мемлекет қайраткерлері де ұмыта бастаған сияқты. Бұлар Жеңісті үйіп-төгіп орыс ұлтына беруге бір иығын бұрып тұруға бар. Мысалы, 2013 жылы 2 февральда Сталинград шайқасының 70 жылдығын тойлауға келген, Ресей Федерациясының Президенті В. Путин Волгоградта сөйлеген сөзінде, «Бұл ұлы шайқастың авторы орыс әскері болды», – дегендей ой айтты. Бұл сөздерде ұлы державалық шовинизмнің лебі есіп тұрғандай. Бұған тәуелсіздік алған басқа ұлттық республикаларды былай қойғанда, Ресей Федерациясын мекендеген ірі-ұсақты ұлттар қалай қарар екен. Бұл Ресей Федерациясының біртұтастығына шоқ тастаумен барабар болса керек. Өйткені, бұл іріткі идеяның авторы жай қатардағы орыс өкілі емес, ел президентінің аузынан шыққан сөз. Осы сөз үшін В. Путин жеңіс үшін шейіт болғандардың аруағының алдында, соғыстың ауыртпалығын бастан кешірген адамдар мен ұрпақтарынан кешірім сұраса артық болмас еді. Өйткені бұл – саяси қате.

Сталинград шайқасының нәтижесінде генералдар Чуйков пен Шумилов фельдмаршал Паулюстың 300 мыңдық армиясын тұтқындағанын білеміз. Сол кезде Гитлер трагикалық жағдайды тез түзеткісі келді ме, Паулюске генерал-фельдмаршал деген әскери атақ бергені туралы телеграмма жолдайды. Ол фюрерге рақмет айтып қуанудың орнына, күңгірттеніп тұрып: «Бұл мені өзімді-өзім өлтіруге шақырғаны», – дейді. Тұтқындауға келген совет офицері мына бір фактіні еске алады: «53 жастағы Паулюс дайындалуға 20 минут және өзін-өзі тәртіпке келтіруге тағы да 20 минут уақыт сұрайды. Сонымен қатар өзінің солдаттарына гуманистік қатынасты сұрайды. Сол кезде Паулюс өзінің бізге жасаған асқан қиянаттығы, хайуандығы мен жауыздығын естен шығарғандай болып көрінді».

Дегенмен, көптеген қарсылықтардан кейін ол біздің радиодан Гитлер режимінің қанқұйлы қылмыс екені туралы неміс халқына үндеу тастап сөйлейді. Паулюс тұтқында 10 жыл отырып, 1957 жылы қайтыс болады. Ол әрдайым Сталинградқа шабуылдың мүлдем қате болғанын, бұдан былай қарай енді неміс жерінен соғыс оты тұтанбасын, бұл менің Совет халқына жасаған қастандығым үшін өкінішім... Мен Россияға жау болып келіп, енді оның досы болып аттандым», – дейді.

Біздің ақмолалық жерлесіміз С. Сибгатулин Чуйковтың Ставкасында болған мына жайтты еске алады: «...Генерал вызвал свое-

го адъютанта и приказал ему принести 2 ведра спирта. Ведра поставили на стол, заблестели кружки, Чуйков зачерпнул спирта и выпил. А выпив расплакался. Когда солдаты спросили, от чего он плачет, генерал сказал, что от радости: приказ Сталина был выполнен «Сталинград остался в наших руках». Так что мои милые солдаты пейте, гуляйте, танцуйте!», – сказал генерал Чуйков. Бұдан шығатын қорытынды: Сталиннің қатал да жүйелі, орынды да дәлелді тәртібі, бұйрығы көптеген Жеңістің кілті болған сияқты.

Қоршауда қалған Паулюстың армиясы тамақ пен қару-жарағы таусылып, аяздан азаптанып, мүшкіл, бейшаралық хал кешті. Азапты кезенді бастарынан кешірді. Немістер бұндай аязды көрмеген. Пленге түскен немістерге қараудың өзі аянышты сезім тудырды. Кешегі өктемдіктің жұрнағы да қалмаған, әншейін бейшара пенде болып қалған, әйтеуір тірі қалғанына разы сияқты көрінеді.

Сталинград шайқасының маңызы туралы О. Сүлейменов былай дейді: «2 февраля 1943 г. Мы добились армии Паулюса. Мы помним, что значил Сталинград для страны. Если бы Гитлер перешел Волгу, то вал войны прокатился бы и по Казахстану. Хотя и так не обошел нас.

Ныне все реже напоминаем об уроках той войны, поэтому истинный подвиг поколения и дедов и прадедов не доносится до сознания юных граждан, родившихся уже в Республике Казахстан.

Нет новых книг, не появилось не одного фильма об участии казахстанцев в той войне. Около миллионов жизни из них 350 тысяч только казахов. Почти 100 казахов – Героев Советского Союза, выживших, погибших. Среди них наши девушки – Алия Молдагулова и Маншук Маметова.

Я писал проект доклада, с которым должен был выступить первый руководитель республики (Д.А. Конаев – первый секретарь ЦК КП Казахстана) на торжественном собрании, посвященном 30-й (1975 г.) годовщине Победы. И цифры материалов подготовленных к докладу, показали масштабы трудового вклада Казахстана в победу. В первый же год войны немцы захватили в западной части страны все месторождения цветных и черных металлов. В Сибири и на Урале новые месторождения еще не были открыты и казахстанские недра оказались единственно способными пополнять металлом еще действовавшие у нас заводы. 93% меди, олова, свинца из которых казахстанские рабочие делали гильзы и пули добывались тогда в нашей республике. Самые легированные стали из которых отливали стволы пушек и автоматов, также производил Казахстан. Узнав эти цифры, я изложил их в краткой формуле, которая потом прозвучала:

чала в докладе: «Девять пуль из десяти, выпущенных по врагу, были сделаны в Казахстане». Этот трудовой подвиг казахстанцев еще не описан ни в литературе, не изложен в трудах историков и социологов, не показан в кино. Очень немного сказано обо всем этом в книгах писателей-участников войны. К тому же они теперь не переиздаются».

О. Сүлейменовтың ойын жалғастырсақ, сол сұрапыл соғыс күндерінде Қазақстан жұмысшылары мен инженерлерінің қолынан шыққан оқтарды батырларымыз Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин, Ә. Молдағұлова, М. Мәметова, т.б. жауға атып жаусатып жатты. Қазақстаннан қорытылып шыққан металдардан танк, самолет, бомбалар, пулеметтер және т.б. қару-жарақтар жасап, жауды жайпап жатты.

«Шабуыл жасаған жау, батальонды қууды тиып қалаға қарай бет бұрады.

... батальон болса қырдағы орманның ішінде демін алып отырған кез еді. Соларға жақындай бергенде, Бозжанов пен комбаттың арасында мынадай диалог өрбіді.

Бозжанов: Сізге бір сыр айтсам ұрыспайсыз ба?

Момышұлы: Кейін болмаса, қазір ұрыспаймын.

Бозжанов: Жоқ, онда айтпаймын.

Момышұлы: Ұрыспаймын, айта қойғын, не айтатын едің?

Бозжанов: Мен финдермен соғысқа қатысқандардың бірімін. Сол соғыста біздің көп командирлерден бекерден-бекерге айырылған жағдайларымыз болды. Меніңше, бүгін сіз көзсіз батырлық көрсетіп орынсыздан-орынсыз басыңызды қатерге тіктіңіз. Вы сегодня бравировали (қауіпке қарсы батырсыну).

Момышұлы: Қалайша?

Бозжанов: Ал, Краев пен Брудныйға ілеспегеніңіз дұрыс-ақ болсын. Филимоновтың соңынан жүру деген батальон командиріне келісе қоймайтын-ақ қылық.

Момышұлы: Әй, сен маған ақыл айтатын менің әкембісін, әлде ағамбысың?

Бозжанов: Тұра тұрыңыз, сабыр етіңіз ақсақал, жаңа ғана ұрыспаймын деп уәде беріп едіңіз ғой, – деді күлімсіреп.

Момышұлы: Ендеше, айта бергін.

Бозжанов: «Жаман айтпай, жақсы жоқ» дегендей, жаңағы жерде бір қаңғыған оққа ұшсаңыз... Біз сіздің төбеңізді көргеннен кейін сізді күтіп топтала жиналып отырмыз. Егерде сіз жазатайым болған жағдайда, батальонның басын қосу оңайға түспес еді. Жай жауынгер... (Жай жауынгер командир бар жерде қауіп аз деп ойлайды.

Ол менің басымнан өткен тәжірибе). Командирдің кетуі мен өлімі қиын жағдайда істі теріске айналдырып кетуі де мүмкін... жауынгер командирге ерік беріп оның соңынан ереді...

Жауынгер қашқанда да, қуғанда да көзімен командирді... іздейді. Оның төбесін медет көреді... Ор жағалаған бірде болмаса бірде құлайды... Сақтанған сақталады деген емес пе.

Мен Бозжановқа жауап қатқаным жоқ, бірақ та оның сөзі мені көп ойға салды. «Мынаның сөзі ойланатын нәрсе екен» дедім де қойдым ішімнен.

Біз орман ішінде отырмыз. Жаудың бір тобы біз тастап кеткен рабочий мен племхозға келіп тоқтады. Оның да діңкесі құрыған білем – біздің соңымызға түскен жоқ. Соғыс дабылының сарынына, самолеттердің бет алысына қарағанда қала алынып, оның көршілес қыстақтарының маңында қызу ұрыс жүріп жатқанға ұқсайды.

Рахимовтың айтуы бойынша, Шехтман полкының бізбен көршілес батальоны жақын арада орман ішінде жиналып, түскі тамаққа дайындалып жатқанға ұқсайды. Олардың төрт түлігі сай көрінеді. Бізде ішерге ас, тартарға темекі де жоқ. Жауынгерлер мүлгіп ағаштарға сүйеніп отыр.

– Енді не етпекпіз, жолдас комбат, – деп сұрады Рахимов.

– Тағы да баяғыша өзіміздің дивизияға қарай тартып, үйірімізге қосылу керек.

– Жарақаттанғандарды қайтеміз?

– Оларды Быки қыстағына жөнелту керек. Онда Шехтман полкының дәрігерлік пункті болуға тиісті.

– Мына қала арқылы жіберген жарақаттанғандар өте алды ма екен? Ай, тәңірім-ай, солар өте алмады-ау, неге десеңіз, оларды ертіп кеткен кісілердің бірде-бірі әлі қайта оралған жоқ, – деді Киреев күрсініп.

– Киреев, сіз жарақаттанғандардың қасына барып комбаттың айтқанын орындаңыз, – деді оған Рахимов қамыққан дауыспен. Киреев үн қатпай тұрып кетті. Біздер үндемей біраз отырдық.

– Бәлкім дұшпан қаланы алғанша олар өтіп те кеткен болар, а? – деді өзіне-өзі төмен қарап жер шұқылап отырған Бозжанов. Содан кейін маған қарап, лейтенант Беляков пен Аалы Жиенішбаев қатты жарақаттанғандардың ішінде еді, – деді. Мен үн қатпадым. Краев тықыршып отыра алмастан орнынан тұрып кетті... Синченко маған бір пачка «Беломор» мен екі бөлек сухари ұсынды.

– Қалғаны осы ма?

– Қоржын түбінде қалғаны осы-ақ, жолдас комбат. Алғандарымды қолыма біраз ұстап отырдым да, алаңға қарай лақтырып тастадым. – Встать! Строиться! – деп команда бердім. Роталар сапқа тұрды.

– Шагом марш! – деп артыма бұрылмастан сап алдына түсіп жүріп кеттім.

– Жолдас комбат, ешкім бұрылмады, – деді қуанған дауыспен мені қуып жетіп Бозжанов.

– Не айтып келесің тағы да?

– Әлгі папирос пен сухарларға ешкім бұрылмады.

– Сен соларды қарауылдап қалып па едің?

– Жоқ. Қатарда келе жатып көзімнің қырын сала жүрдім...

Бозжановтың бұл хабары менің ойымды орнына салғандай болды. Біздің қызыләскердің мықты белағаш тіреуі адамгершілік сезім билеген тәртіп. Тәртіпсіз ер болмайды. Ер жүректі жауынгерлердің басын біріктіріп, бірің мың үшін, мыңын бір үшін тар-қысылтаяң соғыс жағдайында отқа да, суға да, аштыққа да, соғыстың қауіпті жағдайына да, жорықтың қиыншылықтарына да әдеттендіре алмайсың, бірақ та борышын атқару үшін оған көнеді. «Тапшылыққа көне білген жоқшылыққа да көнеді» деген рас екен-ау деп ойлады.

Оларға көндіретін күш тәртіптілік. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» дегендейін, кейінгі аз күндердің ішінде біз көпті көрдік, талай қиыншылықтарды бастан өткіздік, батальонның тобы бұзылған жоқ. Жауынгерлер шыдамдылық, табандылық көрсетті. Мен олардың командирімін.

Мен жаңағы Бозжанов айтқан кішкентай, сырттан қарағанда болар-болмас фактіге өте қуандым, тыныққандай бойыма күш пайда болды, аяғым жеңілдеді, сенімім бұрынғыдан да нығайды, бойым сергектеніп, адымым ұзарғандай болды (Б. М. «Москва үшін шайқас». А., 2004. 66-68-бб.).

Бозжановтың командиріне айтқанының жаны бар. Қол бастаған, мемлекет басқарған, отағасының жүріс-тұрысы, өмір салты, сөзі, іс-әрекет қимылы жан-жағындағыларға үлгі болуы ғасырлар дәлелдеген шындық, асқан құндылық. «Батырға да жан керек» деген сөз бар. Ол – басқаруда біліктілікті, қаһармандықты, көрегендікті, сақтықты синтездей біліп басқару керек деген сөз. Егер дене бассыз қалса, құр дене жансыз қалмақ. Дене дегеніміз бұл жерде командирсіз қалған батальон. Әлбетте, ондайда батальон қалжырайды. Қазақтың бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ол бір орталыққа бағынған жағдайда, ол орталықты бір білікті табанды, адамгершілігі мол адам басқарғанда ғана келелі, айтарлықтай табысқа жетпек. Мысалы: Б.э.д. V ғасырда Парсы патшасы Кирдың басын алған Томирис патшайым, жарты әлемді жаулап алып империя құрған Шыңғысхан, Батый хан, әлемнің төрттен бірін бағындырған А. Македонский, Совет Одағын басқарып, ұлы жеңісіміздің архитекто-

ры болған И. Сталин, Абылай хан, батыр Б. Момышұлы, т.б. олар өздерінің шын болмысымен айналасындағыларға үлгі бола білген, сөйтіп соңына ілестірген, былайша айтқанда, басшының елге, қол астындағыларға үлгі болатындай ақылы, келбеті, табандылығы, даналығы, жауапкершілігі, көрегендігі, өмір салты сияқты т.б. қасиеттері болуы керек.

Б. Момышұлының қарамағындағы офицерлер мен солдаттардан қатал тәртіп талап еткенімен, олардың барлық жағынан жағдайын ыңғайластыратын ағалық қамқоршы да болды. Қатал талап қояды дегеннен шығады. Немістердің қоршауында қалып оны бұзып шығу асқан әскери ережелерді бұлжытпайтын арнайы әскери білімі болмағанмен соғыс жүргізудің тактикасы мен стратегиясын қолдана отырып қоршаудан мың адамды алып шығу әр шендегі офицерлердің қолынан келе бермесе керек. Біз білетіндей талай генералдар мен полковниктердің пленге түскенін еске алсақ, Бауыржан Момышұлының іс-әрекетіне баға берерде оған «самородок» деп атақ беру лайық. Оған ең алдымен өзіне-өзі қатаң талап қоя білетін, соған барып жан-жағындағыларға үлгі ретінде қатаң талап қоя отырып, уставты орындататын да. Бірақ, жоғарыдан қойылатын қисынсыз бұйрықтар мен талаптардың кейбірін орындаудан бас тартатын, қатесін батыл айтатын болған, әділетсіздікке төзбестік танытатын. Өзі комбат қызметін атқара отырып, полк командиріне: «Сіздің айтқан бұйрығыңызды орындаймыз, бірақ біз азық-түлік жағынан өте мұқтаж халдеміз, шынын айтсақ ашпыз, оқтарымыз таусылды... Осыдан кейін мынадай образды сөздерді келтіреді: қойшыны жұмсағанда да қарнын тойдырып, керек заттармен қамтамысыз етіп жұмсайды...», – өз уәжін ашық айтатын.

Ол әділетсіздікті де батыл сынады: «Бүгін күні бойы бізге жәрдемдерің тиместен бізді қалқандап бір оқ атпастан шегіндіңдер, ал енді болса бізді ашық далалы жерге жұмсап, өздерің орман ішін паналап отырсыңдар. Адамдар 23 октябрьден бері мандыртып көзін ілген жоқ. Кешелі бері нәр татқан жоқ, титықтадық».

Бауыржан Момышұлының қол астындағы адамдарға қамқорлығын айтқанда, тарихи параллель еске орала береді: Төле би де халқымыздың жетім, жесіріне немесе қол астындағы халыққа қамқорлық танытып, қайырымдылығын аянбай көрсеткен. Сондықтан да еңсесін көтере алмай жүрген, бірақ генофондында батырлық пен даналық бар талай кембағалдар тәрбиеден өтіп, кейін олардан көптеген ел намысын қорғайтын қолбасшылар, батырлар шыққан. Төле бидің болашақ балаға баға беретін асқан сыншылдық қасиеті де болған. «Болар бала бесіктен» деп Төле би Сабалақтан болашақ

үлкен кісіліктің қасиеттерін көре білсе керек. Сабалақ (болашақ Абылай хан) Төле бидің бас жылқышысы. Бір күні Төле би келе жатса, Сабалақ төрттағандап ұйықтап жатыр екен. Сонда Төле би қасындағыларға: Мынау Сабалақ қалай ұйықтап жатыр, мұны білдіңдер ме? – депті. Жолдастары: Би біз қайдан білейік, – депті. Төле би: Бұл төрт ру елді билейді екен, – деп қорытындылайды. Төле би кешке келгеннен кейін Сабалақты түйеден шығарып, жылқы бақтырыпты.

Бір күні Төле би мал сойып, малдың басын Сабалаққа беріңдер деп үш-төрт адам жібереді. Сабалақ келген адамдардың алдынан шығып сәлем береді. «Біз саған Төле би берген басты жесін деп алып келдік», – деп басты береді. Сабалақ аттан түсіп, шапанын жайып, аналарға «өле жегенше бөле же деген» жасың үлкен ағасың, келіндер дейді, аналар аттарынан түседі. Сабалақ қолын жуып, пышағын алып, бір құлағын біріне, екінші құлағын екіншісіне, екі көзін ойып екеуіне беріп, тілін өзі жейді. Басты жеп болғаннан кейін, аналар Төле биге болған жайын айтады. Ол кезде Сабалақтың жасы 18-де екен (С. Дәуітов. Төле би. А., 1991 ж. 76-77-бб.).

Абылайдың болашақ ел билеуінің алғышарты Төле бидің көрегендігінде болса, оның бергі жағында оның асқан дарындылығының, көзсіз батырлығының, қолбасшылығының көзін ашқан, серпін берген ел намысын қорғау үшін жекпе-жекке шығып жеңіп, оның алдағы тұрған жауды жеңуге шешуші үлес қосуында. Былайша айтқанда, бойында ұйықтап жатқан таланты намыс деген шердің шайқап шығаруында болды.

Жоғарыда айтқандай, комбат орны кеп тұрғанда ешкімге жалтақтамай, тәуелсіз кейпін сақтап, сұраққа жауап беретін батыл адам болған.

– Жолдас комбат! Жолдас комбат! Тұрыңыз. Полк штабынан кісілер келіп тұр, – деп Рахманов Бауыржан Момышұлын оятты. Мен ұйқымды аша алмай отырғанда:

– Мұнда батальон командирі кім болады? – деп киімі олбыр-солбыр аласа бойлы, сүйір мұрындау, бетін әжім басқан ақсары капитан күркешеге кіріп келді. Оның соңынан кешегі Блинов енді. Мен орнымнан тұрып ізет көрсете қарсы алмағаным шамданған болуы керек, капитан маған тесіле қарап, зекіре сөйледі.

– Неге сіздің батальонда ешқандай тәртіп жоқ! Не деген бейбастық?!

– Қандай бейбастыққа кез болдыңыз?

– Сіздің адамдарыңыздың барлығы ұйықтап жатыр.

– Ә, ұйықтамағанда, аласұрып жүгіріп жүрмек пе?

– Сіздер қай жерде тұрмын деп ойлайсыздар?

– Курортта жүрмегендігімізге бәріміздің де көзіміз жетеді. Оның несін сұрайсыз, – дегенімде, капитанның артында тұрған Блинов мырс етіп күліп жіберді. Капитан бұрылып Блиновқа ала көзімен қарады.

– Жағдайды баяндаңыз, – деді маған капитан.

– Алдымен сіз маған кім екеніңізді, не үшін мұнда келгеніңізді айтыңыз: мен сізді бірінші рет көріп отырмын, жолдас капитан. Маған зекіріп сөйлейтін мен сіздің тоқалыңыздан туған бала емеспін, – дегенімде, Блинов тағы да мырс етті. Капитан ұялғандай біраз кідіріп тұрып:

– Мен полктың химслужбасының начальнигі, капитан Булатовпын. Біз Блинов екеуіміз сіздің батальонды тексергелі келдік.

– Тексергенде немізді түзетіп, қай жерімізді қалыпқа келтірмексіздер? Сіздердің тексеруіңізден батальонның хал-ақуалы өзгере қоймас. Кеше кешке мына тұрған Блинов та келіп, тексеріп кеткен болатын. Батальон аш! Қорамсақтарымызда оқ аз! Жағдай осылай, жолдас капитан. Мына тұрған Блинов адал жігіт болып шықпады.

– Жолдас комбат, мен сіздің сөзіңіздің барлығын айтқам. Менде билік жоқ қой, – деп қапаланды Блинов.

– Сіз, жолдас аға лейтенант, өте қызбаланып сөйлеменіз, – деді капитан.

– Кімнің алдымен қыза сөйлегенін құдай бар болса көріп-ақ тұрған шығар, – дегенімде, капитан да күліп жіберді.

– Ақыл айтумен, зекіріп сөйлеп қысымға салумен батальонның қарны да тоймайды, қорамса да толмайды, жолдас капитан, – дедім мен бастырмалап. Батальонды ашық алаңға айдап тастадыңыздар, жағдаймен жөндеп таныстырмадыңыздар. Әрі-беріден кейін түсінікті бұйрық та бермедіңіздер, кешелі бері шаршап-шалдыққан аш жауынгерлерге қандай қамқорлық істедіңіздер. Меніңше, екеуіңіз де зеріккеннен ғана бізді тексергелі келіп тұрған кісілерсіздер.

Капитан Блиновқа қарап бір нәрсе деді де:

– Бәрі түсінікті, жолдас батальон командирі, бәрі де түсінікті. Ал Блинов қайтпаймыз ба? – деді Блиновқа.

Олар кеткен соң, мен бұлақ суына жүзімді шайып алып, алғы шепке кеттім. Таң атты. Күзгі таң сәрінің суығына жер беті күрең қыраулаанып жатыр.

Мен взводтан-взвод, ротадан-роталарды аралап келемін. Біздің шала-шарпы қазған саяз окоптарымыз қыр басынан теңбілденіп, кейбіреулері шоқпыттана көрінеді. Окоп түбінде, салқын қара жерде, бүрсііп, екі бүктеліп бос құрсақ, шаршап-шалдыққан жау-

ыңгерлер ұйықтап жатыр. Бақылаушылар біресе отырып, біресе тұрып тықыршып тұр. Мен бір шеттен бір шетке қарай келе жатып – әскери атағы да, жасы да үлкен капитан Булатовпен ренжісе қатты сөйлескеніме өкініп келемін. Ұялып келемін... (Б. Момышұлы. «Москва үшін шайқас». А., 2004. 73-74-бб.).

Москваны қорғау үшін оның түбіндегі шайқас пен қырғын тарихта бұрын-соңды болып көрмеген ғаламат оқиға ретінде тарих беттерінен ойып орын алды. Оған қатысқан адамдардың мәртебесі де биік болды. Отызға толар-толмас қазақтың қара домалақ баласы «осы маған ауыр болады-ау» деп, қиындықтан қашпай өзінің бірден батальонның тізгінін қолына алып, аз уақыттың ішінде өзінің қайтпас қайсарлығы мен жігерлілігінің арқасында өзі басқарған батальонды әуелі дивизияға, армия құрамында үлгілі етіп шығарды. Жәй ғана үлгілі батальон емес, батырлар батальонына айналдырды. Соғыста жалғыз Момышұлы ғана батальон басқарған жоқ, батальон басқарғандар армия қатарында көптеп кездеседі. Бірақ барлығыда аға лейтенант емес, азы капитан, майорлар еді.

Халықта «Алтын біз қап түбінде жатпас болар» дегендей, Момышұлының батыр болуының ғылыми тұрғыдан сыры неде деген сұрақтың түсініктемесі бар сияқты. Батыр, ғалым, мемлекет қайраткері, айтулы ақын, жазушы болу кез келген адамға бұйыра бермейді. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей дарын иесі тарихи толқындардың биік қырына аса күрделі оқиғалардың нәтижесінде көтеріледі. Табиғат берген тегінде, генофондында, мінезінде ешкімге ұқсамайтын ерекшелігі бар адам ғана аса күрделі тарихи оқиғалардың барысында іштей жасырынып, ұйықтап жатқан талантын сыртқа теуіп шығарып іс жүзіне асырады. Оның бойында ұйықтап жатқан асыл қасиеттерін қозғап барып дүниеге келтіреді. Батырдың шерінің қайнар көзі, таусылмас кені туған, кіндік қаны тамған жерді жаудан қорғау. Жәй адамды қанша шер қозғаса да, жылай-жылай, қанша тебіренсе де бәрібір дәрменсіз болып қала бермек. Мысалы, Шыңғыс ханның ел басқаратын ұйықтап жатқан талантын әкесін у беріп басқа тайпа өкілдерінің өлтіруі, оның намысын қайрап, ағайындары қорлап, шеттетіп, кек алу жігерін қайраттандырды. Тегін адам таз болмайды дегендей, төңірегіндегі тайпаларды бір орталыққа біріктіруге ақылы, соғыс тәсілдері, айласы жеткеннен кейін күшін байқай келе әлемге көз сала бастады. Өйткені сол кезеңде моңғолдар орталықтандыруға пісіп жетіліп, оны басқаратын қайраткерге зәру болатын. Ол зәрулікке замана қажеттілігіне Тимучиннің табиғат берген таланты дөп келді. Момышұлының жағдайында да табиғат пен ата-анадан мирас болып қалған тегін (гено-

фондын) жан берісіп, жан алысқан қан майдандағы соғыс оты іске асырды. Осы тұрғыдан келгенде Момышұлы әскери мыңбасы ретінде басқарудың өзіндік жолын көрсеткен талантты адам. Егер оның етегінен тартып шовинистік іс-әрекеттер жасалынбағанда, отандастары аяқтан шалмағанда ол әскери генерал, маршал, Батыр атақтарына ие болуға әбден әзір еді. Ондай кедергілерді Бауыржан Момышұлы өз көзімен көріп қолымен ұстағандай болған еді. Амал нешік айта кетсе орны бар, Одақты мекендеген кішігірім ұлттардың ішінен армян Баграмян ғана маршал атағына ие болды.

Олай болса, Момышұлының басқа айтулы ерліктерін былай қойғанда, жоғарыда айтқандай, бес рет жаудың қоршауын бұзып шыққан теңдесі жоқ ерліктері неге ескерілмей қалды деген заңды сұрақтар мазалайды. Қоршаудан шыққан бір ерлігін баяндаудың сәті түсіп тұр.

Жаудан шегініп келе жатқанда жоғарғы штабтан шегінуге рұқсат жоқ, қайта ұмтылып, жауды шабуылдау керек деген бұйрық түседі. Бұйрықтың аты бұйрық! Сөйткенше болмай Момышұлының батальоны жаудың қоршауында қалып қояды. Бір кезеңде бірінші бұйрық бұзылып, енді жау қоршауын бұзып шығу керек деген бұйрық беріледі. Бұл айтқанға оңай нәрсе. Сәл жау көзіне түссең болды, қоршап алып, оп-оңай қырып салады. Осындай қиын сәтте тез шешім қабылдау үшін асқан сабырлылық пен тапқырлық көрсетіп қарамағындағы мың қаралы солдатты темір қоршаудан алып шығу үшін қаншама ақылдылық пен қажырлылық, тактика керек десеңізші. Осы мезетте Момышұлының жаудың желкесінен тұтқиылдан шабуыл жасап, немістер есін жиып, ұйымдасып атакаға шыққанша қоршау шеңберін бұзып үлгереді. Ол мың қаралы солдаттың біразы ауыр не жеңіл жараланған, өздігінен жүре алмайтындар. Ол кезде оларды тиеп әкететін машиналар да жетіспейтін. Олардың астына сабан төсеп, сығандарша ат-арбаға жатқызып, жау қолына тастамай, алып шығудың өзі аса адамгершілік пен ерлікке бағаланады.

Түптеп келгенде, қоршауда жау тылында қалып соғысқан жалғыз Момышұлының батальоны емес. Басқа да Советтік әскерилердің құрамалары да қоршауда қалып, бірен-сараны болмаса, қоршауды бұзып шыға алмаған. Олар қандайда бір себептермен өз бөлімшелерінен ажырап қалған немесе басшыларының бұйрығымен таратылып, жеке-жеке қоршаудан шығуға талпынады. Біразы аман есен өтеді. Қайсы біреулері жау тылында қалып қойып, тұтқынға түседі. Олардың арасында Момышұлынан шені жоғары генералдар, полковниктер, майорлар болатұғын. Осылай жау қоршауында

қалған генералдар мен полковниктердің көпшілігін орман аралап жүрген жерінен кездестіріп Момышұлы оларды қатаң тәртіпке бағындыра отырып, қоршаудан алып шығады. Олар секілді үлкен қолбасшылардың қасында Момышұлының қоршауды бұзып шығу әрекеті орасан ерлікке пара-пар. Мұндай аса құнды ерліктер бірнеше рет қайталанатын. Қанша ауыр жарақат алса да Момышұлы соғысты тастап кеткен жоқ. Өзіне тапсырған батальонды, полкті, дивизияны үлкен абыроймен басқарып отырған.

Имандылығы, жауапкершілігі төмен басшы қарамағындағы жақсы қызметкерді көрмейді. Керісінше, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрген жылпос, жағымпаздарды қолдайды. Ал, тәрбиелі, жақсы басшы, керісінше, қарамағындағы жақсы қызметкерін көре, бағалай біліп, ылғи қолдап, жақсысын асырып, жаманын жасырып, ылғи қолдап, сүйеп отырады. Б. Момышұлының И.В. Панфилов пен И.М. Чистяков секілді, үлкен объективті көзқарастары бар, екі басшылары, әрі ұстаздары болған. Үнемі екеуінің іс-әрекеттерін үлгі тұтып, олардан тәлім-тәрбие ала отырып, өз жұмысына баға беріп отырған.

Б. Момышұлының бір мұңайып отырғанда, немесе екі жақтан да орасан зор шығын болғаннан кейін бе немесе өткен ата-бабаларынан кейін аруақтарын еске алған кезде, немесе соғыс басталғаннан кейін қаза тапқан майдандастарын көз алдынан өткізген бе, әйтеуір 1947 жылы Москва түбіндегі күзді «мейірімсіз күз» деп есептейді. Осы күзді жабырқап былай суреттейді: «Жыл мезгілінде күздің бәрі күз. Бірақ 1941 жылғы күз Ресейдің мәңгілік есінде қалар сұрғылт, мейірімсіз күз еді. Ресейдің жерін шекарадан бастап бомба, снаряд, миналардың орындарын шешектей ойып таңбалаған күз. Орлар қазылып, танктердің жылан бауыр іздері жер жүзін тырнап тыртықтаған күз. Шекарадан бастап Москваның дарбазасына дейін орақшы бау байлағандай жауынгерлер қабыры аяқ асты төмпештеле тізілген күз. Асығыс шегінуде боздақ кеткендердің шала-шарпы топтап бетін жапқан бейіттер толған күз.

«Өмірдің рахатын надан ғана көреді, азабы болса ердің сыбағасы» деп ата-бабаларым айтып кеткендей сол күзде ел үшін, Отан үшін азап көріп, көпке шыдап, борыштарын қанмен жуып, майдан алаңында жантәсіл еткен, ананың ақ сүтін ақтаған адал жолдастарымыз да көп-ақ еді: орыс – Иван Иванович Иванов, тунгус пен қазақ, кавказдықтар мен қырғыз, удмурттар мен өзбек, татарлар мен түрікмен, молдаван мен украин, тағысын-тағылар... жер жүзіндегі ең аз ру халық ұлы Караим Сұлтанмахмуд Шапшал... Олардың қабырларын әлдеқашан жусандар басты. Олардың істері, төккен қан-

дары болашаққа игілікті, нұрлы жауындай төгілді. Бүгінгі гүлдер солар болмаса өсер ме еді, құлпырып тұрар ма еді («Москва үшін шайқас», А., 2004. 81-б.).

Өткен ғұламалардың, оның бергі жағында Бауыржан Момышұлының әскер жағдайындағы ұстазы әрі генерал командирі И.В. Панфилов та шәкіртіне оның қызбалығы туралы айтқан еді, ұлы Ленин де дүниеден өтіп бара жатып партиялық сораптың мінездемесі берді. Сталин дәрежі, айналасындағылардың кемшіліктеріне төзгісіз, сондықтан оны отырған орынтағынан ауыстырып басқа жауапкершілігі шамалы, жауапкершілікті талап етпейтін қызметке ауыстыру қажеттігіне меңзейді. Бірақ, уақыттың талабына сай Сталин партияның Бас секретарь қызметінде қалып өмір бойы сол қызметті атқарды. Оған қоса бүкіл соғысты басынан аяғына дейін, Ставканың бас қолбасшылығын атқарып, елімізді Ұлы Жеңіске жеткізіп 1953 жылы оның өлімі тамағына баяу әсер ететін у қосылып берілгеннен болған, оны істеген сол кездегі НКВД бастығы Берия деп тарихи деректер айтады.

Кім біледі, тарихи сарапшылар бейбіт кездегі мінез-құлық соғыс кездегіден өзгеше болатындығына сілтеме жасауына да болады. Мүмкін соғыс кезінде әр минут, әр сағат, сөтке, ай, жыл емес, әр минут, әр секунд та оқиғаның тағдырын шешетін кез бола береді.

Немістерден шегіну кездерінде шеккен азаптардың немесе көз көрген айналасындағы жолдастарынан әп-сәтте айырылу қайғысы ма, немесе табиғатындағы лездік мінез бе, немесе соғыс жағдайының қатал талабы ма, Момышұлы жан-жағындағыларға кейде шапшандық көрсететін болған. Оны өзі жасырмай шындық ретінде мына эпизодта келтіреді. Бір жолы Рахимовқа қатты ұрысады. Кейбір ұрысуы жөнсіз де болуы мүмкін. Момын, ақылды, әдепті Хабибулла маған көзін жыпылықтатып, сасқалақтап тұрып былай деді:

– Сізге не болды, жолдас комбат. .. Кешіріңіз... айтып тұрған сөздеріңіз азырақ жөнге келмей тұрғандай...

– Сеніңше, мені әлдеқашан-ақ жындыханаға тапсыру керек екен ғой!

– Жоқ. Ол сөз менің аузымнан шыққан жоқ қой, жолдас комбат...

– Хаби! Тыңдашы мені! Мына батальон маған оңай соғып тұрған жоқ!

– Рұқсат болса айтайын, жолдас комбат, біздің батальонға сіз де оңай соғып тұрған командир емессіз!

– Демек, мен батальонның соры болып шықтым ғой... Менен құтылу соғыс қызуында оп-оңай... оны сіз, лейтенант Рахимов жақсы білесіз.

– Ойпырмай, сізге бір сөз айтудан қалып барамыз ба, осы. Ол не дегеніңіз, жолдас, комбат!? («Москва үшін шайқас». А., 2004. 83-б.).

Өзінің айтуынша, Момышұлы соғыс кезінде не көрмеген, аштық, ұйқысыздық, қан, денеден жұлынған адамның мүшелерін қылышпен кесіп тастап, ет қызуымен жауға атакаға шығу, мерт болған жауынгер жолдастарын жер қойнына беріп қоштасу қиынның қиыны болса керек. Бір қиян-кескі соғыста бірге жүріп, тамақты бөлісіп ішкен, алға жылжу мен шегіністерді бастан кешірген Брудный деген аға лейтенанттан қалай айырылып қалғанын, оны қару-жарағымен жерге табыс еткенін былай суреттейді.

... Қайтадан неміс бізді артиллериясымен, минометтерімен төмпештеуге кірісті. Оң жақтан қиян-кескі атыс болып жатқанда біреу жүгіріп келеді. Жүгіргенде қисаландап әдіске салып, біресе құлап, біресе тұрып жүгіріп келеді.

Мен оған қарап тұрып «Бұл кім болар екен? Осынша аласұрып ұшып келе жатқанының себебі не екен?» деп тұрмын. Жақын-дай бергенде мен сыртқы пішінінен Брудныйды таныдым. Ол даусыз маған қарай жүгіріп келеді... Маған жете бергенде мұрттай ұшып құлады да, етпетінен жатқан орнынан қозғалмады. Мен еңбектеп оның қасына бардым.

– Брудный!

Онда үн де жоқ, тыныс та жоқ. Мен оны аударып шалқасынан жатқыздым.

– Брудный!

Онда үн де жоқ, тыныс та жоқ... Тек кара торы үлпершектей жас жүзінде бусанған тер дымқылы жылтырайды... Көзі жұмулы, тыныс жоқ.

– Брудный! Брудный!.. Жауап қатшы, бауырым! Жауап қатшы! Сен неге оқ астында жүгірдің?.. Маған не айтайын деп едің? А, а!..

...Немістер атакаға шықты. Жалмұхаммед Бозжанов келді.

– Брудный! – деп тұра қалып: – Сен мұнда не ғып жатырсың? А?

– Ол ұйықтап жатыр. Тимегін оған, – дегенімде:

– Сізде, жолдас комбат, ешқандай мейірім жоқ екен ғой! – деп ол маған зекірді. – Өлімді қалай ұйқы деп тұрсыз?

– Оны мен өлтіргем жоқ! Соғыс өлтірді! Кінәлағыш болсаң соғысты кінәлағын...

– Кешіріңіз, ағатай. Абайсызда айтып қалдым...

– Степановты Кухаренкоға жібергін, өзің роталарға барғын. Приказываю отбить всем и эту атаку противника! Брудный екеуміз осында сендердің қимылдарыңды бақылап жатамыз... Рахимовты маған жібергін.

Рахимов келді.

– Біздің көршілеріміз де тым-тырыс. Осы фашистерге не керек екенін қайдам, әйтеуір бізге тыныштық берер емес.

– Қасқайып жатқан екі жол мен екі көпір керек оларға, Хаби.

– Айнала бос қой. Оралып соға бермей ме бұл иттер.

– Оның командирі де мен сияқты желге қарсы бедеріп тұрып, ықтай білмейтін есерсоқтың біреуі көрінеді.

– Тәуба! Сіз, жолдас комбат, кекшіл екенсіз ғой!

– Қалайынша?

– Әнекүні менің аузымнан жазатайым шығып кеткен бір сөзді әлі ұмытпапсыз ғой.

– Ұмытпаймын да, Хабибулла. Өлгенімше ұмытпаймын. Сенің сол сөзің менің ойыма ой қосты. Маған үлкен сабақ болды. Рақмет саған.

– Олай болса оқасы жоқ, жолдас...

– Айтпақшы Жалмұхаммед те маған зекіріп кетті.

– Өй, ол қалайша сізге зекіруге аузы барды? Ол сізді піріндей көрушілердің бірі еді ғой.

– Енді мен саған да, Бозжановқа да пір болудан кеткенге ұқсаймын.

... Тағы да жым-жырт бола қалды. Бет алыстан жау шабуылы мүлдем тойтарылды.

– Хаби, күректері бар он шақты жігіттерді ертіп келші осында.

Жігіттер келді.

– Ал жігіттер, тереңдете қазындар... Жауынгердің кебенегіне орап көмелік Брудныйды. Жауынгерлер қаза бастады.

– Тағы да тереңдете түсейік пе, жоқ әлде осы жете ме, жолдас комбат? – деп сұрады жер астынан бір жауынгер.

– Тоқтат, жетер енді.

Рахимов пен Бозжанов Брудныйдың сүйегін менің плащпалаткама орап жатып: «Мұның пистолетін қайтеміз?» дегендей көзбен маған қарады.

– Ер жауынгерлік саймандарымен жатсын. Барлығын да қалдырындар, бірге болсын, өзімен бірге, – дедім мен.

Жерлердің алдында мен Брудныйдың қасына барып, басын сүйеп, оның бұйра кара шашын өз тарағыммен тарадым. Жағамнан командирлік белгісі төрт бұрышты екі қызыл түйемеді сөгіп алып, Брудныйдың жағасына қададым.

– Аға лейтенант Брудный, қош бол, жатқан жерің торқа болсын.

Брудныйды жерлеп жатқанда – он шақты мылтықты жауынгерлер бастырмалата бес рет атты. Әскер дәстүрінде – оқыған жаназа

осылай болды... Өлімде аяу да, ұят та жоқ. Соғыс – өлім ұясы. Соғыс – соқыр және мылқау. Ата қайғысын, ана мұңын ол естімейді, зарлап айта білмейді («Москва үшін шайқас». А., 2004, 82-83-бб.).

Момышұлы Брудный сияқты майдандасын қара жер қойнына тапсыру рәсімі жасалып жатқанда ойын не мәселе шырмады, ешкім білмейді. Дүниеге келмек бар да одан өтпек бар. Тіршілікте өлмейтін адам жоқ. Бірақ майданда өмір мен өлім белдесіп жатқанда адам өлім туралы ойламай, тек қана үміт, болашақ Отанның еркіндігі, өмір сүру алға жетелесе керек. Бәлкім айналандағы адамдармен сыйластықта, сырластықта болу керек екендігін Брудныйдың мәңгілік жерге кіріп бара жатқан денесі еске салды ма, немесе өзінің туған кіндік кескен жерінің топырағы бұйырмағанына қиналды немесе жат жерде оған белгі қоятын тірілер табылар ма екен, немесе кейін соғыс біткеннен кейін Жеңіске жетсек, туған-туысқандары зиратын іздеп тауып, бір уыс топырағын елге апарып, ата-анасының көңілін суытып қайта жерге тапсырар ма екен деген ойға шомды ма екен.

Қанша жау туралы адамды ыза-кек кернегенмен, оның бойындағы адамгершілік, имандылық, аяушылық болу керек. Бірде неміс сержанты қатты жараланып қолға түседі. Біздің адамдар оны одеялмен тоңбасын деп ораған. Дегенмен қалшылдап дірілдеп жатады. Барлық сұраққа білмеймін деп жауап береді. Су сұраған, ішіп болған соң ауыр күрсініп:

– Рахмет, большевиктер мұнша мейірімді болады деп ойламаған едім дейді. Қанша ем-домы жасалынса да қайтыс болды. Өлер алдында, басын көтеруді сұрап :

– Өліп барам. Көмерсіздер! – деп жан тапсырады. Фельдшер Киреев оның көзін жұмып, басын жайлап жастыққа қояды. Дегенмен жау солдаттының өлімі айналасындағыларға батады. Алғаш айбат шеккенде, қолы суықтан қалтырағанда лейтенант Попов өзінің қолғабын кигізген екен.

Генерал сәл ойланып тұрып:

– Ұрыс даласында басқаша, онда соғыстың өз заңы бар, онда ешкімді ешкім аямайды, өлтіру, тұтқындау, т.б. ал дұшпан қолға түскен кезде, әсіресе ол жараланып түскен кезде оған адамша мейірімді көзқарас болғаны дұрыс. Мұны бізден әскери этика талап етеді. Бұл генералдың жалпы азаматтық құндылыққа берік екенін көрсетті. Қолға түскен жыртқыш аң болсын, қас дұшпаның болсын пенделікті мойындайды. Бостандықта қанымды қарайтатын іс-әрекет жасадың деп оны ұрып-соғып жәбірлеуі адамгершілікке жатпайды. Қарақшыны да, дұшпанды да, сотталған адамды да егер

ауру болса алдымен емдеп алып әрі қарай сау адамға заң қолдану халықаралық азаматтық құндылық болып табылады. Бірақ мұндай құндылықты неміс-фашистерінің басшылары білмеді, білсе де білгісі келмеді. Олар реакциялық мәні бар теориямен қаруланды.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары Германияда Гитлер өкімет басына келгенде, неміс халқының тамырында ерекше жасылкөк қан жүгіреді, сондықтан да құдай бізді ерекше жаратып, әлемді билейді. Неміс халқына басқа халықтар құлдық қызмет етіп бағыну керек, біз дүниежүзіне үстемдік ету үшін жаралған ұлтпыз деген өктем ой келді.

Сол мақсатқа жету барысында неміс солдаттары славян халықтарын аяусыз оқ жеткенше қыруы керек. Зорлық-зомбылық жасаңдар, ондай-мұндай болсын, халқын қырып, өртеп күлге айналдырыңдар, мен өзім кінәсін көтерем ... деп, неміс халқын, оның солдаттарын үгіттеді. Оны соратниктері де Гитлерден асырып жібермесе, кем айтпай, неміс халқы мен солдаттарының санасын реакцияшыл псевдоториямен жетесіне жеткізіп улады. Нәтижесінде фашизм адам өміріне хайуандықпен қарап, қолға түскен миллиондаған тұтқындардың санын азайту үшін алдымен топтап атып көріп еді, бұдан олардың санының азаятын түрі болмайды, содан кейін газ камерасына миллиондап салып өлтіру әлдеқайда өнімді болды.

Меніңше, екінші Дүниежүзілік соғыс екі тұлғаның – Гитлер мен Сталиннің сценариімен жүрді. Екеуінің тұтқындарға, халыққа дегендегі көзқарасы екі түрлі болды. Гитлер совет халқын, оның солдаттарын аяусыз қырды, тұтқындарын газбен тұншықтырып қырса, Сталин соғыс заңы бойынша неміс солдаттарын Советтік Отанды қорғау үшін өлтірді, кезегі келгенде аяусыз қырды, бірақ тұтқындарды жұмысқа ғана жекті. Мұндай әрекет тұтқындар статусына байланысты қабылданған халықтардың гуманизмді көздеген конвенцияға сәйкес келеді.

Егер неміс солдаттары басып алған жерлерде совет халқын қынадай қырып, дүниесін талан-таражға салып, қыз-келіншектеріне адам естімеген зорлық-зомбылық жасап, одан кейін атып өлтіріп отырса, Сталин Берлинге басып кірген Жуков солдаттарына немістердің бізге істеген әрекеттерін өздеріне қайталауға мүлдем тыйым салды. Қарапайым неміс халқына тимеуді қатаң талап етті, оны әділеттілік деп тапты. Бірақ Гитлердің өлгені туралы естігенде: «Собаке, собачья смерть» яғни, «Итке, иттің өлімі» деп бір-ақ қайырады.

Сол кезде әлемдік пресса бейбітшіл, гуманистік идеямен қаруланған совет солдаттарының Берлин халқына дегендегі аяушылық

актісін, қарым-қатынастарын дұрыс деп таныды. Шынтуайтқа жүгінсек, маршал Жуков Берлинге бірінші болып басып кіргенде, оның солдаттарының тәртіпсіздікке бой алдыра бастағанын естіген Сталин, Жуковка қатал ескертпе жасайды. Неміс халқының кінәсі жоқтығына меңзей отырып былай дейді: «Гитлеры уходят, а немецкий народ останется».

Сондықтан Гитлер мен Сталинді бір жазық тақтайға қатар қою әділеттілікке жатпайды. Тарих дәннің сыртқы қауызын алып тастап, ішкі дәнін қалдырады. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан», – деп, халық Сталиннің атына жаққан қара күйелер алынып тасталып, бізді Жеңіске жеткізген ұлы тұлға ретінде оны реабилитациялау науқаны жүруде. Бұл өзінше тақырып.

1941 жылы ноябрь айында Москва қатерлі қоршауда қалғанын білеміз. Тарихтан білетіміздей, рухы биік саны аз әскердің саны бірнеше есе көп әскердің талқанын шығарып жеңгені де шындық. Бұл соғыста коммунистік рухтың басқыншылық психологиядан үстем болғанын да байқадық. «Біздің ісіміз әділетті, біз жеңеміз!» деген құдіретті ұранды іспен дәлелдеу үшін, дәстүрлі мереке Ұлы Октябрь революциясының 24 жылдығын атап өту үшін 6 ноябрь күні Маяковский атындағы метрода жиналыс ұйымдастырылады. Сталин қосылмай ұмтылып бара жатқан бүкілодақтық радионы да жұмыс істеткізеді. (Мұны Москваның коменданты еске алады – Т.Ж.) Ставканың Бас қолбасшысы, Совет халқына таныс, сабырлы, әрі салмақты үнмен сөйлейді:

«...Жау Украинаның көбін, Белоруссияны, Молдавияны, Литваны, Латвияны, Эстонияны, басқа бірсыпыра облыстарды жаулап алды, Донбасқа өтті, Ленинградтың үстіне қара бұлт болып төнді, біздің даңқты астанамыз – Москваға қауіп туғызып отыр.

...Біздің армиямыз бен флотымыздың жауынгерлері! Отанымыздың намысы мен бостандығын сақтап, құтырған жаудың шабуылдарын ерлікпен тойтара отырып, жүректілік пен батырлықтың үлгілерін көрсете отырып, жаудың қанын судай ағызды. Бірақ, жау қырғынға ұшырағанына қарамай, ол өзінің солдаттарының қанын титтей де бағаламайды, ол қатардан шығып қалған адамдарының орнына майданға үсті-үстіне жаңа отрядтарын айдап салуда, қыс түскенге дейін Ленинград пен Москваны алу үшін ол барлық күшін аямай жұмсауда, өйткені қыстан оған ешбір жақсылық күтуге болмайтынын ол біледі.

...Алайда, фактілер «қауырт» жоспардың барынша саяз ойдан шыққандығын және негізсіздігін көрсетті.

...Батыс Европада жолы болған «қауырт соғыстың» шығыста жолы болмай, іске аспауының себебі не?

...Москва мен Ленинградты қорғау майданында біздің дивизиялардың жақын арада немістердің отыз шамалы шыныққан дивизияларын құртып жіберуі Отан соғысының өрті ішінде жаңа совет жауынгерлері мен командирлері, летчиктері, артиллеристері, минометчиктері, танкистері, жаяу әскерлері, моряктары шыңдалып шығатынын және қазірдің өзінде шыңдалып шығып жатқанын, ертеңгі күні олар неміс армиясының зәресін алатын зор күшке айналатынын көрсетеді. (Ду қолшапалақтау.)

Осы жағдайлардың бәрін қосқанда «қауырт соғыстың» шығыста қалай да іске аспайтындығын күн ілгері шешкендігінде ешбір күмән жоқ.

Гитлершілдерді ұлтшылдар деп есептеуге бола ма? Жоқ, болмайды. Шынында гитлершілдер қазір ұлтшылдар емес, олар империалистер.

...Гитлершілдер партиясы империалистердің, империалист болғанда, дүние жүзінің барлық империалистері ішіндегі ең жыртқыш және қарақшы империалистердің партиясы. Гитлершілдерді социалистер деп есептеуге бола ма?

Жоқ, болмайды.

...Гитлершілдер партиясы – демократиялық бостандықтардың дұшпандарының партиясы, ортағасырлық реакцияның және қара жүректік погромшылардың партиясы. ...Қандай шарамен болса, – дейді Гитлер, – немістердің дүние жүзін жаулап алуы керек. Біз ең алдымен славян халықтарын, орыстарды, поляктарды, чехтарды, словактарды, болгарларды, украиндарды, белорустарды ығыстырып құртып жіберуіміз керек. Мұны істеуімізге ешқандай кедергі жоқ».

...Адам, – дейді Гитлер – туғаннан күнәлі болып туады, оларды тек күш арқылы ғана басқаруға болады. Олармен айналысқанда қандай әдіс қолданудың да артықшылығы жоқ. Саясат талап еткен уақытта, өтірік те айту керек, сатып та кету керек, тіпті өлтіру де керек.

...Өлтіре беріңдер! – дейді Геринг, – бізге қарсы болған әрбір адамды өлтіре беріңдер, өлтіре беріңдер, бұған сіздер жауапты емессіз, мен жауаптымын, сондықтан өлтіре беріңдер.

Мен адамды, – дейді Гитлер, – ұждан деп аталатын қорлаушы бәледен азат етемін. Білім сияқты, ұждан да адамды жарымжан қылады. Менің артықшылығым сол, ешбір теориялық немесе моральдық ар-ұят дегендер мені тоқтата алмайды.

Неміс командованиясының 25 сентябрьде 489-жаяу әскер полкына берген, немістің өлген унтер-офицерінен табылған бір бұйрығында былай делінген:

«600 метр жерге келген әрбір орысқа оқ атуға бұйырамын. Орыс өзіне батыл жау қарсы келіп отырғанын, одан ешбір мейірім күтуге болмайтынын білуі керек».

Майндағы Франкфуртта туған лейтенант Густав Цигельден табылған неміс командованиясінің солдаттарға арнаған бір үндеуінде былай делінген:

«Сенде жүрек те, жүйке де болмасын, соғыста олардың керегі жоқ. Есіркеушілік, аяушылық дегендерді атымен жой, кез келген орысты, совет адамын өлтіре бер, мейлі ол қарт болсын, немесе әйел болсын, қыз, иә бала болсын, тоқталма – өлтіре бер, бұл арқылы сен өзіңді апаттан қорғайсың, өзіңнің семьяңның болашағын қамтамасыз етесің және даңқың мәңгіге қалады».

Гитлер партиясы мен Гитлер командованиясі лидерлерінің программасы мен нұсқаулары адамдық бейнесін жойып, жабайы аңдар дәрежесіне дейін төмендеген адамдардың программасы мен нұсқаулары, міне, осындай.

Міне, осындай ұждан мен абыройдан айрылған айуандық моральді адамдар шімірікпестен ұлы орыс ұлтын, Плеханов пен Лениннің, Белинский мен Чернышевскийдің, Пушкин мен Толстойдың, Глинка мен Чайковскийдің, Горький мен Чеховтың, Сеченов пен Павловтың, Репин мен Суриковтың, Суворов пен Кутузовтың ұлтын құртуға шақырады!

Неміс басқыншылары СССР халықтарына қарсы қырғын соғыс жасағысы келді. Бола қойсын, егер немістер қырғын соғысты қаласа, оны өздері де көреді. (ұзақ ду қолшапалақтау.)

«Ленин соғыстың екі түрі барлығын айырды, басқыншылық соғыстар, демек, әділетсіз соғыстар және азаттық жолындағы, әділетті соғыстар.

Немістер қазір басқыншылық, әділетсіздік соғыс, басқаның жерін тартып алуды, басқа халықтарды бағындырып алуды көздеген соғыстар жүргізіп отыр. Сондықтан да адал адамдар неміс басқыншыларын жау деп біліп, оған қарсы аттануға тиіс.

Гитлершіл Германияға қарағанда, Совет Одағы мен оның одақтастары азаттық, әділеттік жолында, Еуропа мен ССР Одағының құлданылған халықтарын Гитлердің құлдығынан азат ету жолында соғыс жүргізіп отыр. Сондықтан да барлық адал адамдар СССР, Ұлыбритания, тағы басқа одақтастар армиясы азат етуші армия деп біліп, оған болысулары керек.

Әңгіме Еуропаның халықтары мен территориялары туралы болсын, немесе Азияның, оның ішінде Иранның халықтары мен территориялары туралы болсын, бәрінде де, басқалардың территория-

сын жаулап алуды, басқа халықтарды бағындыруды көздеу бізде болмайды, соғыста ондай мақсат көздеуіміз мүмкін емес. Біздің бірінші көздейтін мақсатымыз – өзіміздің территориямыз бен өзіміздің халқымызды неміс-фашист тепкісінен азат ету болып отыр.

Бізден көмек күткен славян халықтарына, Еуропаның құлдықтағы басқа халықтарына өзіміздің талабымызды, өзіміздің режимізді ұсыну бізде болмайды, соғысты ондай мақсат көздеуіміз мүмкін емес. Біздің мақсатымыз – бұл халықтардың Гитлер құлдығына қарсы азаттық күресіне көмектесу, осыдан кейін олардың өз жерінде өз қалауынша тіршілік етуіне толық бостандық беру. Басқа халықтардың ішкі істеріне ешбір қол сұғу болмайды.

Бірақ бұл мақсаттарды іске асыру үшін біздің Отанымызды құлдауға келіп отырған неміс басқыншыларының соғыстық қуатын қирату керек, неміс оккупанттарын бірін қалдырмай құрту керек. (Ұзақ, ду қолшапалақтау.)

Бірақ бұл үшін біздің армиямызға, біздің флотымызға бүкіл еліміз шын мәнісінде, белсене көмектесетін болуы қажет, біздің жұмысшыларымыз бен қызметшілеріміз, еркектеріміз бен әйелдеріміз кәсіпорындарында тынбай істеп, майданға танктерді, танкке қарсы ататын мылтықтар мен зеңбіректерді, пулеметтерді, винтовкаларды, ұрыс жабдықтарын барған сайын молайтып беретін болуы қажет, біздің колхозшыларымыз, еркектеріміз бен әйелдеріміз өздерінің егіс жерінде тынбай істеп, майданға және елімізге астықты, етті, өнеркәсібіне шикізатты бұрынғыдан да еселеп мол беретін болуы қажет, бүкіл біздің еліміз, СССР-дің барлық халқы біздің армиямызбен, флотымызбен бірге Отанымыздың намысы мен бостандығы үшін, неміс армияларын қирату жолында алып бостандық соғысын жүргізіп отырған бірыңғай жауынгерлік лагерь болып ұйымдасуы қажет. (Ду қолшапалақтау.)

Біздің ендігі міндетіміз осы.

Біз бұл міндетті орындай аламыз және орындауға тиіспіз.

Осы міндетті орындағанда ғана, неміс басқыншыларын талқандағанда ғана біз ұзақ және әділетті бейбітшілікке жетеміз». (Москва үшін шайқас. А., 2004. 197-200-бб.)

Көсемнің оптимизмге толы «Біз жеңеміз!» деген сөзін естіген москвалықтар, Совет халқы, солдаттар мен генералдар бір серпіліп рухы көтеріліп қалды. От пен қан кешкен көңілі жабыңқы әскер патриоттық сезімі қайралып, жауға бір қарыс та жерімізді бермейміз деген Отанға, Отан Анаға берген сертін орындауға дайындылығын көрсетті. Көсемнің сөзі халқына екінші дем бергендей болды.

«Бізге семсермен келген адам – сол семсерінен өледі» деген халық даналығын еске түсіреді. Совет елінің жүрегі болған Москваны қорғау, анадан қорғаумен бірдей болды. Ұлы Отан соғысында, қандай оқиға ең негізгі есте қаларлықтай болды дегенде Жуков: «Сталиннің басшылығымен, Москваны қорғау, ол мүмкін емес нәрсені мүмкін етті», – деп жауап берді.

Сталин Ұлы адамдардың есімін атай отырып, оккупанттардың бірін де қалдырмай қыруға шақырды. Тылдағы адамдарды аянбай солдаттар мен офицерлерді керекті азық-түлікпен, киіммен, қару-жарақпен қамтамасыз етуге шақырды.

Патриоттық сезімге арналған көсем сөзі елді, әскерді партия мен биліктің төңірегіне топтасуды қасиетті, құдіретті ұғым деп түсінді.

Осыны тыңдаған панфиловшылардың отансүйгіштік сезімі өршіп, Москваны қорғай отырып қазақтың өз анасын, жерін, суын, тауын қорғап қалатынын жақсы түсінді. Қайрат күші еселеніп, қасық қаны қалғанша қорғайтынына серт бергендей болды. Қазақтар, қазақстандықтар өз сертінде тұрды. Жауды Москваға жібермеді.

7 ноябрь күнгі Қызыл алаңдағы көсем сөзінен кейін солдаттар мен офицерлер маршпен майданға аттанып жатты. Олар ерліктің асқан үлгілерін көрсетті. Жауды аянбай талқандап, Москваны қорғап қалды.

Б. Момышұлы басқарған батальонның политругі, майдангер, соғыстың басынан аяғына дейін бірге болған полковник Ф.Д. Толстунов былай дейді: «Москваны қоршауға 28 панфиловшылардың ерекше ерлігі тарихтың төрінен ойып тұрып орын алады, ұрпақтар айта жүретін, отансүйгіштіктің алтын тамырындай, аңызға бергісіз келелі оқиға. Ұлы Отан соғысы батырларының ішінде олардың есімі, аспандағы көп жұлдыздар арасындағы үркердей жарқырап, адамзат тарихында мәңгілікке жол тартты. Олар адамдар арасындағы достықтың, туыскандықтың, патриотизмнің, бұқаралық ерліктің өшпес өнеге-шамшырағы болып нұр шашуда. Олардың бәріне өлгеннен кейін Совет Одағының батыры атағы берілді. Өйткені Москваны қорғау – әлемдік прогресті қорғау, Совет халқының үміті мен тіршілігін, қазақ халқының болашағын қорғау деген сөз.

Олар Дубосекова разъезінің түбінде жаудың 50 танкісін жойды. Сөйтіп, олар ең кемі 50 мың адамды ажал аузынан алып қалды.

Бауыржан – ақыл мен ойдың иесі, барлық қасиеті бойына жиналған, адамгершілігі, жауапкершілігі, қаталдығы, ерлігі, жігітшілігі күшті. Шын мағынасындағы, дарынды командир. Ол – өжет пен өткірліктің, қайраттың иесі, өте батыл, әділетті адам. Сондай

адаммен тізе біріктіріп, жауды жаралы еткенімді мақтан тұтамын. Бауыржан Момышұлы – ол менің соғыста да, өмірде де досым болған адам. Ол біздің халқымыздың мақтанышы, оның ерлігі дүниежүзін шарлап кеткен, ерлігі аңызға айналған көрнекті қолбасшы, халық батыры».

* * *

Б. Момышұлының «Жол үстінде» әңгімесіндегі тағылым мәселелері

«Жол үстінде» әңгімесі Бауыржан Момышұлы әңгімелерінің ішінде өзіндік стилі бар, мағынасы табиғат пен дәстүрді тереңнен қамтитын шығарма.

Екінші дүниежүзілік соғыстың басталар алды. Соғыс екі блокқа бөлінген. Бірінші жағында Совет Одағы, АҚШ және Англия, екіншісінде – Германия, Жапония және Италия. Әңгіме Бауыржан Момышұлының 1935 жылы Қиыр Шығысқа Жапонияның 1 млн. Квантун армиясын талқандау үшін соғыс қимылдарына қатысуға бара жатқанда, көмекшісі Әзімханның жол үстінде баяндауынан басталады. Әзімхан мен Бауыржан Момышұлы жол қысқарсын деп әртүрлі жайларды айтып келеді. Тайганы жаңғыртып Әзімхан мына өлеңді айтады:

*Шашы бар қолаң қара ашаң жүзді,
Қыр мұрын, қиылған қас, қара көзді,
Толықша сұңғақ бойлы, алма мойын,
Туісті жауап берер майда сөзді.
Жарасқан барлық келті денесіне,
Кім болмас риза туған енесіне.
Дәл соны жанға балап жар етпесең,
Өмірдің бұл әйелсіз керегі не.*

Қыз десе, қай адамның делбесі қозып, жүрегіне өрт пайда болмаған. Соғыс заңы оңай дейсің бе, бала-шағаң, жылы төсегің, дем деп, баптап ішетін тамақ-шәйің, белді шешіп өз төсегінде ұйықтауың бақыттың бір түрі, малың-қораң артта қалып, Отаныңа төнген қауіптің бетін қайтарып, бірақ Жеңіспен оралу түпкі мақсат, дегенмен де Б. Момышұлы елін-жерін сағынып, Әзімханның аузымен былай дейді: «Осы Қиыр Шығысқа келгелі, әйелдерді сыртынан анда-санда бір көріп қалғанымыз болмаса, қасына анық құлаш жетер жер жақындаған емеспіз, бізге күн асқан сайын орамал тартып, юбка кигендердің көзімізге түскені қор қызындай көрініп, көбімізді «тап сені...» дегізетін».

Жол ұзақ, біраздан кейін әңгіме ауылнай Айнабектің Әлібегі туралы өрбіді. Ол кезде қоғам өмірі, адамдар арасындағы қарым-қатынастар келе жатқан соғыс талаптарына бағындырылған. Соғысқа қажетті қару-жарақпен қамтамасыз ету үшін ауылға салық мөлшері ұлғайтылып, елдің өмір сүру әл-ауқаты әжептәуір төмендеген. Сол Әлібек үйге ретсіз бірнеше қабат салық салғанымен тұрмай, Әзімбектің бәсіре қара дөненін жайлаудан ұстап алып, лау (аттың күшін пайдалану) қатарында мініп жүргенін әкесі соңғы хатында айтады. Ауылнайдың бұл іс-әрекеті Әзімханның намысына тиеді, ызаланады, тісін қайрайды. Оңай дейсің бе, қазақ атты адамның қанаты, досы, махаббаты деп есептеп жүргенде, басынып біреу мініп жүрсе. Екінші жағынан, соғыстың қарсаңында бәрі де соғыс заңына бағындырылған кезеңде, салықты дер кезінде тез жинау үшін, басқа көліктің реті болмағандықтан ат жарамды, әрі сұлу көрінгендіктен мінген де шығар, кім біледі.

– Ауданның орталығы станция бойында еді, сәскеде келіп қызыл шайханада отырғанымда, ауылнай Әлібек жетіп келді. Сұр жыланша жылмындап, мені көрісімен-ақ жалпандап, асты-үстіме түсті де қалды.

– Қарағым, інішегім, амансың ба, ер жетіп жігіт болды деген осы, ауыл тегісімен аман, көкемнен сен келгенше деп айғырыңның майын сұрап мініп жүр едім, осы жерге де соны мініп келдім... Ауылға өзін мініп барсаң, мен лажын тауып басқа атқа мінермін, – деп Әлібек сөз берер емес.

Шайханашы тәжік Әлібектің ымдауымен алдымызға бір шертпек қымыз әкеліп қойды.

– Абдрахман әке, көкем мен жеңгем шай, қант керек деп отыр еді, біреуді жіберіп дүкеннен екі қадақ қант, бір құты шай алдырыңызшы. Әзімхан ауылға ала кетсін, – деп тәжікке бұйырды.

– Құп болады, – деп, кешікпей-ақ ол Әлібектің тапсырмасын орындап келді.

Ауылнай Әлібек ауылдың кәдімгі қу десе қу, сұм десе сұм, паракор, өзінен жоғарыларға қошаметшіл, төменгілерге өктем адам еді.

Алдыңғы жылы Нуров дейтін бір пұшық уәкіл болып келіп, Әлібектің үйінде жатып, арақ ішіп, 500 сом пара алып, Әлібекті ауылнай сайлап кеткен екен (ол уақыттағы ауылдағы демократиядан хабарыңыз бар шығар). Оны мен есіте салысымен, аудандық орындарға елдің арасында сондай сөз бар деп хат жазып едім, бірақ та ол хатым аяқсыз қалып кетті. Біздің үйге Әлібектің қысым көрсететіні содан, оған ауданның бір қызметкері сол хат туралы айтса керек.

Әлібек залым да болса ренді, орта бойлы, аққұба, қара қасты, өткір күлімсіреген қара көзді, жылтыраған қара мұртты, қырыққа жетпеген жігіт еді, сондықтан ба, естуімше әйелдерге өте жағымды дейтін.

«Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек» дегендейін, Әлібек ешуақытта жаман киім киген емес. Келбетті кісіге өзіне лайықтап тіккен қазақ киімі өте қонып, жарасып-ақ тұрады ғой. Әсіресе, біздің елде, Арқаның қазағындай олбыр-солбыр киінбейді.

Әлібек атты таңдап, жабдықты ер-тұрмандап мінетін. Жазда құс салып, қыста тазы жүгірткен, көкпар десе өліп қалған шабандоз, жүйрікті салып бәйгіге қосқан атақты сыншы саяткерлердің бірі болатын. Ауылда ат, құс, ит қадірін одан асып ешкім білген емес.

Жасөспірім жігіт кезінде тойда өлең айтып, ешбір қыздан жеңіліп көрген емес. Өмірінде аты арып, иті қаңғырып, құсы қашпаған.

Ауылдың кейбір бозбаласы Әлібекке еліктеп әсем киім киіп, ат жаратып мініп, оның толық ықпалында болатын. Әлібекті саяткерлер, шабандоздар, құсбегілер сияқты сауықшылардың серкесі деп айтса да болады.

Әлібек шайханаға келген ауылдың бір жігітін атқа жұмсады. Далаға шықсам, әлгі жігіт менің қара айғырымды ұстап тұр екен. Дұрыс күтіп, мініп жүргені рас екен. Айғырым өмірімде сондағыдай көзіме келбетті, сүліктей сұлу болып ешуақытта көрінген емес. Сондағы атыма арнап шығарған өлеңім:

*Тік аяқ, бура санды, құйма тұяқ,
Кең маңдай, етсіз жақты, қамыс құлақ.
Омыраулы, жібек жалды, сағақ мойын,
Бұлиық етті, сауырсын, артың талтақ.*

*Иығың тік, жұмыр палуан келген белің,
Тықыр жүн, майлағандай – жылтыр терің.
Тартыңқы іш, аш бөрінің қарынындай,
Бесіктей ерге жайлы тегіс жоның.*

*Сағақ қағып адымдап шұлғып жүрсең,
Тұлпарға жеткізбейсің зулап желсең.
Шабысың ұшқан құстан кейін емес,
«Бір қызға» сені қылған қалай өлшем?*

*Жып-жылтыр, мөлдіреген қара сүлік,
Анадан артық туған сен бір «күлік»
Аттан ассаң дауым жоқ менің сенде,
Теңеру сені қызға шерменделік.*

Айғырыма мініп, біраз жүрісіне, біраз желісіне, біраз шабысына салып ауылға бара жатырмын. Көңілім шат, өте қуаныштымын.

Туған жердің табиғатының өте сұлулығын бірінші рет көргендей, сол күні байқап, таңғала қарап, жол-жөнекей қызығына тояра емеспін.

Көңілім көтеріліп, даланы жаңғыртып, айқайлап өлең айттым. Аттың үстінен оңға, солға аунап жигитовканы мәнеждегіден артық ептілікпен істедім. Жол жағасындағы қызғалдақты жұлып алып, жұпар гүлін иіскедім, сүйдім.

Жолда Қоңыртөбе дейтін төбе бар еді, соның басына шауып шығып, айнала төңірекке көз жеткенше қарадым.

Оңтүстікте басынан қысы-жазы қар кетпеген, аспанмен тірескен тау ұлығы ақбас Алатау, басына қарағанда өте жақын, етегіне қарағанда өте алыс, «Биік таудың басын көріп, қасына барма» деген халық сөзін ойыма түсірді.

Солтүстікке қарасам, аспанға тірескен Алатауға үйренген көзіме жартасты қоңыр Қаратау табанымның астында жермен-жексен болып майда, соқпырт, адыр жай тізілген төбешіктерге ұқсады.

Батыстағы Жабағылы, Шақпақ, Құлан таулары Қаратаудан сәл-ақ биік, көркемді көрінді.

Төрт жағын тау қоршаған Алатаудың Ақсай, Көксайының етегі, ойпаңның аты – Мыңбұлақ дейтін жер. Табан астымдағы жазық ойпаңға қарасам: жадыраған жаздың ашық күні сүйкімді сәулесін жер жүзіне төгіп балқытып, ойпаңдағы қызыл, көк, жасыл, ақ, сары гүлдер, көкорай шалғын саз, бидайығы қалың өскен тың, гүлдей көгерген жоңышқа, күздік, жаздық тәлімі бидай жетіле өсіп, күнге шағылысып, масатыдай түрленіп, жайқалып құлпырып, әдемі, өте көңілді болып жайнап жатыр екен.

Қара жолдың сыртындағы жайлауға жиі қонған ауылдың ақ жұмыртқадай үйлері, өрістегі қара құрымдай жайылып жатқан төрт түлікті малдары, ойдағы сирек, бытыраңқы әр бұлақ басындағы қыстаулар да сырлы болып көрінді.

Көз алдымдағылардың өте әсемдігіне, адам баласының еңбек сүйгіш қолы себеп болып, оны нақыстап әшекейлеп, оқалағанын бірінші рет ұғынғандаймын. Еңбектің күшін, қасиетін мен сол күннен пайымдап, еңбекті сүйдім.

Туған жерім Мыңбұлақ, арналы Ақсай,

Исем суы татиды шекер-балдай.

Қызғалдақ, қалың егіс, көк жоңышқа,

Жазғытұрым құлпырған масатыдай.

Көк орай шалғын, отаным, жерің дәнді,

Жазың салқын, жайлауың малға жайлы.

Сағынып алыс жерден келгенімде,

Көзім тойып көркіңе, мейірім қанды, –

деп, екі ауыз өлең айтып, шпорымды айғырымның бауырына қадап, төбешік үстінен шауып түсіп, қара жолдың шаңын бұрқырата жайлаудағы ауылға қарай тарттым.

Жол астында 400-500 метрдей жерде Теренсай атты 5-6 бастаулы суат бар. Ауылдың әйелдері суды осы жерден алатын. Еркектің алдын кесіп өтпеу – біздің ел әйелдерінің рәсімі, ізеті (осы кездегідей әдепсіздік орнамаған уақыт). Мені көріп бір топ қыз-келіншектер шелектерін жерге қойып, қатар тізіліп тұра қалды» (Мұзей апа. 11-15-бб.).

Бұл жерде автор Әлібектің жылпостау, жағымпаздау, өзіншілдеу адами қасиеттерінің бар екенін алғашқыда сипаттаса да, Әлібектің «лауға» мініп жүрген атты бағып, қағып әдемілеп мініп жүргенін көріп, оған кешірімділікпен қарағанын дәл келтіреді. Мүмкін оған баға беру үшін соғысқа дайындық кезіндегі қарбаласты есепке алу қажеттігін ойланды ма екен? Бірақ адамның бір жақсы қасиетінің бірі кешірімділік болса керек.

Автордың адам таңғаларлық шығармашылық (творчестволық) шеберлігі, оның жер жанаты Мыңбұлақты суреттеуінде жатса керек. Дүниеге келіп, кіндік қаны тамған жердің қасиеті болса керек. Ол Бауыржан Момышұлының бойына ерекше қуат беріп, оның қабілеттілігін арттырады. Кезінде жер, ел, су, шөп қасиеттері Бауыржан Момышұлының ішкі және сыртқы дүниесіне ерекше нәр беріп, оның асқақ тұлғасын қалыптастырса керек. Автор Мыңбұлақты төрт жағын тау қоршаған Алатаудың Ақсай, Көксайының етегі, ойпаңда орналасқан табиғаты жағымды, шөбі шүйгін, суы бал, ауасы жұтсаң денеңе қуат беретін жерді еске салады. Басқа ақын бұл жерді жырға былай қосады:

Мыңбұлақ «Жібек жолын» тұрақтаған,

Байлығы қол жайғызып сұратпаған

Тарихтың сан ғасырлық куәгері,

Жерін еміп бабаларым қуаттаған.

Жағанда жау атының ізі қалған,

Жемісінді талай жау үзіп алған,

Бабалар өсиетін қуат етіп

Қас жаулардың жағасын жыртып алған

Суыңды ішіп, керуендер белін шешкен,

Жер қасиетін бағалап уәделескен

*Ел тағдырын мойнына арқалатып
Соғыстарды атқарды кескілескен.*

Бауыржан Момышұлының әңгімелері бүкпесіз, көркем сөзбен нақышына жеткізіп өрнектелмеген, бірақ қарапайым тілмен өмірден үзінді (фрагмент) ретінде сол күйінде келтірілуі, оның әңгімелерінің құндылығын айғақтайды. Керек болса кейіпкерлердің аты да сол күйінде өзгертілмей нақты атымен аталады. Бұл дегеніміз – автордың әңгімесінде қоспа жоқ деген сөз. Сондықтан да шығарманың реалды шындық, ақиқат мәні мен мазмұны оқырманның үлкен сенімін тудырады. Шындықтың аты шындық, өйткені ұлы рухани және тарихи дүниелердің іргетасы тек қана шындықтан қаланады. Оның адамдық рухани дүниесін қалыптастыруға рөлі орасан зор.

Сол әңгіменің бірегейі «**Текебай бидің өкімі**» деп аталады. Автор былай дейді: «Менің бабам – Имаш. Баба нағашым – Текебай би. Әкем – молда Момыш. Менің бала кезім. Момынкүл дейтін әкемнің інісі кенже болғандықтан еркелеп өскен. Одан кейін менің апам (бабушкам) Үбікүл дейтін қыз туыпты. Ол кісі ұзын бойлы, өте реңді әйел еді. Она была настоящей красавицей... Одан кейін менің апам (бабушкам) бала туудан қалыпты...

Келімет дейтін бір шалдың (ол кезде жасы 89-да екен) бір баласына жаңағы апамды (бізше әкпемді) беріпті... Екі жылдан кейін күйеуі өліпті. Жесір қалыпты... Әмеңгер ретінде қайынысы алыпты. Ол кісінің аты Қыймәділ екен. Өзі шикі сары, көсе, ынжық кісі екені ойымда... Менің әкпем – красавица-царица... Оны қалай менсінсін... Іләж қанша... Әмеңгердің аты – әмеңгер... Байының қойнына жиіркеніп жатады екен... Әйелдің жайы бәрімізге белгілі ғой... Шорбайы жыбырлап, рахаттанбапты. Оған да жан керек» (Б. Момышұлы. Музей апа. 6 том. 157-б.).

Автор бұл әңгіменің желісін атадан балаға сабақтасып келе жатқан ескі дәстүр әмеңгерлікпен жалғастырады. Бұл институт қазақ ұлтының дәстүрінде Октябрь революциясына дейін орын алып келген. Бірақ революциядан кейін «дәстүрдің озығы да, тозығы да бар» дегендей, әмеңгерлік дәстүр кейінгі заманға өзінің жалғасын бұрынғыдай таба алған жоқ. Әмеңгерлік дәстүрі әйелдің күйеуінің немесе қайын атастырған болашақ күйеуінің өліміне байланысты жағдай. Мұндайда жесір қалған әйел өз бетімен, қалауымен өмір немесе тұрмыс құруға моральдық және конституциялық правосының шектеулі болғаны әңгімеге арқау етіледі. Бұл әйел теңсіздігінің правосы, әлеуметті, материалдық, моральдық, т.б. жақтары еді. Жаңа дәуірде адам ең құнды құбылыс деп табылды.

Әлемдік өркениеттік конституцияларда барлығы да адам үшін деген идеядан басталады. Бұл прогрессивтік мәні бар идея, өркениеттілікке қол созған елдерде қоғам дамуының мәні мен мазмұны және өзегі іспеттес болмақ. Сондықтан да өркениеттіліктің бағыты мен мазмұны адамды дәріптеп, оның гармониялы дамуына барлық жағдайдың жасалуында болмақ. Бұл жөнінде әмеңгерлік институты адам ретінде әйелдің правосының шектеп, оның еркін дамуына, еркін өмірлік жолдас таңдауына, сол үшін іс-әрекет қимыл жасауына дәстүрлік шектеудің қойылуы әйел табиғатына қайшы екендігін көрсетеді.

Әмеңгерлік институты ескі заманда әдет заңы ретінде болған. Ол кейбір Шығыс елдерінде кең өріс алған, жесірді күйеуінің туған інісіне, ағасына не оның жақын ағайындарының біріне әйел болуға мәжбүрлейтін, міндеттейтін әдет заңының ғұрпы. Әйел алғашқыда қалыңмалға сатылып алынғандықтан, ол сол семьяның, тіпті рулық қауымның меншігі болып саналған. Әдет заңы бойынша «аға өлсе – жеңге мұра, іні өлсе – келін мұра». 1917 жылы азаматтық неке туралы және еріксіз некені бұзу туралы декрет қабылданды. ҚазАССР үкіметі 1920 жылы қалыңмал туралы декрет жариялап, әмеңгерлік заңсыз деп табылды. Әмеңгерлік дегеннен шығады, автор осы институттың тағы бір жағымсыз жағын көтереді. Ол Үбікүл әпкенің қайынысы Қыймәділге қосқаннан кейінгі оның өмірін ұтымды суреттейді. Үбікүл екінші күйеуін менсінбеген болуы керек. Өзі сұлу, сұңғақ, алғыр, ақылды болғаннан кейін, онымен бірге жүруге қомсынса керек. Онымен бір төсекте жатуға жиіркенеді. Сөздің қысқасы, Үбікүл төсек қатынасынан ләззат алмаған. Ол да биологиялық функциясы толыққанды жұмыс істейтін, алпыс екі тамырынан қан жүгірген жан ғой.

Автор бұл мәселенің мынадай оқиғаға келіп тірелгенін былай суреттейді: «Бір күні ойнас істеп жатқанда, үстінен шығып қалыпты... Менің әкем Момынкүлді «Таубұзар» дейтін. Шынында, жынды екені рас еді. Ол кісіні мен «Көке» деуші едім... Жындылық жағынан мен әкеме тартпастан, «Көкеме» тартқам... Мен депутат емеспін. Көкем депутат болған. Ол рас...» (Сонда, 157-б.).

Өпкесінің күйеуі жаман болса да, оның көзіне шөп салғаны үшін Момынкүл тентек оны көкала қойдай етіп сабайды. Әдетте күйеуі бола тұрып, әйелінің төсектік опасыздық жасағанын қай халықта болса да жақсы деп есептемейді, оған жиіркенішпен қарайды. Мұндайда қазақ салт-дәстүрінде талақ тастатып, әйелді елден аластап жіберуге дейін барады. Автор да мұндай оқыс қылықты жақтырмағандық сыңай танытады. Бұл әдет Мұхтар Әуезовтің

«Абай жолы» эпопеясында Қодар мен келінінің арасындағы осындай байланыстың нәтижесінде, екеуінің де өлім жазасына кесілуімен үндесіп жатыр.

«Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» дегендей, Момынкұл Келімбет құданың ауылына әлек салып жүргенде, апасы бір жігітпен қатын үстіне қашып кетеді. Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің дегендей, Момынкұл (Таубұзарға) енді жынданып ашуы терісінен шығып, ауылға бүлік салып жатқанда, Момыш (Момынкұлдың ағасы) інісіне ашуланып: «Аттарымызды ерттегін! Жынды, мен сенің туған ағаң боламын. Оттамағын, билікті маған бергін, қарағым», – депті. Қазақта аға-іні дәстүрінде аға сөзін інісі тосқан. Аға-іні иерархиясы көптеген жерде кішігірім дау-дамайды шешуге үлкен көмегін тигізген. Өйткені, әркім өзінше мәселені шешуге тырысса, одан ол шиеленісе түсуден басқа еш нәтиже бермесе керек.

Сөздің қысқасы, Момыш қашып кеткен апасы үшін намысы жанын қайраған, аға-іні шыдамай ауылдың болысы Керімбайға жүгінеді: «Біз шымырмыз. Шымырлар екіге бөлінеді: Шынқожа, Бекболат деп аталамыз... Шынқожадан дарынды Керімбай болыс шыққан. Ол кісі дүрілдетіп елді билеген, Абай Құнанбаевты әдейі іздеп барып танысқан... Келешекте бізден Бауыржан дейтін батыр шығады. Ол Ғайникамал дейтін қызыңды... алады, – деп ескерткен...

– Қарияның алдына жүгініп отырып, былай депті:

– Құрметті Кереке! Намыстанып, алдыңызға келіп отырмын. Мен сіздің жиеніңіз боламын... Ана жәлеп те сіздің жиеніңіз! Мынау отырған тентек те сіздің жиеніңіз (Момынкұл)... Ақыл сұрап келдім, ақсақал...

Керімбай қатты қиналып, бір ауыз үн қатпай отырып, жерді шұқи беріпті...

– Ия, қарағым Момыш, келгеніңе рахмет!.. Бір қатынның шорбайына таласу біздің Шынғожаларда болмап еді... Мен билік айта алмаймын... Менің ағам, сенің нағашың Текебай би тірі... Билікті сол кісіге бердім. Бізден ат-шапан айып, оны мен көтеремін...

Әкем мен көкем Текебайдың аулына барыпты... Текебай би құсалап, жарылайын деп отыр екен... Қолында қорғасын сапты қамшысы бар екен... Текебай мықты феодал. Қастасса, ұры жұмсап, бір үйір жылқысын тартып алады. Оған көнбесе, бандиттерін жұмсап, адам өлтіреді...

– Әй! Шіріктер!.. Ағайынды екеуің барып... Ана қаншықты өлтіріп, оның басын менің алдыма алып келіндер! – деп приказ беріпті.

– Я, биеке, мен өзім өлтіремін, – депті Момынкұл.

– Сабыр, тақсыр. Сабыр! Сабыр етіңіз, Таеке! – деп менің әкем алдына жүгініпті.

– Айт, айтарыңды Момыш!.. Түрегеп тұрып айт!

– Тақсыр!.. Біз өлтірмейміз... «Әкем байым болсын деп қарғанған әйелдің екі ойнасы болады» деген сөзді мен шығарған емеспін. Сіздің бабаларыңыз шығарған...

– Ой! Иттің баласы! Сен не деп оттап отырсың! – деп Текебай би менің әкеме қамшысын ала жүгіріпті...

– Алдияр, тақсыр! Сабыр етіңіз!.. Жеңешемнің де қойнына біреу барған шығар... – дегенде Текебай би күліп жіберіп:

– Ой! Иттің баласы!.. Сөз тапқанға қолқа жоқ дегендейін, сен мені ондыртпадың ғой... – деп қорғасын сапты қамшысын лақтырып тастап. – Өзің біл, қарағым. Өзің біл, – деп менің әкемді құшақтап сүйіп, еңіреп жылапты.

Текебай биді жеңген, Үбікүлдің жанын алып қалған бір жапырақ кара шал – Ғайникамалдың туған атасы болады...

Ол шалдың баласы Батыр Б. Момышұлы» (Б. Момышұлы. Музей апа. 6 том. 159-160-бб.).

Байқасақ этика, оның ішінде әйелге байланысты жыныстық қатынастың айналасындағы мәселелерге келгенде, қанша лауазымды болыс қызметін атқарса да, Керімбайдың кесіп айтар сөзі болмай, ол түйінді мәселені шешуге Текебай биге бағыттайды. Алғашқы кезде ет қызумен рудың сүйегіне таңба салды деп Үбікүлдің басын алып келуге аға-ініге тапсырма беруі, бірақ Момыштың ақылға салып, бұрынғылардың сара жолын еске алып, Текебай биді тосылуы, одан кейін жеңуі, әлемдік еркек пен әйел қатынасында бұл жалғыз оқиға емес, оларға тән жалпы азаматтық құбылыс екендігін байқаймыз, оның еркек пен әйелдің отбасылық қатынасында бір жағының олқы немесе бірін-бірі сүймей жатқанда биологиялық-физиологиялық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, қажеттіліктің тізгінінде кетіп, екі жақтың бірінің осындай оқыс жағдайларға жол беріп қалатындығының тарихи сілемдерінде кездеседі. Екінші жағынан автор әділ шешім қабылдануының өте қиын дүние екендігін байқатады. Қазақ даласында Рим правосы сияқты, ондай көлемде әділ сот болмаса да, оған жақын, бірақ қайшылығы терең деп кеткен түйінді мәселелерді жалпы азаматтық құндылықтарға сүйене отырып шешетін қариялар кеңесінің алқасы болғандығын, Тәуке ханның кезінде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің тікелей қатысуымен адамдардың қатынастарын әділ реттеуге тырысатын «Жеті жарғының» сұлбасының жасалуы, қазақ қауымында үлкен оқиға болғанын байқаймыз. Бұл адамның дүниеде ең ба-

ғалы құбылыс екендігін оның өміріне қатысты шешімді жеті рет ойланып, бір рет шешім қабылдаудың аса жауапты екендігіне сол уақытта да жіті мән берілген.

Автор бұл шығармасымен әділ соттың, өркениеттің даму жағдайында қазіргі заманда аса қажеттігіне меңзейтіндігін байқау қиын емес. Қазіргі сот үш биліктің маңызды тармақтарының бірі болғандықтан, Елбасы Жолдауында ылғи осы мәселеге баса назар аударған. Автордың әділ би туралы әңгімесіндегі келтірген эпизоды, қазіргі сот мәселелерінің прообразы деп айтсақ қателеспейміз. Бұл жерде автор әділеттілік мәселесі (проблемасы) жеке адамға, жеке елге ғана қатысты мәселе емес, жалпы азаматтық құндылықтардың аясындағы мәселе (проблема) екендігіне назар аударады. Оның әділ шешімін табу қоғамның дамуына қатынасты барлық жинақталған тәжірибені, білімді, құндылықтарды іске қосуды талап етеді. Сондықтан автордың көтерген проблемасының (мәселе) құндылығы, оның әлемдік әділ сот мәселелерімен аста-сып, сабақтасып жатуында болса керек.

* * *

Адамгершілік

Адамгершілік – қоғамдық өмірдің объективтік заңдылығына сәйкес, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын талапқа сай белгілі бір гуманистік принциптерді білдіретін моральдік ұғым. Адамгершілік адамдардың мінез-құлқымен, іс-әрекеттерімен көзге түседі: адамды құрметтеу, сыйлау, оған сену, басқаның мүддесі жолында өзін құрбен ету, сондай-ақ әдептілік, шыншыл болуға, т.б.

Адам баласына тән көп қасиеттер, құндылықтар бар. Мысалы: моральдік, имандылық, адамгершілік, патриоттық сезім, намыс, сенім, праволық, этика-эстетикалық және т.б. Солардың ішіндегі адами қасиеттердің үлкен өлшемі болып есептелетін – адамгершілік феномені. Бұл өте көне, қоғаммен бірге жасасып, оны жақсартуға атсалысып келе жатқан қасиетті құндылық.

Соғыс заңдылықтарын қатаң сақтайтын Бауыржан Момышұлы қай кезде болмасын адамгершілік қасиетін берік ұстаған. Бұл қасиет оның соғыс жылдарында толықтай ашылған командир заңдылықтарын мығым ұстай отырып, қол астындағы адамдарға үлкен қамқорлықпен қарау, достық, жолдастық сезімге аса ұқыптылықпен қарап берік болу, қандай іс-әрекет жасаса да әділеттіліктің қара қылын қақ жарып шешу, бұл жөнінде ешкімнен тайсалмай, өміріне,

қызметіне қауіп төнсе де, шындыққа жүгінуді берік ұстаған. Өзі туралы аз ойлап, басқалар үшін өмір сүру ғұмырының кредосына айналған. Ол кісінің батырлығының қайнар көзі оның шындықтың қара қылын қақ жарып, батыл тура сөйлеуінде болса керек. Бетің бар, жүзің бар демей, тек шындықты жолдас етіп өмірінің өзегіне айналдыра білу сирек туатын халқының бақытына берілген табиғаттың олжа сыйы деп бағаласа болады. Бұл қасиетінен ешқашан тайған емес. Әңгіме майдандас Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың рейхстагке жеңіс туын бірінші тіксе де ескерусіз қалғанында болып отыр

1960 жылы 10 сентябрьде КазССР Министрлер Советінің председателі Жұмабек Ташенов жолдастың атына Бауыржан Момышұлы мынадай мағынада хат жазады:

10.09.1960 г.

Председателю Совета Министров КазССР товарищу Ташенову Ж.
Уважаемый товарищ Председатель!

В январе 1958 года Вы имели со мной личную беседу по поводу подвига лейтенанта Рахимжана Кошкарбаева. Наша эта беседа послужила поводом для моих поисков. Мне удалось найти некоторые документы, подтверждающие достоверность совершенного подвига лейтенантом Рахимжаном Кошкарбаевым при штурме рейхстага

В порядке справки считаю нужным Вам доложить следующее:

То, что лейтенант 150-стрелковой дивизии Рахимжан Кошкарбаев действительно первым ворвался в рейхстаг и вместе с красноармейцем Григорием Булатовым подняли красный флаг над цитаделью фашизма, – является неоспоримым фактом.

В армейской газете «Воин родины» от 3 мая 1945 года была опубликована информация: «Они отличились в бою. Родина с глубоким уважением произносит имена героев. Советские богатыри, лучшие сыновья народа. Об их выдающемся подвиге напишут книги, сложат песни. Над цитаделью гитлеризма они водрузили Знамя Победы.

Запомни имена храбрецов:

Лейтенант Рахимжан Кошкарбаев, красноармеец Григорий Булатов...»

5 мая 1945 года в этой же газете была напечатана зарисовка под заголовком: «Они подняли стяг победы».

Командованием лейтенант Р. Кошкарбаев был представлен к приравнению звания Героя Советского Союза. Реляция хранится в

архиве ГУК МО (Главное управление кадров Министерства обороны).

16 сентября 1945 года в газете «Воин родины» была напечатана заметка сержанта Б. Васильева «Двое отважных»; в подборке «Памятные факты» писалось: «Первыми достигли здания рейхстага и установили на нем красный флаг лейтенант Кошкарбаев и красноармеец Булатов...»

В иллюстрированной газете № 8 Главного политического управления МО в апреле 1946 года был опубликован фотодокумент, где Кошкарбаев заснят на фоне рейхстага рядом с М. Кантария, М. Егоровым, С. Неустроевым. Под фотографией текст с заголовком: «На страже завоеванного мира».

В газете «Красная звезда» (28 апреля 1946 года) опубликована статья генерала В. Шатилова (бывшего командира 150-стрелковой дивизии). 30 апреля того же года в этой же газете была опубликована статья полковника В. Дермана «Исторические сражения». В этих статьях писалось о подвиге Р. Кошкарбаева (том 21, стр. 125-126).

Олардың рейхстагқа ту тіккендері туралы сол кезде жазған түрлі газет авторларының, оның ішінде генерал В. Шатиловтың, полковник В. Дерманның, жазушы Б. Горбатовтың, атақты кинооператор Р. Карменнің естеліктері, көргендері жазылады; на стр. 421 книги «Штурм Берлина» рассказывается о подвиге Р. Кошкарбаева, в журнале «Новый мир» (№5. 1960) в воспоминаниях В. Субботина под названием «День тысяча четыреста десятый», глава «С флагом» целиком посвящается подвигам Кошкарбаева. В газете «Фрунзевец» (орган ТуркВО) от 9 мая 1960 года участники штурма рейхстага, Герои Советского Союза М. Кантария и М. Егоров в статье «Мы шлем вам привет» пишут: «...Первыми в рейхстаг ворвались роты, которыми командовали старший сержант Сьянов и лейтенант Кошкарбаев. Отважные советские воины завязали рукопашный бой с противником. Среди фашистов наступило минутное замешательство. Воспользовавшись этим, основные силы двух батальонов бросились в рейхстаг и развили успех рот Сьянова и Кошкарбаева».

Таков, товарищ Председатель Совета Министров, перечень документов, обнаруженных мною в архивах.

Я с Р. Кошкарбаевым лично не знаком. Как воин испытываю к нему чувство гражданской гордости за его подвиги.

Повторяю, что эту записку я пишу как справку лично для Вас, ибо я не вправе давать какие-либо советы или делать какое-ли-

бо предложение, так как Вы сами лучше меня понимаете – Ерлік елеусіз қалмауы керек (Подвиг не должен остаться неотмеченным) (том 21, стр. 127-128).

Адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған бұл сойқан соғыстан елін-жерін қорғаған батырлардың, оның ішінде фашизмнің ордасы болған Берлиндегі Рейхстагқа бірінші совет туын тігу асқан көзсіз батырлықтың бұлтартпас белгісі еді. Совет Одағының батыры атағын көптеген соғысқа қатысушылар алды. Бірақ, мүмкін саяси астар бар ма, кім біледі, әйтеуір екі адам ғана: орыс Егоров пен грузин Кантария ту тікті деп жарияланып, екеуіне де Совет Одағының Батыры деген атақ берілді. Бұл жерде тарихты бұрмалаушылық орын алды ма, ол жағы бізге беймәлім. Осыдан өзі емес өзгенің мүддесін қорғаған, әділеттілікті қызғыштай қорыған Баукеңнің адамгершілігінің таудай екендігін байқау қиын емес.

«Ешкім де, ешнәрсе де ескерусіз қалмау керек» деген әділ принципті ұстаным етсек, Қошкарбаев пен Булатовқа герой атақтары берілуі орынды болар еді. Өйткені кешегі соғыста 1941 жылдың қарашасында Москваның тағдыры қыл үстінде тұрғанда Волоколам тас жолының бойында кескілескен соғыста 28 панфиловшылардың жанын пида етіп немістердің бір танкісін де Москваның Қызыл алаңына қарай жібермей қорғауы ерліктің ерлігі, патриотизмнің шыңы десек те болады. Сол қорғаушылардың бірі Бауыржан Момышұлы қанша рет ұсынылса да герой атағын ала алмай, ескерусіз қалды. Бұл жерде де Баукеңнің кесіп айтатын шыншылдығы кедергі болды ма, әлде «ұлтшыл» деген жаланың кесірі ме, әйтеуір Москвада отырған үлкен маршал, генералдың теріс пікірі болды ма, Қазақстан басшыларының аяқтан шалуы болды ма, әйтеуір, Баукең көптеген кедергілердің әділетсіз құрбаны болғаны шындық. Кейін Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін президент Н. Назарбаевтың тікелей араласуымен Москва тарихи әділеттілікті қалпына келтіріп, оған Совет Одағының батыры атағы берілді.

Өзі емес, өзге үшін өмір сүретін асыл текті Баукеңнің Р. Қошкарбаевқа тарихты қайта түлетіп, әділеттілікті қалпына келтіру үшін арпалысуы үлкен адамгершіліктің тұтқасын мықтап ұстай білетін ұлы тұлғаның нышаны болса керек. Мұндай ерлік келер ұрпаққа әбден үлгі, аңызға арқау боларлық батылдық десек қателеспейміз.

Әділеттіліктің ақ жолын мығым ұстаған Бауыржан Момышұлы Ұлы Жеңістің 25 жылдығы қарсаңында бұл мәселеге қайта оралды. Әділеттілік ежелгі заманнан келе жатқан әлеуметтік, моральдік принцип және норма. Қоғамда әділеттілік белгілі экономикалық

қатынастарға негізделген әдет-ғұрпы, заңдарды, ережені, мемлекеттердің, халықтардың, жеке адамдардың іс-әрекеттерін бейнелейтін және реттейтін моральдық, праволық норма. Бірінші ұмтылысы сәтсіздікке ұшыраған ол айтқанынан қайтпай, енді Қазақстанның бірінші басшысы Д. Қонаевқа хат жазады.

13.02.1970 г.

Уважаемый Динмухаммед Ахметович!

По состоянию здоровья я, к сожалению, не смог воспользоваться Вашей любезностью принять меня. У меня никаких личных просьб и других дел к Вам нет. Я хотел Вам доложить об одном обстоятельстве. «С тех пор прошло 25 лет», то есть о подвиге Рахимжана Кошкарбаева и Григория Булатова, которые первыми подняли Красный флаг над рейхстагом.

В результате долгих поисков в архивных материалах я написал справку для Вас. Надеюсь, Вы найдете время прочесть ее. Я обратился к некоторым товарищам с просьбой подписать ее, но иные из них подписать отказались. Из каких соображений, для меня это неизвестно.

«Ерлік елеусіз қалмасын» («Подвиг не должен остаться неотмеченным») – это мой афоризм. Кошкарбаев и Булатов живы. Их героическому подвигу исполнилось четверть века.

Я как гражданин и как воин обращаюсь к Вам с просьбой объективно разобраться в этом вопросе; мне 60 лет – у меня есть воинское самолюбие. Очень надеюсь, что Вы меня правильно поймете» (том 21, стр. 115).

Бұл жерде сол кездегі Министрлер Советінің Председателі Ж. Ташеновке Жеңістің 15 жылдығына орай жазған хатындағы материалдардан да қомақты деректердің жинағын келтіреді. Өйткені, Қошкарбаев пен Булатовтың ерліктерін суреттейтін тың материалдар Москваның орталық газет-журналдарының бетінде жарияланған-ды. Мысалы, «Стоит внимания заметка «Незабываемые факты», опубликованная в этой же газете 16 сентября 1945 года. В ней рассказывается: «Первыми достигли рейхстага и водрузили флаг над ним лейтенант Кошкарбаев и красноармеец Булатов. Знамя Победы водрузили над рейхстагом Егоров и Кантария. Первыми в рейхстаг ворвались со своими войсками Сьянов, Грищенко, Неустроев, Давыдов, Логвиненко».

Восхищались героическим подвигом двух отважных известный писатель Борис Горбатов, в то время военный корреспондент, и известный кинооператор Р. Кармен.

Борис Горбатов в статье, помещенной в «Литературной газете» от 18 декабря 1948 года, пишет: «В самом деле, пора уже перестать сравнивать воинов нашей армии с орлами и беркутами. Какой беркут может сравниться с казахом Кошкарбаевым, который на моих глазах вместе с другими товарищами водрузил знамя победы над рейхстагом. Чтобы показать такого героя, нужен совсем иной поэтический строй, иные образы, иная поэзия – поэзия социалистического реализма».

Очень высокая оценка!

Р. Кармен в своей беседе с корреспондентом, которая была опубликована в газете «Казахстанская правда» 8 мая 1949 года, говорит: «Мы сейчас особо остановимся на трудовых делах бывших фронтовиков. С одним из них – с товарищем Кошкарбаевым – мне очень бы хотелось встретиться снова. Где он сейчас? У меня сохранились кадры, отображающие доблестного воина в тот момент, когда он прикреплял Красный флаг на крыше рейхстага. Это был памятный день 1945 года».

Василий Субботин – один из тех, кому был дорог подвиг Кошкарбаева и Булатова, будучи корреспондентом дивизионной газеты, в свое время неоднократно писал об их мужестве с большой симпатией. К этой теме товарищ Субботин возвращался не однажды и в послевоенные годы. Вот перечень его материалов: «На руинах Королевской площади» (альманах «Крым», №2, 1948 год); «Знамя победы» (журнал «Дружные ребята», №5, 1948 год); «У стен рейхстага» (журнал «Советский воин», №9, 1949 год)» (т. 21, стр. 116-117).

Қошкарбаев пен Булатовтың естеліктерін паш ететін материалдар көптеп шыққан. Өйткені бұл соғыс совет халқына жойқын қырғын алып келді, оның шарпуы тимеген бірде-бір отбасы болмады, адам шығыны мен рухани шығынды есептеу мүмкін емес еді. Басқа шығындарды былай қойғанда, осы төрт жылда аналар жесір қалып, қаншама миллиондаған балалар дүниеге келмей қалды.

Тақырыпқа қайта оралсақ, Бауыржан Момышұлы жазған кезде Қошкарбаев пен Булатов тірі еді. Өттең, Москва жіберген әділетсіздікті мойындап, кеш болса да оларға Герой атағын бергенде ғой, халқымыз орталық туралы жылы лебіз танытар еді. Бірақ халық тілегіне құлақ аспаған Орталық халықтың қарғысын тағы да арқалады десек қателеспейміз.

«Кроме указанных материалов, на страницах республиканской печати Казахстана были опубликованы материалы казахского журналиста Какимжана Казыбаева, который, ссылаясь на достоверные исторические документы, подробно рассказывает о высоких подвиге».

гах Кошкарбаева и Булатова. Вот перечень его материалов: «Подвиг молодого казаха» (газета «Лениншил жас» от 21 февраля 1958 г.); «Джигит, водрузивший флаг над рейхстагом» (газета «Социалистик Казакстан» от 21 сентября 1960 г.); «Первый флаг над рейхстагом» (журнал «Жулдыз», №1, 1960 г.); «Знамя победы над рейхстагом» (Журнал «Простор», №5, 1960 г.).

Документы, события последних лет не только подтверждают, но и дают право еще с большей уверенностью и гордостью говорить об историческом подвиге Кошкарбаева и Булатова. Самым выдающимся среди них является выход в свет в прошлом году (1963) пятого тома «Истории Великой Отечественной войны 1941-1945 гг.». В этом томе штурм рейхстага описан на основе тщательного изучения, анализа и сопоставления фактов, документов и личных воспоминаний. Теперь в «Историю» внесены неведомые имена участников исторического штурма, в том числе Кошкарбаева и Булатова» (том 21, стр. 118-119) аталмыш материалдың астына Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, И. Шуховтар қол қойған.

Ең соңында «Перечень документов о подвиге Рахымжана Кошкарбаева и Григория Булатова» деп 30 пункттен тұратын құжат келтірілген.

Адамгершілік санатына жататын Б. Момышұлының бұдан да басқа азаматтық борышының биік екенін дәлелдейтін көптеген адами іс-әрекеттерін келтіруге болады.

Соғыс аяқталғаннан кейін, Бауыржан Момышұлы дивизиясының штабы Литвада орналасады. Олжа ретінде қолға түскен қарасы аса көп сиырлар колоннасы бес жүзге тартады, ол он километрге созылып келеді. Жол ауыр, сиырлар машиналардың қайта-қайта сигнал беріп жатқанын елер емес, жолды бергілері жоқ, маң-маң басып, аяқтарын эзер басып, аянышты халмен мөңіреп келеді. Қарындары қабырғаларына қабысып, бөкселері ішке кіріп, бірнеше күн аш келе жатқандықтарын білдіреді. Үйірдің ортасында қамшы иіріп жүрген бірнеше аттылар бар. Қалың үйірден жол көрінбегендіктен, машинамен келе жатқан командир Бауыржан Момышұлының жүргізушісі амалсыз тоқтауға мәжбүр болады. Он-жиырма километр айналып өтетін жол жоқ.

– Бері кел, – деп Б. Момышұлы бір аттыны шақырады. Ол бұрылыпта қарамастан қалып қойған бірен-саран сиырларын қазақша әке-шешесінен қайырып жатты.

Екінші рет, – Әй қазақ, бері кел, – деп дауыстағаннан кейін, әлгі қазақ Б. Момышұлының қасына жетіп келеді де, аттан түсіп сәлем береді. Бауыржан Момышұлы өзінің комдив екенін таныстырғанда:

– Ойпырм-ау, Қазақстанда генерал бар екен ғой, – дейді қысық көз, үйрек мұрынды, жұқа ерінді, сирек мұртты қазақ. Ал, екіншісі сержант екен. Сиырларды Кенигсбергтен Каунасқа қарай айдап бара жатыр екен. Ол жақта сиырларды жүк вагондарына салады дейді. Сержант сиырлардың тұяқтарының айырылғанын, олардың эзер жүріп келе жатқандықтары, сиыр айдаушылардың тамақтары мен темекілерінің таусылғанын айтып, наразылық білдіреді.

Бауыржан Момышұлы бұл күйімен сиырларды 500 км жерге жеткізе алмайтындарын дәлелдеп, мынадай ақыл береді:

– Сендер сиырларды тас жолға емес, жолдың жиегімен айдаңдар. Сиырлар шөп жеп, жайылып барады. Олар мал қорада ұсталғандықтан, біздің жақтың сиырлары сияқты жайыла алмайды екен. Бауыржан Момышұлы адъютантына айтып, оларға бір қорап беломорканал, нан, қазан-ошақ, котелок бергіздіреді.

Штабқа жете салысымен, бір походная кухня және т.б. керек заттарды сиыршы қазақтарға жібертеді.

– Сиырларды қанша адам айдап бара жатырсындар?

– Он екі.

– Қазан-ошақтарың бар ма?

– Қайдан болсын. Котелоктар ғана.

– Араларында офицер бар ма?

– Бар, бірақ та ол лейтенант фаэтонға мініп, алға кетіп қалды.

– Онда сендер мына ірі қараларыңды жолдан шығарыңдар. Жол жағасының бәрі шабылмаған шөп. Соны талғажау етіп жылжи берсін. Тасырқаған жануарлардың тұяқтарына жер жұмсақ. Мына жолмен олардың бәрібір қадымдары ұзармайды.

– Ойбай-ау, әлгі лейтенант неге тез айдамайсындар деп қуырып-пісіріп, бәріміздің сары суымызды сыртымызға шығарады, – деді солдат.

– Жолда жолықса, лейтенантпен өзім сөйлесемін. Ол жігіт «Қой бақпаған қуып жүріп өлтірер» дегеннің бірі болар.

– Иә, сүйтіңіз.

– Штабқа жете салысымен, сендерге бір походная кухня жібергізем, керек заттарды мына капитанға айтыңдар, жазып алсын.

– Әрине, алдымен нан.

– Ет ше? – деп солдат сержанттың сөзін бөлді.

– Мына қалың қараның ішінен союға жарайтын бір тайынша табылар, – дегенімде, лейтенант:

– Егер де бір сиыр жоғалатын болса, сотталасыңдар деген, – деп солдат сөзді бөлді.

– Иә, оныкі де дұрыс болар. Бұл – үкіметтің сендерге тапсырған аманаты. Аманатты сақтау керек.

– Онда неге сойып жеңдер деп отырсыз?
 – Ашықпандар дегенім ғой.
 – Ойбай-ау, бір тайыншаға бола елге қайтар алдында түрмеге түспекпіз бе?» (т. 21, 231-б.).

Ол да дұрыс, тәртіп сақтау керек екендігін де естеріне салады. «Қанына бұрмағанның қары сынсын» дегендей, жырақта ерні кезеріп, аш, жетімсіреп жүрген бауырларына қолынан келген қайырымдылығын аямай көрсетуі, тұяғы жарылған, аш сиырларды аман сақтап, діттеген жеріне жеткізудің амалын айтып, өзі асығып бара жатса да ақылымен бөлісуі адамгершіліктің белгісі іспеттес еді. Бұл жерде Бауыржан Момышұлы тек өз қандастары емес, қиналғандар басқа ұлттың өкілдері болса да қолынан келген шараны іркілмес еді. Бұл жерде Абайдың «Әкеңнің баласы болма, адамның баласы бол», – деген философиялық қағидасы жалпы азаматтық құндылықтың аясынан көрінеді.

Айта берсе баршылық, адамгершілік пен әділеттілік егіз ұғымдар ғой. Әскери тәртіпке жауапкершілік, адамгершілік, әділеттілік, қанына, азаматтық құндылығына сіңген Бауыржан Момышұлы түйінді тағы бір мәселені қара қылды қақ жарғандай етіп шешеді.

Әлгі сиыр айдаушылардың бастығы лейтенант екен. Бауыржан Момышұлы сиыршыларды тамақтандырып, тентек сумен көңілдерін көтеріп бір серпілтеді. Солардың ішінен аттарына бара жатқан бір қызу солдат:

*Жасым қырыққа жеткенде сиыр бақтым,
 Бұл дағы бір саласы келген бақтың,
 Қан кешіп белуардан қан майданда,
 Қырық жыл қырғын соғыста аман қаппын, –*

деп әндетіп бара жатқанда, сержант оның бүйірінен түртіп қалады (21 т., 232-б.).

Байқаса, қарсы алдынан пар ат жеккен үлкен солқылдақ фаэтон екпіндете ұшып келеді. Жақындағанда Б. Момышұлы қолын көтеріп тоқтатады.

Фаэтон қарқынын баса алмастан өте беріп тоқтайды. Көмекшісі Ложкин мәшинеден секіріп түсіп барып, қыйқалаң басқан лейтенантты ертіп келеді. Ол тілі күрмеліп рапорт беріп, өзін лейтенант Влякин деп таныстырады.

«Лейтенанттың беті күп болып іскен, көзі қып-қызыл, ерні көкпенбек, үстіндегі киімінің барлығы мыж-мыж еді...

– Қыз бен делбешіні шақыр! – дедім Ложкинге. Ол оларды ертіп келді. Еңгезердей дәу мұртты өзін қатардағы жауынгер Сыпченкомын деп таныстырды.

– Ал сен кім боласың?
 – Ол осы жердегі анау көрініп тұрған деревняның адамы. Орысша бір ауыз сөз білмейді, – деп ыржалаңдай ол үшін делбеші жауап берді.

– Кімнің қатыны?
 – Кім біледі, жолдас полковник? – деп делбеші аңқаулана өтірік күліп, лейтенантты көрсетіп көзін қысты.

– Бүгін қайда түнедіңіз, лейтенант?
 – Деревняда.
 – Мынаның үйінде ме?
 – Иә, жолдас полковник.
 – Шнапсты өлгенше ішіп, түні бойы оны жақсы көрдің ғой?

Лейтенант үндемеді. Ақсары шаш жатық таралған әдеміше келген әйел үлкен сұр көздерін адырайта делбешінің қасында қорқынштан діріл қағып тұр.

– Шпрехин зи дойч? – немісше білесіз бе? – деп сұрадым одан. Ол көзін жыпылықтатып, басын изеді.

– Ложкин, бізден қорықпасын деп айтыңыз оған дедім. Біз оған ешқандай жамандық жасамаймыз.

Ложкин менің сөзімді оған аударып берді. Ол жылап тұрып, асып-сасып өзі жайлы айта бастады. Шешесі, кішкене сіңлісі үшеуі тұратынын, кедей де, бай да емес екендіктерін, кеше кешкісін лейтенанттың үйіне келгенін, құрметті қонағындай күткендігін, түнде оның өзін зорлағанын, шнапс үшін үлкен сиыр беремін деп уәде бергенін, олар оны шнапспен, тамақпен, тұздалған қиярмен сыйлағанын, енді сол сиырды алуға келе жатқанын шапшаң айтып шықты.

– Ол өтірік айтады, жолдас полковник, – деді лейтенант.
 – Өз кінәңізді мойындауға ерік-жігеріңіз жетпей тұр ма?
 – Мен кінәлі емеспін, жолдас полковник.
 – Өз командаңызды тастап, ірі қара малдарды тастап, фаэтонға отырып алып, хуторлар мен деревняларды аралап арақ ішіп, ойынызға келгенді істеп, трипер мен сифилис жұқтыруға құмарланып жүргеніңіз күнә емес пе? Жексұрын!

Әйел бірдемелерді айтып жылап тұр. Ложкин оның сөзін аударды:

– Шешеме не деп айтамын, сиыр қайда десе, не деймін? Шнапсты тегін бергені ме сонда?

– Сізде ақша бар ма, лейтенант?
 – Бар.
 – Қанша?
 – Мың бес жүз ғой деймін.

– Оған бес жүз сом беріңіз.

Лейтенант аспа сөмкесінен бес жүз сомды санап алды да, әйелдің күртешесінің қалтасына салды.

– Оған айтыңыз, бұл кешегі ас-суыңыздың ақысы, ал махаббат түні, жақсы көру өз еркінмен болған, – дедім. Зорлады деп өтірік айтып тұр. «Сиыр көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбес еді» деген сөз бар. Қазір енді үйіне кетсін. Әйел кеткеннен кейін, Ложкин менің бұйрығым бойынша лейтенанттың қару-жарағын алып қойды. Лейтенанттың қарсыласқанына мен былай деп жауап бердім:

– Құдайға мың да бір шүкіршілік деңіз, менің сізді атып тастамағаныма. Сіз қамауға алындыңыз. Делбешіге өз командасына барып қосылуды бұйырдым. Лейтенанттың орнына басқа офицерді жіберетінімді де айта бар дедім.

Мариям полктегі біздің дивизияның штабына келгеннен кейін, Ложкин лейтенант Сыпченконы дивизияның прокурорына алып барды. Менің тылдағы орынбасарым Кузнецов Федор Степанович ширақ әрі адал аға лейтенант Селихов бастаған алты адамды бір жүк машинасына керек-жарақтарын әзірлеп салып, сиыр айдаушыларға аттандырып салды.

Барлық істелген іс-шаралар соғыс тылының бастығына баяндалды. Ол менің бастауымды дұрыс деп тауып, шешімімді бекітті (6 том, 233-235-бб.).

Біздің пайымдауымызша, соғыстың келбеті бейбітшіліктің келбетінен өзінің қаталдығымен, тездігімен, патриоттығымен, жауапкершілігімен ерекшеленеді. Ал адамгершілік сияқты этикалық категорияда, оны іске асыруда олар бірігіп, қосарланып, жалпы азаматтық құндылыққа қызмет етеді, олардың мақсат-мүддесі, тілегі бір арнаға бағытталады.

Майдангер жазушының соғыс жағдайында да, бейбіт өмір кезінде де адамгершілікке дегендегі қатынасы біреу-ақ, ол – көптеген адамдарға қызмет ету, қолынан келген жақсылықты аямау. Маркске «Бақыт дегенімізді қалай тарқатасыз»? – деген сұраққа ол: «Служить наибольшему количеству людей», – деп жауап береді. Бұл жерде осы сөз еске түседі.

Баукең соғыс жағдайындағы қатаң талапты қол астындағыларға қоя да білді, орындай да білді, жауапкершілікті арттыра да білді, адамгершілік парызын атқара да білді. Жеңісті жақындатып, жаудан Отанын сақтап қалуды адамгершіліктің құзар шыңы деп білді. Атыс, дүрсіл қиян-кескі соғыстан кейінгі өлі, жаралы денелерді жаудың табанына таптатпай түгел жинатып әкелу адамгершілік пен гуманизмнің адал нышаны еді. Бір сәт соғыстан тыныштық

орнаған кезінде солдаттары мен офицерлерінің қамын ойлап, олардың тамақ, киімін қару-жарағын түгендеп, командирлік ақыл-көңесін айтып, көңілдерін көтеріп отырған олардың ата-анасының, бауырларының, қарындастарының, туған-туыстарының тілек тілеп елде қалғанын естеріне салып жадыратады, патриоттық сезімдерін ұштайды, сөйтіп келесі шайқасқа дайындайды. Осының жемісі мен нәтижесі Москваны қорғағанда байқалды.

Баукең кейіннен былай деп еске алады.

Қас қарайғанда есіктің қоңырауы сыңғыр етті. Шайлығып қалған жүрегім «тағы кім болар екен?» деп барып аштым.

– Мүмкін бе, полковник жолдас, – деді орта бойлы, басында салямнан қалпағы бар, қасында сұңғақ бойлы, ат жақты, қыр мұрын, салпақ ерін, қалың қасты, дудар шашты, жас өспірім жігіті бар қазақ.

– Жоғары шығыңыздар.

Жігіт оның сұр макинтошын иығына алды. Қонақтың сол иығынан бастап қолы жоқ екен. Ол өзі сау қолымен бас киімін алып ілді. Жұмыр басы жылтыр қасқа екен.

– Мына бөлмеге жүріңіздер, – деп бастадым, – Төрге отырыңыздар.

– Сәлеметсіз бе, Бауке? Денсаулығыңыз қалай? – деп орындыққа отыра салысымен шұбырта сұрақ берді.

– Отыр, қарағым, – дедім түрегеп тұрған бала жігітке. Ол қысылыңқырап орналасты. Төрде отырған адам бұрынғылардай сөзін көбейтпей, орағытпай, токетерін бір-ақ айтсын деп, – «Жол болсын демесе сөз бастай алмайсың, төрге шық демесе, қайда отырарыңды білмейсің» дегендей. Үйде жалғыз отыр едім. Бастаңыз».

– Екі жылдан аса қарамағыңызда солдат болғандардың бірі едім. Алматыға бірінші рет келіп отырғанымыз. Сізді көрмегеніме жиырма төрт жыл бес ай болыпты. Әрине, сыртыңыздан естіп, кітаптарыңызды оқып жүргендердің біріміз. Бәріміз сіздің есіңізде қалайынша болалық. Бірақ та сіз менің есімдесіз. Доктырлар есімде. Мен өлгенімше есімдесіздер, – деп қамығып көзіне жас алды.

Адам қамыққанда денесі босайды. Оған мен қарама-қарсы отыр едім. Байқағаным, еңсесі төмен түскенде жүгі ауған түйедей оң иығынан сол иығы жоғарылап кетті. Адамның иықтарын тең ұстайтын қол салмақтары екен ғой. Қисайғандығы сонша – кемтар иығында кемістігін теңдеу үшін істелеген қалың протезаның салдарынан жоқ сол қолдың жеңі салып қойған сол қалтасынан шығып салбырап тұрды.

Жұмыр жалтыр қасқа басы мен маңдайынан моншақтай тер ақты. Өзін-өзі ұстай алмағанына қысылғандай терін сүртіп:

– Қаншама ұстамдылық еткім келсе де, көңіл шіркін кей кезде босап та кетеді екен. Кешіріңіз, полковник жолдас, – деп еңсесін көтерді.

Маңдайдан орайға дейін сынық сүйемге жақын қызарған тыртыққа көзім түсті. Бас құйқа жарасын доғдырлар кезінде шебер тіккен екен. Жараның орны ырсиып тыртықтанып тұрған жоқ. Қызара сүйірленіп, жуалдызданып тұр.

– Майданның қай бағытынан кетіп едіңіз?

– Новичкиннің қасынан есіңізде болар, – деп оң қолымен сол иығын ұстап, – мына қолымды қылышыңызбен шапқан сіз емес пе едіңіз!?

Тандана қарадым.

– !?

Рас, есімде. Ол былай болып еді.

1943 жылдың қысқы шілдесі. Екі жігіт ат үстінде. Аттарының жал-құйрықтары қырау, сауырлары қар, тұяқтары мұз, аяздан таңауымыз тарылып, тұншыққандай булығамыз. Қақ маңдай, беттің сүйер жерлері, мұрынның ұшы, иектің шоқша сақал өсер жерлері аязға шыдамсыз келеді екен. Көгере қарайып таңбалана кетеді. Оған да үйрендік, сырын біліп алдық. Қармен бетімізді уақытылы үгіп, ысқылап алып жүргендерге үсік жоламайды екен. Аяздың ызғарын самалдап соққан жел күшейтеді, одан қайда паналарыңды білмейсің. Жай бораннан жым-жырт, мылқау аяздың қысымы қатты келеді.

Қар қылаң. Шаңғы теуіп, шабуылда жүрген кезіміз. Новичкиннің алдында бір өзеншенің бойында бөгеліп қалдық. Жау бекінісін бұзып өту әрекетімізден нәтиже шығар емес. Алда бекінген жау жағадан алса, артымызда қамтамасыздықты үлгере ала алмағандығымыз аяғымызды тұсап, етегімізден тартып тұрған жағдайымыз дағдарыста.

«Естігенге сенбе, көргенге сен» деген сөз бар. Алдыңғы шептен келген хабарлар оншама көңіл жұбатарлық емес. Жаудың борандай атылған оқтары жер бауырлатып жатқызып, бас көтертер емес дейді. Оны артиллерия тілінде «не вижу не стреляю» дейді. «Көздеместен далаға оқ жұмсама». Қорамсақта оқ, снарядтар тапшылана бастағанда есептен тысқары бір снаряд, бір мина тысқары жұмсауға болмайды. «Есепсіз істелген іс есерсоқтыққа жатады» деген де сөз бар. Құбылмалы соғыс жағдайында ойланбай болған қимыл опатпен аяқталғанына дәлелдер аяқ астынан табылғандарының куәлері арамызда аз болған емес, соның біреуі мен өзіммін. «Доверяй, но обязательно проверяй, сеніп тапсырғын, бірақ та қадағалап тексеріп бақылап отырғын» деген тағы бір сөз бар.

Алдыңғы шепті көріп қайтқалы он шақты жауынгерді қасыма ертіп келемін. Орманның үлкен алаңына шықтық. Соғыс адам сезімін жіпке тізгендей сақтыққа қалыптандырады. Тіс қаққан, тәжірибелі солдат қауіптің қайдан келетініне сезімтал келеді. Снаряд зуылдап, мина ұлып ұшады. Солардың үндерінен (әсіресе құлдилап төмендеп келе жатқанына – нисходящая траектория) олардың қай жерге түсерін де сезеді.

Миалардың ұлулары жақындағанда бәріміз де оққа ұшқандай жалп етіп құлап қарға көміле жатып қалдық. Адам шын сасқанда есінен танады. Айнала тарс-тұрс жаңғырық. Естігенім сол-ақ... Есімді жинап алып, «Сау ма екенмін?» деп аяқ-қолдарымды, денемді қимылмен тексеріп болып, «Е, сау екенмін ғой» деп орныман тұрдым.

Қарасам, алаңға түскен миалардың воронкалары үй орнындай қарауытып шұқырланып жатыр. Солдаттардың біреуі ғана тұрмасын жатыр. Жау тарапынан ірі оқты пулеметтар сарнай бастады. Жата қалдық. Қай жақтан келгендерін білмеймін екі санитаркалар, оқтардың зуылына қарамай жаңағы тұрмай қалған солдаттың қасында күйгелектеп жүр. «Біз қорқақ, әйелдер батыр келеді екен ғой. Жаралы жанды көргенде олар жеке басының қаупін ойларына да алмайды екен...» деген оймен қастарына бардым. Басы ақ марлемен орала байланған, бет аузы қара түкті, қой көз, қыр мұрын қазақ үн қатпай жатыр. Қар үсті қан. Шын солдат жарақаттанғанда айқайламайды, жыламайды – не ыңырсып, не тістеніп жатады. Мынада үн жоқ.

– Нина, шалбарын шешіп төмен түсірсеңші, астындағы қанды көрмейсің бе? – деді үлкені бір алақаннан кең марле пакетін асыға ашып жүгіне отырып... Шатының оң санына төрт елі төмен минаның үш саусақтай жаңқасы тиген екен. Санитаркалар жалма-жан жаралы санын таңып жатқанда сол иығынан қызарып ұршығының жұп-жұмыр басы көрініп тұр. «Адам баласының да иық жілігінің басы жұмыр келеді екен-ау» (!)..

Қолтықтан тиген минаның ірі жаңқасы сол қолды балтамен шапқандай иықтан ажыратыпты.

– Енді мынаны қайттік, құдай-ау, – деп сасқалақтап, ені төрт елі етпен теріге ілініп жатқан қолды қарай бастады. Қарасам, екі күре тамырлар көгеріп білеуленіп тұр.

Қылышымды қынынан суырып алып, бір ағаштың басбармақтан жуандау бұтағын шауып алып, бір қарыстай етіп тағы шаптым. Оны қақ ортасынан ортасына жеткенше жарып «Қысқыш» істедім де:

– Мына қол енді орнына түспейтін қол. Қолтық пен иықтың көлемді ауыр жарасын қымтап таңуға да кедергі болып тұр. Мына екі күре тамыр үзілсе, қан саулап кетеді емес пе?

– Иә, солай. Бұдан да тез қаңсырап кетеді.

Нина Лобозова екеуміз ілініп тұрған терімен тамырларды екі басынан қысып мықтап байладық. Қол салбырап жатыр. Жауынгерде үн жоқ. Менің атқосшым Николайға жуандығы жеңді қолдай ағаштың бөренесін алдырып, оның үстіне қолын қойып ілініп тұрған жерінен қылышымның ұшымен шаптым. Солдатта үн жоқ. Екі көзі менде: «Тағы да не істемексің?» деген көзқарас. Екі сестра жалма-жан жараны мақтаға қабып, марлемен мойнынан орап құндақтап жатыр. Солдатта үн жоқ. Штабтан екі солдат кішкене қолшананы сүйретіп келді. Жарақатты көрпеге орап шанаға арттық.

Медсанротаға бір жарым сағаттан бұрын жеткізе алмас. Қатты аяз жарақатының қаны азайған, беті сұп-сұр... «Бұл дүниелік бола қояр ма екен? Қайтсе де қиналмасын» деген оймен Синченконың флягасынан бір стақан спирт ұсындым.

– Ішпеуші едім, – деді ол.

– Ішіңіз, бұл дәрі болады. Қан толқытып, дене қыздырады. Деміңізді ішіңізге тартып, иіскеместен бір-ақ сіміріңіз.

– Тұншығып демін алмастан аузын ашып бірнеше ентіге дем алды. Мен аузына бір уыс қар асаттым. Көзі жасаурап:

– Ашты екен-ай, ашты екен-ай! – деп айқайлап алды да, қатты күрсініп, – Іші-бауырымды өртеп барады, – деді де ентіге дем алып, – Жүдә! Ашты екен-ай, – деді. Жүдәсына қарағанда оңтүстіктің қазағы екенін түсініп, «бұлар суыққа шыдамсыз келуші еді, жаңағы спиртті дұрыс бергізген екенмін», – деп ойладым...

Жоғарғы айтылғандарды есіне салғанымда ол таңданып:

– Иә, сол солдаттың мен едім, – деп ол сөйлей бастады.

Госпитальға қалай жеткізілгенімді білмеймін. Бір күні көзімді ашсам денем зілдей, қозғалуға шамам жоқ. Құндақталып жатыр екенмін. Әйтеуір сау қолым сыртта. Басым айналып, көзім бұлдырайды. Су сұрадым, ішіп болып сестрадан: «Бұл неге тәтті су»? – деп сұрағанымда ол:

– Сіз екі тәулік тамақтанған жоқсыз. Арқау болсын деп доктор шекер мен бал араластыра қостырып еді. Басқа тамаққа жақында ғана ілінесіз. Шыдаңыз, – деп ол басқа аурудың қасына кетті.

Маған операция жасаған Абдукаримов Камал Каримович деген хирург екен. Ұзын бойлы, сұңғақ, елуден жаңа асқан, ат жақты, қара торы кісі екен.

– Қалыңыз қалай? – деп сұрады ол бас жағымда отырып.

– Шүкір, доктор.

– Қозғалмай ятың, – деп тамырымды ұстады, жүрегімді тындады, қасындағы доктор әйел қанымның соғуын өлшеді. Өздерінің докторларша тілімен сөйлесті. Менің түсінгенім олардың сөзінен: «Давление пониженное. Тонус сердце еще слаб» деген сияқтылар ғана.

– Ал, укам, сізнің халіңіз күннан күнге яқшы болип келе ятипты...

– Рақмет, доктор бәрі сіздің арқаңызда.

– Алдыңғы шепте зажимді (қышқашты) кім салып еді. Ол болмаса қаңсырап кетер едіңіз. Алып келгенде ес-түсіңізді білмейтін мас едіңіз ғой. Егер де сол күні қатты аяз болмаса, уланып жанып кетуіңіз де мүмкін еді. Бірақта спирт сізді суықтан сақтап қалыпты. Операцияға дұрыс шыдадыңыз. Қатерлі қауіпті жағдайлар өтті, олар артта қалғандай. Бұйырса, емдеп айықтырып, елге қайтарамыз. Шыдамды болыңыз, укам.

Кейіннен білдім, докторлардың менен аяғандары жоқ екен, күшті дәрі-дәрмектер былай тұрсын, бірнеше рет қан құйды (қан құйғанда адамның денесі қызады екен), екі-үш рет жаралардың бітуге бет алысы жоқ жерлеріне қайта операциялар істеді. Кейінгілерін ұйықтатпастан, уколдар салып, ұйытып істеді. «Қолтықтың астында көп бездер болады. Бірі емдеуге көнсе, біреулері емдеуге көнбей жатыр». Кемал Каримович операция істегенде менімен жайбарақат сөйлесіп отырып істейді. Кемал Каримович өте қадірлі доктор еді. Ол кісі көп жауынгерлердің жанын алып қалды. Әкемізден көрмеген мейірімділікті, қамқорлықты сол кісіден көрдік.

* * *

Янинаның тағдыры

Б. Момышұлы шығармаларына талдау жасай оқысақ, оның сол кездегі басым болған социалистік реализмнің тақырыптарына еліктеп жазғанын байқау қиын емес. Өйткені не жазса да оқиғаны бүкпе-шікпесіз етіп суреттей отырып, жалпы түрде мазмұнын баяндайды. Автор өзінің мақсатын нысанасы етіп алады. Некелесу барысында екі жақ жанұя құрудың басты факторы материалдық жағдай деп айтқанмен, алайда материалдық негізге құрылған некенің барысы ұзақ болмайды, керісінше көбінесе өкінішті жағдайлармен аяқталатындығына меңзейді. «Өзіне өмірлік серік іздеген кезде махаббатты жүректің түбіне жатқызып, материалдық пайда басым болып шыға келеді де, есеппен үйлену, пайда жағын іздес-

тіру басталады. Бұл бассыздықты көбісі «өтпелі кезең» деп, біраз жүре тұрсын, өз серігін тапқан соң қояды, – дейді кейбіреулер. Бұл жастарды надандыққа, өнегесіздікке, бұзақылыққа тәрбиелеу болып табылады» (Б.М. Музей апа, 211-б.).

Сол кездегі жастар арасында кең тараған мораль, ол отбасы құрудың ең басты талабы, екі жастың арасында рухани келістілік, сәйкестік және үлкен ұғым – махаббаттың негізгі жетекші роль атқаруы негізгі шарт болатын. Рухани жарастылық екі жастың арасындағы қарым-қатынасты шынайы етпек. Бұл жерде ол кезде мемлекеттің, адамдардың материалдық жағдайын өз мойнына алатындығы негізгі факторға айналған. Былайша айтқанда, қоғамдағы адамдардың материалдық жағдайының жаман болмайтындығына, жұмыссыздыққа алаңдаушылықтың реті жоқ екендігіне баса назар аударылатын. Жастарға дегендегі мемлекеттің қамқорлығы, олардың материалдық жағдайына қам жемеуіне кепіл болғандай болды. Сондықтан да адамдар арасындағы рухани сәйкестік, жастардың бір-біріне сүйіспеншілікпен қарауы негізгі талаптардың бірі болған еді. Автордың пайымдауынша, екі жастың арасындағы махаббат деп аталатын рухани сүйіспеншілік баянды, ұзақ уақыт бақытты ғұмыр кешудің кепілі іспеттес болды. Мұны ғашықтық деп аталатын ұғыммен түсіндіруге болады. Мұндай бас қосу екі жақтың қатынасында материалдық есептің жүрмейтіндігін айғақтайды. Отбасынан тарайтын ұрпақтардың болашағына сенімділігі артып, олардың қай жағынан болса да мықты, қуатты болашағынан үлкен үміт күттіретіндей болып қалыптасуына кепіл болмақ. Рухы күшті ұрпақтың отансүйгіштік, парасаттық сезімі де берік болмақ. Өйткені олардың аяғынан нық тұруына мемлекет негізгі қамқорлықты өз мойнына алатын-ды. Сондықтан олардың рухында ана мен Отанның біртұтастығы, бір-бірінен ажыратылмастай қалыптасуы заңдылықтай еді. Содан барып адамдардың Отанға деген айнымас құрметімен астасып жататын-ды. Автордың идеясын әрі қарай сабақтастырсақ, кешегі сұрапыл соғысты Совет адамдарының идеяға берік отансүйгіштік ұрандар олардың табандылығын, жауға дегендегі өшпенділігін, еркіндікке дегендегі жанкештілігін анық көрсетіп айғақтайды.

Басқа бір эпизодта автор ананың балаға дегендегі көзсіз махабатын және жанындай сүйгені сонша – баласының Отан қорғау сезімін ұмытып кетеді: «Сібірде әскери борышымды атқарып жүргенімде, көзінің жасын көл қылып бір әйел баласын әскерге шақырмауымды өтінді. Себебін былай түсіндірді. Ол келесі жылы институтқа емтихан тапсырмақшы және сүйген қызы бар көрінеді. Осы жылы үйленбекші.

– Сіздің балаңыз әскерге барғысы келмейді ме, әлде сіз өзіңіз сұранып тұрсыз ба?

– Сүйген қызы, егер сен әскерге кететін болсаң, мен сені күтпеймін депті.

– Ал оған сіздің ұлыңыз не деп жауап беріпті?

– Ол мені сізге жіберді.

– Мен әскери адаммын, әрбір сылтауды айтып әскерге барғысы келмейтіндерді жек көремін. Әскерде жүрген жігіттерін күткісі келмейтін қыздарды одан әрмен жек көремін.

– О, не дегеніңіз? – деп шошып кетті әйел.

Осы кездесуден кейін 10 айдан соң, біреулерден еркетотай, әрі мансапқұмар қыздың бухгалтердің жанұясын менсінбей, ақшасы көп 40 жастағы өлкелік партия қызметкеріне екінші әйелі болып күйеуге шығып кеткенін естідім. Бірақ та оның жақсы әйел болатынына күмәнім бар» (Сонда, 211-212-бб.).

Пайымдасақ, әңгімеде арқаулық роль атқаратын екі кейіпкер бар. Біріншісі – ана, екіншісі – Б. Момышұлы. Екеуінің арасындағы әңгіменің желісін өрбітетін ананың баласы және оның алайын деп жүрген уәде бекіткен қызы.

Ана баласының махаббатын ойлап, баласының Отанға дегендегі борыштылығын естен шығарғандай, бұл мәселе оны қызықтырмайды. Оның ойында тек бір-ақ нәрсе бар, ол – баласына қыз алып беру. Ана соғыс қаупі Отанымыздың басына төніп тұрғандығы, оған адам әскери күшінің қажет екендігі, баланың алдын ала әскери дайындықтан өту керектігі, оның патриоттық сезімінің ұшталу кезеңінен өтуі сияқты әрекеттерді екінші жоспарға ығыстырады. Ал командир Б. Момышұлының артқан жүгі нардай, мораль және әскери жағынан ауқымды, үкімет пен партия қойған талаптар – Отан қорғау жұмыстарын бірінші орынға қойып, әскери жағдайға байланысты мобилизациялау процесін өте қатаң, әрі тез тәртіппен іске асыру керек. Сол кезде мынадай қанатты сөз болған: «Ең алдымен самолет, содан кейін қыздар». Олай болса әскери қатаң тәртіпті орындау міндетті түрде жүзеге асырылуы қажет бұны екі етуге болмайтын Бұйрық! – деп қабылдау ләзім. Оның бергі жағында Б. Момышұлы берілген әскери тапсырманы бұлжытпай орындайтын, айтқан сөзін екі етпейтін, қатаң тәртіптің адамы еді.

Дегенмен, өмірдің аты өмір, қасаң тәртіп өзгермейтін құбылыс емес, баланың анасы айтып отырған соң командир ережені бұзуға тура келді. Өйткені Б. Момышұлының анасы есіне түсті ме, әлде ана құдіретінің алдына тұра алмады ма әйтеуір ананың тілегіне жауап ретінде былай деді: «Сабыр етіңіз! Мен военкомға сіздің балаңызды биыл шақырмау туралы бұйрық беремін».

Біздің пайымдауымызша, осы жерде Б. Момышұлы дұрыс шешім қабылдаған сияқты. Өйткені екі фактор есепке алынған, біріншісі, соғыс қаупінің жақындап келе жатқанынан гөрі ана тілегінің құдіреттілігі, ана тілегі; екіншісі, жалпы махаббаттың алмайтын қамалының жоқтығы. Осы жерде тауды-тасты қопаратын, алдында қандай да болса кедергілерді бұзып жаратын, қарым-қатынасы өршеленген елдер мен мемлекеттерді махаббат арқылы татуластыратын құдіретті күш – махаббат ұғымы іске қосылады. Ананың баласы мен болашақ келінінің арасындағы махаббаттың алдында қатал ережені сақтайтын офицердің шегінуі, жалпы азаматтық құндылықтың аясындағы құбылыс еді.

Бірақ өмірді барынша тереңірек түсінетін, махаббат заңын мейлінше кеңінен сақтайтын Б. Момышұлының секем алған пікірінің жаны бар болып шықты. Қыздың егер жігіт әскерге кететін болса, оның басқа күйеуге шығатындығы туралы мәлідемесін естіген Б. Момышұлы әскерден баланы да, әскерде жүрген жігіттерін күткісі келмейтін қыздарды да жек көретіндігі туралы кесіп айтуға, мұндайда олардың болашақ махаббатының тұрақсыз болатындығына шешім айтқандай болды. Айтқандай-ақ, сол келте ойлайтын қыздың кейін бір ауқатты адамның екінші әйелі болып күйеуге шығып кеткенін естіген Б. Момышұлы оның түбі жақсы әйел болатынына күмән келтіреді. Автордың бұл пікірінде терең ойлар мен қомақты идеялардың жатқанын байқау қиын емес.

Өйткені, ықылым заманнан бері қарай махаббат нәзік сезім қыз бен әйелдің символына айналып кеткен. Әйелдің құдіреттілігі оның нәзіктілігінде, сымдай тартылған қасында, ботадай көзінде, қыр мұрынында, биязы мінезі мен ақылында, кейде ер адамға бергісіз батылдығы мен батырлығында болса керек. Осы қасиеттері адамдарды өзіне еріксіз тартып, оның мақтаныш сезімін оятады, қуат береді. Өзінің сұлулығы мен батырлығының арқасында тарих беттерінде алтын әріппен жазылған қыздарымыз бен әйелдеріміз қаншама, өйткені елін, жерін, су-тауын жаулардың аттарының тұяғынан қорғау ерлер мен бірге батыр әйел-қыздарымыздың пешенесіне о бастан жазылған. Ұлан-байтақ жерді қорғау ерлер мен әйел-қыздарға жүктелген-ді. Оны ақын Қ. Мырзалиев былай суреттеген:

*Тағдыр сенің жиғызбады есіңді,
Төзім сауыт тауқыметтен тесілді.
Жауға шаптың азаматтың жанында,
Орамалмен тартып тастап төсіңді.
Өздеріңнің бастарыңда қазақтың
Жазылмаған азабы мен ерлігі, –*

деп тебіреніс білдіреді.

Ұлы ойшыл М. Әуезов өзінің жерін, елін жаулардан қорғауға және ұлт-азаттық көтерілісін зерттеуге арналған еңбектерінде еркіндік жолында күрескен қайраткерлерді «қол батыры», «ой батыры» деп екі топқа бөлген. Осы тұжырымға негізделіп отырып қорытынды жасағанда тәуелсіздігімізді сақтауға зор үлес қосқан әйел-қыздардың көпшілігі күш-қайраты, жауынгерлік машықтануындағы қасиеттері жағынан ер адамдармен теңесе алмаса да, оларға ақылшы болуымен, адалдық танытуымен, сабырлылығымен септігін тигізу арқылы «ой батырының» іс-әрекеттерімен орасан зор пайдасын тигізді. Бұл жөнінен Елбасы былай дейді: «Қоғамның даму барысын – өмірде нәзік, көңілде – биік, ал істе – мығым әйелдер қауымынсыз көзге елестету мүмкін емес».

Аталмыш пікірдің жанының барлығын адамзат тарихында болған көптеген тұрақсыз махаббаттың болғандығын да білеміз. Шынайы махаббат уақытпен, кеңістікпен өлшенбесе керек. Қазақ тарихында Томирис, Ақжүніс, Гүлбаршын, Қарлыға, Назым сияқты әйелдердің өшпес жұлдыздар сияқты махаббаты ұрпақтан-ұрпаққа үлгі боларлықтай. Олардың асыл қасиеттері арқылы ғасырлар бойы қаншама қыздар тәрбиеленді.

Батырлар жырындағы әйелдердің барлығы дерлік ер-азаматына сенімді серік және ел қорғаны – батыр ұлдарына қамқоршы әрі ақылшы болуымен көзге түседі. Мейлі ол ел бастаған хан болсын, сөз ұстаған би болсын, қол бастаған батыр болсын, жанындағы жары, ақ сүт берген анасы ер-азаматын бірде сабырға шақырып, бірде намысын ұштап, ақылына ақыл қосып, мақсатына қуат беріп отырған.

Мәдениеттің, жалпы азаматтық құндылық екендігі, оның қоғамдағы ұл-қыздардың еңбегінің, ерліктерінің жемісі екендігі туралы Елбасы былай дейді: «Мәдениет – ұлттың бет бейнесі, рухани болмысы, ақыл ойы, парасаты. Өркениетті ел, ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады». Бұл ойды әрі қарай сабақтастырсақ, біздің ата-бабаларымыздың текті болғаны, олардың өмірі, Отанын қорғау мен дамытудағы әрбір ісі ерлік пен өжеттіліктен өрілген өнеге болғаны тарихымыздан табылып, танылып жатуы тарихи заңдылық, елінің еркіндігі үшін ерлермен бірге атқа қонып, қайсарлық танытқан қазақтың батыр қыздарының есімдері жайлы бүгінгі ұрпақ бірі білсе, бірі білмейді. Кең байтақ қазақ даласының тыныштығын қорғай білген қайсар, ержүрек қыздар, тарихи тұлғалар туралы жазылған

құнды деректерге, қолжазбалар мен хикаяларға бір сәт көз жүгіртер болсақ, талай таңдай қақтырар, мақтаныш сезіміне бөлейтін ерліктерге куә боларымыз хақ.

Б. Момышұлы қазақ қыздары мен әйелдерінің тумысынан ақыл мен сұлулықтың иесі, намысшыл, ерін құдайдай сыйлайтын, өзін ер адамнан артық санамайтын ерекше қасиеттеріне меңзесе керек. Өйткені қазақ әйелдері мен қыздарының мінез-құлқының ерекше жағдайды ұлан-ғайыр елін-жерін сыртқы жаулардан үнемі қорғаудан қалыптасқанын байқау қиын емес. Мұндай асыл қасиеттер қазақтың әйел қыздарына жаратылысынан тән деп баға беруге болады.

Тарих беттерінен мысал келтірейік. Біздің дәуірімізге дейінгі VI ғ. өмір сүрген Тұмар ханым (Томирис)! Ол жүрек жұтқан батырлығымен ғана емес, елінің ертеңін тереңнен ойлай білетін даналығымен, ділмар шешендігімен аты аңызға айналған тұлға. Жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбаевтың «Дулыға» атты кітабындағы мағлұматтарға жүгінсек, кезінде талай елді басып алып, көп жұртты қан қақсатқан қаһарлы парсы патшасы Кир Тұмар ханымға елші жіберіп: «Маған тұрмысқа шықсын. Екеуміз екі елдің басын қосып, бірігіп билейік», – деп алдаусыратады. Кирдің мақсаты сақ елін жаулап алу екенін түсінген Тұмар ханым: «Мен елімнің падишасымын. Мен иілсем – елімнің иілгені. Кир көзін маған емес, менің еліме салып отыр. Ал, мен еліме бұғау салдыртпаймын, ата-баба аруағы жатқан жерді жаттың табанына таптатқызбаймын, қорлатпаймын. Соны есінде сақтасын», – деп жауап береді. Батыр апамыз айтқанын істеді де. Сөзге тоқтамаған Кир патшаны қанға тұншықтырды.

Тұмар ханымның ел арасында сүйіспеншілікпен «ер апалар» деп аталып кеткен қыз-келіншектерден тұратын, жастайынан әскери өнермен тәрбиеленген жасағы болыпты. Жанкешті ұрыста сақтардың қиналған тұсында Тұмар ханым сол ерекше жасағына: «Еркін сақ елінің арулары! Ар-намысыңды қорғайтын кезің келді. Біріңнің әкен, біріңнің жарың, біріңнің бауырларың мына қанды қырғынның ішінде жүр. Жалғыз ұлды аналардың боздағы да осында. Біз оларды қырғызып қоямыз ба? Жанымыз олардан ардақты емес. Кіріңдер майданға», – деп өзі бастап соғысқа араласады екен.

Аяулы апаларымыз елінің еркіндігін өз мүддесінен жоғары қоя білген. Оған 25 ғасыр бұрын өмір сүрген Заринаның тағдыры дәлел. Зарина мен Мидия ханзадасы Стриангей арасында шынайы сүйіспеншілік сезім болса да, ол: «Армысың, сүйіктім Стриангей! Мен сені шынымен жақсы көрем. Бірақ сен екеуміз қосыла алмаймыз. Себебі, мен саған тұрмысқа шықсам, сен – хан, мен – ханым бола-

мын. Менімен қоса, елім де саған бағынышты болады. Сондықтан жеке басымның бақытын елімнің еркіндігіне айырбастай алмаймын. Таққа ие болар аға-ініні бермеген тағдырға налиық. Махабаттан да күшті нәрсе бар, ол – елімнің тәуелсіздігі. Қош, сүйіктім!» – деген қоштасу сөзіне Стриангей: «Біздің махаббатымыз еліміздің татулығының белгісі болсын! Қош Зарина!» – деп жауап берген екен.

Сарғайған тарих беттерінен бізге жеткен өзінің отансүйгіштігімен, жарына дегендегі адалдығымен, асқан көріктілігімен, батырлығымен терең із қалдырған – Сүзге сұлу. Ол XVI ғ. Бүкіл Сібірді билеген Шыңғыс ханның ұрпағы Көшім ханның зайыбы. Ол кезде Қазақстанның Тұран деп аталатын жерінің көлемі 6,5 млн. шаршы км болатын. Ресей мемлекеті орталықтандырылып, күшейген кезде Сібірді жаулап алу күн тәртібінде тұрды. Оны іске асыру атакты баскесер Ермакқа тапсырылады.

Сүзге ханымға арнап Көшім хан «Сүзге Тура» қалашығын салады. Көшім хан жасақтарымен Ермактың қысымына шыдай алмай шығысқа беттегенде, Сүзге өзі билеген қалада қоршауда қалады. Орыс әндерінде: «на всей земле Сибирской нет прекрасней Сузгуна» деген жолдар бар. Егер Сүзге берілер болса, тәнін маған сипатар болса, өлтірмей жанын алып қаламын деп Ермак елші жіберсе де, Сүзге жан аямай жауға қарсы тұрады. Ақыры жаудың қаланы аларына көзі жеткен Сүзге ханым: «Жақсы айтқаның болсын», – деп тілегін айтады. Қала халқы сыятын кеме бер, сол халқымды қоршаудан босатайын дейді. Бәрі Сүзгенің айтқанындай болғаннан кейін: «Мен қара тасты жарып шығатын гүлмін, қош бол қимас мекенім, қош бол арысым – Көшім, қош бол сынбаған намысым деп, өзі соққан мұнараның басына шығып, дұға оқып, қанжарды жарқ еткізеді!» Жансыз жатқан Сүзге сұлуды көрген Ермак: «Өлсе де Сүзге сұлу бізді жеңді!» – дейді. Үлгі етіп өр рух пен сұлулықты, нәзіктік осылай зұлымдықты жеңді. Осылай тарих сұлулық пен намысты мәңгілікке шақырады.

Міне, осындай ерлігімен, шешендік сөзімен сан ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеген батыр аруларымыз аз ба?

Қабанбай батырдың қызы жоңғарларға атойлап шапқан Назым, батырдың жары, бірнеше шешуші жорықтарда көзге түскен Гауһар, Абылай ханның қызы, талай ақтық шайқастарда ерен ерлік көрсеткен Айтолқын, найман жұртының батыр қызы Жаңқай, Бұланбай батырдың жары Айбике, Кенесарының қарындасы, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ғажап ерлік көрсеткен алты ұлдың анасы Бопай. Осылардың ішінде, әсіресе, хан Кененің қарындасы, Әбілқа-

йыр сұлтанның келіні Бопай ханым үлде мен бүлдеге оранып, тыныш отырса да болар еді ғой. Ол үшін оны ешкім кінәләмес еді. Бірақ еркіндігін жоғары қойыпты. «Оның (Бопайдың) қасында арғын қызы Алтыншаш пен табынның қызы Ақбөкен де өзі сияқты ерге ердей, серіге серідей жолдас бола білетін қайратты да, айбатты қыздар еді», – деп жазады, қазақ ханымдарының өмірін зерттеп жүрген белгілі жазушысы С. Ақтаев.

Қазақ қызының ұлтжандылығы, намысқойлылығы, өткірлігі туралы сонау ықылым заманда-ақ ауыз әдебиетінде аңыз, қисса, жырдастан болып ұрпақтан-ұрпаққа беріліп қоймай, ол әлем тарихшыларының назарынан тыс қалмапты. Ең бастысы, халық жадында мәңгілік орын алған.

Қызыл империяның тарихындағы қасіретті отызыншы жылдардағы наубет кезінде талай жанның атылғаны туралы жұртшылық хабардар болып жатыр. Қитұрқы саясаттың құрбаны болған сол жазықсыз жандардың арасында қазақ қыздары да болған екен. Ақмола іргесінде орналасқан Алжирде бас бостандығынан айрылған әзіз аналар тағдырдың тауқыметін тартты. Олар С.Қожановтың жары Күләнда Қожанова, Т. Рысқұловтың жан жары Әзиза Рысқұлова, Т. Жүргеновтың зайыбы Дәмеш Жүргенова, С. Сейфуллиннің өмірлік жолдасы – Гүлбаһрам апай, Қ. Сармолдаевтің әйелі – Майнұр Сармолдаева, Б. Майлиннің әйелі – Күнжамал Майлина. Сондай-ақ, көне дәуірден жалғасқан осынау ұлы ерліктің дәстүрі Ұлы Отан соғысында да ерекше байқалып, қазақ қыздары керемет қайсарлықтың үлгісін көрсеткені белгілі. Қазақстаннан майданға 5183 қыз-келіншек қатысты. Осы соғыста Орта Азия елдерінің ішінен Кеңес Одағының Батыры атағын алған да қазақ қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова болатын. ҚР Мемлекеттік Орталық музейі мұрағатының тарихи қорында Мәншүктің майданға сұранып, 1941 жылы 7 тамызда жазған өтініші сақталыпты. Онда қай жылы туғанын, әке-шешесі қайтыс болғанын көрсетіп, әрі қарай былай дейді: «Хочу просить, чтобы Вы меня направили на фронт для уничтожения фашистов, разбойников, так как послать на фронт у меня нет ни брата, ни сестры. Прошу просьбу удовлетворить. Комсомолка с 1939 г.».

Бұл жолдарды тебіренбей оқу мүмкін емес. Өз әулетінен ешкімнің болмағанын намыс көріп, 19 жасар өрімдей жас қыз өзі қан майданға сұранып тұр. Осының өзі асқан ерлік еді. Осы қатарға абырой болғанда көзінің тірісінде ресми түрде «Батыр» деп мемлекетінің, халқының ұлықтағанын көріп кеткен Хиуаз Доспанова апамызды қосыңыз. Сондай-ақ аты-жөндері соңғы кездері ғана айты-

лып жүрген Рахима Жәнібекова, медициналық қызметтің капитаны Мәриям Сырлыбаева, майдан дәрігері Роза Момынова, радистер – Орынкеш Мысырова, Шәкира Ботақанова, Бикен Сәдуақасова, Шағала Құсанова, барлаушы Рахима Ералина, капитан Құралай Натулаева, пулеметші Зинат Оңайбаева, мерген Мәлике Токтамысова, медбикелер – Рәзия Ысқақова, Мая Ғабитова сияқты қазақтың қаһарман қыздарының есімін әрі қарай жалғастыра беруге болады. Отан үшін жанқиярлықпен шайқасқан әйел жауынгерлер есімі мәңгі ел есінде қалары хақ, әрине. Бірақ, тіпті Жеңіс күні батыр екі қыздың ескерткішіне ағылып барып жатқан жастарды көрмей, жүрегің сыздайды. Ұлты мен ұрпағы үшін қан майданда қайсарлық танытып, иманды ісімен халқының қадір-қасиетін иеленген батыр қыздарымыздың ерлік рухы ел тарихымен бірге қайнап, бірге жасай берері анық.

Қазақ қыздарының қайсарлығын, отансүйгіштігін көрсеткен тағы бір оқиға – дүниені дүр сілкіндіріп, тәуелсіздік рухын әуелеткен 1986 жылдың желтоқсаны болды. Үстемдік саясатқа мойын ұсынып, ұлттық санасы қалғи бастаған халықты оқыс оятқан оқиғада саяси белсенділік танытқан тағы да Әлия мен Мәншүктің сіңлілері болды. Мұрағат деректері бойынша желтоқсан көтерілісіне 60 мыңнан астам кісі қатысты, 8 мыңнан астам адам қамауға алынып, 200 қатысушы сотталды, 1,5 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, әкімшілік жазалауға тартылды.

Сол трагедияға толы күндерді қатысушылар былай еске алады: «Алаңға жиналғандар үш күн аязға шыдай алмаған ер балалар, ал қыздар біздің діттеген адамдарымыз – Д. Қонаев, О. Сүлейменов алаңға шықпады, үмітіміз ақталмады, аштық пен аяз қысты ендігі жерде тарқайық деген пікір айтқанда, қыздар қайсарлық танытып: біз қайтпаймыз, тіпті болмаса шалбарларыңды бізге қалдырып, қайта берулеріңе болады деп ұлдардың намысын қайрайды. Осыдан бірер сағаттан кейін-ақ жастарды ұрып-соғу, бастарынан қан ағызу трагедиясы басталып кетеді...»

Шынтуайтқа келсек, қыздардың өжеттілігінің арқасында желтоқсан оқиғасы халықаралық баға алып, империяның бет пердесі ашылып, әшкереленіп, іргесі сөгіліп, шаңырағы ортасына түсті. Бұдан біз, әдетте көзге көріне бермейтін, сабырлы, нәзік жанды қыздардың империяны таратуға шешуші үлес қосқан ролін айқын байқаймыз. Олай болса, ерліктің қайнар көзі мен қуаты бос көкірек соққан айғайда емес, керісінше, біліктілікте, керек кезде, керек жерде намыс отын маздатып жағуда болса керек. Сондай тарихи кезеңді қазақ қыздары дөп баса білді. Мұны тәуелсіздігіміздің жаршысы,

соны іске асырушылардың бірі деп ұғу қажет. Сол кездегі құрбан болған қыздардың атын тарих мәңгі есте қалдыруға шақырады.

Коммунистік-тоталитарлық жүйенің әлемде алғаш рет іргесін шайқалтқан, Тәуелсіздікке жол ашқан Желтоқсандағы жастардың, әсіресе, қазақ қыздарының қаһармандығы кезінде ақын Исраил Сапарбайдың «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» деген өлеңімен әрленгені белгілі.

Ертеден-ақ қазақ қызының болмысы ұлы даламызда болған басқа ұлт өкілдерін таңдандырған. Жұртшылыққа 4 томдық орыс тілі түсіндірме сөздігінің авторы ретінде кең танымал этнограф ғалым, жазушы, саяхатшы В. Даль қазақ даласында болған екен. Бірнеше тілді, соның ішінде қазақ тілін білген. Өзінің қазақ әйелдері туралы жазған естеліктерінде қазақ қызын былай суреттейді: «Откуда в этой красавице, в этой степной певиче сверкающий острый ум, тонкая музыкальность, высокий поэтический дар? Ей не занимали гувернанток, ее не держали в модном пансионе, да знает ли она, что такое книга!» Шынында да, қазақ қызының табиғаты ерекше. Оның сыры неде? Дөп басып айту қиын. Дегенмен, меніңше, біздің халықтың ешкімге ұқсамайтын ерекше педагогикалық мәдениеті, поэзияға сұранып тұрған шұрайлы тілі, бай ауыз әдебиеті, әдемі ән өнері, дархан даласы – бәрі тәрбие факторлары. Әсіресе, қыз тәрбиесіне бүкіл ұлт болып мән беріп қана қоймай жауапкершілікті сезінуі. Қызын соншама еркелету, қонағына балап, төрге отырғызу (мұндай ғұрып тек қазақ дәстүрінде кездесетін сияқты) тек қазақ халқында.

Ең әдемісін қызына арнаған біздің қазақ. Қазақтың ең кедейі қызына мал бақтырмаған, ауыр жұмысқа тартпаған. Қазақ пәктік пен тазалықты, ашылмаған жұмбақ-сырды, мөлдір махаббат пен ыстық мейірді қыз бойынан көргісі келгенін «қыз бойында қырық періште бар» деген мақалдан көресіз. Ал, «Қызда қырық көліктік бақыт бар» дегені қыз бала бақыт үшін, отау тігіп, ұрпақ өсіріп, ана тілін, салт-дәстүрімізді дамытатын тәрбиеші деп түсінетінін көрсетеді. «Қыз еркем, қылығымен көркем», «Қыз өссе елдің көркі», т.б. толып жатқан мақалдар да қазақ болмысында көптеп кездеседі.

«Шығыс халықтарында әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты қатты қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де біздің қазақ», – дейді Елбасы.

Бүкіл ел үшін жасалатын тірлікті «Қарындастың қамы ғой» дейтін қазақтан дара қыздар, дана қыздар, батыр қыздар, қайраткер қыздар шығуы заңды құбылыс және олар бір отбасының емес, халықтың қыздары. Себебі олар ұлт мақтанышына айналған. Оларды

бүгінгі жастар білуі һәм еске тұтуы ұлттық құндылықтармыздың біртұтастығы болып табылады. Кезінде, ұлы М. Әуезовтің сөзімен айтқандай, «апаларына қарап сіңлілері өссін» деген мақсатпен, «Ұлы даланың ұлы қыздары» атты лекторий ұйымдастырылған-ды. Апаларының өмір тәжірибесі сабақ болсын, ұлтжандылығы, іскерлігі, білімпаздығы, қайраткерлігі, парасаттылығы үлгі болар қыздарымыз баршылық. Атап айтсақ, Сара Назарбаева, ғалым Рабиға Сыздықова, Еңбек Ері Кәмшат Дөнентаева, Халық қаһарманы Аягүл Мирзаева, сондай-ақ ақын Фариза Оңғарсынова, Күләш Ахметова, Ақұштап Бақтыгереева және т.б. «Ана бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербейді» деп нақылдасақ, бұл Елбасының «бір ананы тәрбиелеу бір ұлтты тәрбиелеумен бірдей» деген сөзімен астасып жатыр.

Біздіңше, Б. Момышұлы шығармаларында негіз еткен, ұрпақтарға ұсынған үлгі боларлық әйел-қыздарымыздың табиғаты осындай болмақ. Автор соған ұмтылуға шақырады. Әсіресе, қазақ қыздары қоғамымыздың әлеуметтік тобындағы іргетасы болғандықтан, оның жауапкершілігі нардың жүгіндей екені айдан анық. Б. Момышұлының тілейтіні – бәрін де биік парасатымен, ерен еңбегімен, әке беделін асқақтатып, ананың сүт ақысына адалдық танытып, өз ұлтының, өз мемлекетінің мерейін үстем етуге атсалысып жүрген ұлдарымыз да, қыздарымыз да көп болғай. Сондықтан бірінен-бірі кем көрмей «Ұл өсіргенің – ұрпақ өсіргенің, қыз өсіргенің – ұлт өсіргенің», – деген халқымыздың ежелден келе жатқан ұстанымын ту етіп көтеру баршамыздың ұлы мақсатымыз.

Баукеңнің өзі де, ол тербеген қыз-келіншектер де тарихта терең із қалдырған, нәзіктілігі мен батырлығы жарасқан іс-әрекеттері әйелдердің Лао Цзыдың VI ғ. мына сөзіне сиятын сияқты: «Дана адам... өзін жарыққа шығара бермейді, сондықтан жүзі жарқын; ол өзі туралы айтпайды, сондықтан ол атақты; ол өзін дәріптемейді, сондықтан ол сыйлы; ол өзін өзі асқақтатпайды, сондықтан ол өзгелер арасында биік болып табылады».

Б. Момышұлы өз әңгімесінде Янинаның өмірін екі кезеңге бөліп қарастырады: майдан мен бейбіт кезең.

Біріншіні автор былай суреттейді: «Майданда Я.Ш. деген тұрсіпатымен, әрі ақыл-айласымен сүйкімді бір хирург әйел болды. Мені көрген кезде ол өзге қыздар секілді қуанатын. Ол менің майдандағы сопылығымды құрметтейтін. Менімен сөйлескенде өзін еркін, ашық ұстайтын. Жазған әңгіме, өлеңдерімді қызығып оқитын. Бірде мен ауырып медсанбатқа түскенімде, Яна өте жиі келіп, қызықты әңгімелер айтып, орманнан жинап алған жеміс-жидектерін

әкеліп беріп тұрды. Ол мені ауру ағасын күткен қарындастай қамқорлыққа алды.

Менің естуімше, Янинаны Панфилов дивизиясынан басқа бөлімге ауыстырған (Б. Момышұлы. Музей апа, 212-б.). Бұл жерде қып-қызыл соғыс жүріп, село қолдан-қолға өтіп жатқан кезеңдерде, адамдарда тек бір-ақ ғана проблема мен тілектің болары хақ. Барлығы да Ұлы Жеңіске қызмет ету! Бірақ Яна деген хирург әйелдің балалық мінезімен, қарапайымдылығымен Б. Момышұлын ерекше аға тұтып құрметтейтіні ұғымды суреттеледі. Автор қиян-кескі соғыс бір толастаған сәтте қойын дәптерін суырып алып өлең, көрген білгендерін, сағынышпен еліне, отбасына, шешесіне хат жазатын-ды. Соның ішінде оның өлеңдерін үлкен ілтипатпен, қызығушылықпен, құмарлықпен оқитынын байқаймыз. Бауыржан Момышұлының айтуынша, ол ауырып қалған кезде Яна өте жиі келіп, қызықты әңгімелер айтып, орманнан жинап алған жеміс-жидектерін әкеліп беріп, оның кеселден тезірек айығып кетуіне материалдық және рухани қолдау көрсетіп отырды. Сөздің қысқасы, екеуінің арасында аға-қарындастық қатынас қалыптасып, өте үлкен сыйластықта болады. Бірге тумаса да аға-қарындас болып жүру майданда жауға дегендегі өшпенділікті күшейтіп, Отанға деген патриоттық сезімді қуаттандырғандай еді. Оның бергі жағында, елден алыс жырақта жүргенде адамдардың арасындағы шынайы қарым-қатынастық сирек болған кезіндегі қатынастың құндылығы адам айтса жеткісіз дүние еді. Бұл жердегі бауырластық, адамдардың бір-біріне қамқорлығы, оның ішінде, командир Бауыржан Момышұлының өзінің қол астындағы жауынгерлерге дегендегі басшылық, ағалық, кейде інілік қамқорлығы ерекше болғандығы байқалады. Мұндай ізгі іс ұлы қолбасшылардың өзінің қол астындағы адамдардың хал-жағдайынан, тұрмыс-тіршілігінен, көңіл күйінен, есімдерінен хабардар бола отырып, олардың жағдайын түзеу үшін тиісті шаралар қолданып, тапсырмалар беріп отырғаны тарихтан белгілі. Мысалы, А. Македонский армиясындағы әр солдаттың, әр қолбасшының аты-жөнін жатқа айтып, сырт киім пішініне мұқият назар аударып, оны түзеуге жедел пәрмен етіп отырған. Сарбаздары демалып немесе тамақ ішіп жатқанда, олармен қарапайым қатардағы адам ретінде сұхбаттасуы олардың адами рухын жандандырып, шайқастарда керемет ерліктердің үлгісін көрсетіп, ұлы қолбасшының басқару мәселесінде жеңіске жетуіне үлкен үлес қосып отырған. Ставканың жоғарғы қолбасшысы И. Сталин де өзінің қарамағындағы адамдарға қолынан келген қамқорлығын аямаған. Қарапайым Совет халқы оның атқарып жатқан істерінің барлығы қоғамның

тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағыттылғанын бағалай біліп, оны көсем ретінде бағалауы соғыста Сталиннің басшылығымен неміс-фашист басқыншыларын жеңетінімізге Совет халқы шексіз сенді оған дегендегі сүйіспеншілігін аяған жоқ.

Соғыста солдаттар мен офицерлер «Отан үшін, Сталин үшін!» деп шабуылға шығып, өшпенділікпен жауды жеңу үшін қасық қанын аямаған. Гитлеризм халықаралық империализмнің қолшоқпары болды. Сондықтан большевизмді, сонымен қатар Совет Одағын жер бетінен жою Гитлердің түпкі стратегиялық мақсаты болды. Ол үшін Совет халқына жан түршігерлік айуандықты: мүлкін талан-таражға салу, әйел-қыздарын аяусыз қорлап-зорлау, оқ жеткенінше бейбіт халықты үлкен-кішісіне қарамай жаппай қырып-жою, қолы жеткен қалаларды, завод-фабрикаларды өртеу, т.б. айуандықтың жоғары үлгілерін қолдану күн тәртібінде тұрды. Өйткені, олар жеңетіндеріне сенімді еді. Бірақ Сталин басшылық еткен Қызыл армия мен Совет халқы, гитлершілдерді Москваның түбінен Берлинге жеткенше қуып, Советтік территориямен бірге бүкіл Еуропаны азат етіп, оларды Берлиндегі алаңына қуып тыққанда, маршал К.Г. Жуковтың солдаттары және офицерлері немістердің біздің адамдарға істегенін өздеріне көрсете бастады. Осындай әңгіменің шет жағасынан хабардар болған И. Сталин Жуковқа мынадай мағынада телеграмма береді: «Үкімет басына гитлерлер келіп, гитлерлер кетеді, ал неміс халқы қалады, олардың ешқандай кінәсі жоқ. Сондықтан гитлершілдердің бізге істегенін, неміс халқына көрсетуге болмайды. Тоқтатындар, мынадай етек алып бара жатқан тәртіпсіздікті», – деп қатаң бұйрық береді. Бұдан біз, немістер біздің жерімізге басып кіріп, халқымызға шексіз азап көрсетсе де, И. Сталин олардың әскери басшыларын ғана жазалаудың қажеттігін меңзеп, қарапайым неміс халқына гуманизмнің, адамгершіліктің үлгісін көрсетуге шақырып пәрмен берді. Бұл гуманизмге, әділеттілікке толы мазмұны бар шешім халықтар арасында жағымды резонанс тудырды.

Кейде тарихшылар Гитлер мен Сталиннің тарихта алатын орны туралы баға беріп, екеуінің сіңірген еңбектері мен жіберген қателіктерінің ара салмақтары шамалас деп сараптауға тырысады. Шындыққа келсек, екеуінің басшылық іс-әрекеттерінің мазмұндары мен айырмашылықтары жер мен көктей. Екеуінің әлемдік прогресс пен жалпыазаматтық құндылыққа қосқан немесе алған үлестері де әртүрлі.

Гитлерді алар болсақ, ол біріншіден, агрессор, әділетсіз басқыншылық соғыстың ұйымдастырушысы, қылмыскерлікпен опасыздық

танытып, соғыс жарияламай тұтқиылдан шабуылдап басқа елдің территориясына басып кірді;

Екіншіден, басып алған елдерінің халықтарын қынадай қырып, қанын судай шашқан қанішер;

Үшіншіден, тұтқынға түскен адамдарды қыруға, өлтіруге оқ дәрісі мен уақытын үнемдеу мақсатымен, өлтірудің өнімділігін арттыру үшін миллиондаған адамдарды газ камераларына тоғытып салып тұншықтырып қырды; өлі денелерді орға бульдозермен ысырып тастап отырған.

Төртіншіден, ол неміс халқының тамырларында ерекше көгілдір қан айналымы бар «Қүдіретті адамдар» деген Ф. Ницшенің расистік теориясымағын басшылыққа алып әлемдік үстемдікке қол созған реакцияшыл тұлға. Сондықтан олар әлемде басқару, билеу үшін жоғарғы күш арнайы жаратты деген, жалған идеологияның реакцияшыл авторы.

Бесіншіден, барып тұрған ұлтшыл ретінде, жазықсыздан-жазықсыз еврей, поляк және тағы басқа этностарды үлгергенінше газ камерасына, ал қалғандарын әртүрлі әдіспен қырғынға ұшыратқан қандықол жауыз.

Сталин, біздің пайымдауымызша, екі қателік жіберді: Біріншісі, тұтқынға түскен солдаттар мен офицерлерді Сібірге еріксіз еңбек етуге бұйырды. Бұл былай болған еді: Немістер үш айдың ішінде шабуылдай отырып, Москваның түбіне бір-ақ жеткен еді. Бұл біздің армияның үнемі шегінуінің нәтижесі деп білген Сталин: «Бір адымда шегінуге жол жоқ» («Ни на шагу назад») атты тарихи бұйрық қабылдады. Осыдан кейін барып біздің шегінуіміз тыйылды. Одан да бұрын соғыс барысында «тұтқынға түсуге болмайды, ал егер түскен жағдайда бір оқты өзіңе сақтап қой» деген бұйрық болған. Бірақ әртүрлі себептермен солдаттар мен офицерлер тұтқынға түсіп жатты. Бірақ біздің пайымдауымызша, олардың көбісі тұтқынға түсейін деп түспеген, шамасы жағдай солай болғандықтан, оларды жаппай Сібірге қара жұмысқа салу үшін айдаудың ыңғайы жоқ сияқты еді. Бұл қаталдықтың нәтижесі деп білу қажет.

Екіншіден, репрессияға түскен адамдардың зайыптарын балаларымен қоса түрлі лагерлерге тоғыту Совет басшылығы жағынан барып тұрған әділетсіздік еді, оны жәй сөзбен түсіндіру мүмкін емес сияқты. Бірақ Сталин де анадан туды ғой. Ол мұндай жағымсыз қадамға неге барды екен деген орынды сауал туады. Дегенмен, асыра сілтеушіліктің орын алғаны сөзсіз. Оның себебін де іздеп табуға болатын сияқты. Кешегі алапат соғыс басталғанда, Сталин үш

күн үйден шықпай, соратниктерін де қабылдамай қояды. Өйткені себепсіз ешқандай құбылыстың болмайтынын еске алсақ, ол осы себепті Лениннің «Барлық күшті Деникинмен күреске жұмсау керек» («Все силы на борьбу с Деникиным») деген еңбегін ой талқысынан саралап өткізген көрінеді. Мұнда былай делінген: «Аса күшті жау қоғам өміріне қауіп төндірген шақта, барлық билікті бір адамның қолына шоғырландыру қажет, былайша айтқанда жауапкершілікті бір адам ғана атқарса өнімді болмақ». Лениннің осы ұйымдастырушылық принципін қаперге ала отырып, политбюро оны мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы, КССР Қорғаныс күштерінің бас қолбасшысы (Бас қолбасшылықтың Ставкасы) қызметтеріне тағайындайды. Мұндай қаруланған 5,5 млн. Гитлердің армиясына қарсы тұру, Совет билігін осы қадамға барғызды. Несін айтамыз, Совет Одағының тағдыры қыл үстінде тұрған шақ туды. Ел тәуелсіздігін сақтап қалу үшін қоғамдағы барлық мүмкіндікті соған бағындырды. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын, аса ауыр кезеңнің бір көрінісі еді. Соғыс кезінде тұтқынға түсуге болмайтындығы, одан да өзің жалғыз оқ қалдырып өзіңе жұмсаудың қажеттігі, соғысқа деп 18 сағаттан жұмыс істеудің, соғыста артқа қарай бір адым шегінуге тыйым салудың, т.б. шаралары қолданылды. Тұтқынға түскендердің бала-шағаларын кепілдікке алу шаралары да осы кезде пайда болды. Мұндай жазалаудың формасы әлемдік барлау процесінде бар. Бірақ әкенің балаға немесе, керісінше, баланың әкеге, отбасындағы әйелдің отағасына, отағасының әйеліне жауап беруі үшін жауапқа тарту өте сирек кездесетін жәйттер. Немесе өз еркімен емес еріксіз тұтқынға түскендерді жазалау да аса қаталдықтың формасына жатса керек. Сондықтан Сталиннің жазықсыз бала-шағаларға тиісуі, немесе тұтқынға түскендерді аққарасын ажыратпай Сібірге жаппай жұмысқа жегу аса қаталдықтың нышаны деп есептелсе керек. Бұл Сталиннің жеке басының, Ленин айтқандай, субъективтік қателеріне жатқызу әділетті болатын сияқты.

Енді әлемдік «рухани сот» алдында, аталмыш екі тұлғаны кінәластыра отырып жауап берер болса, Гитлерге дүниежүзі халықтарына, оның ішінде, Совет халқына жасаған әскери, саяси және моральдық өлшеусіз қылмысы үшін өлім жазасы лайық болар еді. Сталин бүкіл адамзат өркениеттілігін фашистік құлдықтан азат етудегі шешуші ролі үшін, Совет халқын Ұлы Жеңіске жеткізіп Тәуелсіздігін сақтап қалғаны үшін, бірақ субъективтік кемшіліктерінің нәтижесінде біраз жазықсыз адамдардың өмірінің қиылуына себеп болғаны үшін, оған қатаң сөгіс жариялағаны орынды болатын

сияқты. «Соғыс шығынсыз болмайды», – деп Сталиннің Черчилльге берген жауабын еске алсақ, соңғы алапат соғыс та шығынсыз болған жоқ. Сондықтан соғыс алдындағы дайындық та, соғыстың өзі де көптеген ауыртпалықты ала келді. Және оның қайнар көзі болғанының куәсіміз. Соңғы соғыс та кемшіліксіз болған жоқ. Ленин айтқандай, тек екі қолын қусырып отырған адам ғана кемшіліксіз болмақ. Кемшіліктің екі түрі болады. Біріншісі, біле отырып саналы түрде өзіне есеп бере отырып жасалынған. Бұл – аса ауыр кешірілмейтін, салдары өлшеусіз қылмысты арқалау. Мысалы, Гитлер, бәрін біле отырып адамзат өркениетіне орасан зор шығын келтірді, ал Сталин Гитлердің әділетсіз әрекетіне асқан әділетті әскери-дипломатиялық шеберлік жасап адамзат баласын қара обадан (чума) сақтап қалды. Нәтижесінде адамзаттың тілегі орындалып әділеттілік жеңді. Бауыржан Момышұлы да әділеттілік жеңу үшін жан аямай күресті.

Екіншісі, білмей, түбегейлі анық-қанығына жетпей, кейде білімсіздігінің нәтижесінде, кейде тосыннан автоматты түрде сөйлей салады немесе артын ойламай іс-әрекетке бара салады. Көбінесе нәтижесінде өкінішке ұрынады. Былайша айтқанда, оның ойланбай істеген қылығында бәлелік байқалмайды. Көбінесе бұлар кешірімділікке келіп саяды.

Бұл жерде соғыстың бел ортасында түн-күн қатып жүрген Момышұлы да осы жазаларды қолдауы мүмкін сияқты. Өйткені, жаудан біз өз жерімізді, елімізді, Тәуелсіздігімізді жанкештілікпен, қасық қанымыз қалғанша қорғадық.

Екінші, автор соғыстан кейінгі бейбіт кезеңдегі Янинаның өміріне тоқталады. «Соғыс аяқталды. Менің штабым 70 шақырымдық Каунастың қасындағы Мариямполье қаласында орналасқан еді.

Күздің күні мені Ригадағы әскери Майдандық Кеңеске шақырды. Қайтып келе жатып әдемі қыз бала, көңілді, әрі ақылды Яна есіме түсті. Оны қатты көргім келді.

Шоссенің бір бұрышында «Тельзитель 150 км» деген тақтайша тұр еді, мен жүргізушіге солға бұрыл дедім. Жүргізушім маған таңырқай қарап: – Бізге тіке жүру керек емес пе? – деді.

– Солға! – дедім өз бұйрығымды қайталап.

Өз жолымыздан бұрылды. Жүргізушім де, адъютантым да, мен де үнсізбіз.

Күзгі Литва табиғаты қандай әсем, бірақ мен оған көңіл аудармадым. Мотор ызыңы мен дөңгелек тақылынан менің есіме Янина түсті» (213-б.).

Момышұлы адами тақырыпты қозғайды. Адам табиғатында жағымды этика мен эстетикасы жарасқан, өзі ұнатқан образдарды

еске алып, онымен қайта жүздесуге бейім болып, аңсап тұратыны анық. Неге десеңіз, аға-қарындастай болып сыйластықта болған, кесел жаныңа батыңқырыған шақта дәрігерлік қолының ұшын беріп, шипагерлік еткен мейірімді жанды көріп неге сәлемдеспеске, жағдайын білмеске? Жырақта жүрген адам мұндайда бір жасап қалатыны сөзсіз. Осы үміт Б. Момышұлын жетелеп Яна тұрған жаққа бағыттауда. Бұл жерде автордың Литва табиғатын суреттеуі көңілді бір жадыратып жібергендей. Автор оған бәрібір көңіл аударма қоймағанын айтады. Өйткені жаны жайсаң, бірақ өмір жабырқатқан Янамен сәлемдесу жоспары басты нысана еді.

Бауыржан Момышұлы әңгімелерінің кейде желісі үзіліп, ортасынан, уақыт тарапынан шегініс тауып баяндай салатын стилінің бар екенін байқаймыз. Мысалы: Бауыржан Момышұлы Янаның үйіне бағыт алып келе жатқан жерін үзіп, соғыс кезіндегі Янаның қызмет бабындағы басынан өткен оқиғаларды баяндауға кіріседі.

«Бірде медсанбат командирі майор Варвара Ивановна Великанованың блиндажында кешкі шайды ішіп отырғанда, Янина өзінің көңілін тапқысы келген еркектердің қалай меселін қайтарғаны туралы айта отырып, олардың қылықтарын келемеждеп, келеке түрінде өте дәл жеткізіп берді.

Бірде менің танысым 45 жастағы генерал онымен танысу жолын іздеп, жақындасуды ойлап ауырып қалады. Жағымпаз әрі жеңгетай начсандив терапевті емес, хирург Янинаны шақырады. Генерал төсекте аһилеп-уһилеп жатыр. Яна-терапевт ауруды өте тиянақты түрде тексереді. Тамақ, ауыз, өкпені тыңдаған кездерін айтып жатқанда, Варвара Ивановна ішек-сілесі қата күлді. Медициналық терминдерді түсінбесем де, Янинаның дене қимылына қарап, біраз нәрсені ұққандай болдым. Менің түсінігімше, бұл оқиға былай болған.

«Ауру» дәрігерді алдамақ болған, ал білімді, әрі ақылды терапевт өз ролін жақсы ойнап шығады. Генералға сізде «ангина», «атеросклероз», «гастрит», «холецистит» және «бронхыңызға қатты суық тиген», т.б. деп жазуын аяқтап, Яна орнынан тұрады да, сізге тез арада емханаға жату керек дейді.

– О не дегеніңіз, жолдас капитан, бөлімшеде шиеленіскен жағдай..

– Мен сізге дәрігер ретінде айтып тұрмын!

– Сіздің өзіңіз емдесеңіз қалай болады?

– Мені операциядан кейінгі аурулар күтіп отыр. Госпитальға жатыңыз, жолдас генерал, – дейді де блиндаждан шығып кетеді.

– Генерал қандай? – деп сұраған начсандивке ол:

– Бүгін болмаса, ертең өледі, – дейді.
 – Не?
 – Мен терапевт емеспін, хирургпін. Екінші рет мұндай ауруларға шақырушы болмаңыз. Сіз жеңгетай емес, дәрігерсіз, – дейді. Сонан соң медсанбатқа қалай жеткендігі туралы айтты.
 – Бұл туралы ешкімге айтушы болма, – дедім мен.
 Жолымыздан бұрылып, оған қарай келе жаттым. Есіме Янинаның бір мойындауы түсті. Мен одан:
 – Дмитриймен дос екенің шындық па? – деп сұрадым.
 – Ха! Ха! Ха! Сізге де жеткен бе?
 – Маған бүкіл дивизияны шарлап біткен соң жетеді.
 – Ха! Ха! Ха! Сізге менің Бауыржанның көңілдесі екенім туралы өсек жеткен жоқ па?
 – Жоқ.
 – Бұл онда дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома болғандықтан, сізден жасырған ғой. Ха! Ха! Ха! Не істесем екен? Сіз не, мені Дмитрийден қызғанып тұрсыз ба?
 – Қызғаныш – қарсыласыңның басымдығын мойындау.
 – Қалай, қалай?
 Мен қайталадым және қостым.
 – Ол – менің окоптық досым, жауынгерлік жолдасым, маған өте қымбат адам.
 – Иә, Дмитрийден де осыны естіп едім. Сонымен сіздер бір-бірлеріңізге қарсыластыққа жарамайсыздар.
 – Иә, жарамаймыз.
 – Ол да осылай деген.
 Ары қарай ол майор Сорокиннің көңілін тапқысы келгендігін, біз туралы екеуі де үйленген, екі-екіден балалары бар, ал ол болса бойдақ деген әңгімелер айтқанын баяндады.
 – Несі бар, меніңше, жақсы, сүйкімді, ақылды, батыл жігіт.
 – Дұрыс, мұның бәрі шындық. Бірақ онымен әңгімелесу қызық емес сияқты. Ол бізде 10 күн жатты. Екеуміздің көзқарасымыз әртүрлі ме, түсінісе алмадық па, білмеймін, әйтеуір бірдеме етіп түсіндірдім-ау деймін майорға.
 – Қандай адамға бұйырар екенсің? – дедім тісімді шықырлатып.
 – Ашуланбаңыз, полковник. Бұл сізге де, маған да зиян.
 – «Еще принадлежат к причинам болезней и пристрастия души наши: поныне довольно известно, что за вред нечаянное испуганье, гнев, печаль, боязнь и любовь нашему телу нанести могут». Бұны кім айтқан, табыңызшы, – деді күлімсіреп Яна.
 – «О, діндарлар, жаман сөз, артық ас пен судан сақтаныңыздар!» – бұны кім айтты?

– Ломоносов.
 – Жоқ, Магомет.
 Екеуміз де күлдік.
 Жолдан бұрылып оған бара жаттым.
 Бірде жесір қалған қамқор Янинаға Москвадағы үш бөлмелі үйінің иесі болуын, өзінің оған ғашық екендігін, аспандағы айды әперетіндігін айтып хат жазады.
 Янина оған: «Мен сіздің қызыңызбын, өзіңізге басқа бір адам тауып алыңыз», – дейді.
 Бірде оның маған айтқан мына бір сөзі есіме түсті.
 – Егер де мен дәрігер болмай, соғысқа келмегенде, күйеуге шығып, сүйікті жарымның жанында бала туып, жанұямның қасында отырар едім.
 – Бәрібір де сен өз тағдырыңнан қашып құтыла алмайсың ғой, – дедім мен.
 – Солай болар, – деді көңілсіз күліп.
 Оның сұр көздері жылулық пен соңына дейін айтылмаған мұңды шашып тұратын. Оның сырт бейнесі өзіне магнитше тартатын.
 Менің есіме Дмитрий түсті. Ол минаға жарылған болатын. Досы, инженер-архитектор Латиф Князь Норыманбеков снаряд жарықшақтарынан Дмитрийдің қолында қаза табады. Дмитрий Князьдің миын бір шөкімдеп, аққан қанынан жиіркенбей жинайды. Еңіреп жылап жүріп, Князьдің басын көтереді. Князьдің тіріліп келуін тілейді. Осы кезде Янина жүгіріп келіп, алғашқы көмек береді. Өзі ол кезде хирург болғандықтан, Дмитрийдің аяғын кесуге келісім бермей, Янина оның аяғы үшін күреседі. Дмитрийдің адъютантын маған жібереді. Мен Қорғаныс министрлігінің медицина басқармасына телефон соқтым. Дмитрийді Москва госпиталіне алып кетті. Янина да қасында болды.
 Арада біраз уақыт өтті, мен оны кездестірдім, бірақ та танымай қалдым. Ол өте арықтап кетіпті. Дмитрийдің аяғынан басқа ештемені ойламайды. Ол маған алғыс айтты, мен болсам қызғана қарадым. Ол менің көзқарасымды байқап қалды.
 – Біз екеуміз де Дмитрийді сүйеді екенбіз ғой!
 – Иә, Янина, менің көзімді дұрыс оқыдың.
 – Сіз оны ағасындай жақсы көресіз.
 – Ал, мен, мен әйелмін.. – деп айқайлап жіберді.
 – Сен Хауасың, әйел емессің. Сен әскери адамсың. Жап аузыңды! Мен саған бұйырамын.
 – Құп болады, жолдас гвардия полковнигі!» (216-б.).
 Бауыржан Момышұлы сөз желісін әрі қарай жалғастырады. Минаға жарылған Дмитрий екі аяғынан айырылатын болады, бы-

лайша айтқанда кесу (ампутация) мәселесі күн тәртібінде тұр. Яна өзі хирург болғандықтан, Дмитрийдің аяғын кесуге келісім бермей, оның аяғы үшін күреседі. Яна Бауыржан Момышұлынан көмек сұрайды.

Б. Момышұлы Қорғаныс министрлігінің медицина басқармасына телефон соғып, рұқсат алғаннан кейін, Янина Дмитрийді Москва госпиталіне алып кетеді.

Сөздің қысқасы, Б. Момышұлының айтуынша, ауру Дмитриймен алысып жүріп, Янина қатты арықтап, қу сүйегі қалғандай халге жетіпті. Дмитрийдің аяғынан басқа ешнәрсе ойламайды. Маған алғысын жаудырып жатты.

Табиғатында ер адамның махабаты мен әйелдің махабаттының құдіреттілігін, тереңдігін, пәктігін, нәзіктігін, сенгіштігін, сезгіштігін таразының екі басына салғанда тең түседі деп тұжырымдау қателік. Еркектің әйелге деген махаббаты дөрекілеу, астамшылдықтау, әлімжеттіліктеу болса, әйел баласының махаббаты ыққыштау, құпиялау, нәзіктеу, бірақ тереңдеу болары хақ. Өйткені, еркекте таңдау болса, әйелде таңдау болғанмен, ол құпия күйінде қала береді. Өзін еркекке ұсына алмай ішінен тынады. Бірақ таңдауды (іштей) қыз-әйелдің жасайтыны көбінесе тарихи қалыптасқан жәйт бұл жөнінен дағыстанның ұлы ақыны Р. Гамзатов былай дейді: «Еркек көкііп қызды мен таңдадым деп, көкірегін ұрғанның өзінде, шынтуайтқа келгенде, қыз оны әлдеқашан-ақ ұнатып үлгерген», – дейді. Онысы шындыққа жанасатын сияқты. Қыз ер баланың ұсынысын қабылдаудан бұрын өзінің сыры, талғамымен ақылдасып барып оған мақұл деген жауап беретіні шындыққа жанасады. Ол егер ішкі дүниесі, адами табиғаты қаламаса, теріс те жауап беруі мүмкін. Мұндай қылықты жалпы заңдылық деп те айту қиын. Кейде қыз іші қаламаса да жігіт жетегінде кете беруі әбден мүмкін. Мұндайға қыздың ішкі және сыртқы тәртібін қалыптасқан жағдайдың билеп кететіні де болады. Еркектің де жағдайы осындай болып қалыптасуы мүмкін, бірақ бұл болса заңдылық емес. Көбінесе еркектің әйелмен қарым-қатынасын, махаббатын қалыптастыруда жетекші роль атқаратыны дәлелденген. Себебі күш, қаржы, лауазым көбінесе еркек жағында басым болғандықтан, еркек тарапынан әділетсіз шешім де орын алып қалып отырады.

Б. Момышұлының баяндауынша, дәл осындай жағдай Янинаның да басынан өткен. Мынаған қараңыз: өзі майданда айтулы дәрігер-хирург, сұлу, ерке, ақылды, мейірімді және т.б. қасиеттері жетіп артылады. Сөйтіп жүріп сезімнің жетегінде кетіп, өз еркімен Дмитрийдің артынан еріп, майдан даласын тастап кеткені үшін

қатты жазаланыпты. Бұл жерде осының бәріне бағаны әскери қимылдар жүріп жатқан кезең берген. Соғыста адамдардың іс-әрекетінің критерийін майдан анықтайды. Бұл жерде бейбіт кезең емес. Бұл екі кезеңнің салмағы екі түрлі болғандықтан, Дмитриймен еріп кетемін деп, өзі араласып жүрген қыздарының алдында беделі шайқалған. Жетекші хирургтігінен төмендетіліп, жай дәрігерлік қызмет беріліпті. Өзі үйренген, қалыптасып кеткен батальоннан қуылып, әр батальонда бір болып, тұрақтамай, санитар-дәрігер дәрежесінде жүреді.

Міне, осылайша тамаша хирургтың намысы тапталып, қорланып, терең психологиялық депрессия алады. Әрине, нәзік сезімді әйел баласы үшін мұның үлкен соққы боп тигені білініп-ақ тұр.

Б. Момышұлының баяндауынша оның Янинаны көруге құштарлығы артып, жеделдетіп келеді.

«Алакөбеде Тильзиттің шетіне келдік. Янина тұратын үйді тез тауып алдық.

Аулада Янина үш офицердің қоршауында көңілді әңгіме айтып тұр екен. Офицерлер мені көріп, қолдарын шекесіне апарды. Янина теріс қарап тұрған еді, бері бұрылды. Қуанып, әрі абыржып қалды. Барлығымен амандасып болғаннан соң, Янинаның басынан сипадым.

– Жолдас полковник, күтпеген едім, қайдан келесіз?

– Саған келдім.

– Өте қуаныштымын, жолдас полковник. Менің бөлмем жиналмаған еді, рұқсат болса, жылдам жинастырып шығайын.

– Бара ғой»...

Янина полковник Б. Момышұлынан рұқсат сұрап үйін бір тәртіпке келтіргеннен кейін, жүріңіз деп ишарат білдіреді. Үйі шағындау екен, шамасы жаудан қолға түскен мүлікпен жабдықталған. «Еденге түкті кілем төселінген, ортада дөңгелек үстел, диван, кресло, вен орындықтары, айна, үлкен сағат, алтындатқан рамада табиғатты бейнелейтін картина, екі адамдық төсек, кішкене сервантта сервиздер мен статуэткалар. Мен креслоға отырдым да, темекі шектім. Янина маған күлсалғышты берді де, менің аяғымның жанына еденге отырды. Менің сұраулы көзқарасыма ол еркелей жауап берді.

– Медсанбатта тапшанда отырып, сізді жеміс-жидекпен тамақтандырғаным есіме түсіп кетті.

– Екі сағат бұрын мен де соны есіме түсіріп, саған бұрылдым.

– Шын ба?

– Шын.

Ары қарай фронттағы достар мен жолдастарымыз жайлы сұрасып, қысқаша бұрынғы өткен күндерді еске алдық.

Яна арықтап кетіпті. Көзінде терең мұң бар, жағы солып, мұрны сүйірленіп, иегі үшкірленіп кетіпті.

– Сіз мен туралы не ойлайсыз?

– Мен сен туралы дауыстап ойлаймын...

Яна менің тіземді құшақтады да, жәймен ғана былай деді:

– Сізге бар сырымды ақтаруыма болады ма?

– Жоқ, керек емес, Яна... Одан да әміршінді шақыр.

Бұл жерде полковник көптен бері қарай Янинаны көрмей, оны сағынып жүздескеннен кейін, біраз фронттағы көп жағдайлар естеріне түседі. Янина оның қарындасынай алдына еркелейтін, оның басы ауырып, балтыры сыздаған кезде қасынан табылып қол-аяғы жерге тимей жүріп емдейтін.

Уақыт бір құдіретті құбылыс қой. Біреуді ұшпаққа ұшырса, ал енді біреулердің ерін мойнына түсіріп, жігерін құм етіп жібереді. Янаның өңінде мұңның ізі бар сияқты көрінеді. Ашанданып кеткен. Өмірден өзі қалаған үлесін ала-алмай қалған сияқты боп көрінеді. Бәлкім полковникке бір сыр ашқысы келді ме, немесе қолдау іздегісі келді ме, әйтеуір соған ыңғайлана бергенде, оған Б. Момышұлы ырық бермей, жоқ ондай сырдың қажеті жоқ деп, оның ниетін кері қайтарғаны әскери дәрекілеу тәртіпке бой алдырғаны болса керек. Өзі алыстан сағынып іздеп келген соң қыз көңілін су сепкендей баспау керек еді. Мүмкін ұзақ жол жүріп келгенде, Янаның үйін зорға дегенде тапқанда, ер адамдардың арасында тұрғанын жақтырмады ма, әлде қатал соғыс қанын мұздатып, бойындағы жан-жағындағы адамдарға, оның ішінде әйел адамына дегендегі сезімталдығын басып кетті ме, әлде батырлық мінезін ұстай алмады ма, кім білсін, әйтеуір қыздың ағасын сағынғандай қуанышына сол мезетте сызат түскені хақ.

Б. Момышұлы байқағанда, ол Брелаукс деген капитанмен отбасын құрған секілді.

«– Яна орнынан атып тұрып, терезеге барып, – Коля, сені полковник шақырады, – деп айқайлады.

– Жолдас полковник, Сіздің бұйрығыңыз бойынша капитан Брелаукс келіп тұр, – деді ол.

– Міне, сенің бар сырың осы, – дедім күліп Янинаға. Ол ұялып басын жерге түсірді.

– Ал ішетін бірдемелерің бар ма?

– Ондай ештеме болмай тұр.

– Онда менің адъютантыма бар да айт, мұнда кішкене қобдшаны әкелсін, Ригадан екі бөтелке коньяк әкеле жатырмын (Дивизиядағы жолдастарыма сыйға тартсам ба деп едім).

– Керек емес, – деді Янина.

– Бар!

– Құп болады! – Брелаукс жылдам бұрылды.

– Ана екі майорды да ертіп кел, жүргізушіме кешкі ас ұйымдасыр, – дедім мен артынан.

Үстел бетіне ақ дастархан төселді.

– Егер Николай әскерден босанса, мамандығы жоқ. Ал әскерде қалатын болса, тағы да қаңғырыс. Мен болсам, ары қарай білімімді жетілдіруім керек. Соғыс маған үлкен тәжірибе болды, – деді Янина.

– Ал ол қалай ойлайды?

– Ол болса: «Сен өз жұмысыңды тастай алмайсың, ал менің мамандығым жоқ», – дейді.

– Біздің елде мамандық деген күрделі нәрсе емес. Үш ай оқы да, жүргізушінің, трактористің, каменщиктің, комбайнердің немесе үш-төрт жыл сырттай оқы да инженердің дипломын ал.

– Міне, бұл тамаша идея! – деді Янина қуанып. – Мен оған сіздің осы сөзіңізді айтамын.

– Мен сіздерді Ұлы Жеңіспен құттықтаймын, – деп бастадым өз сөзімді. – Осы Жеңіс күніне аман-сау жеткенімізге біз өте бақыттымыз. Соғыстың аяқталғанына үш ай болмай жатып, кейбіреулер бастықтарының рұқсатынсыз үйленіп жатыр... Жарайды, осылай шешкен екенсіздер, семьяларыңыз берік болып, жастық жалындарыңыз лапылдап жанып, махаббаттарыңыз мәңгілік болсын. Бақытты болыңыздар!

Қорытынды сөзді кексе майор айтты. Алдымен мені мақтап алды да, былай деді:

– Біздің маңдайымызға өте қиын кезеңде өмір сүру жазылған екен. Соғыс кезінде адамдар бірін-бірі жақсы тани алады. Бір ұрыстың өзі сенің қандай адам екеніңді көрсетеді. Соғыс көптеген адамдарды бір-бірінен ажыратса, кейбіреуін мәңгілікке қосып жатыр. Сендердің сезімдерің темірдей қатты болсын. Аңғал, жылдам жалындап өшетін махаббат өмір өткелдерінен өте алмай, жарым жолда қалып жатады. Ал сендер болсаңдар, жанұя атты кішкентай мемлекеттің желкенін дауылдарда да, ашық күндерде де құлатпай тік ұстайсыңдар деген сенімдемін. Ыдыс-аяғы сылдырламайтын жанұя жоқ, әрбір үйдің өзінің ішкі түсініспеушіліктері болады. Сендер барлық қиындықтарды жеңе алады деп ойлаймын.

Брелаукс түнгі бірде мені машинамың алдына дейін шығарып салып тұрып:

– Өткенім үшін де, бүгінім үшін де сізге үлкен рахмет, – деді» (222-224-бб., 6 том).

Б. Момышұлы ұзақ сапардан кейін бірақ демалып, есін жиғаннан кейін, кешкі асқа өз достары Г. Шляпин мен В. Великанованы шақырады.

Шляпинның ұқыпты күзелген шоқша сақалы бар-тын. Оған дивизиядағылар «Жирен сақал», ал Великановаға санитарлық минимумды әрқашан сақтауды талап еткені үшін «катал дәрігер» деп лақап ат берген.

Б. Момышұлы әңгімелесе отырып жолда көрген-білгендерін баяндайды. Қасындағылар үлкен ыждахаттықпен тыңдап, жолай сұрақтар қойып, жауап алып отырады.

Әңгіменің желісі енді Янинаға ауысады. Осы кезде Варвара Ивановна бозарып шыдамсыздана темекісін шеге бастайды. Әңгімесін, Б. Момышұлы аяқтап болған соң, Варвара Ивановна, бір рюмка арақты ішіп алып, қолдары дірілдеп, абыржи бастайды.

– Мен Янина туралы көрген, естігендерімді сізге айтуға міндеттімін, себебі ол – біздің ортақ досымыз, әрі сіздің оқушыңыз.

– Айтқаныңыз өте дұрыс болды. Оның соғыстан кейінгі жоспарлары мүлдем басқа еді... Жарайды, ол туралы сосын айтамын. Қобалжып, абыржыған қалпы келесі бөлмеге барып пианинода Бетховен сонатасын ойнай бастады. Шляпин мен дивизияда болмаған кездегі оқыс оқиғалар туралы айта бастады.

Бұрыштан атқан оқтан екі солдат өліп, төртеуі жарақат алыпты. Аиспуттан Каунасқа келе жатқанда оның машинасын автоматпен атқылапты. Пренеде екі офицер метил спиртімен уланса, бесеуі триперді, үшеуі сифилисті жұқтырыпты.

– Иә, сіздің баяндамаңыз құлаққа жағымсыз екен, – деп қайғыра күрсіндім де, Шляпинмен стақанымды соғыстырып, бір рюмка арақты ішіп салдым. Ал Варвара Ивановна әлі пианинода ойнап жатты» (236-б., 6 том).

Аталмыш әңгімеден кейін бе, күндізгі әңгіме әсерлерінен кейін бе, «түс түлкінің боғы» дегендей, Б. Момышұлы түнде қолайсыз ұйықтап, мынадай шатасқан түс көреді: «... Көшеде ұрыс жүріп жатыр, маңдаймен жер тірей құлаған солдаттың танауынан қан құйылып ағып жатты... Варвара Ивановна шашы қобырап, санитарлық дорбасымен өртеніп жатқан үйден жүгіріп шықты. Шляпин сұр атпен шоқырақтап шауып, өзіміздікілерді де, өзгелерді де атып келеді. Янина шаршап-шалдыға Брелаукстың жансыз денесін сүй-

реп келеді. Удай мас капитан Ложкин тұрпайы боянған жартылай жалаңаш әйелді төсекке сүйреп жатыр. Аспанда найзағай ойнап, күн батарда шөп жалындап жана бастады. Мариямполье монастырының бастығы апостолдардың жалауын қолына ұстап, негізгі көшенің ортасында монахтар алдында өлі денелерден аттап келе жатты. Мен оны атып едім, өлген солдаттардың үстіне тас болып құлады. Монахтар мен ту жоқ болып кетті». Оянып кеттім. Денем сыздап, біреу ұрғандай болып ауырады. Кәдуәлгі дивизияның әскери өмірі басталып кетеді. Екі-үш күн өткеннен кейін полковник Варвара Ивановнаны шақырып алып: «Сіз Янинаны өзіңіздің туған сінліңіздей жақсы көретініңізді жақсы білемін. Оның тағдыры сізді алаңдатпай қоймайды. Соғыс жағдайындағы операция мен хирургтардың қиын жұмысы сіздерді өте қатты жақындастырды. Сондықтан да сіздің оның өз жоспарынан ауытқуына қатты қапаланғаныңыз түсінікті. Менің машинамы алыңыз да, екі-үш күнде барып, өз көзіңізбен көріп қайтыңыз», – дедім.

Үшінші күні Варвара Ивановна қайтып келді. Кешкі ас үстінде мен оған монастырь бастығымен кездескенімді және басқа да жаңалықтарды айттым.

– Сіз осы әңгімелеріңізді бекер айтып отырған жоқсыз ғой, Янина туралы нені айтып, нені айтпау керек екенін ойлансын деп маған мүмкіншілік беріп отырсыз-ау деймін, – деп күлді. – Неге оның әңгімесін тыңдамадыңыз?

– Менің оған қонаққа келуім күтпеген және кенеттен болған келіс еді. Бөлмесіне кіргеннен бұл қыздың бөлмесі емес екенін түсіндім де, күйеуге қалай шыққандығы жайлы сұрамадым.

Янина жаңа бөлімшеге келген соң бір майорды кездестіріп, әдемілігіне қызығып тұрмысқа шығады. Ал майор болса қызқұмар, есерсоқ екен. Бір айдың ішінде оны күніне айналдырып алады.

«Янина, жылдам аяқ киіміңді тазала», «планшеткамды әкел», «лейтенант Н-ді шақыр», «суға барып кел», «аяғымды жу», т.б. бұйрықтар беруден бір шаршамайды. Көпшілік жиналған жерде Янинаға көңіл бөлмек тұрмақ, боғауыз сөздер айтып қорлайды. Ол оның соңынан көңілсіз, қорланып жүре береді. Ал ол болса, көлденең кездескен қыздардың бәрімен ойнап-күліп, ойына келгенін жасайды. Шыдамның да шегі бар демекші, Янина одан кетіп тынады. Басқа полкке ауысқысы келсе де, басшылар рұқсат етпейді. Ал майор болса, оққағарын оған күнде жіберіп, түнде кел деп мазасын алады.

– Әлсіз, тәжірибесіз жас әйелге не істеу керек?

– Комдивке айту керек еді, ол оны басқа бөлімге ауыстырар еді.

– Ол комдивке барыпты. Генерал болса: «Қызым, мен сендерді қосқан жоқпын, ажырата да алмаймын», – депті. Күйеуінен қатты көңілі қалған, ар-намысы тапталған жалғызбасты, қам көңілді жас әйелді осылайша өмір Брелаукстің құшағына итереді. Оған кімге де болса күйеуге шығу керек болады. Өз бақытын, сүйген адамын дұрыс таңдамай, алдамшы сезімге берілген Янина осылайша тығырықтан шығудың жолы бірінші кездескен адамға күйеуге шығу деп шешеді. Өмірде бұдан да сорақы жағдайлар кездесіп жатады емес пе? Мені қуантатыны – Брелаукс оны өте қатты сүйеді. Әйел бақыты үшін бұл – өте маңызды фактор. Ол – өте әдемі, әрі ақылды жігіт. Жақында дүниеге жас нәресте келеді. Олар бақытты өмір сүріп кетеді, – деп аяқтады Варвара Ивановна әңгімесін. Ары қарай Варвара Ивановна жалпы әңгімеге көшті. Міне, қараңызшы, соғыс көп жанұяларды бұзды, миллиондаған жүректерді жаралады. Миллиондаған жесірлер, миллиондаған жігіттерін жоғалтқан қыздар осы тығырықтан шығу жолын іздейді. Олар бірінші кездескен жігіттерге тұрмысқа шығады, ал кейбіреулері жеңіл жүріске түседі. Еркектер өздерінің аздығын пайдаланады. Соғыс адамгершілік негіздерінің тас-талқанын шығарды. Адамдар тазалық, адалдық, адамгершілік туралы айтады, ал бірақ өздері белдеріне дейін батпақта отыр. Көбісі махаббатты өткінші құштарлықпен шатастырады. Соғысқа дейін есеппен, бір көрген танысына тұрмысқа шығу немесе үйлену, әдепсіздік таныту деген сияқты қылықтар бірен-саран еді. Ал, енді ақша мен шен, адамның азғындауымен намыс, арын сатуына, таза да тұнық сезімді лайлап, адамгершілік пен өмірге деген махаббаттың быт-шытын шығарып, жарымжан, мүгедек етіп отыр. Соғысқа дейін қыз бен жігіт бір-бірімен ұзақ уақыт таныс болып, сезімдерін тексеріп, ғашық болып, онсыз тұра алмаймын деген уақытта тұрмыс құратын. Ал, қазір болса асығыс танысып, үйленіп жатқандары. Соғысқа дейін өзінен 10-15 жас үлкен адамға күйеуге шығу деген мүлдем болмаған, оғаш қылық деп саналған. Болған күннің өзінде есеппен үйленгендер деп саналған. Бірге қартаюдың өзгеше бір әсемдігі бар. Біртіндеп өшетін құмарлық пен достық сезімінің нығаюы, бір-біріне әбден беріліп, үйренісуі, әкелік, аналық парызды атқару, жарға деген жанашырлық сезім. Қазіргі кезде болса еркегі елуде болса, әйелі жиырма бесте, қырық бесте болса, жиырмада. Кіші қатын, кісі қатын. Керісінше, ақшалы әйелдер өздеріне жас жігіттерді күйеу етіп алады. Қыздың арын сақтауы – оның болашақта жақсы жанұя құратынының кепілі. Соғысқа дейін де моральдық жағынан азғындаған, мінездері үйлеспей ажырасқан жанұялар болды, бірақ... олар аз болатын.

Әркім – өз бақытының иесі. Қозғалғанда сылдырламайтын аяқ-табақ болмайды. Өмір жолы қиындық пен кездейсоқтықтардан тұрады. Тек аңқау адам ғана некеден тек қуаныш пен ләззат алуды ойлайды. Міне, осылар өмір өткелдерінің сынынан өте алмайды. Адамдардың барлығы бірдей махаббаттың құдіретін өз бастарынан өткермейді. Көбісі ақша, шен, арзан ләззат құшағында жүреді. Бұның бәрі – уақытша, алдамшы нәрселер. Біраз уақыт өткен соң ішің пысып, жиіркеніш сезімі пайда болады. Нағыз адам барлық жақсылық, әдемілік атаулыны жақсы көреді. Адамға сәулесін шашқан күн, батып бара жатқан ай, жымыңдаған жұлдыздар, шуылдаған қамыс, үнсіз мүлгіп тұрған орман, жаңбыр, қар, ұйтқымалы жел, кең дала, сылдырап аққан бұлақ, буырқанған көл, әнші құстар, кітап, музыка, театр, кино, алыс қалалар, елдер, бүкіл әлем керек. Барлық мақсат, арман күрес арқылы келеді. Махаббат, материалдық жағдай, бірдей көзқарас, сенім, адалдық, достық, өмірге тура қараушылық – бәрі бір-бірін түсінушілік, өзара қатынас, бірінің кемшілігін бірі толтыру арқылы табысқа жетеді. Жанұяның беріктігі – моральдық деңгей мен өнегелі жетілу, адал махаббат, парыз, жауапкершілік бәрі қосылып келіп, отбасындағы қарама-қайшылықтарды жеңуге көмектеседі. Махаббат күші мен махаббат беріктігі адамдардың ішкі жан дүниесінің қарқыны мен моральдық және эстетикалық жетілуіне байланысты. Өмірлік жар таңдау өте қиын. Бет әлпетін көреміз, ал жүрегін ұғына алмаймыз. Жар таңдауда ішкі себептер ақырында қиратып жібереді немесе бірдеме жасап шығарады. Өмірде бірдеме жасап шығару бәрі жақсылық болатынына сендіреді. Адамға керекті нәрселерді жинайды, оянады, күресе жүріп оқиды, шынығады, ес кіреді, жарық сәуле шашады. Ешкім бұзық болып тумайды. Ешкім мейірбан болып тумайды. Өмір, жағдай, орта бірінен соң бірі адамды тұңғыыққа батырады немесе аспанға көтереді.

– Қыз кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?

– Жігіт кезінде бәрі жақсы, жаман күйеу қайдан шығады? – деп Варвара Ивановнаның сөзін бөлдім. Ол күліп жіберді.

– «Мен барлығын ұмытқым келеді» деді Янина қоштасарда, – деп Варвара Ивановна қайғыра күрсінді» (241-б., 6 том). Біздің пайымдауымызша, жазушының ойы тереңде жатыр. Ол адам тағдырын тебіреніп, оның өміріне үңіліп, сол тар жол, тайғақ кешкен трагедияға баланатын жәй ғана қатардағы әйелдің өмір өткелдері, соғыста өткен, қан кешкен азапты күндері арқылы бүкіл әйел қауымының жолын суреттейді. Түн қатып ер адамдармен бірге жараланған адамдардың жанына арашашы болам деп, ешқандай қиын-

дықтан тайсалмай, қорықпай емдеп, қайта қатарға тұрғызу адамға қайта жан салғанмен бірдей болса, жазушы сондай әйелдердің бірі Янинаның өмірін екіге бөледі. Соғыс кезінде ақылы, көркі, ісі, имандылығы, қамқорлығы бір басына жарасқан әйелдің соғыстан кейінгі тағдыры үйлеспей, кейбір әйел жанын сыйламайтын еркектердің добына айналғанын іштей қынжылып суреттейді. Адал өте көнбіс, тіршілікте бәрін мойнына салып көтере береді. Нелер ауыр тауқыметті сүйретіп жүріп өмірін ұзартуға, жаңғыртуға тырысады, үміт сәулесінен нәр алып, бақытқа әні жетем, міне жетем деп алға қарай ұмтыла береді. Кейде жетеді, кейде жетпейді. Адал ниетті әйелдің үзіле салатын сезімін жалғап, оған бақыт сыйлап, алақанына салып аялайтын болса сөніп бара жатқан бақыт оты қайта жанады. Мұндай жағдайда дүниеде бұл әйелден бақытты адам жоқ. Әйел баласына, оның көңіл күйін көтеру үшін көп нәрсенің қажеті шамалы. Әйтеуір ерінің көңілі, ниеті түзу болса болғаны.

Жазушы Янинаның өмірінің бірінші күйеуінің кезінде ауырлау болғанын, оның қиын да қилы тағдырын жете суреттейді. Ол дөрекі, әйелге деген көзқарасы ескіліктің қалдықтарымен өрілген, әйелді екінші сорт деп есептейтін, оның нәзіктігін әлсіздік деп бағалайтын еркектердің қатарынан болды. Адам дүниеге имандылық пен моральдің ішінде табиғатына жат әділетсіздіктен қорқады, бойын тасалайды. Әйелдің нәзіктігі оның күші мен қуаты екендігін түсінбейтін еркектерді мәдениетті адамдардың қатарына қосу артық. Әйелдердің нәзік жанын түсінбей таптау, соның есесінен мен күштімін, бақыттымын дейтін еркектер оңбай қателеседі. Адам тағдырының бір түні болса, бір сәулелі күні болады дегендей Янина өзінің сәулелі бақытын өзімен майдандас Брелаукс деген еркектен табады. Оның өзін де майданда жүргенде әйелдермен жеңіл-желпі жүргені үшін полковник Б. Момышұлы қатал тәртіпке салған екен. Содан барып ол жалпы әйелге дегендегі көзқарасын жағымды жаққа өзгертіп, ол да өз бақытын Янинаға қосылып тапқандай.

Жазушы Б. Момышұлының еркек-әйел отбасылық диалогында ұрпаққа қалдырған өсиеті, намысы осындай болса керек.

* * *

Мұхтар аға – Бауыржан

Баукең жазушылар, қайраткерлердің ішінен Мұхтар Әуезовті жоғары бағалап, қатты сыйласа керек. Өзінің іс-әрекетімен, болмысымен ұлттық шеңберден шығып, әлемдік деңгейге көтерілген, ұлттық мүддеден интернационалдық құндылықтарға қол созған

адамдар болады. М. Әуезов өзінің қаламының ұшымен әлемдік ізгіліктерді көтерсе, Б. Момышұлы қарумен әлемдік бейбітшілікті қорғады. Екі тұлға әлемнің ең сүбелі екі тұтқасын баянды ету үшін аянбай еңбек етті. Намысы, адамгершілігі, еңбекқорлықтары, батылдық-батырлықтары бір бетке шыққан айтулы тұлғалар, магниттің екі полюсіндей бір-біріне тартылып, тізе түйістіре отырып ұлтына, одан әрі әлемдік құндылықтарға қызмет етуді басты мақсат етті. Мұхтар аға тылда, Бауыржан фронтта бір-бірімен сан рет хат алысып, пікір жарастырып Жеңісті жақындату үшін, патриоттық сезімдерді жанап, барынша талпынды. Бауыржан соғыстан босанып біреп күнде елге келгенде, ең алдымен Мұхтар ағаға сәлем беріп немесе ол Бауыржанға іздеп барып уақыты жеткенше пікірлеседі, керек кезінде шынайы пікір таластырады екен.

Ұрпақтың рухына қызмет ету, ең алдымен әдебиеттен басталса керек. Баукең бірде сөзін Мұханның «Намыс гвардиясы» кітабына бағыттап былай дейді: «Современная война не является войной мушкетеров и пикаетеров, и офицеры Отечественной войны, я имею настоящего, а не всякую шваль в мундире – вам не рыцари XVI века... В этой войне, скорее на поле боя, ум почитает, чем черная сила, горячий азарт гладиатора – люди стали умом» (т.е. техникой – Т. Ж.), уменьем воевать.

Как же вы, могли допустить неосторожность с «Намыс гвардиясы» слишком наивную доверчивость – получилось неестественное, печальное несовместимое Вашему золотому таланту, полной художественный силы, беспредельно богатого, гибкого, маневренного, сочного и насыщенного разумной логикой языка – с невежеством, узким кругозором недалеким умом вашего соавтора.

Ведь богомазы никогда не считались художниками, хотя они малевали (раскрашивать, рисовать красками) лучше, чем любой художник, т. к. из под киста богомаза никогда не выходило полотно реальной жизни.

Ах, как жаль, и становится обидно, когда истинный художник, сотрудничаясь невеждой, неосторожно выглядит богомазом.

В пьесе совершенно отсутствует порядок, нормы военного и гражданского поведения такта, доходящей до порнографический вульгарности – то это дура Нина, с необузданными интимными чувствами, подставляющая уста при каждом удобном и неудобном случае для поцелуя.

К чему расхваливать Алентину, приписывая ей разную небылицу? Где же сила приказа, ей безотлагательность, реальность расчета властного повелевающего командира?

Что за рассуждения, разглагольствования выполнения боевой задачи и что за торговля, добровольности «умалоящая просьба – кому идти главным?».

Откуда вы взяли шапкоиздательские победы, без упорного сопротивления, критической ситуации, иногда и временного поражения? Что за шум-гам без умолка, до тошноты Ура?

Куда вы дели полномочного офицера, навязывающего свою волю не только подвластным ему воинам, но так же и противнику, даже Панфилова показали как мастера рукопашного боя. Неужели, вы, не понимаете, что такое тактика и стратегия?

Нельзя же рассматривать всех, как солдат с винтовкой со штывком. Где же военная наука, оперативно-тактические замыслы, тактика-стратегические значения операции, боев и реальное положение сторон в обстановке.

Куда вы дели кроткого солдата, повинующегося, безукоризненного, честного, бравого, отважного, простого вояку, а ваш Толеген, скорее клоун для сцены, чем солдат на поле боя.

Я часто резок и груб с друзьями – это мой недостаток. Очень сожалею, что могу помочь только наказаниями за ваши оплошности.

С глубоким уважением к Вам – ваш Бауыржан!»

Бұдан кейін Мұхаддан хат кешігіп келді. Ол кезде соғыс, «Аузы кысық болса да, бай баласы сөйлесін», демекшінің салдарынан болуы да мүмкін. Мұхад ол хатында: «Бәрін де мойндаймын...» – депті. «Бізде өстіп тікелей айтатын ақылгөйлер жоқ. Сенің айтқандарың маған көп ой салды», – деп басқа жақсы лебіз-тілектерін білдіріп жазғанымен, қалам ұшының астарында көңіліне ауыр алғандығы сезіліп тұрды.

– Дидарласпай тұрып араздаспайық, – деп мен кешірім сұрап, қысқаша хатпен жауап қайтардым.

– Әділ сыныңды, пайдалы пікірлеріңді көңіліме ауыр алғаным жоқ..., – деген ойларын Мұхад ұзарта жауап қайтарып, өз тарапынан менен кешірім сұрапты. Бірінші шекісу мен бекісу арамызда осылай басталды...

Байқасақ бұл жерден соғыста қан кешіп жүрген адаммен бейбіт өмірдің өкілі, бірақ жазушымен арадағы шынайы диалогты көреміз. Егер ұлы жазушы Мұхад өзінің соғыс тақырыбына арналған «Намыс гвардиясы» кітабын гуманистік бағытқа арнаса, Баукең соғыстың тілімен, жауапкершілігімен, дәлдігімен, объективтілігімен сөйлеуді талап етеді. Өйткені соғыс жағдайында мәдениеттілік, биязылық, аяушылық көп жағдайда болмаса керек. Солай десек те, Баукең бұл жерде соғыстың инерциясы басылмаған қызу тілімен

қатқыл сөйлеп, сынады. Кітап авторынан соны талап етеді. Бұл жөнінен К. Маркстің мына сөзі тілге оралады: «Если характер человека зависит от обстоятельства, то стало быть, обстоятельство надосделать человеческими». Олай болса сын айтуды жұмсарту сияқты деген идеяны сол кездегі соғыстың қан ортасында жүрген геройдан талап ету ертеректеу сияқты. Яғни Баукең соғыстың жалпы тілімен, жағдайымен қаруланып сөйлеп тұр. Сол кездегі жүріп жатқан соғыстың қан қызуы жағдайынан қуаттанып өз ойын жеткізді. Соғыс аяқталып, бейбіт өмірге араласқанда жатық, гармониялық тілмен айту талабы орынды болар. Бұл жерде Маркстің сөзінің екінші жартысы, былайша айтқанда, уақыт өзгерген жағдайда сын мәселесін ғылыми – мәнерлі реліске бұру орынды болмақ. Бейбіт өмірдің – ақыл-парасатына сай, салмақтылығы мен төзімділігіне сай ғұмыр кешу қажеттілік.

Мұхадның ұлылығы, ит көйлекті бұрын тоздырғандығы көрініп-ақ тұр. Өйткені, адамның өңменінен өтетін сынға сынмен жауап қайтармай, жұмсартып барып мойындауы, шынайы мәдениеттілікті танытса керек. Дегенмен, от болып жанып тұрған Баукеңнің шындықты, қара қылды қақ жарып айту әділеттілігін жоққа шығарылмауы, тарих сөресінен орын алады. Мұхад сияқты алып тұлғалар ұсақ-түйектің пендесі емес. Екеуінің келер ұрпақ алдында жауапты екенін терең сезінуі болса керек.

Әрі қарай, Баукең мәселені былай өрбітеді: «Сөздің қысқасы екеуміз (Мұхадды айтады) сырлас бола бастадық». Баукеңнің сөз саптауына қарағанда, Мұхад оны көп сынақтан өткізіп барып сенеді. Мұхадның Разия ханым деген сұлу, татар тоқалы бар еді... Бір күні соны маған жіберіпті. Жаңағы әйел генеральный штабтан, менің адресімді сұрап табады. Онда мен пәтерде тұрамын. Вера Павлованың үйіндемін.

– Әйелім киінсін, – деп едім, ол қып-қызыл болып кетті. Үйге кірді. «От Мұхад Омархановича», – деп таныстырды.

– Мұхад Омарханович очень с вами хочет увидеться. Он вас ждет, – деді. Мен таңдана қарап ем:

– Если пойдете, обязательно приходите вместо со мной, – деп айтты деді.

– Рұқсат етсеңіз, Вера Павловнамен бірге барайын, мұны Мұхад біледі, – дедім.

Бардық бізді көріп Мұхад сасып қалды.

– Мұхад, Разия ханым сіздің ... болса, Вера Павловна менің ... – дедім.

– Сіз несіне сасасыз. Сіз маған ойнасыңызды жібердіңіз, ал мен де ойнасыммен келдім, айып етпеңіз, екеуміздің күнәміз тепе-тең.

Осыған көнсеңіз отырамын, – дедім. Мұхаң сасып тұрды, Разия мәселені түсінді, Мұхаң орнынан тұрып:

– Вера Павловна, я очень рад видеть вас, хорошо что вы приехали с Бауыржаном вместе, – деп сыпайылық танытты. Отырдық, заказ бердік. Сондағы бір кедергі, Разия қазақша біледі, Вера Павловна білмейді. Орысша сөйлесе бастады. Мен ұшқалақтап кейде қазақша соға беремін. Сонда Вера Павловна көзі бақырайып жалтақтай береді. Ондайда Мұхаң аударып отырды.

– Но, вы знаете я смущена, когда вы говорите по-казахски, я не понимаю, – деді Вера Павловна.

– Әй, тыныш, отыр! – дедім. Разия қызарып, Мұхаң сұп-сұр болып кетті.

– Вера Павловна, не смущайтесь, он пришел не для вас, а для меня, но вы знаете характер Бауыржана, – деп койды. Біраздан соң Мұхаң:

– Әй, Бауыржан қарағым, – деді. «Қарағым» деген сөзді бірінші рет естідім. Мені аямасаң да, мына Разияны аяғын, – деді. Бұл кісі қазақша түсінеді. Ал мақұл десең, тату отырамыз, – деді.

– Қазақша сөйлеуді қой, Вера Павловна түсінбейді. Бұл кісіні қойға кірген ешкідей етпегін, – деді Мұхаң.

– Мұның дұрыс, Мұха, – дегеннен басқа ешнәрсе демедім. Разиясы қу екен, ол аударма жасай қойды. Аударма жаңағы сөз емес, Вера Павловнаға:

– Говорит, что он к Вам относится с глубоким уважением. И очень рад видеть Вас сегодня у себя, здесь. Я всегда Вас считал одной из самых эрудированных женщин, я очень рад, что вы познакомились с Бауыржаном Момышулы, – деді. Мұхаң отырды да:

– За ваше здоровье, Вера Павловна! – деді. Оған Вера Павловна сеніп отыр.

– Бауыржан, енді сөйле, бірақ «оттамай» отырғын, – деді. Вера Павловна тағы да қарап қалды. Мен Разия ханымға:

– Переводите слова Мұхтара Омархановича, – дедім. Разия маған қарады да:

– Бауыржан не могу перевести, потому что не знаю, что за слова «оттама», – деді. Мен өзім аударайын деп ем, Мұхаң маған қарады.

– «Оттамау» на казахском языке имеет два смысла, – дедім. – Корень от слова «от» – это огонь, «оттамау» – это не подожди, оттамаудың екінші мағынасы в смысле «животные кушают траву» деген сөз. Вот два смысла, в одном смысле жгут, во втором кормят. Вот смысл, на казахском языке, – дедім. Мұхаң маған таңдана қарады.

– Я слушаюсь Вас, – деп орнымнан тұрдым да Вера Павловнаны сүйдім. Мұхаң сұрланып кетті де, Разия қуана күлді. Мұхаң

бұл әдепсіздік деп ойлады. Әр аурудың тілі болады. Ілияс Омаров өлерінде «Где Бауыржан» деп құлап өлді.

Баукеңнің (1910-1982) пайымдауынша, Мұхаң (1897-1961) жан-жақты, универсалды, білуге құмар адам болған. Ол да дұрыс шығар, өйткені «Абай жолы» эпопеясын жазып, оны әлем мойындау үшін, әлемдік классикалық элита тобына қосылу керек. Абай сияқты алып философтың даналық келбетін толықтай беру үшін, М. Әуезовтің өзі кемелденген философ болу керек еді. Абайдың «Толық адам» идеясын Абайдың образы арқылы М. Әуезов бере білді. Абай романына Бауыржан Момышұлы бұрын-соңды ешкім айтып көрмеген сын айтып, өзі әлемдік деңгейге көтеріле білді десек қателеспейміз.

Б. Момышұлы былай дейді: «Я очень не доволен...». М. Әуезовтің «Абайы» ұлы шығарма, бірақ кейбір жерлерімен келіспеймін. Неге? Себебі не? Ол кісі Абайды көтеремін деп, Құнанбайды кемітеді. Бұл өте үлкен қате деп білемін. «Иттен ит туады, боқ жейтұғын, малдан мал туады, шөп жейтұғын», – дейді. Осы принципті Мұхаң саясатқа бейімдеуге барды. Құнанбай – ол қазақтың Иван Грозныйы. Иван Грозный мақсатына жетті, Құнанбай мақсатына жете алмады. Мұхаң осыған түсінбеді. Мен бұл ойымды Мұхаң айтқанмын. Құнанбай қазақ мемлекетін жасауға ұмтылған адам. Қытай шекарасында наймандар бар. Құнанбай найманға тілін алдырта алмаған. «Ертеде ер екен қалың найман, Қалың найман қытайға қанат жайған, Қазақтың бағаналы руында, Бағасы асқан жоқ, Қойлыбайдан», – деді Мағжан. Мұхаң әкесі мен баласын қарсы қойған».

Егер біз ой тәуелсіздігі кезіндегі өлшеммен келсек, Баукеңнің Мұхтар ағасына айтқан сынының орны бар. Бірақ шығарманың социалистік реализм, былайша айтқанда, тап күресінің мықты орын алып тұрған кезінде жазылғанын естен шығармасак керек. Бай мен кедейдің арасындағы тап күресі, шығарманың желісіне салқынын тигізбей қоймады. Автор жас Абайды халықтан шыққан жас-жаңашыл өкіл деп көрсетсе, Құнанбайды бай-манаптардың мүддесін қорғайтын шонжар мен күштің символы етіп көрсетуге тура келді. Мұны Абай мен Құнанбайдың, бала мен әкенің арасындағы болған мына диалогтан байқауға болады. Құнанбай баласына: «Сен жайдақ, таяз, шалшық сусың, сенің суыңды кім болса сол ішеді, мал оңай лайлайды, кім болса соның қолы жетеді», – дейді. Абай, әкесіне: «Қарапайым адамдардың қолы жетпейтін, кешіп өтуге қауіпті, пайдасы шамалы, батып кететін терең су болғанша, халыққа қол жетімді болған жақсы» – деген мағынада жауап береді. Бұдан

Мұхтардың Құнанбайының бұқара халыққа дегендегі өзімшілдігін байқау қиын емес.

Бұл жерде автор идеялық текетіресті көрсетпесе, орталық биліктің (Москваның) пиғылы мен ойына қарсы келгендік болып есептелінетін еді. Алайда, Мұхаң таптық қайшылықты айналып өтемін деп, бай мен кедейдің арасындағы таптық жіктің тігісін жатқызамын деп, бірнеше рет қудалауға түсіп, абақтыдан бірақ шыққан жағдайлары да бар еді. Біз білетіндей аталмыш эпопеяның дүниенің есігін ашпай мәңгіге жоғалып кете жаздағанның куәсі болар едік. Әрине бұл жерде, Мұхаң шындыққа қиянат жасағанын іштей білмей қойған жоқ, білді. Бірақ амал нешік. Тар заманда тайғақ кешуге тура келген сияқты. Абайдың мына философиялық мәні бар сөзі ойға оралады. «Адам заманды билейді, заман адамды илейді». Сол кездегі тап күресінің нәтижесіндегі социалистік билік заманды билеп-төстеді, ал бірақ социалистік идея адамның өзін биледі, езді, айтқанына көндірді, дегенін айтқызды. Көнбегендерді күшпенен көндірді. Бұл жерде Әуезовтің ішкі дүниесі замана талабына сай өзгерген сияқты.

Қолдан жасалынған замана кемшіліктеріне түсіністікпен қарап, келер ұрпақ өзі түзетіп алар деген үмітін үзбеген. Солай болды да. Дей тұрсақ та, М. Әуезов алыстан Лев Толстой, Ф. Достоевский сияқты т.б. алыптардың қатарынан табылды.

Керісінше тап күресіне арналып жазылған, оны көп шығармалардың өзегі етіп алған, пролетар жазушысы Сәбит Мұқановтың еңбектері кедергісіз, оңай жарық көріп жатты. С. Мұқановтың жалған, басқаларды айыптап жазған арыздарынан біраз авторлар жапа шеккенін жоққа шығара алмаймыз. Б. Момышұлы осы және басқа қылықтары үшін Сәбенді сынға алғанын да білеміз. Сайып келгенде М. Әуезовтің шындықтан ауытқып, Абай романында әке мен баланың диалогының қарама-қарсы болуы мәжбүрлі жағдайдан болған еді. Мұндай компромиске бармағанда автор да, оның эпопеясы да жарық көрмей, тұншығып өліп қалған болар еді.

Екі дара тұлғаның (Мұхаң мен Бауыржанның) қарым-қатынасы бірден сараланып, тегіс болмағанын Баукең ертеректе айтқан. Дегенмен, халық мақтанышына айналған, беткеұстар азаматтары, қазақ халқының рухани байлығын еселеу бағытында мүдделерін тоғыстырды. Баукең былай дейді: Мен Мұхаңның атын бала кезімнен білетіндердің бірімін. Мен шетте өскен қазақтардың біреуімін. Ол кісіні сыртынан ғана білетінмін. Ұлы Отан соғысының бас кезінде менің атағым ел аузына ілінді. Содан бастап, орысша айтқанда «меня без меры хвалили и без вины терзали...». Менің даңқым

Мұхаңның да құлағын еліртіпті. Ол кісі майданда жүргенімде маған сегіз хат жазды. Бірақ та ол хаттарын кейіннен «ұлтшыл Бауыржанның» кәсапатынан қорқып, менің академиядағы архивімнен өзі ұрлап алып жойды. Мен ол кісіні ешуақытта кешірмеймін. Қара жер айтып бара берсін. Кешірмеймін.

1943 жылдың декабрінде мен Алматыға келдім. Жол-жөнекей мені құрметтеп елім қарсы алды.

– Ел абыройы, ел ағасы, халықтың адал перзенті... – деп, тағы басқа шебер жаттама сөздерді шұбыртып сөйлеп Мұхаң мені құшағын жая қарсы алғандардың бірі болды. Мен ол кісіні аға тұтып тәжім еттім. Бір кеш көп отырып сөйлестік. Бір-бірімізді аңдып сөйлестік. Мұханды мен жездім. Елдің пікіріне қарағанда Мәліктен гөрі Бауыржан терең ойлы екен, – депті Мұхаң. Үш күннен кейін Мұхаң менің үйіме келді.

– Сенің хаттарыңды алдым, Абай туралы дұрыс айтқан пікірлеріңе мың алғыс... «Намыс гвардиясы» туралы айтқан ескертулеріңе толығынан мен қол қоямын... Біздің үйге келіп бүгін кеште дәм тат, Қаныш, Сәбит, Қалыбек, Ғабит, Ғабиден... тағы сол сияқты ардагерлерімізбен бас қосып отыралық. Танысқын солармен... – деп шақырумен сөзін аяқтады Мұхаң.

Мен Дмитрий Снегинді жұбайымен ерте бардым. Ас алдында Мұхаңның кең кабинетінде бір сағаттай жалпы пікір алысып отырдық. Кең дастархан үстінде мен туралы көп жылы сөз, лебіздер айтылды. Сәбит жұбайымен кешігіңкіреп келді. Қаныш қарсы алдымда сіресіп мені сынап отыр. Оң жағымда Қалыбек пен Ғабит те мені сынап отыр. Ләж жоқ, бірінші кездесуіміз ғой арбасу үстіндеміз.

Сәбит Мариям екеуі кешіккендері үшін, себебін айтып, кешірім сұрады... «Ал енді жолдастар, осы ел азаматы Бауыржанды бәріміз де жақсы көреміз...», – деп тілі күрмеліп шұбырта сөйлеп, сөзін зорға аяқтап, рюмканы қотара жұтып, палауды үшінші рет асағанда тұтылып, шашалып, аузындағысын стол үстіне бүркіп жіберді. Мариям қызара бөрітіп Сәбиттің жеңінен тартып қалды. Сәбит болса жалтақтап ары-бері қарады да, монтиып отыра қалды.

Қалыбек арақты бастырмалатып ішіп отыр. Ғабит те одан қалысар емес... Ол кезде менің бұзылмаған кезім, арақты өте аз ішемін. Таң қалып отырмын. Қаныш қысылғанынан Мұхаң мен Валентина Николаевнаға қос ұлдарын құттықтап, оларды «стахановшылар» деп атап қалжың сөздерін айта бастайды.

– Иә, Бауыржан, – деп тілі күрмеле бөлді, Қаныштың сөзін Сәбит. – Мұхтардың қос ұл перзенттері бар... Бірінің соңынан бірі

жарыққа шықты. Ернар ... тағы біреуінің аты жадымда жоқ ... солардың денсаулығы үшін. Нәрестелер ер жетіп, ел азаматы болсын. Құттықтаймын.

Қалыбек алжи бастады. Ол менің қолтығымнан түртіп ыржыңдап күліп:

– Мен елді күлдіру үшін бір ауыз боғауыз әңгіме айтайын ба? – деді.

– Қойыңыз, ақсақал. Мұнда келіндеріңіз отыр. Ол орынсыз болар.

– Жоқ, айтамын.

– Қойыңыз, басқа жерде айтарсыз, – деп зордан доғардым. Шувовские нравы Қалыбека.

– Менің кешігіп келген себебім, бүгін Құрманғазының юбилейі екен. Оперный театрда үлкен мәжілісте болып қайттым, – деп кешірім сұрап Қаныш сөзін бастады.

– Әлгі Ахмет Жұбанов байғұс жалғыз өзі торғайдай болып, суық залда фрак киіп, қалшылдап тұрып баяндама жасап, оркестрді басқарып...

– Біз Құрманғазыдан үлкен емеспіз ғой. Бұл дастарханға сол кештен кейін отырғанымыз дұрыс болған екен, – деп мен Қаныштың сөзін бөлдім.

– Ол өзінше өтіп жатқан мәжіліс қой. Сен келген соң, әдейі дайындалып едік... – деп Мұхаң күмілжіп сөйледі.

– Мен бір күлдіргіш боғауыз айтайыншы, – деп килікті Қалыбек.

– Келіндеріңізден ұят болар, қойыңыз, – дедім мен.

– Ей, Ғабит! Меніңше, мынау өзі төбет сырттан, көкжал болуы керек..., – деді тілі күрмелген Қалыбек.

– Меніңше, бұл... Эскери бутафория (итал. 1. Предметы сценической обстановки, специально подделанные под настоящее; 2. Настоящие предметы, служащие только для показа или рекламы; 3. Мишура, поддельная роскошь. Т. Ж.), – деді оған сыбырлап Ғабит.

– Ал, Мұха, Валентина Николаевна. Сіздерге көп рахмет біздің үйде ауылдан келген қонақтар бар еді. Рұқсат болса, біз қайтайық.

– Неге сондай асығыстық? Әлі үлкен ас алдымызға келген жоқ қой. Әдемі қой сойып едік сен үшін. Сосын басын...

– Рахмет, Мұха. Дмитрий Федорович! Валентина Николаевна и Мұхтар Омарханович нам разрешают покинуть эту компанию, – деп Мұхаңның сөзін бөліп мен жұбайымның шынтағын сүйеп орнымнан тұрдым. Снегин де жұбайымен орындарынан тұрды. Мұхаң сұп-сұрланып, күйбелектеп бізді киіндіріп есігінен шығарып салды. Көз жанарында: «Бұл қылығыңды еш уақытта кешірмеймін» дегенін сезіп, есік алдында:

– Қонақты таңдап шақыра білмеген өзіңіз кінәлісіз, Мұха. Мен сізден кешірім сұраймын. Сау болыңыз, – дедім.

Баукең ары қарай былай еске алады:

«Мен бір ай қызмет істедім. Я привел в порядок свои фронтовые записи и графический написал в двух сменах боевой путь панфиловской дивизии, в газетах, журналах, давно опубликовал свои некоторые статьи, рассказы, стихотворения.

Я работал в кабинете отведенном для меня ЦК КПК. Күндіз күтпеген жерден Мұхаң кіріп келді. Столда шашылып жатқан қағаздар... ол кісі таңдана қарады. Мен үстірт шолу жасап, жазғандарымның бәрін баяндадым.

– Бұның бәрі өте ғажап нәрсе екен.. Схемаларың қандай жақсы... Бұларыңды қашан аяқтамақсың?

– Тағы бір жеті уақыт керек болар.

Келесі жетінің аяғында Мұхаң тағы да күтпеген жерден кіріп келді.

– Мен Қанышқа көрген-білгенімді айттым. Кешір, сенің рұқсатыңсыз айттым... Әр мұраның арнасы бар.. Сен бізге сырынды айтып кеткін. Ұстара жүзіндегі заман. Расшифруй нам, что ты написал, что ты начертил... Қаныш мені саған жұмсады..

– Жарайды Мұха. Екі күннен кейін».

Бұл жерде істің мәнін байқасақ, Мұхаң келер ұрпаққа рухани азық болсын деп, кешегі сұрапыл соғыста қан кешкен адамның басынан кешкен азаптары мен ерліктерін халықтың құлағына жеткізіп, санасына сіңірсін деп, Ғылым академиясының президенті Қ. Сатпаевқа айтып, лекция ұйымдастырудың ұйтқысы болған кез. Халқымыздың рухы биік болсын деп, Баукеңді халық алдына шығарып сөйлетуді жөн көрген Мұхаңа – тарих бас иеді.

«Конференц-зал Академии Наук. Ограниченная аудитория. На стене две мои схемы. Төрде сам президент Сатпаев.

– Сегодня мы собрались, избранный круг работников науки, литературы и искусства для того, чтобы, пользуясь пребыванием а Алма-Ате гвардии полковника Бауыржана Момышұлы, из его уст услышать ряд эпизодов из истории Великой Отечественной Войны, и в частности, 8-й гвардейской дивизии имени генерала Панфилова.

Совершенно бесспорно, что события, которые протекают на наших глазах, станут достоянием всемирной истории, ими будут заниматься и исследователи будущего поколения. В этих величайших, исторической значимости событиях, в ярких эпизодах, особенно важное и принципиальное значение когда решалась судьба страны и проходили бои за Москву. Наиболее ответственные рубежи защи-

ты Москвы, к чести и славе Казахстана, были поручены дивизии, сформированный в Казахстане генералом Панфиловым. Эти события для всех нас очень ценны и мы должны знать об этих величайших битвах.

Полковник Бауыржан Момышұлы, является не только участником этих ярчайших военных событий, но он является ведущим командиром, и тем ценнее для нас его беседа. Здесь присутствуют представители литературы, науки и искусства, которые могут отразить в своих творческих работах ценнейшие эпизоды, рассказанные полковником Бауыржаном Момышұлы, мы услышим ценнейшую беседу – лекцию гвардии полковника Бауыржана Момышұлы. Я думаю, что это будет проходить не в виде одной беседы, а в виде 3-4 лекции, органически увязанных посвященных развитию и анализу деталей ярких эпизодов войны.

Разрешите предоставить слово гвардии полковнику Бауыржану Момышұлы, – деп бітірді президент сөзін.

Мен Қанышпен таныс емеспін. Ол кісі менің не істеп жүргенімнен хабарсыз адам болуы керек. Бірақ та Қаныштың сөздерін оқушылар өздері бағалай. Қаныш ақылды, терең ойлы кісі екені даусыз. Бірақ та, маған да, Қанышқа да ой салған осы кездесуді ұйымдастырған Мұханның зеректігі екенін мен мойындаймын. Саныз рахмет айтамын. Мұхан болмаса, менің 36 сағат лекциям болмас еді деп ойлаймын.

Я подозреваю, что текст вступительного слова президента Каныша, было подсказано Мухтаром Ауэзовым, ибо Каныш меня совсем не знал и мне очень лестно отзывался ибо мне после моего демонстративного ухода из дома Ауэзовых недожидая бесбармака – он считал этот мой поступок весьма бестакным».

Баукеңнің 36 сағаттық лекциясы аса қызықты болып өткенге саяды. Соғыстың дүрсілін алыстан естіп жатқан халыққа болған оқиғаларды, оның қан ортасында жүрген адамның аузынан есту үлкен әсер қалдыратыны анық. Оның үстіне соғыста өзінің тәртіптілігімен, жауапкершілігімен, батыл-батырлығымен, жоғары патриоттылығымен атағы шыққан майдангер-офицердің шешендік тәсілмен аудиторияны баурап алуы, үлкен азаматтық пен патриотизмнің нышаны болды. Осындай керемет қасиеттерін байқаған Мұханның қалмай жүріп Баукеңді кең аудиторияға әкелуі кездейсоқ емес еді. Айтысына қарағанда, Баукең жай ғана болған істерді баяндап қана қоймай, шешендік әдіспен, соғыстың тактикасы мен стратегиясын, психологиясын ғылыми тұрғыдан түсінікті қарапайым тілмен, орысша да, қазақша да айтып беруі тыңдармандарды

таң қалдырса керек. Өйткені соғыстың тілін, бәріне түсінікті қарапайым тілмен оңай жеткізу екінің бірінің, әсіресе, әскери адамның қолынан келе бермейтін күрделі тірлік. Соғыс туралы қалам тартып жүрген М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, т.б. сияқты азаматтық авторлар бар болса көзімен көріп, қолымен ұстаған автордың сезімі мен пікіріндей болмасы өзінен-өзі түсінікті. Баукеңнің уәждерге, жауға дегендегі эмоция мен қол қимылдарына толы әңгіме баяндамалар, бұрын-соңды мұндай форматта болмағандықтан, аудиторияда терең әсер қалдырды, сілтідей тынып тыңдады. Бұл халықтың бір жағынан жауға деген өшпенділігін еселеп арттырса, екіншіден олардың патриоттық сезімін ұштап, тылдағы қайратқажырын арттырып бекем етті. Аудиториядағы жазушыларға, журналистерге, ғылыми адамдарға, жастарға, былайша айтқанда творчество жаңа реалистік бағытта от тастап, жаңа серпін берді. Жаңа дәуірдегі соғыстың философиясы мен психологиясынан хабардар етіп, халқын сақтыққа «Отан үшін отқа түссең күймейсің» деген патриоттық психологиясын жандандырды. Баукеңнің пайымдауынша, соғыста неміс әскерлері мен совет жауынгерлерінің психологиясы екі түрлі болды:

Гитлер агрессорлық саясатын философ Ф.Ницшенің расистік концепциясымен негіздеді. Расизм – адам баласы нәсілдері туысынан екі түрлі: біреулері – жоғары асыл, ақылдық, төзімді, біреулері – төмен, әлжуас болып ажыратылады дейтін адамгершілік пен прогреске қас, ғылым жолына қарсы реакциялық мәні бар концепция. Ницшенің пайымдауынша, жай адамдар маймылдарға қандай көзқараспен қараса, немістер сол адамдарға сондай дүниетаныммен қарау керек деген ұғымды қалыптастырды. Мәдениет пен өркениетті жасайтындар «Күдіретті адам» басқарған жоғарғы адамдар деген антипрогрестік идеядан таймады. Гитлер былай деп бөсті: немістердің алпыс екі тамырынан ерекше құрамы бар көгілдір қан жүгіріп жылжиды, сондықтан олардың әлемдік үстемділік орнатуы заңдылық. Сондықтан неміс халқының әлемді бағындырып басқару агрессорлық ниеті жолындағы іс-әрекетін құдайдың өзі қолдайды, деп даурықты. Мұндай саясаттың әлемдік пікір алдында әділетсіз екеніне мән бермеуге тырысты, соғыс қимылдарын бастамай жатып-ақ әлем жұртшылығы алдында өзін-өзі әшкерелеп, агрессор ретінде танытты, прогресшіл адамзаттан теріс бұрылды. Оның соғыста ұтылуының басты себептерінің бірі осы болса керек.

Адамзат тарихында әділетсіз соғыстың халықтар қаһарына ілігіп баянсыз аяқталуы, әділеттіліктің күдіреттілігінен болса керек.

Оны қолдаған адамдардың ғұмырларының абыройсыз аяқталуы, тарих логикасымен сабақтасып жатады. Ницше жын қағып, бақилық болса, расист Гитлер өзінің соратниктерін бензин отына орап өлтірді. Тарих логикасына қарсы жүру опатқа әкеп соғады.

Айта кетер болсақ, дүниедегі қандай болмасын, рухани өзгерістердің, заңдылықтардың тұтқасын философия ұстаған, философтар жол көрсеткен, не шықса солардан шыққан. «Философия – барлық ғылымдардың атасы», – деп Аристотель кездейсоқ айтпаған. Өйткені олар барлық қоғамдық құбылыстардың ұйтқысы болған, кез келген дәуірге анализ жасап бағыт-бағдар берген де философтар еді. Дүниенің даму бағытының тамыршысы әрі бағыттаушысы, түрлі дефинициялардың авторы философтар болып келеді. Былайша айтқанда, адам санасындағы күре тамырлар өзгерістердің архитекторлары философтар болып келеді. Нендей құбылыс болса да, солардың идеялық бастамаларымен іс жүзіне асады. Мысалы, Александр Македонскийдің идеялық тірегі Аристотель болған. Тарихи, ғылыми тұрғыдан негізделмеген, антиғылымдық тұрпаты бар – эгоцентризм. Ол әртүрлі центризмдердің зардаптарын шекті. Кезінде тәуелді елдердің халықтарын құлға айналдырып қорлаған, кейін ғылыми техникалық деңгейі бойынша адамзаттың өзге бөлігін артта қалдырып, әлемдік өркениет сахнасына шыққан, соған орай ғылымға ықпалын жүргізіп келген әртүрлі центризмдер тарихты бұрмалауға тырысты. Солардың ішінде, XX ғ. тарихқа, ауқымды және орасан зор қиянат жасауды алдына мақсат етіп қойған «евроцентризм» болды. Еуропалықтар өздерінен басқаның барлығын екінші сортты халықтар деп санап, олардың ішінен расистер немістерді бөліп алып оларға ерекше статус берді, ал өздерін дәріптеген көне қытайлықтар «Аспан асты» еліміз деп дараланғысы келді. Жалғандығы мен жасандылығы басым әртүрлі центризмдер тарихты бұрмалап халықтардың рухани және материалдық дамуына нұқсан келтірді. Бұл қиянат тым ерте заманнан, өркениетке өзгелерден бұрын қол жеткізген адамзат баласының бір бөлігінің менмендік астамшылдығымен ерекшеленіп, өздерін басқалардан жоғары ұстап, аяусыз жаулап алып, халықтарды іштей жіктеп «біз және басқалар» деп бөлектенуінен басталған. Мұны ғылым тілінде «эгоцентризм» дейді.

Сталин әділетті саясат концепциясын ұстанды. Бейбітшілікті Совет халқы баянды коммунистік қоғам құрудың алғы шарты деп түсінді. Совет басшылығы, гитлершіл жолмен Германиямен қақтығысудың реалды екенін білсе де, Германиямен барлық мәселелерді бейбіт келіссөздер арқылы шешуден тұрақты түрде бас тартпа-

ды, шаршамай күресті. Әлем жұртшылығының алдында әділетті бейбітшілікті талап етіп жақтаудан танбады.

Гитлер өзі дайын болғаннан кейін, соғысты 1938 ж. ашып жіберуді жоспарлаған-ды. Бірақ Сталиннің ұтқыр дипломатиясының нәтижесінде, соғыстың басталуын үш жылға шегіндірді. Бұл Германия мен Совет Одағының арасындағы экономикалық және әскери алшақтықты аздап болса да, еңсеруге мүмкіндік берді. Дегенмен, Гитлер опасыз соғысты бәрібір бастап жібергенінің куәсі болдық. 1941 ж. 22 июньде Совет шекарасында қарама-қарсы тұрған екі әскери күштің қай жағы алғашқы болып атар екен деп, әлем тынысын ішке тартып отырды. Сталин шекарада тұрған генералдарына провокацияға барып бірінші болып оқ атпауды, сөйтіп агрессор атағын алмауды қатаң талап етіп отырды.

Айтқандай, Гитлер опасыздықпен шекараны бұзып бірінші болып оқ атып, шабуыл жасап, әлем жұртшылығы алдында «Агрессор» басқаның жерін күшпен тартып алу үшін әскер күшімен шабуыл жасаушы деген атаққа ие болып, саяси жағынан ұтылып, әділетсіз соғыстың бастамашысы атанып, өзін-өзі әшкереледі. Аяғында өзінің авантюралық антипрогрестік пиғыл, іс-әрекеттерінің құрбаны болды. Қоғамын орасан зор шығынға ұшыратып, ауыртпалықтарын арқалап, лағнетқа ие боп кетті. Жалған идеяның зардаптарының шын бағасы осындай болмақ.

Оның дәлелін адамзаттың ұзын-қысқа тарихынан көруге болады. Тәуелсіздігі мен бейбітшілігін қорғаған халықты ешқандай агрессор жеңе алмаған. Агрессия мен бейбітшілік тарих сынына түсіп айқасқанда, бейбіт сүйгіш халықтың Отанын қорғауда мерейінің үстем болатындығы тарихи шындық. Агрессор қолбасшылардың – парсы елінің патшасы Кир мен Жоңғарлардың қазақ жеріне, Француз императоры Наполеон мен неміс Гитлердің орыс жеріне, американдықтардың Вьетнам еліне, моңғол қағаны Құбылайдың Қытай жеріне сұқтануы баянсыз аяқталып, абыройсыздықпен жеңіліс тапты. Арғы жағы айтпаса да түсінікті.

Баукең былай жалғастырады: елдің атын ер шығарады, Шоқан, Абай, Ыбырай, Жамбыл бір-біріне ұқсамайды, әрқайсысының өздеріне жарастықта атақ шеңберлері бар. Тарихта орындары бар. Мұханның орны ғылымда, әдебиетте, қоғамда, тарихта. Мұханның көзінің тірісінде ол кісіні біз де, достарымыз да, дұшпандар да «Қазақтың ұлы перзенті» деп таныған. Абзал аға, әлемге атышулы жазушы, зерек ұстаз ғалым, белгілі қоғам қайраткері, халқының ұлы перзенті Мұханның ұзақ сапарға аттанғанын естігенде, қабырғам қайысып, жүрек-бауырым құм болып, еңіреп жыладым.

Мұхаң бізге сегіз қырлы, көп сырлы мұраларын қалдырды. Кең мұраныз жас ұрпақтың сансыз алғыс айтуына күмән келтірмейді. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, ағатайым!

* * *

Б. Момышұлы – Ж. Шаяхметов

Баукең – үлкен адамгершіліктің, білімділіктің тұтқасын берік ұстай білген тұлға. Өзі көтерілген биікке өзгені де көтеру үшін ешнәрседен қаймықпай, тайынбай өрге құлашын сермей білген. Әдетте, ұлы тұлғалар Отанға еңбегі сіңген айналасындағыларды өзіне тарта біліп, олардың қызметін паш етіп көтере біліп, жұртқа үлгі болсын дегендей оның құндылықтарын жариялап айтудан жалықпаған. Кімнің болсын қоғамға, қара орман болған Отанға, еліне сіңірген еңбегі мен қызметі келер ұрпақтың рухани азығы болсын дегендей, оларға асқан жанашырлықпен қарау екі кісінің бірінің қолынан келе бермеген. «Ешкім еш уақытта ұмытылмайды, ешнәрсе естен шықпайды» деген қанатты сөз соғыс табиғатымен өлшенетін құндылық болғандықтан, оған Баукең аса жауапкершілікпен қараған-ды. Соның бірегейі, әскери ұстазы, әрі қолбасшысы, әрі досындай болып кеткен ағасы іспеттес генерал Иван Васильевич Панфилов туралы жанашырлық қамқорлығы еске түсе береді. Сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Жұмабай Шаяхметовке Москва түбіндегі шайқаста қайтыс болып кеткен генерал И.В. Панфиловтың есімін мәңгі етіп қалдыруға байланысты үлкен жанашырлық, патриоттық сезіммен жазған хаты туралы айтуға болады:

«Қадірлі Жұмеке! Я не сомневаюсь, что в правительственных кругах Казахстана продолжают по сердцу отдавать должное делам боевых гвардейцев – Казахстанцев Панфиловской дивизии. Я не имею оснований сомневаться также, что «ЦК партии и Правительство Казахстана помнят, что в ноябре 1946 г. исполняется пятилетие боев под Москвой, пятилетие со дня гибели Ивана Васильевича Панфилова, пятилетие преобразование первой боевой дивизии из казахстанцев в 8-гвардейскую дивизию».

Не распространяясь о значении и роли той дивизии в тогдашней оперативной обстановке, в решающем историческом сражении под нашей Столицей, призванном общественным мнением и союзным правительством как достойный вклад Казахской Республики в дело общей борьбы с врагом и имеющим право на достойное место в истории Казахстана, в истории его участия в Великой Отечествен-

ной войне, считаю своим долгом (не целью вмешательство во внутренние дела) поделиться по порядку следующим:

Дату – 17 ноября 1941 г. мы считаем днем проявления высокого героизма личным составом дивизии, днем проявление высокого патриотизма и творческой инициативы сынами Казахстана и тяжелый час испытания. В эти дни, второго тура наступления немцев на Москву, с особенной яркостью проявились тактическая зрелость, большевистская моральная стойкость офицерского состава дивизии под руководством Ивана Васильевича Панфилова, выразившиеся в искусстве умелого ведения маневренно-оборонительных боев против превосходящих сил противника и приведших к крушению его наступления на этом участке. Военные специалисты продолжают признавать действия дивизии, как образец оборонительных боев, сочетавших в себе основные принципы оперативно-тактических установок Верховного Главнокомандующего (И. Сталина) в этот период войны – сковать, перемолоть живую силу и технику врага, обескровить его и выиграть время для последующего контр-удара мощными резервами».

18 ноября 1941 года мужество бойцов и офицеров и полководческое искусство генерала Панфилова – нашли Правительственное признание. Дивизия была преобразована в гвардейскую и награждена орденом Красного знамени, что принесло большую радость и все лицо законную гордость в казахстанцев фронта и тыла, чему свидетелем вы были сами.

В тот день в ореоле славы народного героя на поле боя погиб Иван Васильевич Панфилов, оставив после себя, как боевое наследие, благородные традиции боевого содружества сплоченности, инициативы войнов братьев разных национальностей, объединенных под гвардейским знаменем его дивизии, что и породило неоднократно достойное поведение войнов и массовки герои и в последующих боях за Родину, как выполнение боевого завещания первого командира дивизии.

И наконец, в эти дни и с тех времен по всей Советской Земле пронеслась слава о 28 панфиловцах, как о вершине проявления массового героизма, установилась, как незримый символ высокого патриотического чувства всех честно сражившихся войнов.

Надеюсь, что Вы, не сочтете излишним такое странное вступление. Короче говоря, я хотел в этом письме сделать некоторые предложения по поводу предстоящего пятилетия вошедших в историю дней, обо долг нашей совести перед кровью и героическим духом обязывает чтить память и на коленях произнести с сердцем за упокой души погибших – «Аумин».

Для «Тіріге сәлем, өлгенге бата» следовало бы, уже теперь создать авторитетную комиссию по подготовке и проведению предстоящего пятилетия.

Далее рекомендуются мероприятия состоявшиеся из 7 пунктов: Это организация выставок, посвященные боевым действиям панфиловцев (карты подмосковных боев, фото-документы, газеты, письма, телеграммы), выставить скульптурные портреты И.В. Панфилова, его боевых соратников и героев дивизии; Слет демобилизованных панфиловцев-ветеранов подмосковных боев, доклады, выступления и т. д.; мероприятия по проведению как багырских айтысов, представлений и жоктау по Панфилову и погибшим героям; организовать просмотр документальных и художественных фильмов; работу тыла, о людях вернувшихся к родному очагу, станку, полям, восстановления и т. д.; показ постановки в театрах и кинотеатрах посвященные многонациональному составу дивизии к Панфилову:

Издать: биографию генерала И.В. Панфилова, под названием «Генерал Панфилов и его дивизия», «Люди Панфиловский дивизии», «Сборник стихов».

Далее Б. Момышұлы пишет, что со своей стороны, закончивает хронику на казахском языке, «Хронику одного дня» (17 ноября 1941 г.) – отрывок из воспоминаний под общим названием «Облик война» и работу над третьей книгой «Волоколамское шоссе» (А. Бека).

О том что широко отмечанное пятилетие участия Панфиловский дивизии в подмосковных боев и дня героически смерти И.В. Панфилова, безусловно, весьма положительно повлияет на мобилизацию общественного мнения на выполнение задач, стоящих сейчас перед нами»...

Бұл жерде тарихта теңдесі жоқ сұрапыл соғыстың халқымыздың басына түскен адам айтқысыз ауыртпалы зардабын айта келіп, Баукең Москва түбіндегі қиян кескі соғысқа бес жыл және генерал И.В. Панфиловтың опат болғанына да бес жыл толуына байланысты оларды есіне алу жағдайы сөз болады. Қаны кебе қоймаған жаңа жараның тәрбиелік мәні ұрпаққа үлгі болу үшін, соғыстың аса ауыр да тағдырлы болғанын еске алу үшін Орталық биліктің еске алуы мақсатында жазылған-ды. Оның бергі жағында «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» дегендей, бауыр басып кеткен генерал Панфилов туралы естеліктер халық арасында кеңінен тарасын деген ой мазалап оны бір минут та естен шығармауға мәжбүр еткен сияқты. Генерал Панфилов жас офицер Б. Момышұлының көзінен от жанып тұрғанын, өткірлігін, табандылығын, әділеттілігін, сөзінің жүйелілігін байқап, оған қол астындағы жәй ғана ба-

ғынышты офицер-командир ретінде қарамай, керісінше, терезесі тең тұлға ретінде бағалап сеніммен қарауы – Баукеңнің бойындағы табиғат берген қабілеттіліктің толыққанды сыртқа тебуіне бірден-бір шешуші себеп болғандай. Баукеңнің намысын жаныған Отан қорғау коммунистік идеясына негізделген аса жоғары деңгейдегі жауапкершілігі, идея үшін қасық қаны қалғанша жаумен арпалысып жағасын жыртуға дайын екендігі, туған елін, жерін қорғауға патриоттық сезімінің күдіретті екендігін байқаған генерал Баукеңнің соғыс тәсіліндегі тактикасы мен стратегиясын жоғары бағалаған, оның пікіріне басқаларға қарағанда көбірек құлақ түрген. Баукең табиғатында әділеттілікті, «қара қылды қақ жарып» әділ баға беретін, «бетің бар жүзің бар» демей, ащы шындықты бетке айтатын өткір тұлға болғандығын білеміз. Ол әскерде қаталдық пен әділеттілікті жауапкершілікті үйлестіре білген, өзіне сеніп тапсырылған офицерлер мен сарбаздарға асқан қамқорлықпен қарап, ағалық ақылын айтып, түзу жолға сала білетін көшбасшы әрі ұстаз болғанын ол туралы жазылған көптеген естеліктерден білеміз. Ол өз пікірін қандай лауазымды немесе мәні бар адам болса да тайсалмай, бүкпесіз айтып салатын өткірлігімен көп адамға жақпай қалатын жерлері де болған.

Соғыс қатал жүріп жатқанда, Баукеңнің ерлігіне қанық болған генерал Рокоссовскийдің (Баукең әскери қызмет еткен армияның қолбасшысы) келісімімен генерал И.В. Панфилов оны Совет Одағының Батыры атағына ұсынғанда, ол Москва тарапынан аяқсыз қалған-ды.

Ал соғыстан кейін Қазақстан басшысы Д. Қонаев та, бұл мәселені бірнеше рет Москва алдында көтергенде, ол да нәтижесіз аяқталған еді. Оған себеп сол кезде СССР Қорғаныс Министрі болып тұрған А. Гречконың кектенуі теріс ықпалын тигізсе керек. Табиғатта, қоғам өмірінде себепсіз ешқандай құбылыс пайда болмайды. Б. Момышұлы 1950 жылы Москвада Совет Армиясы Бас штабының жоғары әскери академиясын бітіріп, сонда дәріс береді. Шынтуайтқа келсек, ұстаздардың ішінде басқа да ұлт өкілдерінің ішінен дәріс берген жалғыз Б. Момышұлы болды. Оның дәрісіне үлкен шенді әскери офицерлер: генералдар, полковниктер, т.б. қатысады. Газет беттерінен мынадай жолдарды оқыдық. Әдетте лекцияның соңында оның мазмұнын талқылау басталады. Пікірталасу барысында бір тындаушы басқа ешнәрсе таппағандай, лекторға сөйлеу тіліндегі акцентінің бар екендігі туралы бірнеше рет қайталайды. Келесі талқылауда да әлгі мардымсыз ескерту қайталана берсе керек. Мұнысына шыдамы таусылған Б. Момышұлы іркіліс беріп, орыс тілінде мықтап тұрып балағатқа жақын сөздерді көсіл-

тіп айтып-айтып жіберіп, пауза жасап, жаңағы ескерту айта берген тыңдаушыға қарап: «Айтқан сөздерімде акцент бар ма?» – деп шүйліге жауап күтеді. Ол: «Акцент жоқ», – деп жауап береді. Б. Момышұлы: Олай болса, мәселе акцентте емес, лекцияның мазмұнында, сіз формаға жармаса берменіз, егер, сіз, қазақша сөйлесеніз, сізде міндетті түрде акцент бұдан да көп болар еді, – деп бағалады. Сөйтсе, сұрақ қойып, өзінен-өзі қатты ыңғайсызданып ұялған генерал, болашақ СССР қорғаныс министрі А. Гречко екен. Империялық шовинизм тұрғысынан кемсітіп сөйлегенінің жазасын тартқан-ды. Біз білетіндей, адами мінезде кектену феномені болған жағдайда, әділеттілік өзінің арнасынан ауытқитындығының да куәсіміз. Бұл бұрмалаушылықты, біз тәуелсіздік алып болғаннан кейін, бергін келе, Елбасы Н. Назарбаев, әділдіктің ақ жолына қайта түсіріп, Москва басшылығының алдында қайта қойып, Баукеңе Жеңіске сіңірген шынайы еңбегін қайта бағалап, Совет Одағының Батыры деген атақ берілді. Бір өкініштісі, әттең бұл атақтар, соның ішінде генерал атағы – тарихи әділетсіздіктің болғаны өзінен-өзі көзге ұрып тұр.

Баукеңнің көзінің тірісінде берілсе ғой, ол құндылық баға жетпес ұлттың абыройы болар еді. Мұндай әділетсіздіктің себептерінің Қаз ССР Халкомсовының және Министрлер Советінің председателі Н. Оңдасынов (1938-1951) пен Қазақстан ОК 1-секретары Ж. Шаяхметов кейін (1938-1945) екеуінен болғандығы кейін Н. Оңдасынов Б. Момышұлынан екеуінің атынан кешірім сұрағанда белгілі болады. Мұны Б. Момышұлы кейінірек өз естелігінде келтіреді. Бірақ әділеттілікті сүйер қауым, оның ішінде кешегі көп ұлтты Совет халқы, кезінде мұндай қиғаштықтың қайдан есіп тұратындығын да көріп-біліп, сезіп отырады. Ұлы державалық шовинизм өзінің кері әсерлерін тигізбей қойған жоқ. Ол тарихи тағдырдың ісі еді. Халқы оған Батыр деген атақты әлдеқашан-ақ беріп үлгерген еді. Б. Момышұлы саспай: «Мен международный герой-мын» деп, әділетсіздіктің пердесін бір-ақ ашқан еді. Олар тарихтың үлесіне тиді. Бұл бізге әрқашан да өмірдің қай саласында болса да сақ болуды еске сала береді. Қазіргі Тәуелсіздік заманында өзіміздің ішкі және сыртқы саясатымызға сергек болуға шақырады, өмір соны талап етеді. Бұл жерде ұлы Пушкиннің мына сөзі өзінің актуальділігімен тілге орала береді: «Гордиться славою своих предков не только можно но и должно. Неуважать малодушие».

Қазақтың ұзын-қысқа тарихы батырлықпен, ұлылықпен, отансүйгіштікпен, даналықпен, намыстылықпен өрілген. Намысты қолдан бермеуде қасық қанын төге білген. Намыспен сусындаған тарихымыз талай ғасырлардың рухани азығы болмақ.

* * *

Б. Момышұлы – Н. Оңдасынов

Н. Оңдасынов Қазақстан Министрлер Советінің председателі болып 13 жыл (1938-1951) қызмет атқарды. Бұл уақыт ел тарихында ауыр кезең еді. Ұлы Отан соғысының ауыртпалығы елді күйзелтіп жатты. Қазақстанға орталық өңірден, Бас қолбасшының бұйрығымен, 140 завод пен фабрика көшірілді, іске қосып майданға қажетті өнімді тез арада беру керек болды. Оңдасынов былай әңгімелейді: «Огромная территория республики покрылась строительными лесами. Только в 1942 г. в Казахстане строилась около 150 крупных объектов, в т. ч. 40-сверхлёмитные стройки союзного значения».

1941 жылдың ноябрь айында генерал И.В. Панфилов өз қолымен Момышұлын сол кездегі жоғарғы награда Ленин орденіне ұсынған екен, араға біраз уақыт салып И.В. Панфилов Момышұлының ерліктеріне сүйіспеншілігінен кейін, Совет Одағының Батыры деген жоғарғы атаққа ұсынған. Алайда, Момышұлы осы ұсынылған наградалардың бірде-біреуін алмайды. Нақты себебін дөп басып айту қиын. Мүмкін оның сол кездері ешкімге ұнамайтын, фамилиясы ма, жоқ әлде шындықты тайсалмай бетке айтатын қайтпас мінезі ме, әлде қызыл империяның кейбір шовинист адамдары ма, әлде түркі тектес халықтардан шыққан жоғары шенді офицерлердің шендерін полковниктен жоғары асырмау туралы саясат жасырын түрде іске асырылып жатты ма, ол бізге беймәлім. Бірақ армян Баграмяннан басқа бір кіші ұлттың өкіліне маршал атағы берілгенін атай алмайсың. Дегенмен, Б. Момышұлының төмендегі бір естелігіне назар аударуға тура келеді. Ә. Нұршайықовтың: «Сізге неге Батыр атағы мен маршал атағы берілмеген?» – деген сауалына, ол: «Бұған қосқан менің де үлесім аз емес» – деп өзінің қиқар мінезі, мен фамилиясына меңзеген. ... Момышұлының бір сөзінде «Я помню их» (Көз алдымда бәрінсің) деген моя очередная книга находится в производстве. Зависть, ревность – это присущие только глупым людям. Қазақша айтқанда, көре алмаушылық, құдайға шүкір, ол жағынан қазақтар бірінші орынды алады.

Лежу и работаю. Меня накануне праздника посетил Нуртас Оңдасынов. Я был приятно удивлен его визитом. Я лежал, он сидел. Мы с ним беседовали четыре часа. Но все подробности невозможно написать в этом письме. Как то я не выдержал:

– Нұреке, бұрын араласып жүрген кісі емес едік, қарым-қатынасымыз да жоқ еді. Мүмкін болса, шыныңызды айтыңызшы, неге келдіңіз? – дедім.

– Он расхотался. – Как раз батыр, ожидал этот вопрос давным-давно. Ал, енді жауап берейін. Келген себебім – баяғыда марқұм Жұмекең (Шаяхметов – 1938-1954 жж. Қазақстан Орталық комитетінің 3-і, 2-і, 1-і секретары) екеуміз саған қастық жасаппыз. Генерал болсын деген ұсыныс болып еді, болмасын деппіз. Герой Советского Союза болсын дегенде де болмасын деппіз, соған кейіннен түсініп қатты ұяламын. Кейін екінші түсінгенім сен бізді жеңдің, жер жүзіне атағың жайылған, көрнекті Совет Одағының жаушысы болдың.

– Рахмет, Нұреке, өкінбеніз, сіздің жаман ініңіз (өзім ғой) международный герой, – дегенімде, шал қызарып кетті. Уақыт өтіп кетсе де Баукеңнің бұл сөзінің орны бар еді: 1963 жылы Москваға келген сапарындағы сұхбатында: «Сіз үшін екінші дүниежүзілік соғыстың басты қаһарманы кім?» деген сауалға Куба басшысы Фидель Кастро Рус: «Александр Бектің «Волоколам тас жолының» кейіпкері – қазақ Момышұлы» деп жауап қайтарған.

– Алтын жұлдыз алмадым деп өкініп жүргенім жоқ:

Сыр айтам саған халқым ұға білсең,

Дайынмын от пен суға маған сенсең,

Арымды ақ ниетпен ақтамасам,

Ризамын теріс қолмен бата берсең, –

деп әндетіп өлең айттым.

Старик расхотал. Я, ему с автографом подарил русские и казахские тома. «Шал қатты қуанып кетті. Орнынан тұрып келіп, менің қолымды алып, бетімнен сүйді», – деп Бауыржан атамыз өз естеліктерінде көрсетеді.

Сол кездегі Қазақстанның маңдай алды екі басшысы нендей пиғылды басшылыққа алды екен, іс-әрекеттерінің арқауы не болды. Халқымыздың патриоттық сезіміне қайшы келетін кереғар ойға неге келді екен, мұндай қадамға барғанда келер ұрпақ алдында берер жауабы нендей болар еді. Бұл пиғылдары туралы олар ләм-мим деп ауыз ашпайды.

Бәлкім олар үшін біз болжамдар айтып, жауап беруге тырысуға бел бусақ та болады.

Біріншіден, Баукеңнің майдандағы тіктеу, қиқар, бетің бар, жүзің бар демей, тік айта салатын, қол астындағыларға қатал талап қоятын, мүмкін болмайтын нәрселерді мүмкін ететін мінездері туралы орталыққа жетті ме екен. Мүмкін Баукеңнің Момышұлы деген фамилиясынан ұлтшылдықтың желі есіп тұрды ма екен? Өйткені «ов пен ев» ке аяқталатын фамилиялар орыс тілінен астаып абсолютті түрде көп болды. Мүмкін айналасындағылар көре

алмағандықтан, немесе ұлтшылдықтың исі шығып тұр деп, орталыққа мағлұмат беріп, жолын кес-кестеді ме екен. Генерал Панфилов Б. Момышұлын генералдыққа да, Совет Одағының Батырлығына да ұсынғанда, реалдылық пен объективтілікке, шындыққа сүйенсе керек. Өйткені сол кездің өзінде тұтқында қалған полкін, батальонын бір емес, бес рет немістердің шебін бұзып қоршаудан шығару – асқан ерліктің айшықты белгілері іспеттес еді.

Амал нешік, егер жағдай солай болса. Мүмкін Орталық (Москва) кешегі түземдіктерден қазақ батырдың шығуына күмәндікпен қарады ма екен? Бірақ Совет Одағының Батыры атағын М. Ғабдуллиннің және т.б. алғанын қалай түсіндіруге болады. Сонда орыс генералы Панфиловтың пікірінің жерде қалғаны ма?

Екіншіден, әдетте өзбектер, орыстар адамдардың қадір-қасиетінің салмағын туған қаласына, қырғыздар – өлкесіне қарай, ал қазақтар қай жүзге жататындығына қарай анықтаса керек. «Ұлы жүзді – қолына қауға беріп малға қой, орта жүзді қалам беріп дауға қой, ал кіші жүзді қолына найза беріп жауға қой» деп дифференциялап жатады. Мұндай бөлшектеу қазақ тарихының ұзына бойына тереңдеп кетеді. Бұл жерде шорқақ ойлайтын адамдар олардың мағынасына тікелей үңілмей, мал, дау, жау деген ұғымдарды жәй ғана тарқата салады. Түптеп келер болсақ, үш жүздің адамдарының малға да, дауға да, жауға да тікелей қатынасы бар: байларды, мәмлегерлерді, ақын-жырауларды, батырларды санап, олардың қай жүзге жататындығын анықтап, қадір-қасиеттерінің ара салмағын өлшеуге болмаса керек. Мысалы, дауға қою мен жауға қою онша көп пікір, талас тудыра қоймайды. Ал қауға беріп малға қою ұғымы ойландырса керек. Ө, дегенде мал феномені туралы айтылғанда, малға дегендегі көзқарастың жеңіл-желпілеу, малдың ой мәселесіне емес, тамақ мәселесіне жақындау екенін, бірақ оның мағынасының байлыққа қаратылғандығын байқау қиын емес. Философиялық тұрғыдан қарар болсақ, адамның ой-санасының негізінде тамақ, киім, баспана, көлік жатады. Сондықтан олар адамның ойын, санасын билейді. Сананы тұрмыс билейді. Елбасы өзінің екі сөзінің бірінде халықтың әл-ауқатын, қоғамның экономикалық қуатын көтеру үшін түн ұйқысын төрт бөліп, жер шарын аралаудамын дейді. Дамыған 30 елдің санатына кіру мәселесін қарастырғанда, бірінші шепте қоғамдық сана тұрған жоқ, керісінше, ішкі жалпы өнім, адам басына шаққандағы материалдық құндылықтар еске алынады. Олай болса, материалдық жағдайдың болғаны сананың дамуына үлкен жол ашады. Батыр да, мәмлегер де, ақын-жырау да жәй ғана адам да ойланып, толғану үшін, ас – адамның ар-

қауы дегендей тамақтанып, киініп, төбесінің саңлауы жоқ үйде тұру керек. Тоқ адам ғана ой-санасымен алысқа сермеп толыққанды саналы еңбек ете алады. «Ораза, намаз – тоқтықта» деген мәтелдің маңызы осында.

Ұшқан құс, жүгірген аңға тамақ керек. Былайша айтқанда, байлық, тамақ, киім, баспана сананы билеп, оның әрқилы дамуына бағыт береді. Олай болса, өмірдің материалдық тұтқасы мал мен нан екендігі дау туғызбайды, ал аталмыш тұтқа ойды, сананы билеп, оған бағыт береді: адамдарды көбінесе ірі сөйлетуге, ерсілі-қарсылы әрекет жасауға мұрындық болуға жол ашады.

Енді мәселенің екінші жағы: әлемдегі мемлекет пен адамдар ауқатты, бай болуды ә, дегеннен армандайды, көздейді, ойланып-толғанады, амалдарын қарастырады, дамылсыз еңбектенеді, нәтижесінде, көзін тапса байлыққа кенеледі. Бай болу деген сөз біліктіліктің, көсемдіктің, әділеттіліктің, салмақтылықтың, еңбекқорлықтың, батылдықтың, имандылықтың, батырлықтың, мәмлегерліктің тұтқасын ұстауға кең жол ашады. Былайша айтқанда, байлық кімнің қолына қонады деген сұраққа жауап табу қиын емес. Батырлық пен сөз өнерінің түп-тамыры байлыққа келіп тіреліп, одан нәр алып қуаттанса керек. Олай болса, қорыта келгенде олардың тұтқасын ұстау аға жүздің үлесіне көбірек жазылған десек қателеспейміз. Сондықтан үлкен жүзге байыптылық, парасаттылық, салмақтылық, батылдық, мәмлегерлік қасиеттері кеңінен дарыған сияқты. Қай мәселе болмасын шешуге келгенде ашуға, сөзбұйдалыққа салмай, таразының басын тең ұстап шешу екі кісінің бірінің қолынан келмесе керек! Ұзын-қысқа тарих дәлелдегендей, аға баласы екі інісіне ақыл беретіндей дәрежеде болу керек. Сондықтан да екі інісінің бойына біткен ізгі қасиеттерін барынша бойынан сыртқа тепкізіп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ел, мемлекет игілігінің біртұтастығына ақылдаса отырып бағыттау жақсылыққа әкеп соғатыны бесенеден белгілі. Бірақ реалды өмірде үш жүздің ұрпақтары тату-тәтті тұруға белсенділік танытып, бір төбенің басына жиналып, келелі мәселелерді шешуге соңғы тоқтам сөзді, дәстүр бойынша, айтуға үлкен жүздің баласына бұрып отырған. Бұдан біз ел ішіндегі би де, батыр да, қара да ел ағасының түйінді сөзіне бас изеп мақұл көріп, қажетті шешім шығарып, іс-жүзіне асыруға белсенділікпен кіріскен. «Кең болсаң, кем болмайсың» деген халық даналығын көбірек қолданған аға баласы елдің татулығына қызмет етіп, болашаққа бастап отырған. Оған дәлел іздеп алысқа бармай-ақ қойсақ болады.

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» дегендей, сол түйінді пікірге жол берелік.

Елбасы Н. Назарбаев жүзге бөлудің ел арасындағы бірлікке, татулыққа, тұтастыққа салқын тигізуі мүмкін деген пікірмен «жүзге бөлгеннің жүзі күйсін» деген Төле би бабаның сөзін басшылыққа алып отырады. Билік үшін жүзге бөлу принципі емес еңбек принципі, қолынан іс келу принципі ең бірінші орында тұру керек дейді. Абай айтқандай, адамның жақсы қасиеттерінің қандай іс болмасын оны үлкен екпінмен бастауында десе, Елбасы оған қосып жақсы табыспен аяқтап соңғы нүктені қоюында деп қортындылайды. Бұл жүз-жүзге, ауыл-ауылға, ру-руға бөліп, бірін-бірі аяқтан тартып-шалып шешуін табайын деп тұрған мәселеге кедергі келтіріп, шешкізбей тастап, істің қорытындысына нұқсан келтіретіндігіне келіп саяды. Жоғарыда Баукеңнің батырлық пен генералдық атақтарын Ж. Шаяхметов пен Н. Оңдасынов екеуінің бергізбей қойғанында руға бөлушілік бар ма екен деген ойға қаласың. «Бұған қосқан менің үлесім аз емес» – деген Баукеңнің де тік мінезі біраз нәрсені аңғартқандай. Мейлі сұрапыл соғыс, қанды көріп қан кешкен адамда бейне бір екпін болатындығы, керек болса еркелік, наздық мінез пайда болатындығына көніп, еркіндік беріп көнуге де болатын еді. Өйткені өлім мен өмір арпалысқан шақта адам этиканың кейбір қырларын ұмытып кететіні де шындық. Мұндайда «біліп тұрып білмегенді кешірмесең, білгендігің қайда» деген халық даналығы ойға орала береді. Сүйген ұлтына деген ыстық махаббаты мен патриоттық сезімін жаудан қорғау үшін, жау оғына кеудесін тосқан батырлық ерке-назын көтере алмасақ, несіне елміз. Сол кезде билік тұтқасын ұстаған ел ағалары жағынан ерліктің белгілерін іркіп қалуы, олардың отбасындағы жүз туралы майда өсек-аяқдан көтеріле алмағаны ма деген ойдың шырмауында қаласың.

Шынтуайтқа келсек, Б. Момышұлы майданда мұз жастанып, от кешіп жүргенде, жеке басының мүддесін күйттемей, сол аға буынның балаларының, немерелерінің өмірін, елін, жерін жаудан қорғады емес пе? Орайы келгенде айта кетелік. Б. Момышұлы мен Д. Снегин әйелдерімен М. Әуезовтің үйінде қонақта отырғанда (дастарқан басында Қалибек Қуанышбаев, Қаныш Сәтпаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов бар) Қалибектің – «төбет, сырттан, көкжал», Ғабиттің – «әскери бутофория» деп тіл тигізіп, кемсітіп қорлағаны үшін Баукеңдер орнынан тұрып кетіп қалған. Мұқаңның олар дәлізінде тұрғанда, «Бауыржан, сен үшін қой сойып едім, аяғына дейін неге отырмадың», дегенде: «Мұқа, рахмет, қонақты таңдап шақыра білмеген өзіңіз кінәлісіз. Мен сізден кешірім сұраймын. Сау болыңыз», – дейді. Бұл оқиға туралы жоғарыда жазғанбыз.

Абай: «Көңілім қалды, достан да, дұшпаннан да», – деп мұңайып айтқандай, қазақтың етектен тартып, аяқтан шалатын мінезін

қай уақытта еңсерер екенбіз. Түсіне білсек, батыр Баукең Москва-ны, орыс халқын қорғағаннан бұрын өзінің халқын, елін, жер-суын, тауын қорғады емес пе, Гитлердің жоспарын іс-жүзіне асырмау үшін қасық қанын төккен жоқ па? Баукең бір сөзінде «халқымның қалпына қара таңба бастырмаймын, еркіме ен салдырмаймын» деген ниет арпалысқа медет те, қуат та болды... Мен тұла бойыммен халқымның құлымын дейді. Осындай ақ, ізгі, адал ниеттен ауытқыған болсам: «теріс батаңды алуға даярмын», – деп қолын кеудесіне тосып, басын иеді. Биліктегі кейбір адамдардың әділеттің ақ жолын көлеңкелетіп, аяқтан шалғанына Баукең іштей қапаланады, буырқанады, қан майданның айдынында еркін жүзген батыр тұлға өз елінде кейде шын бағасын таппағанына іштей қапаланатын сияқты. Осындайда Баукеңе бір орыс поэтессасының (Ахмет Байтұрсынов аудармасы – Т. Ж.) өлең жолы есіне түсуі заңдылық: «Су түбінде асыл тас, жел шайқаса шығады, ой түбінде асыл сөз, шер қозғаса шығады». Сондықтан да Баукеңнің шығармаларында терең ойға қалу, халық даналығын кеңінен пайдалану шерлік мәні бар өлең жолдары мен қара сөздері дестеленіп жатады.

«Бөлінгенді бөрі жемесін...»

Соғыстың аласапыран кезеңінде халқының болашақ тағдырын ойлаған Б. Момышұлы 1943 сәуірде Н. Оңдасыновқа майданнан халықтың салт-дәстүрі, мәдениеті, тілі туралы ойымен бөлісу мақсатымен хат жазады: «Я убедился на своем опыте, что в воспитании боевых качеств бойца имеет колоссальное значение военное прошлое народа и национальные традиции возрождения благородных традиции казахского народа, воспитывающих боевые качества в джигите». Б. Момышұлы приводит наброски: 1. Әдет пен әдеп: «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің», «Ұлың өссе ұлы жақсымен, қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол», «Тексізден тезек артық, Арсыздан айуан артық», «Жаным арымнан садаға», «Өлімнен ұят күшті», «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді», т.б. Хатын былай аяқтайды: «Возрождение благородных традиции нашего народа обогащающее вкладом своим систему воспитания молодежи, немыслимо без вмешательства таких государственных мужей как Вы». Баукең сол кездегі республикадағы екінші дәрежелі адамға неге хат жолдады екен деген сұрақтың табиғатына үңілсек, уақыт кездейсоқ таңдалмаған. 1943 жылы Соғыстың беті Батысқа, Берлинге қарай бағытталған кез еді. Қызыл армияның қолына көшкен инициативаны Бас қолбасшы уысынан шығармайтын еді. Баукең Жеңістің иісінің шыға бастағанын аңғарып, енді оны қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, дәстүрлерінің мән-маңызы толғандыра бастағанын байқа-

тады. Соғыста барлығының – орыс тілінің, дәстүрінің басқаларға қарағанда үстем болуы оны көп ойландырып, толғандырған болу керек. Ұлы адамдардың алдын ала ойлануы олардың ұлылығынан болса керек.

Бірде Жеңістің 20 жылдығы аталып жатады. Панфиловшыларға арналған салтанатты жиынға ескерткіш маңына Қазақстан Компартиясының бірінші секретары, қасында сол кездегі оңтүстік өңірдің әскери басшысы генерал Д. Язов бар, Д. Қонаев айналасындағы билік иелерімен келеді. Жиын ашылар алдында Димекен елді түгендейтін әдеті бойынша қатарда, ең басты герой, Баукеңнің жоқтығына назар аударып, тез арада тауып әкелуді бұйырады. Димекен ашылу салтанатын Баукең келгенше іркіп тастайды. Айтушылардың сөзіне қарағанда, Баукең келгенше ұйымдастырушылардан дегбір кетіп, арасында нағыз топалаң, әбігершілік, ыңғайсыздық, ұят орын алады.

Бұдан байқайтынымыз, егер Димекен Баукеңді іздемесе, шолақ белсенділер, әйтеуір 20 жылдыққа арналған жиын өтті деп формальді түрде есеп бере салған болар еді. Тарихи маңызы бар жиынға немқұрайлы қарай салып, активіне жазып лауазымын көтеруге бір табан жақындадым деп ішінің жылынып қалғанын байқау қиын емес. Карьеризм деп осыны айт. Жоғарыдағы жағымсыз адам қасиеті жөнінде, поляк жазушысы Б. Ясенский былай дейді:

«Дұшпаныңнан қорықпа, көп болса оның қолынан қаза табарсың, досыңнан да қорықпа, көп болса ол сатқындық жасар, бәрінен де бұрын немқұрайлыдан (равнодушие) сақ бол, ол өлтірмейді, сатпайды, тек қана оның үнсіз келісімімен әлемдегі барлық қастандық та, сатқындық та іс жүзіне асып жатады».

Сондықтан да Елбасы өзінің тарихи Стратегиялық Жолдауларында Қазақстанның тағдырына, мәдениетіне, тіліне, рухани дамуына, экономикасына, бір сөзбен айтқанда, қоғам өмірінің қай саласы болмасын барлығына немқұрайлы қарамай, шын патриоттық сезімімен, жанашырлық таныту керек екендігіне басты назар аударады.

Мысалы, Елбасы соңғы Жолдауында (17.01.2014): «Мемлекеттік тіл жөнінде, тіл даудың объектісі емес, керісінше бар ынтамен, дамылсыз дамыту керек», – деді. Шындықты айтар болсақ, қазақ тілі әлі жетім бұрышта тұр десек, ақиқаттан алшақтамаймыз. Ол басқа этностар үшін өгей баланың ғұмырын кешуде. Өкініштісі, тіл жанашыры болатын қазақ қауымы да немқұрайлылық танытып, жүрген жерінде мемлекеттік тілде сөйлеуді талап етуде немқұрайлылық танытады. Мұндай пассивтік көзқарас мемлекеттік тілдің көсегесін көгертпесе керек.

Сталин, Шаяхметов, Оңдасынов, Скворцов, т.б. Баукең қан майданда арпалысып жүргенде билік басындағы басшылар болатынды. Барлығының да Ұлы Жеңісті жақындату үшін аянбай қызмет еткенін ешкім жоққа шығара алмаса керек. Бір Жеңіс үшін бар болмысын, бойындағы талантын, ар-ұжданын жиып-төгіп майданға бағыттады. Ұрпақ сол үшін шексіз алғысын айтуда. Мысалы, 1938-1945 жж. Қазақстан Компартиясының бірінші секретары Скворцов өзінің естелігінде былай дейді: Соғыстың өршіп шегіне жетейін деп, Москваның тағдырының қыл үстінде тұрған кез 1941 ж. Сталин Москваға, Кремльге шақырып жатыр деген хабар келді. Мұндай хабардың жәй емес екендігін болжау қиын емес еді. Кез келген қимыл іс-әрекет соғыс критеріімен өлшенетін уақыт. Дегенмен, бала-шағаммен қоштасқандай әсер қалдырдым. Кремльде Сталиннің секретары Поскребышев: өзіңізде бола беріңіз, өзіміз шақырамыз деді. Мен номерімде күткен екі-үш күн, екі-үш жылдай болып азапқа салды. Шақырып жатыр деген пәрмен келді. Сталиннің кабинетіне кірдім де, қол-аяғым дірілдеп, өзімді-өзім зорға ұстап тұрдым. Сталин терезе алдында трубкасын тұтатып болып, ұзын пауза жасап, мен жаққа бұрылып, өте жай басып, есік алдында тұрған маған бетпе-бет келіп тұрып, грузинше акцентімен: «Жолдас Скворцов, қалай ойлайсыз, майдандағы солдатқа темекі ауадай қажет пе?» – деді.

Мен: «Иә, жолдас Сталин, майдандағы солдатқа темекі ауадай қажет», – дедім.

– Сіз боссыз, – деді де басқа ешнәрсе айтпады. Мен шығып кеттім. Өз жаным өзіме сыйланғандай қуандым. Елге келіп, Қазақстандағы темекі плантациясының көлемін еселеп ұлғайтып, жоспарды бірнеше есе артығымен орындадық.

Көсемге берген уәдемнің үдесінен осылай шығып, Жеңіске өз үлесімді қосқаным өзіме-өзім риза болдым. Қазақстанның Жеңіс үшін, майдан үшін деген орасан зор басқа беретіндері де артығымен орындалып жатты.

Г.К. Жуков – Б. Момышұлы.

Даңқты қолбасшы Г.К. Жуков туралы Б. Момышұлы кейінірек (1948) былай еске алады: Генштаб Вооруженных сил Советской Армии организовал стратегические учения по вопросу завоевания Балканских стран. Руководителем большого учения был маршал Советского Союза Василевский. Посредником от Главного командования (Сталина) был маршал Жуков. Командующим фронтом на главном направлении был маршал Баграмян. Я был назначен командующим 8-ой армии. Это стратегическая игра происходила на

территории южной Украины. В Умане меня вызвали в штаб фронта и доложить обстановку, командующему. На карту были нанесены возможные противники и наши силы. Мне было приказано доложить обстановку об операционном направлении Армии командующим мною. В армии было четыре корпуса. Взяв в руку указку, я докладывал свои соображения. Остановившись на одном из корпусов, я доложил:

– Я думаю, с этим корпусом ничего не выйдет.

Баграмян лысый, усатый армянин страшно обозлился и самым грубым тоном бросил мне реплику:

– По вашему только вы думаете, а мы не думаем.

– Товарищ командующий, я докладываю маршалу Советского Союза Василевскому, – дедім мен.

Баграмян көкпеңбек болып кетіп, тағы бір нәрсе айтайын деп келе жатыр еді, Василевский өте мәдениетті, ұстамды адам екен:

– Иван Христофорович, потрудитесь молчать, – деп айқайлап тастады. Содан соң маған қарап:

– Товарищ полковник, продолжайте, – деді.

Мен қанаттанып қалдым.

Жуков жүр еді сонда, осының бәрін ол естіп тұр екен. Мына Құлы (Баукеңнің елі) енді не дер екен деп мені сынап жүр. Мен баяндамамды аяқтап, әрқайсысына бағамды беріп тұрмын. 3-корпустың жағдайына келгенде, Жуков мені сүріндіргісі келді. Сөзімді бөліп жіберіп:

– Мұныңыз қалай, – деп тастады маған.

Мен ойланып тұрған нәрсемді бөліп жібергеніне түрім бұзылып кетсе керек. Георгий Константинович Жуков соны сезе қойды. Ол кісінің бойы менен кішкене, бәкене еді. Менің қасыма келіп:

– Ты на меня обиделся? – деді.

– Полковникам на маршала обижаться не полагается.

Жуков менің иығымнан қағып жіберді (он был простым человеком).

– Тьфу, твою мать! Ты меня убил, – деді де, – Продажай доклад, – деп докладымды аяғына дейін тыңдады.

Содан кейін Василевский: – Доклад полковника обставленный и обоснованный. Как вы на это смотрите, Георгий Константинович? – деп сұрау қойды.

– Я тоже такого же мнения, товарищ маршал, – деп жауап берді, Жуков. Баграмян көкпеңбек болып кетті. Жуков келіп тағы да мені арқамнан қақты. Айтқан сөзі: Ты грамотный полковник. Извини меня, пожалуйста за неуместный упрек, – деп менен кешірім сұрады.

– Простите, товарищ маршал, Ваша реплика для меня учеба.

– Тьфу, ты опять меня убил, – деді.

«Тегін адам тас болмайды» дегендей, Баукеңнің маршалдармен терезесі тең адамдай сөйлесіп диалог құруы, оның маршалдық деңгейге көтерілумен бара-бар болса керек. Мәселе маршал, генерал регалияда емес, мәселе маршылдық деңгейдегі, немесе одан да жоғары тұратын білім құндылығында болса керек. Баукеңнің Сталинмен болған диалогында, оның орағытып қойған сұрағына кішігірім ұлттан да асқан батыр мен дана адамдардың шығатыны туралы пікірі Сталиннің ойынан шыққандай болды, көсем мен Баукең бір толқынның жолында тұрған жоқ деп кім айтады.

Г.К. Жуков – Н.С. Хрущев.

Ағылшын жазушысы Самюэль Батлер былай дейді: «Өткенді өзгертуге құдайдың құдіреті жетпесе де, тарихшылардың құдіреті жетіп жатыр». Тарихты сыйлатуға бастайтын, шындыққа жанасатын келелі сөз. Кешегі Ұлы Жеңіске Сталиннен кейін өлшеусіз үлес қосқан, Бас қолбасшының орынбасары болған, төрт рет Совет Одағының Батыры атағын алған, даңқы жер жарған Жуковты да, сол кездегі Одақтың басшысымағы Хрущев әлінің келгенінше бағынан тайдырып бақты.

Осындай опасыздықтың авторы кім еді?

Н.С. Хрущев 1894 жылы дүниеге келген. Жас кезінде шошқа баққан, шахтер болған. Партия қатарына алынып, Украина, Москва партия комитеттерін басқарып 1953-1964 жж. Совет Одағының партия басшысы қызметін атқарған. Соғыс кезінде Кремльдің (Сталиннің) сайқымазағы болған, баласы сатқындық жасап, немістерге тұтқындыққа түскен. Кремльде мемлекеттік төңкерістің нәтижесінде билікке келген. Мемлекет байлығын талан-таражға салып, қалыптасқан идеологияны түбірінен шайқалтып, халықты рухсыз қалдырған. Елді бейберекет басқарып, Совет Одағының державалық беделін ондырмай түсірген адам ретінде тарихта қалды. Сталин басқарған соғыстан кейінгі кезеңде халықтың ерні ақ нанға тиіп, ол 1953 ж. дүниеден озғаннан кейін, елді Хрущев басқарған алғашқы 5-6 жылдың ішінде, халықтың қара нанға ерні тимей, оны сатып алу үшін түнгі сағат екіден бастап кезекте тұрды. Мұндай жағдайды төзгісіз деп бағалаған Л.И. Брежнев бастаған соратниктері 1964 ж. оны ЦККПСС бірінші секретары қызметінен босатты.

Хрущевтің авантюралық, субъективтік және волюнтаристік әрекеттерінің нәтижесінде халықтың әл-ауқатын шұғыл төмендеткені былай тұрсын, кешегі екінші дүниежүзілік соғыстың архитекторы болған Сталиннің, соғыстың бас геройы Жуковтың беделдерін түсіріп аяққа басты. «Сталинді жеке адамға табынушылықты дамыт-

ты» деп айдар тақса, Жуковқа «мемлекеттік төңкеріс жасап, Кремльде билік басына келуді жоспарлады» деген айып тағып, Совет Одағының Қорғаныс министрі қызметін атқарып жүрген жерінен Югославияға жіберіп, орнынан босатты. Хрущевтің мотиві, АҚШ-тың екінші дүниежүзілік соғыста бас генералы болған Д. Эйзенхауэр өткен ғасырдың 50 жылдары Американың президенті болып сайланған-ды. Сондықтан, Жуков та Совет Одағының бірінші адамы болып кетуі мүмкін деген жорамалмен, оны Қорғаныс министрінен босатып, партиядан шығарып тастаған еді. «Жақсылыққа жамандық» деген осы екен. Бірақ К. Маркстің мына сөзін естен шығармау керек: «Өзінің тарихын ұмытқан адам, өткен тарихын қайталауға жол ашады». Хрущев соны құшты.

«Халық айтса, қалт айтпайды» дегендей, халық жадында Хрущев ең жағымсыз, дарынсыз басшы ретінде танылды. 1971 жылы қайтыс болғаннан кейін, белгісіз бір зиратқа қойылды. Басына белгі қою мүсінін жасаушы художник (суретші, мүсінші), кезінде «педераст» (еркек пен еркектің жыныстық қатынасы) деп қорлап балағатталған – Э. Неизвестный деген художникке тапсырылады. Сол кезде ол намысқа шыдай алмай, Америкаға кетіп, Хрущев тағынан түскеннен кейін Совет Одағына оралған-ды. Художник Хрущевтің мүсінінің басының жартысын (симметрия етіп) – ақ, ал жартысын – қара етіп жасайды. Бұл рухани ишараттан қорытынды шығару қиын емес. Қорқау қасқыр сияқты көлеңкесінен қорқатын, әйтеуір, билік қолында болған соң өз білгенін істеп, волюнтаристік және субъективтік жолмен басқарып, елді бүлдіріп бара жатқан соң, 1957 жылы соратниктері Хрущевты орнынан алайын деп жатқанда, Жуковтан жансыз Фурцева арқылы көмек сұрап, ол өзінің беделімен Политбюроның мүшелеріне қаһарымен тоқтау салып, Хрущевтің жанын алып қалған-ды. Хрущев сияқты дарынсыз адамдардың билік басына келуінің кездейсоқ болатыны туралы К. Маркс былай дейді: «На гробне исторической волны могут оказаться скорлупы от яйца или навоз» Бұдан артық айту қиынның қиыны.

* * *

Б. Момышұлы – М. Әбдіхалықов

Әбдіхалықов Мұқамеджан (1938-1947) – Оқу комиссары, КПК секретары.

Тіл – ұлттың өзегі. Тіл бар жерде ұлт бар. Жалпы ұлт болып қалыптасу үшін бес нәрсе қажет: территория, экономика, тіл, мәдениет, психология. Дағыстанның ұлы ақыны Расул Гамзатов бы-

лай деген: «Егер авар тілі ертең өлетін болса, мен бүгін өлер едім». Сондықтан да Қазақстан тәуелсіздік алғаннан да бұрын «Тіл туралы заң» қабылданғаны кездейсоқ емес еді. Өйткені қазақ тілі көпе-көрнеу көзден ғайып бола бастаған кез болатын. Бұл империяның түпкілікті саясатының басты мақсаты, халқымыздың тілін жойып, сонан соң оның өзін этнос ретінде тарих сахнасынан бір-жола ығыстыру еді. Бұл басымдылық соғыс кезінде әскери командалардың, тапсырмалардың, әскери стратегиялар мен тактикалардың, соғыс жүргізу амалдарының барлығы бірыңғай орыс тілінің арнасына бағытталғандарынан тайға таңба басқандай байқалып тұратын. Оған қарсы тұру мүмкін емес еді. Бұл, әсіресе, орыс тілін білмей ауылда өскен, кейін әскер қатарына шақырылғаннан кейін орыс тілінде берілетін командаларға түсінбей қиналған орыстан басқа этностарға қырын қаралуы кездейсоқ емес-тін. Өйткені тіл білмеген солдаттардың ойлау қабілеті төмендеу деген лақаппен, оларды көбінесе қара жұмысқа жегу, жауапты тапсырмалардан қашықтау ұстау, атақаға алдыңғы шепте жау оғының өтіне бірінші бағыттау сияқты кемсітушіліктер өте көп орын алған-ды. Осылардың бәрін байқап, ой елегінен өткізген Б. Момышұлын тіл мәселесінің мазалай бергені көрініп-ақ тұрды. Оның сол кезде фамилиясын «ов» емес, «ұлы» деп атауы, оның тілге аса патриоттық маңыз бере отырып, ұлттың болашақ тағдырына шешуші реңк беретініне толық сенді. Тілге күресті соғыс майданында жүріп-ақ бастап кетті. Б. Момышұлы зер салған мәселелер аз емес еді. Соның ішінде ең өзектісі, әрі жоғарыда айтқандай ең маңыздысы тіл деп тауып, 1944 жылы ол майданнан аз уақытта Алматыға келгенде тіл мәселесін бір сәтте ұмытпау керектігін айтып дабыл қағады.

Баукең өз хатында: «Менің көзқарас, ұғымдарымның бәрі бірдей дұрыс бола бермес деп» алдын ала ескертеді. Былай дейді: «Ежелден, атам заманнан тіл – елдің мәдениеті, әдебиеті өсіп-өніп, отбасындағы үй тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел-жұрттың, жалпы мәдениеттің арнаулы құралы – ғылымның атаулы саласы екендігі даусыз... Тілсізді хайуан дейді. Тілі кедей елді мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды».

Қазақ тілінің өзімен көршілес жатқан елдердің тілінен сорлы еместігін атай келіп, Баукең бәрібір алаңдаушылық білдіретін сияқты. Өйткені, армияда болсын, Алматыда болсын, т.б. қазақ тілінің ахуалының ойдағыдай еместігін байқап жүрген әскери адам, тіліміздің көрші өзбек тілінен олқы екенін іштей сезетін сияқты. Тіл таусылып құрыса, ұлттың мәнісінің болмайтынын, Ресейдің солтүстігіндегі халықтардың тағдырынан, өзінің сергектігімен байқаған.

Бізге алып империялық тілдің (орыс тілінің) қауіптілігін Баукең о бастан байқап сезген-ді. Жұтып жібермей, ұлт дербестігін қалай сақтап қаламыз деген қомақты сұрақты келер ұрпаққа бағыттағандай. Біз, Ресеймен кіндіктесіп жатқандықтан, империяның құрамындағы қазақ тілінің болашағы бұлыңғыр екені шындық еді. Мен немістерді өлтіргенде, тілімді қорғаштап өлтірдім, егер бұл тілді көрші алып, тілді жұтып қоятын болса, мен оны босқа қорғадым ғой деп, шынтағымды шайнамаймын ба?

Баукеңнің бұл сұрағына тарихтың заңдылығы, Тәуелсіздік ғана дұрыс жауап берді!

Ұлт көшбасшысы Н. Назарбаев: «Тілі өлмеген халықтың өзі де өлмейді, ол Мәңгілік Ел болуға құлаш сермейді», – деп сөзді қадап айтты. Енді, біз, тілі мәңгі Мәңгілік Елге айналдық. Сол кездегі тіл тағдырының мүшкіл екендігіне Баукең мынадай мысал келтіреді:

Февральдің 15 күні кеселханаға түсе салысымен, көңілімді сұрағалы көптен көрмеген бір таныс орыс әйелі Н.А. Сахарова дейтін келіп отырып, қазақша жазылған бір парақ қағазыма көзі түсіп:

– «Бауыржан, почему вы пишете по казахский?», – деп таңғала сұрақ қояды.

– Вы меня удивляете, Нина Александровна, почему я не должен писать по казахский на родном языке? – дедім мен.

– «Ведь многие казахи не пишут и не разговаривают, потому что не выразишь свои мысли-то что хочешь, сказать не скажешь... До того говорят ваш язык бедный...», – деп түйеден түскендей ұялмай-қызармай айтып отыр.

Не дерсің, сөзі өңменімнен өтіп кетті. Ол кісіге, әлімнің келгенінше, теріс ұғымын дұрыстап түсіндірдім. Кейіннен білдім, Н.А. Сахарова осындағы бір Халық комиссарының бірінші орынбасары екен. Қазақстанға келгеніне он жылдан асқанын бұрыннан білуші едім. Жәй орыстың шүйкебас қыздары емес, көзқарасы, ұғымы қазақ тілі туралы осындайлығына ішімнен қапаланып «жарыған екенбізді» қалай айтпассың, қалай ойламассың?...

Осы қағаздағыларды жазуыма қамшы болғанның біреуі сол он жыл тұрып, Қазақстанның нанына семіргеннен басқадан хабарсыз, ел басқарушылардың қатарына кіріп қалған (не арқылы екенін құдай білсін), надан, хабарсыз «замнаркомша» елдің сорына біткен кейбіреулердің уәкілі болған соң, оларға сондай ұғым тудыруда алдымен өзіміз жазықты екенімізді мойынға ала отырып, бүгіп қалуды қажетсіз деп тауып мысалға келтіріп отырмын».

Империя қазақ ұлтын этнос ретінде жер бетінен жою үшін қазақ тілін нашарлата, жансыздандыра отырып, оның болашағының

бұлыңғыр екендігін қазақтардың өзіне мойындату күн тәртібінде тұрды. Ол тарихи шындық та еді. Мысалы, қазақ мектептерінің жаппай жабылуы қолға алынған, бұған дәлел Тәуелсіздік алған жылы Алматыда жалғыз ғана қазақ мектебі қалған еді. Мұны қазақ зиялыларының көзін бақырайтып қойып, орталық (Москва) күшпенен, қазақ мектептерінің санын жоспарлы түрде қысқартып отырған.

Қазақ тілінің баяу дамуының өзіндік себептері болды:

Қазақ тілі кеңсе тілі емес, мемлекет іс-қағаздарын жүргізуге қауқарсыз, салмағы шамалы, дөрекі, тіл байлығы таяз, сөз қоры аз, икемсіз, онымен өз ойыңды еркін айта алмайсың деп өтірік жала жауып, адамдардың өзінің қазақ тіліне дегендегі сенімсіздігін арттырды.

Орыс тілі екі өкпесінен қысқан кезеңде нан тауып жеу, қызметте көтерілу, қарым-қатынаста орыстармен ортақ тіл табу үшін, қазақтың үлкен-кішісі, бала-шағасы орыс тілінде шүлдірлеуге мәжбүр болды. Жұмысқа, қызметке орналасу үшін өтінішті орыс тілінде жазу, қате жазса оны түзету немесе орыс тілін білетіндерге жалынып жазғызу қазақ тілін менсінбеушілікке әкеп соқтырды. Орыс тілін білмесе де шүлдірлеп сөйлеп нан тауып жеу қазақтар арасында өмір сүру нормасына айналған. Жас немесе кексе жазушыларымыз, журналистеріміз, т.б. қалам тартып жүрген зиялы қауым өкілдерінің де кейде, байқамай қалса да сөйлемдерінде бастауыш, баяндауыштардың қайда екенін анықтау қиынға соқты.

Көсемсіп жүрген тіл мамандарының өзі немере-шөберелерінің қазақ тілін ана тілім деп танымай, қазақша дұрыс сөйлеп, жазып, оқып өсуді міндетім деп білмейтін, оны әуес көрмейтіндерді көшелерде, дүкендерде, мемлекеттік кеңселер мен орындарда, тіпті лауазымды адамдардың кабинеттерінде тілді бұзатындарды табан астынан көруге болады. С. Торайғыров былай дейді:

*Қаланың соты құрсын шүлдірлеген,
Түсіне алмай құлағым дүңгірлеген.
Ақ-қараңды тексеріп бермек түгіл,
Қазақша жалғыз ауыз тіл білмеген.*

Б. Момышұлының пайымдауынша, бұқаралық ақпарат құралдары, газет-журнал, радио – халыққа етене жақын жаңалықтарды лезде халыққа жеткізіп тұратын сөз құралы. Үгіт-насихат та, халықты тәрбиелеу де осы құралдардың еншісінде. Сондықтан газет бетіндегі мақалалардың сапасы жақсы болу керек. Өйткені күнде халық оны оқудан, радионы тыңдаудан қалып, ол олма, қойшы соны тәйірі деп бір-ақ қол сілтеуден тайынбайды. Кейде бір нәрсе орауға қағаз керек болса: «Ана қазақша газетті бере тұршы, ақыры

оқылмайды ғой», – деп қазақ газеттерін мысқылдайды, қадірін кетірген жайдың бірнеше рет куәсі болдық. Бертін келе өткен ғасырдың 60-жылдары қызыл империяның қолдан жасалған қысымынан қазақ басылымдарының («Қазақ әдебиеті» мен «Социалистік Қазақстан») жабылу қаупі төнгенін білеміз. Сонда сол кездегі Министрлер Советінің Председателі Жұмабек Ташенов табан тіреп: «Этих газет открывали не вы, и не вам закрывать», – деп жапқызбай қойған-ды. Міне, қазақша басылымдар мен радионың, кейінірек тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде қазақтардың саны елімізде 27%-ке дейін төмендеген. Керісінше Октябрь революциясынан кейін қазақ халқының үлес саны 94% болған. Сол кездегі империя басшысы Н. Хрущевтің құйтырқы «тың игеру» деген саясаты Қазақстанды тоз-тоз етіп, әншейін алғашқыда республиканың формасын жасап, кейініректе қазақ халқын этнос ретінде жою күн тәртібінде тұрды. Ол үшін қазақ тілін қолданыстан әдейі ығыстыру қажет болды. Жазушы Бауыржан Момышұлы сол кездегі баспа басшыларының қорқақтығын, жүрексіздігін, табан тіреп тұра алмайтындығын сынға алады. Кім біледі, мұндай қорқақтыққа репрессияның салқыны тиді ме деп ойлайсың. Барлығы бір-бірімен байланысты дүние ғой.

Бауыржан Момышұлы сонымен қатар аударма мәселесіне тоқтамай өтпейді. Классик, ақын-жазушылардың орыс тілінен аудармасының «мазмұнын бұзбаймын» деген жасқаншақтық пен қорқақтықтың кесірінен қазақ оқушыларына ұнамсыз «сложное предложениемен» аударылып, бүкіл жұртшылыққа сіңімді болып кетпей отырғандығы өзіңізге мәлім, – деп М. Әбдіхалықовтың назарын аударады:

Көркем әдебиет, өлеңдер аудармаларында бірнеше сорақы мысалдарды кездестіруге болады. Лермонтовтың 1836 жылы Еврейская мелодиясы негізінде Абайдың 1893 жылғы аударуымен салыстырып дәлелдейді.

Б. Момышұлы тіл туралы тағы бір бұрмалаушылыққа жол берілгендігіне назар аударады. Қазақтың тілін орысшамен байытамыз деген мақсатпен қазақша іркілмей айтатын сөздердің орнына, жан қиналмайтын орысшаны жаңбырдай жауғызып жіберіп сөйлеу әдеті болып кеткен.

Район – дейді «аудан» деудің орнына
Село – қыстақ
Плен – тұтқын
Доклад – баяндама
Компания – науқан

Пропаганда – насихат
 Дисциплина – тәртіп
 Герой – батыр
 Наступление – шабуыл және т.б.

Б. Момышұлы ауылы Жуалыға барғанда, егде тартқан колхозшылар: «Шырағым, біз уәкілдер мен оқымысты балалардың сөзіне түсінбейміз, жартысы орысша, жартысы қазақша, тіліміз не болып бара жатыр?» – дейді. Шамасы, орысшалау дерті бүкіл Қазақстанды жайлап алған болу керек. Сайып келгенде, жазушы Б. Момышұлы тілдің тағдыры дегендегі патриоттық сезімі намысқа толып, партияның секретарына тілді жаңғырту мақсатында 13 пункттен тұратын ұсыныс жасайды. Кейіннен белгілі болғандай, Б. Момышұлының тіл туралы ұсыныстарына қарай Қазақстан КП ОК-де қарар жазылып, оны бекіту мәселесі күн тәртібінде тұрғанда, біреулердің көреалмаушылық немесе керітартпалық қарсы пікірлерінің нәтижесінде қарар қабылданбай қалыпты.

Халқымыздың басына күн туған шақта, тұлпарлар ауыздықпен су ішіп, елін, жерін жаудан қорғаған батырлар етігімен су кешкен кезеңдер болса да, Б. Момышұлы бір сәт соғыстан толастап елдегі биліктің, әдебиеттің, ғылымның, т.б. тұтқасын ұстаған тұлғалармен тіл тағдыры туралы хат алысуды жөн көрген. Өйткені оның дарындылығы, жоғары патриоттық рухы, қамқорлығы білімділігімен сабақтасып, арнасынан шығып тасып жатқан жайы бар еді. Сондықтан хаттарында Қазақстан үшін, халқының тағдыры үшін үлкен рухани, әлеуметтік және саяси мәселелерді көтеріп оны шешудің жолдарын іздеп ақылдасып отыратын-ды.

Б. Момышұлы хаттарының тақырыбы әртүрлі мәселерге арналған, мәселен, К. Смаиловқа («Қазақфильм» киностудиясының директоры) «Волоколам тас жолы» фильмін түсіру жөнінде М. Бегалиннің сценарийін оқып, біраз ескертулер жасайды. Ал, А. Бектің «Волоколам тас жолын» болашақ киноның негізі етіп алуға болмайды, өйткені А. Бек автор ретінде оның ойлау масштабы, тереңдігі жетіспейді дейді. Ол соғысты әншейін әскери еліктеу жағын басым етіп көрсеткісі келеді. Ол соғысты басынан өткермеген адамның тірлігі, сценарийі жай ғана адамның азаматтық көзқарасы сияқты. А. Бектен басқа бұл әскери тақырыпқа жазған авторлар баршылық. Соғыс тақырыбы аса маңызды, әрі саяси мағынасы терең болғандықтан, оған жан-жақты зерттелген тұрғыдан келген онды болмақ. Сондықтан мен осы сценарийге нақты мынадай ескертулер айтамын, жетіспейтін ең негізгі мәселелер: а) тема «За нами Москва», ... Он смущенно согласился мною».

Сондай-ақ Баукеңнің 200-ге тарта хат алысып беріскені бар екен. Соның ішінде: Н. Оңдасынов (председатель СНК КазССР), Қ. Сатпаев, Д. Қонаев, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ж. Ташенов (Қаз Министрлер Советінің председателі), М. Қаратаев (Қазақ Совет Энциклопедия бас редакторы) жазушы, мемлекет және т.б. қайраткерлердің қатары бар.

Батыр жазушы қазақ тілін байыту, былайша айтқанда, оны әлемдік тілдік кеңістікке көтеру мәселесіне де тоқталады.

Қазақтың біртуар, қайталанбас ұлы Б. Момышұлы отты жылдарда жүріп, халқына деген патриоттық сезімін бір толастатқан емес. Халқымыздың тілі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мәңгілікке шақыратын құндылықтар екенін бағалай біліп, оны ылғи қастерлеп отырған. Елге қайтқанда оларды еселеп жандандыруға атсалысты.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары елімізде айтыс өнері қанат жая бастаған кезең болатын. Сол жылдарда белгілі ақын, тегі орыс, жаны, дүниетанымы қазақ Надежда Лушникова алға суырылып шығып, маңдайы жарқырап, сахнаға шығып, қалың жанашыр көрерменді тамсандырған-ды. Оңтүстік өңірдегі Қызылорда, Шымкент, Жамбыл облыстары ақындарының айтысы аяқталғаннан кейін, қазылар алқасының ұйғарымымен, ақындарға жүлделер таратылады. Әртүрлі бағалы заттар: кілем, шапан, сағат, т.б. беріледі. Осы жерде Б. Момышұлы да қатысып отырады.

Айтыс соңынан түрлі марапаттар иесін тауып, кезегі келгенде қазылар алқасы Надеждаға ерлердің «Маяк» сағатын сыйға ұсынады. Осы мезетте залдың алдыңғы қатарында әлдекімнің саңқ еткен қаһарлы үні залды селт еткізеді.

– Жоқ, Надя, алмайды бұл сағатты! Ұзын бойлы, офицерлік киімде, кара-сұр мұртты адам орнынан тұрып, батыл сөйлеп кетеді.

– Менің ана тілімде асыл сөздерді маржандай теріп, жұрттың жүрегін тербеген шүйкедей сары қыз! – деді ол жұртқа Лушникованы нұсқап. Зал сілтідей тынып, демін ішіне тартып тына қалады.

– Сенің тіліңді біліп, сайрап, жәй сөзінді сөйлей беретін орыс, неміс, өзбек, чечен, қырғыз толып жатыр, – деді ол енді төрешіге қадалып. – Бірақ сенің тіліңді өз тіліңнен артық білетін осы Надеждадан басқа кімді көрдің, айтшы кәне? Кешегі Мариям Жагорқызының жөні бір басқа. Дәл бүгінгі бас бәйге біздің тілімізде бұл-бұлдай сайраған осынау кішкентай қызға берілуі тиіс! Сыйлық үлестіріп болғаннан кейін, Баукең әйелі Кәмәш екеуі Надяны орталарына алып, зергерлік бұйымдар сататын дүкенге барады. Дүкеннен тандап жүріп, «Лира» маркалы алтын сағатты сатып алады да, Баукең зергерге апарып, оның қақпағына мынадай сөздер жаз-

дырады: «Надя, шеберлігің үшін. Б. Момышұлы. 25.02.64 ж.». Сағатты Лушниковаң қолына тағып жатып, Бауыржан тебіреніп былай дейді: «Мұны саған Бауыржанның бергені деме, адал жүрек, асыл өнерің үшін саған қазақ халқының сыйлағаны деп біл, игілігіңе тақ, карағым...».

Отаншылдықтың, ұлтын сүюдің шынайы бір символы – осы болса керек!

Халықаралық терминдегі псевдопатриотизм.

Алдыменен мемлекеттік тілдің жағдайы туралы. Осыдан бірнеше жыл бұрын: «Қазақ тілінің функционалды қызметі жоқ» (Н. Масанов), «Қазақ тілі жарлылардың тілі» (М. Қабанбаев), «Қазақ тілінің болашағы жоқ» (А. Тажутов) деген пікірлер орын алған еді. Әрине, бұл сияқты келте қойылған пікірлер тәуелсіз тіліміздің даму болмысы мен барысына тежеу салғаннан басқа пайдасы жоқ. Елімізде титулды ұлт қазақ болғандықтан, оның тілінің үстемдік өмір сүруі заңдылық. Ерте ме, кеш пе мемлекеттік тіл өз мәртебесіне ие болатындығына дау жоқ. Әйтсе де, мемлекеттік тіл баяу болса да, еңсесін тіктеуге тырысуда. Дегенмен, ол «тар жол, тайғақ кешу» процесін бастан кешіруде. Жоғарыдағы аталмыш кереғар пікірлер ұлттық намысты қамшылауға бағытталған деп түсінсек те болады. Мемлекеттік тілдің бауырын баяу жазуының **объективтік** және **субъективтік** себептері баршылық.

Қазақ тілінің ұзына ғұмырында орыстандыру саясатынан едәуір зардап шеккені баршаға мәлім. Бұл орыс тілінің қуаттылығын сипаттайтын жағы. Одан әрі тереңдесек, бүгінде орыс тілі Біріккен Ұлттар Ұйымында әлемдік тілдердің қатарына жатады да, ол тілде жүздеген миллион адам қарым-қатынас жасайды. Ал, 10 миллион халықты қамтитын қазақ тілі өте шағын этностардың тіліне жатады. Былайша айтқанда, орыс тілі қазақ тілін бірнеше рет орап алып жатқандай жағдайы бар. Олай болса, жалпы тіл – оның ішінде, термин мәселесінде солтүстік көршімен бәсекелесудің қажеті шамалы. (Бұл орыс тілінен енген терминдерді жаппай аударудың пайдасы жоқ деген ұғымға саяды). Керек болса, қазақ мектептерінің өзінде балалар орысша сөйлеуге бір табан жақын тұратынының себебі де орыс тілі қолданыстағы терминдерімен оралымға тез келеді. Біздің Ресеймен шекарамыз 7,5 мың км, бұл бүкіл шекарамыздың жартысынан астамын құрайды. Бұл жөнінде Ресеймен кіндігіміз бір екендігі тарих болмысында солай шешілген. Ал, олардан келетін технологиялық жағынан дәстүрлі сапалы товарлар, телехабарлар, мәдени іс-шаралар, баспахана өнімдері және т.б. біздің тұтынушылардың көкейінен шығып, психологиялық жағынан ұтымдырақ кө-

рінеді, керек болса, моральдық-психологиялық тұрғысынан көзге көрінбейтін «қысым» жасайды. Ал, Ресейдің ғылымы, техникасы, әскери искусствосы, т.б. әлемдегі көшбасшылардың бірі болып есептелетіндігінде дау жоқ. Оған ұзақ уақыт санамызда орын алған «солтүстік көршінің» не істесе де «артықшылығы» көрініп тұратындығы (әсіресе, тілде), уақытша болса да, құлдық психологиямен жалғасады. Міне, осылар және тағы басқа аргументтер мемлекеттік тілдің қанатын кеңінен жаюға **объективті** түрде кедергі жасауда. Бұларды «орыс факторы» деп жинақтап айтуға әбден болады.

Бұған қосар болсақ: экономикамыздың шарықтап, дамып, Қазақстанның тілдік патриотизмінің қалыптасуына шешуші ықпал жасай алмай отырғандығы; демографиялық өсудің әлі түбегейлі түрде титулды этностың пайдасына шешілмей жатуы; титулды ұлттың әлі де болса ұлт болып қалыптасуының баяу дамуы, соның нәтижесінде ұлттық намыстың шындалуының кешеуілдеуі (мысалы, ауылдан келген қазақи автобус жүргізушілердің салонда отырғандардың дені өз ұлтымыздан болса да, аялдаманы орыс тілінде хабарлауы, құлаққа жақпайтын орыс музыкасын қоюы, «асфальтта туғандардың» қазақ тілінде сөйлеуге арлануы, т.б.); терминдерге псевдопатриоттардың қырғидай тиіп, жөнсіз қазақшаға аударуы сияқты т.б. **субъективтік** жағдайлар мемлекеттік тілдің мәртебесін тежеп бағуда.

Көтеретін мәселелердің басын ашар болсақ, басқа этностардың ұлтымыздың көркем әдеби тілін білуге үйренуге ынталы екендігі, бірақ мәселе **терминдердің** айналасында болып отырғандығына басты назар аудармақпыз.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тіліміздің еңсесін тіктей алмауының өзіндік себептерімен бетпе-бет келіп отырмыз. Саралай келсек, халықаралық терминдердің ғылымды, әдебиетті, мәдениетті, тілді, т.б. дамытудағы ролінің зор екендігін байқаймыз. Біздің пайымдауымызша, мемлекеттік тілге зор кедергі келтіріп жатқан терминдегі псевдопатриотизм (жалған патриотизм) болса керек. Тілдің баяу дамуының **объективтік** және **субъективтік** себептері бар.

Объективті себептер:

Орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымының алты тілінің бірі. Жасыратыны жоқ, алып тіл. Қазақ тілі оның қасында – карлик тіл.

Қазақстанның Ресеймен шекарасының ұзындығы 7,5 мың км (барлық шекарасының 52%). Бұл біздің Ресеймен барлық жағынан кіндігіміздің бір екендігінің айғағы болып есептелетін геосаясаттық жағдайды ескермеуге болмайды.

10 млн. қазақ халқының тілін орыс пен ағылшын тілдері екі өкпеден қысып демін алдырмай «шабуылдауда»:

а) қалыптасқан пікір бойынша, Ресейден шығарылатын жоғары сапалы тауарлар орыс тілін кереметтей «насихаттауда»;

б) орыс тіліндегі мәдениеттің, ғылымның, өнердің, әскери қуаттың, техника-технологияның, дипломатияның, юриспруденцияның әлемдік деңгейден көрінуі;

в) Ресейдің әлемдік дипломатиядағы тегеурінді ықпалы, т.б.

Оның үстіне санамызға ғасырлар бойы сіңіп кеткен орыс тілінің «күдіреттілігі», байлығы, оралымдылығы, икемділігі оның артықшылығын айқындап біздің психологиямызға «қысым» жасап жатқаны тағы бар. Тіпті, қазақ мектептерінде балалардың өзі орысша шүлдірлеп кететіндігін ескерсек, «орыс тілінің мысы қазақ тілін желкесінен басып тұр» дегенді аңғартады. Сондықтан қазақ тіліне бетбұрыс жасау орасан қиындықтарды туындатуда. Бұларды «орыс факторы» деп жинақтап айтуға әбден болады. Біздің жағдайымызда заманында «орыс факторынан» нәр алып мәдениетіміз бен ғылымымызды дамытуға зор ықпал жасалғаны тарихи шындық. Өйткені, ғылымы еуропаша дамыған Ресеймен біз кіндіктесіп жатырмыз. Бұл жөнінен этикалық мәні бар К. Маркстің сөзі тілге оралады: «Кто забывает свою историю, тот рискует её заново пережить». Сондықтан біз тіл мен ғылым жөнінен Ресейден қанша іргемізді аулақ саламыз десек те, «орыс факторы» мемлекеттік тілдің етегінен тартып бой жаздырмауда.

Сондықтан орыстардың халықаралық терминдерді намыстанбай сөздік қорына енгізіп ұтымды пайдалану практикасын ескере отырып, біз де соны байыппен іс жүзіне асыруымыз керек. Бұдан біз ұтқанбыз, ұтамыз да.

Демек, біз көрсеткен факторлар бізден тәуелсіз, объективтік шындық болып есептелінеді.

Субъективтік себептер деп адамдарға, өзімізге байланысты мынадай жәйттерді айтуға болады:

1. Экономиканың ойдағыдай дамымауы қазақстандық тілдік патриоттық сезімді қалыптастыруда шешуші ықпал жасай алмай отыр, былайша айтқанда, біздің адамдардың әсіресе, басқа этностардың өкілдерінің жер шарының қай түкпірінде жүрсе де, менің Қазақстаным деген отансүйгіштік сезімінің баяу қалыптасуы. Ал керісінше, дамыған, әл-ауқаты жоғары елдердің азаматтарында мұндай жоғары сезім қанына сіңген, оларды өзектесең де шет жаққа кетпейді, нәтижесінде тілді еріксіз үйренуге мәжбүр болады.

2. Демографиялық ситуацияның әлі түбегейлі түрде, титулды этносымыздың пайдасына шешілмей жатуы (біз үшін оның саны 70-80% жету керек);

3. Титулды қазақ ұлтының рухани-психологиялық намысының баяу қалыптасуы (мысалы: ауылдан келген қазақы автобус жүргізушісі мен оның көмекшісі, салонда отырғандардың дені титулды ұлттан болса да, аялдаманы бұрмалап орыс тілінде хабарлауы, өзімізді қойып батыс-орыс музыкасын шулатып қоюы, «асфальтта туғандардың» қазақ тілінде сөйлесуге немесе музыка тыңдауға арлануы. Мұндай жағдай Ресей тарихында XIX ғ. бас кезінде болған. Л.Н. Толстой және басқалардың романдарын еске алсақ, орыстардың француз тілінде сөйлесуі өзінше «мода» болған);

4. Халықаралық терминдерді сол күйінде қолданудың мемлекеттік тілді дамытудағы ролінің маңызы мен терминдегі жалған патриотизмнің (псевдопатриотизм – pseudos – грек сөзі жалған) тілді дамытудағы кедергілері өз алдына. Біздің әңгімеміздің арқауы осы төртінші тармақшаның төңірегінде болмақ.

Бүгінде қазақ тіліндегі интернационалдық терминдердің барысы туралы пікірталас әрі қарай жалғасуда. Біріншілері, ғасырлар бойы қалыптасқан әлемдік мәні бар тұрақты қолданыста жүрген терминдерді «жаппай аударып, адамдардың басын қатырудың қажеті жоқ, терминнің қазақша аудармасы оның адекватты толық мағынасын бере бермейді, сондықтан терминнің басым көпшілігін сол күйінде пайдалану керек, мағынасы бұрмаланған терминдер басқа этнос өкілдерін шошындыруда» десе, екінші жағы халықаралық терминдерді сол күйінде пайдаланғаннан тіл шұбарланады деп кертартпалық, псевдопатриоттық позицияны ұстануда. Керісінше, тіліміз орыс, ағылшын тілдері сияқты халықаралық терминдермен байитынын еске алмауда. Өкінішке орай, псевдопатриотизм бүгінде мемлекеттік тіл проблемасының, тіл мамандығының құзырының шеңберінен шығып, саясатқа айналып кеткенін білмеуде немесе білгісі де келмеуде. Былайша айтқанда, тіл мамандары қазақ тілінің шеңберінің сыртында қалған түрлі этностарды мемлекеттік тілде сөйлету мүддесінің тұрғандығын еске алмауда. Тар ведомстволық мүдде мемлекеттік тілдің дамуына орасан зор кедергі келтіріп жатқанын байқағысы келмейді.

Қазіргі тәуелсіздік жағдайымызда, Елбасы айтқандай, біздің 100 жылдық дамуды 15-20 жылдың ішінде өтуіміздің ғылыми жолдары:

- біріншіден, әлемдік терминдерді жаппай аудармаламай сол күйінде пайдаланып, ғылымымызды шарықтатуымыз керек;

- екіншіден, еліміздегі басқа этностардың мемлекеттік тілді тездетіп меңгеруіне, былайша айтқанда, терминдерді барлық этностарға ортақ күйінде пайдалануға қалдыра отырып даңғыл жол ашқанда ғана мемлекеттік тілдің көсегесі көгеретіні хақ.

Айта кететін бір жәйт, советтік дәуірде халықаралық терминді пайдалануда проблема жоқ еді. Нәтижесінде, Қазақстан ғылымы мен техникасы дамып, айтарлықтай алдыңғы қатарда болды десек қателеспейміз. Тәуелсіздік алғаннан кейін псевдопатриотизм тіл тәуелсіздігін мемлекетіміздің саяси тәуелсіздігімен шатастырып алған тәрізді. Тіл, оның ішінде термин, әлемдік консервативтік құбылыс қатарына жатады. Үш тұғырлы тіл аясында, мақала ағылшын тілінен орыс тіліне аударылса, мақаладағы барлық терминдер сол күйінде сақталады да, ал сол мақала қазақ тіліне аударылса, терминдер жосықсыз жұмаланып, бұрмаланып мақала не туралы айтылғандығы көбінесе түсініксіз күйде қалады. Мұнда аударылған терминдерді басқа этностың өкілдері түгілі, титулды ұлт қазақтардың да түсінуі екіталай болуда. Жай қарапайым халық түгілі, мемлекет қайраткерлерінің де «процент» деген терминнің «қазақша» формасын бірден таба алмай, ойланып барып «пайыз» деп айтатындығының куәсіміз.

Бүкіл өркениеттің келелі дамуына сүбелі үлес қосып келген, халықаралық терминдердің өзгертілмей пайдаланылуының маңызы өте зор. Олардың шығу тегі мыңдаған жылдарға созылады, әлемдік прогресте халықтар оларды сол күйінде өзгертпей қолданып, өз қоғамының кәдесіне жаратып бағуда. Дүниеге келген термин өзінің колоритін оның алғашқы табиғатына қол сұқпай, өзгертпей пайдаланса ғана сақтайды, қоғамға толыққанды қызмет етеді. Оны әрбір ұлт өз қажетіне ыңғайлап аударып берекет таппаған, таппайды да, олай болған жағдайда, ол ұлт дамудың ең соңғы көшінен орын алып қалуы ықтимал.

Әлемдік тіл тарихында псевдопатриоттар ұлттық тілдің жанашыр «патриоты» ретінде терминдерді онды-солды тәржімәлаған, бірақ әлемдік тілдік прогресс ондайларға тосқауыл қойып, ұлт тілін изоляцияланудан сақтап отырған. Айтылған пікір дәлелді болу үшін тіліміздің басты жанашыры, әлемдік тіл тағдырларынан хабардар (мысалы, Малайзия тілінің қалыптасуы туралы), кішігірім тілдердің даму заңдылықтарын қаперде ұстайтын Президент Н. Назарбаевтың терминдер туралы классикалық қалыпта айтылған ғылыми пікіріне мән берелік. 2006 ж. мамырда, «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында, Елбасы былай дейді: «Егемендік алған алғашқы жылдары мемлекеттік терминком мүшелерінің тым асығыс ше-

шім қабылдауы себепті кейбір «әттеген-айлар» кезікпей қалмады. Мәселен, дипломат сөзі. Бұл халықаралық терминді ғалымдарымыз «мәмлегер» деп бекітті. Сонда «дипломатия» деген қорғасындай салмақты сөз жеңіл-желпі «мәміле» болып шыққан. Мәмілені тура мағынасында аударсақ – «делка». Сонда «дипломатические отношения», «дипломатический паспорт» дегенді қалай тәржімалауымыз керек? Сондықтан «дипломатты» – дипломат күйінде қайта бекітіп, жоғарыдағы тіркестерді «дипломатиялық қатынастар», «дипломатиялық қарым-қатынастар», «дипломатиялық паспорт» күйінде терминдер тізіміне енгіздік.

Ілкі кездегі мемтерминкомның үстірттігінен бекіп кеткен сөздер кейін нормативтік-құқықтық актілерге еніп, әбден сіңісті болып кетті де, қатені түзете алмай өкінген жайттар да аз емес. Сол тұста паспортты – төлқұжат, архивті – мұрағат, музейді – мұражай деп жаңаша атау еншіледік. Мәселен дүниежүзінің қай еліне барсаңыз да «паспорт» паспорт. Маған салса, осының бәрін қайтадан өз қалпына келтіру керек деп ойлаймын!

Жақында менің қабылдауымда болған Еркеғали Рахмадиев ағамыз «композитор» деген халықаралық терминнің мәндік деңгейін төмендетіп, сазгер-мелодист, барлық тілде бірдей «пианино» деп аталатын сөзді «күйсандық» қып жібергендерге өкпе-назын білдірді. Дұрыс айтады. «Класс» деген сөзді «сынып» деудің, «тоңазытқышты» – «мұзсандық» деудің ыңғайы қиын. Айта берсе, біраз сөздерді келтіруге болады. Ендігі жерде, асықпай, аптықпай осыларды қарауымыз керек.

Демек, түбірі латын, грек тілдерінен алынып, Еуропа тілдерінің бәріне сіңісті болып кеткен термин сөздерді орынсыз қозғаудың реті жоқ.

Демек, талай ғасырдан бері тарихы бар, қолданыс аясы әлемнің түгелге жуық елдерін қамтыған... халықаралық терминдерге абай болайық!

Жоғарыда айтқандай орыс тілі (сол тіл арқылы енген терминдер – Т. Ж.) дәл бүгін бізге қажет қазына. Дүниедегі өркениетті елдердің білім технологиясына біз осы тіл арқылы шығып отырмыз!

Дүниеде қазір ағылшын тілі бизнестің, ең жоғарғы технологияның тілі болды. Ал, біз ағылшынның орысшаға аударған білімімен жүрміз. Қазақ тілін сол дәрежеге жеткізуге уақыт жоқ» (цитатаның соңы).

Елбасы бұл мәселеге соңғы Жолдауында тағы қайта оралды, бірақ мемтерминком құлықсыздық танытуда. Сөзінің соңында Елбасы «орыс факторының» ықпалдылығына, салмақтылығына да на-

зар аударған. Абайдың ойын өңдеп айтсақ: дүниенің кілті орыста екенін Елбасы әрі қарай жалғастырғандай. Өйткені, ол мемлекет биіктігіндегі тіл, оның ішінде халықаралық термин мәселесіне тереңнен, ауқымды перспектива тұрғысынан келуде. Оның дәлелі де бар: Ресей бүгінгі таңда ғылымы мен технологиясын бір арнаға бағыттап әлемдегі күдіретті елдердің қатарына жедел ене бастады. Біз болсақ, саяси тәуелсіздігімізді сақтай отырып, тіл жөнінен Ресеймен барлық жағынан қоян-қолтық тірлік жасауымыз керек. Тарихи шындықты бүркелемей Елбасы: «Орыс тілі арқылы қазақтар әлемдік ғылым, әдебиет, мәдениет деңгейіне көтерілді» (Е. Ертысбаев «Қазақстан и Назарбаев», Астана. 2001. стр. 251).

Аса көрнекті ел зиялыларының көбі (М. Әуезов, Қ. Сәтбаев, А. Жұбанов, т.б.) Москва, Санкт-Петербург, т.б. сияқты орталықтың шекпенінен шыққанын жасыру қиын. «Өзі болған қыз төркінін танымайдының» кері келмегей. Оның бергі жағында Елбасы Жолдауында: «Мемлекеттік тілмен бірдей мемлекеттік органдарда ресми түрде орыс тілі пайдаланылады», – деп қадап айтты.

Елбасының шет елдерде орыс тілінде сөйлеуі қазақ тілінің дипломатиялық жағынан әлі қауқарсыздығының дәлелі болса керек. Елбасының тек қана толғағы пісіп жетілген мәселені дөп басып көтеретіндігін ескерсек, аталмыш интервьюінде термин мәселесін дер кезінде көтерген-ді. Бұл мәселені шешуді одан әрі қарай кешеуілдету, қазақ болмысын (тілі, ғылымы, технологиясы, т.б.) қолмен кенжелетумен барабар деген пікірге саяды. Оның салдары айтпаса да түсінікті.

Елбасының пікірлерін топтасақ, ХХІ ғасырдың ширек мезгілі Қазақстанның ғасыры болмақ. Осындай амбициялық мәні бар «қазақстандық арманды» іс жүзіне асырудың бірден-бір жолы ғылым мен жаңа технологияға салмақ салу болып табылады. Бұл «Мәңгілік Ел» болудың алғы шарты болса керек. Оның негізгі тетіктерінің бірі – әлемдік тілдік бәсекелестікке төтеп бере алатын аударылмаған терминдермен байытылған мемлекеттік тілімізді Қазақстанды мекендеген барлық этностар өз тілі ретінде қабылдауы керек. Бұл мемлекеттік тілдің көсегесін көгертетін бірден-бір даңғыл жол. Өкінішке орай, Елбасының термин туралы саликалы пікіріне «горе» аудармашылар, терминком құлақ асар емес. Елбасының баяндауынша, термин барлық этностарға ортақ айтылып-жазылуы керек.

Елбасының қоғам алдында тек іс жүзіне асыра алатын, қордаланған мәселелер мен міндеттерді қоя біліп, оның баянды шешілуіне мұрындық болатындығын, табандылығын еске алсақ, термин мәсе-

лесінің өз орнымен шешілетіндігінде күмән жоқ. Өйткені, жаһандану жағдайында термин мәселесін тұмшалау, еліміздегі прогрестің аяғына тұсау салумен барабар. Елбасының жауапкершілікке толы пікірінен артық псевдопатриоттарға қандай тосқауыл керек. Оның бұл пікірін, ғасыр адамы атанған, О. Сүлейменов те толығымен қолдайды: «На вопрос, что языковой патриотизм порой переходит такие границы... сейчас происходит бурный процесс казахизации международных терминов, он ответил: «русский словарь еще в XIX веке прошел период, который только сейчас переживает казахский. Один из самых важных вопросов-как пополняется родной словарь терминами... Термин надо перевести или надо принять как есть. Русские патриоты, боровшиеся против засорения родной речи, не пожелали впустить в словарь итальянское слово – фортепиано, буквально перевели его тихогромом. В итальянском форте – сильно, громко, пиано – тихо. В русском языке такой термин не устоял. Не прижились и мокроступы. Удержалось иностранное слово – калоши. Наши лингвисты – сочинители из терминкома как будто не слышали об этих примерах, высмеянных во всех учебниках языкознания. Или учебников этих не читали. Потому не стали переводить, а решили передать «адекватно, образно». Официально ввели в современный русско-казахский словарь: фортепиано – күй сандығы. Буквально сундук кюев. А как тогда назвать пианино, клавиесин, синтезатор? Тоже ведь в какой-то степени сундуки...»

Такие кальки – признак невежественного вмешательства в процессы межкультурного обмена, идущие с древнекаменного века. Заимствование обогащает язык. Английский, признанный языком мирового общения, на 70% состоит из заимствований. Потому и великий («Свобода слова» 13/XI/2008 г.). Әрі қарай жалғастырсақ, оның айтуынша: «Тап-таза тілді табу мүмкін емес. Корей тілінің 75% қытай сөздері, француз тілінің 25% араб сөздері құрайды екен. Солардың соған намыстанып жатқанын көрмеппін. Өркен жайған мәдениет – өзгелермен ұдайы жүздеген жылдар бойы араласып-құраласудың жемісі! Сөз алмасу деген тілдің кедейлігінің белгісі емес, бұл оның даму (баю – Т. Ж.) үстіндегі тіл еркіндігінің белгісі... Қазақ тілінің 85 проценті парсы, араб, монғол, қалмақ тілін құрайды. Сіз айтқан сөздікке (О. Сүлейменовтың еңбегі «1001 сөз» туралы оған С. Абдрахмановтың сауалы) кіріскеніме 40 жылдан асты! Оның басты тақырыбы – орыс тіліндегі туркизмдер». «Тіл этностардың тарихи жолда тоғысуы, табысуы туралы таным білімнің ең шыншыл шежіресі» (Ег. Қаз., 12.03.2010).

Осыған орай, мәдениет және тіл алмасуы осы заманда жалғасын табауда. «Милиция» деген орыс сөзі, енді әлемдік термин «по-

лициямен» алмастырылды. Бұл әлемдік термин заңдылығының аясында өмір сүрудің белгісі. Сондықтан әлемдік тілдердің қалыптасу үрдісі қазақ тілін де айналып өткен жоқ. Қазақ тіліне енген араб, парсы, монғол, орыс тілдеріндегі сөздер шамамен жоғарғыдай процентті көрсетсе керек. Өйткені, О. Сүлейменов айтқандай, бұл әлемдік мәдениеттердің ықпалдасуының айқын көрінісі екені анық. Бұл – аксиома.

Кезегінде айта кеткен дұрыс, ағылшын тілі 70-80%, орыс тілі 60-70% кірме сөздерден тұрады екен. Қазақ тілі де 80% араб, монғол сөздерінен құралған.

Меніңше, бұл мәселеге нүкте қойылатын уақыт жетті. Принципиалды түрде терминдердің еркін өмір сүруіне жол ашу керек. Терминдердің басым көпшілігінің қолданылуын халықтың құзырына еркін қалдырған жөн. Мысалы, дамыған елдердің архитектурасында үлкен ғимарат салынып болғаннан кейін, жалғыз аяқ жол (тротуар) халықтың өзі жүріп із қалдырғаннан кейін салынады. Былайша айтқанда, таңдауды халықтың өзі жасайды.

Енді Елбасының тезис ретінде термин туралы идеяларының дұрыстығын одан әрі тереңдететін уәждерге жүгінелік. Тарқатпас бұрын айтарымыз, тіл тарихында кейбір елдерде термин туралы псевдопатриотизмнің іс-әрекеттері бұрын да болғандығын білеміз. Сондықтан біздің елде ғана псевдопатриотизм әрекеттері орын алды деп айту жаңсақтық. Мұндай келеңсіз жағдай орыс тіл тарихында да болған. Авторлар И. Голубь пен Д. Розентальдың «Занимательная стилистика» деген кітабынан үзінді келтірелік (орысша нұсқасы сақталады – Т. Ж.): «Еще в пушкинскую эпоху много спорили о возможности использовать заимствованные слова (термины). Первым, кто тогда выступал против иностранных слов был адмирал А.С. Шишков, маститый литератор, член Российской императорской Академии, одно время он был даже министром Просвещения. Это его упомянул А.С. Пушкин в «Евгений Онегине», употребив одно из «гонимых» слов: «Шишков, прости! Не знаю, как перевести...». Адмирал упражнялся в словотворчестве, изобретая замены для заимствованных слов. Так, он предлагал говорить вместо слова «аллея» – «просад», вместо миллиард – «шарокат», слово кий заменял «шаротыком», а библиотеку называл «книжницей». Для замены не понравившегося ему слова калоши он придумал другое – «мокроступы». Рвение А. Шишкова избавить русский язык от заимствований раздражало молодежь, и он был зло осмеян в популярной тогда эпиграмме: «Хорошилище грядет по гульбищу в мокроступах на позорище», что следовало понимать как: «Франт

идет по тротуару в калошах на спектакль (или театр)». Как видим, в этой шутке все ненавистные А.Шишкову заимствованные слова заменены искусственно созданными, которые были очень на них похожи.

Стремление оградить язык от всяких заимствований и веяний называется пуризмом, а сторонники его – пуристами. В России пуристы, как правило, были люди консервативные, как и вдохновитель их А. Шишков (правда, он не признавал и слова «пурист» предлагая вместо него свое – чистяк»). Конечно, Пушкин не разделял пуристских взглядов, и отстаивал право поэта употреблять те заимствованные слова, которые необходимы для точного выражения смысла. Он исходил из убеждения, что «истинный вкус состоит не в безответственном отвержении какого-либо слова, такого-то оборота, но в чувстве соразмерности и сообразности». Сам поэт, конечно, никогда не злоупотреблял непонятными словами. Давайте и нам поступать также» (цитатаның соңы).

Басқа жерде А.С. Пушкин: «Г. Лемонте напрасно думает, что владычество татаро-монгол оставило ржавчину на русском языке. Чуждый язык распространяется не саблею и пожарами, но собственным обилием и превосходством». С. Абдрахманов былай дейді: «Ең бастысы А.С. Пушкин бір тілдің сөзі (термині – Т. Ж.) екінші тілге өзінің байлығының, артықшылығының арқасында ғана сіңіседі, – деп кесімді пікір айтқан... Сонымен, бір Пушкиннен 200-дей түркізм шығып отыр. Бұдан біз орыстардың тілінің басқа тілдерден енген терминдердің өміршеңдігін түсініп, өзінің сөз қорын байытқанының куәсіміз» (цитатаның соңы) (Егемен Қазақстан, 4.10.06).

Украинада туып-өсіп, одан кейінгі бүкіл тағдырын Қазақстанмен байланыстырған «Қыпшақ жазба мұраларын» зерттеуші А. Гаркавец былай дейді: «Осы сөздіктерден байқағаным, тілдер дамитын болса, оның 50% -ін кірме сөздер құрайды екен. Мәселен, қазіргі орыс тілі мен украин тілінің 80%-і кірме сөздер (соның ішінде көптеген қыпшақ сөздері де бар). Бұл тіл үшін қалыпты жағдай. Мысалы: биологиялық, медициналық терминдерді алайықшы, «клетка», «оболочка», «ядро» деген сөздер ғана орыстікі, қазақшасы да солай. Қалғаны грек, латын сөздері... Қазір тілді (мемлекеттік тіл – Т. Ж.) кім қалай жасағысы келсе, солай жасап жатыр!.. Бұл мәселе бір орында тұрған сияқты көріне береді» (Ег. Қаз., 31.01.07.)

Профессор Е. Жұбановтың пікірінше «... біз терминді емес, сөзді аударып жүрміз, көп жағдайда термин болып жүрген сөздің атауы аударылады да, терминдік мағынасы қалып қояды. Терминді

аударуға болмайды. Ыңғайымен тілімізге сіңіру керек. Терминдік атаулардың лексикалық мағынасы мен термин сәйкес келмейді. Айталық, «атомды» бөлінбейтін деп аудардық. Ол бөлініп кетті. Бөлінген бөлшектеріне не деп ат қоямыз? Немесе «тексті» мәтін деп алдық, текстолог, текстология, контекстерді қайда қоямыз? Мысалы контексті – конмәтін дейміз бе? Жалпы түбірден шығатын басқа мағыналарды қатаң ескеріп отыру керек». (Ег. Қаз., 21.05.99.) немесе «миграция» деген терминнің қазақшасын «көші-қон» деп аудардық. Ол жөнінде Заң қабылдадық. Ол орысша «Закон о миграции» деп аталынды. Ал, миграция (лат. *migratio* – переселение). Бұл термин төрттен аса мағынаны қамтиды: 1. адамдардың; 2. жануарлардың; 3. геологиялық элементтердің, судың, жердің; 4. капиталдың және т.б. миграциялары. Ал, біз болсақ, осыншама ауқымы кең терминнің аясын тарылтып адамдардың бір жерден екінші жерге орын ауыстыруына ғана қолданып, оны «Көші-қон туралы заң» деп қабылдадық. Осы жерде қай тілде қабылданған заңның формасы мен мазмұны ұтты деген сұраққа жауап беру қиын емес. Осыған орай, (Ег. Қаз., 20.02.07) газеті: «көші-қон» термині де онып тұрмағаны белгілі деп жазды.

Жуырда шет елдерден жұмыс іздеп келген (гастарбайтер) адамдарды еліне қайтару операциясын «мигрант» деп атады. Бұл екі термин де халықаралық болып есептелінеді.

Ал, «класс» терминін алсақ, (ол лат. – разряд) оны ортақ класс деп қалдырмай, арабтардың шашбауын көтеріп псевдопатриоттар «сынып» деп өзгертіпті. Зерттесек, класс термині он мағынада айтылады. Бұл жерде арабтарға жалтақтадық делік, сонда классикалық музыканы – сыныптық музыка, классикалық күресті – сыныптық... кластық вагондарды, каюталарды да сыныптық деп атаймыз ба? Немесе классик жазушыны сыныптық жазушы дейміз бе? «Процент» деген терминнің латынша тарихы (заттың жүзден бір бөлігі) мыңдаған жылға созылады. Оны «пайыз» деген сөзді еске қайта оралтып айту үшін, адамдар біраз уақыт ойланып тұрады, өйткені оның мағынасы түсініксіз. Немесе «коррупция» терминін (лат. *corruptio* – подкуп) – «жең ұшынан жалғасу», «сыбайлас жемқорлық», т.б. басқалар басқаша айтады, мұның да онып тұрғаны шамалы. Орысша – «подкуп» деген сөздің өзі коррупцияның толық мағынасын бермейді, сондықтан орыс тілінде «коррупция» деген сөздің салмақтылығы сақталынып қалынған, ол одан ұтпаса, ұтылған жоқ. Бұл терминді кеңінен қолдана отырып орыс тілі әлемдік кеңістікке батыл енді. Керісінше қарапайым халық паспорт, ракета, коррупция, миграция, душ... деп қолдануда. Орыс-

тар «удобно» сөзін қолданбай комфорт деп айтады. Ең сорақысы псевдопатриоттар терминдерді аударуда этикалық нормаларға назар аудармай шектен шығуда. Мысалы, олар «ядро» деген терминді «қыздық» (Б. Айтманбетов. «Жалпы физикалық сөздік»), 3 класс оқулығында баклажанды «жертатақ», сондай-ақ техникалық термин лебеда – аққудың ұрғашысы... деп аударылған. Осындай келеңсіз аудармалар жалғаса береді.

Ата-бабаларымыз ұлы тіліміздің ХХІ ғасырда осылай күлкіге айналарын ойламаған да болар. Пайымдасақ, бұл бізге сын. Термин мемлекеттік шекараны мойындамайды, ол ғылымның бір құралы және құрамдас бөлігі. Тарихтан білетініміз еш уақытта «псевдо» прогреске қызмет етпеген. Ал, душ деген сөзді «шаптырма», балкон – «қылтима», стюардесса – «аспансерік» деп құндылығы шамалы балама ат қойғаннан не ұттық? Оның бергі жағында ертеректегі қазақ тарихында душ, балкон, стюардесса цивилизациямыздың жемісі ретінде болмаған, керек болса киіз үйдің құлпы да болмаған. Б. Қалиұлы сияқты псевдопатриоттар пленканы – жұқалтыр, клетканы – жасуша, анатомияны – тәнтану, косметиканы – диал, функцияны – мәнді, фактіні – берне, т.б. деп атауды ұсынады. Бұл сөздерді қайдан тауып алды екен деп танданасың!?

Клетка құбылысын ағылшын микроскопшысы Р. Гук 1665 ж. ашып, «клетка» терминін енгізген. Ал, егер қазақ ғалымы бұл құбылысты зерттеп, ашып «жасуша» деп атаса бір сәрі. Өкініштісі оны орта жолдан бұрып алып, «жасуша» деп атауға қақымыз да жоқ немесе витамин (лат. *Vita* – жизнь) құбылысын орыс ғалымы В.И. Лукин (1888 ж.), поляк ғалымы К. Функ (1912 ж.) ашып витамин деп терминдеді. Ал, оны дәрумен деп өзімізді және басқа этнос өкілдерін қинап шатастырудың орны жоқ, тіпті этикаға жатпайтын дәрумен сөзін псевдопатриоттар былай тудырған: «Алтайдың ар жағынан келген ару, жалт етіп қарағаны дертке дәру» деген шумақтан «дәру» сөзін алған, ал витаминнен «мин»-ді алып оған «и» әрпінің орнына «е» әрпін енгізіп «дәрумен» сөзін жасаған. Бұл сөздің ғылымдағы салмағы жоқ. Ал, витамин термині ғылыми мазмұнға толы. Адвокат (лат. *Advocatus* – заң мәселесіндегі консультант) – терминін қорғаушы деп аударуда. Бұл юриспруденция практикасын шатастыру деп айтса да болады. Шын мәнінде бізде барлық сот процесі орыс тілінде жүреді, ең өкініштісі, басқарып отырған қазақтар болса да, қатысушыларды орыс тілінде сөйлеуге мәжбүрлейді. Олай болса адвокат сияқты ежелден қалыптасқан терминдерді аудармай, заң ісін күрделендірмей өзімізге де, басқа этностарға «жеңілдік» жасауға болар еді. Сол сияқты мысал-

дар жетіп артылады. Ағылшын, француз, неміс, орыс тілдері ортақ әлемдік терминдердің игілігін көріп жатқанда біздегі псевдопатриоттар сол терминдерді жұлмалап аударып берекесін қашыруда, ол аз болғандай басқа этностарға күшпен аударылған сөздерді жаттауға мәжбүрлеудеміз. Сөйте отырып мемлекеттік тіл дамымай жатыр деп байбалам салудамыз.

Ғылымдағы атаудың авторы оны зерттеп ашқан ғалым немесе ел болып саналады. Мысалы: орыс ғалымдары 1959 жылы жердің серігі ретінде спутникті орбитаға шығарды. Бүкіл әлем «спутник» терминін мойындады. М. Әуезов «Ғылым тілі» (научный термин) атты мақаласында: «Қай жұрттың білгіші бір жаңалық ашса, сол нәрсеге өз тілінде ат қояды, бұл атты өзге жұрттың бәрі сол тілде қолданады», – деп жазған. Терминдерді қазақшаға жөнсіз аудару практикасына көптеп мысалдар келтіруге болады. Шынтуайтқа келсек, қазақ ғалымдарының халықаралық терминдердің пайда болуында үлесі жоқ деп айтса да болады. Жапонияда болғанымда (Т. Ж.) жапондықтардың ағылшын тілін екінші тіл деп есептейтіндігін байқадым. Олар тіл жөнінде намыстанбай, заманауи талапқа сай ағылшын тілінің мүмкіндіктерін жете пайдалана отырып өркениеттіліктің әлемдік деңгейіне көтеріліп АҚШ, Қытайдан кейінгі үшінші елге айналғанын білеміз, тағы да байқағаным, ағылшын тіліндегі халықаралық терминдерді жапон тіліне сол күйінде енгізіп алып, 140 млн. халық сөйлейтін жапон тілі құдіретті құбылысқа айналған. Тура осындай жағдай біздің де басымызда бар. Бұдан тіл мен тілдің, мәдениет пен мәдениеттің жаһандануын байқау қиын емес. Осындай әлемдік құбылыс кезінде термин тілімізге еніп кететін болды деп қалтырап-дірілдеу заңдылыққа қайшы екендігі бесенеден белгілі.

Псевдопатриотизм терминді қолдан жасап, пікірталастың арнасына айналдыруда. Орыс тілінен енген терминдерден тәуелсіздік іздеп жүргенде, қаптап келе жатқан әлемдік терминдердің қақпанынан құтыла алуымыз екіталай. Ал, орыс тілінен енген терминдер әлемдік терминдердің сілемдері.

Кейбір терминдердің о бастан қазақша баламасы болса, оған дау жоқ. Мысалы, демонстрация – шеру, конкуренция – бәсеке, фонд – қор, аптека – дәріхана, т.б. Мәселе толықтай аударылмайтын, аударылғанның өзінде толықтай мағынасы берілмейтін терминдерде болуда.

Міне, біз байқап отырғандай, мемлекеттік тілдің аяғына қолдан салынған «тұсаудың» алынуы саяси мәселеге айналып отыр, оның осындай күрделі мәселеге душар болғандығына, оларды (басқа этнос өкілдерін) емес, псевдопатриоттарды кінәлаған жөн сияқты.

Басқа этностардың әдеби, оның ішінде тұрмыстық, сөзімізді үйренуге селқостық танытып жатқанда, толық мағынасын бермейтін, әрі жаттауға қиын аударылған сөздерді үйренудің қажеттігін алға тартып, психологиялық қысымға алу – онсыз да еңсесін тіктей алмай жатқан мемлекеттік тілге ауыр соғуда. Орыс тілі – тарихи қуатты дәстүрі бар, халықаралық терминдермен байытылған әрі икемді, әрі оралымды халықаралық қатынастардың құралы. Ал, қазақ тілі болса, терминдердің аудармасымен шимайланған, сөйлеуге қолдан күрделендірілген қолданыста қуатының шеңбері тарылып келе жатқан, тек қазақтар үшін қажетті қатынас құрал болып қалуда. Басқа этностар мен «асфальтта» туғандар бұл күрделенген қазақ тілін айналып өтіп, ресми орыс тілімен өмір сүруде.

О. Сүлейменов: «Қажеттіктен туындаса, қазақ тілінде орфографиялық өзгерістерді қарастыруға болады. Бұл жерде тілдік стратегияға мән беру орынды сияқты. «Кириллицаны өз алфавитіміз емес қой деп қуыстанудың тіпті жөні жоқ. Қазақтың алфавиті кириллицамен жазылатын орыс алфавитінің негізінде, соған қазақ дыбыстарын бейнелейтін жаңа әріптер қосу арқылы жасалған (42 қаріп). Әлемде төл алфавиті бар елдер қазір өте аз. Былайша айтқанда, тіл қатып қалған догма емес, ол да заман талабына сай ішінара өзгеріп отырады. Қазақ тілі, салыстырмалы түрде жас тіл, ол ұлы тілдер сияқты қалыптасып үлгерген жоқ. Оның формасының өзгеріп тұруы диалектикалық заңдылық» (Ег. Қаз., 12.03.2010).

Шынтуайтқа келсек, қазақ тілі екі әлемдік тілмен бәсекеге түсуге қауқарсыз. Замана ағымына қарай, елімізде адамдар орыс тілін былай қойғанда, ағылшын тілін үйренуді маңызды деп санауда. Сондықтан өмір диалектикасын ескере отырып, замана талабына сай ішінара орфографиялық, грамматикалық, морфологиялық өзгерістер енгізе отырып (мысалы, вагон сөзін – багон деп айтудың қажеті жоқ), керек болса «жеңілдетіңкіреп», басқа этностар мен «асфальтта туғандарға» режим жасай отырып қазақ тілін тезірек үйренуге жол ашу керек сияқты.

О. Сүлейменов өзінің көптеген сыйлық алған «Тюрки в до истории» деген еңбегінде кириллицаның жалпы түркі, славян тарихының мұрасы екендігін дәлелдей отырып, мұның керісінше латын тарихында жоқ екендігін айтады. Ол өзінің Президент Н. Назарбаевтың қабылдауында болып, тіл мәселесі туралы болған әңгімесін былай жалғастырады: «Речь шла большей частью о языковой политике. О письменной реформе. Речь уже не идет о замене казахской кириллицы на латиницу: Президент изучив материалы дискуссии, ясно высказал свою позицию на встрече с Ассамблеей наро-

дов Казахстана. В моей книге «Тюрки в до истории» (2002) реформа Петра I и Ленинская избавили алфавит от «сингармонических» букв. Мы вполне можем считать кириллицу наследием нашей общей тюркославянской истории. Чего о латинице не скажешь» («Свобода слова», 13/XI/08).

Бүгінде өз колоритін сақтап, сөз қорымызды байытқан терминдер аз емес. Мысалы: парламент, сенат, спикер, департамент, конгресс, т.б. Ал, аударыла бермейтін аударылғанның өзінде қолданысқа енбейтін: Спид (қазақшасы өте күрделі), ОБСЕ, ДНК, РНК, НАТО, БТА банкі, КВН, т.б. сияқты қаптап келе жатқан терминдерден қалай қорғанамыз, оларды аударып нендей берекет табамыз. Біз өзімізді өзіміз тұмшаламай, мемлекеттік тілімізді тежемей, әлемдік сөздік қорға ДНК, РНК деп енуіміз керек. Телеарналардың өздері де ДНК, БТА деп хабар беруде. Тіл тарихында үнілер болсақ, ұлы Шекспир өз туындыларын – 29 мың, Пушкин – 25 мың, М. Әуезов – 19 мың сөздің көлемінде дүниеге келтірген. Олай болса, біздің тіліміздің қоры халықаралық терминдердің аз болғандығынан қауқарсыздау. Ол аз болғандай, сарапшылардың пайымдауынша, қазақшаға аудару үшін кезегін күтіп әртүрлі салалардан (ғылым, технология, медицина, дипломатия, құрылыс, т.б.) 240-300 мыңдай халықаралық терминдер тұр екен.

Мемлекеттік тілдің бір орында табандап тұрғанын сезіне бастаған «бунаковшілдер» («Лад» орыс қауымдастығы, «Начнем с понедельника», 16-22.02.07), екі мемлекеттік тілдің қатарласып өмір сүруін көксейді. Бұл тіл мәселесі жөніндегі жаңа толқынның (рецидив) төбе көрінісі.

Мен автор ретінде мемлекеттік тілдің бүгінгі таңда үлкен саясатқа айналғанын Елбасының пікірлерімен сабақтастыруға тырыстым, ал псевдопатриоттар болса, бұл мәселеге тіл мамандарының тар ведомстволық тұрғысынан келуде.

Шынтуайтқа келсек, Совет дәуірінде, термин туралы проблема жоқ еді, ал қазір тәуелсіздік алғаннан кейін псевдопатриоттарға ерген мемтерминкомның тілімізді қолдан күрделендіріп жібергендігінің куәсіміз. Ол кезде мемтерминкомсыз-ақ Қазақстанның ғылымы мен экономикасы жаман дамыған жоқ еді. Осыған орай, аталмыш ұйымның (мемтерминком) қажеті бар ма, ал егер бар болса, ол Президент әкімшілігінің жанында орналасса құба-құп болар еді.

Сайып келгенде, мемлекеттік тілдің тағдыры ұлт тағдыры деп есептесек, оны басқа этностардың жедел игеруіне халықаралық терминдерді қазақшаға тәржімаламай, сол күйінде қалдырып, сөздік қорымызды байытуымыз керек.

Мемлекеттік тілдің бауырын жаза алмай жатуының объективтік және субъективтік себептерін қарастырдық. Мемлекеттік тілдің өз мәртебесіне көтерілуі үшін субъективтік факторлардың өзімізге тікелей байланысты екендігіне уәждер келтірдік. Солардың ішінде тек қана терминдерге тоқталдық. Ендігі жағында псевдопатриоттар райынан қайтып, тілдегі әлем жүріп бара жатқан жолға түседі, келеңсіз өзгертілген терминдер қайта қалпына келтіріледі деп сенім білдіреміз.

Қорыта келе, қазақ тілі әлемдік тілдер сияқты терминдермен байытылуы керек, бұл заңдылық. Бұл терминдермен байытылған мемлекеттік тілді меңгеруге басқа этностардың жаппай бет бұруына септігін тигізу хақ. Олай болса іске сәт!

* * *

Б. Момышұлы – Ж. Ташенов

1961ж.

Баукең Ж. Ташеновты адами ары, әділ мінезі бар тұлға ретінде бағалайды. Ж. Ташенов Қазақстан Жоғары Советінің Председателі (1961 ж.) қызметін атқарып жүрген кез еді. Бұрын таныс болмаған, тек оның қабылдауында болғандағы әсері мына тұрғыда диалогтан байқауға болады.

Кең кабинеттің төрінен орта бойлы тығыншақ сары жігіт орнынан тұрып жеңіл қадаммен алдымнан шықты.

Амандастық. «Тақтың» алдындағы столға қарама-қарсы отырдық.

– Бауке, халіңіз қалай? – деген сұрақтардан сөзін бастады председатель. – Денсаулық қалай?

Мен жауап қаттым.

– Онша мақтанарлық емес..., – деп бастай бергенімде, ол столдағы бір седеп түймені басты. Помощнигі жетіп келді.

– Немедленно позвоните Ерастову. Чтоб он прикрепил полковника к больнице Совета министров...

– На Ерастова не жалуюсь...

– Если нужно, пусть его положат в больницу в правительственную палату. Идите.

Помощнигі кетті. Мен не айтарымды білместен, сасқалақтап:

– Благодарю, Вас, – деппін.

– Сіз арақ ішесіз бе?

– Ишемін.

– Сізге пиво да ішуге болмайды. Темекі тартасыз ба?

– Тартамын.

- Көп тартасыз ба?
- Көп тартамын.
- Оныңызды қойыңыз. Сіз бізге өте керек адамсыз. Не істеп жүрсіз?
- Жазып жүрмін.
- Не жазып жүрсіз?
- Көрген-білгендер мен өткен-кеткендер. Менің темаларым...
- Ол өте дұрыс екен. Ол да бізге өте керек, – деп бастырмалатып сөзімді аяқтатпады.
- «Е, бұл кісі асығып отыр екен ғой», – деген оймен тілімді тарттым.
- Председатель маған Рақымжан Қошқарбаевтың арызын көрсетті.
- Мен сізбен осы жағынан ақылдасайын деп шақырып едім, – деді мен оқып шыққан соң. – Его личное заявление не служит основанием...
- Қазақшалап сөйлеңіз.
- Архивтен дәлелдейтұғын материалдар керек. Оларсыз килік-сеңіз, ұялып қалуыңыз мүмкін, – деді Ташенов.
- Мұныңыз өте дұрыс ақыл. Оны қалай табамыз?
- Іздеу керек.
- Сіз іздесеңіз қайтер еді?
- Іздеймін.
- Қаражатты мен бергізейін.
- Жоқ. Мен қаражат алмаймын.
- Мұныңыз не?
- Таба алмасам ше?
- Жоқ. Сіз табасыз. Сіз таппағанда, кім таппақ оны?
- Мен іздестірейін. Тапсам дұрыс, таппасам – ешқандай міндеттемені мойныма алғым келмейді...
- Келістік. Сіз іздестіресіз, сіз табасыз.
- Жарайды. Бірақ та мен ақшадан аулақпын.
- Жарайды. Ал енді сіз туралы да көп хаттар бар. Сізді неге Герой Советского Союза емес деп жазады менің атыма...
- Это компетенция правительства.
- Мен үкімет бастығымын...
- Вы всего лишь Председатель Президиума Верховного Совета Республики...
- Я заместитель Ворошилова.
- Мен оны білемін.
- Сіз менің атыма арыз, өмірбаяныңызды толық етіп жазыңыз. Барлық көрсеткен ерліктеріңізді жазыңыз. Мен ол мәселені Ворошиловтың алдында көтеремін...

- Жоқ. Мен ешнәрсе жазбаймын. Мен туралы жазылғандар аз емес.
- Онда соларды қарастыралық. Оларды қайдан табуға болады?
- Мен ол жағын білмеймін.
- Тағы біраз сөйлестік.
- Қашанда тарихи қақтығыстар, халықтың тағдырының сыртқы күшке бағынышты ахуалы, еркіндіктің тапшылығы, әл-ауқаттың деңгейінің сыртқы фактордан (орталықтан – Москвадан) тәуелді болуы және т.б. жағдайлар ұлт мүддесін қорғауда үлкен жүректілік танытқан – ұлы тұлғаларды туындатады. Әрине, сыртқы күшке тәуелді адамның, халықтың жүні жығулы, тереңнен нәр алатын көңіл-күйі ойдағыдай болмайтыны да анық. Бірақ ғасырлар бойы жиналған теперіші, ыза-кегі садақтың атылар алдындағы тетігіндей жағдайға келген кезде халық мүддесін қорғайтын тұлғалардың серпіліп алға шығуы заңдылық. «Қысыла-қысыла қыз болдым» дегендей, желтоқсаншылардың (1986) бірден атылуы кернеген ыза-кектің салдары болса керек. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дегендей, империя «тышқанмен ойнаған мысықтай», бұратана халықтардың тағдырымен допша ойнады. Оның тарихи дәстүрімен, мәдениетімен, территориясының біртұтастығымен, көңіл-күйімен, тілімен, т.б. ісі болмады да, санаспады. Қайта оны бөлшектеп, халқын әлсіретіп, «бөліп ал да, билей бер» принципін кеңінен қолданды. Түпкі мақсаты орыстандыру идеясынан танбады. Бірде тағдырлы кезеңнің бұлты қазақ халқының территориясының біртұтастығының басына үйірілді. Мәселе мынада болды. Империя қазақ халқының, бабалардың найзасының ұшымен, қылышының жүзімен, білектің күшімен қорғап қалған 2,7 млн. км² (бұрын Тұран даласы 6,5 млн. км² болған) территориясын бөлшектеп Ресейге қосу күн тәртібінде тұрды. Сол кезде Совет Одағының бірінші басшысы Н.С. Хрущев аталмыш империялық саясатты жалғастырды. Ең алдымен Қазақстан басшыларын оңтүстік Қазақстанның сүбелі үш ауданын мақта өндіруді «спецификациялау» деген желеумен, Өзбекстанға беруге мәжбүрледі. Бұл сол кездегі Қазақстанның басшысы ұлты ұйғыр Юсуповтың жаны ашымайтын, отансыздық космополиттік саясатының нәтижесі еді. Әлбетте, өз айтқанына жеңіл көндіру мақсатында бірінші басшыны басқа ұлт өкілдерінен қою оңтайлы болған-ды. Биліктің ішкі басшының айтқанына көніп, айдауына жүретін болғандықтан, космополит басшылары (қазақ ұлтына бүйрегін бұрмау) әдейі, территорияны бөлшектеуге көнгіш болғандықтан тандаған-ды. Қазақстанды бөлшектеп әлсірету саясатын пайдаланып қалғысы кел-

ген басшы Юсупов өзінің этностық мүддесін іске асырып қалуды көздеген-ді. Бұл дегеніміз – Қазақстанның астанасын Қарағанды немесе сол кездегі Целиноград қаласына көшіріп, Алматы қаласын жаңа құрылатын (Басшы Н. Хрущевпен алдын-ала келіскен – Ж.Т.) ұйғыр автономиялық облыстың астанасы етуді жоспарлаған. Бұл жымсық идея Д. Қонаев республикаға басшы болып келгеннен кейін іске аспай қалды. Содан кейін мұнай өндіруді біріздендіруді бетке ұстап, Атырау мен Маңғыстау өңірлерін Түркменстанға қосуды пәрмендегенде, Д. Қонаевтың табандылық көрсетуінің арқасында «аман» қалған-ды. Н. Хрущевтің территорияны бөлшектеу қажеттігі туралы «аппетиті» мұнымен тынбады. Тағы «приступының» көзі енді Қазақстанның солтүстігіндегі Ақмола, Петропавл, Қостанай, Павлодар, Қарағанды сияқты бай өңірлеріне түсті.

Ескі-жаңа тарихтан білетініміз – жер (территория) дауы кез келген мемлекеттің ең өзекті саясаты болып есептеледі. Ежелгі сақ, ғұн, түрік тайпалары, Рим-Египет империялары, Кир, Македонский, Атилла, ағылшын империясы, Гитлер саясаты да территория мәселесіне келіп тірелген. Тарихтан бір тәсіл келтірілді. Ғұндардың ұлы мемлекетінің іргесін қалаушы Модэге (б.д.д. 209 ж.) дұшпандар келіп, одан сәйгүлік арғымағын беруді талап етіп, сонан соң, ғұндардың аса сүйікті әйелдерінің біреуін алып кетуін емеурінмен білдіреді. Ол сұрағандарын береді. Ал олар жердің бір бөлігін алғысы келгенде, ол ашуға булығып: «Жер – елдің тұғыры, оны беруге болмайды, оны қалай беремін?» – дейді. Ол өзіне жерді беру жөнінде кеңес айтқандардың бәрінің бастарын алып, жауына тарпа бас салып, оларды талқандаған. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып келе жатқан, ата-бабаларымыздың аманаты, жердің біртұтастығын сақтау – ең басты абырой-міндет болып саналады. Өсиетті жалғастырып оны орындау намысшылдықтың бас тұтқасы болып есептеледі. Қазіргі территория – екшеліп-екшеліп қалған жер. Бүкіл Сібірді мекендеген Шыңғыс ханның ұрпағы Көшім ханнан тартып алған Ресейге есеміз кеткен. Орыстардың аппетиті енді қазақтың кіндік қаны тамған жеріне ауды. Бұл жөнінде енді артқа шегінуге жол жоқ еді.

Шындығында тың өлкесі деп аталатын құрылым арқылы өлкені тікелей орталыққа (Москваға) бағындырып, іс жүзінде қазақ жерін күштеп бөлшектеуге жанталаса ұмтылған кезде, республиканың біртұтастығына қатер төнген шақ еді.

Исі қазақтың бағына қарамай, осы сәтте Хрущевтің буынсыз жерге пышақ ұрған іс-әрекетіне өжет басшы КСР Министрлер Кеңесінің Председателі Ж. Ташенов қарсы шықты. Орталық комитет-

тің бас хатшысы Хрущев Ташеновтен пікірін сұрағанда, ол ашық өз қарсылығын айтады: «Мен өзім Ақмолада туып-өстім, менің ата-анамның, ата-бабамның жаны осы жерде жай тапқан. Енді осы жерді бізден алып, Ресейге бергелі отырсыздар. Мұндаймен ешбір қазақ келіспейді. Ойланыңыздар. Мен осындай мәселені шешу түгілі, көтерудің өзіне қарсымын...», – дейді. Бұған шамданып қалған Хрущев «Совет Одағы – біртұтас мемлекет, сондықтан қай республикаға қандай жерді беру керектігін біз сізден, Ташенов жолдас сұрамай-ақ шеше аламыз!» дегенде, Ташенов оған қарсы: «Олай болса, бұл Совет Одағының Конституциясына қарсы шыққандарыңыз, ал онда әрбір республиканың аумағы оның бұлжымас меншігі делінген. Егер Конституцияның бұл талабы өрескел бұзылатын болса, халықаралық ұйымдардың араласуын сұрауға хақымыз бар!» – дейді тайсалмастан. Оның бұл сөздеріне ырза болған Д. Қонаев өзі Жүмекеңнің батылдығына, нар тұлғалығына таң қалып: «Сіздің жүрегіңіз, Жүмеке, адамдікі емес, арыстандікі шығар» деген екен.

Сөйтіп тарих толқынының жолында кездейсоқ қалқып шыққан тоғышар, таяз басшы, елдің топалаңын шығарып әл-ауқатын төмендетіп жіберген-ді. Түкке тұрмайтын реформалардың авторы атанды. Сталинді жамандап, идеялық рухымызды түбегейлі лайлады. Сталин сияқты Жеңістің архитекторы болған ұлы тұлғаның әруағын аяқ асты етті.

Тарихта босап қалған ұлы басшының билік орнына кездейсоқ адамдардың келуі көптеп кездеседі. Әр адамның өзіндік моральдың келбеті мен ақыл-ойының өрісі әртүрлі деңгейде болады. Олар: данышпан немесе топас, қажырлы, қайратты немесе әлжуаз, прогрессивтік немесе реакциялық, т.б. сатыда болады. Олар тарихтың болмысы мен бағытына әртүрлі ықпал етеді. Керағар адамдарды тарих толқыны екшеп-екшеп қайраңға шығарып тастайды. Бұл тарихтың прогрессивтік бағыттағы доңғалағын білімсіздіктің, мәдениетсіздіктің нәтижесінде кері бұруға мұрындық болуға тырысқан адамдар туралы болса керек. Осы кейіпті Хрущев та киді. Ол 1964 ж. волонтарист және субъективист деген айдармен, орнынан тайдырылды. Осындайда К.Маркстің мына сөзі тілге оралады: «На гребне исторической волны могут оказаться навоз или скорлупа от яйца».

Хрущевтің копал, орынсыз әрі жүйесіз басқаруы мен сөздері туралы әңгіме, анекдоттар ел аузында баршылық. «Халық айтпайды, айтса, қалт айтпайды» дегендей, мұндай басшылардың, халықтың көңілінен шықпай, ол туралы келеңсіз әңгіме-анекдоттардың ел арасында айтылуы кездейсоқ емес-ті.

Соның бірі өз көзіммен көріп, құлағыммен естіген бір жәйтті еске алайын. Өткен ғасырдың 50 жж. соңында Индияға мемлекеттік визитпен ұшып бара жатып Хрущевтің самолеті Ташкентке аялдады. Ол кезде біз студентпіз. Билік «адамдар дәлізін» («живой коридор») аса ыждахаттылықпен ұйымдастырды. Ташкент аэропортында жастардан ине шаншыр жер жоқ, бүкіл қала көтеріліп келгенге ұқсайды. Мен Хрущев самолет тарапынан түскенде жақын жерде тұр едім, оны КГБ адамдары қолтығынан демеп, әрең дегенде жерге аяғын тіреді. Оның қып-қызыл келбетіне қарағанда ішкені көрініп-ақ тұрды. Біз патшаның мас күйінде халық алдына шығар деген ұғым, ойымыз түгіл, түсімізге де кірмепті. Оңай дейсіз бе, алып коммунистік державаның бірінші басшысы «үлгі» көрсетіп аяғынан зорға тұрса. Біз ұялдық та, таң қалдық Өзбекстан басшылары аяғы тәлтіректеп келе жатқан Хрущевті елпектеп қарсы алып жатыр. Арғы-бергі жағына шығып тыпырлауда.

Ол кезде Хрущев мыңдаған халық алдында сөйлеуді дәстүрге айналдырған. Совет Одағындағы барлық радио мен телевидение түгел қосылған, шетелге де трансляцияланды.

Микрофонға тұмсығын тақай беріп, тілі күрмеліп қызара бөрткен келбетімен: «Уважаемые узбекские саксаулы («аксакалы» деп айтқысы келген болуы керек), надеюсь вкусные узбекские шашлыки и плов готовы!». Осы-ақ мұң екен, Өзбекстан басшылығы КГБ қызметкеріне «микрофонды ажырат» деп ишарат білдіргеннен кейін, таратылып жатқан хабар бірден үзілді. Оны байқамаған Хрущев бұрынғысынша қолын ербендетіп, капитализмге лағнат айтып жерден алып, жерге салып жатты. Тез шаршағаны да белгілі болып қалды. Осы мезетті пайдаланып ресми адамдар оны алып кетті. Хрущевтің аталмыш қылығы әлемді таң қалдырған шығар, былайша айтқанда, Совет империясының басшысының саяси, адами сиқы осындай болды.

Керісінше, менің білетінім, Сталин бүкілодақтық радиодан сирек сөйлеген, бірақ мазмұнды, салмақты, перспективалық тұрғыдан білімді, жауапкершілігі терең болған. Совет халқы алдында аса беделді болған. Оның шетелде де беделі жоғары болған. Соғыс кезінде «жаулары» У. Черчилль (Ұлыбритания премьер-министрі), Ф.Д. Рузвельт (АҚШ президенті) қорықса да, сыйласа да, бәрібір оны жоғары бағалаған. Гитлер болса, У. Черчилльді «английская свинья» десе, Сталинді «Джо» (Джугашвили) деген псевдониммен атаған.

Сонымен ақылы әлжуаз басшының келеңсіз іс-әрекеттері Совет халқының заңды наразылығын тудырды. Мұны ұлы держава-

лық шовинизмнің ақылсыз басшының баянсыз саясаты деп баға берсе әбден болады. Сол кездегі Қаз ССР Президиумының Председателі Жұмабек Ташеновтың арыстан жүректілігінің, батылдығының арқасында солтүстіктегі бес облыс Ресейдің құрамына кіріп, қолды болып кетуден аман алып қалды. Әңгіме былай болған: ЦК КПСС Политбюросының отырысының күн тәртібінің бір сұрағы Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысты Ресейдің құрамына енгізу туралы болған. Хрущев басшылық етіп отырған отырыста бұл мәселе алдын-ала күшпен шешіліп дауысқа салу процедурасы басталады. Осы сәтте бұған куә болып отырған Ж. Ташенов (Совет Одағы Президиумының Председателі К.Е. Ворошиловтың Қаз ССР-нен орынбасар болып сайланған) орнынан ұшып тұрып: «Этому никогда не бывать. Земля, которая осталась нам от наших отцов и дедов не подлежит к расчленению», – деп қасқайғанда, Хрущев не дерін білмей аңырап қалады, басқа мүшелері жалт беріп Ташеновке бұрыла қарайды. Кім білсін, оларда одақтас республикалардың өкілі ретінде осындай қопал, әрі әділетсіз шешімнің аяқсыз қалғанына іштей қуаныш сезімі биледі ме, әйтеуір үндеспей тарағанды. Бәлкім осындай қара бұлт «Өгізге туған күн бұзауға да туар» деген нақыл сөздің аясында империя басшысының сағының сынғанына іштей қуанып, шоқ-шоқ дей отырып, жалпы ұлы державалық шовинистік саясатқа алғашқы берілген соққылардың бірі деп қорытынды жасауы әбден мүмкін. Өйткені орталықтың тізесі одақтас республикаларға да зілдей батып жатқан еді. Әйтеуір, империяның жіберген көптеген қылмыстарының нәтижесінде болашақта оның тарауына себеп болған алғашқы соққылардың бірі болды деп болжаса да қателеспейміз.

Жұмабек Ташеновтың қаймықпай айтқан қайталанбас ерлігін ұрпақ тарихи жадында мәңгі сақтап келеді, әлі сақтамақ. Бұл жасқанбайтын ерлік желтоқсаншылардың империяға дегендегі қасқайып төсін тосқан қарсылығы, қайсар атасы Ж. Ташенов сияқты тұлғалардың рухынан нәр алса керек. Бұл бабалардан қалған батырлықтың, жүректіліктің, намысшылдықтың заңды жалғасы деп зерделеген жөн. Бабалардың әруағы қолдаған желтоқсаншылардың көтерілісі көп ұзамай әлемдегі ең үлкен әділетсіз, соңғы империяның қабырғасын шайқалтып, шаңырағын ортасына түсірді. Мұнда Ж. Ташенов, Б. Момышұлы сияқты батыр аталардың киелі рухының дәні өсіп өз жемісін берді деп тұжырымдасақ болады. Бұл – ұрпақтың патриоттық, отансүйгіштік сезімінің ұшталуының қозғаушы күші. Орындалатын аманатының қайнар көзі болды десек, шындықтан ауытқымаймыз. Тарих Ж. Ташенов пен Б. Момышұлы-

ның есімін мәңгілікке қалдыруға шақырады. Батыр тұлғалардың есімін мәңгі ету мақсатында республиканың ономастикалық комиссиясы оның атын мекен-жайларға, көше-мектептерге және т.б. беруде. Көптеген кітаптар да жарық көруде. Б. Момышұлы мен Ж. Ташеновтың есімдері бір параллельдің бойында жатыр.

Билікті ұлы державалық шовинизммен лайлаған Хрущевтің үлгісін таңдап, Мәскеуге бұра тартқан Т. Соколовтың қылығын байқап шыдай алмай, күйініп кетіп, арнайы самолетпен сол кездегі Целиноградқа (Қаз ССР Министрлер кеңесінің председателі) Ж. Ташенов ұшып келіп: «Жолдас Соколов, келер жылдың бюджетін неге өткізбей отырсындар? Қазақстанға бағынғың келмесе, 24 сағаттың ішінде бұл жерден табаныңды жалтырат! Есінде болсын, тың өлкесі ешқашан да Ресейге берілмейді, ана жақтағы бастықтарға да солай деп айт!» – деген. Әрине, мұндай сөздерді бетің бар, жүзің бар демеі, кім болса да қасқып айтатын біртуар, елім деп еңіреген Ташенов сияқты жүрегінің түгі бар ұлдар ғана айтар еді. Осындай айтулы тұлғалар кез келген қарсыласының мысын басып, қоғам мүддесін әділеттілікпен қорғай алса керек.

Елінің сүйсінген перзентін аузынан тастамай айтып, түрлі аңыздардың желісі етіп айтып жүрген Жұмекеңнің ерліктерінің бір парасы осындай. Империяның басшыларына тайсалмай қарсы келіп, Қазақстанның мәңгілік мүддесіне қызмет еткен Ташеновке деген орталықтың қарсы көзқарасы қоюлана түскен. Хрущев сияқты тоғышар басшылар кек алмай тұра ма? Одан Ташеновтың білгірлігі, тәжірибелігі, асқан жауапкершілігі, патриоттық сезімі, батылдығы оны қорғай алмады. Халық пен туған жер үшін өлшеусіз еңбек етіп ерлікпен өрілген асқақ тұлға 1961 ж. әділетсіздікпен қызметтен босатылып, бес ай жұмыссыздықтан кейін, Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының қатардығы орынбасары қызметіне төмендетілді.

1975 ж. алпыс жасқа толғанда мемлекеттік қызметтен еңбегі сінген дербес зейнеткерлікке босатылды. Жоғарыдан келген шешімге сәйкес, заң бойынша берілетін 500 рубль зейнетақы орнына оған тек 180 рубль берілетін болды. Кейін 60 жастағы Ташенов ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, ғылыми-техникалық орталық директоры қызметтерін атқарды. Ордендер, медальдармен марапатталу да аз болмаған. Ж. Ташенов 1986 ж. дүниеден озған.

Кез келген тарихтың ұзын-қысқа тарихы, оның айтулы тұлғалармен өлшеніп жазылатындығы ақиқат. Халқымыз халық тағдырын нарға ұқсап арқалаған кемеңгерлерден кенде болмаған. Солардың бірі емес бірегейі, Ж. Ташеновтың 100 жылдық мерейтойы да алыс емес.

Ж. Ташеновтың шуағы мен жылы алақаны, жанашырлық патриоттық сезім сыйлаған жандар ондап-жүздеп саналса керек. Жоғарғы мемлекеттік деңгейде қол ұшын көптеген адамдарға ұсынған, солардың бірі Б. Момышұлы мен Р. Қошқарбаев болды.

Жеңіс туын Рейхстаққа бірінші болып желбіреткен, бес жылдық қырғын соғыстың нәтижесінде нүкте қойған адамға, Совет Одағының Батыры деген атаққа сол кезде ұсынылғанымен, Батыр атағын беру осы күнге дейін кешеуілдетілуде. Осы мәселеге білек түріп кіріскен де Ж. Ташенов болды. Ол кезде бұл кісі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі болып қызмет атқаратын. Қошқарбаевтың Батыр атағын алуын, жеңістің 15 жылдығына, материалдар тауып, қозғаған кісі Б. Момышұлы болатын. Баукеңнің айтуы бойынша, тиісті материалдармен қаруланған Жұмекең Мәскеудегі СССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары ретіндегі бір айлық кезекшілік қызметінде Р. Қошқарбаев жөнінде Бас штабтың архивіндегі материалдарды көтереді. (Есіңізде болса, осы мақалада Б. Момышұлы мен Ж. Ташеновтың кабинетіндегі Р. Қошқарбаевтың мәселесі туралы әңгіме қозғалады – Т. Ж.). Сөйтеді де оның неліктен өтпегені жайлы маршал И. Коневті шақыртып сұрайды. Өйткені, бұл адам соғыстан кейін Бас штабтың бастығы болған. Ж. Ташеновтың қатқылдау сұрағына маршал шамданып қалады. Екеуі қатты сөзге келеді. Бұл жайсыз хабар сол кездегі СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К.Е. Ворошиловқа жетеді. Клемент Ефремович мәселені ушықтырмас үшін өзінің орынбасары мен әйгілі маршалды татуластыруға күш салады. Сөйтіп жүргенде даудың түйіні назардан тыс қалады.

– Бәрі Клемент Ефремовичтің азусыздығынан болды, – депті Жұмекең күйіне отырып Баукеңе.

– Жұмекең де мен секілді қызба ғой. Екеуімізді құртып жүрген сол мінез, – деді маған айтқан әңгімесінде Баукең. Сонымен, алғашқы талпыныстар сәтсіз аяқталды.

Дегенмен, әділеттілік үшін күрес бірде-бір рет толастамады. Баукең (Б. Момышұлы), Ж. Ташенов, белгілі жазушы-публицист К. Қозыбаев, т.б. Жеңістің 15, 20, 30, 45, 50 жылдығы қарсаңында Б. Момышұлына, Қ. Қайсеновке, Р. Қошқарбаевқа Совет Одағының Батыры атағын беру үшін күрестер өзінің жалғасын таба берді!

Гитлер Москваны екі айдың ішінде жаулап алып, Совет Одағын сөзсіз тізе бүктіретіндігіне күмәнсіз болды, әлем жұртшылығын соған сендірді. Әлемге үстемдік ету үшін оған негізгі кедергінің бірі Совет Одағы болатындығын айдан анық білді. Өзінің көптеген даурықпа мәлімдемелерінде Совет Одағын алғаннан кейін,

Қытай мен Индия жерінен маршпен өтетіндігіне, Ұлыбританияның өзі қол қусырып келіп жеңілгендігін мойындайтынына, ал АҚШ пен әлемді билейтіндігі туралы келісетіндігі туралы кәміл сенді.

Бірақ ол Совет халқының Коммунистік партия басқарған коммунистік идеологияға берік екендігіне, Одақ басшысы Сталинге халықтың құдайдай сенетіндігіне, Ресейде қыс айларының қатал болатындығына, социалистік экономиканың жедел дамитындығына мән бере қоймады. Экономика дегеннен шығады, Ленин бастаған большевиктер билік басына келгенде, Ресей империясының экономикасының жілігінің майы таусылған «түртіп қалса құлайын» деп тұрған мемлекет қатарында болатын-ды. Социалистік өндірістік қатынасты бетке ұстаған большевиктердің іс-әрекеттерін капиталистік елдердің басшылары қабылдаудан бас тартты. Өйткені жеке меншікке негізделген капитализм, қоғамдық меншікке негізделген социалистік экономика мен идеология ол елдердің халқының санасын жаулап алып, капитализмнің тамырына балта шабады деп тұжырымдап, социализм идеясымен қаруланған Совет Одағын бесігінде тұншықтыруды көздеді. Бір сөзбен айтқанда, ескі капиталистік идеология мен жаңа социалистік идеологияның текетіресі капиталистік елдердің басшылары гитлершіл Германияны қос-қос-тап Совет Одағына қарсы айдап салады. Бұл соғыс қарама-қарсы екі идеологияның соғысы іспеттес болды. 1933 ж. Германияда билік басына Гитлер келісімен ә дегеннен «шығысқа жорық» деп атой салды. Соғысқа дайындық бірден басталып кетті. Гитлерге Батыс мемлекеттері қаржылай және қарулай жанталасып көмектесті. Аз уақыттың ішінде Германияның экономикасы милитаризацияланып, соғыс рельсіне көшіп, мұздай қарулана бастады. Ғылым мен техниканың жетістіктеріне негізделген қару-жарақтың ең озық үлгілері дүниеге келе бастады. «Миссершмит», «Хенкел», т.б. жойғыш және бомбадировщик самолеттері, «тигр» деп аталған танктер Германияның соғыс қуатын еселеп арттыра бастады. 1938 ж. қарай Германияда 5,5 млн. әскер сақадай сай етіп құрылды.

Біз білетіндей, 30-жылдары Совет Одағының қуаты Германияға қарағанда өте төмен еді. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы радикалды түрде жаңаша түрде құруды талап етті. Бұл дегеніміз тіпті модернизациялауға да келмейтін деген ұғым еді. Қоғамды барлық жағынан: өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, әлеуметтік мәселелерді, т.б. түбегейлі жаңа форматта жасау керектігі күн тәртібінде тұрды. Совет Одағының басшысы Сталин ауыл шаруашылығындағы астықтың біразына (бұл «раскулачивание» деп аталды) Батыстан (Швециядан) мың паровоз сатып алуына тура келді. Бұл

өнеркәсіптің темір жол арқылы жылдамырақ қан жүгіртуге септігін тигізді. Әрине, бұл процес елдің біраз жерлерінде ашаршылық ауыртпалығына әкеп соқтырды. Бірақ бұл басқа амалдың жоқтығынан істелінген шара еді. Билік мұны түсінсе де, соған баруға мәжбүр болды. Кейбір тарихшылар билікті қаралау мақсатымен, себебін есепке алғысы келмей, мұны қолдан жасалған ашаршылық деп баға беруге тырысып бақты. Колхоз, совхоздарды ұйымдастырудың негізі болған коллективизация процесі де басталып кетті. Ауыл шаруашылығындағы майда қожалықтар ірілендіріліп үлкейген соң, еңбек өнімділігі де тез артып, оның есесіне өнеркәсіпке жан бітіп, ол да жоғары қарқынмен дами бастады.

Осы кезеңде сыртқы жаулардың анталағанына тез арада төтеп беріп, мемлекеттің іргетасын нығайған өнеркәсіппен қамтамасыз ету үшін ауыр өнеркәсіпті (индустриализация) шұғыл жандандыру өмір талабына айналды. Бұл – объективтік негізі бар амал болды.

Әрине, Совет Одағының экономикасын шұғыл көтерудің екінші жолы – жеңіл өнеркәсіптен (ситцевая промышленность) бастау керек деген пікірлер де болды. Мұны мемлекет басшыларының бірі Троцкий қолдады.

Бірақ Одақ басшысы Сталин, біздің жағдайда индустриализациялаудың бірден-бір, тез арада өсудің, төте жолы екендігін дәлелдеді. Осы бір жанталасқан кезеңде елде қатал тәртіптің арқасында, еңбек өнімділігі 45% жетті. Бұл әлем тарихында көз көріп, құлақ естімеген қарқын еді. Бұл дегеніміз – әрбір екі жылда бір Совет мемлекеті дүниеге келеді деген сөз. Қазіргі жағдай бұл 5-10%-тің арасында. Елімізге соғысты 1938 ж. ашуды белгілеген гитлершіл Германия бізге аталмыш қарқынмен дамуды мәжбүр етті.

Германия мен Совет Одағының алшақтығын жойып, қысқарту үшін жұмысшылар станоктарда сөткесіне 18 сағаттан, колхозшылар егіс алқабында таңның атысы мен батысын қуалап еңбектенді.

Осы кезеңде Сталиндік биліктің өкпесі үш жағынан қыспаққа алынып, ауыр кезеңді басынан кешіруге мәжбүр болды.

1917 ж. октябрь революциясының нәтижесінде Ленин бастаған большевиктер билікті қолына алғанда, үкіметтің құрамында 22 мүше болды да (тарих осылай сөйлейді – Т. Ж.), оның ұлттық құрамы мынадай болды: үшеуі – Ленин ұлты орыс, Сталин – грузин, үшіншісі – армян (аты есімде жоқ – Т. Ж.), ал қалған 19-ы еврей ұлтының өкілдерінен тұрды.

Біріншіден, Ленин кезінен билікке араласып жүрген еврей ұлтының өкілдері: Троцкий, Зиновьев, Каменев, Рыков т.б. қайраткерлер бірнеше ұйым құрып, билікке таласып Сталинді тайдыру

мақсатымен оның өміріне қауіп төндірді. Олар әртүрлі керағар идеялар айтып, ұйым құрып халықтың арасында іріткі салып социализм идеясына нұқсан келтіріп, түрлі идеялық ағымдардың пайда болуына ықпал жасап социалистік мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтірді. Сталин, партия төңірегіне социализм идеясына берілген, сенімді соратниктерін топтастыра отырып «троцкизмді», «каменевті», «зиновьевті» т.б. идеялық жағынан әшкерелеп түпкілікті ұзақ күрестің нәтижесінде қатал бейтараптандырып көздерін жойды. Бірақ халық арасында олардың ықпалын жойған жоқ еді.

Еврей ұлтының бір қасиеті білім мәселесіне өте көп көңіл бөлетін-ді, нәтижесінде олардың университеттік білімдері бар еді. Сталиннің тек қана діни семинарияның бір кластық білімі болды. Сталиннің еврей соратниктерінің көре алмаушылығының бір жағы бір кластық діни білімі бар, әрі ұлты грузин (бұл жерде ұлттық кемсітушіліктің де астары байқалып тұрды – Т. Ж.) адамның билігінің аясында қызмет ету, олардың антипсихологиялық ұлттық сезімін жанығандай болды. Еврей қауымдастықтары тізе біріктіре отырып, Сталинді биліктен тайдырып, Россияға еврей мемлекетін құруды жоспарлаған тәрізді. Мұның жаны бар еді.

Соғыстан кейінгі тарих логикасынан байқағанымыз, жоғарыда айтқандай, еврейлердің Сталинге дегенде ұзыннан кегі сақталып, олардың ұрпақтары өсіп жетіліп, ат жалын тартып мінгеннен кейін барды-жоқты шатып Сталин қайтыс болғаннан кейін, оның атына дақ түсіріп, оның тарихтағы рөлін төмендетуге бар күшін салды. Оған дәлел, Хрущев дүниедан өткеннен кейін, оның зираттағы мүсіні бірнеше рет талқандатылғанда оны қалпына әлденеше рет келтірген еврейлер болған. Өйткені Хрущев «жеке адамға табынушылықты» сынға алған билік басындағы адам еді. Бірақ осылай боларын болжаған Сталин, қайтыс болар алдында: «Мені 50 жылдан кейін тарих өзі ақтап алар», – деп көрегендік танытқан.

Екіншіден, жалпы қоғамдық меншікке негізделген социализм идеясы, жеке меншікті жоюды көздеген, нәтижесінде, социалистік мемлекет, меншік иелері – капиталистерді, жер иелері – латифундистерді және де жүздеген, мыңдаған меншік иелерінен иеліктерін тартып алып, оларды мемлекеттің қас жауларына айналдырған.

Жеке меншіктен айыру идеясы идея батысқа да тарауы ықтимал еді. Өйткені социалистік идеяның түпкі мақсаты әлемдегі барлық елдер социалистік формацияға өту керек деп тұжырымдады. «Барлық елдердің пролетарлары бірлігінде» деген ұран кездейсоқ емес еді. Бұдан өлердей шошынған АҚШ, Англия, Германия сияқты т.б. капиталистік елдер аталмыш идеяны таратушы большевик-

тер кінәлі деп, оларды «бесігінде» тұншықтырып, жансыздандырды, былайша айтқанда, Сталиндік билікті түп-тамырымен жоюды мақсат етті.

Мұны іс-жүзіне асыратын ел ішіндегі қомақты күш кешегі меншігінен айырылған адамдар еді. Сондықтан батыс елдері оларды қаржылай, қарулай көптеп көмек көрсетіп, қарсы қойып террорлық жолмен елдегі өнеркәсіп орындары мен мәдени ошақтарын қопарып-қиратып шаруалардың жиған тергендерін өртеп және партия, мемлекет қайраткерлерінің өмірлеріне қастандық жасап қауіп төндірумен мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтірумен болды.

Үшіншіден, 1933 ж. Германия үкімет басына күшпен ұлтшыл-социалист Гитлер келді. Ол билікке келісімен «Шығысқа жорық» деп әлемге жар салды. Оның бұл іс-әрекеті мен идеясын Ұлыбритания бастаған Батыс мемлекеттері қолдады. Гитлердің қолтығына су бүркеп, Германияның экономикасын милитаризациялап, қару-жарақтың жаңа үрдісімен жасалынған түрлерін шығаруға қомақты қаржылай көмек көрсетті. Аз уақыттың ішінде мұздай қаруланған, қатарында миллиондаған әскері бар қуатты армия құрылды. Гитлер ең басты қарсыласы Совет одағын екі айдың ішінде тізе бүктіремін деген мақсатында «Барбаросса», содан кейін әлемге үстемдік жүргізетін «Шығыс» жоспарын да түзді. Ол бұлардың іс-жүзіне асатындығына құдайдай сенді.

Аталмыш кезеңдегі жоғарыдағы үш ауыртпалық әлі бұғанасы қатып үлгермеген Совет мемлекетіне ауыр тиіп, келе жатқан қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Сталин басшылық еткен билік Германиямен алшақтықты аз уақыттың ішінде жою үшін экономиканы ауыр индустрияландырудан бастады. Бұл айтуға оңай, бірақ іс-жүзіне асыру аса күрделі де, қиын еді. Совет одағы сырттан көмек күтпей тек қана өз күшіне сенді. Не керек, арпалыс кезеңі басталды. Сондықтан билікке «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығаратын ішкі жағдайды біріздендіріп, қоғамда тұрақтылықты сақтап фашистік германияға қарсы тұру кезең күттірмейтін мәселеге айналды. Ол үшін қаптап кеткен, ішкі дүниесі түзік емес, «ішкі жауларды» анықтап, оларды бейтараптандыру аса қажет болды. Мұны халық «репрессия» деп атады. Осындай ауыр кезеңде, социалистік мемлекеттің қауіпсіздігіне қауіп төнген шақта, биліктің «халық жауларынан» елді тазартуға бел бұғаны заңдылық еді. Сондықтан билік қалыптан тыс шараларға баруға мәжбүр болды. Бұл репрессияның объективтік себептері деп аталды. Өйткені бұл биліктің еркінен тәуелсіз шаралары еді.

Сыртқы жау өзінен өзі түсінікті болса, ал ішкі жауларды «адамның аласы ішінде» дегендей, мәселе адамның тағдырына байланысты болғандықтан, анықтау қиыншылықтар туғызды.

Дегенмен «халық жауы» айдарымен ниеті бұзық адамдарды сүзгіден өткізіп, қоғамды тазартуға жол ашылды. Билік адамдардың іс-әрекетінің ақ-қарасын ажыратып барып әділ шешім қабылдауды тапсырғанымен, аласапыран кезеңде, өкінішке орай, жазықсыз адамдар да жапа шеккені шындық. Өйткені жергілікті билік басындағыла, орган адамдары, өздерінің өкілеттілігін асыра пайдаланған. Мысалы, С. Сейфуллин орган адамдарының тұтқындауынан ойысып, Жамбыл облысындағы апасының үйі ауласындағы жертөледе 9 ай мекендеген. Апасы түнде тамақ апарып берген сәтте аңдыған орган адамдары «әшкерелеп» ұлы ақынды жазалатып жіберген. Керісінше, армияның көптеген жоғарғы шенді генералдары мен офицерлері айыптары дәлелденіп, халық жауларының қатарында кеткен. Өйткені олар ертеректе патшаға ант беріп, кейін советтік билікке қызмет етуге жалған анат беріп, ниетінің бұзық екені дәлелденіп, ауыр жазаланған. Солардың бірі – генерал Власов та совет өкіметіне қызмет етемін деп ант беріп, бірақ ішінің алалығы үстем болып кетіп, бүкіл армияны Вермахтқа тапсырып, Минск, Киев, Ленинград бағыттарына жол ашып, жаудың Москва түбіне тез жетуіне мүмкіндік туғызды немесе Вермахт басшыларының арбап-алдауына түскен маршал Тухачевский тобы (Якир, Гамарник, Егоров, т.б.) билікке қарсы мемлекеттік төңкеріс жасау үстінде қолға түсті. Сталин алғашқы кезде сеніп, оны Қорғаныс министрінің орынбасары етіп тағайындады, бірақ сатқын екендігін анықтау үшін ұзақ уақыт мұқият тексерді. Бұлтартпас дәлелдер мен фактілер оның кінәлі екендігін мойнына қойып берді.

Сайып келгенде, билік қоғамда дендеп кеткен «халық жауларын», «Троцкистерді» олардың топтарын әшкерелеп, қателіктерін мойындатып, түрлі жазаларға тартып, қоғамды мейлінше «тазартты». Көптеген ниеті бұзық адамдарды оның ішінде соратниктері болса да, бейтараптандырды.

Репрессияның субъективтік себептеріне келсек, ол сол кездегі билік басанда отырған Сталинге тікелей байланысты болған. 1922 жылы науқастанып жатқан Ленин «Съезге хат» деген мақаласында өзінің соратниктеріне мінездеме бере отырып, Сталиннің мынадай адами кемшіліктеріне назар аударады.

Бірінші – кекшілдік (біздің пайымдауымызша, ол кавказ халықтарынан (ұлты грузин) шыққан соң мінезінде қызуқандылық, оқыстау айтылған сөзге мән беріп есте сақтауы).

Екінші басқалардың кемшіліктеріне төзімсіздік таныту. Бұл қасиет соратниктерінің арасында байқала қоймағанымен, халыққа жайсыздау тиіп, жалпықоғамдық сипат алып кетуі ықтимал. Ленин көрсеткен Сталиннің кемшіліктеріне біздің қосатынымыз:

1. Сталин соғыста әскерлерге тұтқынға түсудің орнына сақтаған бір оғынды өзіне жұмса деп талап етуі.

2. Еркінен тыс тұтқынға түскен солдаттар мен офицерлерді Сібірге айдап еріксіз жұмысқа жегуі;

3. «Халық жаулары» деп айдар тағылып, жазаланған басшылардың отбасы мүшелерін түрлі лагерлерге («Алжир», «Карлаг») тоғытуы. Бұлар Сталиннің жеке басының қатігездігін сипаттайтын кемшіліктер болса керек.

Ол, бұл шараларды тәртіптіліктің талабы деп түсіндіріп, мемлекетке қарсы пиғылдағы адамдарға сабақ болсын деген ұстанымды басшылыққы алғаны болса керек. Әрине, бұл кемшіліктерінің қаты-ғездікке ұласуы қоғамды көптеген шығынға ұрындырғанын білеміз.

Сайып келгенде, әділеттілікке жүгінер болсақ, оның жіберген субъективтік кемшіліктерінің нәтижесінде қоғамға келтірілген шығындарды безбеннің бір басына, ал советтік мемлекеттің тағдырын сақтап қалып Ұлы Жеңістің Архитекторы болған еңбегін, екінші басына салар болсақ, қай басының басым түсетіндігін байқау қиын емес. Гитлердің Совет Одағын жеңгеннен кейін түрік тектес халықтарды отқа өртеп күл етіп тыңайтқышқа айналдырамын деген хайуандық идеясының іске аспауы, Жеңістің нәтижесі болса керек.

Ленин 1924 ж. қайтыс болғаннан кейін партияның билігі И. Сталиннің қолына өтеді. Лениннің табытының басында оның соратниктері көсеммен қоштасу сөздер айтады. Сталиннің сөзі Троцкий бастаған еврейлер тобына қарағанда аса ұтымды, өтімді шығады да, халықтың көңіл-күйін жұбатып, болашақ социалистік мемлекетті нығайтып, халықты партияның айналасына топтастырып ұлы жеңістерге жетудің жолдарына тоқталып, үлкен үмітке жетелейді.

Сайып келгенде, ел бірлігін сақтап, біртұтастықты нығайтып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, тастай болып Гитлер сияқты зұлымдықтың символы болып келе жатқан алапат күшке қарсы дайындалып, намысты қолдан бермей, Совет халқының тәуелсіздігін сақтап қалу ең басты мақсат болды, сондықтан қалғандары соған бағындырылды, Сталин бастаған билік елді осыған жұмылдырды.

Соңғы жаһандық соғыста немістер «За Гитлера!», «Гитлер жасасын!» деп соғысса, Совет солдаттары мен офицерлері: «Отан

үшін!», «Сталин үшін!» деп жанқиярлықпен соғысқа араласты. Аталмыш екі ұранның қарама-қарсы мағыналары бар еді. Гитлердің солдаттары мен офицерлері, фюрердің, неміс халқы әлемнің билеушісі ретінде оны құдай жаратып қолдаған, сол үшін ең алдымен басты кедергі Совет Одағын, соның ішінде, орыс-славян халқын құлдыққа жегу керек екендігі туралы расистік идеяны іске асыру керек болды. Сол үшін, Гитлердің, оның жақтастарының басты ұраны: «Аяшылық деген болмау керек, тек өлтіру, қыз-келіншектерді зорлап, содан кейін атып тастау, кездескен қарттар мен балаларды да тірі қалдырмау керек» ұранымен қаруланды. Фюрерді жақсы көргендігін дәлелдеу үшін, сәулет өнерінің үлгісімен салынған, тарихи мәні мен құндылығы бар ғимараттарды, ұлы художниктердің баға жетпес картиналарын да бетіне қарамай қирату керектігін ұрандатты. Ең басты қару зорлық, зомбылық, өлтіру болды.

«Сталин үшін, Отан үшін!» деген ұранның гуманистік, патриоттық, адамгершілік, имандылық мәні бар еді.

Біріншіден, Сталин – біз әділеттілікті жақтаймыз, елімізді, кіндік қаны тамған жерімізді қасық қанымыз қалғанша қорғаймыз, ешкімге ұлтрақтай жерімізді бермейміз, семсермен келген жау, сол семсерден өліп жер жастанады, «Біздің ісіміз әділетті! Біз жеңеміз!» – деді. Сондықтан біз ешқашан бірінші болып оқ атпаймыз деген адами құндылығы бар принципті ұстанды. Бұл әділеттілікті жақтаған ұстанымның саяси мәні бар еді. Әлемдік жұртшылық алдында бірінші оқ атып, соғысты бастаған гитлершіл фашизм, әділетсіздік танытып оқ атып соғысты бастағаны үшін агрессор атағына ие болар еді, ал Отанын қорғаған Совет Одағы әділетті соғыстың авторы атанар еді. Сондықтан да: «Біздің ісіміз ақ, біз жеңеміз!» деген ұранның қорғасындай салмағы болды. Өйткені оның қолдаушысы да, салмақ берушісі де бейбітшілік сүйгіш дүние жүзі халқы болар еді.

Екіншіден, Совет халқының қайнар күшін коммунистік идеологиядан іздеу қажет. Коммунистік партия барлық рухани-материалдық істердің бастаушы күші, қоғамның саяси ядросы болды. Коммунист болу үлкен абырой мен атақтың, отаншылдық сезімнің иесі болу деген сөзге саяды. Соғыста да, тылда да барлық тыныс-тіршілік иесі коммунистер болды. «Бауырлар, біз шегіне алмаймыз, артымызда Москва!» деген жігер беретін ұранның авторы Клочков – коммунист болатын. Москваны қорғауда «Волоколоск тас жолының» бойында немістермен айқаста бас геройлардың бірі болған Б. Момышұлы да коммунист болған. Жаудың қаптап келе жатқан танкілерін көріп, «Коммунист басшы, бауырлар! Келе жатқан

танкілер барлығы отыз екен, ештеңе жоқ, біз отызбыз, біреуімізге бір-бірден екен», – деп, танкіге қарсы қуатты жарылғыш отыз гранатты қойындарына тығып, келе жатқан танкілердің астына түсу үшін ұмтылған солдаттардың көбісі коммунистер болған деседі. Совет солдаттары аштығына, жалаңаштығына, денсаулығының жоқтығына, жараланып қанының аққанына қарамастан Жеңісті жақындату үшін, жаным пида деп төсін оққа төсеп, жауға қарсы атойлай шапты. Керісінше, жаулап алушы, отарлаушы неміс солдаттары мен офицерлері жақсы киінді, мезгілімен тамақтанды, ұйықтап, тынықты, ойындағысын істеп көңіл көтерді, өзін қожайын сезініп алшаң басты.

Үшіншіден, Одақ құрамындағы кішігірім халықтар жаудан, ата-бабалардан ғасырлар бойы аманат болып қалған жерін, елін, тарихын, су-бұлақтарын, тауын, т.б. көзінің қарашығындай қорғады. Бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай тас болып, түйінделіп жаудың жүзі тайсалатындай, әруағы басатындай мысын қашырып қарсы тұрып шапты. Шайқастан кейін неміс генералдарының ұрыс операцияларын еске түсіріп, «қара түсті адамдардың өлімнен қорықпайтын қайсар халық қазақтар екеніне көзім жетті» деп мойындауы кездейсоқтық емес. Москваға ентелеп ұмтылған жау әскерінің сүйір тұмсығына қарсы, майдан басшысы дерлік қазақтардан құралған Панфилов дивизиясын қойды. Бір адым да жібермей, оның бетін қайтарғандардың дені қазақтар еді. Б. Момышұлы басқарған батальон ерліктің үлгісін көрсеткен. Москваның тәуелсіздігін асқан ерлікпен қорғағаны үшін Б. Момышұлының соғыс тактикасы мен стратегиясы туралы Сталин естіді ме, әйтеуір соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін, Б. Момышұлы жоғарғы әскери академияда оқып жүрген кезінде Сталин жеке қабылдап: «Сенің фамилияң Момышұлы емес пе, біз ержүрек тау халқымыз» дегендей сынай танытқанда, ешқандай тайсалмастан, «Жоқ, ата-бабамнан ер атанған, сөзге шешен, жаны жомарт, жүректі, ешкімге дес бермеген, кең байтақ сахарада өскен ұлты қазақ Момышұлы Бауыржанмын», – деген. Бұл оның ұлтжандылығын, қайтпас қайсарлығын, өжеттігін, батылдығын айғақтап тұр. Оны бүйтіп сөйлетіп тұрған, өзінің табиғат берген, атадан балаға тарап жалғасқан генофонды және ерлік пен жомарттықпен өрілген, тарихтан жалғасқан дала даналығы болса керек. Біздің пайымдауымызша, аталмыш күндері, 1941 жылдың октябрь-ноябрь айларында Москваға төнген қауіп шегіне жетіп, оның тағдыры қыл үстінде тұрғанда, неміс фельдмаршалы әскерінің сүйір тұмсығына асқан ерлікпен төтеп беріп, бетін қайтарған қазақ жауынгерлеріне жасақталған дивизия болғанын

Сталин Жуков арқылы хабардар болмауы мүмкін емес еді. Өйткені өзі кішігірім ұлттың өкілі болғандықтан, шешуші аяқаста қай генералдың дивизиясы басты соққының бетін қайтарғаны оның дөкерінің қай жерде жасақталғаны, денінің қазақтар болғанын іштей жаратып таңдауы да мүмкін екенін ұмытпау керек сияқты. Сталиннің: «біз ержүрек тау халқынан», деген сөзіне Момышұлының: «біз жүректі Сахарада өскен қазақ ұлтынан» деген диалогінде екі кісінің ұлтаралық мәселеге жауап алғаны байқалады. Мүмкін грузин мен қазақтың Москваны қорғай отырып, үш ұлттың (орыс, грузин, қазақ) мүддесін қорғап отырғаны туралы іштей мақұлданған сияқты. Соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін, 1948 жылы Жуков пен Момышұлының арасындағы жылы қатынас оның полковник Момышұлына майданның (әскери дайындық) стратегиялық операциясын жасауға тапсырма беруімен жалғасын табады. Момышұлы Алматыға қайтқанда СССР Қорғаныс министрлігінде отырып, Момышұлына қамқорлық жасап оның пәтерінің бар-жоғы туралы көңіл бөліп сұрағаны қазақ халқына дегендегі жылы сезім мен пікір болса керек. Гитлердің опасыздықпен, кенеттен жасаған шабуылы, оның әскерінің 1941 жылы, октябрьде Москваның түбіне бірақ келуіне жағдай жасаса, Сталин басқарған билік, оның Қызыл армиясы 1945 жылы Гитлершіл Германияның астанасы Берлинді алып, құлталқанын шығарғанының әлем куәсі болды. Бұл әділеттілік үшін соғысқан Совет халқының ұлы жемісі мен Жеңісі еді.

Сталин ұлы Жеңістің негізгі ұйымдастырушысы және ұйытқысы болды. Тарих оны мәңгілікке шақырады. Мұндай баға Сталинге өз Отанында оның атын да мәңгі сақталуы керек еді. Бірақ олай болмай шықты. Адам аласы ішінде дегендей, ұзақ уақыт Сталиннің айналасында жүріп, оның соратнигі болған, басқалардан оған асырып баға беріп мадақтап жүрген, шын берілгендігімен «сынай таныта білген Н. Хрущев, кейін кездейсоқ жылпос» адам болып шықты, сатқындық әрекеттерге бой алдырды. Әрине, Сталинде билік кезінде кемшіліктер болды. Ұлы істердің басында тұрған соң кемшіліктердің орын алатыны сөзсіз. Мысалы, оған репрессияны біржақты асыра бағалап, кемшілік деп айып тағылуы, тіпті ол оны әдейі жасағандай, жала жабылды. Оның болуының объективтік негізі болғаны туралы жоғарыда айтылды. Репрессия ол Жеңіс үшін жасалынды, олай болса репрессия Жеңістің көлеңкесінде қалып қоятын кішкентай құбылыс. Репрессия Жеңістің бағасын төмендете алмайды.

Сонымен, Хрущев, Сталин 1953 жылы қайтыс болғаннан кейін, 1956 жылы билік басына отырысымен, Сталин құрып берген

мемлекетті одан әрі нығайтудың орнына, жеке басының қамын күйттеп Сталинді мұқатудың, оның атына кір келтірудің жағын ойластыра бастады. Бір себептен ұлттарға бөлетін ұлы державалық шовинистік тұрғыдан келді ме кім білсін, бірақ шеңбері тар адамдарда ондай пиғылдың болуы да мүмкін. Сталинге сақтаған өкпесі, әлде кекшілдік пен күншілдігі басым болды ма екен? Бірде Сталиннің немістермен соғыста пленге түскен баласына көмектесуді өтінген Хрущев, Политбюроның шешімімен теріс жауап алғанды. Ондай жанталас кезеңде Сталиннің ешкімді де аямағанын, қара қылды қақ жарып әділеттілікпен өз баласы Яковке де қол созбағанын білеміз. «Генералды солдатпен алмастырмаймын» деген патриоттық сезімге толы пікірі бүкіл Армияға, солдаттар мен офицерлерге рухани тірек болғаны рас. Мәселе былай болған еді: Бұл 1942 жылы Сталинград шайқасында қолға түскен генерал Паулюсті, Гитлер плендегі Сталиннің баласы Яковпен алмастыруды ұсынғанда, оған қарсы Сталиннің берген жауабы еді. Бұл сөздің әлемге қанатты сөз болып тарап кеткені, Совет идеологиясының «Жеңіс үшін, Отан үшін!», деген ұғымнан қымбат ешнәрсенің жоқтығын айғақтайды.

Хрущев 1956 жылы партияның XX съезінде «Жеке адамға табынушылық» деген тақырыпта баяндама жасап, мұнда тарихи шындықты бұрмалап Сталиннің атына күйе жаққысы келді. Нәтижесінде, Сталин мен Совет халқының арасындағы мызғымас сенімге сызат түсті, ырысы мен рухы шайқалып, қай бағытқа бет бұрарын, кімге сенерін білмей дел-сал болды. Соғыстан кейінгі тез арада материалдық, экономикалық, рухани жетістіктер кері кетті. Соғыстан бұрынғы, соғыс кезіндегі Сталиннің атымен байланысты қуатты рух құрдымға кетті. Соның салдарынан Совет жүйесі барлық жағынан кеселге ұшырап, оңалмай, ақыры өткен ғасырдың 90 жж. шаңырағы ортасына бір-ақ түсті. Сталин басқарған соғыстан кейінгі бірер жылдың ішінде Совет халқының ерні ақ нанға тиіп, халықтың әл-ауқаты едәуір тез көтеріліп еңсесі тіктеліп қалған Совет халқы, Хрущев басқарған 6-7 жылда халық қара нанға зар болды да, тақырға отырды. Ақыры ол 1964 жылы биліктен тайдырылды. Сол құлдырағаннан құлдырап Совет империясы XX ғасыр соңында тарап бір-ақ тынды.

Кремльдің Қызыл алаңында партия мен мемлекет қайраткерлеріне арналған галереяда, Сталинның басына орнатқан бюст тұр. Бұл Ленин жатқан мавзолейде, оның қасында мәңгі тыныштық тауып тұрақтаған Сталинның (1953 ж. қайтыс болған) сүйегін орнынан қозғалтып қайта жерлеген Хрущевтің пәрмені еді. Керек болса,

бұлай етпей Сталиннің сүйегін із-түссіз етіп жоғалтып жіберер ме еді, егер москвалықтар мен халықтың кейін іздейтінін ескермегенде.

Бюстің тұрысының өзінде саяси астар бар ма екен деп қаласың. Басқа тұлғаларға қойылған бюстер халыққа ұялмай қасқайып, сіңірген еңбектерінің жемісін паш еткендей бейнеленсе, Сталинді «ұялтып», халқының жүзіне тіке қаратпай мойнынан жерге еңкейе қаратып қойған. Сондағы мақсаты, біздің пайымдауымызша, халыққа тіке қарауға дәті шыдамағаны десе керек. Өйткені, оның жүріп өткен жолы қателікпен өрілген деген қорытынды болса керек. Бұл Хрущевтің оған берген субъективтік және волонтаристік тұрғыдан берген бағасы дегеннен басқа жауап жоқ.

Ал, бірақ Совет жұрты мен дүниежүзі халқы оны гитлершіл «қара обадан» аман алып қалған – құтқарушы ұлы адам деп баға береді.

Шынтуайтқа келсек, Совет халқы Хрущевтің кезені Совет Одағы тарихында қара дақ, өзі «қара сүйел» болды деп есептейді. Қатардағы зиратта жерленіп, бюстінің симметриялық бір жағы ақ, екінші жағы қара етіп қойылған. Белгісіз адамдар бірнеше рет бұзып, еврейлер қалпына келтірген деседі. Хрущевтің Сталинге жасаған қиянаты мен жағымсыз іс-әрекеттері, бір жағынан пленге түскен баласын жақтамағаны үшін кекшілдік амалы болса, екінші жағынан кішігірім ұлттың өкіліне баға бергендегі ұлы державалық шовинизмнің елесі болса керек. Шындап келсек, Сталинді Хрущев сияқты рухы қаралы адамдардан қорғаудың да қажеті жоқ, ол қорғауды қажет етпейді.

Ұлы державалық шовинизм дегеннен шығады. Ресей Федерациясының президенті В. Путиннің психологиясында да аталмыш «кекіріктің» салқыны жоқ емес. Қайсы бір уақытта оның еркінен тыс, инерциялық қызды-қыздымен шовинизмнің балалық «ауруымен» ауыруға жол береді. Шындыққа жүгінсек, Ресей саясаткерлерінің екеуінің бірі осы аурумен ауырады. Ертеректе Совет Одағының сыртқы істер министрі Вышинскийдің бізді сынаған шетел саясаткерлеріне: «Караван идет, собака лает» деп бір сөзбен қайыратын болған. Сол айтқандай, Солженицын, Жириновский сияқты саясаткерлерге, жоғарғы саяси мәні бар қанатты сөз дөп келеді.

Жоғарыда айтқанмын, Путин, 2013 ж. Сталинград шайқасының 70 жылдығына байланысты сөйлеген сөзінде, «Шайқастағы Жеңіс тек орыс халқының үлесінде» деген идеясын бой көрсетті. Мұнда басқа ұлттардың да үлесі бар екендігін біле тұра, шындықты бұрмалағаны көзге ұрып тұрды.

В. Путин 1941 жылы ноябрьде Москваны алуға үлкен сеніммен ентелеп келген немістердің бетін қайтарған Панфилов дивизиясы-

ның дені қазақтар болғанын жадынан шығарып үлгерген тәрізді. Есеп ашатын болсақ, Москва сол ауыр сын сағатта, аман қалғаны үшін басқаларға қарағанда қазақ әскерлеріне көбірек міндетті сияқты. Қазақ солдаттары мен офицерлері «пушечное мясо», былайша айтқанда, «қалқан» ретінде пайдаланылды. Сондықтан да көбінесе қазақтардан аса көп шығын болғаны ащы шындық.

Жуырда сол Путин мырза Президент Н. Назарбаевқа дейін «қазақтардың мемлекеттілігі болмаған» деп үлкен саясаттың бір шетін қылқитып қойды. Мұның терең немесе терең еместігін біліп немесе білмей айтты ма, бұл бізге беймәлім. Білмей айтса кешіре салуға болады. Ол дегеніміз – мемлекет басқарудағы ұстазы Н. Назарбаевқа комплимент айтудың есебіне жатқыза салуға болады. Ал біліп айтса мынаны меңзегені деп болжап айтуға болады:

Шетелдерде қалған орыс диаспорасының қамын жейтіндігі туралы әлденеше рет жасырмай айтып жүр;

Реті оңтайлы болып, Қырымды Ресейге қосып алғаннан кейін, енді Қазақстанның солтүстігіндегі бес облыстың орыс этностарына құлаққағыс ету мақсаты болды ма екен? Не де болса, реакцияшыл орыс саясаткерлерінің қағып алып кетуіне қарағанда, аталмыш мәлімдеме үлкен резонанс тудырған.

Қазақта ертеректе айтылған: «досым, досым дейсің, нанымды алдап жейсің, арпа-бидай піскенде, досы құрсын дейсің», – дегендей Н. Назарбаевты ұстазым дегенде, «уақытшасың» дегені ме екен?

Бірақ қазақ халқының мемлекеттілігі ертеректен басталатындығын еске алып, президент Н. Назарбаев «Қазақ хандығының құрылуының 550 жылдығын» кеңінен мемлекеттік деңгейде атап өтуді жоспарлап отыр.

Бұл жерде тарихты дұрыс бағалау керек екендігі, оған қиянат жасаудың орны толмайтындығы туралы К. Маркстің бір терең ойын келтіру орынды: «Кто забывает свою историю, тот рискует ее заново пережить» дейді. Бұл тарихты бағалай алмай, қалай болса солай піше салатын адамдар туралы айтылған сөз, сондықтан тарихтың бұрылыстары мен қалтарыстарына сақ болуға шақырады. Олай болса, адамдар жіберген қателіктерінен зардап шекпес үшін, жоғары деңгейде иманды, мәдениетті адамгершіліктің тұтқасын ұстай білуге ұмтылу қажет.

Дегенмен, Жеңістен кейін жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, кезінде Сталиннің ролін соғыста одақтас болған Англия мен АҚШ-тың лидерлері У. Черчилль мен Ф.Д. Рузвельт өте жоғары бағаласа, керісінше, ол өз отанында тиісті шынайы бағасын ала алмай келеді. Оған соғыстан кейін СССР-да басшы болған Н. Хрущев-

тің салқыны тиді. Сталиннің атын жермен-жерсен етті, Кремльдегі өлі денесін басқа жерге жерлеп, оның атын халық санасынан мүлдем өшіріп тастау үшін қолында бар амалдарды жасады. Кейде орыс халқының тарапынан бірен-саран өкілдері, «Соғыста бізді Жеңіске жеткізген Г. Жуков» деген де керағар пікірлер айтылды.

Мына тарихта кездесетін парадокс пен әділетсіздігіне назар аударуға болады: 1812 жылғы Отан соғысында Наполеон бастаған француздарға орыс фельдмаршалы Кутузов Москваны тастай қашып, оны отқа орантты, ал 1941 ж. грузин Сталин бастаған Совет халқы мен оның Қызыл армиясы Москваны гитлершіл немістерге бермей, 1945 жылы Берлинде Жеңіс туын желбіретіп тікті. Кутузовтың атымен аталатын Москвада даңғыл жол бар, ал қалған жерлерде де атаусыз қалмаған. Ал Сталиннің атында еш болмаса Москвада 100 м болатын бұрылыс көше де жоқ. Оның Жуков сияқты ондаған генералдарының атында көптеген көшелер бар. Керек болса, Сталин орыс халқына азаттық пен тәуелсіздік сыйлады, немістердің мәңгілік езгісінен құтқарды. Гитлердің «Шығыс» атты жоспарына сенсек, ол орыс халқын оқ жеткенше қырып, қалғанын мәңгі құлдыққа жегуді армандаған. Сайып келгенде, бұл Сталинге деген әділетсіздік, орыс халқының затына ауыр сын болса керек.

Сталин көптеген басшыларды, генералдар мен офицерлерді тәрбиелеп өсірді. Ол өзіне де, айналасындағыларға да қатаң талап қойып, жауапкершіліктерін арттыра білді. Оның қаталдығы Отан алдындағы, әрі кетсе дүниежүзі халықтарын, гитлерлік «қара обадан» құтқару амалдарымен өлшенді.

Черчилль (соғыс кезіндегі Ұлыбритания Премьер-министрі) Сталинге «Әлемде теңдесі жоқ қолбасшы» деп баға берді.

Жуков: «Он сделал невозможное возможным», – деді. Өкінішке орай, Ұлы Жеңісті сыйлаған адамның Отаны, онсыз тойлауда.

Мұндайда АҚШ-тың ұлы президенті Д.Ф. Кеннеди былай дейді: «Победа имеет сто отцов, а поражение сирота».

Біз білетіндей, У. Черчилль Совет Одағының қас жауы болды. Соғыста Сталин бастаған советтік социалистік мемлекетті, бір жағынан «Жеңілсін!» деп, екінші жағынан «Жеңсін!» деп саясат жүргізді. «Жеңілсін!» деген тілегі, іске асса, ертеңіне Ұлыбританияны Гитлер басып алғалы отыр, мұндайда біз советтерге көмек беруіміз керек, ал советтер жеңіп бара жатса, Гитлерге көмектесуіміз керек деген арам пиғылдан ешбір таймады. Черчилльдің екіжүзді саясат жүргізуінің түбінде мына ой жатқанын әлем оның өз аузынан естіді: Гитлер мен Сталин – екі жолбарыс. Олар бірін-бірі қансыратсын, егер Сталин жеңіп бара жатса, Гитлерге көмектесеміз, ал Гит-

лер басым болып бара жатса, Сталинге қол созамыз. Біз тың-тыңдап, әліптің артын бағып отыруымыз керек. Сөйтіп нәтижесінде жеңілген жағын басып жаулап аламыз. Міне, осындай құйтырқы, әділеттілікке салмақ салмай саясат жүргізгені үшін, британ халқы 1945 жылы парламенттік сайлауда Черчилльді биліктен тайдырып жібереді. Ол социализмнің де, социалистік мемлекеттің де көбінесе қас жауы болған. Черчилль Сталиннен қатты сескенетін де болған, сондықтан іштей жүрексінеді екен. Дегенмен, ол Сталинге әділ баға берген ұлы адамдардың бірі емес, бірегейі болды десек қателеспейміз, оған дәлел (орысша нұсқасын сақтаймыз):

Слово произнесенное в палате общин 21.12.1959 г. У. Черчиллем в связи с 80 летним со дня рождения Сталина (выписно и преведено из Британской энциклопедии).

«Большим счастьем было для России, что в годы тяжелейших испытаний страну возглавлял гений и непобедимый полководец Сталин.

Он был самый выдающийся личностью империализующий нашему изменчивому и жестокому времени того периода, в котором проходила его жизнь.

Сталин был человеком необычайной энергий, несгибаемой силой воли, резким, жестким, беспощадным в беседе, которому даже я воспитанный здесь Британском парламенте, не мог ничего противопоставить.

Сталин прежде всего преобладал большим чувством юмора и сарказма и способностью воспринимать мысли. Эта сила настолько была велика в нем, что Сталин казался неповторимым среди руководителей Государства всех времен и народов.

Сталин произвел на нас величайшее впечатление, он обладал глубокой лишенной всякой паники, логически осмысленной мудростью. Он был непоколебимым мастером находить, в трудные минуты путей выхода из самого безвыходного положения. Кроме того Сталин в самые критические моменты, а также моменты торжества был одинаково сдержан, никогда не поддавался иллюзиям.

Он был необычайно сложной личностью. Он создал и подчинил себе огромную империю. Это был человек, который своего врага уничтожал своим же врагом.

Сталин был величайшим, не имеющим себе равного мире диктатором, который принял Россию с сохой и оставил ее оснащенной атомно-вооруженной».

Тарихтың бір өлмес қасиеті бар, ол кезінде саясаттың түрлі қатпарларына (конъюктурасына) байланысты бұрмаланса да, та-

рихи шындықтың осы қанша уақыт өтсе де, түрлі қолдан жасалынған кедергілерді ысырып тастап, тесіп өтіп әділеттілікке негізделген өз мақсатына жетеді. Бұған Маркстің мына сөзі дәп келеді: «Тарих өтірікті (фальшті) кешірмейді, ол тек қана шындыққа жүгінеді». Сталин өмірінің соңғы кезінде: «Мен өлгеннен кейін, менің мүрдемнің басына түрлі қоқыстар жағылады, бірақ жарты ғасырдан кейін, оның күлін тарихтың желі ұшырып әкетеді». Сол әділеттіліктің төбесі көрінген сияқты. Былайша айтқанда, Сталиннің ұлы тұлға ретінде еңбегіне тарихи тұрғыдан баға беріп, ақ-қарасын ажыратып тарихтан өз орнын берген жөн. Оның атын ылғи қара сиямен бояу адами әділеттілікке жатпаса керек. Халық бәрінен бұрын мынаны біледі: Жеңістің архитекторы болған Сталин! Гитлердің жеңіске жеткеннен кейін түрік тектес халықтарды өртеп тыңайтқышқа айналдырудан құтқарған Сталин екенін жадынан шығаруға сірә, болмас.

Рузвельттің баласы Элиот Рузвельт өзінің «Его глазами» деген кітабында, соғыс кезінде көптеген әкесінің кездесулерінде қасында болып, біраз нәрселерді қағаз бетіне түсірген. Черчилльдің «батылдығы» туралы мынадай эпизодты келтіреді. 1945 ж. апрельде Ялтада (Қырым) өтіп жатқан конференцияда, соғыстағы одақтас мемлекеттердің басшыларының И. Сталин (СССР), Ф. Рузвельт (АҚШ), У. Черчилль (Ұлыбритания) қатысуымен Германияның сөзсіз капитуляциялануы туралы және соғыс аяқталғаннан кейінгі әлемнің жаңа пішімі туралы қатқыл формада келіссөздердің жүргізіліп жатқан кезі болса керек. Протоколда көрсетілгендей, конференция залы үш басшы үш жақтан бір уақытта кіруге бейімделіп жасақталған екен. Залға дәл кіру уақыты болғанда Черчилль мен Рузвельт уақытында кіріп орналасады екен де, Сталин тура үш минут кешігіп келеді екен. Бұл процесс үнемі қайталана берсе керек. Бәрін көріп, сезіп, біліп отыратын Черчилль Рузвельтке Сталин кезекті кешігіп келгенде намыстанып: «Сталин соғыстан қалжыраған елдің өкілі, ол кіріп келгенде біз орнымыздан тұрамыз, керісінше, біз орнымыздан тұрмай-ақ қарсы алайық», – деген, пікірін көршісі қабылдап сөз байласады. Сол кезде Сталин кіріп келеді. Залдағылар бірден тұрады. Рузвельт келіскен бойынша басын изеп (өйткені ол креслода отыратын болған) қарсы алады да, Черчилль еріксіз орнынан тұрып кеткенін білмей де қалады, сол кезде қолындағы қаламсабы еріксіз сарт еткен дыбыс шығарып стол үстіне түсіп кеткенде, барлығы Черчилль жаққа назар аударып үлгерген екен.

Бұған қарағанда, Сталиннің мысы Черчилльден басымдау болса керек. Келіссөздер кезінде Сталин мен Черчилльдің пікір алмасудағы текетіретігі сөз сайысында Сталиннің ойлары салмақтылау,

уәжі сенімділеу шығып Черчилль көбінесе тосылып қалып отырады екен. Оған мына бір эпизод дәлел: гитлершіл Германияның әскері Қызыл Армияны қаусыратып, Москваға жақындап қалған кез. Соғыс басталар алдында одақтас үш елдің басшыларының (Черчилль, Рузвельт, Сталин) келісімі бойынша АҚШ пен Англия неміс әскерлерінің аздаған бөлігін алаңдату үшін екінші майданды ашу туралы уағдаласқан-ды. Сталин уәде туралы екеуінің есіне хат арқылы қанша салғанымен, олардан тұшымды жауап ала алмайды. Бар ауыртпалық Совет халқы мен Қызыл әскерге түсіп жатты. Не керек, 1941 ж. ашылатын майдан, ана екеуінің құйтыртқы саясатының кесірінен 1944 ж. жазда ғана ашылады. Екінші майданның ашылуының бұлай созылуы Черчилльдің мынандай империалистік саясатына сүйенді. Черчилль Германия мен Совет Одағының басшыларын екі жолбарыстың алысуы деп есептеп, олардың бірін-бірі қансыратып әлсірегенін күткен. Одақтастардың экспедициялық корпусы 37 дивизияны құраған, ал Совет-Герман соғысы желісінде Гитлердің 507 дивизиясы (5,5 млн. адам) болған.

Сталин үш ел лидерлерінің бас қосқан кездесуінде, Рузвельт пен Черчилльдің екінші майдан туралы сөзбұйдасын қатты сынға алып, бұлтарпай қойғанда, Черчилль боссөзге салып: «Біз соғысты Ла-Манш арқылы ашатын болсақ, солдаттардың шығыны көп болады», – деген уәжіне, Сталин салқынқандылықпен: «Черчилль мырза, соғыс шығынсыз болмаса керек», – деп бір-ақ кеседі. Қарсыласынан қатты тосылған жері осы болады да, ол төмен қарап жұмған аузын аша алмай отырып қалады. Сонда дядя Джомен келіспеуге болмайды деп өзіне-өзі келісім айтады екен. Бұл жерде Сталиннің келіссөздерге кешігіп келуінде қандай саяси немесе адами сыр жатыр деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Бұған Сталиннен басқа ешкімнің нақты жауап бере алмасы айдан анық. Бірақ сырттай көзбен болжам айтуға болатын сияқты (Ол келесі бір сараптаманың еншісінде болмақ).

Соғыстың ауыртпалығы мен зардабын тартқан халықтың еңсесін көтеру үшін Жеңіс рас па, өтірік пе деп түс көргендей боп теңселіп қалған жағдайда, оларды бейбіт еңбек пен жарқын болашақ күтіп тұрғанына үміттендіру мақсатымен Сталин 1945 жылы 24 майда Кремльде Қызыл Армия басшыларының алдында сөз сөйледі.

«Товарищи, разрешите мне поднять еще один последний тост.

Я хотел бы поднять тост за здоровье нашего советского народа и прежде всего, русского народа.

Я пью прежде всего, за здоровье русского народа потому, что он является наиболее выдающейся нацией из всех наций, входящих в состав Советского Союза.

Я поднимаю тост, за здоровье русского народа потому, что он заслужил в этой войне общее признание, как руководящей силы Советского Союза среди всех народов нашей страны.

Я поднимаю тост, за здоровье русского народа не только потому, что он – руководящий, но и потому, что у него имеется ясный ум, стойкий характер и терпение.

У нашего правительства было не мало ошибок, были у нас моменты отчаянного положения в 1941-1942 годах, когда люди отступали и покидали родные нам села и города Украины, Белоруссий, Молдави, Ленинградской области, Прибалтики, Карело-Финской республики покидала, потому что не было другого выхода. Иной народ мог бы сказать правительству: Вы не оправдали наших ожиданий, уходите прочь, мы поставим другое правительство, которое заключит мир с Германией и обеспечит нам покой. Но русский народ не пошел на жертвы, чтобы обеспечить разгром Германии.

И это доверие русского народа Советскому правительству, оказалось той решающей силой, которая обеспечила, историческую Победу над врагом человечества над фашизмом.

Спасибо ему, русскому народу, за это доверия! За здоровье русского народа!

Молотов: За здоровье нашего родного великого Сталина!...».

Жазушы А. Бек батальон командирі Б. Момышұлы туралы кітап жазу мақсатымен келгенде «Соғыс туралы бір өтірік айтсаң бір саусағыңды, екі өтірік айтсаң екі саусағыңды кесемін» деп келісім-шарт жасасуы қысастық емес, шындығы солай. А. Бекке «Соғысты көрмей жазсаң, сөзің шындыққа жанаспайды» деп майдан даласында жан алысып, жан берісіп жатқан шайқас кезінде соңына ертіп, «Солдаттардың ерлігін, ержүректілігін, өлімін өз көзіңмен көр» деуі, айтпесе жазбайсың деп, тік айтуы да тектіліктің белгісі болса керек. Баукең айтқандай, соғыс майданын көрмей, соғыстағы порохтың исін сезбей, мылтықтың кезеңгенін, жауға оқтың атылғанын көрмей, соғысты шынайы, объективті жазу мүмкін емес. Сол себептен де, Б. Момышұлы М. Әуезовтің «Намыс гвардиясы» деген, соғысқа арналған кітабын сын тезіне алып, шындықты бетке ұстап айтқанын ұлы жазушының мойындауына тура келген. Бұл рас та, Баукең былай дейді: «Некоторые писатели, поэты пишут о войне, не зная даже запах пороха, где реальность». Сондықтан да «Арпалыс» атты кітаптың бас кейіпкері Б. Момышұлы болғандықтан, Баукең жазушы А. Бектің айтқанымен жүрмей, кітаптағы оқиғаларды өзі баяндай отырып жаздырады.

Ұлы Отан соғысы Жеңіспен аяқталғаннан кейін, Калининград (бұрынғы Кенингсберг) қаласындағы жоғары әскери академияда

аға оқытушы, кейін профессор атанды. Орыс генералдарымен қатар соғыс тактикасы мен стратегиясы туралы дәріс беруі оның соғыс өнерін олардан артық білмесе, кем білмегендігін көрсетеді. Баукеңді Совет армиясы Бас қолбасшысы Сталиннің бірінші орынбасары, маршал Жуков бас штабқа шақыртады. Жуковпен бірге келген маршал Баграмян мен авиация маршалы отырады. Жуков бірден «Жолдас Момышұлы, Сталинград майданы жеңіліске ұшырауда. Резервіңде бір ғана әскери бригадасы бар жауға қарсы қандай әскери тактика қолданар едіңіз» дегенде, соғыс картасы алдында тұрып ол өз ойын баяндайды. Сталинград майданының қолбасшысы Баграмян менсінбей, жақтырмаған сынай танытқанда, маршал Жуков «аяғына дейін тыңдаңыз» деп Баграмянды басып тастайды.

Нәтижесінде, Баукеңнің баяндаған әскери операциясы жүзеге асырылады. Маршал Жуковтың Б. Момышұлының пікірімен санасуы тегіннен-тегін емес еді. Оның соғыс өнеріне жетік стратегия мен тактиканы ұштастыра білуіне көзі жетіп жоғары баға беруінің белгісі, дәл сол жолы полк командирінен дивизия командиріне тағайындалады. Соғыс Жеңіспен аяқталып, әскер қатарынан босаған Б. Момышұлы Алматыға келеді. Сол кездегі СССР Қорғаныс министрі Жуков Қазақстан Орталық комитетіне қоңырау шалып, «Б. Момышұлы Алматыда болса пәтері бар ма, не істеп жүр, жағдайы қалай» деп хабарласады. Баукең өзінің туған жері Жуалыда екен. Кейін Жуковтың қоңырау шалғанын естіп, СССР Қорғаныс министрі маршал Жуковқа «Көңіл бөліп жағдайымды білгеніңізге көп рахмет. Алматыда пәтерім бар, ешнәрсе қажет етпеймін» дейді. Ұлылардың бірін-бірі сөз төркінінен-ақ білуі, терезесі тең дәрежеде сөйлесуі мен қамқорлығы олардың ірілігін байқатса керек.

Бірде Куба Республикасының президенті Фидель Кастро Ташкентке мемлекеттік сапармен келгенінде «Куба халқының жеңістеріне үлкен үлес қосқан (Куба халқының тәуелсіздігін тұншықтыруға әрекет жасаған, Ф. Кастроның өміріне әлденеше рет қастандық жасаған АҚШ туралы – Т. Ж.) яғни, жауынгерлерге патриоттық рух берген, одақ құрамында үлкен емес, кішігірім ұлттардан шыққан адамның атағының жер-жерді шарлап кеткеніне таң қалып баға берген». Бұл – Баукеңнің көзі тірі кезінде аты аңызға айналғанының куәсі. А. Бектің «Арпалыс» атты кітабындағы Баукеңнің Отанға, адамға деген патриоттық сүйіспеншілігі, оның тапқыр ойлары, тактика мен стратегиясының әсерлері мол болғандығын айта келіп, «Шынымен Бауыржан деген болған ба, болса қайда?» – деп сауал тастаған. Ташкенттегі ағайындар: «Ол Алматыда кітап жазумен шұғылданып жатыр», – дейді. Сонда Куба президенті: «Егер бар болса біздің Кубаға келсін», – деген екен.

Ф. Кастроның Куба Республикасына шақырғанын естігеннен соң, Баукең Жазушылар одағынан қаржы сұрап барса, ондағылар қаржының жоқ екендігін алға тартады. Сонда Баукең өз қаражатымен туристік сапармен Куба Республикасына самолетпен ұшып барады. «Самолеттен түсер кезімде оң қолымды алға созып «Қаһарман Куба халқына сәлем!», – дегенімде журналистер мен кино-репортерлер қоршап алып, кім екенімді сұрайды. Мен мән-жайды айттым да, туристік базадағы қонақ үйіме жол тарттым. Екі-үш күн қаланы араладым. Кубаның бір ресми адамы Рауль Кастро шақырып жатқанын айтып, соған алып келді. Онымен тілмаш арқылы сұхбаттасып отырып, Фидель Кастроның қайда екендігін сұрадым. Оның қазір қалада жоқ екендігін, бір қалаларда төңкеріс болғанын, соны басуға кеткенін айтып, ол маған арнайы тілмаш пен экскурсовод берді де, менің туристік сапарымды бір аптаға созырды...».

Ұлы Отан соғысында көзсіз батырлығы, әскери стратегиялық-тактикалық білгірлігі үшін Жоғары қолбасшылық атына (Ставкада) Совет Одағының батыры атағына бір емес, үш рет ұсынылып, ол нәтижесіз қалып жатады. Оның себебін орыс генералдарының шовинистігінен іздеген жөн. Қазақ болғандықтан, генерал атағын да ала алмауы түсінікті. Екінші себебі туралы, Қазақстан басшылары Н. Оңдасынов пен Ж. Шаяхметовтың қарсылығынан болғаны туралы жоғарыда айтылды.

Ұлы державалық шовинизмнің Ресейде де, Қытайда да, Ұлыбританияда да, Германияда да табиғаты бірдей. Олар бұратана халықтардың дамуын, сауаттануын, интеллектуалдық деңгейінің өсуін қаламайды, әйтеуір амалын тауып ылғи тежеп отыруды негізгі мақсаты, өзінің ұлттық мұраты деп есептейді. Сөйтіп ол халықтарды оқытпай надандықта ұстауды дөрекі жоспарлы түрде жүргізеді. Өйткені сауаты ашылған халық ғылымға, демократияға, бостандыққа, сөз еркіндігіне ұмтылады. Сондықтан бұратана халықтарға надандықтың ноқтасын мәңгі кигізіп қоюға тырысып бағады.

Осы бұғаудың киімін шығыс, оның ішінде, қазақ халқы бірнеше ғасыр киді. Ғылыми түрден алып қарағанда адамдар дүние есігін ашқанда олардың табиғаты (он екі мүшесі, миы, санасының қалыптасуының алғышарты, әлеуметтік ортасы – Т. Ж.) бірдей болады. Өсе келе шовинистік империяның саяси ықпалына байланысты жаулап алған ұлт, екінші бұратана болған ұлтты басып шаншып, о баста табиғат берген қабілеттілікті қолдан тежеп артқа қалуына жол ашады. Бұл бір расаның екінші расаға қарағанда артықшылығын дәріптейтін расистік концепция – Евроцентризм деп

аталады. Аталмыш концепциямен ең соңында Гитлер қаруланды. Оның тұжырымы бойынша, шығыстан айтулы ғалымдардың шығуы екіталай, тіпті мүмкін емес екен. Айта кеткен жөн, бұл теория емес, тек қана концепция. Теория бір дәлелденгеннен кейін, ешқашан өзгермейді, заманалар тегінен сүрінбей өтеді, өзінің ақиқаттығын ылғи дәлелдеп отырады. Ал концепция (латын – көзқарас, жүйелі түсінік қандай да бір нәрсені, құбылысты түсіну жолы, зерттеліп отырған затты, процесті түсінудегі басты көзқарас, оны баяндаудың басты идеясы) дәуірдің өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, евроцентризм концепциясы бірнеше ғасыр бойы бір елдің немесе бір ұлттың екінші ұлтты бағындырып езіп-жаншуының идеялық құралы болды. Еуропалықтар шығыс елдерін осы концепция арқылы қанады, кемсітті, «бөліп ал да, билей бер» саясатын жүргізді. Қазіргі евроцентризм концепциясы құрдымға кетіп, тарихтың үлесіне тиіп, архаизмге айналууда.

Бұл жолды алғашқы болып талқандаған Шығыс елі жапондықтар болды. Соғыстан кейінгі олардың ғылымы мен экономикасының аса қарқынмен дамуы, Еуропа мен АҚШ-ты өкшелеп састырды. Жапон ғалымдары ғылыми-техникалық революцияның шыңына шықты. Қытай, Оңтүстік Шығыс Азия елдері – жолбарыстар, болашақ цивилизацияның тұтқасын қолына мықтап ұстауға бел буды. Евроцентризм бірнеше ғасыр қолмен қағытып отырған Шығыс оянып, Маркстың «Будущее принадлежит Востоку» деп айтқанындай, прогресс пен байлықтың тізгінін қолына алды. Оған дәлелдер келтірсек те болады. 2014 жылы әлемдік экономикалық додада ІЖО (ішкі жалпы өнім) (ВВП): АҚШ – 17 трл. доллар салмағы 22%, Қытай – 10 трл. – 13% (2010 жылы АҚШ 15 трл. болғанда Қытай 1 трл. еді). Байқағанымыздай, олардың арасы қарқынды түрде қысқаруда. ІЖӨ бойынша жоғары он елдің қатарына кіретіндер: Жапония (6,8%) – үшінші орын, Германия (4,7%), Франция (3,6%), Бразилия (3,4%), Ұлыбритания (3,2%), Россия (3,05%), Индия (2,74%), Италия (2,7%). Қытай АҚШ-ты өкшелеп, оның желкесінен қарап ыстық демін алуда. Бұл жерде Қытай алға қарап ұмтылса, АҚШ артына жалтақтап қарауда.

Ертеректе евроцентристік расистік идея батыстың лидерлерінің миын тұмандандырып, шығыс лидерлеріне миығынан қарау заңдылық деп есептелді. Оларды қомсытып, өздерінің «артықшылығын» ашық айтып көрсетпесе де, іс-әрекетінен, қатынастарынан, дипломатиялық сөздерінен, ойларынан байқалып тұрды. Шешуші іс-әрекеттерде, соғыс қимылдарында міндетті түрде жеңіп шығатындарына кәміл сенді. Мысалы жаңа тарихтың лидерлері Ф. Руз-

вельттің (АҚШ президенті), У. Черчилльдің (Ұлыбритания премьер-министрі), Гитлердің (Германия канцлері) санасын ұлықтық маниясы (мания величия) билеп уландырып, Совет Одағының лидері Сталиннің төбесінен қарап, оны екінші сортқа балайтындай сезінді, оны өздерінің деңгейіне көтеріп, қатар қойғысы келмеді. Мұның барлығы іштей берілген баға іспеттес еді. Большевикті бесігінде тұншықтыратын уақыт келсе, күшпен жеңіп шығатындарына да сенді. Расистік идея оларды жалған, асыра сілтеушілікке ұрындырды, елі мен жерін, әділеттілікті қару етіп қорғаудың құдіреттілігіне мән бермеді, сенбеді де. Баяғы жаулап алып құлдыққа айналдыруды, нәсілдік тұрғыдан келіп қанауды, кембағал, кедейлерді кемсітуді әдетке айналдырды. Бір сөзбен айтқанда, олардың расистік санасында Шығыс лидерлерінің бағасының рейтингісі осындай төмен болды.

Сталиннің әділеттілікті қасық қаны қалғанша, бар жан-тәнімен қорғайтынын, оған халықтың қалқан болатынын, мұндайда халықта өлшеусіз құдіретті күштің пайда болатынынан, одан басшы нәр алып, табиғат берген рухани болмысын мобилизация жасап олардан асып түсетіндігін олар байқаса да, жете мән бермесе керек. Адам дүниеге келгенде, ол ана жатырындағы эмбрионда жазылған қабілеттілік бойынша қалыптасады. Онда баланың болашағы математикамен, физикамен, химиямен, гуманитариямен, т.б. байланыстылығы программа ретінде жазылады. Өсе келе баланың табиғат берген қабілетін, ата-ана, мектеп бірлесе отырып ертерек анықтап бағыттаса, одан толық өнім шығатыны дәлелденген. Сол сияқты Сталиннің табиғат берген лидерлік қабілеті мен Отанын қорғаудағы әділеттіліктің қатал талабы асқан намысқорлықпен будандасып, Совет халқының қолына Жеңісті ұстауға шешуші роль атқарды. Кешегі соғыста бейбітшілік пен әділеттіліксүйгіш, прогресшіл адамзат баласы тағдырын Сталиннің алақанына салып бергендей болып, оған үлкен сенім артты. Ол нардың жүгін арқалап, жауапкершілікті мойнына алды. Бұл жерде Совет халқы мен мемлекетінің тағдыры – өз алдына бір төбе. Агрессивтікті немесе әділеттілікті қорғаған лидердің іс-әрекеті, қимылдарында айырмашылықтың болуы тарихта дәлелденген. Агрессор – басқыншы қара күш болғандықтан, қарапайым қара халық оны қолдамаған, тек қорыққанынан ғана айтқанын орындап, айдауына жүрген, іштей жек көрген (қазақтар оны иттің етінен жек көрген дейді), реті келсе орындамауға, бүлдіруге, тайқып шығып кетуге дайын тұрған. Агрессордың берген бұйрығы, нұсқауы, пәрмені осалдау, талабы қорқаулау, арғы жағы бос психология жағынан дәрменсіздеу болған. Әділет-

тілігі шынайы түрде болмағаны көзге көрініп тұрған. Оны халық білген. Мысалы, Гитлердің: «Қарсы келген адамды өлтіре бер, өлтіре бер, сонда ұлы Германияға шын берілгендігінді дәлелдейсің, шын патриотсың», – деді. Черчилльдің Гитлер мен Сталинді екі жолбарысқа теңеуі немесе Рузвельттің Сталиннің шарттары бойынша екінші майдан ашу мәселесіндегі Черчилльдің сөзіне еріп солқылдақтық танытуы өз алдына бір басқа. Екінші майданды ашуға олар құлықты болмады. Өйткені әділетсіздікті жақтады, нәтижесінде берген уәделерін бұзды, өз мүдделеріне қызмет етті. Прогресшіл адамзат баласының талабын орындамай отырғанын жақсы сезінді, біле тұрып, екінші майданның ашылу мерзімін әдейі кешеуілдетті. Мұның барып тұрған әділетсіз екенін білсе де, құйтұрқы Черчилльдің айтқанынан шықпады. Мұны дипломатия тілінде «қорқаулық» деп атайды.

Керісінше, өз халқының және бүкіл жер шарын мекендеген адамдардың атынан, әділеттілік пен бейбіт өмірді жақтаған елдердің үмітін арқалаған Сталиннің екінші майданды ашу шарты орындалу үшін, одақтас АҚШ пен Ұлыбритания лидерлеріне қойған талаптары, оларды имандылыққа шақырып, олардың позициясының осал болып жатқандығын сынға алуы дәлелдейді. Сталиннің батыл сөйлеуінің, іс-қимылының артында халықтардың сенімі мен үміті жатыр еді. Бұл Рузвельт пен Черчилльдің өз мемлекеттерінің тар мүддесін ғана қорғайтын айла-әрекеттерін батыл әшкерелеу, әлем алдында олардың қулығының құйрығының біртұтам екендігін беттеріне басу Сталиннің міндеті болды. Бұған көз жеткізу үшін сол кездегі (1941-1944 жж.) Сталиннің екінші майданды ашу туралы оларға жазған хаттарының мазмұнынан толық байқауға болады. Бұл хаттардың мазмұнында әлем тағдырының қыл үстінде тұрғандығын бейнелейтін толқулары, тебіреністері дәлел бола алады. Бұл айтуға оңай болғандығымен, 1941 жылы октябрьдегі төнген қауіпті тілге тиек ете отырып, оған көсемнің соратниктерінің Москваны тастап Куйбышевте дайындалған штабқа көшуі туралы үгіттегені, бір сәт оның бұл идеяны құптауға аз-ақ қалғаны, өзіне ұқсас киінген он адаммен Курск вокзалына барып, екі сағаттан кейін Кремльге қайта оралып, Москваны қорғауды қолына алып, үш пункттен тұратын бұйрық беруі былай болды:

1. «Москваны қоршаудағы қала» деп жариялау;
2. Қаланың айналасына радиусы 15 км. окоп қазу;
3. Москваны қорғауды Жуковқа тапсыру. Бұл оқиғаны Жуков былай баяндайды: Политбюроның отырысы түнгі сағат 3-те бітті, ал сағат 5-те біз қаланы қоршаған немістердің шебін бұзу мақса-

тымен шабуылға шығып, немістерді 5 км артқа түріп тастадық, кішкентай ғана Жеңіс болса да үлкен Жеңістің (Берлинді алып, ту тігу – Т. Ж.) символындай болды. Жеңілмейтін гитлершілдердің жеңілуі мүмкін екендігі, солдаттар мен офицерлерді рухтандырды, қанағаттандырылды. Жуковтың «Естеліктер мен толғаныстар» деген кітабында ол: «Аталмыш кішкентай Жеңісті, Берлинге дейін қолдан шығармай, нәтижесінде үлкен Жеңіске ұластырдық», – дейді. Бұл – тарихтың бұлтартпас фактісі. Сол кезде москвалықтардың аспай-саспай «Сталин барда, не қам бар», – деп үлкен сенім артып күнделікті бейбіт тіршіліктерімен шұғылданып жатты. Сталиннің Кремльде қозғалмай отыруы үлкен моральдық тіреу болды. Бұлай етпеуге де оның правосы жоқ еді. Москваны бергеннен кейін әлемдік карта бетінен Совет Одағы сияқты алып мемлекеттің өшетіндігін, халқы да тоз-тоз боп жоғалып кететіндігін, сөйтіп әлемдік қауіпсіздікке қатер төнетіндігін ол әсте естен шығармады.

Біз бұл жерде, Шығыс халқының өкілі, кішігірім этнос-грузин халқынан шыққан тұлғаның әлем тағдырына жауап беруге бел буғанын байқаймыз. Бұл жерде таяз евроцентристік-расистік идеяның күл-талқанының шыққанын байқау қиын емес. Оның бұлтартпас дәлелі Жеңіс байрағын Совет халқының қолына ұстатуы болды. Сол біздің заманда евроцентристік идеяның ауқымының тар, жалған идея екендігін, оның қоғамдық жалпыхалықтық құндылықтарға зиян екендігін, заңдылыққа жатпайтындығын дәлелдейді. Аталмыш концепция өзінің құлдық дәуірінің үстемдігін дәлелдеу үшін батыстың қолдан ойлап тапқан жасанды амалдары оның уақытша құбылыс екендігін, Шығыстың ұзақ уақыт ұйқыдан оянып, буырқанған қарқынмен дамуы толық дәлел болуда. Байқап қарасақ, Батыс аталмыш концепциясымен Шығыстың аяғына әлденеше ғасыр бойы тұсау салған екен. Тамырланып кеткен евроцентризмді әрі қарай бұзып талқандау Шығыстың өкілдерінің еншісіне әрі қарай көшуде: айталық, Д. Неру, М. Ганди, Мао цзе дун, Дин сяо пин сияқты, т.б. тұлғалардың даналық, қайраткерлік іс-әрекеттері Шығыстың тарихи артықшылықтарын бұлтартпай дәлелдеуде. Олардың ісін әрі қарай жалғастырушы, қазақтан шыққан аса дарынды, ойшыл, қайраткер Н. Назарбаев әлемдік аренаға шықты. Ол өзінің көрегенділігімен, білімділігімен, табандылығымен Шығыстың, оның ішінде, «Қазақстанның даму Моделін» дүниеге келтірді. Бұны Қазақстанның ерекшелігіне, жеріне, этносаралық қатынастарына, мәдениетіне сәйкестендірді. Бұл модельді әлем «Назарбаев феномені» деп тануда.

* * *

Назарбаев феномені

Ел басқарған адамға қойылар басты талаптың, тіпті басты шарттың бірі – ойшылдық, «ой оңды болмайынша, іс оңды болмайды» дегенді тарих сөресінен білеміз. Назарбаевты әлемдік ауқымдағы саңлақ саясаткер ретінде танытып отырған факторлардың бірі – Елбасымыздың ойшылдығында жатыр. Оның ойшылдығы қай кезде де ең алдымен істің мән-жайына қанығуға, кез келген құбылысты салқын саналық сарабына салуға, өзінің өзегінен өткізуге, содан кейін ғана белгілі бір байламға келуге, сол байламын жұртшылықтың жүрегіне жететіндей етіп өрнекті сөзбен өруге, ең қиын деген мәселелердің өзін барша жұрт түсіне алатындай, түйсіне алатындай қарапайым етіп ұғындырып беруге ұмтылатынын тамаша танытады. Бұл принцип, «тоғыз рет өлшеп, бір рет кесу керек» деген халық даналығымен үндесіп жатады. Елбасының сөздері мен идеяларының құндылығы олардың дер кезінде айтылуымен де арта түседі. Оның басты ерекшелігі ол бірде-бір оқиғаға орай уақыт өткізіп алып сөйлемегеніне, бірде-бір құбылыс жөнінде алдын ораймын деп асығыс ой айтпайтынына көз жеткізу қиын емес. Қазақстан Ресей империясы құрамында үш ғасыр бұратаналық күн кешіп, көптеген адам айтқысыз қиыншылықтарды басынан кешіріп, артқа тартпай, Тәуелсіздік дәуіріне аяқ басты. Алғашқы кезеңде Елімізде қазақ этносының ара салмағы ұлт болудан қалатын ең төменгі көрсеткішке жетті.

1991 жылдың 16 желтоқсанда жарияланған тәуелсіздік тәңірдің берген сыйы деп айтуға толық правомыз бар. Қазақ халқы бұған тұрарлық. Ол үшін халқымыз 3,5 мың жыл жанкешті жолдарды басынан кешірді. Оны ғылымда 7 алапат һәм азапты иірімдер деп атайды: 1. Парсы; 2. Қытай; 3. Араб; 4. Моңғол; 5. Жоңғар-қалмақ; 6. Ресей империясы; 7. Қызыл империя.

Тәуелсіздікті алудың өзі оңай болмағандығын, ал оны баянды ету одан да қиын екендігін, Тәуелсіздіктің оңай жолмен келмейтіндігінің бір эпизодын Н. Назарбаев былай еске алады: 1991 ж. 16 августа құрамында тарай бастаған Орталықтан 8 лауазымды адамы бар Вице-президент, КГБ, Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі, т.б. өздерін ГКЧП-истер (государственный комитет чрезвычайного происшествия) деп атаған, мемлекеттік төңкеріс жасап, Одақ президенті М. Горбачев тақтан тайдырылды. Онымен қатар, одақтас республикалардың да президенттері лауазымдарынан айырылып, билікті ГКЧП-истер қолына алды, мақсаты одақты

таратпау. Келесі күні Москваның жарлығымен президенттік лауазымынан түскен Н. Назарбаев, кезекті уақытта кабинетіне кірейін деп келіп, есік алдында тұрған екі күзетшінің біріншісіне: «Сендер мені жібересіңдер ме?» деген республика президентінің сауалына: «Сізді жібермегенде кімді жібереміз?» деп баяғыша рапорт беріп, есік ашады, ал екіншісіне келгенде, ол: «Кешіріңіз, Сізді жібере алмаймын, өйткені, Москвадан бұйрық келді», – дейді. Осы сәтте «Әлсіз, жаңа туған нәрестедей, республиканың Тәуелсіздігіне, қатердің төнгенін бірден байқадым», – дейді Н. Назарбаев. «Армияның тізгінін алған ГКЧП-истер танкілермен президент сарайын қоршап алмасына кім кепіл еді. Аңсап жүрген Тәуелсіздік көзден ғайып болып, империяның үстемдігі қайтадан ғасырларға созылатын болды-ау, орталықтан бағыныштылық қара түнекті халқымның басына қайта жамылатын болды-ау, деген уайым-қайғы ойымнан бір кетпей қойды», – дейді. Осыдан кейін Тәуелсіздіктің сәті қай уақытта оралады, оны ешкім болжап айта алмаса керек. Бұл сол кездегі драмалық-трагедиялық шындық еді. ГКЧП-истер жеңгенде, империяның үстемдігі, қанды шеңгелінен босану мүмкін емес сияқты еді. Мысалы, Қытай империясының құрамындағы ұйғыр халқының бостандық үшін күресі ғасырларға созылуда, ал шешен ұлтының Тәуелсіздік үшін күресі екі ғасырға жуықтады, айта берсе мысалдар жетерлік. Қолда тұрған Тәуелсіздік құсынан айырылу – қазақ халқының мәңгілікке тұншығуымен барабар еді. Украин халқының әлі күнге дейін бүлініп жатқаны сол империяның шовинистік саясатының салдары десек қателеспейміз.

Империяның тоғышар саясаткерлері, басқа республикалар емес, Қазақстаннан империяның айырылып қалғанына бүгінгі күнге дейін кешірмейді. «Керуен көшеді, ит үреді», – дегендей анда-санда есіне түскенде, Жириновский сияқты есерсоқтар үріп қоюдан жалықпайды. Қазақстанды Ресейдің ішкі айылы («подбрюжье») деп есептеген Солженицын сияқты империяшыл саясаткерлер не үшін Қазақстанды империя уысынан шығармауды мақсат етіп жанталаса күресті, оның себептері де баршылық:

1. Тарих төріне шолу:

XII–XIII ғғ. Шыңғысхан дәуірінде, оның армиясының 60-70% қазақтардан (найман, керей, үйсін, қаңлы, қоңырат, қыпшақ, т.б.) құралды. Орыс княжестволарының орталықтандыруына А. Невскийдің (Батыйдың өкіл баласы) сұрауымен, Батый хан шешуші ықпал жасады. Орыстар моңғол империясына бодан болды, оның үстемдігін мойындады, нәтижесінде өте үлкен мөлшерде алым-салық төледі.

Ұлы Петр патшаның кезінде, Еуропаға «терезе» ашып, оның техникалық, қару-жарақтарына қол жеткізіп, армиясын күшейтіп, найзамен, семсермен, шоқпармен, т.б. жасақталған моңғол-қазақтарды жеңіп, қазақ даласын империяның ыңғайына дайындады. Тарихтың аз-кемді өлшемімен, үш ғасырдай бағындырған моңғол-қазақ үстемдігі шайқалып, ыдырап, нәтижесінде кейін үш ғасыр бойы орыс империясының үстемдігі жүрді. Мұны тарихтың кек алу саясаты демеске амал жоқ. Сондықтан да империя қазақ жеріне ерекше өшпенділік, кек алу саясат көзімен қарады. Кеткен есесін қайта қайтару керек болды. Сол үшін қазақтарды:

- а) сауатсыз надандықта ұстады, сауатты етуден жүрексінді;
- б) қазақ халқының санын, жасанды түрде аяусыз қысқартуға тырысты;
- в) әскери салада жоғарылап келе жатқан қазақтарды әртүрлі себептермен шен (чин) бермей тұсаулады;
- г) құнарлы жерлерге орыс мұжықтарын орналастырып, тағы басқа амалдар қолданып, түбегейлі орыстандырып, христиан дініне енгізуді үлкен саясатқа айналдырды. Мұндай практика империя тарихында баршылық, мысалы, сібір халықтарын орыстандырып, дінін, фамилиясын, тілін, өмір салтын өзгертіп, дәстүрлеріне өзгерістер енгізіп (арақ ішуге машықтандыру) тағы басқа амалдар қолданып, нәтижесінде орыс халқының оларды жұтып қоюы (ғылым тілімен айтқанда слияния) мемлекеттің жасанды саясаты еді.
- д) тың және тыңайған жерді игеру дегенді желеу етіп, одақтың жан-жағынан түрлі сотталғандарды, рецидивистерді, хулигандарды, тағы басқа шеттен шыққандарды амнистия жасап, қазақ даласына лап еткізіп бағыттады. Сол жылдары қазақ халқының саны 27 пайызға дейін төмендеп, республиканың Қазақстан атауы да қыл үстінде қалған-ды. Қазақ халқы этнос ретінде тарихтан өшіп кетуге аз-ақ қалғанының куәсі де болдық;

2. Қазақстан мен Ресей империясының шекарасы 7,5 мың км (жалпы 14 мың км.) созылып, онымен кіндіктесіп жатуы;

3. Орыс тілінің қоғам өмірінің барлық салаларына дендеп еніп кетуі. (Тәуелсіздіктің тізгіні қолға тигелі 24 жыл болса да, орыс тілінің мұрты бұзылмай қоймауы);

4. Орыстандырылуға бет бұрған қазақ халқын жер асты байлығымен, 2,7 млн км территориясымен Ресей құрамына қосып алуға мақсаттануы, т.б.

Қаржы, экономика, кадрларды шешу, жер, мәдениет тағы басқа мәселелердің барлығының кілті орталықта (Москва) болды. Одақтас республикалар, оның ішінде, әсіресе, Қазақстан өз мәселелерін им-

перияның талабымен өлшеп барып шешті. Горбачевтың қайта құру идеясы. XX ғ. 80 жылдары М. Горбачев билік басына келіп, «қайта құру» атты демократиялық мәні бар процесс белең алды. М. Горбачевтың қайта құру демократиялық жел ескен іс-әрекеттерінің нәтижесінде, Одақ қожырай бастап, одақтас республикалардың лидерлері өз республикасының президенттері болып сайлана бастады. Бұл одақтың тарауының алғашқы симптомдары болатынды. Былайша айтқанда, Одақ сол күйінде қалмай тарауы объективтік процесс еді. Оны ешкім де тоқтата алмас еді. Горбачев одақты сақтап қалу үшін түрлі амалдар қолданып бақты. Соның бірі одақтас республика басшыларының ішінде ең беделдісі, ықпалдысы Н. Назарбаев еді, сондықтан оған Горбачев үміт артты. Оған Н. Рыжковтың орнына премьер-министрлік қызметін ұсынды. Сондағы мақсаты Одақты таратпай ұстап қалатын бірден-бір тұлға Н. Назарбаев қана болмақ деген, жан-жақтан айтылған пікірлер болса керек.

Бірақ Н. Назарбаев өзінің естеліктерінде көп ойланып, Одақтың перспективасының бұлыңғыр екендігіне көзі жетіп, одан бас тартады. «Өзге елге сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» дегендей, ол өз елі Қазақстанның Тәуелсіз мемлекет болып гүлденуін таңдады. 1990 жылы 24 апрельде Н. Назарбаев Қазақ ССР Президенті болып сайланды. Бірақ, бұл қуаныш ұзаққа созылмаған еді. Себебі, 1991 жыл 16 августағы ГКЧП-истердің мемлекеттік төңкеріс жасауына байланысты бұрынғы сайланған республикалық президенттердің өкілеттіліктері уақытша тоқтатылғанды. 1991 жылы 16-17 августа ГКЧП-истер Одақты сақтап қалу үшін, оны бұрынғыдан да қатал империялық диктаторлық режимге бейімдеу мақсатында билікке келгеннен кейін, ондаған қарарлар қабылдап үлгергенді. Одақ бұл күндері траур жамылғандай еді, ызындаған музыкадан басқа ешнәрсе жоқ, жалпылама тыныштықтан халық мүлгіп қалды. Бұл тыныштықты Ресей Президенті бұзды. 18 августа Б. Ельцин асқан жүректілік танытып, көшені жайлаған танкілердің біріне шығып, москвалықтарды сроксыз ереуілге шақырып, халық оны қолдап, ГКЧП-лықтарды тұтқындап, жалпы Тәуелсіздікті қорғап қалды. Одақтың шаңырағы ортасына түсіп, ыдырады. Сол сын сағатта Б. Ельциннің іс-қимылының дұрыс екендігін қолдап сөйлеген адам Н. Назарбаев қана болды.

Қазақстан 1991 жылы 16 декабрьде Тәуелсіздігін кештеу жариялады. Бірақ тәуелсіздікті басқа республикалардан кейін, ең соңында жариялаудың да себебі де бар еді. Әліптің артын күт деп, бұл жерде де Н. Назарбаев сабырлылық пен болжамдылық танытты.

Қазақстан Ресей үшін аса қызығушылық танытып, біз сияқты бай әрі стратегиялық маңызы бар өлкені уысынан шығармау үшін, М. Горбачев бастаған (ол кезде ол президентік лауазымды атқарып отырған еді) империяның авантюраға баруы реалды қауіпті еді. Оған дәлел, Қырғызстан астанасы Фрунзе қаласының аспанында әскери самолеттер жиі шарпып, ұшып жүрді. Бұл Қырғызстан емес, Қазақстанға көрсеткен қыр (доқ) еді. Бұл жерде Н. Назарбаевтың саяси ептілігі, жүректілігі қажет болды. Сол күндері Назарбаевтың қасында жүрген, юриспруденция академигі, заңгер С. Сартаев былай еске алады: «16 декабрьде ертеңгі сағат 10-да Тәуелсіздікті жариялаймыз» деп шештік. Бірақ таңертеңгі сағат 9-да Н. Назарбаев маған телефон соқты да: «Горбачев Тәуелсіздікті жариялауды кейінге қалдыруды салқын түрде өтінді», – деп қобалжыған дауыспен келуімді сұрады. Әрине, империя басшысының өтінішін орындамауға болмайтын еді. Депутаттарға хабарланып қойылған, «енді не істейміз»? деген сұрақ тұрды. Мен айттым, басқа республикалар Азербайжан, Грузия, т.б. Тәуелсіздігін әлдеқашан жариялап үлгерді, біз-ақ қалдық, біз Тәуелсіздікті іркілтсек, елге не дейміз деген әрі күйініш, әрі қорқыныш сезімі бойымды билеп алды. Тәуелсіздіктің тағдырының қыл үстінде тұрғанын енді шын сезіндім. Сол кезде Нұрекең кенеттен: «Сұлтеке, баста деп, сөзін бір-ақ түйіндеді. Нұрекеңнің осы жүректілігімен қанаттанған мен сағат 10-да депутаттар алдында Тәуелсіздікті жариялап жібердім. Бірақ байқасам, дауысым қалтырап, денем дір-дір етіп тұр екен. Тәуелсіздікті жариялауым мұң екен, депутаттар орнынан тұрып кеткенін білмей де қалды, ұзақ қол шапалақтады. 30 минуттан кейін Тәуелсіздігімізді Түрік мемлекеті мойындап хабарлады. Сонда ғана Тәуелсіздігіміздің ғұмыры ұзақ-мәңгі болатындығын шын сезіндім», – дейді. Шет мемлекет Тәуелсіздікті мойындады деген сөз – енді Ресей империясы бізге тиісе алмайды деген дипломатиялық вердикт еді. Тәуелсіздік осылай драматизмге толы әрі ұлы бақытты күнмен басталды.

Енді оны реалды мазмұнмен толтырып, баянды етіп құру перспективадағы аса күрделі де, аса қиын проблема еді. Бізді солар күтіп тұрды. Қазақстан Тәуелсіздікті алғаннан кейін, бұрын-соңды болып көрмеген, құлақ естімеген үлкен жолдың айырығында тұрдық. Даму жолын таңдау да оңай болған жоқ. Бірақ ұзақ ойлап толғаныстан кейін, бұл ұлы көшті Н. Назарбаев «Қазақстандық жол» деп атады. Н. Назарбаев Қазақстанның жаңа дәуір тарихының архитекторы болды деп зор мақтанышпен айта аламыз. Мұндайда ырғалып-жырғалуды уақыт көтермейді, аса қажетті заңнамаларды қабылдап,

халықтың әл-ауқатын, мәдениетін, әлеуметтік ахуалын жедел көтеруге үшін саяси-экономикалық реформаларды тез іс жүзіне асыру орасан зор іскерлікті талап етті. Олар: қалыптасып қалған социалистік сананы (бәрін мемлекет қамтамасыз ету керек), рыноктық санаға қарай (жеке-меншікті икемді істетіп табыс табу) бұру қиынның қиыны болғаны өмір шындығы.

Сол кезеңде «Қазақстан өз күнін өзі көре алмай, қол қусырып Ресейге қайтып оралады» деген мақсатпен бізді «рубль» кеңістігінен шығарып тастады. Осындай мәселенің боларын болжаған Н. Назарбаев ертерек қамданып, Англияға ұлттық валютаға тапсырыс беріп үлгеріпті. Бұрынғы тығыз экономиялық байланыстар шарт үзілді, ел ауыр жағдайлармен бетпе-бет келді. Жұмыссыздық лезде жайлап кетіп, отбасының асыраушысы болған ер-азаматтар үйде отырып қалып, әйелдер күнделікті напаха табу үшін базар аралап кезді, зейнеткерлер (пензионерлер), көп балалы аналар, мүгедектер тиісті ақшасын айлап ала алмай, биліктің назарын аудару үшін пойыздар мен көліктерді торуылдап жиі тоқтата бастады. Шахтерлар, металлургртер тағы басқалар ереуілге шығуды жоспарлады, бір сөзбен айтқанда, бұлар билікке оңай тимей сын сағаттарды басынан кешіріп жатты. Мұндайда уақыт та тез өтпейді ғой. Осы кезеңде ел тамырын ұстап бәрін көріп, байқап отырған Н. Назарбаев аса сабырлылық, салмақтылық, көрегендік, болжамдылық танытып, төніп тұрған күрделі кезеңнің уақытша, өтпелі екендігіне кәміл сеніп, халқына: «ашынған қарын тойынар, ашылған етек жабылар, сабыр сақтаңыздар», – деп, билік барлық іргелі амалдарды жасауда, әлі-ақ дамудың даңғыл жолына түсетіндігімізге сендірді. Халық басшысының саликалы, білімділікпен айтқан уәждері мен уәделеріне үлкен сеніммен қарап еңбек етуден танбады.

Күткеніміздей, Тәуелсіздік үлкен саяси және экономикалық реформаларға еркін жол ашты. Н. Назарбаев сол ұлы ізгілік істерге мұрындық болды, тың мәселелерді көтеріп болашаққа жарқын жол ашты. Халықтың күткені де осы еді, үміттің ақтала бастағанын сезген ел, жаппай билікті қолдап іске қызу кірісті. Н. Назарбаев ең алдымен экономиканың белін жазып еркін дамуына кеңінен жол ашып, саяси мәселелерді шешті: демократиялық үрдістерді реалды түрде іс-жүзіне асыратын биліктің үш тармағын: парламент, үкімет, сот жүйесін қалыптастырды; Ата заң жаңа қалыптағы – Конституция қабылданды, экономиканың күре тамыры болып есептелетін, рыноктық қатынас, «Жеке меншік туралы», «Тіл туралы» тағы басқа ондаған заңдар қабылданып, елдің әрі қарай дамуы бір жүйеге түсе бастады.

Н. Назарбаев тамыры терең мына мәселелерге халықтың назарын жиі аударды. Мемлекет бұрынғыдай барлық мәселелерді шешіп береді деп қамсыз отыруға болмайды, осы қамсыздық бізді тығырыққа тірегенін естен шығармауымыз керек, меншік иесі болғаннан кейін күн-түн демей тынымсыз еңбек ету керек, Маркс айтқандай «Әлемнің әміршісі еңбек болмақ» деген қағидамен қарулану үшін халықтың санасына түбегейлі өзгеріс енгізуге тырысты. Өйткені адамның материалдық жағдайы өзгеріп жақсарғанмен, оның санасына өзгеріс енгізу – аса қиын да, ұзақ уақытты талап ететін процесс. Сана – өте консервативті құбылыс. Ол жай қалыптасып, баяу тарқайды. Мысалы: ескі қоғам кезіндегі, бәрін мемлекет шешіп береді деген, масылдық психология мен сана, рыноктық қатынас кезінде көптеген кедергілерді туғызады, прогрессивтік идеяларға тосқауыл болады. Сол масылдық психология адамдарды рыноктық қатынас кезінде жаппай еңбекке бет бұруы аса қиындықтар туғызды. Міне, 23 жылдан астам уақыт өтсе де, әл-ауқат жақсарғанмен, сол масылдық психологияның сарыны әлі кездеседі

Н. Назарбаев феномені аса біліктілік пен табандылық танытып өзі көтерілген рухани биіктікке халық тағдырын нар жүгіндей арқалап өрге қарай сүйреді. Бұдан бөлек шешуші кезек күттірмейтін Қазақ елінің мәңгілігі үшін, тағдырлы мәселелер күн тәртібінде тұрды: біріншіден, түйіні ғасырлар қойнауына кететін, шиеленісіп қалған алып және шағын көршілермен шекара мәселелерін шешу қажет болды. Бұл оңай шаруа болмағанын біз білеміз, өйткені әлемдегі қайшылықтар, соғыс өрті әрқашан да жер дауынан, территорияны кеңейту саясатынан туындаған. Өйткені біздің географиялық жағдайымызға алып елдер үнемі көз тігумен болды, әлі де көз алартуда.

Екіншіден, капиталистік және социалистік жүйелердің текетіресуінің нәтижесінде АҚШ пен СССР мемлекеттерінде қордаланған ядролық қару-жарақ жер бетіндегі тіршілікті мындаған рет жойып жіберуге жарайтын еді. Одақ тараған кезде ядролық ракеталар Ресей Федерациясында, Қазақстанда, Украинада, Белоруссияда шоғырланған еді. Бұлардың қауіптілігі сонша – бір ракетаның басында 20 боеголовка болды. Қазақстан территориясында 104 ракета орналасқан еді. Бір ракета батыс елдеріне (АҚШ) жіберілсе, 4-5 минут ішінде америка жағалауларына барып, 20 км биіктікке жарылар болса, Нью-Йорк сияқты 20 мега қала жер бетінен тып-типыл болып жоқ болар еді. Міне, ядролық қарудың қуаты осымен өлшенетінін білеміз. Оның бергі жағында ядролық сәуленің радиациясы-

ның қауіптілігі өз алдына. Екіншіден, Семей жерінде 500-ден астам ядролық атом бомбасы сыналып, халқымызға орасан зор зардап әкелген, полигон президент Н. Назарбаевтың жарлығымен жабылды. Бұл теңдесі жоқ саяси акция еді. Өйткені әлемде бірінші болып ядролық қаруды ауыздықтап, одан бас тартқан Қазақ мемлекеті ғана болды. Бұл оқиға бейбіт өмір сүруді армандаған әлем халқын қуанышқа бөледі де, әлемді шарлап кетті. Әлем көз алдында Назарбаевтың саяси рейтингісі бірден шарықтап кетті. Былайша айтқанда, дүние жүзі халықтарының мүддесіне қызмет ету – Н. Назарбаев феноменінің басты адами қасиеттерінің бірі еді.

Көп жылдар бойы Ұлыбританияның премьер-министрі болған «Темір леди» деп аталып кеткен, әлемдік деңгейдегі саясаткер Маргарет Тэтчер Нұрсұлтан Назарбаевты «Қалыпқа сыймайтын тұлға, ол болашақты болжай алады» деп ерекше бағалаған. Бұдан артық баға беру қиынға түсер.

Алдына амбициялық мәні бар ауқымды, бірақ қолынан келетін проблемаларды қою аса зор қайраткерлердің еншісінде ғана болса керек. Халқының нардай арман-тілегін арқалаған, Тәуелсіздікті реалды, баянды мазмұнмен, өлшеп берілген аз уақыттың ішінде толтыру, Назарбаевтың жатпай-тұрмай ылғи жадында болды. Н. Назарбаевтың еліміздің саяси-экономикалық тарихында баға жетпес орын алатын халыққа жолдауларын жылда дәстүрге айналдыруында.

1995 жылы бірінші Жолдауы халық даналығына сүйене отырып, «үш күндігін ойламаған әйелден без, үш жылдығын ойламаған еркектен без» деген терең перспективалы құндылығы бар ұлағатты сөздерден басталады. Бұл Қазақстанды дамыған елу, одан кейін отыз елдің қатарына енгізу жоспары еді. Бұның оңай шаруа еместігін өзі де, елі де білді. Бірақ өзіне-өзі сенімді әрі пәрменді дауысы халықты үйіріп алып кетіп, оның ойына оптимистік мәні бар іске асатын идеяларды ұялатты. Әр Жолдау ағымды жылда іске асырылатын саяси-әлеуметтік, экономикалық маңызы бар, халықтың әл-ауқатын көтеретін мәселелерді шешуге бағытталды. Халық басшысының көтерген мәселелерді міндетті түрде шешетіндігіне кәміл сенді, Президенттің артынан ерді. Қандай күрделі мәселе болса да, «жұмыла көтерген жүк жеңіл», дегендей демократиялық жолмен, халықпен ақылдаса отырып шешті. Оның дәлелі халықтың әл-ауқаты жылдан-жылға еселеніп дамып, үлкен қарқынмен аз уақыттың ішінде Жалпы ішкі өнімді (ЖІӨ) адам басына шаққанда 700 доллардан 2014 жылы 13 мың долларға дейін көтерілді. Адамзат тарихында мұндай қарқын санаулы елдерде ғана болды десек қателеспейміз.

Н. Назарбаев рыноктық экономиканың алғашқы қиындықтары 90-жылдары бас көтере бастаған, сол бір қиын-қыстау кезеңнің өзінде Қазақстанды түбінде жарыққа алып шығуға тиісті аса үлкен мәселелерге мән берілген еді. Солардың бірі – осыдан бес ғасырдай бұрын біздің сайын даламызды басып өтетін көне «Жібек жолын» қайта жаңғырту, Елбасымыздың перспективадағы жоспарында бар еді. Оған дәлел 2015 жылы құрылысы аяқталатын «ғасыр құрылысы» деп аталатын, жалпы ұзындығы шамамен 8,5 мың километр (Ресей – 2300, Қазақстан – 2800, Қытай – қалғаны) болатын Батыс Европа – Батыс Қытай автобаны дәлізі, парсы шығанағына Қазақстан – Түркменстан – Иран арқылы теміржол желісімен Парсы шығанағы арқылы әлемдік сауда кеңістіктеріне шығу, Каспий, Қара теңіздері арқылы Еуропаға «Терезе ойып ашу», Қазақстан ішінде Астананы ірі қалалармен темір жол және жоғарғы деңгейдегі стандартқа сай тас жолдармен қосу, тағы басқа. Елін сүйген Елбасына сеніп, тағдырын алақанына салған халық, оның айналасына топтасын үлкен қолдау танытты, екпінді еңбектің жаңа үлгілерін көрсетті. Ел сенімімен қанағаттанған Елбасы өзіне жүктелген міндеттердің үдесіне шығу үшін жедел дамудың әлемдік тәжірибелерін қолдана отырып, оның жолдары мен тәсілдерін генерациялап іске асырды. Елбасының идеялық тұғырларын көтеріп халықпен жұмыс атқаратын «Нұр Отан» партиясы шеттен инвестиция тарту, Орта Азияға тартылған 240 миллиард долларлардың 80% Қазақстанның үлесіне тиеді. Соңғы жаңалықтарын ескере отырып инновациялық технологияның озық үлгілерін енгізу, адам капиталын рационалды пайдалану, инфрақұрылымды әлемдік стандартқа сай жүргізу, қоғам дамуының локомативі атанған, әлемді таңғалдырудан тайынбаған Астана, Еуроазиялық экономикалық одақ, Қазақстан халық Ассамблеясы тағы басқа. Президент әкімшілігінің айтуына қарағанда Елбасының жұмыс графигінің тығыздығы сонша – олар минутпен есептеледі екен.

Н. Назарбаевтың әлемдік тарихта ойып алатын орны «Қазақстан халқы Ассамблеясын» дүниеге келтіруімен айқындалады. Бұл – практикалық мәні бар консультативтік институт, еліміздегі қыруар қоғамдық құбылыстардың қақ ортасында жүріп «Мәңгілік ел» құру бастамаларының басы-қасында жүрді. Ассамблеяның рөлі оның қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықтың басты кепілдіктерінің бірі емес, бірегейі болып табылады. Бұл орган Н. Назарбаевтың о бастан бел баласы деп айтуға болады. Өйткені, оның пайымдауынша, «бақыт қайда барасын, деген сұраққа, бірлігі мен тыныштығы жарасқан елге барам» деген қағиданы әсте естен шығармауды басты принципке айналдыру керек дейді.

Одақ кезіндегі тыныштық, ұлттар арасындағы келісімділік қолмен, мемлекет қысымымен ұйымдастырылған жасанды түрде болатын. Ол тарағаннан кейін шетіне жете қордаланған, жер, су, өндіріс, этностар арасындағы діни, тіл қайшылықтары бірден тұтанып, үлкен қан төктірген қақтығыстарға әкеп соқтырды. Демократияның желі ескен кезеңде халықтардың еркін пікір айтуы, іс-әрекет қимыл (конституцияның шеңберінде) жасауы, (шетел аралауы, т.б.) заңдылық. Сондықтан президенттің бастамасымен Қазақстанда Отаным деп тұрып жатқан түрлі этностардың мәдени орталықтары ашылып, өздерінің ұлттық тілдерін, салт-дәстүрлерін, әр алуан мәдениеттерін дамытып ұлтаралық тыныштықта өмір сүруде. Олар титулды мемлекет іргесін қалаушы қазақ ұлтының айналасында топтасуда. Конституцияның принципі мен талабы бойынша олар тең праволы, терезесі тең бейбіт өмір сүруде. Батыс-Шығыс елдерінің өкілдерінің айтуынша, Қазақстандағы Ассамблея моделінің үлгісін зерделеп, тәжірибесін өз елдерінде пайдалануға бейімдеуде. Әртүрлі дін, тіл, этнос тағы басқа өкілдерінің қатар бейбіт өмір сүруі мүмкін емес сияқты деп таңғалуда. Бұлай өмір кешу конституцияға негізделген.

Ассамблея мүшелері биліктің үш тармағында да, түрлі қызмет орындарында, ғылымда, тағы басқа қоғамның барлық салаларында толыққанды өмір сүруде. Тәрде басы, төскейде малы араласып, бір адамның баласындай, бір қолдың саласындай өмір кешуде. Олардың көбісі кезінде жер аударылып келгенде баспанасымен бөлісіп, дархан қонақжайлық танытып, өгейсітпей төбесінен жәй берген қазақтарға шексіз риза. Сондықтан олар қазақтар десе ішкен асын жерге қояды, өле-өлгенше сыйлап өтетіндігін айтып, жүрегінен ақ жарылады. Татулық пен үйлесімділікке не жетсін.

Мемлекеттер тарихында астананы басқа жерге ауыстыру – әлемдік практикада бар құбылыс. Тәуелсіз Қазақстанның астанасының ел жүрегі Сарыарқаның төсінде орналасуы заңдылық. Бұл – Н. Назарбаевтың дәуірлік оқиғасы, оның айнасы. Бұлай ету Н. Назарбаевтың о бастан жоспарлаған арманы іспеттес еді. Оның қалай парламентте қабылданғаны, қандай қиын кедергілер болғаны, президенттің ол туралы келтірген уәждері, Алматыдан көшірілуі, айдаладай Целиноградқа орналасуы, тұрмыстық қиыншылықтардың күтіп тұруы сияқты проблемалар болды. Бұл – объективтік процесс еді. Ол еліміздің жарқын болашағы үшін қабылданған дұрыс шешім еді. Н. Назарбаевтың басшылығымен біздің мемлекетіміздің өткен жолы – Астанамен бірге, өркендеу мен жасампаздықтың жолы. Астананың бас архитекторы және жетекшісі Елбасының өзі болды.

Оның айтуынша, астананың әр кірпіші оның ой елегінен өткендей, Н. Назарбаев астананың кіндік шешесі десек, қателеспейміз. Бүгінгі таңда Астана – кербез, сұлу қала. ЮНЕСКО-ның шешімімен Астанаға «Әлем қала» мәртебесі берілді. 2001 жылы Астанаға ресми сапармен келген Рим папасы Иоани Павел 2: «Сіздердің мемлекетіңізді көру көптен бергі арманым еді. Міне, бүгін сол арманым жетіп, осы жердің топырағын басып тұрмын. Мен Қазақстандағы өзара достық қарым-қатынасын сақтаған дін өкілдеріне ризашылығымды білдіремін. Еуропа мен Азияның кіндігінде орналасқан осындай қонақжай, кеңпейіл елдің бас қаласы – Астананы көруді жазған құдайға мың да бір алғысымды айтамын», – деген еді тебіреніп.

Адамзат тарихының ерекшелігі сонда – ол адам баласының жеңушілер мен жасаушыларды, яғни қиын тарихи бетбұрыстарға халық үшін өзіне нардың жүгіндей жауапкершілікті арқалауға және халықты соңынан ертуге дайын тұлғалардың есімдерін есінде сақтайды.

Тек, біздің Қазақстан емес, сонымен қатар Совет Одағынан кейінгі күрделі экономикалық және саяси әлеуметтік дағдарыс кезеңінде, дағдарысты болжай білетін, оны жүзеге асыру үшін керемет дарынды қасиеті бар тұлғалар қажет еді. Күдіктілікті, әлсіздік пен өз күшіне сенбеушілікті жоя отырып, адамдарға деген сенім мен үміт отын ұялату қажеттіліктің қажеті еді, сондықтан да Н. Назарбаев қоғам алдына дағдарыстан қатайып шығып, экономиканы қалпына келтіріп қана қоймай, табысты да болашаққа ұмтылған мемлекет болу, халықаралық қауымдастықтардың сенімінен шығу, саяси-экономикалық және мәдени процестердің толыққанды қатысушылары болып қана қоймай, алдыңғы орындарға қол жеткізу мақсатын қойды.

Халқымыздың көз алдында гүлденіп, халықаралық қатынастардың ордасы, ғылымның, мәдениеттің озық үлгісі болып келе жатқан жас Астана сәулет өнерінің бірегей тәжірибе алаңына айналып, прогрестің символы Астана – мәңгілікке көз жүгірткен мәңгілік елдің жүрегі, орасан жетістіктеріміздің қозғаушы күші, Қазақстанды әлемдік деңгейге көтерген тәуелсіздік ұлылығымыздың байрағы.

Мәңгілік ел – идеясы. Артқа тастаған Тәуелсіздік алған жылдарымызды еске алсақ, ұлттық идея мәселесі туралы көптеген ұсыныстар алға тартылды, ол күн тәртібінен ешқашан түспеді. Олар әртүрлі аталынды: «Қазақстандық арман», «2050 стратегиясы», «Қазақ елі» тағы басқа. Бұлардың ешқайсысын халық қабылдама-

ды, қолдайтын пікірлер айтылмады. Елбасы да өз тарапынан тіс жарып ешнәрсе айтпады. Өйткені жоғарғы сөздердің халық жадында өмірлік қызмет атқармайтындығы байқалды. Мысалы, 2050-стратегиясы. Ол жоспар бойынша, оған қол жеткізгеннен кейін, жаңадан идеяға ат беріп дүниеге келтіру қажет болар еді.

Сондықтан Елбасы ұзақ уақыт ойланып-толғанып, өткен ғасырлардағы бабалар даналығымен ақылдасудың нәтижесінде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына тарихи таңдау жасады. Өйткені бұл идея – қазақстандық мемлекетіміздің көне тарихынан бастау алатын жалпы ұлттық құндылық. Оның тамыры тереңге кетеді. VIII ғ. Тонькөк бабамыз: «Түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым, төрт бұрыштағы халықтың бәрін бейбіт еттім, басты еңкейттім, тізені бүктірді!», – деп, «Мәңгілік Ел» құрсақ деген асыл мұратын тасқа қашап жазып кеткені баршаға мәлім. Ата-бабаның сол асқақ арманы бүгінгі өркен жайған Тәуелсіз мемлекетімізде Елбасының көреген саясатының арқасында орындалуда. Айтқандай-ақ, Елбасының тың сөзін халық өртке тиген дауылдай қаулатып алып кетті. Өйткені ол халық жүрегінің тереңінен бір-ақ шықты десек қателеспейміз.

Елбасы: «Адам өмірі ондаған жылдармен шектеледі. Осы өмірі оның келесі ұрпағымен жалғасып отырады. Сондықтан халық Мәңгілігі туралы арманнан жоғары арман жоқ. Мәңгілік Ел – бұл ертеңгі күнге есік ашатын, болашаққа сенім арттыратын идея, бұл – кері қайтпайтын және берік тұрақтылықтың символы. Қазақстан – 2050 Стратегиясы – бұл біздің ұрпағымыздың көптеген буыны жүру маңдайына жазған миллиондар жолы». Классик айтқандай, «егер идея халықты баурап алса, ол зор материалдық күшке айналмақ», олай болса халық Мәңгілік ел идеясын қабылдады. Санауына сіңіре бастады, болашаққа жетелейтін теорияға айналмақ. Бұған Н. Назарбаевтың «Тәуелсіздік толғауындағы» Нұрлы жол идеясы толық дәлел бола алады. Елбасы айтқандай, Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде.

Әлемдік деңгейдегі қайраткер, ғалым.

Н. Назарбаев көрегендік, даналық қасиеттерінің нәтижесінде тарих өлшемімен ең қысқа мерзім ішінде жаңа да жас буыны қатпаған, тәуелсіз Қазақстанды әлемдегі келешегі зор, мәңгілікті бетке ұстаған, қарқынды дамып келе жатқан әлемдік мемлекеттердің бірі ретінде танытып, онымен санасатын, ақылдасатын деңгейге жеткізіп, халықаралық беделін нығайта білді. Қазақстанды өркендеудің, даму және табысты болудың белесті биігіне шығарды. Оған дәлел – әлем қайраткерлерінің оның лидерлік қасиеттерін мойындап айтқан сөздері мен идеялары. Оның қайраткерлік іс-әрекеттері мен

қасиеттері Қазақстанның, Орта Азияның, Азияның, Батыстың ноқталарынан шығып, әлемдік талаптарға сай жол тартты десек, шындықтан ауытқымаймыз. Олар: әлемді соғыс пен қақтығыстар құрсауынан босатып, бейбіт өмір сүруін нығайту, әлемдік және дәстүрлі діндер арасындағы қайшылық пен келіспеушілікті босаңсыту, жұмыссыздықтың нәтижесінде халықтардың көбісінің ашаршылық жағдайда өмір сүруі, медициналық көмекке зәру елдерге көмек көрсету, наркотрафикпен пәрменді түрде күресу, дүние жүзін мерзіммен жайлаған дағдарысты ауыздықтау, табиғатты жарауды, адамдар арасындағы имансыздықты, мәдениетсіздікті ескеру, тағы басқа. Байқасақ, осыншама ауқымды проблемаларды арқалауға біздің жер планетамыз кішірейіп қалған тәрізді. Аталмыш проблемалар туралы айтып, күн тәртібіне қойып шешуге бел буған қайраткерлер аз емес. Бірақ олардың шешу жолдарын айтып, реалды үлес қосып, іске бел шеше кірісіп жүрген қайраткерлер мен ғалымдар санаулы ғана десек қателеспейміз. Олардың қатарына БҰҰ бас секретары Пан Ги Мун, Н. Назарбаев, Қытай басшысы, Ресей президенті, Франция премьер-министрі жатады. Жоғарыда айтылған проблемалардың пайда болуының басты тетіктерінің бірі – әлемдік дағдарыс болса керек. Оның алдын алып болдырмаудың шешімін табудың жолын екі адам ғана болжап айтты:

Н. Назарбаев, әлемдік дағдарыс бір ғана валютаға кіріптарлық болғандықтан оны шығару станогі бір елдің қолында ғана болғаны, соның салдарынан әлемдік экономиканың сол валютаның ашса алақанында, жұмса жұдырығында болатындығы нәтижесінде ақша шығару бір елге шоғырланды деп тұжырымдайды. Сондықтан, ақша басып шығарудың өзін демократияландырып, әлемдік бір валютаға көшу керектігін, сонда ғана оны басып шығару көп елдерден тұратын комиссияның бақылауында болмақ. Бүгінде әлемдік валютаны демократияландыру мәселесіне алғашқы қам да жасалынды. Қытай мен Ресей долларды айналып өтіп юань мен рубльдің тікелей қатынастарын күшейтпекші. Бұл дегеніміз – экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік қатынастарда доллардың шылауынан арылуда деген сөз. Осылай ұлттық валюталарды қосып дербестендіру арқылы болашақта демократияланған ортақ валютаға келуіміз мүмкін екендігін айтты. Осы жолмен жүрсек, әлемдік дағдарысты тежеуіміз мүмкін деген ұғымға саяды.

Екіншіден, Қазақстанда рыноктық қатынастың үстем болуына байланысты, капитализмнің дөрекі түрі қалыптасуда, яғни қоғамда шұғыл дифференция процесі етек алуда, бай мен кедей арасындағы алшақтық одан әрі қарай тереңдеуде. Меншік иесі мемлекет-

ке салық төлеп қана көмектесе алады. Жақсы экономистердің шындықты айтып мойындауларына қарағанда, салықтың біраз бөлігін төлемей жымқырып қалуға жол табуға болады екен. Тек қана оны жымын білдірмей, келісіп, жоспарын іске асыруға болатын сияқты. Осыдан барып меншік иесінің байлығының еселене беретіні шындық. Олар бұл қомақты қаражатты, патриоттық сезіммен рационалды түрде өндіріс, Отанында жұмыс орындарын ашып, жұмыссыздықты азайтып, әлеуметтік мәселелерді шешудің орнына, «Болашақта әлдеқандай күн болады» деген эгоизм билеген ұғыммен шетел банктеріне асырып жібереді. Осыдан барып мемлекетті әлеуметтік мәселелерді шешуде, инфрақұрылымдарды салуға, жаңғыртуға қаражат тапшылығы қол байлайды. Н. Назарбаевтың пайымдауынша, рынокқа негізделген капиталистік өндірістік қатынастың шеңбері тарылды, енді қоғамның әрі қарай шапшаңдықпен дамуына кедергі жасап, аяғына тұсау салуда. Елімізде әлеуметтік мәселелер қордаланып (оның үстіне дағдарыс та алқымнан алуға) оны дәйекті шешуге мемлекет қалтасы көтермеуде. Оның үстіне Елбасы, әлеуметтік мәселелердің деңгейі төмендемейді, деп халықты сендірді.

Олай болса мемлекеттің қаржысын қомақтандырудың жолдарын Елбасы іздестіруде. Бірде, Елбасының жұмыс кабинетінде, оның Маркстың «Капиталының» үшінші томын ақтарып отырған сәті фотосуретке түсіріліпті, соны көзіміз шалып қалды. Ұлы адамдардың ұлы ойшылдармен ақылдасып отыратындығы заңдылық, ол өмір талабы. Маркстің идеясы қажет болдыма кім білсін. Үлкен отырыста былай деді: «Егер үлкен компаниялар өздерінің үлесін сатар болса, оны басқаларға бермей, мемлекет өз қарамағына алуы керек», – деді. Бұдан байқайтынымыз, компаниядан түскен қаржы түгелімен мемлекет қалтасына түседі. Ал ол компанияда тәртіп мәселесі төмендейді деп тұжырымдау бос сөз, өйткені бізде меншіктің әр алуандылығына арналған заңдылық пен ереже бірдей, сондықтан талап та бірдей. Былайша айтқанда, компания социалистік меншікті еске түсіріп, талап төмендейді деу – жансақтық.

Қорыта келгенде, меншіктің әр алуандылығында мемлекеттік меншікке басымдылық беру өмір талабына сай келмек. Мемлекет әлеуметтік мәселелерді шешуде кеңдеу кеңістікке ие болар еді. Нәтижесінде Еуропадағы сияқты адамдардың әлеуметтік игілікті кеңінен пайдалануға кеңдеу жол ашылар еді.

Енді американдық экономист және саясаттанушы Джереми Рифкин өзінің аты шулы «Еңбектің ақыры», «Еуропалық арман» кітаптарында үшінші индустриялық революция туралы мәселе

көтереді. Бірінші индустриялық революцияның қозғалтқыш күші көмір, бу, электр қуаты болса, екінші индустриялық революция мұнай мен газға байланысты болды. Ғылыми-техникалық революцияның өндіріске енуі тек ғана энергетикамен тікелей байланысты болды. Қазіргі дәуірде аталмыш энергия көздері тапшылыққа бой алдырып, оларды өндіру аса үлкен қаражат төгуді талап ете бастады. Нәтижесінде бұл әлеуметтік мәселелерді шешуде өзінің кері ықпалын тигізе бастады. Сондықтан адамдар (ғалымдар) энергияның жаңа көзін іздеп табуды іздестіре бастады. Ол қайта қалпына келетін, «жасыл экономика» (жасыл энергия) деп аталатын табиғат ресурстарын (жел, күн сәулесі, су, биомасса тағы басқа сияқты) пайдалану арқылы үшінші индустриялық революция өмірге ене бастады. Аталмыш революция өндірісті кеңейтіп, қаражаттың массасын ұлғайту, өмір саласын арттыруға аса үлкен талап қойды.

Д. Рифкин АҚШ пен Батыс Еуропаны салыстыра келіп, әлемде осы уақытқа дейін әлеуметтік-экономикалық екі үлкен үлгісі үстемдік құрып келді. Оның біріншісі – американдық болса, екіншісі – еуропалық еді. Еуропалықтар шағымданғанды, америкалықтар мақтанғандықты ұнатады. «Олардың жеңіл машинесінің ұзындығы 12 метрге дейін барады», – дейді Рифкин.

Рифкиннің пікірінше, АҚШ-та әрбір адам жеке жүріп жол тауып, үлкен табысқа жете алады дейтін «американдық арман» идеясын бір кезде Еуропадан келгендер қалыптастырды да, мұны американдық «индивидуализм» деп аталады. Қазіргі таңда бұл принцип өз жемісін берер емес. Дегенмен, американдықтардың 51% әлі күнге дейін осы арман жетегінде келеді. АҚШ-тағы байлар мен кедейлердің табыс айырмашылығы бір-бірінен мейлінше алшақтап кетуінің салдарынан, АҚШ осы көрсеткіш бойынша әлем елдері арасында 24-ші орынға түсіп қалды.

Ал Еуропа тұрғындары үшін басты құндылық – американдық түсініктегі ақша табу арқылы келетін ертеңгі күнге деген сенімділік емес, өмірдің сапасы болып отыр. Жеке бастың еркіндігін бірге алып қарастыратын бұл күрделі түсінік ұжымдасып күш-жігер жұмсау арқылы өмірдің сапасына көз жеткізуді көздейді. Себебі, еуропалықтар американдықтар секілді жерге бай емес. Олар қоғамнан бөлектеніп, жеке бір ранчо құруға мүмкіндіктері жоқ. Сондықтан олар «бәрі бірі үшін, бірі бәрі үшін (Қазақстандағы «асар») қызмет етуге» мәжбүр болған. Еуропадағы саясат та осыған бағынған. Еуропалық одақ құру ісі де осыдан барып шығады. Еуропада болса, адам өлімі АҚШ-тан әлдеқайда төмен, адам өмірінің ұзақтығы да көрініс тапқан. «Мұны, ең алдымен, АҚШ пен Еуропа

одағы елдерінің ұстанған әлеуметтік саясаттарынан анық байқауға болады. Мәселен, АҚШ-та әлеуметтік шығындарға ішкі жалпы өнім (ЖӨ) 11%-і ғана жұмсалса, Еуропадағы бұл көрсеткіш 26%-і құрайды. Осының нәтижесінде әрбір американдықтың дәулеті әрбір орташа еуропалықтан 28% артық болғанымен, өмірдің сапасы жағынан алғанда еуропалықтар американдықтардың алдына түсіп отыр», – дейді Рифкин. Бұл жерде Рифкиннің көздегені – болашақта қоғам ауысқан кезде, қай үлгінің алға озатындығын көрсетіп беру. Осы уақытқа дейін үстемдік құрып келген үлгілер арасында қай үлгі болашақтың бейнесіне мейлінше сәйкес келе алады, соны анықтау (біздің пайымдауымызша, еуропалық үлгі социализмнің үлгісін көбірек қайталайтын сияқты).

Қорыта келе, Рифкин, американдық арманды еуропалық арманның ығыстыра бастайтындығын айтады. Өйткені, Рифкиннің, пайымдауынша, бұдан былайғы уақыттары қоғам әлеуметтене беретін болады. Ақыр аяғында Карл Маркстың айтқаны келіп, қазіргі капитализмнің орнын социалистік қоғам белгілері міндетті түрде басады. Бұл – диалектикалық дамудың бұлтартпас заңдылығы. Бәлкім, Карл Маркстың жазғандарының барлығы 100% тіпті 50% келе бермес. Өйткені, өмір шындығы теорияға қашанда болмасын өзгерістерін енгізбей қоймайды. Әйтсе де, Карл Маркстың «капиталы» мен Фридрих Энгельстің іргелі туындыларындағы принципті көзқарастар мен пайымдаулардың қоғам алға басқан сайын растала түскендігін қазір көптеген халықаралық саясаттанушылар мен экономистер мойындап та үлгергендей.

Жалпы алғанда, американдық құндылықтар жеке адамның жетістіктерін, ал шығыс құндылықтары ұжымшылдықты (коллективтілікті) негізге алатындығы белгілі. Рифкиннің пайымдауынша, еуропалық құндылықтар осы екеуінің ортасына келіп орналасқан. Ол жеке адамның жетістіктерін әспеттей отырып, негізінен ұжымшылдыққа үндейді. Өйткені еуропалық ортада жеке жүріп жол табу қиын. Бірақ еуропалықтар біздің қазақ айтқандай, «көппен бірге адасуды» тағы да қаламайтындай. Мұнда сақтық пен ұқыптылық мәселесі көп қарастырылады. Сондықтан, Рифкин, заманды сенімді және бірте-бірте сенімді бағытта алға жылжытудың негіздері кәрі құрылықта қалыптасқан деп есептейді. Еуропа өзінің 510 миллион тұрғынымен әлемде ең үлкен экспорттаушы және рынок болып табылады. Рифкиннің пайымдауынша, адамзат қауымы социализмнің Еуропаға қол жеткізген жетістіктерін сақтай отырып жаңа экономикалық қатынастарды (атап айтқанда, рыноктық экономиканы емес, оның орнына әлеуметтік экономиканы) орнықтыруы керек.

Қорыта келгенде, дағдарыс, жоғарыда айтқандай, қазіргі өркениеттің негізгі тамағы болып отырған мұнай мен газдың тапшылығынан және осындағы (Еуропадағы) мемлекеттер мойнына алып отырған әлеуметтік шығындардың молдығынан туындап отыр. Сондықтан Еуропа елдері қазірдің өзінде күн, жел, су, сутегі энергиясы секілді қайта жаңғыртылатын қуат көздерін молынан игеруге иек артып, оларды пайдалану көлемін жылдан-жылға артыруды көздеуде.

Н. Назарбаев пен Д. Рифкиннің дағдарыстың табиғатын толықтай ашты деп айту да ертерек шығар, бірақ ұмтылысы қуантарлық және олардың зерттеулерінде құлақ асуға тұрарлық тың идеялардың барлығы сөзсіз. Болашақ зерттеулердің ақиқатқа бір табан жақындататыны даусыз. Бұл жерде Н. Назарбаевтың әлемдік актуальді проблема – дағдарыстардың табиғатын теориялық жағынан зерделеп-зерттеуде қосқан елеулі үлесін атап өтпеске болмайды. Оның шешу жолдарын да көрсете білді. Н. Назарбаев әлемдік тұлғалық қайраткер ретінде, әлемде болып жатқан проблемалардан сырт қалмай, оны шешуге тікелей атсалысуда. Соның бірі жер шарындағы адамдардың бейбіт өмір сүріп тыныш ұйықтауын қамтамасыз ету мақсаты еді. Әлемде ең тынышсыз аймақ Еуропа болып есептеледі. Соңғы дүниежүзілік соғыс өрті осы жерден шыққанын да білеміз. Болып жатқан қайшылықтарды одан әрі тереңдетпей, дер кезінде шешу мақсатымен Еуропа елдерінің лидерлерінің бастамасымен ОБСЕ (организация безопасности европейских стран) саммиттер өткізіп тұруды қалыпты жағдайға айналдырған. Бірақ саммит әлемдік деңгейде өткізілетін болғандықтан, ол оңай шаруа емес-ті. Оның материалдық, ұйымдастырушылық, уақыттық шараларының жауапкершілігі күрделі болғандықтан, оны әр ел мойнына ала бермесе керек. Н. Назарбаевтың мұрындық болуымен соңғы 11 жыл бойы өткізілмеген, былайша айтқанда тоқтап консервацияланған ұйымды қайта тірілтіп, Еуропа лидерлерін, саммит өткізудің қажет екендігін мойындатып, 2010 ж. Астанаға 56 елдің лидерлерінің қатысуымен ең үлкен саммит өтті. Әлем жеңіл демін алып, бір серпіліп қалды десек қателеспейміз. Бір жағынан соның нәтижесі болу керек, қордаланған проблемаларды бірігіп отырып, ақылдасып шешудің қажеттігі жиі мойындала бастады.

Қақтығыстардың біразы діни конфессиялардың ортақ тіл таба алмай, бірден қаруға иек артуынан болып тұратыны шындық. Дінаралық келіспеушіліктің тамыры ондаған ғасырларға созылатын, оның миллиондаған адамдардың өмірін қиғаны тарихтан мәлім. Діни қайшылықтардың қауіптілігін жиі көзбен көріп құлақпен

естіп отырамыз. Діни толеранттылықтың жоқтығынан ол саясатқа айналып, қантөгушілікке әкеп соқтыруда, бұл олардың бітіспеушілігінің мәңгілікке созылатындығының көрінісі болады да тұрады, келісуді ойына да алмайды, қатып-семіп қалған мәселе сияқты.

Н. Назарбаев осы мәселеге гуманистік тұрғыдан келіп, адамдардың өмірінің ең қымбатты екенін тілге тиек етіп тыныштықтан, бейбітшіліктен артық құндылықтың жоқ екенін халықтардың тағы бір есіне салу қажеттігін ескеріп «Әлемдік және дәстүрлі» діндердің лидерлерінің бір емес, үш съезін Астанада өткізуге мұрындық болды.

Байқап қарасақ, христиандар мен мұсылмандар ешқашан бір столдың басында отырып, бір-бірімен бейбіт әңгіме құрмаған екен. Бас қосудың қажет екендігіне Н. Назарбаев сендірді. Бұл оған оңайға түскен жоқ, олардың әрқайсысымен дипломатиялық жолмен, жеке кездесу сияқты күрделі мәселелерді шеше білді. Ол съездердің жоғарғы деңгейде өтуіне Н. Назарбаевтың әлемдік абыройы мен беделі шешуші роль атқарды десек шындықтан ауытқымаймыз. Оның оңды ықпалының нәтижесінде, лидерлердің сөздері жалпы адамзаттық құндылықтарды жақтайтын бір арнаға құйылып, олар әлем елдері қолдайтын келісімдерді құптап жатты.

Былтыр АҚШ президентінің басшылығымен Вашингтонда ядролық қаруға қарсы 193 елдің басшыларының қатысуымен, саммит өтті, онда президент Н. Назарбаев маңызды сөз сөйледі. Ядролық, жаппай қыратын қарудан әлем тарихында бірінші болып бас тартқан елдің лидері ретінде залдағылардың қызу қолдауына ие болды. Сонда ядролық қару бар, одан бас тарту туралы айтуын айтып, бірақ бас тартпай отырған үлкен елдердің лидерлерін сынның тезіне алды. Салмақты шыққан Қазақстан президентінің ядродан бас тарту идеялары қабылданған резолюцияның іргетасы ретінде қабылданды. Соңында еске қалдыру үшін суретке түскенде Б. Обама АҚШ президенті Н. Назарбаевты бірге тұрып суретке түсуге ілтисіп білдірді. Басқа ядролық алып елдердің басшылары әрқайсысы әр жерде тұрғанын байқадық.

Кезінде ТМД елдерінде болған Азербайжан-Армения, Қырғыстан, Ауғанстан, Украина тағы басқа конфликтерде Н. Назарбаевтың елшілік, ағалық ролдері оларда бейбітшілік орнатуға үлкен роль атқарды. Басқа лидерлер бітімгершілік сөздер мен идеялар айтуға бата алмады десек те болады. Өйткені Н. Назарбаевтың табиғат берген асқақ мәмлегерлігі, тәжірибесі, білімгерлігі олардың сеніміне ие болуға дөп келуде.

Былайша айтқанда, саликалы сөзіне құлақ түретін абырой-атағы мен беделі жарасқан лидерлердің санын саусақпен санауға бо-

лады. Айтқан сөзі семсердей өткір, идеясы терең, құндылықтардың заңдылықтарын сақтайтын шағын қазақ елінен шыққан адамның даналығы домалақ әлемді үш орап алуда, тәңірден оған денсаулық тілейді халқы. Дүниежүзіне ұшан-теңіз еңбек сіңірген, бейбітшілік пен қауіпсіздік тұтқасын ұстатқан адамға (Н. Назарбаев) Нобель сыйлығын беру туралы жер-жерлерден ұсыныс түсуде. Бірақ, евроцентризм концепциясының жетегінде келе жатқан сыйлықты тағайындаушылар, құрып біткен расистік архаизмнің құрығынан босана алмауда. Парадокс мынада. Президент орынтағына отырғанына үш-ақ ай болған АҚШ президенті Барак Обамаға Нобель сыйлығы берілді. Қандай еңбегі үшін деген заңды сұрақ туады.

Н. Назарбаев әлемдік мәні бар басқа сыйлықтардың лауреатығынан кенде емес. Бұдан біз Нобель сыйлығының қасиетінің өзінің деңгейінен төмендеп келе жатқанын байқаймыз. Евроцентристік мінезді Москва басшылары Б. Момышұлына да көрсеткенін білеміз. Бірақ «Халық айтса қалт айтпайды» дегендей, халық «Совет Одағының Батыры» деген атақты Москва басшыларынан бұрын-ақ беріп қойған еді. Сол сияқты әлем халықтарының Н. Назарбаевқа берген лидерлік пікірі, кез келген атақтан жоғары, әрі салмақты.

Б. Момышұлы ХХ ғасырдағы ең сұрапыл, теңдесі жоқ, дүниежүзілік соғыстың тактикасы мен стратегиясын жетік меңгеріп, іс жүзіне асырғаны, соғыс тәсілінің құралы ретінде кейбір елдерде мектеп оқулықтарына енгізгені, сөйтіп, артына өлмес мұра қалдырған, стандартсыз мінезімен, стандартсыз кезеңде ғұмыр кешкен Б. Момышұлын ХХ ғасырдың Феномені деп айтуға әбден болады.

«Қазақстандық жол» Стратегиясымен 30 дамыған елдің қатарына енуді батыл алға қойған, әлемдік-қоғамдық прогресте капиталистік жүйенің шеңберінің тар бола бастағаны туралы идеяны, одан әрі қарай қоғамдық дамудың элеуметтік-экономикалық тынысын кеңінен ашатын дамудың келесі сатысы туралы болжамдар айтып, дүниежүзі халықтарының бейбіт өмір сүруіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Н. Назарбаевтың тұлғасын ХХІ ғасырдың Феномені деп айтуға толық хақымыз бар. Бұдан болашақ өркениеттіліктің ұтатыны даусыз. Келер ұрпақ айтулы екі тұлғаға өз бағасын бере жатар.

Қазақстанның халық жазушысы И. Щеголихиннің баталық құны бар сөзінің орны келіп тұр:

«Қымбатты қазақтар! Тәңірім сендерді алыстан болжайтын көреген көсемдерден, бәрін де есте сақтап, алғысын жаудыра жүрер ізгі ниетті ұрпақтардан кенде қыла көрмесін!» (1992 жыл).

* * *

Б. Момышұлы – М. Ғабдуллин

Соғыс қазақстандықтарды бауырмал етіп жібергені аксиомаға айналған. Батырлық пен зиялылық, адамгершілік пен мәдениеттілік, отансүйгіштік пен имандылық еңсесі биік тұғырлы адамдарды табиғи жолмен жақындастырады. Олар бірін-бірі алыстан байқайды, тани біледі, идеялары үйлесімді екеніне көз жүгіртіп, біріне-бірі жақындай түседі. Сондай адамдардың бірі мен бірегейлері және тұлғалары – Бауыржан мен Мәлік еді. Ағалы-інідей сыйластық күй кешті.

Қанды қырғынды жаралы күйінде өз көзімен көріп жатқан батальон комиссары Гусев әрең-әрең сөйлеп:

– Ғабдуллин жасағы полкті сақтап қалды. Ғабдуллинді батырлыққа ұсыну керек, – деп бірнеше қайталады. Інісі Мәліктің дәл осы жолы қайталанбас ерліктің үлгісін көрсеткенін Баукеңнің өзі де біліп, көзі көріп тұрды. «Жау жаналқымнан алып, оқыстан оқ тигенде Мәлік болмағанда, – дейді ол: – Тірі ме екен өзі... Жігіт болса, осындай болсын. Оған еріп, жауға жалғыз өзі атылған сұңқар кім екен?». Баукең адьюдантын осы деректерді біліп келуге жұмсады. Ол жүгіріп кетісімен қыстақ бойындағы көшелердің бірімен ақырын аяндап келе жатқан Мәлік көрінді. Жас сұңқар аяғын эзер-эзер басып, ілбіп келеді. Бірақ жүзінде жылылық, қуаныш, тіпті күлкі нышаны байқалатын сияқты.

– Қалай тірі қалғансың? – деді Баукең інісінің алба-жұлба үстін көріп.

– Құдай білсін, – деп ол екі иығын қушитады.

– Немістерге қарсы алғаш атылғандар кімдер?

– Біздің ротаның жігіттері ғой. Топты бастаған Төлеген Тоқтаров деген батыр.

Міне, бұл – Бауыржан Момышұлы мен Мәлік Ғабдуллиннің неміс басқыншылығына қарсы қоян-қолтық соғысының бір көрінісі еді. Олар бұндай қанды шайқастардың талайын бастарынан өткізді. Екі Ер бір-бірінің батырлығына қатты сүйсінді, риза болысты. Оны Мәлік аға батыр атағын алғанда Баукеңнің:

Ел күйзелген кезінде,

Ерлік еткен бауырым.

Жау жағадан алғанда,

Батырлық еткен бауырым.

Құтты болсын айтамын,

Шын жүректен Мәлігім, –

деп тебірене білдірген лебізінен айқын аңғарамыз. Ал Мәлік аға болса, Баукең 1942 жылы бір шайқаста ерлік көрсетіп, Қызыл ту орденін алғанда мынадай хат жазған екен. Оны майданда бірге болған қанды көйлек жолдастары Құрманбек Сағындықов өз естелігінде көрсетеді.

«Кешкі ас аяқтала бергенде адъютант Бауыржанға пакет әкеліп тапсырды. Ол хатты ашып оқып болды да, маған ұсынды. Бұл Мәліктің хаты екен, мазмұны мынадай: Қымбатты Бауыржан аға! Қас жаумен қаһарлана соғысуда батырлық пен ерліктің, айбат пен жігердің, қайрат пен табандылықтың үлгісін көрсеткеніңіз үшін ел алдында еңбегіңіз бағаланып, награда айбынды Қызыл ту орденін алғаныңызды құттықтап, шын жүректен құттықтаймын.

Сіз ержүрек батырсыз, ақыл мен айбаттың сарқылып бітпес қазынасысыз. Біз сіздің көк найзаны көлденең ұстаған майданда туысқан досыңыз, ағадан үлгі алатын інісізбіз. Жалғыз біз ғана сізді мақтан етпейміз. Сіздің халқыңыз қазақ, ұлан байтақ еліңіз қадірлеп, мақтанып, аңыз етеді. Күш-қуатыңыз таси беруіне, ел-анаңыз алдында абыройыңыз артып, мерейіңіз үстем бола беруіне, деніңіз сау болып, жауды жаныштап жеңіп, аман-есен болуыңызға шын көңілден тілектеспін.

Ұлы сыйлық алғаныңызға алақайлап қуанушы, қадірлеуші інісіңіз Мәлік. 06.07.1942 ж.» Мен оқып бола бергенде Бауыржан:

– Өте мақтап жіберіпті-ау, – деп қызара күлді.

– Ол да өзіндей батыр ғой, батырды батыр мақтаса, біліп мақтайды, – дедім мен.

Осыдан кейін Қ. Сағындықов ағай естелігін былай аяқтайды: «Келгелі бері Мәлікпен үш рет кездестім. Бауыржанның қасиеттері мұнда бар екен. Сондай өткір әрі кішіпейіл. Мәлік гвардияшылардың ерлік істерін салалай көз алдымнан өткізді.

– Енді өз басыңнан кешіргендеріңді айтшы, – деп өтіндім Мәлікке.

– Әй, айтатын не бар, сол көптің бірі болып бізде жүрдік те, – деп Мәлік бұлтарды.

– Неге батыр көп болғанымен, әр батырдың аты-жөні бар. Бауыржан екеуіңді бүкіл халық біледі, ол тегін нәрсе емес, – дедім мен.

– Бауыржанның жөні басқа ғой, оның алдында біз бүйтіп тұрамыз, – деп фуражқасын алып, оң қолын кеудесіне тосып, басын иді.

Бауыржанның да Мәлік туралы «Ақылды батыр, Білгір жігіт» деп сүйсіне сөз қылғанын талай естідім».

Міне, біздің заманымыздың батырларының біріне-бірі берген бағасы осындай. Бірін-бірі батыр дейтін текті ауылдардың тұлға-

лары осындай болмақ. Халқымыздың аса ірі тұлғалары, қос батыры бойларындағы асыл қасиеттерін осылай бағалаған, жазудан, сипаттаудан тынбаған. Мәлік аға 1943 жылы соғыста жүргенде Бауыржан туралы былай жазған екен:

«Тылдағы кейбір жолдастар Бауыржанды долбарлы қара күштің, қолма-қол ұрыс, айғайдың иесі деп бағалайтын сияқты. Бұл – қате пікір. Бауыржанға берілген теріс баға. Ең алдымен Бауыржан ақыл мен ойдың иесі, барлық қасиетті бойына жинаған, адамгершілігі, ерлігі, жігітшілігі күшті, шын мағынасындағы қолбасшы, командир».

1956 жылы көктемде Бауыржан Момышұлы отставкаға шығып, біржола Алматыға келеді. Баукеңе сәлем бере келушілер көп болады. Есікте дамыл жоқ. Жамал апайдың қазаны да оттан түспейді. Осы жайларды Баукеңнің үйінде тұрып, көзімен көрген Кәкімжан Қозыбаев былайша жазады:

«Гвардия жауынгерлерінің келісі бөлек. Олар есіктен кіре, шекелеріне қолдарын қойып:

– Жолдас гвардия полковнигі... – деп алдымен әскерше амандасады да, артынан құшақтасады. Бір күні Мәлік Ғабдуллин келді. Ол да қаруластарының әдетінше қолын шекесіне қоя бергенде, Баукең:

– Әй, Мәлік, осы сірестіре амандасуға тойдық қой, келші, бауырларша бір құшақтасайық, – деп екі қолын қыранша кең жазып жіберді. Екі батыр құшақтарын жаза алмай, бір-біріне жабысқан күйі ұзақ тұрды. Сағыныштың желімі оларды тіпті жіберер емес. Ас үйден шыға келген Жамал апай мынау көрініске тебіренгені сонша, көзіне жас алды. Тірі қалғандары қазақ халқына қандай «олжа болған» деп тұрған сияқты. Қос батырдың осылайша амандасуы да көп жағдайларды аңғартса керек».

1973 жылдың 2 қаңтарында Мәлік аға кенеттен дүние салды деген қаралы хабар естігенде, Көкшетаудан шыққан елшілермен бірге мен де Алматыға ұшып бардым. Мәкең шаңырағына кіріп-шығып жатқан халықта есеп жоқ. Бір кезде екі жағынан екі адам қолтықтаған бір шал кірді үйге. Ұзын бойлы, ат жақты едірейген мұрты бар. Үстіне шапан, басына тымақ киген. Ол кірген бетте Мәкеңнің қызы Майданды көріп, кең құшағына алды да, ал жыласын кеп. Бүкіл денесі селкілдеп ұзақ жылады. Содан соң Майданның маңдайынан иіскеді. Жеңгейдің бөлмесіне кіріп, оны да құшақтап көрісті. Біраз уақыттан кейін әлгі кісі дәлізге шықты. Біздің жанымызда бір милиция полковнигі тұрған-ды. Соған бұрылды да, кім екенін сұрады. Оны білгеннен кейін: «Отставкадағы гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы» деп өзін таныстырды. Біз селт

ете қалдық. Баукеңді танымағанымызға ұялдық, әрі қатты қысылдық. Ол кісіні мұндай жағдайда көреміз деп кім ойлапты. Оның үстіне біз өзіміз де күйзеліп және келіп жатқан кісілердің көптігінен бе, аса назар аудара қоймасак керек.

– Әй, жігіттер, – деп гүр ете қалды Баукең.

– Мен аяғыммен эзер басып тұрмын. Белім ауырады ғой. Қолтықтап машинаға жеткізіп салыңдаршы, – дегенде бәріміз Баукеңе тұра-тұра жүгірістік. Қайран, Баукем-ай, десеңші, ауырып, төсек тартып жатса да, інісі Мәлік дүниеден өтті деп естігенде жата алмапты ғой...

Осы қаралы хабар жеткенде ол: «Кезек ересек ер адамдарға келді», – деп қатты қайғырып, мұңайып қалған... Баукеңнің Мәлік ағаның 60 жылдығына келуі де айта жүрерлік аңыздардың бірі дер едім. Үйде отырып, такси шақыра алмаған батыр көшеде кездесер деп далаға шығады ғой. Қырсыққанда ол құрғырың көшеде де кездесе қоймайды. Содан таяғына сүйеніп, жаяу тартады. Келсе, тоса-тоса шыдамдары таусылған жұрт орын-орындарына отырып қалған екен. Көпшіліктің қолқалауымен Баукең төрге озады. Сөз кезегі келгенде батыр інісі туралы:

– Аға айта біледі, ол да орынды. Кейбір кездерде Мәлік маған:

– Бауке, мынауыңыз дұрыс қой, мына жерін бұйтсеңіз қайтеді? – деуші еді.

Бір рет:

– Жалғыз батыр – жалғыз жан, майданға тұтқа бола алмас. Азынап жалғыз арыстан, Орманға пана бола алмас, – деген жолдарын тындап отырып:

– Бауке, мына өлеңіңізді сәл толықтырсаңыз қайтеді, – деді, қалайша? Жалғыз батыр болғанша, жалпы батыр болсайшы, – дегеніңіз дұрыс тәрізді. Тағы бір кездескенде:

– Әй, батыр, бері кел, – дедім Мәлікке. Ол келді. – Сенің әнеу-гүнгі ойыңды мен жалғастырдым.

– Қалай Бауке?

– Мен істедім дегенше, мың істеді десеңші, мың істеді дегенше, ер істеді десеңші.

Мен мыңдікі болмаса, ер елдікі болмаса, кім істеді дер едің? – деп жалғастырдым.

– Ойпырым-ай, мынауыңыз Махамбеттікі сияқты ғой, – деді. Мәлік арабша жаза білетін еді ғой. «Бауке, мыналарыңызды жазып алайыншы, айта жүретін нәрсе екен», – деп жоғарыдағы жолдарды қайталап айтқызып жазып алды. Мәлік майданда ақылдаса, ойыма ой қосқан інім еді. Менің командир болғаным рас. Бірақ, Мәлікпен ақылдасса қалсам, ойыма ой қосатын офицер еді.

Міне, Баукеңнің батыр інісі туралы айтқан, берген бағасы. Ол інісінің бойындағы асыл қасиеттерін жоғары бағалаған, өзін сыйлап, құрмет тұтқан, басқаларға үлгі еткен. Сол сияқты, Мәлік ағаның да Баукең туралы аз айтпағаны белгілі. Ағай дүниеден өткеннен кейін, ол кісінің архивінен Баукең туралы жазған ұзақ жырлары табылды. Соның бір үзіндісі былай болып келеді:

*Ақылменен, қайратың,
Даналығың, айбатың,
Шыққан еді бір жерден,
Ерлігіңді бағалап,
Өңкей інің ағалап,
Еріп едік біз елден,
Батыр Баукең соңына,
Әскерлерше киініп,
Бір сөзіңе сыйынып,
Келіп едік тобыңа.*

Осы ұзақ жырда Мәлік аға Баукеңнің шыншылдығын, батырлығын, адамгершілігінің жоғары екенін суреттейді. Отан алдындағы міндетін абыроймен атқарып жүргенін жырлайды. «Өсер елдің ұлдары бірін-бірі батыр дейді» дегендей, қазақтың қос батыры өмір бойы бірін-бірі жырлап, сипаттап өтуі кейінгі жас ұрпаққа үлгі де өнеге болмақ.

Осы жерде Бауыржан Момышұлы сияқты отты жылдарды бағынан кешіріп, батыр қыз атанған, қара орманды Отаны үшін жанын пида еткен **Мәншүк Мәметова** сынды қызымыз туралы үздік сыр өзінен-өзі сұранып тұрғандай.

Соғыс жылдарының шежіресіне назар аударсақ, фашизмнің қара түнегі ел басына төнгенде, Отанды қорғауға ерлермен бірге, әскери қызметке міндетті болмаса да мыңдаған қазақтың қыз-келіншектері де өз еріктерімен майданға аттанып, жауынгер атанған. Соңғы архивтік мәліметтерге сүйенсек, бір Қазақстанның өзінен 5183 қыз-келіншек аттанған екен. Ел басына күн туған қиын-қыстау күндерде олар азамат жүгін арқалап, уақыт сынынан, тарих талқысынан сүрінбей өтіп, батырлық пен табандылықты, Отанға шексіз берілгендіктің жарқын үлгілерін көрсетті. ...Штурман, гвардия лейтананты, ержүрек Хиуаз Доспанова, ұшақтың механигі Дәмелі Жәкеева, зенитті артиллерия расчетінің командирі Ақлима Ақжолова, танкистер – Жамал Байтасова, Күлкен Токбергенова, Гүлжәміл Талқанбаева, пулеметші Жәміл Бейсенбаева сияқты батыр қыздарымыздың ерліктерін бір мақала түгіл, бір кітапқа да сыйғызу мүмкін емес. Қазақ даласының қос сұңқары Әлия мен

Мәншүкті бүгін кім мақтан етпейді. Бүкіл дүниежүзі жырына қосып, ерлігіне бас иді. Дүниені дүр сілкіндірген сұрапыл соғыстың анықталмаған құпиялары әлі де жетерлік. Оның ішінде қазақ халқына қатысты ақиқаттың талай есігі жабылып, жарияланбағаны тағы бар.

Әйелдің табиғаты о бастан, соғыс пен атыс-шабысқа емес, бейбіт өмірдің символына ұқсайтын тәрізді, қыз бен әйел бейбіт өмір үшін жаралған жандар ғой. Сондықтан, ол еркектің қуанышы мен бақыты іспеттес. Өйткені, ол оның бала-шағасының иесі мен киесі, отбасының шырақтай ұйтқысы.

Амал нешік, Отанның тағдыры қыл үстінде тұрғанда, өмір мен өлім белдескен кезеңде, қыздар мен әйелдер де, әскери сапқа тұрып, ерлерше жауды жастандыруға бел буды. Мәншүк Мәметова да өмірін Жеңіс үшін майдан кеңістігіне арнады. Жаумен арпалысып жүріп, қынадай қырды. Қызбын, жаным нәзік деп көлеңкелемеді, керісінше қаһарланып, жауға атой салды. Асқан ерліктің үлгісін көрсетті. Б. Момышұлы Янинаның соғыс киліккен жас, қиын өмірін дәл суреттеп берсе, Панфилов дивизиясымен қатар Алматыда ұйымдастырылған 100-і қазақ бригадасындағы қазақ қызы Мәншүк Мәметова өзінің ерлігімен Ұлы Жеңісті жақындатты, жас өмірін қиды. Баукеңнің шығармасында екі жас тағдыр сабақтасып жатқандай. Баукеңнің анасы мен Мәншүктің тағдырларына соғыс килігіп нәзік өмірлерінің бейбіт жүйесіне нұқсан келтірген. Мәншүктің өмірін тәптіштеп жазған Ә. Нұршайықовтың айтуынша, Панфилов дивизиясы негізінен ересек адамдардан құралса, ал бригада ерікті жастардан түзілген. Оның құрамында 4889 жас болса, ең соңынан оларға Мәншүк атты қыз бала қосылады. Оны жас, әсіресе, қыз бала болғандықтан, әскер қатарына алудың өзі үлкен проблемаға айналған. 1941 ж. 7 августа бригада Москва түбіне жөнелтілді. Өйткені жау астана Москваны шабуылмен алу үшін бар күшін соған төгіп жатқан кезі еді.

Москваның тағдыры қыл үстінде тұрған шағында Бас қолбасшы И. Сталиннің әскери штаб бастығы ретінде, соғыс шебінде ставканың өкілі ретінде ауыр жағдайға реалды баға беру үшін, майдан шебінде жүрген К. Жуковқа қобалжып, қойған сұрағынан-ақ байқауға болады: «Коммунист коммунистке бүкпесіз айттыңызшы! Біз Москваны қорғап қала аламыз ба?». К. Жуков: «Жолдас Сталин! Біз Москваны қорғап қаламыз деп ойлаймын, мен оған сенімдімін!». (Сталин Гитлердің 1945 жылы өлгені туралы хабарды естігенде «Собаке собачья смерть» депті.) Елдің тағдырының тетігін қолына ұстаған екі адамның мұндай пікір алмасуы кездейсоқ

емес еді. Өйткені Вермахттың басшысы Гитлер, Совет Одағын екі айдың ішінде тізе бүктіруге аса сенімді болған-ды. Шынында да 1941 жылы октябрде неміс армиясын басқарған фельдмаршал, граф, ұлы жазушы Л. Толстойдың имениесі Ясная Полянадағы шіркеудің жоғарғы қабатында тұрып, Берлинге берген сенімді есебінде былай дейді: «Менің фюрерім! Енді бір секірістен кейін, Қызыл алаң неміс солдаттарының етігінің астында қалмақ». Онысының да жаны бар еді. Дүрбімен болжап тұрған фельдмаршалдың пайымдауынша, ол қашықтық 22 км. ғана еді. Бірақ Ставканың москвалықтарды, солдаттар мен офицерлерді, қорғанысқа ұтымды ұйымдастырудың нәтижесінде, Гитлердің аталмыш жоспары іске аспады. Москва үшін шайқаста біз жеңдік.

Москваны қорғап қалуда қазақ жерінде жасақталған Панфилов дивизиясының шешуші ролін, қазақтардың батырлығын Б. Момышұлы көрсете білді: «Ол қазақ дейтін халық бар, ...олар жауынгер халық. Оған менің документім бар. Мысалы, 4 рет Совет Одағының батыры, Маршал Жуков өзінің «Естеліктер және толғаныстар» деген кітабында былай дейді: «Мне часто задают вопросы, какие у меня глубокие впечатления и тяжелые осадки в годы ВОВ? Он отвечает сам на этот вопрос: Это сражение под Москвою под главным командованием И.В. Сталина. Как вы знаете, я был его первым заместителем», – дейді Жуков. Қазақ халқы өз тарихында мұндай шайқасқа бұрын қатысып көрген емес. «Елдің атын ер шығарады» деген сөз бар. Біз – қазақтар, әбден Отанның басына күн туғанда, Москваның түбіндегі шайқаста – «Біз қазақпыз!» дегенді жанымызбен де, қанымызбен де, арымызбен де айта білдік.

Біз қазақпыз дегенді ұялмастан бүкіл жер жүзіне айқайлап айттық. Бұған куә – тарих, халық. Бұған куә – түнде ұйқы, күндіз күлкі көрмеген еңбегіміз. Бұған куә – өлген, жарақаттанған, сау келіп, мүгедек болып таяғымен қайтқан неміс-фашистер. Бұған куә – достарымыз бен дұшпандарымыз да...».

Байқап қарасақ, адамзат басына төнген гитлершіл «Қара оба» (коричневая чума) аса қауіпті де қатерлі еді. Өзінің соғыс алдында «Шығыс» («Восток») деп атаған жоспарында Гитлер былай деп тұжырымдады. Совет Одағына қарсы соғыс Вермахттың пайдасына шешілетіндігіне ешқандай күмәнім жоқ. Өйткені әлемде неміс әскеріне кедергі болатын ешқандай күш жоқ. Қытай мен Индия территорияларын маршпен өтемін, ал «шошқа» іспеттес У. Черчилль басқарған Ұлыбританияны түп-тамырымен жоқ етемін, Америка қарсыласыз-ақ өзі келісімге келеді. Неміс расасы әлемдік билікті қолына алғаннан кейін мен үш нәрсені іс жүзіне асырамын:

- Оқ-дәрі таусылғанша славян халықтарын жаппай қырып жоямын, қалғандарын мәңгілік құлдыққа жегемін;

- Әлемнің астанасы етіп Берлинді жариялаймын. Онда 300000 (үш жүз мың) адам сыятын алып театр соғамын. Оған келген басқа расалардың өкілдері өздерінің түкке тұрмайтындығын сезініп, неміс халқының рухына табынуы керек;

- Ал түркі тектес халықтарды бір жерге шоғырландырып, өртеп, күлін тыңайтқыш етіп пайдаланамын; Москваны үлкен көлге айналдырамын.

Бұл философ Гегельдің расистік тұрғыдан негіздеген «Евроцентризм» реакциялық концепциясымен астасып жатыр. Ғылымға кереғар аталмыш идея мынаған саяды: прогресс, ғылым, мәдениет, т.б. құндылықтардың негізін қалаған еуропалықтар, ал түрік-тектес халықтардың адамзат құндылықтарына қосқан үлесі жоқтың қасы. Олардың Еуропа өркениеттілігіне көтерілуі табиғатына жат қасиет. Өйткені олардың ойлау деңгейі төменгі сатыда қалыптасқан. Олар еуропалықтардың барлық саладан қолы жеткен табыстарын игере алса, соның өзі үлкен жетістік деп санаған, ал арабтарды тіпті есепке алмаған. Осы жерде Гитлердің рухани-философиялық тұрғыдан қаруланған, реакциялық мәні бар концепциясының негізін қалаған Г. Гегельден кейінгі, неміс философы В. Ницшенің «Құдіретті адам» («Сверхчеловек») идеясы еске оралады. Ол Гегельдің «Евроцентристік» идеясын әрі қарай тереңдетіп бойлатты. Расизм ғылымға керіғар, адам нәсілдерін денелік және психологиялық тұрғыдан әркелкі дамидығын уағыздайтын концепция (концепция теория емес, тек қана дәлелденбеген идея – Т. Ж.). Бұл идея бойынша адамдар төменгі және жоғарғы болып екіге бөлінеді. Аталмыш концепциясы арқылы Гитлер өзін неміс этносының адамзат алдында дәріптелетін ұлы миссиясын орындаушы деп есептеді. Ол неміс халқын осы миссияға алып баратын, өркениет алдындағы борышын орындайтын ұлт ретінде көрсеткісі келетіндігін жасырмады. Г.Гегельдің пайымдауынша, теорияның қандай түрі болса да, олардың негізін қалайтын тек қана философтар болса керек. Бұл жерде Гитлердің де өзінің аса реакцияшыл іс-әрекетінің рухани негізін «Құдіретті адам» концепциясынан бастау алғандығын байқау қиын емес. Сондықтан да ол неміс халқының қантамырынан ерекше мифтік салқын қанның бар екендігін қару етті. Бұл қан сол халықты ойшылдыққа, батылдыққа, астамшылыққа, ерекшелікке тәрбиелейді деп есептеді. Гитлершіл расистер Ф. Ницшенің мына тұжырымын басшылыққа алды: егер жәй адам маймылға қандай үстемдікпен қараса, неміс те жәй адамдарға сон-

дай үстемдікпен қарауы тиіс. Жәй адам деп отырғаны немістерден басқа еуропалықтар, американдықтар, азиялықтар, т.б. Сондықтан расизм Германияда гитлершіл диктатура кезінде фашизмнің ресми идеологиясына айналды. Бірақ гитлершіл фашистік Германия екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде талқандалғаннан кейін бұл концепция өзінің мазмұнын жойды. Себебі нәсілшілдік концепциясының ғылыми негізі дәлелденбеді. Нәсілшілдікті (расизмді) өзінің таланттылығы мен еңбекқорлығының арқасында жапондықтар жоққа шығарды, енді қытайлықтар әлемде прогресс пен экономика жағынан АҚШ-тан кейінгі екінші орынға табан тіреуде. Түріктектес халықтардың ішінен, ешқандай артық болмаса кем еместігін дәлелдеп, әлемдік лидерлердің үштігінің қатарында жүрген Елбасы Н. Назарбаевты немесе негр нәсілді АҚШ президенті Барак Обаманы да мысалға алса жетіп жатыр. Әрірек барсақ, дүниежүзілік екінші соғыста асқан сабырлылық пен тәжірибелілікті, ақылдылық пен жүректілікті қару етіп Жеңістің Бас қолбасшысы болған, расизмді ойлап тауып, әлемдік билікке тап беріп, бүкіл неміс халқын масқара еткен, Гитлерден амалын асырып, Совет халқының мерейін үстем еткен, ұлты грузин И. Сталинді айтса болады. Немесе соғыстың қан майданында жүріп, ақылы мен жүректілігін, батырлығы мен қайраттылығын дәлелдей отырып бірнеше рет батальонын қоршаудан шығара білген Б. Момышұлының атын зор мақтанышпен айтса да жеткілікті.

Орыс ақыны В. Гундарев өзінің «Мәншүк туралы сөз» деген радиопильмінде (Целиноградтың радио архивінде сақталған) сол бригаданың командирі Шәкіржан Сыздықовтың естелігін береді (орысша нұсқасы сақталады – Т. Ж.).

«Маншук я впервые увидел там, в этом прекрасном зеленом массиве, где наша бригада получила наставления по ведению боя. Я сразу заметил завоенную девчонку. Мы познакомились после занятия боевой подготовки. Она сначала была писарем бригады, умела быть и медсестрой, и наконец добила своего и сделалась пулеметчицей. По вечерам тихо запевала:

*Эх, тачанка-ростовчанка,
Наша гордость и краса,
Пулеметная тачанка
Все четыреколеса...*

Но ее любимой песней оставалась «Каховка»:

*...Гремела атака, и пули свистели,
И ровно строчил пулемет,*

*И девушка наша проходит в шинели,
Горящей каховкой идет. ..*

Мы не зря часто называли ее «Наша Коховка». Она стала живым образом этой песни.

Вспоминается довольно забавный случай. Как-то глубоким вечером, если не сказать ночью, в нашу часть прибыли несколько земляков. После длинной дороги, они еле разыскали нас и пожаловались на то, что не ели несколько дней, а здесь не оказалось ужина. Их возмущения помогла успокоить Маншук.

О, вижу моих дорогих братишек. А они со злостью: – Жаман, голодный солдат – не солдат.

А вы то, джигиты, прибыли сюда воевать или есть? Ну ладно, ладно, не злитесь, наши сегодня не будут, время-то уже ночь, а вот чаем хорошим, вкусным, свеженьким хлебом я вас накормлю. При этом она умудрилась достать из каких-то запасов кусок сухой колбасы.

Ну что, чудо богатыри еще не наелись?

Парни повеселились, а перед сном она им еще напомнила о том, что надо обувь просушивать, соблюдать чистоту, правильно пользоваться портянками, стричь ногти и главное, уметь беречь пулю, стрелять редко да метко. Пуля – дура, штык молодец...

Она родилась в Западном Казахстане, те места оваяны духом и величием Махамбета, чьи идеи, несомненно, стали флагом национальной свободы.

Война сделала Маншук дочерью Невеля, где она погибла. Этот маленький городок упоминается уже в духовных грамотах Ивана Грозного в XVI веке. Согласно архивным данным Калининского фронта, куда в составе 3-й ударной армии под командованием генерал-лейтенанта К. Галицкого входили 21-стрелковая дивизия и 100-я казахская бригада. Маршал А. Васильевский писал: «Бои на так называемой Невельской гряде осенью 1943 г. имели важное стратегическое значение. Требовались мощнейшие фланговые сходящиеся удары и с севера, и с юга, чтобы развернуть операцию по разгрому вражеской группировки «Центр» и перейти к широкому наступлению по освобождению Белоруссии и Прибалтики... солдатам, офицерам Калининского фронта нужно было стать боевым авангардом. Невельцы исполнили в героической симфонии роль первой скрипки. 3 страничка их Гундаревского текста и радиопильма о Маншук Маметовой: «...Маншук подошла к березе и осторожно,

нежно прикоснулась к листьям». Кто-то спросил у девушки: «Маншук, у меня к тебя один вопрос, почему ты ушла из штабы, и стала пулеметщицей? Маншук улыбнулась: «Это не один, а целых два вопроса. Отвечу только на последний. В детстве любила слушать сказки, и вот в одной из них рассказывалось, как юный батыр победил дракона, который хотел уничтожить всех жителей аула. Ежедневно дракон проглатывал по одному человеку, и до следующего утра отдыхал за аулом. Утром он издавал жуткий леденящий свист, и тот, чей подходил черед, прощались родными и обреченно шел в пасть ненасытного чудовища. И вот батыр заказал себе алмазную саблю и в один из дней отправился к дракону. Тот еще издали увидел человека, открывал пасть и втягивал любого в свою утробу. А здесь не успел. Юный батыр рассек чудовище пополам. Фашисты которые окружили наши аулы и города, похожи на то чудовище, и чтобы его одолеть, я должна воевать с ними, как юный батыр. Вот почему я стал пулеметщицей...».

Из воспоминания Шакиржана Сыздыкова:

20 мая 1943 г. Отправила маме письма, в котором написала с уверенностью: «Я всегда буду жива и здорова, и меня никакая немецкая пуля не возьмет». Приложила к письму фотографию.

Шакиржан тоже хранил всю войну у себя такой же снимок, который она ему подарила на память. А в апреле ее приняли кандидатом в члены партии. И вот что она написала маме: «Я лично оправдаю доверие партии. Храню в кармане гимнастерки, у груди, кандидатскую партийную карточку. Не отступлю ни на шаг назад».

Кстати говоря, к началу 1944 г. в составе вооруженных сил Советского Союза находились 2,7 млн. коммунистов и почти 2,5 млн. комсомольцев.

За четыре дня до последнего боя Маншук написала: «Дорогая мама, нахожусь на передовой. Сумею ли еще раз написать письмо (как будто бы сердце чуяло – Т. Ж.). Не знаю. Поэтому пишу открытку. Пока здоровье хорошее. Теперь ждите письмо после боя. Пишите мне почаще. Привет всем. За меня поцелуйте Диночку... крепко целую. Дочь Маметова. Полевая почта 21403/10».

Гвардии сержант 21-й дивизии третьей ударной армии Маншук Маметова погибла 15 августа 1943 год при обороне господствующей высоты, оставшись одна из боевого расчета.

Когда после жесточайшего боя политотдельцы поручили как мне связисту (Ш.С.) передать по всем инстанциям о гибели Маншук, я буквально окаменел. Мы ее называли сестричкой, звездочкой. Плачущий солдат на передовой – большая редкость. После больших и малых сражении оставшиеся в живых не передаются жалости, наоборот все начинают подсчитывать оставшиеся патроны и гранаты, чтобы в следующей атаке отомстить за парня сложившего свою голову. А вот солдаты плакали, не стесняясь своих слез. Я часто подшучивал, спрашивая у Маншук, кого после войны выберет из нас любимым. Она сказала: «Я давно выбрала. И зовут его Максимом». Показывала на пулемет. Она владела им лучше всех других расчетов. В воздух пули не уходили. В кромешном гуле боя мы узнавали голос ее пулемета по продолжительным и коротким очередям. В последнем бою она уложила целую цепь фашиских вояк численностью в 70 человек.

Осколок снаряда угодил ей в голову, и рана оказалось смертельной. О том чтобы бои в Невеле и его окрестностях были жесточайшими свидетельствуют тот факт, что нынче в этом городе стоят памятники 50-ти доблестным войнам. 10 из них были удостоены звания Герой Советского Союза, в том числе, девушка из Казахстана, посмертно. Шакиржан сам передавал ее земле. Он говорит, что на устах ее замерла улыбка. Она от любви и красоты, победившей жестокость и зло. Хоронили ее с высшими почестями. Застыли у изголовья знаменосцы. К могиле подошел командир бригады Абдылхайыр Баймулдин. Раздалась четкая команда офицера павлодарца:

Смирно! Равнение на середину.

Зазвучала медь оркестра. Мимо свежего холмика прошли, чеканя шаг, все батальоны. После них пришли поклонится Маншук жители Невеля, спасенные от гибели. Многие осеяли себя, крестным знаменем, молились за героиню. Рядом с ней похоронен Ибрагим Сулейменов, как это ни печально, здесь же через несколько дней вечное нашел пристанище командир бригады Абдылхайыр Баймулдин.

В воспоминаниях маршала Васильевского найден упоминание о Невельской операции, и ответ на вопрос, который часто задавался: выезжал ли на фронт Верховный Главнокомандующий? Васильевский вспомнил что, на фронт Сталин за всю войну выезжал только один раз на два дня. И это был его Калининский фронт,

район боевых действий которые происходили в августе 1943 г. Именно здесь и сражалась в те героические дни 100-я бригада казахстанцев.

Конечно, трудно представить себе возможность встречу Маншук с Генералиссимусом, хотя исторические хроники запечатлели немало случаев открытости и сердечности великих полководцев к простому бойцу. Думается, что поэт, который собирался написать поэму о Маншук, непременно описал бы такую встречу. Здесь имеется в виду о известном поэте В. Гундарева. Журналист М. Голлодберг обращается к поэту о том, что славу Великой Победы стяжали в кровопролитных сражениях любви, еще не ставшие героями произведения искусства. В. Гундарев признался, что это тема его давно волнует, и согласился взяться за сбор материалов о Маншук.

* * *

Б. Момышұлы – Алаш идеясы

Б. Момышұлы Алаш идеясына, оның қайткерлері туралы да үлкен жанашырлықпен қарады: «Сегодня в 16:00 пришли Ильяс Омаров и профессор Темир Даркамбаев. Разговор общий. Профессор сообщил, что Каныш Сатпаев снова станет президентом Академии наук, что Аскар Закарин на днях приедет на совещание, что Ахмету Жубанову вернули партбилет».

Мен оларға бұрын кеткендердің істерін қайта қарап, ағын ақ, қарасын қара ететін мезгіл жеткенін айта келе аңғартқаным: «Алаш Орданы да актара тексеру керек. Олардың кейбіреулері де ғылыми еңбектер де істеген еді. Ашып алу керек. Бейімбет, Сәкен, Илияс Жансүгіров, тағы басқалардың халық жауы болғанына күмәндімін, солардың істерін қайта қарап, егер де ақталса, олардың бірнеше шығармалары әдебиет байлығына қайтадан қосылған болар еді» дегенді айттым.

Қазақ тарихындағы бір үлкен идеялық асқар бел – Алаш Орданың құрылғанынан бастап, оның құрығанына дейін. Ең үлкен саяси айтыс пен тартыс сол дәуірде болған еді. Сол дәуірдің адамдарына әділ, ғылыми тұрғыдан билік айта жазылған еңбектер әлі жоқ. Сол тақырып өте үлкен тақырып екендігін айттым.

Мұхтар мен Сәбит екеуі де ол дәуірде әділ жаза алмайды, оған адалдықтары мен ерліктері жетпейді. Екеуі де жалтақтайды. Осы

проблеманың қайта қолға алынуын Орталық комитет шешуі керек болар деген пікірлер айтып тілдестік. Екеуі де мақұлдағансып отырды. Профессор, менің байқауымша, тарих жағынан шорқақтау көрінеді.

– Абайды Сәбиттерден аман алып қалған алдымен сол болатын, – дегенімде Илияс күле мақұлдады. Профессор таңданып:

– Иә, солай ма еді? – деді...»

Бұл жерде, біз, Б. Момышұлының елім, жерім дегенде, патриоттық-отаншылдық сезімі дегенде, еңіреген ер екендігін байқаймыз. Өйткені, қазақ халқының өткені мен бүгінін, болашағын сөзбен таразылайтын уақыттың жеткеніне меңзейді. Қазақ халқындай тарихта теперіш көрген халықтың кемде-кем екенін байқайтын ірі тұлға, заманның тарлығына өкініш білдіргендей, еркін сөйлейін десе, тоталитарлық жүйенің оның аузына қақпақ құрып тастағанын да есінен шығармайды. «Былай тартса, арба сынады, кері тартса, өгіз өледі» дегендей, империяның құрығының ұзындығы мойнына шылбыр боп түсіп, сөз бостандығынан айырылғанын да мойындағандай істің ақ-қарасын ажырат дегенде «ақтап шығару керек» деген пікірді айта алмай тоқырауы, «батырға да жан керек» дегенді еске сала береді осы жерде. «Тәуелсіздік, еркіндік» деген ұлы болмыс пен сөз бостандығының жетпей-ақ жатқандығын байқау қиын емес. Өттең, қазақ халқы құрсау мен бұғауда қалып ауа жетпей бұлқынған кезі еді. Арыстарымыздың қараландығының да басты себебі осы еді. «Қандай мәселеден күйе жағылды, оған не себеп болды» деген сұрақ кесе-көлденендей береді.

Бұған жауап берудің алдында тарихи шегініс жасалық. Неге патшалық Ресейге бодан елдердің ішінде қазақ халқына ерекше шүйлікті, бізді тарих бетінен өшіру мақсатын империя оны негізгі саясат, мақсат етіп алдына қойды, неге олар тарихқа есемізді жіберуге шешініп кірісті, оған мынадай болжамдар бар сияқты.

Жер жаһанның жартысын жаулап алған Шыңғыс хан мен оның балаларының әскерінің 60-65%-і қазақ рулары мен тайпалары: үйсін, найман, керей, қоңырат, т.б. болған. Үш ғасыр бойы Шыңғыс хан ұрпақтары Ресей княздіктерін тізе бүктіріп, алым-салық алып отырған. Былайша айтқанда, олар Алтын Орданың билігін, оның алдында өздерінің бодандығын мойындаған. Бұл кезде Орыс княздіктері бытыраңқы, бірінен-бірі тәуелсіз өмір сүрген. Бірде Москва князі хан Батыйдан: «Ұлы хан! Сіздің билігіңіз шексіз, біз оны мойындаймыз, бір тілегіміз бар: Владимир, Суздаль, Новгород, т.б.

княздіктердің Москва княздігінің ықпалында болуына» пәрмен етуін сұрайды. Өйткені, алым-салықты орталықтандырылған жағдайында ұйымдасқан түрінде тез, орындалатындығын айтып сендіреді. Нәтижесінде, Батый Москва князының ойын мақұл көріп, аталмыш княздіктер Москваның төңірегіне топтастырылды. Мұндай орталықтандырғанның тарихи қате қадам болғанын хан Батый өзі де білмей қалған болу керек. Бірақ тарихта альтернатива жоқ болғандықтан, әрі десе тарихтың доңғалағын кері айналдырудың мүмкін еместігін ескере отырып, Батый ханның тарих алдында кінәлі екендігін байқау қиын емес. Нәтижесінде, Ресей біртұтас мемлекет болып қалыптасып, сөйтіп, Еуропадан алдыңғы қатарлы техника, қару-жарақ сатып алып қуаттанып кетті. Балта-найзамен, қалқанмен қаруланған Шыңғыс хан ұрпақтарының әскерлері зеңбіректің тегеуріндігіне төтеп бере алмады. Нәтижесінде үш ғасыр бодандықта болған Ресей, енді үш ғасыр қазақтарды бодандыққа басын идірді, өш алу процесі етегін кең жайды. 6,5 млн. км болатын Ұлы Тұран даласы кішірейген үстіне кішірейе түсіп, оның есесіне Ресейдің территориясы барынша кеңейді. Сібір жеріндегі көп қалаларды: Саратов-Сарытау, Тюмен-Төмен, Оренбург-Орынбор, т.б. иемденді. Қызыл империя кезінде қалған 2,7 млн.км Қазақстан территориясына көз тікті. Оны да бөлшектеп, ондағы қазақтардың санын азайтып, белгілі дербес ұлт бола алмайтын критерийге жеткізіп, тарих сахнасынан өшіруді мақсат етіп қойды, сөйтіп, Ресей территориясына қосып жіберу керек екендігін алға тартты. Тәуелсіздік таңы атпағанда Қызыл империяның оған да қолы жетіп қалар ма еді? Оған дәлел өткен ғасырдың 60 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру саясатының аясында Қазақстанға Совет Одағының жер-жерлердегі (РСФСР, Украина, Белорусия, т.б.) түрмелерінен босатылған қылмыскерлер, рецидивистер, алкаголик-наркомандар, ұрылар қазақ даласына миллиондап бағытталды. Осы кездегі жергілікті халыққа тигізілген азап-қорлықтың қисабы болмады, әйел-қыздарды хайуанша зорлау, мүлкін күшпен тартып алып күн көрсетпеу, күнәсіз ұрып соғу, т.б. тәртіпсіздіктер кең орын алды. Осы кездегі халық санау статистикасы бойынша қазақтардың саны 26%-ке дейін төмендеген. Енді арыстарымыздың құрбан болуының себептері туралы мәселеге оралсақ.

Алаш қозғалысы – ХХ ғ. алғашқы ширегінде Ресей империясының қысымы мен отарлық билік жүйесіне және шеттен шыққан зорлық-зомбылығына қарсы бағытталған қазақ ұлтының саяси де-

мократиялық қозғалысы. Қазақ территориясының орыс мемлекетінің меншігі етіп жариялануы, қазақтардың сулы, егіншілікке жарамды жерлерінің Ресейден келген мұжықтарға басына отырып берілуі, Ресейлік әскери-монархиялық күшпен басқару жүйесі осы кезеңнің көрінісі еді. Ресейдің қазақты отарлау саясатының осылай асқынуы қозғалыстың тарихи негізі мен себебі болып табылады. Алаш қозғалысының басты мақсаты – қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру, қазақ жерлеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибиені пайдалана отырып, дәстүрлі мал шаруашылығын өркендету, егіншілік пен өнеркәсіп орындарының дамуын қамтамасыз етіп, жұмысшы табын өсіру, рыноктық қатынастарға жол ашу, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесі, қазақ тілінің дамуына қажетті шарттар түзу болды. Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 1917 жылы ақпан-желтоқсан аралығында өзінің шарықтау шегіне жетті.

Қазақтың мемлекеттілігін (1822 ж. Патша үкіметі сан ғасырдан бері қарай келе жатқан мемлекеттік статусы бар хандық басқаруды жойды, оның орнына сұлтан, би, болыс статустарын енгізді – Т. Ж.) қалпына келтіруді мақсат еткен, екінші жалпы қазақ съезі сонау қиын-қыстау заманға Алаш баласының мәңгілік жадында тұтар тағылым алар тарихи шешімін паш етті. Ал 1917 жылы Алаш партиясының құрылуы мен Алаш Орда үкіметінің құрылуы бұл қозғалыстың нәтижесі болды. Көсемдері А. Байтұрсынов, Ж. Досмұхаметов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, т.б. болды.

1917 жылы Ресейде билік басына келген большевиктер Совет үкіметі Ресей құрамында бодандықта болған қазақ көсемдерінің құрған ұлттық мемлекеттілігіне дұшпандықпен қарады, барлық амал қолданып ақсатуға тырысты. Сөздің қысқасы, құрылымдарды қарулы күшпен талқандады.

Халықтың қамын жеген ұлт қайраткерлерінен сескенген тоталитарлық билік тығырықтан шығар жол іздеді. 1925 жылы Қазақстанға басшылық қызметке Ф.И. Голощекиннің келуі елде орын алып отырған күрделі жағдайды одан бетер ушықтырды. Ол Қазақстанды Советтік өзгерістерден тыс қалған деп сынап, онда «Кіші Октябрь» ревалюциясын жүргізу саясатын ұстанды. Голощекин билігі ұлттық мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға «ұлтшылдар, халық жауы, буржуазияшыл-ұлтшыл», мемлекетті құлату үшін «контреволюциялық ұйым құрды» деген жала жауып, ұлт зиялыларын репрессиялап, Алаш қоз-

ғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындап, олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Түркістанда ұлттық автономия құру идеясын Т. Рысқұлов бастаған зиялылар қолдады. Голощекиннің аса қатыгездігі туралы В.Л. Бурцев былай дейді: «Это человек которого кровь не остановить. Это черта особенно заметно в его натуре: палач, жестокий с некоторыми элементами дегенерации (процесс разрушение клеток). В партийном быту он отличался высокомериями, был демагогом, циником, казахов вообще за людей не считал. Не успел Голощекин появиться в Казахстане, как заявил, что советской власти тут нет и надо устроить «Малый октябрь». Он арестован в 1939 году за «Троцкизм» и контрреволюционный акт и допущенные преступные ошибки в период коллективизации в Казахстане, расстрелян в 1941 году». Голощекиннің Қазақстандағы бассыздықтары туралы Т. Рысқұлов Сталинге бірнеше рет хат жазған. Басқа да қайраткерлердің және көптеген адамдардың Қазақстандағы трагедия туралы хабарларынан кейін, Сталин мән-жайды білу үшін, Қазақстанға С.М. Кировты жібереді. Барлығын аралап өз көзімен көрген ол Сталинге берген есебінде: «На костях, в Казахстане строить социализм нельзя», – деген.

Сол кезде Алаш арыстарының бірі:

*Көсем де болар кез келер,
Шешен де болар кез келер,
Сол қасиеттің өзіңе
Кесел де болар кез келер, –*

деп кесел болмайтын еркіндік таңын үлкен үмітпен күткенін байқаймыз. Болашаққа үмітпен қараған, тәуелсіздік таңының ататындығына кәміл сеніп, өлімді міз бақпай ерлікпен, қарсы алған арыстарымыздың ішінде, ұлт қаймағының бірегейлері – Т. Рұсқұлов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин сияқты біртуар ұлдары болды.

Баукең өз естелігінде М. Жұмабаевпен жүздескенін былай баяндайды.

Баукең іссапармен Владивостокқа барғанында, қасында екі серігімен орманды аралайды. Сонда ол кісі Амур өзенінің бойында кішкентай қара шал (сонда ол қырықтың үстінде болғаны) ағаш шауып, шанаға тиіп жатқанын көреді. Баукең әлгі шалға ұзақ қарап тұрып: «Сіз Мағжан Жұмабаев емессіз бе?» – дейді. Әлгі шал: «жоқ» деп келте қайырады. Баукең сонда да сенбей, әлгі жерде ат-

тың үстінде тұрған бетінде Мағжанның бір өлеңін жатқа оқып береді. Сонда барып өзінің Мағжан екенін мойындап, екеуі ұзақ әңгімелеседі.

Баукең қоштасар сәтінде Мағжанға «он күннен кейін келіп алып кететінін» айтады. Баукең жұмыстарымен қолы тимей, айтқан күнінен сәл кешігіңкіреп, Мағжанды іздеп келгенде таба алмайды. Сондағы жұмысшылардан Мағжанды сұрағанда, олар Мағжанның салға отын тиіп келе жатқанда, салды су үстінде басқара алмай, суға ағып кеткені туралы айтады. Баукеңнің Мағжанмен кездесуі осылай аяқталған.

Бұл жерде халқымыздың бағына біткен екі тұлғаның көкірегінің түбінде Алаш қозғалысы қайраткерлерінің Тәуелсіздік туралы ойларының сарнап жатқанын болжау қиын емес.

Кім біледі, екеуінің ормандағы әңгімесі қандай мәселелер жайында өрбіді, ол жағы бізге беймәлім. Тоталитарлық жүйенің заһарынан әбден запыста болған Мағжан ашылып сыр да айтпаған шығар. Өйткені жан-жақтың барлығы көз бен құлаққа толы болатындай көрінген де шығар. Баукең де неше әңгіменің шеңберінен шыға да қоймаған болар.


Алаш қайраткерлерінің, Б. Момышұлы жанкүйер болған, Тәуелсіздік туралы арман-тілегін Н. Назарбаев бастаған ұрпақтары жүзеге асырып, оны Мәңгілік Елге айналдыруда. Елбасының жолдауында:

«Біз, Қазақстандықтар бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты, әрі, ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Балаларымыздың арманы. Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Бұл құндылықтар уақыт сынынан өткен қазақстандық жол тәжірибиесі», – деп айта келіп, жеті құндылықтарды айтып өтті, бұлар: «Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновациялық экономика; жалпыға ортақ Еңбек қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіл әлемдік, өмірлік мәселелерді шешуге жақындық тұрғыдан қатысуы. Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жеңістерімізді еселедік.

Жаңа қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құрушы жалпы ұлттықтарда жатыр. Ел – халық сөзінің де, мемлекет сөзінің де, ұлт сөзінің де баламасы «адамзат тарихында өшпес із қалдырып кеткен, Еуразия құрылығындағы халықтардың тағдырына орасан зор әсер еткен» (Н. Назарбаев). Заманында көктің жүзін тітіренткен көк түріктері ел болуды халық ретінде қалыптасудың, мемлекет ретінде мығымданудың, ұлт күйінде ұйысудың биік белесі деп білген. Осының бәрін біржолата бекіту үшін сол заманның өзінде басқа қонған бақтың баяндылығын білдіретін философиялық категориясы – Мәңгілік Ел ұғымын ойлап тапқан. Соны тасқа қашап тұрып, «Меңгу Ел» деп жазып кеткен. Ежелгі түркілерден тараған барша халыққа бірдей түсінікті сөздер. Тарихтың талайымен басқа діндерді ұстанатын сахалар (Якутия), тувалар, марийгілер де «Ел» сөзінен екі елі ажырамай, өз елдерін Саха Эл, Эл Тыва, Марий Ел атауымен келеді. Демек, Ел – ұлы ұғым. Халық болып құрылу, мемлекет құра алу, дербес тұра алу, ұлт болуға бет бұра алу – осының бәрі Ел болудың белестері. Тәубе, сол белестердің бірінен-біріне абыроймен асып келеміз. «Мәңгілік Елдің» іргетасын қаладық. Тәуелсіздікке қол жеткізу қиын болды, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама», – деді Елбасы. Ұлы ақын айтқандай, «енді Алашты ешкімнің қорлығына бермейміз, Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбейміз». «Қазақстан-2050» – Мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол!

II

Б. МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕР



КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАР

«Кез келген жалқы есімнің тууы да, қалыптасып дамуы да тарихтың қойнауында өтеді. Халықтың күн көрісіне, оның материалдық және рухани дүниесіне, тіліндегі атаулардың байырғылығына немесе басқа тілден ауысып келгендігіне, жалқы есімдердің қалыптасуы мен дамуына әсер етуші экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларға – бәріне тарих куә. Жалқы есімдерге тарихтың қатынасы – олардың адам өмірімен жан-жақты байланыста болуында. Бұл тек тарихи дамудың алғашқы кезеңінен бастап-ақ, өмірге деген қажеттіліктен туындаған. Сондықтан болса керек, дәуір және адам танымының деңгейі атаулардан көрінеді. Кез келген ономастиканы зерттеу кезінде тарихи сәтті аттап өту мүмкін емес».

Белгілі орыс ономаст-ғалымы А.В. Суперанскаяның пікірінше, әрбір атау – тарихи, ал топонимиканы түгелдей тарихтың айнасы деуге болады. Географиялық көне атаулар тарихи ескерткіштер іспетті, себебі өткен замандардың мұралары ретінде мемлекеттер мен халықтардың тарихының, жер жағдайларының, материалдық және рухани мәдениеттерінің белгілі бір тарихи кезеңдердегі келбетін, қалпын көрсетеді. Сондықтан топонимдерді диахрондық бағытта зерттеп, зерделеудің маңызы зор.

Ұлттық ономастика қазіргі кезде көпшілік назарын аударуда. Біріншіден, ғалымдар үшін әр атаудың шығу тегін, уәжін, фонетикалық, грамматикалық тұстары мен парадигматикасы, синтагматикасын ашу, сонымен бірге ұлттық мәдениеті мен тарихын көрсететін тілдік бірлік ретінде қызығушылығын тудырса, екіншіден, қазіргі таңда саяси-идеологиялық көзқарасты білдіретін тілдік құрал ретінде әкімшілік орындарының нысанына айналуға, яғни жалқы есімдер, ономастикалық атаулар тек ономаст ғалымдардың ғана емес, бүкіл жұртшылықтың, халықтың назарын аударуда.

Ономастика. Топонимика туралы түсінік.


Тәуелсіздік алғалы бері жер-су аттарын зерттеу қолға алынып, біраз жұмыстар атқарылды. Қазақстан Республикасында географиялық елді мекен, жер атауларының ұлттық негізде бастапқы халықтық атауларын қалыптастыру әрекеті қызу жүргізілуде. Әрине, бұл әрекет – тәуелсіздіктің белгісі. Осы бағыт негізінде бұрын белгісіз

болған, мүлде ұмытылған мұраларымыз жарық көріп, зерттеліну үстінде. Жер-су атаулары арқылы сол елдің тарихынан мол мағлұмат алуға болады. Сондықтан да ономастиканы соның ішінде топонимиканы зерттеу өте қажет.

Ономастика – заттарды жекелеп атайтын жалқы есімді зерттейтін тіл білімі саласы. Ономастика термині сонымен бірге жалқы есім жиынтығын – қазіргі ғылымда «онимия» ретінде белгілі онимдерді (гр. *онима*, *онота* «есім, атау») атау үшін қолданылады. Жеке ел, аймақ немесе текстегі жалқы есімдердің тізбегі «ономастикон» деп аталады.

Ономастикалық зерттеулер мен талдаулардың мақсаты – лексиканың басқа салаларымен салыстырғандағы жалқы есім ерекшеліктеріне ықпал етуші өзіндік ономастикалық белгілерін анықтау, онимдердің әртүрлі топтарын зерттеу, ономастикалық атаулар мен жалқы есім қызмет ерекшеліктерін талдау, мән-мағынасын ашу.

Т. Жанұзақов «Қазақ есімдерінің тарихы» атты еңбегінде ономастиканың негізгі салаларын былайша көрсетеді:



Топонимдер – жер бетіндегі кез-келген табиғи немесе адам жасаған объектілер атауынан тұратын жалқы есім түрі.

Топонимдердің жалпылық белгілері:

Топонимдердің барлық түрлерінің ортақ белгісі – кез келген географиялық объектіге атау.

Топонимдердің жекеленуі аталатын объектке байланысты. Осыған орай келесі аталатын объектілер ажыратылады:

- Гидрографиялық (өзендер, көлдер, теңіздер, мұхиттар, бұлақтар, құдықтар, каналдар);
- Орографиялық (жердің үстіңгі қабатының жағымды және жағымсыз рельеф объектілері);
- Кез келген жолдар (жер үсті, су, жер асты, әуе);
- Кез келген елді мекен (қала, ауыл);
- Кез келген қала ішіндегі топографиялық объект;
- Ресми, әкімшілік бөліністерінің кез келген объектісі (территория, облыс, аудан);

- Кез келген табиғи жер асты объектілер (үңгір, жер асты бұлақтары, көл, құдық, сарқырама);

- Флористикалық объектілер (орман массивтер, өсімдік әлемінің реалийлері).

Топонимдердің барлық түрлері бір-бірімен белгілі бір жүйелі байланысқан және өзінің семантикалық, сөзжасамдық, морфологиялық құрылымы жағынан сол тілдік жүйеге сай келеді. Сонымен бірге географиялық атаулар ұлттық таным бойынша ерекшеленеді. Осыған орай топонимдер келесі белгілерге ие:

- әр халықтың географиялық атау жасауында тілдік жүйеге сай келетін белгілі бір заңдылық сақталады;

- атау беруші топтың әлемге көзқарасына сай қоршаған болмыс топонимде беріледі;

- адамның құндылықтарына сай ақпарат топонимде көрсетіледі;

- топоним мазмұны тарихи, әлеуметтік, географиялық және басқа да экстралингвистикалық факторларға байланысты;

- топонимдер тілдің ұлттық-таңбаланушы белгілері болып табылады;

- топонимдер антропонимдерден кейін ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайды (яғни адам санасындағы объектілерді қамтиды және кеңістікте қозғалысының бағыт-бағдары болады);

- ұлттық топонимиконның негізгі қорын көбінесе ана тіліндегі атаулар құрайды;

- топонимдік жүйені жаңа және кірме атаулар толтырады;

- топонимдер макротопонимдер (кеңінен танымал) және микро-топонимдер (бір аймақ, бір ауыл көлемінде белгілі) болып бөлінеді.

Топонимдердің түрлері. Топонимдер гидроним, ороним, ойконим, урбаноним, спелеоним, дромоним, ареноним, дримоним, т.б. түрлерге бөлінеді.

Атауы бар объектілер нақты аймаққа бекітілген. Кез келген топоним атау қызметімен қоса объектіге сілтеу қызметін де атқарады. Сонымен қатар олар объектінің ерекшелігіне, атаудың идеологиялық және эмоционалды бояуына қарай қосымша ақпарат бере алады. Белгілі бір аймақтың топонимиконы тарихи қалыптасады. Онда өткен дәуір топонимдері сақталады, сондықтан топонимдердің әр қабаты тарихи дәуірге, сол аймақта қоныстанған халық тарихына қатысты «хаттамаға» теңейді. Дегенмен, барлық топонимдер осы тұрғыдан талдана алмайды. Ең алдымен географиялық объект атаулары (гидронимдер, оронимдер, аренонимдер) туралы айту керек.

Топонимдік жүйеде тілдік қатынас орын алған. Топонимдердің ономастиканың арнайы бөлімі – *топонимика* зерттейді.

Біз сөз етіп қарастырып отырған топонимдерге тереңірек талдау жасасақ, төмендегіше бөлінеді.



Топонимдердің семантикалық модельдері. Ономастика ғылымындағы топонимдердің семантикалық модельдері белгілі бір топонимдер жасауда қолданылған лексемаларды, ұлттық топонимдік жүйенің ерекшелігін көрсететін неғұрлым жиі және раритетті, яғни сирек кездесетін негіздерін бөлетін лексика-семантикалық классификация жасауда анықталады. Қалыптасқан топонимдік классификация әртүрлі топонимдік жүйені екі ірі түрге бөледі: табиғат құбылыстарын атайтын топонимдер және «адам-табиғат» байланы-

сын көрсететін топонимдер. Нақтырақ айтсақ, бірінші түр табиғат құбылысының адам қызметімен байланысын тура көрсетпейді, ал екінші түрі адам қызметімен табиғат байланысын тура көрсетеді. Аталмыш таптастыру географиялық объектілер ерекшеліктерін толығымен қамтиды, бірақ ол бірқатар шартты да, себебі топонимнің барлық түрін қамтымайды. Топонимнің әр түрі географиялық объектінің әр түрін атайтынын естен шығармау керек.

Табиғат құбылыстарын көрсететін топонимдер келесі семантикалы лексемалардан тұрады:

- объект көлемі (формасы, ұзындығы, кеңдігі, созылмалылығы);
- кеңістіктегі объектінің орны, бағыты;
- объектінің сапалық ерекшеліктері (температурасы, дәмі, түсі);
- объект орналасқан жердің флорасы мен фаунасы;
- жердің неорганикалық әлемі (пайдалы қазбалар, құрылыс материалдары);
- жер рельефі;
- әртүрлі табиғи құбылыстар, т.б.

Әлеуметтің (адамның) материалды және рухани мәдениетін білдіретін лексемалар негізін құрайтын географиялық объектілер атауларын біріктіретін «адам-табиғат» байланысын көрсетуші топонимдер:

- адам есімдері (антропонимдер, этнонимдер, генонимдер, әлеуметтік жағдайына қарай адамдарды атау);
- өндіріс-қожайын құндылықтарының атаулары (тұрғындар үйі, бастырмалар, тұрмыс заттары);
- адамның рухани мәдениетін білдіретін атаулар (анимистік сенім, жергілікті рухты қасиет тұту, діни және мифологиялық көзқарастар);
- әр түрлі тарихи оқиғалар, т.б.

Топоним түрлерінің ерекшеліктерін ескерген дұрыс, себебі адам ат тағуда объектінің негізгі белгілерін (табиғи, функционалды, жүйелік) көрсететін ақпаратты қолданады. Сонымен қатар ұлттық тілдік сананы да ескеру керек.

Қазіргі кезде көркем шығармадағы ономастикалық атауларды жүйелі түрде зерттеудің бірнеше принциптерін немесе жалпы аспектілерін келесі қарама-қарсы жекелеуші белгілері арқылы бөліп көрсетуге болады:

- ономастикалық атаулар зерттеу нысаны бойынша: әлеуметтік, лингвистикалық, энциклопедиялық, тарихи, т.б.;
- коннотация түріне қарай: стильдік (ішкі) - жалпы тілдік (сыртқы);
- шығармадан тыс ақпарат мазмұны бойынша: лингвистикалық

(ономастикалық, коннотативті) – экстралингвистикалық (энциклопедиялық, әлеуметтік, тарихи-мәдени, болмыстық, т.б.);

- көркем шығарма ономастикалық кеңістікті қамтуы бойынша:
 - толық – жекеше (спорадикалық);
 - көркем шығармадағы семантикалық композиция деңгейі қатысына қарай: ономастикалық-ономопэтикалық;
 - көркем шығармадағы ономастикалық атаулар жүйелі байланыс түрлері бойынша (әр семантикалық композиция деңгейіне қарай):
 - парадигматикалық-синтагматикалық;
 - ономастикалық атаулар семантикалық-стилистикалық талдау аспектілері бойынша: құрылымдық-функционалды.

Әр ономастикалық атаулар кез келген сөз сияқты текст ішінде көптеген байланысқа түсіп, жеке тұрып емес, тығыз байланыста қызмет атқарады.

Көркем шығармалардағы топонимдердің қызметі жалпы жалқы есімдерге қарағанда ерекше, себебі ол тек жекелеуіштік, атауыштық, яғни адрестік емес, сонымен қатар сол шығарманың ономастикалық кеңістігін құрап, стильдік, текст-түзушілік, танымдық-тәрбиелік, т.б. қызметтерін де атқарады.

Қазақстанда жалпы ономастикалық зерттеулер бойынша соңғы елу, алпыс жыл ішінде елуден аса еңбек қорғалды десек, соның ішінде тек бірнешеуі ғана көркем шығармалардағы жалқы есімдерге арналған.

Олар: К.З. Жаппардың «О. Сүлейменов поэзиясындағы жалқы есімдердің эстетикалық қызметі» атты кандидаттық диссертациясы 2000 жылы қорғалса, Г. Оразғалиева «А.С. Пушкин прозасындағы түркі тілді жалқы есімдер» атты кандидаттық диссертациясын 1990 ж. қорғаған. В. Махпиров Махмұд Қашғаридың «Дивану-лұғат ат-түрк» ескерткішіндегі ХІ ғасыр жалқы есімдерін зерттеп, 1980 ж. кандидаттық диссертациясын қорғаған болса, Д.М. Керімбаев «Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен лингвистикалық қызметі» (Ф. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесі бойынша) атты кандидаттық диссертациясын 2004 жылы қорғады. Дегенмен, көркем шығармадағы жалқы есімдер көптеген зерттеулер ішінде және мақала түрінде қарастырылған.

Қырғыз ғалымы Б.О. Орузбаева «Манас» эпосының жалқы есімдеріне жан-жақты талдау жасаған: біріншіден, эпостағы онимдерге статистикалық талдау жүргізген, екіншіден, этнонимдерге лексика-семантикалық талдау, үшіншіден, зоонимдерге, соның ішінде жылқы атауларына құрылымдық-семантикалық талдау жүргізіп, жалқы есімдер этимологиясын ашқан.

Қазақ ономастикасында көркем шығармадағы жалқы есімдер мәселесіне назар аудару көп уақыттан бері орын алған. Мәселен, «Қазақ эпосындағы жер-су атаулары мен кісі аттары жайында» мақаласында Ә. Қайдаров пен А. Мұқатаева «Қозы Көрпеш Баян сұлу» дастанындағы жалқы есімдерді қарастыруда үш мәселені көтерген:

1. Поэманың дүниеге келу дәуірі; 2. Таралу географиясы; 3. Оларды жалпы түркі ономастикасының тарихи даму кезеңдері мен тілдік ерекшеліктеріне сәйкес топтастыру.

Мақала авторлары аталған үш мәселені шешуде жалқы есімдерді талдай отырып, аталмыш дастанның VI-XII ғасырлар аралығында Қазақстан топырағында пайда болғанын, әсіресе, бұрынғы Семей, Павлодар, Қарағанды, Жезқазған, Талдықорған, Алматы, т.б. облыстардағы жер-су атауларымен салыстыра отырып, Қазақстан жеріне толық таралғандығын, атауларда көне түркі элементі мен дәстүрі мол сақталғанын анықтаған.

А. Жұбанова, Е. Жұбанов сынды ғалымдар Ш. Уәлихановтың «Манас» қырғыз эпосын талдауы жөнінде мысал келтіріп, қазақ халқының эпикалық жырларының бірі «Қобыланды батыр» ономастикасына тоқталады. Онда келтірілген антропонимдер мен топонимдерге статистикалық талдау жүргізе отырып, кейбір жалқы есімдерге берген ғалымдардың этимологиялық талдануын да келтірген, сол деректер арқылы жыршының көркемдік шешімін тапқанын ашқан.

М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы көптеген ғалымдарымыздың зерттеу нысанына айналған. Ғалым, қазақ ономастикасының негізін қалаушылардың бірі – Т. Жанұзақ та мақалаларында жалқы есімдерге толық талдау жүргізген. Сондай-ақ, аталмыш эпопея тілін арнайы зерттеген ғалым Е. Жанпейісов ономастикалық материалдарды қарастырып, ондағы кейіпкер ретінде тікелей қатысқан төрт жүз елудей кісі есімі, екі жүз елуден аса жалқы есім кездеседі дейді.

Сонымен, жоғарыда келтірілген еңбектерге шолудан біз көркем шығармалардағы ономастикалық атауларға зерттеу жүргізіліп жатқанын байқадық. Қазақ халқының Б. Момышұлы сынды біртуар батырының шығармаларындағы топонимдердің тілдік қолданыс қызметін анықтау, тілдік талдау жасап түсіндіру, қазіргі кезде қазақ ономастикасының салыстырмалы түрде дамыды деген шақта көркем шығармалардағы ономастикалық кеңістікті анықтау, яғни ономастикалық бірліктердің «өзіндік бір тарихи ескерткіштер» екендігін, олардың танымдық, тәрбиелік, тарихи мәнін ашып беру біздің кітабымыздың басты мақсаты болып табылады.

Көркем шығарма ономастикасы бойынша көптеген мақалалар мен еңбектердің жарық көруі – бір теориялық концепция жасауға мүмкіндік береді. Бұл мәселеге тоқталмас бұрын алдымен Б. Момышұлының шығармаларының зерттелуі туралы сөз етсек, 2010 жылы батырдың 100 жылдық мерейтойына арналған «Бауыржан Момышұлы мұрасы ХХІ ғасыр көгінде» атты жоба аясында «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының басшылығымен Бауыржан Момышұлының көптомдық шығармалар жинағы жарық көрді. «Бауыржан Момышұлы в истории казахского народа» (Становление и боевая деятельность батыра) деген тақырыпта Қ.С. Мұхамедқалиевтің докторлық диссертациясы, «Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасындағы ұлттық дәстүрлер көрінісі» деген тақырыпта Қ.М. Оразбаевтің, «Бауыржан Момышұлының шығармашылығы мен әдеби көркем бейнесі» тақырыбында Ж.О. Иманалиевтің кандидаттық диссертациялары қорғалды. Сонымен қатар «Бауыржантану» орталығында ғылымның әртүрлі салалары бойынша, мәселен, тарихтан М. Айтказина, әскери саладан Л.Н. Бакаев және әдебиеттен Ғ.А. Орынханова, т.б. ғалымдар зерттеулер жүргізді. Ал педагогика саласы бойынша зерттеуші Е. Жұматаеваның «Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру» атты кандидаттық диссертациясында майдангер жазушылар: Б. Момышұлы, Қ. Қайсенов, Ә. Шәріповтердің еңбектері мен ерлік істерін бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдаланудың жолдары қарастырылды.

Халық қаһарманы Б. Момышұлы туралы көптеген ғалымдар еңбектері мен мақалалары жарияланды. Бауыржантанудың негізін қалаған ф.ғ.д., профессор М. Мырзахметұлының еңбегі жүргізіліп жатқан зерттеулерімен ерекшеленетіндігін айтқан орынды. Бауыржан Момышұлының көптомдық жинағына оның бұрын жарық көрмеген қолжазбалары, хаттары, өлеңдері, естеліктері, кездесулері, әскери тақырыптағы әңгімелері, т.б. эпистолярлық стильде және басқа да жанрларда жазылған барлық еңбектері барынша енгізілген. Жалпы қай ғалым, ақын немесе жазушы, қайраткер болсын олардың шығармаларын жинақтағанда оның бар болмысы мен өнегелі өмірі, еңбегі, қалдырған бар рухани дүниесі қамтылады. Осы ретте біз Б. Момышұлының кеңес дәуірінде қазақ халқынан шыққан асқан батыр, яғни қазақтың «Жері, суы дуалы Жуалы» өлкесінде туған, сонау қазақ халқының тарихынан сыр шертер Ұлы Жібек жолының бойындағы Мыңбұлақтан жолға аттанып, халық қаһарманының өз Отаны үшін қаншалықты жан кешкендігі, қан майданды басынан өткізгендігінің айғағы ретінде оның шығармаларындағы кездесетін

топонимдерді бірізділікпен тілдік тұрғыдан талдап, ондағы кездесетін топонимдердің этномәдени, танымдық, тарихи, тәрбиелік мәнін ашып көрсетуді мақсат еттік. Сондай-ақ кейбір топонимдердің қалай, не себепті атанғандықтарының уәждері мен себептерін көрсетуге тырысамыз. Өйткені олар – тарихи мәні бар «Батыр қалалар». Қазіргі таңда батыр жауынгер-жазушы әлемін, оның маңыздылығы мен құндылығын анықтауда, ұлттық тарихымыздың, әдебиетіміздің, тіліміздің, т.б. өзіндік ерекшелігін айқындауда көптеген зерттеулер жүргізіліп келеді.

Б. Момышұлының көптомдық шығармалар жинағы «Ұшқан ұя» романынан басталады. Роман әуелі орыс тілінде 1947 жылы «Наша семья» деген атпен жазылған. Бұл жинақтың екінші кітабына енгізілген. Ал отызыншы томы «Жүректен жырлап толғаймын» атты кітаппен аяқталады.

* * *

Туған жер мен балалық шақ, есеу жылдарына қатысты топонимдер

Топонимдер қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерден көрініс береді, тарихи реалийлерді (шындықтарды) өзіне жинақтап сақтайды. Олар, негізінен, тілдің көне қалпынан бастап көрініс береді. Жалпы есімдерде жасырын сақталған көптеген фактілер топонимдерді талдап көрсету барысында ашылуы мүмкін, себебі соңғысы өте көне болып есептеледі. Міне, осындай топонимдер қатарына *Әулиеата*, *Мыңбұлақ*, *Евгеньевка*, *Бурное* және т.б. көптеп кездеседі.

Шығармада *Әулиеата* топониміне қатысты төмендегі сөйлемдерде кездеседі. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен (Б.М., 1 т., 297-б.).

Біздің ауылдың Байтоқ деген кісісі алпыс шақырым Әулиеатаға атсабылтып жетіп, әкем жатқан үйге кіріп келіп, бір ауыз сөз айтуға дәрмені келмей, Момышты құшақтап жылай беріпті (Б. М., 1 т., 298-б.).

Әулиеатадан әкем қайтып келгенде, ағайын-жекжат құтты болсынға жиналып қалған екен (Б.М., 1 т., 298-б.).

Ақ жауын нөсерлетіп төгіп тұр. Әулиеата көшелері лай судан көлкіп, батпағы молайып, миы шығыпты (Б.М., 1 т., 438-б.).

Әулиеата қаласы және оның тұрғызылуы туралы тарихқа жүгінсек, көптеген мәліметтер баршылық. Қазақстан тарихы кітабында және Ш. Уәлиханов, Е. Бекмаханов А.И. Добромислов, С.Р. Ердаулетов, К. Рысбаев, Б. Әбілдаұлы және т.б. еңбектерінде айтылған.

«Әулиеата қаласын тұрғызған Абылай хан еді. Ш. Уәлиханов пен өзбек тарихшысы Махмудқа сенсек, шындық осындай» деп жазады Б. Әбілдаұлы өз мақаласында және көп тарихи мәселелерге қатысты деректер келтіреді. Нақты мысалдар келтірсек, «... Талас өзенінің жағасы. Баяғы Тараз қаласының қираған жұртынан тек Әулие ата атымен белгілі Ша-Махмуд Қараханның еңселі күмбезі, одан сәл әрірек Шамансұр-Дәуітбектің шағын кесенесі сораяды. Уақыт табынан мұжыла бастапты. Алыстағы қыраттан Тектұрмас әулиенің мазары қарауытады.

Жорығы жеңіспен тамамдалған Абылай хан тобы осы әулиелерге құран бағыштауға келген еді. Бұл топ ішінде дарабоз қарт батыр Қабанбай да, Керей-Жәнібек бастаған Арқа батырларынан бөлек үйсін Қойгелді, Өтеген, Сәмен, Рысбек, Мәмбет, Таңсыққожа, Сеңкібай, Шойбек, Наурызбай, Нұрабай, Төлек, жалайыр-арықтыным Қарабатыр, Жауғаш батырлар, Ақтайлақ би сияқты ел ағалары да бар еді.

... әңгіме Әулие ата Қарахан жайына ауысты. Абылай ғана үнсіз, ой үстінде. Әңгімені туған жер тарихын жақсы білетін білімдар Қойгелді бастады:

– Алдияр хан ием, ағайын! Мына мазар астында бір кездері қара қытайларды қылышымен қойдай қырып, Таласқа еліктерін тоғытқан бабамыз Қарахан Ша-Махмуд жатыр. Жарықтық жауын жеңген соң тағын тастап, осы жерден қылуат қазып алып, өле-өлгенше Аллага зікір айтумен өтіпті. Қашқарлық ғұлама Махмуд бабамыздың «Түрік сөздігі» кітабына қарағанда қарахандар әулеті шайыр ақын Фердауси жырлайтын Афрасиабтан тарайды. Шын аты – Мадай, лақабы Алып Ер Тоңа. Парсы шахы Кейқұсырау алдап, улап өлтірген осы Алып Ер Тоңа – Афрасиабтың қаза тапқанына қазір дәл биыл 2400 жыл толған екен. Қарахандар әулетінің тұқымын тұздай құртқан Хорезм шах Мұхаммед еді, соның әулетінің де ақыры тақыр болды – Сіздің арғы бабаңыз Шыңғыс хан қырып салды.

Дұға оқылып біткен соң жұрт орындарына жапа-тармағай тұрғанда шыдамсыздау, қызба мінезді шымыр жаңабай Таңсыққожа батыр Абылай ханға қарап, оқыс тілек айтты:

– Алдияр! Сіз енді Сарыарқаға кетесіз. Біз, үйсін баласы, осында туған жерде қаламыз. Міне, кешегі ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға дейін жоңғарлар қиратқанша, өртегенше мына үйінділер болған үйлерде ата-бабаларымыз тұрушы еді. Бұл күнде жоңғарлар да жоқ, біздің Тараз қаласы да жермен-жексен болған. Сарыарқаны қоршай орыстар салып жатқан қалалар мен сонау Сай-

рам, Шымкент, Ташкент арасында қазақтың атын байлайтын қазақтың сияқты еш қаласы қалмапты. Жетісуда да ешқандай керуен тоқтап, тыным алатын сарайымыз да жоқ. Жау шапса паналайтын бір қорған қамалымыз да көрінбейді осы аралықта. Рас, Түркістанымыз бар, Ташкентіміз бар. Жел қуған қаңбақтай ұшып-қонып жүрген көшпелі қазақтар да баяғыда сарайлар салып, жат елдің елшілерін қабылдап жатушы еді. Хан ием, Сіз кеткен соң мына қалың үйсіннің күні не болады? Әбілфайыз сұлтан Ташкентте отыра берсін, ал мына қираған Тараздың орнына Әулиеата баба мазарының маңына тағы да үйлер тұрғызып, қала салсақ қайтеді? Соған Өзіңіздің немереңізден шыққан бір сұлтан ұлыңызды әкім етіп қалдырсаңыз қайтеді? – деп арындап барып тоқтады.

Абылай тамағын сәл кенеп, даусын көтере сөйлеп кетті: – Уа, қалың елім, қазағым! Өшкенді қайта жаңғыртайық дейсіңдер, қираған қаланы қайта салайық дейсіңдер. «Көп түкірсе – көл» деген. Халық қаласа, хан астындағы атын союы тиіс. Болсын солай! Баяғыда халық үшін әзиз басын көрге тірідей тыққан Әулие ата бабамыздың мазары айналасына қала салынсын! Менің жарлығым – осы! Әкімдерің – Әділ сұлтан! Қала салуды қайным Құлашбек батыр мен сонау жылдары мені жоңғар тұтқынынан босатуға барған досым Мәмбет батырға тапсырдым! Қаламыздың атауы ұмытыла бастаған Тараздың орнына Әулиеата болсын! Әумин! Жұрт түгел бет сыйпасты. Абылай бастаған қалың қол қырғыздар көшін бастап Сарыарқаға аттанды да, Әділ сұлтан мен үйсіндердің игі жақсылары Талас өзенінің жағасында қала берді. Көп ұзамай Құлашбек батыр өзінің Арал теңізіне таяу жайғасқан ағайын қарақалпақтықтарын көшіріп әкелді. Олар күннің жылы шағында қала салып үлгеру үшін саз балшықты илеп, қыш құйып, қызу іс-әрекетке кірісті де кетті. Бұл 1774 жылдың көктемі еді. Бірақ қарақалпақтар мен үйсіндер өздері осыншама еңбекпен салған қаланы көршілес қоқандықтар ширек ғасырдан соң қирататынын қайдан білсін?!.

Алайда, Әулиеата қаласын 1774 жылы Талас өзені жағасына Абылай хан салғызды, оның басына билеуші етіп ұлы Әділ сұлтанды қойды! Әділ сұлтан Әулиеатаны, Сайрамды, Шымкентті, Ташкентті қайтарып алып, 1815 жылы көз жұмды деп атап көрсеткен Шоқан Уәлихановтың осы оқиғаларға куә болған аталарынан естіген сөзін әлі күнге дейін елеп-ескерген бірде-бір қазақ тарихшысы болмай келді. Тіпті, Қазақ Ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі, ғылым докторы С.Р. Ердәулетов 1983 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «Тараз – Әулиеата – Джамбул» деген кітабының 16-бетінде жоғарыдағы А.Н. Добромисловтың

кітабынан келтірілген дәйексөзді көшірмесе де дәл сол мағынада Әулиеата қаласын және қорғанын 1826 немесе 1827 жылы қоқандықтар салды деп көрсетеді. Бір айта кететін жәй, А.Н. Добромисловтың пікірлері Тараз тарихына байланысты барлық кітаптарда, тіпті энциклопедияларымызда да әлі күнге дейін сыналап орын алып келеді. Өзбекстан тарихшыларының өздері, оның ішінде молда Әлім Махмуд қажы мен молда Ниязы Мұхаммед бен Ашур Қоқанның хан лауазымын тұңғыш рет алған билеушісі залым Әлім жаулап алғанын 1914 жылы-ақ атап көрсеткен болса да, Әулие атаны қоқандықтар емес, үйсіндердің өтініші бойынша қарақалпақтар Абылай ханның бұйрығымен 1774 жылы тұрғызғандығын әлі күнге дейін ескере қоймаған зиялыларымызға не дерсің?» дейді. Бұл келтірілген деректерді саралай ден қоя түпкі мағынасына мән берсек, әлі де болса тарихымызды тереңдей зерделей зерттеу мәселесі тұрады.

– Төл немерең, бел немерең ғой. Бата жөні де өзіңдікі, – десіпті ақсақалдар. Сонда Имаш бабам былай деген екен:

Алатаудың қыраны мол еді –

Қырағы болсын, құлыным –

Қойнауы суға мол еді –

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тілегі зор еді –

Шырағы болсын, құлыным.

Ата тілегі оң еді –

Құмары болсын, құлыным.

Бұл жер батырлар төрі еді –

Сыңары болсын, құлыным (Б.М., 1 т., 298-б.).

Б. Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ округінің Көлбастау (Евгеньевка) ауылында туған.

Имаш бабасы 1911 жылы 92 жасында дүниеден өткен. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашқан, орыс алфавитімен оқуды меңгерген сол кезеңдегі көзі қарақты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танылған. Имаш атасы қартайған кезінде барлық шаруашылықты Момыш ұлына табыстаған. Әжесінің есімі – Қызтумас, қартайған шағында ағайынтуыс «сары кемпір» деп атаған. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында Жуалы ауданында өседі.

Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі – қаламгердің автобиографиялық шығармасы. Жазушы туындыға өз өміріндегі ең бір қы-

зықты кезең – балалық шағын арқау еткен. Жазушы туған жеріндегі өз басынан кешкендерін көңілге тоқып, көкейге түйгендерін жазады.

Оның рухани жан дүниесінің кеңдігі балалық шағынан бастау алады. Өмір бойы сол қыр астында, туған жерінде қалған жастықтың жасыл белесінен көркем бояу тауып, соны қайыра көз алдына елестетіп, жаны байып жаңарып отырады. Б. Момышұлы да өзінің балалық, жастық шағынан мол қазына жинаған. Балалық шағы өткен өлкесінің, туған жерінің майса шөбі мен көкорай шалғын бе-лін, тауы мен тасының, бұрала аққан суының сылдырын, Мыңбұлақ өңірінің келісті көрінісін «Ұшқан ұя» повесінен көруге болады. Мұнда ол әрбір жер-су атауының мән-мағынасы мен аталуы, оның орналасуының кейбір тұстарын да сөз етеді.

*Біздің ауыл Мыңбұлақ басын ала,
Басыңдағы орамал жасыл-ала.
Көңілің бізде болса, а құдаша,
Біразырақ отыршы қасыңа ала* (Б.М., 1 т., 296-б.).

*Мыңбұлақтың сулары сылдырайды,
Сұлу қыздың бұрымы бұлдырайды.
Құдаша деп сыртыңнан құмартушы ем,
Ескергейсің ендігі біздің жайды* (Б.М., 1 т., 297-б.).

Мыңбұлақтың бір көзі – Көлбастауда почта станциясы болатын (Б.М., 1 т., 338-б.).

Сөйтсек, алма дегенің біздің Мыңбұлақтың бойына өскенде де мәуелеп қалады екен (Б.М., 1 т.).

Біздің атамекеніміз Алатаудың бауырында болады. Жеріміздің аты Мыңбұлақ деп аталады. Қысы қатты, жазы салқын келеді. Жері майда, шөбі тәтті келеді. Әулиеата (Жамбыл) базарында осы уақытқа дейін Жотаның қойы бар ма, Жотаның қымызы бар ма, Жотаның жемісі бар ма? – деп сұрайды. Жота деген биік деген түсінік. Біздің ел қараөлең басқан ойда емес, қырда.

Мыңбұлақ – ежелгі мекен. Жамбыл облысы Жуалы ауданындағы өзені алабында орналасқан. Мыңбұлақ туралы деректер қытай жиһанкезі Сюань-Цзянның жазған сапарнамасында кездеседі. Мыңбұлақ туралы Араб жиһанкездері Абайдаллаһ ибн Хордадбех (846) және Құдама ибн Жафар (10 ғасырдың басында) күнделіктерінде: «...Бұл Абарджадж үлкен төбе, оның айналасында мыңдаған бұлақ көздері бар. Олар қосылып бір өзен құрайды. Өзен шығысқа қарай ағады, сондықтан оның аты Баркуаб (өзені); бұл сөздің аудармасы «кері бағытта ағатын өзен» деп жазған. Кейбір деректер арқылы бізге жеткен араб жиһанкездерінің шығармала-

рында VIII ғасырдың басынан белгілі болған, жақсы бекіністері бар Абарджадж қаласы 651 жылы салынып, Батыс Түрік қағандығының орталығы болған. Мұнда 1223 жылы Орта Азияға жасаған жорықтардан қатты қалжыраған Шыңғыс хан нөкерлерімен демалып, үлкен той жасаған. Мыңбұлақ мекені – көне мәдениет ошағы, ондағы жартастарда палеолит және қола заманының адамдары қашап салған суреттер мен тарихи жәдігерлер көптеп кездеседі.

Сан есім категориясының сөз таптары құрамында алатын орны, лексика-грамматикалық қызметтері әр алуан. Сан есімдерден жасалған зат есімдердің бай тобы – топонимдер. Жалпы сан есім+зат есім тұлғасынан жасалған топонимдер моделі көптеп кездеседі.

Сан есімдердің құрамындағы «үш», «жеті», «тоғыз» сандары бірде «матастырғыштық» функцияға ие болса, бірде «киелі», «қасиеттілік» мәнде қолданып отырады.

Мың сан есімімен байланысты топонимдер: Мыңбұлақ – мың (сан есім) + *бұлақ* (зат есім), Мыңтөбе – *мың* (сан есім) + *төбе* (зат есім), Мыңшұңқыр – *мың* (сан есім) + *шұңқыр* (зат есім).

Қазақстандағы ономастика соның ішінде топонимикалық атаулар олардың шығу дәуірлерін айқындауға қазақ тілі мамандарының тілтанушы ғалымдардың көңіл бөлгені мәлім. Бірақ әкімшілік-әміршілдік үрдіс орныққан Кеңестік тұста негізінен ерте замандардағы топонимдер ғана зерттеліп, топонимикалық кеңістігіміздің қалыптасуы ежелгі сақ, иран, хұн, түрік, моңғол дәуірлері деп қана қалыптастырылды. Қазақстан топонимикалық кеңістігінің қалыптасу тарихы, осылайша, тек көне дәуірмен шектелінді. Өйткені, Қазақстан топонимикалық кеңістігінің қалыптасу тарихын жете терең зерттеу кеңес басшыларының топонимикалық бұрмалаушылығына қарсы тұра алатын мықты тосқауыл еді. Екінші жағынан, өлкеміздің топонимикасына қатысты нақтылы эмпирикалық деректер де жеткіліксіз болатын. Осы себептерге байланысты Қазақстан топонимикалық кеңістігінің қалыптасу тарихы түбегейлі зерттелмеді.

Қазіргі таңда ғалымдарымыздың топонимикаға ерекше назар салып, топонимикалық атаулар қорының молаюын және ең бастысы еліміздің тәуелсіз мемлекетке айналуы бұл мәселемен шұғылдануға толық мүмкіндік тудырып отыр.

Еліміздің топонимикалық кеңістігінің қалыптасу тарихын төмендегідей етіп қарастырамыз:

1. Қазақстандағы ежелгі тайпалар одағы мен түркілердің мемлекеттік бірлестігі кезеңіндегі;
2. Моңғол билеушілігі кезеңіндегі;

3. Қазақ хандығы тұсындағы;
4. Россия империясы үстемдігі уақытындағы;
5. Кеңестер басшылығы мезгіліндегі.

Сондай-ақ Тәуелсіз Қазақстан Республикасы заманындағы дәуірлер деп нақтыласақ, әрбір топонимикалық атау туралы мол мағлұмат, яғни атаулардың ұлттық, тілдік белгісін, халықтардың көші-қонын, аймақтарды қоныстандыру тарихын, елді мекендердің пайда болуы, олардың атаулары мен қайта аталуы, мазмұны, мағынасы тәрізді сұрақтардың жауабын қоғам тарихымен, көзқарасымен, дінімен, шаруашылығымен, қоршаған табиғи ландшафтымен байланыстыра қарауға кең мүмкіндіктер ашылады.

Өйткені, еліміздің қазіргі топонимикалық кеңістігінде жоғарыда көрсетілген дәуірлердің барлығынан да ескерткіш атаулары күні бүгінге дейін сақталған.

Патшалық империя әкімшілігі қазақ топонимдерін өзгерту мәселесін жоспарлы түрде жүргізді. М. Мырзахметұлы төңкеріске дейінгі Қазақстанда жүргізілген осы процестің үш кезеңін бөліп зерттеген:

а) 1731-1822 ж. аралығында патша үкіметі қазақ хандықтарын сырттан билеп, протекторат есебінде ұстанған кезінде жер атауларын өзгертуді өте сақтықпен, қазақ даласының қас-қабағына қарай жүргізді;

ә) 1822-1867 ж. аралығында хандық жойылып, аға сұлтандық ел билеу жүйесі енген соң, қазақ жерін бөлшектеп, отаршылдық принцип негізінде көптеген әкімшілік территорияларға жіліктеді. Бұл тұста да ру басшыларын бір-біріне айдап салып, отаршылдық саясатын оңай жолмен жүзеге асыру кезеңінде жер атауларын өзгерту әрекеті жиілеп толыға түсті;

б) үшінші кезеңдегі отаршылдық күшейген тұста, яғни 1868 ж. Жаңа Низам ережесімен 1917 ж. аралығында отарланған Қазақ жері мемлекет меншігі ретінде ресми түрде жарияланған соң, отаршылдық мазмұндағы географиялық жер атаулары мүлде күшейіп, барынша қаулай дамыды. Қазақтардың ұлан-асар өлкесіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи атауларын отаршыл өкімет саналы түрде өзгертуді шындап қолға алды» (35, 36).

Жуалы өңірінде кісі фамилиясынан қойылған топонимдер: Евгеньевка, Юсуповка, Зыковка, Самсоновка, Петровка, Кременовка, Алексеевка, (Жуалы ауд.); Гродиков, Головочевка (Жамбыл ауд.) және т.б.

Біз қажетті материалдар жинау барысында ХХ ғасырдағы материалдарда (1911 ж.) барлығы дерлік орыс тіліндегі жазылған мәліметтердің куәсі болдық. Сонда келтірілген бір мәліметтің өзінен-

ақ ХХ ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі топонимдердің қандай ахуалда болғандығын аңғарамыз. Сонымен бірге топонимдерді нөмірлеп, бұрынғы атауын сонымен қоса тарихын, ұлттық намысын жадымыздан шығару саясатының астарына кезінде мән бермегенбіз.

Шығармадағы айтылатын кезең Бауыржан Момышұлы өзі өмір сүрген – кеңес өкіметі қалыптасуының алғашқы жылдары. Өзінің туған ауылы Көлбастау Евгеньевка аталатын.

Жексенбі күні ертемен Евгеньевка жақтан орыс шіркеуінің қонырау үні естілді (1 т., 466-б.).

Біздер базардан ол-пұл қарыштап, Евгеньевкадағы Гончаровтардың үйіне келдік (1 т., 469-б.).

Түп-түзу көшесінің қос жиегін көк терек көмкерген Евгеньевка Алатаудың алақанында жатқандай көрінеді екен (1 т., 470-б.).

Өр жылғаны, бастау басын қуалап үрке қонған біздің ауыл Евгеньевканың жанында ойыншықтай көрінеді (1 т., 470-б.).

Ертеңіне көкем Евгеньевкаға барып қайтты. Кешкі ас үстінде ол менің Гончаровтардың үйінде жүріп оқитынымды айтты (1 т., 473-б.).

Осы орайда облыстық архив материалдарынан деректер келтірсек, «1976 жылы 1 қаңтарда аудан 12 сельсоветтен құралды: Актюбинский, Биликульский, Большевикский, Бурненский, Бурно-октябрьский, Евгеньевский, Казанский, Кременовский, Луначарский, Петровский, Самсоновский, Талдыбулакский.

1991 жылы 5 шілдеде аудан орталығы Бурный селосы Бауыржан Момышұлы атына өзгерді.

1993 жылы 16 наурыздағы Облыс әкімінің шешімі бойынша ауыл мен сельсовет атауы былай өзгертілді:

- Большевикский – Көктөбе сельсоветі, орталығы – Луначарка.
- Боролдайский сельсоветі, орталығы – Көлтоған ауылы.
- Евгеньевский – Аксайский сельсоветі, орталығы – Көкбастау.
- Петровский сельсоветі, орталығы – Қарасаз ауылы.

1993 жылы Жоғарғы Кеңестің шешімімен келесі атаулар өзгертілді:

- Самсоновский – Куренбельский сельсовет, орталығы – Күреңбел.
- Кременовский – Шакпакский, орталығы – Шақпақ ата.

1994 жылдан бастап 12 сельсоветке бөлінді: Актюбинский, Аксайский, Биликульский, Боралдайский, Бурненский, Бурно-Октябрьский, Жетытубинский, Карасазский, Көкбастауский, Куренбельский, Талдыбулакский, Шакпакский». Осы мәліметтерді сараптап, саралай талдасақ, топонимикалық атаулардың орфографиясы мен

семантикасы назар аударарлықтай. Демек, сол дәуірдегі саясаттың салдарының салқыны анық көрінеді. Орыс империясы барынша өзінің отаршылдық, тотолитарлық, үстемдік ішкі саясатын жүргізіп отырды. Тарихтан белгілі, орыс империясы, совет өкіметі октябрь революциясынан бұрын-соңды біздің елге переселендерін, орыс мұжықтарын, түрмеден босанып шыққан адамдарын жіберіп, қоныстандырып отырды. Олар қоныстанғанда да біздің ең шұрайлы, құнарлы, ауасы таза, жанға да, қай шарушылықтың түрі болмасын соған жайлы елді мекендерде қоныс тепті. Олар өздері отырған жерлерге сол мұжықтардың есімдері немесе жоғарыдан келген «пәрменмен» топонимдерді (жер-су атауларын) ауыстырып отырды. Б. Момышұлы туған ауыл 1993 ж. дейін Евгеньевка деп аталып келген. Бұл кісі есімімен байланысты аталған топоним. «Евгеньев кім, қайдан келді, қандай мақсатпен келді, неліктен оның есімі берілді?» – деген сұрақтар туады.

Ал Көлбастау – Жуалы ауданындағы ауыл, Мыңбұлақ ауылдық округінің (бұрынғы Ақсай) құрамында. Аудан орталығы – Бауыржан Момышұлы ауылынан оңтүстікке қарай 2 км жерде, бұта аралас сұлыбас, бетеге, селеу өскен бозғылт қоңыр топырақты тау алды жазығында орналасқан. Ауыл 1993 ж. дейін Евгеньевка деп аталып келген. Ал Көлбастау атауына ҚР Жоғары Кеңесі Президиумының 1993 ж. қаулысы бойынша өзгертілген.

Кеңес дәуірінің тұсында тарихи атауын жоғалтқан Жуалының ауылдары мен өзен-көлдері бүгінгі таңда қайта жаңғырды. Қызылалық ауылдық округінің құрамына қарайтын Ақтөбе ауылы бұрын Габаевка деп аталған. Бүгінгі таңда ауыл өз тарихи атауын алды. Бұрын бұл жерде биік төбе болған. Топырағы ақ берішті бұл төбе алыстан ағарып көрінеді екен. Сонан «Ақтөбе» аталып кеткен. Осындай тарихи атауларын алған ауылдар көптеп кездеседі. Сонау отызыншы жылдары Ел шоғырланып, алғашқы шаруашылық құрылған Дикан ауылын да диканшы шаруалар «Дикан» деп атап кеткен.

Ежелгі Тараз қаласы XIX ғ. мен XX ғ. басы аралығында «Әулие Ата» деп аталғандығы мәлім. Жамбылдың ақындық атағы жер жарып, бүкіл елдің «абыз атасына» айналады. Мәскеуге барып, үкіметтің құрметіне бөленеді. Үкімет «Әулие Ата» ойкониміне Жамбылдың атын береді. Ақын үкіметтің мұнысын ішінен қабыл көрмей тұрса да, үндемейді. Мәскеуден қайтып келе жатқан жолда пойыздың жайлы төсегінде көз іле алмайды. Өзінің атын алған қала тұсынан өтіп бара жатқанда ақын жүгініп отырған қалпы, «Әулие Атаның» аруағына сыйынып, құран оқып, толғау айтады. Ақынның қасындағы серіктері мынандай екі жол сөзді ғана естиді:

«Аруағыңнан айналайын, Әулие Ата
Атымды ап қойдың деп болма қапа», –

деген екен.

Жамбыл есіміне байланысты халық арасындағы әңгіме: Жоңғар шапқыншылығына ұшыраған қазақ ауылы қақаған қыста қоныс аударып, тау-тауды сағалап көшіп келе жатыпты. Көшті қорғап келе жатқан сарбаздар қарсы кездескен жауды жолатпай, жанқияр ерлікпен шайқасады. Бір жағынан жау, бір жағынан бет қаратпай бұрқаған қарлы боран көшіп келе жатқан жұртты қатты қысады. Көш қысқы боранға оранып, жаудың тосқауылшыларынан аман өтіп келе жатады. Бірнеше күн, бірнеше түн боран құшағында келе жатқан жұрт шаршап шалдығады. Көшбасының бәйбішесінің аяғы ауыр, айы-күні жеткен екен. Түйе үстінде толғақ басталады. Көш иесі жүк артқан түйелерді айнала шөгеріп жіберіп, айналасын, үстін киізбен қымтап жауып тастайды.

Бұл кәдімгідей үй болып шығады. Толғақ қысқан ана осы үйдің ішінде таңға жуық босанады. Боран да басылып, жарқырап күн шығады. Елдің бойы жазылып көш адамдарының қуанышында шек болмайды. Көшбасы айналасына көз салып тұрып, өздерінің бір таудың бауырында тұрғанын көреді. Ауыл ақсақалдары бұл таудың «Жамбыл» тауы екендігін айтысып әңгіме-дүкен құрысады. Көшбасы жаңадан туған баласының атын Жамбыл деп қояды.

Жамбыл атауы – 1. а) фитоним; ә) қорған; б) ороним; 2. антропоним; 3. ойконим ретінде қызмет етеді. Яғни ол қазақ тілі ономастикалық кеңістігіндегі бірнеше секторларға тән.

Жалпы ойконимдік материалдарды жинап, оны тарихи-лингвистикалық жақтан түсінік беріп талдаудың тіл тарихы мен қоғам тарихы әрі этнография, география ғылымдары үшін мән-маңызы аса зор. Ойконимдер құрамында көне дәуірдің куәсі ретінде сақталған атам заманғы көне атаулармен қатар, жаңа дәуір атаулары да мыңдап кездеседі. Қысқасы ойконимдік материалдар – халқымыздың мол қазынасы, мәдени байлығы, тілі мен тарихының қайнар бұлағы, атадан қалған мұрамыз.

Қазақ даласын мекен еткен ежелгі ру мен тайпалардың сонау ықылым заманнан басталатын ұзақ тарихы болғанымен, сол халықтар туралы, олар қоныстанған жер, қала туралы жазба деректер тым аз. Сондықтан да біз, мүмкіндігімізше ойконимдерге халықтық этимология және ғылыми негіздегі тарихи-лингвистикалық түсінік беріп отырамыз.

Жамбыл атауына қатысты пікірді Т. Жанұзақ пен А. Әбдірахмановтың еңбектерінен оқуға болады.

Жуалы ауданы – Жамбыл облысының оңтүстігіндегі әкімшілік бөлініс. 1928 ж. құрылған. Алғашында Шымкент облысы (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы) құрамында болған. 1951 ж. Жамбыл облысының құрамына кірді. Жер аумағы 4,2 мың км². Аудандағы 52 елді мекен 15 ауылдық әкімшілік округке біріктірілген. Орталығы – Бауыржан Момышұлы ауылы. Жуалы ауданы (Асы) өзенінің жоғары және орта ағысында, жерінің басым бөлігін Жуалы таулы үстірті (биіктігі орталығында 900 м, шет жақтарында 1200 м) алып жатыр. Солтүстігі мен солтүстік-шығысын Қаратау жотасы, батысы мен оңтүстік-батысынан Боралдай тауы, оңтүстігінен Талас Алатауы қоршайды. Ауданның солтүстігінде Билікөл қазаншұңқыры орналасқан. Басты өзені – (төмен жағы Асы деп аталады), оның ең ірі саласы – Шақпақ өзені. Ауданның солтүстік-батысынан Қошқар ата (Боралдайдың саласы) өзені ағып өтеді. Өзенде Ащыбұлақ бөгені салынған.

Бұл өңір Ақсу-Жабағылы қорығының солтүстік бөлігі саналады. Елді мекендері көбінесе темір жолдың бойында орналасқан. Ірі ауылдары: Бауыржан Момышұлы, Көлбастау, Қайрат, Күреңбел, Шақпақ ата, Қарасаз. Аудан жерімен Түрксіб темір жолы, Ташкент – Алматы, Бауыржан Момышұлы – Қошқар ата автомобиль жолдары өтеді. Жуалы атауы аудан жерінің өте шұрайлы, көк орай шалғынды, соның ішінде жуасы көп жер, мекен екендігіне сай аталған.

Ақсу-Жабағылы қорығы – Талас Алатауының (Батыс Тянь-Шань) солтүстік-батыс бөлігін және Өгем жотасын алып жатқан Қазақстандағы тұңғыш қорық. Жамбыл облысының Жуалы ауданы мен Оңтүстік Қазақстан облысының Тұрар Рысқұлов ауданы аумағында орналасқан. Қорық Ақсу және Жабағылы атты екі өзеннің арасына орналасқан. Ол 1926 жылы құрылған. Қазір Ақсу-Жабағылы қорығы ЮНЕСКО жасаған дүниежүзілік қорықтар тізіміне енген. Қорық бірнеше биіктік белдеуде жатыр. Тау өңірінде бидайық, түрлі шөптер, боз жусан, жоғарысында селдір арша орманы, субальпі және альпі шалғыны өседі. Одан жоғарысын мұздықтар мен көп жылдық қар жапқан. Ақсу – Жабағылы қорығының жерін Ақсу өзенінің аңғары (тереңдігі 500 метрдей) жарып өтеді. Ақсу-Жабағылы Қазақстанның ең көне қорығы, сонымен қатар Орталық Азиядағы ЮНЕСКО биосфера қорығы дәрежесін алған ең алғашқы қорық. Қорық ландшафтысы көркем және тылсым. Жазықтар мен алаңқайлар биік шынды тауларға алмасып, жартасты шатқалдармен қиылысады. Өзендері терең шатқалдарға құйылып, ақырған сарқырамаларды түзейді. Түпсіз көгілдір мұздай тау көлдерінде аспан айнадай шағылысады. Теңіз деңгейінен 3000 метр биіктікте орналасқан қол жеткізбес ұңғымаларда тастарға ойылып түсірілген

көптеген бейнелерден тұратын «сурет галереясын» табуға болады. Оларда үй және жабайы жануарлар, ежелгі адамдардың аң аулауы бейнеленген. Ақсу-Жабағылының сазды топырағында палеонтологтар тасқа айналған өсімдіктердің, жәндіктердің, балықтардың және кесірткелердің іздерін тапқан.

Жездемнің ауылына бару үшін алдымен Шақпақ асуынан асатынбыз. Орыстар бұл жерді «Кремень» деп атайтын. Өйткені бұл араның жылтырақ шақпақ тасы мол болушы еді. Қараңғыда екі тасты бір-біріне үйкесең, ұшқын шығатын. Содан қазақтар «Шақпақ», орыстар «Кремень» деп атап кетіпті (1 т., 449-б.).

Бұл кезде күн еңкейіп, Шақпақ жонынан асып барады екен (1 т., 463-б.).

Шақпақ, Жабағылы, Бұралдай жондарында сол шапақ бұлақ қаққандай сезіледі (1 т., 321-б.).

– Әй, мынауың Шақпақтың кейде байсал, кейде ызғарлы желі шығар? (1 т., 352-б.).

Үбиан жастайынан Шегір руынан Жарылқап байдың Мамыт деген баласына атастырылған екен. Олардың елі Шақпақ тауының етегінде еді (1 т., 358-б.).

Шақпақ – тау, асу, бұлақ, елді мекен, т. ж. стансасының аттары. Түркі тілдеріндегі шоқпақ (шоқ + пақ) тұлғасымен байланысы бардай (чоктал пара-пар), орнитологиялық әдебиеттерде бұл соңғы атау Қырғыз Алатауының батыс бөлігіндегі жыл құстары өтетін тау асуының аты. Шақпақ атауын Ш. Уәлиханов, С.М. Абрамзон да түркі этнонимі деп біледі.

Қазақ халқының негізгі кәсібі малдың ыңғайымен көшіп, қонып, жаңа тұрақтанған мекен атауларын көбінесе өздерінің атымен қайталап отырғандығы да кездеседі. Мысалы: Шақпақ (Шақпақ-ата), Мыңбұлақ деген жер-су атаулары үлкен Қаратау жотасының шығыс етегінде де, батыс етегінде де бар. Оның себебі, үйсін елінің осыдан екі мың жылдай уақыт бұрын өмір сүрген ұрпағы Шақпақ әулие (жерленген төбесі өзі аттас ауылында жатыр (Жуалы ауд.)) тұрған жері мен жайлаған жерге осы аттарды беріп отырған. Мұндай мысалдар Қазақстанның көптеген ежелгі елді мекендерінде кездеседі.

Шақпақата – мекен аты. Бұл өңірде шақпақ тас көптеп кездескендіктен, шақпақ тастың атасы деп кеткен, – деген пікір де бар. Бірақ біз, бұл атаудың шығу тегіне келсек, Шақпақ әулие жерленген деген пікірге саямыз.

Сонымен қазақтың тұңғыш ғалымы Ш. Уәлиханов пен С.М. Абрамзонның да түркі этнонимі деп білеміз деген пікіріне қосыла-

мыз. Бұл қазақ халқының бір атасы ретіндегі бабамыздың жатқан жері.

Шақпақата – Жуалы ауданындағы ауыл және ауылдық әкімшілік округі орталығы. Аудан орталығы – Б. Момышұлы ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 13 км жерде, Боралдай тауының қиыр оңтүстік-шығысында, бұта аралас қылқанбоз, селеу, бетеге, т.б. астық тұқымдас шөптесін өскен тау алды жазығының қоңыр, қызтылт қоңыр топырақты қуаң жазығында орналасқан. Ауыл 1992 ж. дейін Кременевка деп аталып келген. (Кременевканың іргесі 1911 ж. қаланған). 1966-1997 жылдары Б. Момышұлы атындағы тұқым өсіретін Қазақ ҚСР Мемагроөндіріс Жамбыл облысы ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасының орталығы болып келді.

Сондай-ақ Шақпақ – Жамбыл облысы, Жуалы ауданындағы бес классты теміржол стансасы, Жамбыл – Түлкібас тас жолының бойында. Аты осы маңдағы шақпақ тасты жынысты таудың атына байланысты шыққан.

Шақпақата атауына қатысты Жуалы ауданында Шақпақата ауылы және Шақпақата ауылдық округі бар.

ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1992 ж. қаулысы бойынша Кременевка селосы өзгертіліп, бұрынғы тарихи аты қалпына келтіріліп, Шақпақата ауылы аталды. Әулие (кісі) аты.

Кременевка – 8-10 ғасырларда болған қалашық. Жуалы ауданы Кременевка ауылынан оңтүстікке қарай 1 км жерде орналасқан. Биіктігі теңіз деңгейінен 1123 м. 1903 ж. Каллаур ашып, зерттеген. 1940 ж. Жамбыл археологиялық пунктінің экспедициясы (жетекші Г.И. Пацевич), 1978 ж. Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы, 2000 ж. Қазақстан ҒА-на қарасты Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (жетекші К.М. Байпақов) зерттеген. Қала таудың шығыс еңісінде орын тепкен. Құрылысы тікбұрышты, шығысында биіктігі 8 м, батысында 4 м топырақ дуалмен қоршалған. Ішкі алаңы 54x70 м қабырғасының ортасындағы бұрыштарда орналасқан биіктігі 1-2 м мұнаның үйіндісі байқалады. Қақпасы болған солт. -шығыс бұрыштағы ең биік саналған үйінді қалдықты мұнаның биікт. 3 м-дей. Үйіндінің солтүстік жағынан аумағы 35x46 м. екінші төбешік келіп жалғасады. Оны қоршап тұрған дуалдың қазіргі кездегі биіктігі 0,5-0,6 м. Қалашық орнында керамиканың сынықтары кездеседі, бір бөлігінде бейіт орын алған. Шығыс жағында кірпіш зауыты бар.

Бауыржан Момышұлы ауылы – Жамбыл облысындағы Жуалы ауданының орталығы (1936 жылдан). Тараз қаласынан оңтүстік-

батысқа қарай 69 км жерде, өзеннің (Аса өзенінің саласы) оң жағалауында, солтүстікте Қаратау, батыста Боралдай, оңтүстік-шығыста Талас-Алатауының түйіскен жерінде орналасқан. Іргесі 1916 жылы Арыс – Әулиеата темір жолын салуға байланысты қаланған. Бұрынғы Бурное ауылының атауы 19.03.1992 ж. ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының №1265-ХІІ қаулысымен Бауыржан Момышұлы ауылы (орт.) болып аталады (35, 109.). Батыр, әскери қолбасшы, белгілі жазушы Бауыржан Момышұлының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында қойылған атау. 1995 жылы Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының ескерткіші мен мемориалдық мұражайы ашылған.

Қазақта ауылында кім қадірлі, ақсақал, айтар ақылы бар, тәлім-тәрбиесі мол, тәртіпті отбасы мен ел сыйлайтын аптал азаматы бар адамды ескере отырып, сол ауылдың қариясы мен ақылшы дариясы болатын адамның атымен халық тарапынан кейбір ауылдар аталады. Бауыржанның әкесі 18 ауылдың страшыны қызметін атқарады. Ол сауатты да салмақты, сөзі өткір адам болған. Шығармада баяндағандай:

Жексенбі базары Бурное станциясының орталығында болатын (1 т., 466-б.).

Сол жылы көктемде Бурное станциясына шойын жол тартылды да, бұл жер сауда-саттықтың қызу орталығына айналды (1 т., 337-б.).

Бұл Момышұлы ауылының бұрынғы атауы. Жуалы өңірінің табиғатына байланысты боранды, үнемі жел соғып, қыстың қаттылығын аңғартатын мағынадағы топоним.

Осындай бір күпті күні Түлкібастағы Темір руының адамдары Қабаштың қолын байлап ауылға алып келіпті (1 т., 341-б.).

Түлкібас ауданы – Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан аудан. Жер аумағы 2,3 мың км². Тұрғыны 90 мың адамнан асады. Аудан орталығы – Тұрар Рысқұлов ауылы. Аудан Сырдария округіне қарасты, Шымкент уезі, Майлықент болысының аумағында, орталығы Түлкібас стансасы болып, 1928 жылы 17 қаңтарда құрылғандығын мұрағат құжаттары растайды. 1930 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің қаулысына сәйкес Түлкібас ауданы Жуалы ауданына қосылды. Бес жылдай Жамбыл облысының қарамағында болып, 1935 жылы 9-шы қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысының құрамында қайта шаңырақ көтеріп, орталығы Ванновка ауылы болып бекітілді. 1963-1966 жылдары Сайрам ауданында болды. 1993 жылы 7-ші қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қазақтың қайсар ұлы Тұрар Рысқұловтың 100 жасқа толу құрметіне орай, аудан орталығы Ванновка ауылы Тұрар Рысқұлов ауылы болып өзгертілді.

Сондай-ақ Түлкібас – орта ғасырдағы елді мекен. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы Түлкібас станциясының маңында орналасқан. 1940 жылы Жамбыл археологиялық пункті (жетекшісі Г.И. Пацевич) зерттеп, сегіз жерден тұрақты мекен-жайлардың орнын тапқан. Оның көрінісі: биіктігі 3 м-ден 10–15 м-ге дейін, аумағы 45×36 м, 56×56 м, 103×177 м, т.б. мөлшердегі әртүрлі төбешіктер. Зерттеу кезінде мекен үстінен көптеген көзе сынықтары табылған, сондай-ақ кейбір қорғаныс жүйелері, гранит тастардан қаланған іргетастар сақталған. Құрылыс жүйелеріне, зат қалдықтарына қарағанда Түлкібас VIII–XII ғасырларда өмір сүрген. Тұрғындары жартылай егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысқан көрінеді.

Шығармада: Шақпақтан өткен соң, Майлықент, Түлкібас жазығын басып өтіп, Қарақшы белден асасың. Сонан соң Машат ойпаңымен жүріп отырып, Ақсу бойын жағалайсың. Ақсу десе – ақ су (1 т., 449-б.).

Майлықент – қаласы Түлкібас. Майлықенти Мәди Меркішұлы, Кәмина Молда Мәди ибн-Меркіш Майлықенти (1868, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы Көктерек ауылы – 1924) – ақын. Ташкент, Бұхара медреселерінде оқыған. Халық арасында суырыпсалма ақындық өнерімен танылған. Ел ішінде Медеу молда атанған. Медеудің тұңғыш өлеңдер жинағы 1917 жылы «Туһфа ва жумхурият» (Республикаға сый) деген атпен Ташкент қаласында басылып шыққан. Өлеңдерінде Түркістанның отарлануы, 1916 жылғы көтеріліс, Қазан төңкерісі, халық санасының оянып, тәуелсіздікке ұмтылуы сияқты мәселелерді көтерген.

Біз Б. Момышұлы шығармашылығындағы топонимдерге тоқталғандықтан, оның өміріне қатысты жайларды талдау барысында сөз етіп отырамыз.

Ақ орданың сыртындағы әйелдер жағы әруақ-құдайға сыйынып, сыбырласып қана сөйлеседі (Б.М., 1 т.).

– Ақ орданы басындырып қойғанымыз қалай? (Б.М., 1, 3 т.). Бұл үзіндідегі Ақ Орда Байзақ датқаның шаңырағын айтып отыр, жалпы қазақ халқында ауылдың биі, ақсақалы, болысының немесе әулеттің жасы үлкендерінің шаңырағын «Ақ Ордаға» теңеп айтып отырған.

Жалпы тарихта Ақ Орда мемлекеті болған. Ақ Орда – XIV ғасырдың 1-ширегінде Шығыс Дешті Қыпшақта Жошының үлкен ұлы Орда Ежен, оның інілері Шайбан, Шингкүр, Тұқа-Темір ұлыстары негізінде құрылған мемлекет. 1226-1309 ж. Ақ Ордада Орда Ежен (1226-47/50), Күнқыран (1250/51-80), Қоныша (1289-1301),

Баян (1301-09) билік құрды. Астанасы алғашында Шығыс Қазақстанда, Ертіс өзенінің жоғарғы ағысы бойында, Алакөл маңында болды. XIII ғасырдың 2-жартысы мен XIV ғасырдың басында Сырдарияның орта ағысы бойындағы қалалардың экономика, мәдени, геосаяси жағынан қайта өркендеуінің және Хайду мен Дуваның Баян ханмен Шығыс Қазақстанда территория үшін талас-тартысының нәтижесінде ұлыс орталығы Сыр бойына көшірілген. 1309-15 ж. Ақ Ордада Сасы Бұқа хан билік құрғандығы тарихтан белгілі. Сондықтан кітабымызда бұл атауға да тоқталып кеткенді жөн көрдік.

«Жаз айының мамыржай кеші еді, – деп жазады Б. Момышұлы өзінің «Ұшқан ұя» кітабында туған жер келбетіне сүйсіне отырып – Алтын күн, құлан тауына иек артып, төңірекпен қоштасқысы келмей қызара қиналып тұрғандай сезіледі. Алатаудың құзар басынан күннің соңғы сәулелері қуат алғандай көзді ұрады. Жайлауды мамық түн біресе көгеріп, даланың бояуын біресе қошқылдандырып, біресе бозғылдандырып жібереді». Батыр Бауыржан өз шығармасында туған жердің келбетін осылай суреттейді.

* * *

Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабындағы топонимдердің тарихи-лингвистикалық сипаты

Қазіргі лингвистикада көркем шығарма текстін түзудің маңызды мәселелерінің бірі – көркем шығарманың ономастикалық кеңістігін қалыптастыру болып табылады. Осыған орай, көркем текст жалқы есімдерін зерттеу нысаны ретінде алған еңбектер санының артуы – заңды құбылыс. Жалқы есімдердің көркем шығарма текстін түздегі қызметін зерттеу автордың ойын және шығармадағы ақпаратты жеткізу мақсатында ономастикалық бірліктерді соның ішінде топонимдерді қолдануда автордың құқығын басты назарға ұстауға негізделеді.

Жеке автор стилі немесе бір шығарма ішіндегі топонимдерді зерттеу келесі параметрлер бойынша топтастырылған ономастикалық құралдарды толық талдаудан басталады.

Біріншіден, шығарманың немесе текстің ономастикалық кеңістігіндегі ономастикалық атаулардың денотативтік мағынасы бойынша қарастырылады. Біз онда стилистикалық мағыналық пен жиі қолданысы бойынша маңызды орынды алатын антропонимдер-топонимдер (ойконимдер, гидронимдер, оронимдер); антропонимдер – урбанонимдер; ақиқат антропонимдер – мифонимдер (теоним-

дер); хрематонимдер – тауар белгілері сияқты қарама-қарсы жалқы есімдердің тақырыптық разрядтарын аламыз. Бұл кітапта негізінен топонимдерге қатысты мысалдар кеңінен талданады.

Көркем шығарманы лексикалық толтыруда жалқы есімдер ерекше дәрежеге ие, ол автордың тілдік таңдауын ерекше жеткізеді. Біз қарастырып отырған Момышұлы шығармаларында олардың қолданылу жиілігі соншалық маңызды, оны жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырудың себебін түсіндіреді. Көркем шығарманың қарапайым тіл құралдары арқылы мол ақпаратты жеткізу қасиеті – шығарма, текст көлемі, оның мазмұны, жеткізетін ақпараты мен маңыздылығына байланысты болып табылады.

Көркем шығарма авторларының шығармашылық шеберлігін жалқы есімдерді текст түзу заңдылығына бағындыра алуынан, олардың шығарма ішіндегі эстетикалық маңыздылығын аша түсуінен, жалқы есімдерді қажетті ақпаратты жеткізуде, әртүрлі қызметте орынды пайдалана алуынан байқаймыз. Сонымен қатар жалқы есімдерді лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларымен байланысты қарастырылатын тілдік құрал ретінде зерттеу ономастикалық атаулардың ерекше мәдени құндылық екендігін таңыта түседі.

Мұндағы ең маңыздылық – аталған авторлар ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайтын және өзекке жақын жалқы есімдік разрядтарды пайдаланған: антропонимдер, топонимдер, этнонимдер, теонимдер, космонимдер, библионимдер. Ал солардың кейбірі ғана фитонимдер мен зоонимдерді қолданады. Оларды қолдану нақты шығарма текстімен және автордың интенциясымен, оның жеке авторлық текст құру, көркем шығарма түрлерін жазу тәсілімен байланысты. Бұл ақын-жазушылардың қандай да бір лингвомәдени өкіл ретінде ономастикалық лексиканы қолданудың тұрақтылығын көрсетсе, екіншіден, Б. Момышұлы шығармалары дидактикалық мазмұндағы барша қауымға арналған, әлеуметтік маңыздылығы жойылмаған, қызметі уақыт пен кеңістікке бағынбайтын, қабылдану ауқымы кең, әркез өзекті болып табылатын шығармалар екендігін көрсетеді. Автордың шығарма ішінде топонимдер қолданысы осыған талпынғанын байқатады.

Қоғамда ономастикалық атаулар табиғатына, оның тарихи қалыптасуына деген қызығушылық өсе түсуде. Осы тұрғыдан алғанда, геоэтонимдер ерекше құндылық болып саналады.

Қазіргі кезде онимдер әртүрлі ғылыми пәндердің: тарих, география, әдебиеттану, этнография, психология, астрономия, т.б. зерттеу нысаны болып отырғанын айта кеткен жөн. Алайда, ең алды-

мен, онимдердің лингвистикалық бірлік болып табылатыны даусыз және тіл маманы ғалымдарының зерттеу нысанына айналғаны о бас-тан белгілі. Онимдердің тілдік табиғаты туралы Ресей ономастикасының негізін қалаушы ғалымдардың бірі В.А. Никонов: «Атау – басқа сөздер сияқты ол да сөз, тіл заңына бағынады, яғни тіл біліміне қатысты бірлік», – деп атап көрсеткен.

Осы мақсатқа сай Б. Момышұлының шығармаларындағы топонимдерге тоқталамыз. Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза Бауыржан батыр туралы былай деп жазады: «Батырды қолдан жасауға болмайды, батырды сатып та алуға болмайды. Батыр белгілі бір ортада, топырақта өсіп-өнеді. Осы тұрғыдан келгенде, Бауыржан Момышұлы секілді ұлы батырды дүниеге әкелген Жуалы елі – батырлар елі» (32).

Қашаннан да батырлар елі – әулиелі жер, киелі жер аталған – Әулиеата топырағы өзінің батырлары мен небір саңлақтарын дүниеге әкелген жер. Бұл жер топонимдері туралы айтпай кетпеуге болмайды. Сондықтан да біз, әлемге әйгілі Бауыржан батырдың туып-өскен жері мен оның балалық шағы, жастық шағы, өмірінің кейбір өткелдерінің куәсі болған, сондай-ақ соғыс барысындағы Жеңіс үшін жүріп өткен жерлері мен қала, ауыл, аудан, туған өлкесі, яғни топонимдерінің мән-мағынасы мен аталу уәждеріне, тарихи-лингвистикалық сипаты мен сырын ашамыз.

Б. Момышұлы шығармаларының 30 томдық жинағының 1 томындағы топонимдерді нақтылы келтіре отырып талданады. Б. Момышұлының шығармалар жинағының «Ұшқан ұя» атты бірінші кітабында Әулиеата, Кремень, Ақ орда, Ақкөз, Бекет, Бурное, Головачевка, Діқан, Евгеньевка, Кавказ, Көлбастау, Қарақшы, Ленгер, Майлықент, Машат, Момыш ауылы, Сайрам, Ташкент, Ташкент-Пішпек (Фрунзе), Түлкібас және т.б. топонимдер кездеседі.

Ономастикалық кеңістікке топонимдерді енгізудің мерзімдік шегі барынша шартты болып келетін ұлттық ономастикадан поэтикалық ономастиканың айырмашылығы – көркем шығарманың ономастикалық кеңістігін қалыптастырудың екі кезеңі бар.

Бірінші кезең автордың көркем шығарманы дүниеге келтірудің барлық кезеңдерін: басынан бастап шығарма аяқталғанға дейінгіні қамтиды. Екінші фаза кейінгі мезгілде де, кеңістікте де еш өзгеріссіз қолданылатын нақты шығарма поэтонимдерінің статистикалық бекітілуін қарастырады. Көркем шығарма ономастикалық кеңістігін қажетті поэтонимдермен толтыру динамикасы тек бірінші фазаға тән. Көркем шығарма жазуда поэтонимдерді, шығарма ішіндегі қызметін өзгертуге болады.

Көркем шығарма ономастикалық кеңістігінің статистикалық, шектеулілігі, антропоэзектілік, топонимдік белгілері оны көркем шығарманы дүниеге әкелуші ретінде автордың рөлі маңызды болып табылатын жеке, автономды қызмет атқарушы құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, көркем шығарманың ономастикалық кеңістігі тек маңызды құрылымдық-ұйымдастырушы қызмет қана атқарып қоймайды, сонымен бірге мүмкіндігінше жан-жақты лингвистикалық және экстралингвистикалық, статистикалық ақпаратқа да ие болады. Ономастикалық кеңістік жазушы тілі сөздігінің құрылымды бөлігін қамтиды, оның авторлық жекелігін, шеберлік деңгейін сипаттайды.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повестінде қырыққа жуық топоним кездеседі. Олардың ішкі мазмұнына үңілсек, олардың әрқайсысы тұнып тұрған тарихпен өрілген. Әр атаудың тарихи оқиғаға байланысы бар екендігін байқаймыз.

Б. Момышұлы шығармаларындағы оронимдер мен гидронимдер сипаты.

Ғалымдардың айтуынша, қазақ, алтай, қырғыз тілдеріндегі географиялық атаулар лексика-семантикалық тұрғыдан топтастырғанда, екі топқа бөлінеді:

- объектінің физика-географиялық сипатын көрсететін атаулар;
- адамдардың шаруашылық, тұрмыстық іс-әрекеттері мен қоғамдық қатынастарын көрсететін атаулар.

Топонимдер: ойконим, ороним, гидроним болып бөлінеді.

Түркі тілді жер-су атауларының көпшілігі екі негізді болып келетіні, географиялық терминдер арқылы жасалатыны белгілі.

Қазақстан жерінің көбі таулы аймақ болғандықтан, әрбір орографиялық терминге бірнеше анықтауыш мәнді сөз келіп тіркеседі. Ол мәселен, көптеген адырды, кезенді, жотаны бір-бірінен ажыратып көрсетудің бірден-бір жолы. В.А. Жучкевич жалпы географиялық терминдердің жалқы есім жасаудағы міндеті туралы айта келіп, мынадай мысал келтіреді: «Көл көп кездесетін Карелияда көл сөзі ешқашан географиялық атау бола алмайды. Бір объектіні екінші объекіден ажырату үшін, бір көлді көрші көлден ажырату үшін оларға жалқы есімдер қосу керек. Конг – озеро, Сег – озеро, Выг – озеро», т.б.

Қазақ жерінде тау, адыр, кезең сияқты орографиялық терминдердің жеке түрде аз кездесуі де В.А. Жучкевич айтқан пікірді растайды. Жазық далада бір ғана тау тұрса оны «тау» деп атауға болады, ал екі тау тұрса, міндетті түрде, бір-бірінен ажырататын

сөз қосу керек. Ол сөздер екі таудың екі түрлі белгісін білдіріп тұрады. Мысалы, Алатау, Ақтау, Қаратау.

Бұл кезең орографиялық терминнің белгілі бір ареалда кездесетін түрлері ғана. Ал бүкіл Қазақстан, түркі тілді елдер бойынша жинаса, әлі де көптеген кезендер бары сөзсіз. Әр кезеңнің жылт еткен бір белгісін байқап, соған орай ат беру қазақ халқының байқампаздығын ғана көрсетіп қоймайды, ойлау жүйесі мен сөз байлығының дәрежесін де көрсетеді.

Ауылымыз Алатаудың Ақсай және Көксай шатқалынан төмен ауып, жаз жайлаудан Мыңбұлақ ойпаңына келіп қонып жатқан (1 т., 311-б.).

Ата-мекеніміз Алатаудың Ақсай-Көксай деген бөктерлерінің баурайында еді. Мыңбұлақ аталатын жайсаң жер еді ғой (1 т., 350-б.).

– Әй, мынауың сарқырап ағып жатқан Ақсай суының сарыны емес пе? (1 т., 352-б.).

Малшылар Ақсай бөктеріндегі жайлауда қоныс тепкен (347-б.).

Алатаудың құзар басынан күннің соңғы сәулелері қуат алған-дай көзді ұрады (1 т., 321-б.).

Текебайдың бақталасы – Талас Алатауының бөктерін жайлаған Жаңабайдан шыққан Байзақ датқаның баласы Қабылбек деген кісі екен (1-2 т.).

Бұл Алатаудың айғыз-айғыз шыңдарына тіпті де ұқсамайтын еді (1 т., 310-б.).

Тек Алатаудың мұз бүркеген шыңдары міз бақпай ызғар шашады (1 т., 411-б.).

Алатау жағына ел малын шығаратын да, еңістігі жерге егін егетін (1 т. 414-дың әр қырқасы текшеленіп, көктемі де кезектесіп шығатын сияқты (1 т. 414-б.).

– Алла тағала жерді жаратқанда біздің аймақты ұмытып кеткен екен. Таңертең шаршап тұрса, бір аймақ үңірейіп бос қалыпты. Ашуланған тәңірі Гималайдың мұзды шыңын сындырып лақтыра салса, Алатау орнапты. Сөйтіп жан-жағына қарағанша, әлгі мұз еріп селденіп барады екен. Мұны көрген жаратушы түстік таулардың бірінен бөлшегін жұлып алып, арқырап аға бастаған мың бұлақтың алдына тастай салыпты. Сөйтіп мына Қаратау орнаған дейді. Ал үлкен бөгетке ұшыраған су жинала-жинала, ақыры тікелей арна сала алмай ағыпты. «Теріс» өзені солай пайда болса керек. Осылайша жеріміздің әр пұшпағы әртүрлі болып шыға келген екен. Бір жері жемісті, бір жері егісті, бір жері асқақ, бір жері тастақ, бір жері шыңды, бір жері құмды болатыны да содан деседі (1 т., 414-б.).

Жоғарыда келтірген мысалдарымызда автор топонимдердің тарихы, аталу уәждері мен себептері туралы біршама айтып өткен.

Нақтырақ айтсақ, топонимдердің пайда болуындағы физика-географиялық ерекшелігіне, сол жердің табиғаты, өсімдік фаунасы, орманы, таулы, тасты жер рельефіне т.б. аталуындағы уәждеріне қатысты болып келеді.

Күн Құлан тауының тасасына тығылып, айналаны іңір қараңғысы тұмшалап алып еді (1 т., 422-б.).

Құлантау – Үлкен Қаратаудың Шақпақ белі арқылы Алатаудың Жабағылы сілемімен жалғасып жатқан Боралдай тауының солтүстік бөлігі. Құлантаудың бөктерінен жанға жайлы сулы көптеген бұлақтармен қатар Құлан өзені бастау алады. Құлантаудың батыс бөктерінен Әулиесайдан Ұзынбұлақ аталатын бұлақ ағып шығады.

Жергілікті ақын Мырзахан Ахметтің «Жері, суы дуалы – Жуалы» еңбегінің 5-11-беттерінде Жуалыға арналған төмендегі жолдарды көреміз.

Құлтырған жер әсемі қайда осындай,

Саянда көңіл гүлі жайнасын бай.

Билікөл түстік жерден жарқырайды

Сұлудың түсіп қалған айнасындай.

Беу, беу Жуалы! Айша әкпем сол аты аңызға айналған Қазығұрттың баурайында тұратын (1 т., 450-б.).

Қазығұрт тауы – Талас Алатауының оңтүстік-батыс сілеміндегі аласа келген жота. Шымкент қаласынан оңтүстікке қарай 35 км-дей қашықтықта орналасқан. Солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 55 километрге созылған. Ортаңғы биіктеу бөлігінің ұзындығы 22 км, енді жері 10 км. Ең биік жері жотаның шығыс бөлігінде орналасқан (1768 м). Шығыстан батысқа қарай аласарып 800 м-ге дейін төмендейді. Батыстың ең биік жері 875 м (Бағаналы тауы). Солт. беткейі жалпақтау болып келетін бірнеше қырқалы жондарға тармақталады. Келес өзені бастау алатын оңтүстік-шығыс беткейі жарқабақты келген. Тектоникалық құрылымы жағынан палеозойлық қатпарлыққа жатады. Геологиялық жыныстарының көпшілігі әк тастардан тұрады. Жотаның жонды-қырқалы келген шығыс бөлігіндегі қоңыр топырағында бұта аралас бидайық, нарғия, батысындағы аласа бөлігіндегі сұр, бозғылт сұр топырағында көктемдік көп жылдық өсімдіктер, еркекшөп, қоңырбас, қияқ, т.б., беткейлерінде бетеге, боз, шатқалдары мен аңғарларында арша, долана, алма ағашы өседі.

Қазығұрт ауданы – Оңтүстік Қазақстан облысының оңтүстік-шығысында орналасқан әкімшілік бөлік. Жерінің аумағы 4,1 мың км². Тұрғыны 100,8 мың адам. Ауданда 61 елді мекен

12 ауылдық округке біріктірілген. Аудан орталығы – Қазығұрт ауылы. Аудан жерінің көп бөлігі теңіз деңгейінен 800-1200 м биікте орналасқан. Шығысында Қаржантау (2000-2800 м), Өгем (3000-3600 м) биік таулы жоталары, орталығында оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай Қазығұрт жотасы (800-1700 м) созылып жатыр.

Аудан жерінен Келес, Өгем, Қаржансай, Мұғалысай, т.б. өзендер ағып өтеді. Ірі елді мекендері: Қазығұрт, Жаңабазар, Қақпақ, Еңбекші, Қаржан, Шарапхана, Рабат, Тұрбат, Қызылқия, Шарбұлақ, т.б. Қасиетті Қазығұрт тауы атымен аталатын аудан 1928 жылы құрылған. Орталығы Тұрбат, Шарапхана, кейіннен Ленин (қазіргі Қазығұрт) селолары болған.

Сонымен жоғарыда айтып өткеніміздей, А.В. Суперанскаяның пікірінше, әрбір атау – тарихи, ал топонимиканы түгелдей тарихтың айнасы деуге болады. Географиялық көне атаулар тарихи ескерткіштер іспетті, себебі өткен замандардың мұралары ретінде мемлекеттер мен халықтардың тарихының, жер жағдайларының, материалдық және рухани мәдениеттерінің белгілі бір тарихи кезеңдердегі келбетін, қалпын көрсетеді. Сондықтан топонимдерді диахрондық бағытта зерттеу арқылы қарастырамыз. Қазығұрт өңірінің жер бедерінің қалыптасу тарихын ескі және жаңа кезеңде екіге бөліп қарастыруға болады. Олар: ескісі – мезозей-палеоген кезеңі, жаңасы – неоген төрттік (антропоген) кезеңі. «Қазығұрт» энциклопедиясында антропоген кезеңіндегі Қазығұрт өңірі жер бедерінің қалыптасуы былай суреттеледі: «Су айдындары тау бөктерлерін бұзып, жазық жерлердегі су астында үгілген жыныс қабаттарға қалыптаса бастаған. Бұл құбылысты Қазығұрт тауымен өзара байланысып жатқан Ордабасы, Қызылсеңгір, Аңқи, Әлімтау, Қойлық, Маңсар мен Қыңырақ таулы-қыраттары маңындағы ойпаттардан да аңғаруға болады. Неогеннің екінші жартысында бұл алқаптағы сулар толығымен тартылып, бірлі-жарым көлшіктер қалады да, қазіргі таулар мен жазықтардың пайда болу кезеңі басталады. Тянь-Шань массивтері төмендеп, тауаралық ойыстар мен жазықтар пайда болады. Палеозой мен докембрийдің шөгінді, метаморфтық және атпа жыныстарынан түзілген жер қыртысы пенеплендік процеске ұшыраған. Күшті режим бұзылып, қазіргі рельеф пішіні қалыптасқан. Күшті сілкіністер мен тербелістер әсерінен шөлді даладағы сұр топырақ бетін қызыл-қоңыр, ал таулы аудандардағы сортаң топырақ қара топырақ жамылғысына ауысқан. Құрлықта тіршілікке қолайлы жағдай туып, тіршілік иелерінің мекен-тұрағына айналады, өлкенің бүгінгі таңдағы көрінісі қалыптасады».

* * *

«Москва үшін шайқас» шығармасындағы топонимдер

Топонимдердің түрлері – қоғам тарихының айнасы болып есептеледі. Қазіргі таңда топонимдердің лингвистикалық сипатын ономастикалық бағытта жан-жақты зерттеп, ғылыми тұрғыдан зерделей білу, әрбір атаудың немесе топонимнің жинақталған қызметі арқылы көрінетін құбылыстарды терең тани білу көкейкесті мәселеге айналып, жан-жақты зерттеліп отыр.

Б. Момышұлы шығармаларындағы топонимдерді саралау, зерттеу барысындағы кез келген аймақтың (аумақтың, регионның, өңірдің, өлкенің) топонимиялық жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан: аймақтың табиғат жағдайларын, сол өлкені мекендеген халықтың көне және жаңа тарихын өн бойында сақтаған, ұлттың материалдық және рухани мәдениеттерінен көрініс бере алатын көптеген жалқы географиялық есімдер жиынтығы, кешені болады. Қайсы бір аймақтық топонимдер кешені немесе жиынтығы белгілі бір топонимиялық жүйе құрайды, себебі топонимдер өзара және тілдегі, тілден тыс (экстралингвистикалық) факторлармен күрделі, диалектикалық қатынастарда болады және сол қатынастар негізінде жүйе ретінде қалыптасады. Басқаша айтқанда, аймақтық топонимиялық жүйенің қалыптасуында қоршаған ортаның физика-географиялық жағдайы, сол өлкені көне замандардан бері мекен еткен халықтың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, т.б. алғышарттары болып табылады.

Аймақтық топонимияның жүйесін және құрылымын қалыптастырған және топонимдердің сипаттары мен ерекшеліктеріне ықпал еткен физика-географиялық, тарихи, лингвистикалық, этномәдени, жағдайларды қарастыру, түсініктерді айқындап алуымыз керек.

Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас» шығармасында нақты жүз отызға жуық топонимдер кездеседі. Бұл тізім қосымшада беріледі.

«Қазақ халқының даңқты перзенті Бауыржан Момышұлының аса күрделі өмір жолы Ел басындағы ірі тарихи кезеңдермен тұспа-тұс келеді. Өткен XX ғасырдың басында, атап айтқанда – 1928 жылдан бастап үнемі ат үстінде сапар шегіп, бұрынғы КСРО, қала берді одан тыс алыс елдерді аралап, көзімен көріп қайтты. Шығысы – сонау Қиыр Шығыспен, батысы – Америка континентіндегі Куба мемлекетімен, оңтүстігі – Термез, солтүстігі – мүк басқан, азулы азынаған аязды, бет қаратпайтын боранды тіктің кең алқабын аралап қайтқаны белгілі», – дейді М. Мырзахметұлы (2 т.)

Б. Момышұлы шығармаларының топонимдік жүйесін қарастырудағы тақырыптың өзектілігі, біріншіден, оның таулы, қыратты аймақта орналасуымен, осыған байланысты жергілікті топонимияның қалыптасуында көптеген тарихи, географиялық факторлар алға тартылады. Топонимге қатысты тарихи оқиғалар, жер бедері мен флора, фауна ерекшелігімен айқындалады. Екіншіден, оның өзектілігін арттыра түсетін басты себеп – шығармадағы топонимдердің тілдік, тарихи таным жүйесіне сәйкес қай халық болмасын оның жалпы рухани құндылықтар (аксиологиялық) жүйесінен мықтап орын алғандығы. Ал бұл кітапта қарастырылатын аймақтық топонимдер жиынтығы мен жүйесінде көрініс беретін Б. Момышұлының соғыс барысындағы Отан үшін от кешкен жерлеріне қатысты топонимдердің әлеуметтік-рухани тарихы, өмір сүру жағдайы, дүниетанымы, т.б. мәдени мұра құндылықтар санатына жататындығын мүмкіндігімізше нақтылы талдап отырамыз және түсінік береміз. Біздің негізгі мақсатымыз Б. Момышұлының Ұлы Отан соғысы кезіндегі батырлық ерлігінің куәсі болған бұрынғы Одақ көлеміндегі топонимдерге шығармадан нақтылы мысалдар келтіре талдаймыз. Шығармадағы топонимдердің дені оқиға орны болған Ресей, Москва облысының аудандары мен деревнялары, өзен, көлдері, тауы мен тасы туралы сөз етеміз.

Бұл мәселені ономастикалық бағытта қарастырсақ, бұрынғы КСРО (СССР) Одақ құрамында он бес одақтас республика болатын. Астанамыз – Москва болды.

Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас» романы А. Бектің «Арпалыс» романының заңды жалғасы болып табылады. 1942 жылы басталған А. Бектің «Арпалыс» романының бірінші және екінші бөлімі жазылып, қалған бөлімдері аяқталмай қалды. Б. Момышұлы 1945 жылдан 1956 жылға дейін «Арпалыс» романының шығуын тағатсыз күтті. Бірақ роман ары қарай жазылмағаннан кейін амалсыздан өзі қолына қалам алып «Москва үшін шайқас» деген атпен жалғастырып жаза бастайды. Б. Момышұлының бұл шығармасы Ұлы Отан соғысы кезіндегі қиян-кескі соғыста Москваны қорғап қалуға арналады. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Халық қаһарманы, батыр Бауыржан Момышұлының қазақ жерінен туып, өткен өміріндегі кездескен топонимдерді жүйелеп көрсету арқылы ономастикалық негіздегі ғылыми тарихи-тілдік талдаулар жасау, жүрген жолын нақты топонимдер арқылы жүйелеп көрсету. Ұлы Жеңіске жету жолындағы ерліктердің куәсі болған топонимдер арқылы жеткіземіз.

Аймақтық топонимиялық жүйенің тілдік өзіндік келбетін қалыптастыратын қоршаған орта (географиялық фактор), әлеуметтік-

экономикалық, этнографиялық, тарихи жағдайларының біртұтастығы облыс көлемінен кіші аймақтар топонимиясынан да өз көрінісін табады және сол кіші (облыстан) шектеулі топожүйесінің экстралингвистикалық алғышарттары болып келеді. Біздің пікірімізше, белгілі бір аудан аумағындағы топонимдер жиынтығы аймақтық топонимиялық жүйесін құра алады, себебі кейбір аудан (барлығы емес) топонимиясы сол алғышарттар мен олардың топонимиялық көріністерінің байланысын аймақтық деңгейде паш етеді. Яғни, аймақтық сипат сол аудан көлеміндегі топонимиялық жүйеге тән, демек, аудан топонимиясы басқа аудандар, басқа өңірлер, өлкелер топонимиясынан өзгеше, өзіндік ерекшеліктерге ие. Әр ауданның – сол бір шектеулі аймақтың дара, өзге өңірлерге ұқсамайтын тарихи тағдыры, физика-географиялық жағдайлары (геологиялық құрылымы, жер бедері, ландшафтық зоналары, гидрографиясы, т.б.), өзіндік тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік-экономикалық өмірі болған және де бар. Әрине, республика, облыстар көлеміндегі (территориясындағы) топонимиялық, жүйелерге ортақ физика-географиялық негіздерінің, жалпы ұлттық топонимияның келбетін сомдаған тарихи, этнографиялық факторлардың бар екендігін ешкім жоққа шығара алмайды.

Кіші аймақтық топонимияның тағы бір ерекшелігі – аудан тіпті белгілі бір ауыл әкімшілік (ұжымшар) территориясы көлемінде микротопонимдік жүйе құра алатындығы.

Микротопонимдер топонимдердің ерекше бір түрі: жалқы географиялық есімдер ретінде олардың өзіндік өзгешеліктері бар. Микротопонимдердің басты ерекшелігі ретінде орыс топонимист-ғалымы В.А. Никонов аталған микротопонимдік нысанның ұсақтығын атайды: «...микротопонимы – названия мелких географических объектов».

Микротопонимдердің және де макротопонимдердің ортақ белгілері мен сипаттары бар. Мәселен, микротопонимдердің макротопонимдердегі сияқты басты қызметі – локалды түрде географиялық нысанды атайды, кеңістіктегі орнын көрсетеді, ал сөйлесімде (речь) болған (болып жатқан) оқиғаның, эпизодтың «адрестік» орнын нұсқайды (меңзейді).

Микротопонимдер мен макротопонимдердің ортақ басты белгілеріне және де:

- 1) экстралингвистикалық факторлармен байланыстылығы;
- 2) аталған бір нысанның екі не одан көп географиялық есімі болуы;
- 3) географиялық жалқы есімдер жүйесінің бірлігі (компоненті) болуы;

4) атауыштық мағынасынан басқа коннотативтік компоненттері болуы.

Алайда микротопонимдерге ғана тән өзіндік ерекшеліктері бар. Орыс микротопонимикасына тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері, орыс ғалымдарының пікірінше, төмендегідей:

- а) микротопонимдердің басым көпшілігі семантикалық уәжділікке ие;
- ә) микротопонимдер ұзақ уақыт «сақталмайды»;
- б) морфологиялық және фонетикалық варианттарға, дублеттерге ие;
- в) сөз тіркестері құрамында жиі қолданатындығы;
- г) диалект (говормен) байланыстылығы;
- д) аса көп емес адамдарға (қауымға) мәлімділігі, т.б.

Микротопонимдерге тән тағы бір басты өзгешелігі – белгілі бір аса көлемді емес (шектеулі) аймақтың (аудан, ауыл, ауыл іші немесе маңайы) микротопонимдік жүйесінде болуы. Осыған байланысты микротопоним шартты түрде азғана адамдарға мәлім, уәжділігі жергілікті тұрғындарға ғана белгілі және ұсақ нысан (объект) атауы ретінде карталарда белгіленбеген. Микротопонимдердің осындай сипаттары кіші аймақ (аудан) топонимдерге, яғни аудан аймақтық топонимиялық жүйе бірліктеріне тән деп айта аламыз.

Сонымен, аймақтық топонимиялық жүйе ретіндегі географиялық атаулардың қалыптасу үдерісінде (процесінде) және олардың қазіргі тұрақтылығында заңдылық түрінде кездесетін және қайталанып тұратын ерекшеліктер, белгілер, өзгешеліктер кешенді түрде қатысады.

* * *

Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас» шығармасындағы макротопонимдер

Б. Момышұлы шығармаларында халықтың көне және жаңа тарихын өн бойында сақтаған, ұлттың материалдық және рухани мәдениеттерінен көрініс бере алатын көптеген макротопонимдер бар. Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас» шығармасындағы макротопонимдер тарихи-лингвистикалық сипатта анықталады. Шығармада кездесетін макротопонимдерге: Азия, Европа, Батыс Европа, Орта Азия, Қазақстан, Алматы, Өскемен, Павлодар, Жетісу, Россия, Москва, Ленинград, Ташкент, Қиыр Шығыс, Павлодар, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан Шымкент, Сибирь, Владивосток, Великобритания

тания, Германия, Украина, Белоруссия, Латвия, Молдавия, Литва, Эстония, Франкфурт, Уссури өлкесі, Амур, Байкал, Қырғыз Ала-тауы, т.б. жатады.

Ресей макротопонимдері.

Алдымен шығармадағы орыс макротопонимдеріне талдау жасаймыз. Ресей топонимі. «Біз қаладан өттік, мен бұрылып кейін қарадым: соңымыздағы ойпанда жаңа ғана оның орталық көшесімен өткен, ойран басталып, ойран күткен түзу көшесі, әп-әдемі соғылған, қаз-қатар тігілген шатырдай ықшамды үйлі Россияның көп қаласының бірі» (2 т., 9-б.).

Россияның күзгі ашық күндері біздің оңтүстіктің ашық күнінен айрықша келеді (2 т., 75-б.).

Бірақ 1941 жылғы күз Ресейдің мәңгілік есінде қалар сұрғылт, мейірімсіз күз еді. Россияның жерін шекарадан бастап бомба, снаряд, миналардың орындары шешектей ойып таңбалаған күз. Шекарадан бастап Москваның дарбазасына дейін орақшы бау байлағандай жауынгерлер қабыры аяқ асты төмпештеле тізілген күз (2 т., 81-б.).

Россияның қыстақтары ағаш үйлі болады (2 т., 89-б.).

– Россия ұлан байтақ – бірақ шегінуге жер жоқ. Арқамызда Москва! – деп атойлап, ол қолындағы бір бума гранатпен алдында келе жатқан танкке ұмтылады (2 т., 115-б.).

Россияның қатты қысы (2 т., 252-б.).

Россияның аязды қатты қысы, қалың қарға көмілген түрі бұдан бұрын көзіме мұндай ыстық, мұндай шырайлы көрінген емес еді (2 т., 275-б.).

Көкірегінде Россия Құрамасының депутаттық белгісі бар (2 т., 282-б.).

Россия – Азия мен Еуропа құрлықтарында орналасқан мемлекет.

Жер аумағы жағынан дүние жүзіндегі ең үлкен мемлекет. Россиямен Қазақстан арасындағы шекара әлемдегі ең ұзын шекара болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшесі. Россияның экономикасы жылына орташа есеппен 7% жылдамдықпен өсуде, бұл дүние жүзіндегі ең жоғары өсу қарқындарының бірі. Оңтүстік пен оңтүстік-шығыста Қытаймен, оңтүстік-шығысында Солтүстік Кореямен, Моңғолиямен, Қазақстанмен, Әзірбайжанмен, оңтүстік-батыста – Украинамен, батыста – Финляндиямен, Беларусьпен, Эстониямен, Латвиямен, Норвегиямен шектеседі. Россиядің ауа райы оның үлкен аумағына байланысты әртүрлі: көп аумағы континенталды немесе қоңыржай континенталды, ұзақ қысымен және қыста ыстық емес, соған қарай

Россияны 3 үлкен аумақты аймаққа бөлуге болады: Еуропалық Россия, Орал тауынан батысқа қарай аумақты алып жатыр. Сібір, Оралдан Тынық мұхиты жағалауына дейін созылып жатыр. Россияда 1000-нан аса қала бар.

Москва. Бұл жер мен Москваның арасы жап-жақын-ақ қой, «үйіме ертең ойран салынады деген қауіп кімді қажытып, кімді мұңайтпас, жолдас аға политрук», – деді төмен қарап бізбен қатар келе жатқан Жалмұхамед Бозжанов (2 т., 7-б.).

Москваға тақап келіп қалдық, жігіттер. Фашисті шынымен-ақ 1812 жылғы француздар сияқты қарт Кремльдің ішіне енгіземіз бе? Жоқ енгізбейміз! (2 т., 187-б.).

– Жолдас Момышұлы! – деген генералдың үні естілді. – Сіздерде радиоқабылдағыш бар ма?

– Бар, жолдас генерал.

– Онда Москваны тыңдай қойыңыздар!

Степанов ары-бері бұрап Москваны ұстауға тырысты (2 т., 196-б.).

Тыныштық... Көз алдымызда орлармен, окоптармен жырым-жырым болған Москва өлкесінің жері (Б.М., 2 т., 200-б.).

Мен Краевпен бірге сол ірге жаққа қарай келе жатырмын.

– Жолдас комбат, бір-екі сөз айтуға болар ма екен?

– Айта ғой, Семен.

– Кім білсін, Москвада Қызыл Алаңда әскерлер салтанатпен сапта тұрған шығар... Сіз қалай ойлайсыз, немістер Қызыл Алаңға да самолеттерін қаптата ма екен? Әлде онда да бұлыңғыр тұман ба екен. Біздің естігенімізді неміс естімеді дейсіз бе, олар да қарап отырмас... – деп қауіптене сөйледі Краев.

– Тұман бөгет емес, Краев. Демек, Қызыл Алаңда парад жүргізіліп жатқанына қарағанда Москва көгінің мықты сенімді қорғаныста болғаны (Б.М., 2 т., 200-б.).

– Жолдастар, бүгін, міне қазір Қызыл Алаңда Москва гарнизонының салтанатты парады болып жатыр... Қолбасшы партия мен үкімет атынан сөз сөйледі. Ол бізді Октябрь революциясының 24 жылдығымен құттықтады, я жолдастар, бұл жылды біздің еліміз өте қиын жағдайда мейрамдап отыр... Жау көп жерімізді алып қойды. Ленинград пен Москваға өте тақау (2 т., 201-б.).

Оның қатал құрсауы Москва төңірегін тарылтып, қусыра түсуде. Бұл қайсымыздың жанымызға батпайды дейсің. Қайсымыз осы қаланы сүймедік, қайсымыз осы қала туралы жырды шабыттана жырламадық? Москва аман болса екен, Москва тыныш болса екен деп қайсымыз айтпадық. Күн асқан сайын біздің шегіне түсуіміз де Москваға қатты батуда. Бірақ, біз берікпіз, берік бола

бермекпіз! Уақыт! Уақытты ұту керек! Сонда Москва жау қолына түспейді!» (2 т., 202-б.).

...Москва өлкесіндегі деревнялардың үйлері ылғи ағаштан салынады (2 т., 203-б.).

...Тағы бір хабар алынды, онда былай депті: «СССР Қорғаныс Халық Комиссарының бұйрығы, 18 ноябрь, 1941 жыл, №339. Москва (2 т., 205-б.).

...Қас қарайғанда біздің полкқа Москвадан 350 адам келді. Үстеріндегі сұр шинельдері мен қолдарындағы жарақтары ғана болмаса, олардың ортасында не офицер, не сержант атағы бар кісі де көрінбейді. Комиссар олармен әңгімелесіп тұрғанда орнынан бір еңгезердей кісі түрегеліп, мылтығына сүйеніп тұрып, қарлыққан даусымен былай деді:

– Жолдас командир, жолдас комиссар! Біз болсақ Москваның жұмысшыларымыз. Бізді мұнда Москваның партия ұйымы жіберді (2 т., 244-б.).

Мен үңіле қарадым: «Москва» деген ірі жазуды оқыдым...

– Сулима, сіз Москвада болып па едіңіз?

– Жоқ, жолдас командир! Тек сыртын айнала эшелонмен өткеним болмаса...

Мен картаға тағы да үңіле қарадым. Карта бетінде Москваның сансыз шеңберлене орағытқан көшелері, көк сең-сең, жайылған тері сияқты парктері мен бульварлары, иір-иір арналары мен ағып жатқан өзендері топография белгілерімен нақыштала, ап-айқын сызылған (2 т., 245-б.).

Картаға қарап отырып ойыма әр нәрсе келді. 1812 жылы Наполеон әскері Москваны өртеп, қарт Кремльдің көк тасын лаптап еді (2 т., 245-б.).

Айыр циркулімді алып, Крюково мен Москваның арасын өлшедім. Төтесінен 30-ақ шақырым. Немістер тағы бір жұлқыңса, Москваның іргесіне дейін қашық емес. Ал егер біз тағы да шегінуге мәжбүр бола қалсақ, дұшпан алдында тосқауыл болып, бекінуге жағдайлы жер бар ма екен деген оймен, Крюково мен Москваның арасындағы жер жағдайын карта бетінен бір шолып өттім (2 т., 246-б.).

Түс көргендей қиялымда дұшпан Москваның көшелерінде жүр (2 т., 246-б.).

Мен картаның бір шетінен бүктелген жерінен сырып отырып екі бөліп кестім де, Москва белгісі бар жартысын Сулимаға ұсынып:

– Мә, мынаның бетіндегі жер жағдайын бізге танудың керекі де болмас. Жағып жіберіңіз, – дедім (2 т., 247-б.).

Жолдастар, біздің үш Қызыл Ту орденді даңқты командиріміз, генерал-майор Иван Васильевич Панфилов 18 ноябрь, 1941 жылы Москва облысы, Гусеново деревнясының түбінде ерлікпен қаза болды (2 т., 187-б.).

Осы сөйлемдердегі Москва топониміне тарихи-лингвистикалық тұрғыдан түсінік бертін болсақ, Москва – Ресей Федерациясының астанасы. Ресейдің Еуропа бөлігінің ортасында, Москва өзенінің жағасында орналасқан. Жер аумағы 1000 км². Климаты қоңыржай континенттік орташа температура қаңтарда – 10,2⁰С, шілдеде 18,1 С; жылдық жауын-шашын мөлшері 600 мм-ге жуық. Москва – дүние жүзіндегі ең ірі қалалардың бірі. Халқы 11,5 миллионнан асады.

Қысқаша тарихы туралы мәлімет берер болсақ, Москва – XIII–XIV ғғ. Владимир Суздаль ұлы князьдіктерінің, XV ғ. соңғы ширегінен 1712 жылға дейін бір орталыққа бағынған орыс мемлекетінің, 1918 жылы наурыздан – 1922 жылдың желтоқсанға дейін РКФСР-дің, 1922 жылы желтоқсаннан – 1992 жылға дейін КСРО-ның астанасы болды.

Москва аумағындағы алғашқы қоныстар б.з.б. 2-мыңжылдықта пайда болған. X–XI ғасырларда мұнда шығыс славян тайпасы – вятичтер қалашығы орналасты. Москва жөніндегі ең алғашқы дерек Ипатьев жылнамасында кездеседі. 1147 жылғы сәуірдегі жазбада князь Юрий Долгорукидің Чернигов-Северск князі Святослав Ольговичті өз мекеніне, «Московка» кеңес өткізу үшін шақырғаны баяндалады. Осы жыл (1147) Москваның (Москваның) іргесі қаланған мерзім болып есептеледі.

Москваның өсуіне, жетекші рөл атқаруына оның тұрған жері (орыс халқының қалыптасуына ықпал еткен орталық, сауда жолдарының торабы) себеп болды. XV–XVI ғасырларда Москва саудамен, қолөнермен айналысатын ірі қалаға айналып, біртіндеп бүкіл орыс жерінің мәдени орталығы бола бастады. Кремль, Покров соборы (Василий Блаженный), т.б. салынды. Москвада орыстың кітап басу өнері дами бастайды. 1607-12 жылы поляк-литван интервенттері Москваны басып алды. Оларға қарсы К. Минин мен Д. Пожарский бастаған азаттық күрес орыс халқының жеңісімен аяқталды. Бірте-бірте Москва бүкіл Россиялық нарықтық орталыққа айналып, Еуропа, Азия көпестерінің назарын аударды. 1678 жылы славян-грек-латын академиясы ашылады. Москва тұрғындары И. Болотников бастаған шаруалар соғысына, XVII ғ. көтерілістерге белсене қатысқан.

Москваның әкімшілік округтері: 1. Центральный әкімшілік округі; 2. Северный әкімшілік округі; 3. Северо-Восточный әкімшілік округі.

округі; 4. Восточный әкімшілік округі; 5. Юго-Восточный әкімшілік округі; 6. Южный әкімшілік округі; 7. Юго-Западный әкімшілік округі; 8. Западный әкімшілік округі; 9. Северо-Западный әкімшілік округі; 10. Зеленоградский әкімшілік округі; 11. Новомосковский әкімшілік округі; 12. Троицкий әкімшілік округі.

2012 ж. 1 шілдесіне дейін Москвада 125 аудан және 10 әкімшілік округ болды. 2012 ж. 1 шілдеден, Москва аумағын кеңейту мақсатымен 2 әкімшілік округ (Новомосковский және Троицкий) қосылды.

2012 ж. жаз айында «Жаңа Москва» жобасы жасалды.

Ал «Москва» ойконимінің этимологиясы туралы айтсақ, қаланың атауы негізінен өзен атынан пайда болған. Бірақ *Москва* гидроним этимологиясы нақты дәлелденбеген. Соңғы кездері мамандар арасында балтық және славян сөздерінің өзен атауынан пайда болғаны туралы болжамдар кең тараған. Бұл екі болжамның да семантикалық мағынасы «жидкий, топкий, сырой, слякотный» деген сөздерге саяды.

Москва, социалистік алып державаның астанасы болды. Дүниежүзін дүрсілкіндірген социалистік идея батыс мемлекеттерін бейжай қалдырмады. Большевиктерді «бесігінде» тұншықтыру олардың стратегиялық жоспарында болды. Сондықтан гитлершіл Германияның қолтығына су бүркіп, оның бетін Шығысқа қарай бұрды. Соғысқа қатысқан мемлекеттердің басты шарты қарсыласының астанасын басып алып, тізе бүктіру. Кез келген мемлекеттің жүрегі оның астанасы болғандықтан, оны жаулап алғаннан кейін, ол мемлекет жеңілді деген сөз.

Сол себептен Гитлер басты нысананы Москва деп, оған екі айдың ішінде жетіп келді, оны алуда үлкен сенімде болды. Бірақ Москва үшін шайқаста Вермахт сағы сынып ұтылып қалды. Оған:

Коммунистік идеологияның құдіреттілігі;

Сталин бастаған Ставканың соғыс барысын ұтымды ұйымдастыруы;

Қыс айының ызғарлылығы себеп болды.

Москва, Сталинград үшін шайқастардан жеңілген Вермахттың түбегейлі сағы сынды. Москваны Отанның жүрегі ретінде, оны аянбай қорғауда, панфиловшылардың жанқиярлық күресі, шешуші ролі тарихта ойып орын алады. Қаптап келе жатқан танкілерді бір-бір солдат болып таңдап алып, қойындарына танкіні жандыратын гранаталарды тығып, гусеницасының астына түсіп танктерді тоқтатып жандырып жіберу бұрын болмаған оқиға десе де болады. Панфиловшылар «Пушечное мясо» болып ентелеген жауды тоқтатып,

бетін қайтарған. Бұл теңдесі жоқ ерлік тез арада жер шарын шарлап кетті. Елінен алыс жерде қазақстандықтар Москва үшін шейіт болып кетті. Бұл ерлікті Москва мәңгі есінде сақтайды.

Бұл Б. Момышұлы шығармасының тақырыбы «Москва үшін шайқас» болғандықтан Москва топонимі көп кездеседі. Сондай-ақ шығармада Москва топониміне қатысты көптеген мәліметтер мен шығармадағы оқиға желісінде автор тарапынан баяндалып отырғандығы байқалады. Біз Б. Момышұлының шығармаларындағы Москва туралы айтылған, келтірілген үзінділерден-ақ Отанға деген сүйіспеншілік пен патриотизмнің, ыстық ықыластың анық екендігі байқалады.

«Алды-артыңа қарамай даңғыл жолмен Москваға тарт!» – деген жоғарыдан жарлығы бар көрінеді (2 т., 91-б.).

«Москваны қорғап қалу совет солдаттары, ержүрек жауынгерлері үшін оңай болмады... Бәрі, бәрі, жеңіс үшін еді... Міне, биыл, біз, осы қаһарман жауынгерлеріміздің алып берген жеңісінің арқасында «Жеңістің 70 жылдық» мерекесін атап өтіп отырмыз. «Ешкім де, ешқашан ұмтылмайды!» Шығармадағы топонимдерді зерттей талдау барысында ондағы кейіпкерлердің де образы (бейнесі) терең таныла түседі.

Қиыр Шығыс. 1938 жылы Қиыр Шығыстың өркеш-өркеш таулары, Уссуридің дүлейлене біткен ұшы-қиыры жоқ ормандары, Сквородино мен Волочаевкадағы мәңгі суық аймағы арқылы жүріп Амурдың ирек өзенін тіке кесіп, Байкалдың жағасындағы алыс тескен тауларынан өтіп, Сибирьдің кең дала жазығы мен тауларын басып, Қырғыз Алатауының бауырында жатқан Жуалыдағы туған ауылыма Владивостоктан он бес күн, он бес түн дегенде зордан жеттім (2 т., 13-б.).

Сонда да болса жыл сайын өте алыс Қиыр Шығыстан қарт әкемді, кіндігімді кесіп, кірімді жуған туған жер, туысқан елді аңсап келуші едім (2 т., 13-б.).

Иә, мен шынында да жыл сайын демалыс алғанда Қиыр Шығыстан ауылға «ашығып» жететінмін (2 т., 13-б.).

Мен генералға 1936 жылы Қиыр Шығыста ұзақ жорықта жүрген кезде комсомол билетімді жоғалтып алғанымды айттым. Қиыр-Шығыстың бір шалғайынан екінші шалғайына ауа көшіп жүрген әскерлік өмірде бұрынғы есепте тұрған жерімнен қанша байланыс жасасам да, еш хабар ала алмай, ақыры комсомолдан өз-өзімнен шығып қалдым (2 т., 194-б.).

Мен соғыстан бұрын Қиыр Шығыста генералдың қарамағында 2-3 жылдай қызметте болғанмын (2 т., 260-б.).

Ресейдің Қиыр Шығысы. Ресей Федерациясы Еуразияның солтүстік-шығысында орналасқан, аумағы жалпы құрлықтың 1/8 бөлігін қамтитын, жерінің ауданы жөнінен дүние жүзінде бірінші орын алатын аса ірі мемлекет. Ресей жері батыстан шығысқа қарай 9 мың километрге (Калининград облысын есептемегенде), солтүстіктен оңтүстікке қарай 4 мың километрге созылып жатыр. Ел аумағы 11 сағаттық белдеуді қамтиды. Ресей аумағының 1/4-і Еуропада, 3/4-і Азияда орналасқан. Оның жағалауларын үш мұхиттың суы шайып жатыр.

Ресей Федерациясының шекарасының жалпы ұзындығы 58,3 мың километр, соның ішінде теңіздік шекара 38 мың километрді құрайды. Ресейдің әлемдегі ең ірі материкте орналасуы оның экономикалық-географиялық жағдайының қолайлы жағы болып табылады. Өйткені Еуразияда дүниежүзі мемлекеттерінің 40%-дан астамы, халықтың басым көпшілігі орналасқан. Жалпы алғанда, Ресейдің 12 мемлекетпен теңіздік шекарасы бар, ал 14 мемлекетпен құрлық арқылы байланысқан. Ресей құрамына енетін Калининград облысы анклав болып табылады, өйткені оның елдің негізгі бөлігімен ортақ шекарасы жоқ. Көршілес мемлекеттердің көп болуы, олардың көпшілігінің неғұрлым дамыған батыс бөлікте орналасуы елдің сыртқы байланыстарына қолайлы ықпал етеді. Дегенмен Ресей өзінің көршілік жағдайының қолайлы тұстарын әлі де болса толығымен пайдаланбай келеді. Қиыр Шығыстың айрықша орны әлемдегі үш ірі мемлекеттің (Ресей, Қытай, Жапония) тоғысында жатуымен анықталады.

Қиыр Шығыс атауына байланысты тағы бір топоним – Қиыр Шығыс республикасы (орыс. Дальневосточная республика, ДВР) – уақытша ұйымдастырылған жасанды мемлекет Байкөл маңындағы, Үркіт облысындағы және Ресейге қараған Қиыр Шығысындағы жерлерінде орналасқан еді. Бұл Кеңес Ресей мен оған жау болған Жапонияның арасында «аралық мемлекет» ретінде қиын әскери-саяси жағдайда құрылған еді. ДВР-дың ұйымдастырылуы РКФСР мен Жапония арасындағы қақтығыстарды тоқтатып, Қиыр Шығыста коммунисттерге қарсы соғысқан ақ әскерлерін жойып, азаматтық соғысында «қызыл» большевиктердің жеңісінде үлкен рөл ойнаған. 1920 жылы сәуірдің 6-сында жарияланған еді. Астанасы – Верхнеудинск еді, қазір бұл Улан-Удэ қаласы, ал 1920 жылдың қазан айынан бастап – астанасы Чита болып кетті. Қиыр Шығыс республикасының құрамында Байкалдан арғы, Амур, Приморье, Камчатка облыстары мен Солтүстік Сахалин енді, бірақ шынында ДВР үкіметіне тек қана Байкал маңындағы жерлер қараған.

1922 жылы қарашаның 15-інде жойылып, РКФСР-ға қайтадан қосылған еді.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (Кеңес Одағы, КСРО) – Еуропада және Азияда 1922 жылдан 1991 жылға дейін өмір сүрген мемлекет. КСРО Еуразияның 1/6 бөлігінде орналасты.

1977 жылғы Конституцияға сәйкес, КСРО біртұтас одақ, көп ұлтты және социалистік мемлекет болып жарияланды.

КСРО Ресей КФСР, Украин КСР, Беларусь КСР және Закавказ СФСР бірігуі жолымен 1922 жылдың желтоқсанында құрылды.

Конституциясы бойынша егеменді мемлекет болып табылған (әртүрлі жылдарда 4-пен 16-ы аралығындағы) одақтас республикалардан тұрды; әрбір одақтас республиканың одақтан еркін бөлініп шығу правосы сақталынды. Республикалық жоғарғы кеңестер 1989-1990 жылдары барлығы бірдей мемлекеттік егемендік туралы декларацияларын қабылдады, кейбіреулері – тәуелсіздік декларациясын жариялады. 1991 жылдың 26 желтоқсанының өмір сүруін тоқтатты.

Ленинград қаласы.

Б. Момышұлы шығармаларында: «...Біздің армиямыз бен флотымыздың жауынгерлері Отанымыздың намысы мен бостандығын сақтап, құтырған жаудың шабуылдарын ерлікпен тойтара отырып, жүректілік пен батырлықтың үлгілерін көрсете отырып, жаудың қанын судай ағызды. Бірақ, жау қырғынға ұшырағанына қарамай, ол өзінің солдаттарының қанын титтей де бағаламайды, ол қатардан шығып қалған адамдарының орнына майданға үсті-үстіне жаңа отрядтарын айдап салуда, қыс түскенге дейін Ленинград пен Москваны алу үшін ол барлық күшін аямай жұмсауда, өйткені қыстан оған ешбір жақсылық күтуге болмайтынын ол біледі».

«...Алайда, фактілер «қауырт» жоспардың барынша саяз ойдан шыққандығын және негізсіздігін көрсетті».

«...Батыс Еуропада жолы болған «қауырт соғыстың» шығыста жолы болмай, іске аспауының себебі не?».

«...Москва мен Ленинградты қорғау майданында біздің дивизиялардың жақын арада немістердің отыз шамалы шыныққан дивизияларын құртып жіберуі Отан соғысының өрті ішінде жаңа совет жауынгерлері мен командирлері, летчиктері, артиллеристері, минометчиктері, танкистері, жаяу әскерлері, моряктары шыңдалып шығатынын және қазірдің өзінде шыңдалып шығып жатқанын, ертеңгі күні олар неміс армиясының зәресін алатын зор күшке айналатынын көрсетеді» (2 т., 197-б.).

Санкт-Петербург қаласын 1703 ж. 16 мамырда Петр-І негіздеп қалаған. Қала 1712-1718 жылдары Ресей мемлекетінің астанасы

болған. Содан 18 август 1914 жылға дейін – Санкт-Петербург деп, ал 1924 ж. 26 қаңтарға дейін – Петроград, ал 1991 ж. 6 қыркүйекке дейін – Ленинград деп аталады. 1991 ж. қайта Санкт-Петербург өз атауын иеленеді. Қала – тарихи оқиғаларға бай, Батыр қала.

Ресей Федерациясының солтүстік-батысында, Фин түбегі мен Нева өзенінің жағалауында орналасқан.

Байкал. 1938 жылы Қиыр Шығыстың өркеш-өркеш таулары, Уссуридің дүлейлене біткен ұшы-қиыры жоқ ормандары, Сквороди-но мен Волочаевкадағы мәңгі суық аймағы арқылы жүріп Амурдың ирек өзенін тіке кесіп, Байкалдың жағасындағы алыс тескен тауларынан өтіп, Сибирьдің кең дала жазығы мен тауларын басып, Қырғыз Алатауының бауырында жатқан Жуалыдағы туған ауылы-ма Владивостоктан он бес күн, он бес түн дегенде зордан жеттім (2 т., 13-б.).

Байкал – Шығыс Сібірдің оңтүстігіндегі тұщы көл. Теңіз деңгейінен 456 м биіктіктегі тауаралық тектоник, ойыста орналасқан. Дүниежүзіндегі аса ірі көлдің қатарына жатады. Ауданы 31,5 мың км², суының көлемі 23,6 мың км³. Ұзындығы 636 км, ені орта есеппен 48 км. Байкал – жер бетіндегі ең терең көл (1620 м), орташа тереңдігі 7 метр. Көлде дүниежүзіндегі тұщы су қорының (мұздықтарды есептегенде) 20 %-і шоғырланған. Жағасы аз тілімделген. Геофизикалық зерттеулер көл суының астында 6000 метрге жететін шөгінді қабаттың жатқанын көрсетті. Ірі шығанақтары – Баргузин, Чыркуй, Провал, ірі түбегі – Әулие тұмсық. Көлде 27 арал бар, ең үлкені – Ольхон (7 км²). Көлге 336 өзен құяды. Олардың ең ірілері: Селенга, Баргузин, жоғарғы Ангара өзені ағып шығады. Ең биік су деңгейі тамыз-қыркүйек, ал ең төмен деңгейі наурыз-сәуір айларында байқалады. Байкалда жануарлардың 1800, өсімдіктің 600 түрі кездеседі. Байкал, Усть-Баргузин, Нижнеангарск порттары аралығында кеме қатынайды. Байкалдың солтүстік-шығыс бөлігі Баргузин қорығының құрамына енеді.

Сібір – Солтүстік Азияның басым бөлігін қамтитын табиғи аймақ. Батыста Орал тауларынан шығыста Тынық мұхит жағалауына дейін 7 мың км-ге, солтүстікте солтүстік мұзды мұхит жағалауынан оңтүстікте Орта Азияға дейін 3500 км-ге созылған табиғат жағдайлары әртүрлі Батыс Сібір жазығы және Шығыс Сібір аймақтарына бөлінеді. Батыс Сібірдің оңтүстігінде – орманды дала мен дала белдемдері таралған. Сібірдің оңтүстік тауларында биіктік белдеулілік төменде тау даласынан басталып, жоғарыда тау тайгасында, одан әрі неғұрлым биік тауларда субальпі, альпі шалғындары мен тау тундрасына өтеді. Халқының басым бөлігі орыстар.

Басқа халықтардан украин, беларусь, татар, бурят, саха, тува, қазақ, хакас, алтайлықтар, т.б. көптеген жергілікті халықтар мекендейді.

Қазақстан макротопонимдері.

Қазақстан Республикасы немесе Қазақстан – Шығыс Еуропа мен Азияда орналасқан мемлекет. 2013 жылдың ортасында елдегі тұрғындар саны – 17 010 000 адам, бұл әлем бойынша 62-орын. Жер көлемі жағынан әлем елдерінің ішінде 9-орын алады (2 724 900 км²). Елдің астанасы – Астана қаласы. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Басқару түріне байланысты – Президенттік Республика.

Қазақстан бес мемлекетпен шекаралас, соның ішінде әлемдегі құрлықтағы ең ұзақ шекара солтүстігінде Ресеймен – 6 467 км құрайды. Оңтүстігінде – Түркіменстан – 380 км, Өзбекстан – 2000 км және Қырғызстан – 980 км, ал шығысында Қытаймен – 1 460 км шектеседі. Жалпы құрылық шекарасының ұзындығы – 13392,6 км. Батыста Каспий теңізімен, оңтүстік батыста Арал теңізімен шайылады. Батысында Еділдің төменгі ағысымен, шығысында Алтай тауларына дейін 3000 километрге, солтүстіктегі Батыс-Сібір жазығынан, оңтүстіктегі Қызылқұм шөлі мен Тянь-Шань тау жүйесіне 1600 километрге созылып жатыр. Қазақстан Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан, Иран елдеріне, Еділ өзені және Еділ-Дон каналы арқылы Азов және Қара теңіздерге шыға алады. Мұхитқа тікелей шыға алмайтын мемлекеттердің ішінде Қазақстан – ең үлкені. Қазақстанның ұлттық құрамы алуан түрлі.

1991 жылдың 16 желтоқсан күні КСРО-ның ыдырауына байланысты өз егемендігін жариялады және халықаралық қауымдас-тық тарапынан тәуелсіз мемлекет ретінде мойындалды.

Қазіргі Қазақстан жерін ежелгі адамзат баласы бұдан 1 миллиондай жыл бұрын мекен еткен. Қола дәуірінде Сібірдің, Жайық өңірінің, Қазақстан мен Орта Азияның ұлан-ғайыр далаларын тегі және тарихи тағдырларының ортақтығы жағынан туыс тайпалар мекендеді. Бұл тайпалар өзінше бір үлгідегі жарқын мәдениет қалдырды. Мұны ғылымда Андрон мәдениеті деп атайды. Ерте темір ғасыры дәуірінде (біздің заманымыздан бұрынғы I мыңжылдық ортасы) Қазақстанда тайпалық одақтар қалыптасты. Қазақстанның оңтүстік, шығыс және орталық аудандарын мекендеген тайпалар сақ тайпалар одағына, ал батыс, солтүстік аудандарындағы тайпалар савроматтар тайпалық бірлестігіне бірікті. Біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда Қазақстан жерінде кейбір тайпалар өз мемлекетін құрып, алыс-жақын елдермен саяси қарым-қатынастарға түсті. Олардың алғашқылары сюнну (ғұндар) болатын. Зерт-

теушілер ғұндарды түріктердің арғы ата-бабалары деп есептейді. Бұл бірлестікті Мөде басқарған кезде ғұндар бүкіл әлемге танылды. Ғұндардың батысқа жорығы «Халықтардың ұлы қоныс аударуына» түрткі болды. Жетісуда ежелгі тиграхауда сақтарының жерін мұра етіп алған усундер (үйсіндер) біздің заманымыздан бұрынғы 160 ж. шамасында Іле алқабында өз мемлекетін құрды. Олар Қаңлы мемлекетімен шектесті.

Алматы. Мен капитан Лысенконы бұрыннан, Алматыдан білуші едім. «Ол кісіге не болып қалды?» деп сұрадым генералдан. Генерал И.В. Панфилов қабағы жабыңқы, жүзі қапалы кескінмен біраз отырды да:

– Ол өз батальонымен бірге ерлікпен қаза тапты, – деді (2 т., 20-б.).

...Алматыдамыз, дивизияның алғаш құрылып жатқан кезі (2 т., 188-б.).

Машина көк желекке оранған Алматының түп-тура кең көше-сімен ызғи жөнелгенде генерал маған:

– Қайда бара жатқанымызды білесіз бе? – деп сұрады.

– Дәл білмеймін, жолдас генерал. Бірақ сіз айттыңыз ғой басшыларға барамыз деп (2 т., 188-б.).

Алыстағы Алматыдан келіп біз де қосылып отырмыз ғой (2 т., 190-б.).

– Әлі есімде. Алматыда бір кездескенімізде сіз үшінші июльден кейін ғана өзімді шын офицер деп санадым деп едіңіз. Ұмытқан жоқсыз ба?

– Иә, ұмытқан жоқпын. Есімде, жолдас генерал (2 т., 193-б.).

Алматы – республикалық мәртебесі бар қала. Қазақстанның оңтүстік-шығысында, Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан. Аумағы 190 км².

1929 жылдан 1997 жылдың қазан айына дейін Қазақстанның астанасы болды. 7 қалалық әкімшілік ауданға бөлінген. Жергілікті басқару органы – Алматы әкімшілігі. Іле Алатауынан бастау алатын Қарғалы, Үлкен және Кіші Алматы, Есентай, т.б. өзендер атырабында орналасқан. Қаланың айналасы, негізінен таулы, сайлы-жыралы келеді. Қала маңындағы биік таулы еңіс (2000-5000 м) бедері тік жартасты терең құзды, құлама беткейлі.

Қала арқылы Үлкен Алматы мен Кіші Алматы және олардың салалары – Қарғалы, Ремизовка, Казачка, Қарасу өзендері ағады.

Алматының топырағы мен өсімдігі биіктік белдеулер мен белдемдерде әртүрлі. Алматының 2,5 мың жылдық тарихы бар. Қала тұрған жерді ежелден қазақ ұлтын құраған тайпалар мекен еткен.

Іле Алатауының етегінде Алматы қаласы жайлы алғашқы жазба деректер Рашид әд-Диннің шығармаларында кездеседі. Бабыр Шыңғысханның шапқыншылығынан қираған Алмалық, Алматы қалалары туралы жазды.

Шығармадағы тарихи орын Алматы ойконимін тереңірек этимологиялық, тарихи тұрғыдан талдай түссек, Т. Жанұзақтың пікірінше, Алматы – тарихи қала аты. IX ғ. Алматы Қидан мемлекетінің, одан кейін Найман ұлысының астанасы болады, ірі саудасаттық орталығына айналады. Моңғолдардың «Құпия тарихында» Шыңғысхан Алматыға екі рет шабуыл жасап, ала алмай, наймандармен он жыл бойы арпалысып, ақыры үшінші мәрте шабуыл жасағанда тізе бүктіріп, содан кейін Отырарға қарай аттанған. 1339 ж. Алматы Шағатай ұлысының астанасы болып тұрған шағында, Рим папасының Епископ Ришард бастаған елшілері опат болады. Оның XIII–XIV ғасырларда Алматы деген атпен көп жерге белгілі болғандығы, археологиялық қазба кезінде сол заманның теңгесі табылғандығын, XIV–XV ғасырларда Алматы қаласы туралы жазбалар Бабыр, Мұхаммед Хайдари еңбектерінде кездесетіні тарихшылар зерттеулерінен мәлім. Қаланың көнелілігін Алматы атауындағы түркі-моңғол тіліне ортақ көне көптік жалғау көрсеткіші (ты) де дәлелдейді. Қазіргі тіліміздің грамматикалық заңына бой ұрсақ, ол жалғау -лы болып айтылады. Демек, Алматы қазіргі тіліміздің грамматикалық заңына сай Алмалы болады. Бірақта көне -ты жалғауы берік сақталған.

Атаудың негізгі лексикалық әрі топонимдік мағынасы, Ғ. Қоңқашбаев, А. Әбдірахмановтар көрсеткендей, «алмасы көп», «алмакөп өсетін (жер)», «алмалы». Е. Қойшыбаев бұл «-ты қосымшасын өз алдына жеке компонент – көне *тұр, тау* ұғымын беретін – *ту* тұлғасының келе-келе, қазақ тілі базасында, *-ту* немесе *-ты* формасын қабылдауы. Бұл – заңды құбылыс», – деген пікір айтады. Автордың бұл пікірін қолдар болсақ, Өлеңті, Шідерті, Тобылғыты сияқты атаулардың соңғы компоненттеріндегі *-ты* (*-ті*) қосымшаларын қалайша тау деген сөз деп айта аламыз? Өйткені Өлеңті, Шідерті жазықтағы өзендер, ал тобылғы да жазықта өседі ғой. Е. Қойшыбаевтың бұл пікірі А. Голубевтің: «Алматының көне атын Алматы дейді. Верныйды Алматы деп те айтады; бұл қырғыздың Алматау, яғни алма өсетін тау деген сөзі» дегенін қуаттау (аталған сөздіктің 45-бетін қараңыз). Шындығында XIX ғ. Алматы деп атаудың кейбір түркі тілінде, әсіресе ұйғыр тілінде басым болғанын тарихи деректерден анық көреміз. Алматы формасы Ш. Уәлиханов еңбектерінде де кездеседі. Демек, сол кездерде *-ты* (*ті*),

-ту форманттары жарыса қолданса керек. Одан «тау» деген мағына шығару әлі де дәлелдей түсуді қажет етеді.

Енді екінші болжам 1850 жылдары бұл жерде Ресей патшалығының әскери бекінісінің іргесі қаланып, 1854 ж. қала әу бастағы тарихи атымен аталмай, 1921 жылға дейін Верный аталып келді. Оны Жетісу облревкомы 1921 ж. 5 ақпандағы №12 қаулысымен орыс тілінде Алма-Ата деп өзгерткен-ді. Жұрттың айтып та, жазып жүргеніндей, Алма-Ата қазақ тіліндегі Алматы атының бұрмаланып жүрген орысша транскрипциясы емес және оның орысша баламасы «отец яблоки» де емес. Бұл атаудың кісінің төл атынан қойылғанына иланбасқа болмайды. Оған дәлел ретінде Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы «Түп-түқияннан өзіме шейін» атты XVIII ғ. еңбегінде тамаша адам Алма ата жайлы толық жазып, көптеген мағлұматтар берді. Алма атамның өмір тарихына зер сала бағдарлап отырсақ, ол кісіні қазақтың «Мичурині» болған екен ғой деп еріксіз мойындайсыз. Өзі әрі селекционер-бағбан, әрі шипагер ретінде халық жүрегінен ерекше орын алып, зор құрметке бөленіпті. Ол кісінің тұрақ, мекен-қонысы: қыс қыстауы Алмаарасанға барар жолдағы Аюлы өзеніндегі Алматы көліне барар сайды (бұрынғы ГРЭС тұрған жер) қыстаса, жазда қазіргі Алмаарасанды жайлап, суық күзге дейін ауруларға Арасан суымен ем-дом жасайды екен. Алма ата қыстаған сай ол кезде Алма ата сайы аталып, жаз жайлауға ем-дом жасаған Арасан Алмаарасан аталыпты. Бұл күнде Алма ата сайы ұмыт болып аталмағанмен, Алмаарасан атауы сақталып, бүгінге кейін адамдарды емдейтін Республикамызға белгілі ірі санаторий болып отыр.

Алма ата жүзден аса сүйекті өсімдіктерді будандастырып, алманың жаңа сорттарын шығарыпты. Өсімдіктер жайлы өз байқаулары мен іс-тәжірибелерін көпшілікке айтып, түсіндіріп отырса керек. Сондай-ақ Алма ата аса атақты шипагер де болған кісі екен. Ол кісінің өсімдіктерден жасаған дәрілері, өсімдіктердің қандай дертке ем болатыны жайлы сөздері мен дауа болған ем-домдары жайлы да аталмыш кітапта кеңінен сөз болған. Бұрынғы Верный қаласының Алма-Ата аталуының себебі – сол кездегі зиялылар Алма атаның есімін мәңгі есте қалдырып, сол атақты адамды құрмет тұтудан болса керек. Тарихи Алматы қаласының Алма-Ата аталуының біз айтып отырған қысқаша тарихы осымен шектелмек емес. Ол жайында әлі де пайымдаулар мен нақты ой-пікірлер қалың жұршылықтан шыға берері сөзсіз.

Қазақ тарихында қасиетті, киелі, әулие ата-бабалар есімдерімен байланысты жер-су аттарының бары көпке айқын. Мәселен, Қорқыт Ата, Шақпақ Ата, Асық Ата, Бекет Ата, т. т.

Дегенмен, 1993 ж. Қазақстан Республикасының Ата Заңы – республика Конституциясында ол Алматы деген тарихи атына қайтадан ие болды. Енді қазақша да, орысша да Алматы қалпында айтылып, дұрыс жазылуда. Бұл пікірде біраз ойландырады, бірақ біздің пікірімізше «Жетісу облревкомы 1921 ж. 5 ақпандағы №12 қаулысымен» орыс тілінде Алма-Ата деп өзгерткенде Алматы деп қазақ орфографиясының принциптеріне сәйкес жазылудың орнына орысша «Алма-ата» деп дұрыс жазылмаған. Өйткені осы мәселеде кейбір кісі есімдері, аты-жөні, елді мекен атауларының көпшілігі орыс тіліне бұрмаланып жазылып кеткендігі анық.

Алатау. Алатаудан арқырап аққан Талғар өзенінің жағасы, полкта әскери жаттығулар өтіп жатқан кез (2 т., 28-б.).

Алатау – 1) Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының Сібірдегі тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Кузнец Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы, т.б. жатады. Алыстан қарағанда мұндай таулардың төбесінен етегіне қарай мұздықтар мен көп жылдық қар жапқан ақтаңдақтары тау жоталарына ала түс береді. Атауы соған байланысты. Әдетте, мұндай таулар заңғар биік болып келеді. Тау етектерінде орман, аңғарында таулық шалғын және дала белдемдері алма-кезек орналасқан.

Алатау – дәл осындай дыбыстық құрамда айтылатын тау аттары тек Қазақстан Республикасы қамтып жатқан жер көлемінде ғана емес, басқа да аймақтарда жиі кездеседі. Мысалы, Жоңғар Алатауы, Қырғыз Алатауы, Іле Алатауы, т.б. Сырт көзге «Алатау» атауының қалай, қайдан пайда болғандығы ешқандай жұмбақ емес сияқты. Өйткені «ала» сөзінің берер мағынасы кез келген қазақ баласына түсінікті. Оны тіліміздің түсіндірме сөздігі – «ақ және басқа түстердің араласып келген түрі деп ұғындырады. «Алатау» атауындағы «ала» сөзін таудың түсіне байланысты туған десек, қателескен болар едік, әрі бұлай ойласақ, оның («аланың») шыққан тегін, төркінін іздестірудің де қажеті жоқ. Әрине, көрер көзге біз білетін Алатау қарлы, қарсыз шоқылармен ала қалпында көрінетіні рас. Алтай тобына жататын, түркі тілдермен туыстас маньчжур тілінде: «ала» сөзінің «таумен» байланысты мынадай мағыналарын ұшыратамыз: 1) қырқа; 2) төбешік; 3) тау адырлары; 4) тау тізбегі. Бұл келтірген тілдік мәліметтен аңғаратынымыз – таудың онша биік еместігі және тау болып көрінетін қырқалардың тізбегі. Осыны ескерсек, «Алатау»-дың дәл мағынасы – «қырқалы тау» немесе «адырлар тізбегі».

Алатауға Е. Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары сөздігі» (1985) кітабында төмендегіше түсінік береді:

Жетісу және Іле Алатауының халық ұғымындағы жалпылама атауы.

Алатау – кішігірім тау аты (Мұғалжар-Орал тауларының сілемдескен тұсындағы бір бөлек тау). А.И. Макшеевтің зерттеу еңбегіне сүйенсек, қазақ жеріне қатысты 58 топоним осы аттас. Алатау – тау, басы Хантәңірі тауынан басталып, аяғы Шымкентке дейін созылып жатқан асқар биік, заңғар тау. Түркілер ежелгі заманнан-ақ биік шыңды, басында мәңгілік мұздар мен аппақ қар жататын тауларды Алатау деп атағаны – Кузбас Алатауы, Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, Қырғыз Алатауы, Тянь-Шань Алатауы атауларынан белгілі. Осы атаулардағы ала сөзінің төркіні, қазіргі қазақ тіліндегі «ақ пен көктің аралас келген түсіне (орысша пестрый) қатысты емес, ұлу немесе одан да көнелеу оло тұлғасына тартатындай». Бұған қарағанда, Алатау – «ұлы, аса зор, биік тау» деген мағынаға ие екені байқалады.

Николай Митрофанович Синченко Жетісуда туып өскен орыс жігіті (2 т., 34-б.).

Жетісу – ірі аймақ, өлке. Жетісу – республикамыздың оңтүстік-шығысындағы «жер жәннаты» аталатын, табиғаты бай, жері құнарлы атақты өлке. Осы өлке атынан жаңа мекен аты қойылған. Жетісу – «жеті өзен» мәніндегі атау. Кейбір деректе жеті өзенге: Іле, Қаратал, Ақсу, Бүйен, Лепсі, Басқан, Сарқант өзендерін жатқызады.

Кейбір деректе жеті өзенге: Іле, Қаратал, Ақсу, Бүйен, Лепсі, Басқан, Сарқант өзендерін жатқызады Жетісу тарихын жете білетін, жағырапия ғылымынан мағлұматы мол азамат Әшім Тұрлыбаев Жетісуға мына өзендер жатады деп мәлімдейді: Аягөз, Лепсі, Ақсу, Қаратал, Іле, Шу және Талас. Патшалы Ресей заманында Аягөз бен Шу аралығы Жетісу өлкесінің, кейіннен Алматы облысының өкімшілік-аумақтық аймағы болып келді.

1939 жылы Алматы облысы атанған өлкеден Красногор, Қордай, Шу аудандары жаңадан ұйымдасқан Жамбыл облысына, ал Аягөз, Мақаншы, Үржар аудандары Семей облысына берілді. Содан кейін Алматы облысынан Талдықорған облысы бөлініп шықты. 1997 жылдан бастап Талдықорған облысы қайтадан Алматы облысына қосылып, 2001 ж. сәуір айында облыс орталығын Талдықорғанға көшіру жөніндегі Республика Президентінің Жарлығы жарияланды.

Бұл күнде тарихи Жетісу аты географиялық нысан (объект) ретінде өз мәнін жоймай, қалпынша сақталып келеді. Осымен қоса Алакөл мен Іле өзендерінің ортасындағы тау аты да Жетісу Ала-

тауы (Жоңғар Алатауы) аталады. Оның шығыс жағы Қытайға қарайды. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа дейін созылып жатқан бұл таудың ұзындығы 450 км. Онымен қатарласа жатқан таулар: Қаратау, Басқанатау, Токсанбай, Бежіктау. Ең биік тауы Бесбасқан 4464 м. Қапал Арасанда термальды минерал су бар. Қазір бұл тау бұрынғыша Жетісу Алатауы деп аталады.

Жетісу – тарихи-географиялық аймақ. Солтүстікте Балқаш, солтүстік-шығысында Сасықкөл мен Алакөл, шығыста Жетісу (Жоңғар) Алатауы, оңтүстік және оңтүстік-батысында Солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектеседі. Тарихи деректер мен зерттеулерде Жетісу атын құрайтын 7 өзен туралы түрліше пікір бар. А.К. Гейнс бұлардың қатарына Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал және Көксу өзендерін жатқызса, А. Влангали Басқан, Сарқан өзендерінің орнына солтүстік-шығыстағы Аягөз, оңтүстік-шығыстағы Іле өзендерін айтады. В.В. Вартольдтың айтуынша, алғашқыда жергілікті халық Жетісу деп Іледен солтүстікке қарай созылған аймақты атаған, оған Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу өзендері енген. Ал Жетісу Іленің оңтүстігіне қарай созылған таулы аймақ деген ұғым XIX ғасырда тарап, сондай-ақ, оған Тянь-Шань-нің солтүстік-батыс және орталық аудандары да қосылатын болған. Тарихи әдебиетте Жетісу ұғымына Шу алабы мен Нарын өзенінің жоғары ағысын қамтитын атырап та кірген.

Археологтар, тарихшылар мен географтар Жетісуды Солтүстік-шығыс Жетісу (солтүстікте Балқаштан Кетпен және оңтүстікте Іле Алатауы жоталарына дейін, солтүстік-шығыста Алакөлден оңтүстік-батыста Шу-Іле су айрығына дейінгі жерлер) және Оңтүстік-батыс Жетісу (Шу және Талас алқабы) деп екіге бөлінеді.

Талғар топонимі.

Есімде: майданға аттанардың алдында біз Талғарда бас қосып едік (2 т., 49-б.).

Талғар – Қазақстандағы қала. Талғар ауданның орталығы. Халқы: 46,2 мың адам. Алматы қаласынан арақашықтығы – 25 км, Талдықорған қаласынан арақашықтығы – 260 км.

Бауыржан Момышұлының алғашқы батырлық жолын бастап, Отанын, елін, жұртын, жерін қорғау үшін майданға аттанған қаласы.

Осы тау, өзен аттары негізінде қала аты қойылған атаудың мағынасы жайлы әртүрлі пікір бар. А. Әбдірахмановтың пайымдауынша, «Тал – ир. пшу +ғар (көптеген тілдерде, соның ішінде, көне түркі тілінде де «тау»), яғни тау+тау» Е. Қойшыбаев пікірі де осыған жуықтас. «Үнді-иран немесе санскрит тілдеріне саятын «көнегөз» тал (<дал>), тала, дала+ғар терминдерінен қалыптасқан

«жер шоқтығы» мәндес атау» дегенді айтады. Э.М. Мурзаевтың айтуынша. «Тәжік тілінде таль – «жота, шоқы, төбе» + гар – «тау». Бұл деректерге қарағанда, Талғар атауының мағынасы: «тау жоталары, тау шыңы, биік тау» дегенді білдіргендей.

Талғар қаласында піл сүйегінен жасалған алты теңдессіз шахматтық мүсін табылған. Бұл – Қазақстан аумағындағы жалғыз шахмат табысы. Табыстардың ішінде Қытайдан, Үндістаннан, Ираннан және т.б. әкелінген бұйымдар көп. Талхиз тарихы Жібек жолының тарихымен тығыз байланысты, Көне қала Ұлы Жібек жолының ұлттық саудасының негізі болды.

– Токтарұлы Төлеген, – деп алдындағы дәптерінің бір бетін Мәлік оқи бастады, жасы жиырма бірде... Өскемен қорғасын зауытының жұмыскері. Туған жері Шығыс Қазақстан өлкесінде... (2 т., 6-б.).

Өскемен – Шығыс Қазақстан облысындағы өнеркәсіп, мәдениет және әкімшілік орталықтардың бірі. Қала негізі 1720 жылы Ертіс пен Үлбі өзенінің құйылысында қаланған. Тарихы – XVII ғасырда орыс үкіметі Ертіс өзенінің бойымен жоғары өрлеу үшін бірнеше қадамдар жасады. Бұл ұмтылыстың бірнеше себептері бар: а) Ресейдің шығыс шекараларын қамтамасыз ету; б) шығыс елдерімен сауда байланысын кеңейту; в) Алтайдың байлығына ие болу.

Ауыл болып, одан станица атанды. Станица 1804 жылдан қалашық деп атала бастады. Ал 1868 жылы Өскеменге қала статусы берілді.

Міне, көз алдымда Павлодардың жігіті – Андрей Алешин (2 т., 9-б.).

Павлодар – Қазақстанның солтүстік-шығысындағы қала (1861 жылдан), өзімен аттас облыс орталығы (1938 жылдан), ірі темір жол станциясы, өзен айлағы және әуе порты. Қала Құлынды даласының оңтүстік-батыс шеті саналатын Ертіс өзенінің оң жағасында, теңіз деңгейінен 135 метр биіктікте орналасқан. Іргесі XVII ғасырдың аяғында Ертіс өзенінің маңындағы көлдерден тұз өндіруге байланысты қаланған.

Тарихы. 1720 жылы оның негізінде Коряков әскери бекінісі (форпост) салынды. 1838 жылы Ямышов қамалынан әскери бөлімнің көшірілуіне байланысты Коряков станциясы салынды. 1861 жылы форпост Павлодар деп аталды да, облыстар құрылуына сәйкес Семей облысына қарасты Павлодар уезінің орталығына айналды. 1932 жылға дейін округтік қала орталығы болды. 1932-1938 жылдары Шығыс Қазақстан облысында аудан орталығы болды. Атаудың семантикасына келсек, отаршылдық топоним. Кезінде патшаның баласы – «Павелге сый» (Павелу дарю) ретінде сауға етіп тапсыруынан келіп шыққан атау.

Баяғыда мен Шымкент қаласында орта мектепті бітіргелі жүргенімде, ол жоғары мағлұматты қызмет істеп жүргендердің біреуі болатын (2 т., 87-б.).

Шымкент – Қазақстандағы қала, Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы. Тұрғыны шамамен 683 273 адам (2014 жыл). Қазақстанның басқа қалаларымен салыстырғанда тұрғыны жөнінен 3-ші орында (Алматы мен Астанадан кейін). Осымен қатар, Шымкент Қазақстанның негізгі өнеркәсіп, сауда және мәдени орталықтарының бірі болып табылады.

Ғалымдар Шымкент туралы кездесетін әртүрлі тарихи деректерді атай отырып, қала атауының мағынасын «Бау-бақшалы қала», «Жасыл қала», «Шыммен қоршалған қала» – деп түсіндіреді. Мысалы, шымға қатысты қала атауы былай деп түсіндіріледі: Шымкент түркінің «шым» және иранның «кент» – қала, мекен деген сөздерінен құралған. Ал басқа түсіндірмеде қала атауы соғдының (иранның) «чиминь-чемень» яғни, көгалды, гүлденген алқап, ал бұған «кент» сөзінің жалғануымен, «жасыл (гүлденген) қала» деген мағынаны береді делінген.

Әкемнің аймалағанын, қампиған ескі сары самауырын шайынан сусынымды қандырып, әке мейірімінен бал жеп, біздің Айнабұлақтың шербет суына жуынууды аңсап келетінмін. Айнабұлақ! Мыңбұлақ! (2 т., 14-б.).

Өмірге тұңғыш келгенімде дүниеде теңдесі жоқ нәрлі сумен мені шомылдырған, мені жуындырған бұлақ. Мен алғаш суын ішкен, мені әлдилеп сүйген, маған сенген, туған жерім Мыңбұлақ! (2 т., 14-б.).

Мыңбұлақ туралы зерттеу жұмысымыздың I тарауында сөз еткенбіз.

– Бізді көп ойнатқан жоқ. Жиырма шақты күннен кейін-ақ Ақтөбеде шалонға отырғызды (2 т., 315-б.).

Жел Алтайдағы ананың арманды жоқтауын алыстан аңыратып алып келіп тұрғандай (2 т., 292-б.).

– Әрине, жолдас командир, соғыста қай оқтың қай неміске тигенін білу қиын, – деді қарлыққан дауыспен Трофимов, – әйтсе де Токтаровтың ерліктерінің көркем, көлемді болғандығы туралы оқиғалар, оның батырлығы басқаларға нұсқау, үлгі болып, жолдас-тарын еліктіре өткендігі, байтақ, кекті орыс жерін жау табанынан азат етуге алыстағы Алтайдан келіп, орыс жігіттерінен кем түспей, дұшпанға кектене тиіскендігі, – деп біраз, тоқтап, – басы-қасында болған адамдардың айтуына қарағанда, Төлеген кейінгі қызу соғыста бірнеше рет жарақаттанса да, алда жүріп қатысқан (2 т., 8-б.).

* * *

Азия, Орта Азия және Еуропа, Батыс Еуропа, ТМД мемлекеттерінің макротопонимдері

Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас» шығармасы үшін мемлекеттік сыйлықтың иесі болғандығы белгілі. Б. Момышұлының бұл туындысы қазақ әдебиетінде соғыс тақырыбына жазылған алғашқы үлкен шығарма болып есептелінді. Бұл шығарма өзінің тарихилығымен, көркемдігімен, стилімен, тәрбиелілігімен қай жағымен болса да қазақ батыры, елінің асқақ біртуар перзенті Б. Момышұлынан қалған өте құнды көркем шығарма. Негізінен көркем шығарма ономастикалық лексика әлемнің ұлттық көзқарасына тән мәнді, мәдени мағына мен ассоциациялар туралы өзіндік ақпарат беруші болып табылады. Мәселен, осы шығармадағы топонимдерді зерттей, зерделей отыра, көптеген танымдық-тәрбиелік, біліктілік, зияткерлік тұрғысынан мәліметтер мен білім аласың. Сол себепті де жоғарыда атап өткеніміздей, Б. Момышұлының шығармашылығындағы топонимдерді танып білу арқылы еліміздің, жеріміздің, тіпті, батырдың ерлік жасау барысындағы жүріп өткен жолын Орта Азия, Еуропа, Батыс Европа, ТМД, т.б. шетелдік қалалардың семантикалық мән-мағынасын, тарихын білу арқылы жастарды ұлттық патриотизмге тәрбиелеудегі мәні зор.

Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас» романындағы Орта Азия, Европа, ТМД, т.б. мемлекеттерінің макротопонимдерін нақтылы мысалдар келтіре тарихи-лингвистикалық тұрғыдан талдаймыз. Мысалы: әңгіме Еуропаның халықтары мен территориялары туралы болсын, немесе Азияның, оның ішінде Иранның халықтары мен территориялары туралы болсын, бәрінде де, басқалардың территориясын жаулап алуды, басқа халықтарды бағындыруды көздеу бізде болмайды, соғыста ондай мақсат көздеуіміз мүмкін емес (2 т., 199-б.).

Еуропа – (гр. Еуропа, семит тілінің «эреб» – «батыс» сөзінен шыққан, Ежелгі Грекияда Эгей теңізінің батысындағы жерлер осылай аталған) – Еуразия құрлығының батысын алып жатқан дүние бөлігі. Азиямен бірге Еуразия құрлығын құрайтын әлем бөлшегі. Аумағы 10 млн. км² жуық, халқы 826 млн. адам. Азиямен арадағы шекарасы шартты түрде алынған. Ол құрлықта Орал тауы, Жем өзенін бойлай Каспий теңізіне дейін, одан әрі Кума және Маныч өзендері бойымен Донның сағасына жетіп, Азов, Қара теңіздерге ұласады. Одан арғы шекарасы Босфор бұғазы, Мәрмәр теңізі, Дарданелл бұғазы арқылы өтеді. Еуропа солтүстігінде Солтүстік

Мұзды мұхитпен және оның Кара, Баренц, Ақ, Норвег теңіздерімен, батысы мен оңтүстігінде Атлант мұхитымен және оның Балтық (Балт) пен Солтүстік теңізі, Ирланд, Жерорта теңіздерімен қоршалған. Оңтүстік-шығысында тұйық Каспий теңізі орналасқан. Дүние бөлігінің құрлықтағы қиыр шеттері: солтүстігінде – Нордкин мүйісі, оңтүстігінде – Марроки мүйісі, батысында – Рока мүйісі, шығысында – Байдарацк кірмесіне таяу Полюстік Оралдың шығыс жақ етегі. Еуропаға кіретін аралдар мен топаралдардың жалпы аумағы 7 мың км². Ірілері: Жаңа Жер аралы, Франц-Иосиф жері, Шпицберген, Исландия, Британия, Ирландия, Корсика, Сардиния, Сицилия, Крит, т.б. Еуропаның жағалаулары (жалпы ұзындығы 38 мың км) қатты тілімденген. Түбектер Еуропа аумағының 1/4-ін құрайды. Олар: Пиреней, Апеннин, Балқан, Скандинавия, Кола, Ютландия және Қырым түбектері.

Еуропа су шекарасы Атлант және Арктика және олардың теңіздерімен шектеседі. Аралдардың аумағы шамамен 7 мың км. Ең жоғарғы нүктесі – 5642 м. (Мәңгі тау не Эльбрус тауы). Жер аумағының көбі – жазықтық (ірілері – Шығыс Еуропа, Орта Еуропа, Орта және Төменгі Дунай, Париж бассейні), таулары – жер аумағының 17%-ын алып жатыр (бастылары – Альпі, Карпат, Пиреней, Апеннин, Орал таулары, Скандинав таулары, Балқан түбегі таулары). Сөнбеген жанартаулар Исландияда және Жерорта теңізінің аумағында орналасқан. Аумақтың көбінде қоңыржай климат (батыста – мұхиттық, шығыста – қарлы және салқын қысты континенталды), солтүстік аралдарда – субарктикалық және арктикалық, Оңтүстік Еуропада – жерорталық. Арктика аралдарында, Исландияда, Скандинав және Альпі тауларында – мұз басу (оледенение) (аумағы 116 мың км². Негізгі өзендері: Еділ, Днепр, Дон, Печора, Солтүстік Двина, Дунай, Висла, Одра, Эльба, Рейн, Луара, Рона, Тахо. Негізгі көлдері: Ладога, Онега, Чуд, Венерн, Балатон, Женева. Арктика аралдарында және Арктика мұхиты жағалауында – арктикалық шөлдер және тундралар, оңтүстікке қарай – орманды тундралар, тайгалы, аралас және қалыңжапырақты ормандар, орманды далалар, далалар, субтропиктік жерорта ормандары және бұталар; оңтүстік-шығыста – шөлейттер).

XX ғасырдың соңғы он жылдығында Еуропаның саяси-әкімшілік бөлінісінде үлкен өзгерістер болып өтті. КСРО, ЮСФР-дің ыдырауына байланысты бір топ жаңа мемлекеттер пайда болды. Германия Демократиялық Республикасы Германия Федеративтік Республикасының құрамына енді. 2001 жылдың басында Еуропада мынандай мемлекеттер болды: Австрия, Албания, Андорра, Бела-

русь, Бельгия, Болгария, Босния және Герцеговина, Ватикан, Венгрия, Германия, Грекия, Дания, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Қазақстан (батыс бөлігі), Латвия, Литва, Лихтенштейн, Люксембург, Македония, Мальта, Молдова, Монако, Нидерланд, Норвегия, Польша, Португалия, Ресей, Румыния, Сан-Марино, Словакия, Словения, Түркия (солтүстік-батыс шеті), Украина, Ұлыбритания, Финляндия, Франция, Хорватия, Чехия, Швейцария, Швеция, Эстония, Югославия.

Азия (ассириялықтар тілінде, мағынасы – асу, шығыс) – Жер шарының ең үлкен бөлігі. Еуропамен қосылып, Еуразия құрлығын құрайды. Еуропамен арадағы шартты шекарасы Орал тауының шығыс етегі, Ембі өзені, Каспий теңізі, Кума-Маныч ойысы, Азов теңізі, Қара теңіз, Босфор бұғазы, Мәрмәр теңізі, Дарбанелл бұғазы арқылы өтеді. Ауд. 43,4 млн км² (бүкіл құрлықтың 30%-і). Оңтүстік-батыста Суец мойнағы Азияны Африкамен жалғастырады; Солтүстік Америкадан Беринг бұғазымен бөлінеді. Оңтүстігінде құрлыққа Малай топ-аралы (архипелагы) кіреді.

Ең ірі түбектері: Таймыр, Чукча, Камчатка, Корей, Үндіқытай, Үндістан, Арабия, Кіші Азия. Құрлықтың шеткі нүктелері: солтүстігінде – Челюскин мүйісі, оңтүстігінде – Пиай мүйісі, батысында – Баба мүйісі, шығысында – Дежнев мүйісі.

Иран – (1935 жылға дейін парсы елі), Иран Ислам Республикасы – Азияның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан мемлекет. Жер көлемі 1,648 млн. км². Халқы 65,2 млн. адамнан асады. Халқының ұлттық құрамы: парсылар, әзербайжандар, курдтер, арабтар, туркмендер, белуджилер, армяндар, еврейлер, т.б. қала халқы 58,3. Астанасы Тегеран. Одан басқа Мешхед, Исфахан, Тебриз, Шираз сияқты ірі қалалары бар. Ресми тілі парсы тіл. Мемлекет діні – ислам дінінің шиит тармағы.

Иран Армиян тауының қыратының оңтүстік шығысы мен иран таулы қыратының батыс бөлігінде орналасқан. Шет жақтарында Солтүстік Иран (Эльбурс, Туркмен-Хорасан), Оңтүстік Иран (Загрос, Мекран), Шығыс Иран (Серхед, Пеленган, боран, Келат) таулары ортасында кукруд жотасы, Деште-кевир, Деште-Лух шөлдері орналасқан. Жері негізіне таулы.

Иран жеріне адам баласы тым ерте заманда орналасқан. Б.з.б. 3-мыңжылдықта қазіргі Иранның оңтүстік батысында алғашқы мемлекеттер орналаса бастады. Б.з.д. 2-мыңжылдықта бұл аймаққа Орта Азиядан арий тайпалары келіп қоныстанды. Б.з.б. 673-672 ж. қазіргі Иранның солтүстік-батысында Мидия мемлекеті пайда болып, 616-605 ж. Ассирияны талқандап, аса ірі мемлекетке айнал-

ды. XIV ғ. ильхандар мемлекеті бірнешеге илікке бөлініп кетті. 1380-93 ж. Иранды Әмір Темір әскерлері басып алды. Батыс Иранда Қарақойлы мемлекеті құрылды.

Біреумен сөйлескенде: «Ия, Орта Азия – менің екінші туған жерім. Аз ба, көп пе, 17-18 жыл сонда қызмет еттім. Сонда балалышағалы болдым. Балалардың туған жері де, елі де сол жақта... Халқы өте сабаз, ержүрек келеді... Ия, солай...» (2 т., 206-б.).

Орта Азия – Өзбек, Тәжік, Қырғыз, Түрікмен республикалары және Қазақстанның оңтүстігін (Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Алматы, Талдықорған, Маңғышлақ облыстары) қамтитын ірі физикалық-географиялық аймақ. Жері 2400 мың км². Батысы – Каспий теңізі; солтүстік және солтүстік-шығысы Мұғалжар тауларының оңтүстік етегіне, Арал маңы Қарақұмына, қазақтың қатпарлы өлкесіне (Сарыарқа), Балқаш-Алакөл ойысына, оңтүстік және оңтүстік-шығысы Копетдаг, Паропамиз, Памир-Алай, Тянь-Шань, Жоңғар Алатауы жоталарына ұласады. Геологиялық құрылымы жөнінен Орта Азия Тянь-Шаньның ертедегі палеозой қатпарларынан, Тұран плитасынан тұрады. Тянь-Шаньның Ыстықкөл маңындағы сілемдері Қырғыз, Талас және Қаратау жоталары, Шу-Іле таулары және Бетпақдала шөлдері арқылы Орталық Қазақстанның батыс бөлігіндегі Каледон қатпарлығымен жалғасып жатады. Тұран ойпаты герциндік қатпарлық құрылымының платформалық негізін мезо-кайнозой шөгінділері жапқан; тек орталық және шеткі аудандарында биіктігі 500-900 метрлік аласа тау күйінде жер бетіне шығып жатқан бөліктері (Маңғыстаудағы Қаратау тауы, Қызылқия, Сұлтануыздақ тау қыраттары, Қызылқұмның орталық бөлігіндегі таулар) ғана кездеседі. Орта Азияның таулы бөктері соңғы тектониктік қозғалыстарға ұшыраған әртүрлі жастағы қатпарлық құрылымдарға жатады. Жоңғар Алатауы (Тышқантау 4464 метр) герцин, Тянь-Шаньның (Жеңіс шыңы 7439 метр) солтүстік бөлігі герцин мен каледон, оңтүстігі герцин, Памир-Алайдың солтүстігі герцин, Памир (Коммунизм шыңы 7482 метр) альпі қатпарлығы кезінде пайда болған. Альпілік геосинклинальдық облысқа Копетдаг (Ризе тауы 2492 метр) тауы жатады.

Ірі гидронимдері – Әмудария, Сырдария, Іле, Шу, Қаратал, Теджен, Мургаб. Энергетикалық қорлары мол. Сырдарияда (Беговат қаласы жанында) Фархад, Нарында Үшқорған, Тоқтағұл, Вахшта Нүрек, Іледе Қапшағай СЭС салынған. Басты көлдері – Балқаш, Ыстықкөл, Алакөл. Орта Азия өңірі негізінен сұр қоңыр, сұр, қызыл қоңыр топырақты келеді. Өсімдік жамылғысы алуан түрлі; жазық бөлігінде нағыз шөлге тән өсімдіктер – эфимерлер, астық тұ-

қымдастылар, селеу, бетеге, жүзгін, адыраспан, Мойынқұм, Арал маңы Қарақұмы және Балқаш-Алакөл ойысындағы шөлде сексеуіл, көкпек, баялыш, жиде; өзен бойында қайың, үйеңкі, көктерек тоғайы; Сырдария, Шу, Іле, Қаратал өзендерінің атырауларында, Арал, Балқаш, Алакөл жағалауында ну қамыс; тауда қарағай, шырша, арша, ырғай өседі. Шөл зоналарында кесіртке мен жылан түрлері, қоян, түлкі, қасқыр, ақбөкен, қарақұйрық, тау белдеулерінде борсық, таутеке, арқар, марал, бұғы, елік кездеседі. Солтүстік және солтүстік-шығысындағы көлдерде және өзен атырауларында ондатра өсіріледі.

«...Батыс Европада жолы болған «қауырт соғыстың» шығыста жолы болмай, іске аспауының себебі не?» (2 т., 197-б.).

Сергей Иванович аузын толтыра-толтыра асап, шабыттана тамақтанып отырып, жайдарылана жымыып Украинаның сықағы мен түрлі күлдіргі әңгімелер айта бастады (2 т., 1-б.).

«...Жау Украинаның көбін, Белоруссияны, Молдавияны, Литваны, Латвияны, Эстонияны, басқа бірсыпыра облыстарды жаулап алды, Донбасқа өтті, Ленинградтың үстіне қара бұлт болып төнді, біздің даңқты астанамыз – Москваға қауіп туғызып отыр» (2 т., 197-б.).

Украина (укр. Україна –Украина) – Шығыс Еуропадағы ірі мемлекет. Украинаның 24 облысы бар. Жер көлемі – 600 мың шаршы шақырым. 50 миллиондай халқының 74 % украиндар. Одан басқа поляк, словак, румын, венгрлер бар, олар елдің батыс жағында қоныстанған болса, ал орыстар негізінен шығысында тұрады. Географиялық орнының ерекшеліктері мен алып жатқан ауданына байланысты Украина жерінің климат жағдайлары алуан түрлі болады.

1990 жылдардың орта шенінен бастап, Украинадан басқа елдерге қоныс аударатындар саны көшіп келетіндер санынан асып түсетін болды.

Беларусь Республикасы – Шығыс Еуропадағы мемлекет. Жері-207,6 мың км². Халқы – 10 млн. 203 мың адам (1997). Негізгі халқы – беларустар (80%), бұған қоса орыстар (13,6%), поляктар (4,1%) тұрады. Астанасы – Минск (1,6 млн). Ірі қалалары Брест, Витебск, Гомель. Әкімшілік аумақтық жағынан 6 облысқа бөлінеді. Мемлекеттік тілі – беларусь тілі. Орыс тілі мемлекеттік тілмен қатар жүреді.

Белорусь Шығыс Еуропа жазығында Днепр, Батыс Двина мен Неман өзендерінің аңғарларын алып жатыр. Климаты – қоңыржай-континенттік. Қысы аса суық емес, ылғалды; жазы – салқын, жаңбырлы. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 600-700 мм. Басты өзендері: Днепр, Батыс Двина, Неман. Қазіргі Беларусь жеріне адам-

дар қола дәуірінен бастап қоныстанған. II-V ғ.-да аталған өңірге Днепр бойынан славяндар келе бастады да, IX ғасырларда жергілікті тайпалар соларға сіңісіп кетті. Осы кезде славяндардың 3 ірі тайпа бірлестігі қалыптасты: Полесье мен Орталық өңірде – дреговичтер, Сож өз алабына – радмицтер, Двина бойы мен Днепрдің жоғарғы жағына – кривичтер қоныстанған. IX ғасырда Киев Русінің құрылуына байланысты Беларусь жері бірте-бірте соның құрамына енеді.

Беларустар – Беларусь Республикасының байырғы халқы. Ресей, Украина, Литва, Латвия, Польша, Канада, т.б. елдерде тұрады. Жалпы саны – 10,5 млн. адам (1997). Еуропа нәсіліне жатады. Беларусь тілінде сөйлейді, орыс, поляк тілдерін де қолданады. Әліпбиі кириллицаға негізделген. Православие дінін ұстанады, араларында католиктер де бар. Беларусь шығыс славяндарға жатады. Беларусь халқының этникалық негізін шығыс славяндар тайпалары: дреговичтер, кривичтер, радимичтер, древляндар, северяндар құраған. IX-XI ғасырда осы тайпалар Киев Русінің құрамында болған. Ол ыдырағаннан кейін (XIII-XIV ғ.) Ұлы Литва князьдігінің, 1569 ж. Речь Посполитаяның құрамына енеді. XVIII ғасырда Россияға қосылады.

Латвия, Латвия Республикасы – Еуропаның солтүстік-шығысында, Балтық теңізі жағалауындағы мемлекет. Жер аумағы – 64,5 мың км². Халқы – 2,38 млн. адам. Астанасы – Рига қаласы. Мемлекеттік тілі – латыш тілі. Ұлттық мейрамы – 18 қараша – Тәуелсіздік күні (1918). Ұлттық ақша бірлігі – еуро (2004 ж., мамыр).

Латвия жері Шығыс Еуропа жазығында, Балтық теңізіне құятын Даугава (Батыс Двина) өзені алабында орналасқан. Елдің батысында – Курзем, орталығында Видзем, шығысында Латгаль қыраттары, солтүстік-шығысында Латыш ойпаты жатыр. Климаты теңіздік және континенттік.

Өзендері Балтық теңізіне құяды. Ірілері: Даугава, Лиелупе, Вента, т.б. 3185 көл бар, ірілері: Лубанас, Резнас, Усмас, т.б. Жерінің 38%-ы орман (қарағай, қайың, шырша, терек).

Латвия жерін адам баласы алғаш мезолит дәуірінде (біздің заманымыздан бұрынғы 9-4-мыңжылдық) мекендеген. Алғашқы мемлекеттік бірлестік Шығыс Латвияда (латгалдардың 8 князьдігі) X-XIII ғасырларда пайда болды.

XII ғасырдың 2-жартысында Семсерлілер ордені, 1237 ж. Ливон ордені құрылды. Сөйтіп, 1561 жылға дейін Латвия Ливонияның құрамында болды. 1558-83 жж. Латвия Речь Посполитаға қарады. Латвия жерінің Ресей империясының қол астына өте бастауы

XVIII ғасырдың аяғына қарай аяқталды. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін елде Кеңес өкіметі орнағанымен, 1918 ж. ақпанда Латвияны немістер басып алды. 18-қарашада тәуелсіз Латвия Республикасы құрылды. Бірақ 1940 ж. Латвия КСРО құрамына қосылуға мәжбүр болды. Ел 1941-44 жж. екінші рет неміс оккупациясын бастан өткерді. Соғыстан кейінгі жылдары социалистік жолмен дамып, 1989 ж. күзде өзінің КСРО құрамынан шығатынын мәлімдеді, ал 1990 ж. мамырда Тәуелсіздік Декларациясын жариялады. Латвия 1991 жылдан БҰҰ-ға мүше. 2004 жылы Еуропалық одаққа мүше болып қабылданды.

Литва – ресми түрде Литва Республикасы – Балтық теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауындағы мемлекет. Жер аумағы 65,2 мың км². Халқы 3,61 млн (2001). Астанасы – Вильюнс қаласы. Ресми тілі – литван тілі.

Литва жерінен табылған археологиялық деректер бойынша 3-мыңжылдықта Литва мен оған көршілес жерлерге балт тайпаларының арғы ата-бабалары келіп қоныстана бастаған. Литван тайпалары (жемайте, акуштайте, ятвягалар) князь Миндовганың басшылығымен бір орталыққа бірігіп, Литва Ұлы князьдігінің негізі қаланды. 1990 ж. мамырда тәуелсіздігін жариялады.

Эстония Республикасы – Шығыс Еуропаның солтүстік-батысында орналасқан мемлекет Балтық теңізінің Финн және Рига шығанақтарының суларымен қоршалып жатыр. Эстонияның құрамына 1500-ден астам (оның ішінде Моонзунд топаралы да бар) арал кіреді. Аумағы 45,1 мың км².

Халқының 70%-ы қалаларда тұрады, ірі қалалары: Таллин, Тарту, Нарва, Кохтла-Ярве, Пярну. Астанасы – Таллин қаласы. Ресми тілі – эстон тілі. Әкімшілік-аумақтық жағынан 15 уезден (маакондтан) және орталық бағыныстағы 6 қаладан құралады. Конституция бойынша мемлекет басшысы президент, ал жоғары заң шығарушы органы – Рийгикогу (бір палаталы парламент). Ұлттық мерекесі – Эстонияның тәуелсіздік күні, 24 ақпан (1918). Эстония БҰҰ-ның (1991) мүшесі. 1919 жылы 19 мамырда Құрылтай жиналысы Эстон Республикасының құрылғанын жариялады. 1934 ж. наурызда Эстонияда мемлекеттік төңкеріс жасалып, диктатура орнатылды. Парламент таратылып, барлық саяси партияларға тыйым салынды. 1939 ж. тамыз-қыркүйек айларында болған кеңес-герман келісімшартынан кейін 1940 ж. шілдеде Эстонияға кеңес әскерлері енгізіліп, Эстон КСР-і құрылды (1940 жылдың 6-тамызынан КСРО-ның құрамында). Эстондықтардың бір бөлігі КСРО-ның ішкі аудандарына, негізінен Сібірге күшпен жер аударылды. 1941 жылы желтоқсанда

Эстон КСР-інің аумағын неміс әскерлері басып алды, 1944 ж. Эстонияны Қызыл Армия Кеңес Одағына қайтарып алды. 1990 жылдан Эстония Республикасы деп аталады. 1991 жылы республиканың тәуелсіздігі жарияланды (КСРО Эстонияның тәуелсіздігін 1991 ж. қыркүйекте таныды). Тәуелсіздік алған күннен бастап Эстония өзінің сыртқы саясатын Батыс Еуропаға қарай бағыттады.

Майндағы Франкфуртта туған лейтенант Густав Цигельден табылған неміс командованияесінің солдаттарға арнаған бір үндеуінде былай делінген (2 т., 198-б.).

Франкфурт-на-Майне (нем. Frankfurt am Main (frankfuat am 'main) (инф.)), Франкфурт – Гессен жеріндегі ірі және Германиядағы 5-орындағы қала.

Рейн – Майн (нем. Rhein-Main-Gebiet) метропол аймағындағы ірі қала орталығы.

Қала көне Майн өзенінің бұрылысында (нем. «furt») Франкони елді мекенінде (аймағында) орналасқан. Ол жерді франктар мекен етеді. Сондықтан қаланың аты сол – «переправа франков» деген сөзден келіп шыққан.

Германияда Франкфурт: 1. Франкфурт-на-Майне (земля Гессен); 2. Франкфурт-на-Одере (земля Бранденбург) деген екі қала бар.

Франкфурттың әкімшілік округтері 46, әкімшілік квартал 118 қалалық округке бөлінген. Әкімшілік кварталдар 16 округке (нем. Ortsbezirke) біріктірілген.

Гитлершіл Германияға қарағанда, Совет Одағы мен оның одақтастары азаттық, әділеттік жолында, Еуропа мен ССР Одағының құлданылған халықтарын Гитлердің құлдығынан азат ету жолында соғыс жүргізіп отыр. Сондықтан да барлық адал адамдар СССР, Великобритания тағы басқа одақтастар армиясы азат етуші армия деп біліп, оған болысулары керек.

Бізден көмек күткен славян халықтарына, Еуропаның құлдық тағы басқа халықтарына өзіміздің талабымызды, өзіміздің режимімізді ұсыну бізде болмайды, соғысты ондай мақсат көздеуіміз мүмкін емес (2 т., 199-б.).

Германия, Германия Федеративтік Республикасы – Орталық Еуропада орналасқан мемлекет. Кейбір түркі тілдерінде Алмания болып та аталады. Жер аумағы 356,96 мың км². Халқы 81,7 миллион. Астанасы 1991 жылдан Берлин қаласы (3,46 миллион). Халқының 94%-і немістер (1998). Ресми тілі – неміс тілі. Германия 16 аймақтан (жерден) құралған федеративті республика.

Ұлттық мерекесі – Герман бірлігі күні (3 қазан, 1990 жылы, Германия Федеративтік Республикасына қосылған күні). Федераль-

дік Конституциясы 1949 ж. қабылданған. Ірі қалалары Бонн (297 мың адам), Гамбург (1,6 млн.), Кельн (1 млн-ға жуық) тағы басқа.

Германияның солтүстігін Орта Еуропа жазығы алып жатыр. Оңтүстігінде Шығыс Альпі тау жоталары орналасқан. Өзендерінің көпшілігі (Рейн, Везер, Эльба) Солтүстік теңізге, оңтүстігіндегі өзендер Дунайға құяды.

Германия жеріне адам баласы палеолит дәуірінде-ақ қоныстана бастаған. Б.з.б. 3-2-мыңжылдықта жергілікті тұрғындар мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысты, ал б.з.б. 1-мыңжылдықта темір қорытуды меңгерді. Б.з.б. 1 ғасырда Рейннің батыс жағалауы Рим империясының қол астына қарады. IV ғасырдың аяғында германдықтардың алғашқы тайпалық одақтары пайда болды. Олар шығыстан келген ғұн тайпаларымен қосылып, V ғасырда Батыс Рим империясын талқандады. VI-VIII ғасырларда герман тайпалары франктердің қол астына қарады. Олар христиан дінін де осы кезде қабылдады. 843 жылы Франк империясы ыдыраған кезде Шығыс Франк корольдігіне бағынды. Осы мемлекеттің негізінде герман тайпалары қайтадан біріктіріліп, Германияның тұңғыш королі Генрих I-нің басшылығымен 919 жылы Герман корольдігі құрылады. Алғашқыда бұл корольдікке 4 тайпалық герцогтік (Саксония, Франкония, Алеманния, Бавария) бағынды, кейін Лоторангия (925) және Фризия қосылды. 962 ж. Герман королі Оттон I Римді жаулап алып, Рим папасы тағына отырады. Осы кезден бастап герман корольдері өздерін «Қасиетті Рим империясы» тағының мұрагерлері деп жариялайды. 1032-34 жылы Империя құрамына Бургундия корольдігі қосып алынды (қаласы Бургундар). Корольдік XI ғасырдың ортасынан бастап бытыраңқылықты бастан кешірді. XVIII ғасырға дейін корольдікті билеуші 17 әулет ауысады. XIII ғасырда корольдік құрамындағы кейбір князьдер, әсіресе, Саксон әулетінен шыққан князьдер (Семсер асынушылар, Тевтон ордені) шығысқа жорықтар жасап, лив, эст, прусс тайпаларының жерлерін жаулап алады. Соның нәтижесінде Германия аумағы шығысқа қарай екі есеге жуық ұлғаяды. Алайда Италиядан бастап Балтық теңізі бойына дейін созылып жатқан корольдікте ықпалды әулеттер билеген жеке-жеке князьдіктердің беделі күшті болады. Әсіресе, корольді сайлау құқығын иеленіп алған курфюреттер жетекші топқа айналды. XIV ғасырда жеке-жеке князьдік өкілдерінен тұратын заң шығарушы орган-рейхстаг жұмыс істей бастады. Ал князьдіктердегі осындай өкілетті орган лантаг деп аталды.

Ұлыбритания (Great Britain), Британия, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі (*United Kingdom of Great*

Britain and Northern Ireland) – Еуропаның солтүстік-батысында, Британ аралдарында (ең ірісі – Ұлыбритания), Ирландия аралының солтүстік-шығыс бөлігі мен ұсақ аралдарда орналасқан мемлекет. Құрлықтан Ла-Манш (Ағылшын каналы) және Па-де-Кале (Дувр) бұғаздары арқылы бөлінген. Аумағы 244,11 мың км². Халқы 60,3 млн. (2004), астанасы – Лондон (7 млн).

Ташкент. Взводты басқаратын лейтенанттар Ташкент, Алматы училищелерінен жаңа ғана шыққан тәжірибелері аз жас жігіттер (2 т., 182-б.).

Ташкент (өз. Toshkent, Тошкент, орыс. Ташкент) – Өзбекстанның елордасы, Ташкент уалаятының әкімшілік орталығы. 2006 жылы қаланың ресми түрде тіркелген тұрғын саны 2,1 миллион болды, бейресми деректер бойынша 3 миллионға жетті.

Орта ғасырлар заманында қала «Чач» деп аталды. Кейінірек ол «Чач қаласы» деген мағына беретін «Чачканд» деп атала бастады. *Канд, қанд, кент, кад, кат, куд* осы жалғаулардың бәрі көне парсы тілінен алынған, ол қала дегенді білдіреді. Мысалы, Самарканд, Жаркент, Пенжикент сияқты қалалардың аттары осылай пайда болған. XVI ғасырдан кейін Чачканд деген атау «Ташканд» деген түрге өзгерді. Түсініксіз ескі атауына қарағанда жаңа атау («Тас қала») халық этимологиясының арқасында түсініктірек бола бастады. Ташкент деген түрі орыс тілінің әсерінен қалыптасқан.

Ташкент қаласы Тянь-Шань тауларының батыс етектеріне жапсарлас жатқан сулы жазықтықта, Шымкент-Самарқан жолының бойында орналасқан. Ташкенттің маңында Шыршық өзені тағы бірнеше өзендермен қосылады, сондықтан қаланың өзі қалың (15 м.-ге дейін) аллювийлі шөгінді жыныстардың үстінде жайғасқан.

Ташкент қаласы Шыршық өзенінің бойындағы, Гүлістан тауларының етегіндегі шұраттағы (оазис) елді мекен ретінде пайда болған. Көне замандарда осы жерде «Бейтиан», Кангюй конфедерациясының жазғы астанасы орналасқан.

Чач патшалығының б.з.д. V-III ғасырларда соғылған басты қала қамалының пішіні төртбұрышты болған, ол Сырдария өзенінен 8 километр оңтүстікте орналасқан. Б.з. VII ғасырында Шаш патшалығында бірнеше қала мен 50 шақты каналдың желісі болған, соның арқасында ол соғдылықтар мен түркілердің арасындағы сауда орталығына айналды. VIII ғасырдың алғашқы бөлігінде қала мұсылмандардың билігіне өтті.

Суанзаң қаланың атын «Че-ши» деген түрде жазып қалдырды. Қытайдың Суйшу, Бейшу және Таншу деген жылнамаларында V ғасырдан бері «Ши» немесе «Чеши» атты бір иеліктің болғаны туралы айтылған.

Самани әулетінің заманында қаланың аты «Бинкат» деген түрге енді. Алайда арабтар Бинкаттың айналасындағы аймақты «Чач» деген ескі атаумен атай берді. Қаланың қазіргі «Ташкент» (Тас қала) деген түркі тіліндегі атауы Қарахандар әулеті билік жүргізген Х ғасырдан бері белгілі.

Хорезмдіктер қаланы 1214 жылы тонады, бірақ Шыңғыс ханның әскерлері 1219 жылы оны қайтара тонады. Әмір Темір әулеті және одан кейінгі Шайбан әулетінің билігінің кезінде қала қайта жанданып, өркендей түсті.

1809 жылы қаланы Қоқан хандығы қосып алды. Ол кезде Ташкенттің халқы 100 000-ға жетіп, ол Орталық Азияның ең бай қаласы болып саналатын. Қала Ресеймен жасалған сауданың арқасында байи берді, бірақ Қоқанның салған салықтары оған ауыр болды. Оның үстіне Ташкенттің дінбасылары Қоқаннан гөрі Бұхараның дінбасыларына оң көзбен қарайтын. Бірақ Бұхараның әмірі бұл жайтты пайдаланып үлгірмеді – орыс әскерлері келіп қалды.

1865 жылдың мамыр айында генерал Черняев қалаға түнгі шабуыл бастады. Қаланың қабырғаларының ұзындығы 25 километр болып, 11 қақпасы, қорғаушыларының саны көп болды. Бұл шабуыл патшаның бұйрығына қарама-қайшы жасалды, оның үстіне Черняевтың әскерлері қаланы қорғап жатқандардікінен 15 есе аз болатын. Кішкене арнайы топ бір жерден шабуыл жасап жатқан кезде басты күш қаланың қамалы арқылы басып кірді, оларды қолында кресінен басқа түгі жоқ орыс православ священнигі бастап жүрді. Ресей әскері қаланы екі күндік кескілескен ұрыстан кейін қолға түсірді. Орыстың тек 25 жауынгері ғана, қала қорғаушыларынан бірнеше мың адам қаза тапты, солардың арасында – Қоқан хандығының билеушісі Әлімқұл да бар еді. Қаланың ақсақалдарынан «Ташкент арыстаны» деген лақап алған Черняев жергілікті тұрғындардың сеніміне ие болудың шараларын жүзеге асыра бастады. Ол қала халқын бір жылға алым-салықтардан босатты, қаланы қарусыз аралап, көше мен базарларда жай халықпен тілдесті. Ол өзін «Ташкенттің әскери басқарушысы» етіп тағайындап, II Александрға қаланы Ресейдің қол астындағы тәуелсіз хандық етуге кеңес берді.

Патша Черняев пен оның қарамағындағы адамдарға марапат пен сый-сыяпаттарды үйіп-төкті, бірақ Черняевтың тұрақсыз мінезін еске алып, көп ұзамай оны генерал фон Кауфманмен алмастырды. Ташкентке тәуелсіздік берілмек түгілі, ол жаңадан құрылған Ресей Түркістан аймағының орталығына айналдырылып, фон Кауфман соның бірінші генерал-губернаторы болып тағайындалды. Ташкенттің жанында орыс поселениесі құрылып, орыс қоныста-

нушылары мен саудагерлері ағыла бастады. Ресей мен Құрама Патшалықтың арасындағы «Үлкен ойын» атты Орталық Азияның үстінен билік үшін тайталастың кезінде Ташкент тыңшылықтың орталығына айналды. 1889 жылы Каспий темір жолы салынып, оны салған теміржол жұмысшылары Ташкентте қоныстанды. Бұл 1917 жылғы Қазан революциясына алғышарттар дайындады.

Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде Шыңғысхан қазақ даласын жаулап алып, Орта Азияға шапқыншылық жасағанда, отырықшылыққа айнала бастаған қазақтарды да кешіріп ала кеткен: «Сонан соң бұлар бұрынғы Апа тауды қалдырып, Ташкент төңірегіндегі тауларды мекен қылса керек. Шағатай нәсілінің үлкен ханы Ташкентте тұрып, бұларды бір інілері билейді екен...» т.б. тарихи деректер береді.

Ақпан төңкерісінен кейін жарияланған Ресей Уақытша Үкіметі Ташкентте өз билігін орнатуға тырысты. Бірақ ол көпке ұзамады, жергілікті мұсылман қарсылығы жойылды. 1918 жылы сәуірде Ташкент Түркістан Автономиялық Кеңес Социалистік Республикасының (Түркістан АКСР) орталығы болып жарияланды. Бұл жаңа үкімет ақтардың, басмашылардың және ішкі жауларының шабуылдарына ұшырады. Ташкент 1924 жылы жаңадан ұйымдастырылған Өзбек КСР-ның үлесіне тиді, ал 1930 жылы Самарқандтың орнына Өзбекстанның астанасына айналды.

Ташкент сол кезде басқа кеңес қалаларынан айырмашылығы шамалы болды, өзінің 2000 жылдан астам тарихының немесе Ұлы Жібек Жолының бойындағы маңызды қала болғандығын айғақтайтын орындар аз еді. Қазір Ташкент Өзбекстанның ең көп ұлт тұратын қаласы, орыс тұрғындарының саны әлі де елеулі. Ташкенттің көшелерін жағалай ағаш көп отырғызылған, қалада фонтандар мен саябақтар көптеп кездеседі.

2007 жылы тарихи құндылығы бар мешіттер мен басқа діни ғимараттары көптеп кездесетіндіктен Ташкент Ислам дүниесінің мәдени астанасы болып жарияланды.

«Москва үшін шайқас» шығармасындағы орыс микротопонимдерінің тарихи-лингвистикалық сипаты

Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас» повесіндегі топонимдердің тарихи-лингвистикалық сипатына тоқталсақ, соның ішінде – *Волоколамск топониміне*.

Батальон түгел күйінде, жауынгерлік қалыпта деңіз. Жойылып кетпепті, жау қолына түспепті, артиллериясы да, көлік, арба-сай-

мандары да түгел, ұйымдасқан түрде Волоколамскіге келіп жетті деңіз (2 т., 14-б.).

Соғыс жобасы бойынша, Волоколамск аймағына мықты бекініс дайындау мақсатымен осы жерде жаумен неғұрлым көбірек соғысып, уақытты ұту керек еді (2 т., 31-б.).

Бәрінің бет алысы Волоколамск... (2 т., 61-б.).

– Демек, Волоколамскіні жау алыпты ғой (2 т., 66-б.).

Сағат азанғы онда алыстан самолеттер тобы көрініп, Волоколамскінің бізден арғы шетінен артиллерия атыс дабылы сарындай гүрілдеді (Б.М., 2 т. 76-б.).

Волоколамск ауданында 269 елді мекен бар: 1 қала, 1 жұмысшы посёлок, 9 посёлок, 18 село, 239 деревня мен 1 хутор.

Ауданның әкімшілік орталығы – Волоколамск қаласы Тимково деревнясының шығысынан 3 км қашықтықта орналасқан.

Аудандағы ең ірі елді мекендерге: Волоколамск қаласы; Сычёво қала типтес посёлкісі; Осташёв, Теряево, Ярополец, Болычево селосы; Нелидово, Макариха, Клишино деревнясы жатады.

Волоколамск шоссесі – алғаш рет 1135 ж. Лаврентьев жазбасында Волок на Ламе атауымен кездеседі. Волоколамск Москва облысының ең ежелгі қаласы болып табылады. Оның жасы Москва жасынан 12 жылға артық. XVIII ғасырға дейін Волоком Ламский деп те аталады, кейде Волок делінеді.

Волок Ламский Новгородтан Рязан және Москва аймақтарына апаратын жолында орналасқан маңызды сауда орталығына айналды. Лама өзені – бұл Еділге үстіңгі жағынан қосылатын Шошидің сағасы. Ал Волошня өзені Москва өзеніне құйылатын Руза өзені салаларының бірі, Москва өзені Окидің саласы болып табылады.

Волоколамск топонимінің семантикасы новгородтықтар жүрген сүйретпе жерден шығады, олар кемелерді Ламадан Волошняға өткізіп жүрді.

1941 жылдың 27 қазаны мен 20 желтоқсан аралығында Волоколамск қаласы герман әскерлерінің оккупациясында қалды. Неміс-фашист оккупациясынан қаланы совет солдаттары қорғап қалады.

2010 ж. 25 наурыз күні Волоколамскіге Ресей Федерациясының «Соғыс даңқының Қаласы» құрметті атағы берілді.

Полк командирі полковник Капров «Болычево» совхозының аймағына табан тіресе шегініп, жолындағы Игнатово, Федосино, Княжево және басқа деревняларда айбындаса арпалысудың әуресінде жүріп, капитан Лысенкоға дер кезінде демеу бола алмапты, шынын айтқанда да көмек беруге мүмкіншілігі де жоқ екен (2 т., 28-б.).

Болычево – Москва облысының Волоколомск ауданындағы деревня. Облыстың батыс бөлігінде Волоколомсктан 33 км оңтүстік-батысына қарай және Можайскіден 34 км солтүстік-батысында орналасқан. Ауыл Искона өзеніне жақын орналасқан. 2005 жыл бойынша 1159 тұрғыны бар.

Буйгород – Москва облысының Волоколомск ауданындағы деревня. Кашинский ауылдық орталығына жатады. 2005 жылғы мәлімет бойынша ауылда 19 адам тұрған. Буйгород ауылы шамамен Волоколамскінің солтүстік-шығысынан 10 км жерде Клин-Лотошино жолының жанында орналасқан. Ауылдан Буйгород жылғасы бастау алады. Қазіргі ауыл бұрынғы Буйгород қаласының жерінде орналасқан. Ол алғаш рет 1497 жылы аталады. Қала өз атауын орналасқан жеріне байланысты алған. «Буй» ескі ежелгі орыс тілі бойынша ашық, биік жер деген мағына береді. Содан Буйгород – биік жерде орналасқан қала. 1929 жылға дейін Буйгород Москва губерниясындағы Волоколомск уезінің орталығы болған. 1890 жылғы мәлімет бойынша ауылда 314 адам тұрса, 1926 жылғы бүкілодақтық санақтың мәліметі бойынша 769 адам тұрған.

Осташово. Аудан орталығы Осташовода жауға қарсы тұрар бекініс ордасын құр.

Осташовода Руза өзеніне салынған көпір бар еді (2 т., 23-б.).

... Міне, Осташовоның кіре берісіндегі көпір... (2 т., 24-б.).

Бұлар Осташово көпірінен қарқынмен тоқтамай өтіп, сонымен негізгі күштеріне Руза өзенінен жол ашып бермек болған немістің алдыңғы барлаушы отрядтары...

Ол, Осташовоның шетіндегі кірпіш үйдің тасасында, бақылау пунктінде тұр (Б.М., 2 т. 25).

Осташево – Москва облысының Волоколамск ауданындағы село, Осташевское селолық мекенінің әкімшілік орталығы. Волоколамскіден оңтүстікке қарай 20 километрде, Руз өзенінде орналасқан. 1910-20 жылдары Осташев болысының орталығы, 1939-57 жылдары Осташев ауданының орталығы болды. Селода құрылыс материалдары зауыты жұмыс істейді. Сонымен қатар, XVIII ғасырдың соңы – XX ғасырдың басына жататын Н. Муравьев саяжайы сақталған.

Қарбаласқан немістер тізбегі... Бәрі де дәл Осташоводағыдай (2 т., 109-б.).

Руза топонимі. Генералдың ойы бойынша, егер біздің бөлімшелер шегініп келе жатып осы аймаққа, Руза өзенінің бойына табан тіреуге шамасы келмей тұрақтай алмаса, мына үлкен даңғыл жолды кесе-көлденең күні бұрын дайындалып қойған қорғаныс орда

үйін және өзен жағасындағы тың күші бар гарнизон жаудың алдын белгілі уақытқа дейін бөгеп, шегініп келе жатқан бөлімшелеріміздің топтанып есін жиып, күш біріктіріп, топтанып жаңа шепке бекініп алып, жаудың алдына қайта бөгет болуына мүмкіндік беруге тиісті екен (2 т., 23-б.).

Бұл аймақтағы Руза өзенінен өтетін жалғыз өткел – көпір Осташовода ғана болғандықтан жау оны оңайлықпен не басып, не орағыта айнала өте алмас (2 т., 24-б.).

– Мен 1938 жылдан бері генералмын, – деді Панфилов даусын көтеріңкіреп. – Одан елге не пайда, Илья Васильевич? Рузадан шегіндік. Волоколамскіні жауға беріп, ал, сіздің сол жақ қанаттағы күшіңіз – яғни сіз өзіңіз бүгін жауға станцияны бердіңіз (2 т., 107-б.).

Руза – Москва облысындағы қала, Рузск ауданының әкімшілік орталығы; «Қалалық мекен Руза» муниципалды құрылымды жалғыз елді мекен. Руза өзенінде орналасқан, батыстан Москваға 110 км және солтүстік-батысқа Тучково теміржол станциясынан 22 км қашықтықта орналасқан. Қала XIV ғасырдан белгілі.

Софатова.

Мен генералға совхоз поселкесі жанындағы тоғайда болған соғысты, Софатовадан келе жатқан артиллериялы неміс колоннасына төрт зеңбіректен оқ бората тиіскенімізді түгел айтып бердім (Б.М., 2 т.).

Генерал маған түрлі түсті қалам ұсынып, картадан Софатованы сұқ қолымен шұқып көрсетіп:

– Жаңағы айтқандарыңыздың бәрін картаға сызып түсіріңіз, – деп бұйырды (Б.М., 2 т.).

Софатово Москва облысының Волоколамск ауданындағы шағын деревня.

Рюховское.

Волоколамск алқымындағы бағытқа тірелетін Рюховское мен Спасс-Рюховское түйініне бас командование аса зор мән беріп, зор көңіл бөледі (2 т., 31-б.).

– Егер біз Рюховскоеде радиомен байланыса алсақ қой, жауды ең жоқ дегенде екі күн әурелер едік (2 т., 33-б.).

Рюховское – Москва облысы Волоколамск ауданындағы село. Спасск ауылдық мекеніне кіреді. 2005 жылғы мәліметтер бойынша селода 89 адам тұрған. Рюховское селосы автокөлік жолында Волоколамсктен оңтүстікке шамамен 4 километр қашықтықта орналасқан. Жакын орналасқан елді мекендері – Пагубино, Иевлево, хутор Дроздова және Спасс селосы.

Рабочий поселок фабрики имени Ленина.

Біз тұрған қыстақ «Рабочий поселок фабрики имени Ленина» деп аталады екен, ал біз отырған үй «Племхоздың» үйі екен (2 т., 43-б.).

Шешім таба алмай уайым басып қысылғанның салдары болу керек, біраз тұрып қасымдағы Степановка:

– Біз қай жерде тұрмыз? – деппін.

– Рабочий поселок фабрики им. Ленина, дом племхоза (2 т., 45-б.).

Рабочий поселок фабрики имени Ленина – Ульяновск облысы Барышск ауданындағы қала типті кент. Ленинск қалалық мекенінің орталығы. Тұрғын саны 2515 адам (2010). Барыш өзенінің оң жақ жағалауында 1848 жылы ірі жер иесі А.А. Протопоповтың, Румяневск шұға фабрикасына негізделіп құрылды. Қала типті статусын 1938 жылы алды.

Лама топонимі.

Карта бетінде жасыл жіптей ирендеген жіңішке сызықтың астына р. Лама (Лама өзені) деп жазылғанын шығардың алдында оқығанмын.

Лама бұрқылдай қайнап толқып ағады (2 т., 48-б.).

Алланың айтуы бойынша: Попов өз ротасымен Ламадан өту, езіліп жатқан айдаулы егістің орны батпаққа малшыланып жүру азаптарын бастан өткізіп Тимковоға жақындағанда дұшпанның тосқауыл тобына кез болыпты (2 т., 51-б.).

Лама топониміне талдау жасасақ, Лама сөзінің семантикалық мағынасы көп. Тілімізде Лама сөзі: 1. Дін және мифологияға қатысты – үш атау: Лама (Буддизм), Далай-лама, лама немесе Ламмасу;

2. Биология ғылымына қатысты – үш атау;

3. Географияға қатысты – жеті атау;

4. Техника ғылымына қатысты – екі атау;

5. Музыка ғылымына қатысты – үш атау бар.

Лама – Москва және Тверь облыстарындағы өзен. Лама өзені Волоколамск ауданы Себенки деревнясы маңындағы батпақтан ағып шығып, Шошуға оның сағасы маңында, Иванов су қоймасының оңтүстік-батыс бөлігінде құяды.

Балтық түбінен шыққан өзен атауы лама термині арқылы пайда болған, оның қазіргі латыш тілінде бірқатар мағынасы бар, арасынан «тар ұзын жазық» және «кішкене тоған, шалшық» мағыналары оның түсіндірілуі үшін қызығушылық тударады. Бұл жайт *lama* термині б.э. I мыңжылдығында қазіргі Москва маңын мекендеген балттар тілінде тек «тар ұзын жазық» дегенді ғана емес, онымен ағатын өзен ұғымын да берді.

Ал шығармада кездесетін Лама ойконимі осы Лама өзенінің атауына байланысты қойылған болуы ықтимал.

Тимково топонимі.

Тимковоға қарай азимут бойынша жолға түселік (2 т., 44-б.).

Компасымды алып, оның жылтыр дірілдеген ұшына қарап Тимково тарапын анықтап көрсем, әлгі қос із солай қарай қатар жатыр екен.

Жиенішбаевтың ізімен Тимковоға қарай тарттым (2 т., 49-б.).

Немістер Тимковода екені күмәнсіз. Ал, Попов қайда?

«...Октябрьдің 27-нен 28-не қараған түнде Тимковоның тарапындағы ұрыста батальонның қимылы сәтсіздікке ұшырады (2 т., 50-б.).

Тимково – Москва облысы Волоколамск ауданындағы қала. Волоколамск қалалық мекеніне жатады. 2006 ж. муниципалды реформаға дейін Волоколамск ауылдық округіне тиесілі болды.

Тимково ауылы Лама өзенінің сол жағасында, Селесня сағасынан төменірек (Иваньков су қоймасының бассейні), Волоколамск қаласының орталығынан батысқа қарай 4 км қашықтықта орналасқан. Ауылдан батысқа қарай 1 километр қашықтықта «Балтия» федералды автожолы өтеді. Жақын елді мекендері Ивановское ауылы мен Хворостино деревнясы.

Истра қаласы. Бұл айқын мәселе, меніңше, салмағын Волоколамск даңғыл жол бойына салып, бір жұлқынғанда Истра қаласына шығу, жалпы беталысы Москваның батыс қабырғасы болуы керек. Жаратып жинаған күштеріне қарағанда оның ойы екпінді қарқынын Москваға жетіп, бір-ақ баспақ-ау деймін (2 т., 91-б.).

Олардың мақсаты жан-жақтағы жауға көңіл бөлмей, майданды қақ жарып өтіп, тікеден-тіке Истраға барып шегінген жау топтарының алдында тосқауыл болып тұру екен (2 т., 249-б.).

Истра қаласы 1781 жылдан Россия құрамында, бұрын Воскресенск деп, кейіннен Истра деп аталған.

Истра өзені. Истра өзенінің бойы, көл жағасы. Истра қаласының іргесі, одан соң оңтүстікке қарай көлбеп жатқан жер беті ойлы-қырлы, шошақ төбелі, белес-белес жонды, қырқалы келеді. Мықты бекіністер жасап, қорғануға жер жағдайы өте ыңғайлы-ақ. Командованиенің ойы: Истра бойында жауды тоқтатып, алдына көп уақытқа дейін бөгет жасап, ілгері бастырмау еді. Бірақ іс ой үстінен шыққан жоқ, күтпеген жерден насырға айналды. Жау Истраны оңай-ақ басып алды (2 т., 215-б.).

Ченцы. Картаға оңнан солға қарай салынған әртүрлі нақысқа қарасам: Строково, Ченцы, Мыканино, Ядрово, Дубосеково тағы бірнеше қыстақтардың батыс жағынан орманды тірей қызыл қаламмен сызылған біздің бекініс жөні басқұрдай тоқылып көрсетілген екен. Карта бойынша он шақты шақырымнан кейін өзіміздің полктардың тұрған жерін көріп, барлығының артында Горюны, Ма-

тренино қыстақтары мен 151,0 нысаналы төбені басып әкететін жол айкастарын қоршап сызған генералдың қаламының ізіне көзім түсіп, ентелеп үңіле бастадым: «Момышұлының батальоны» деп жазыпты (2 т., 90-б.).

Бүгін неміс күні бойы Ядровоны, Мыканино мен Ченцыны артиллериямен де, авиациямен де үсті-үстіне соққылап, әйтеуір тас жолға шығуға тыпыршып, тынбай жан таласуда (2 т., 108-б.).

Ченцы – Москва облысы Волоколамск ауданындағы қала.

2006 ж. муниципалды реформасынан кейін Волоколамск қалалық мекеніне жатады, Ченец ауылдық округінің орталығы.

Ченцы деревнясы Волоколамск қаласы орталығынан шығысқа қарай 4 км қашықтықта орналасқан. Деревнядан оңтүстікке қарай бір жарым км қашықтықта Волоколамск тас жолы өтеді. Ең жақын елді мекендерге Горки мен Авдотьино жатады.

1929 жылдан бастап Москва облысы Волоколамск ауданы құрамындағы елді мекен болып табылады.

Матринино топонимі. Айта берсең, Матринино, Горюны халдері нашар болса сенен 30-40 адам алуым да мүмкін (2 т., 97-б.).

Жолда, Матренинода бірінші ротаның командирі Филимоновпен жолығып, біраз кідіріп даңғыл жол бойындағы Горюны қыстағына қас қарайғанда жетіп, аттан түстім (2 т., 97-б.).

Матренино, Ядрово – Москва облысы Волоколамск ауданындағы деревня. Чисменск ауылдық округіне кіреді, 2006 жылғы муниципалдық реформасына дейін Анинск ауылдық округіне қарасты болған.

Матренино деревнясы Новориж тас жолы маңында Волоколамск қаласының орталығынан оңтүстік-шығысқа қарай 12 км қашықтықта орналасқан. Аймақта 4 бакша серіктестігі тіркелген. Деревнядан солтүстік-батысқа қарай 2,5 км қашықтықта Москва темір жолының Матренино-Рижск бағытындағы платформа орналасқан.

Дубосеково топонимі.

Соғыс ойраны сағат сайын өршіп, дабыл үстіне дабыл қаққандай күңіреніп, орман үстінен будақ-будақ қара түтін көрінеді: арпалыс айкас Ядрово мен Дубосековоның маңайында болып жатыр (2 т., 102-б.).

Дубосековоның солтүстік шетінде екі дивизионның оғын қосарлап тез атындар (2 т., 106-б.).

Дубосеково – Москва облысы Волоколамск ауданындағы станцияға қарасты шағын поселок. Чисменское ауылдық мекеніне кіреді, 2006 жылғы муниципалдық реформасына дейін Жданов ауылдық округіне жатты.

Аттас Дубосеково айрылма жолының (разъезд) маңында, Волоколамск қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 9 км қашықтықта орналасқан. Оның маңайында 1941 ж. 16 қарашада кеңестік 316 атқыштар дивизиясы мен неміс-фашист 11 танк дивизиясы арасында шайқас болды. Бұл 28 батыр панфиловшылар туралы кеңестік ресми аңыз нұсқасының бастауына әсер етті.

Мыканино.

Мыканино деревнясына баратын жолмен он жеті жауынгер жүріп келеді (2 т., 104-б.).

Олар Мыканино деревнясының түбіндегі бекініске келіп орналасты (2 т., 105-б.).

Мыканино – Москва облысы Волоколамск ауданындағы деревня. Чисменское ауылдық мекеніне кіреді, 2006 жылғы муниципалды роформаға дейін Анинск ауылдық округінде болды.

Мыканино деревнясы Волоколамск қаласының орталығынан бастап шығысқа қарай 6 км қашықтықта орналасқан. Деревняның оңтүстігінде Волоколамск тас жолы өтеді. Жақын елді мекендері – Ядрово мен Рождествено деревнялары.

1929 жылдан бастап Москва облысы Волоколамск ауданы құрамындағы елді мекен.

Горюны топонимі.

Бұл Волоколамск тас жолының екі жағасына орналасқан кішігірім деревня, жиырма бес шақты үйі бар. Үйлері кәдімгі Россия деревняларына тән шыбық шарбақты ағаш үйлер. Егер майдан жаққа бетінді бұрып, картаға қарап тұрсаң, карта бетінде кішкене өрмекшідей болып тырбылып жатқан Горюныны көресің (2 т., 115-б.).

Біздің батальонның басты тірегі мен штабы осы Горюныда (2 т., 116-б.).

Горюны – орыс халқының шағын субэтносты, Сумск облысының орталық бөлігінде, әсіресе, Бурынск және Путивльск аудандарының орталық бөлігінде тұрады. Горюндардың орыс говоры белорусс пен украин тілдеріне жақын. Горюндар Сум Полесьенің автотонды тұрғындары болып табылады.

Ядрово.

Сергей Иванович екеуіміз бірсыпыра тығыз жұмыстарды реттедік: оның бір бақылаушысын біздің бір офицермен бірге полковник Капровқа, басқа біреуін Ядрово аймағына, менің полк командирім майор Елинге жібердік (2 т., 125-б.).

Көптен күткен шылдыр кенет соқты, телефонист маған трубканы алып берді:

– Елин Ядроводан кетті, – деді генерал, – ал, Возмищеден колонна созылып келе жатыр, сол екі пунктқа да дивизионнан екі дүркін оқ атылсын! – деп бұйырды (2 т., 128-б.).

Ядрово – Москва облысы Волоколамск ауданындағы деревня. Чисменск ауылдық округіне кіреді, 2006 жылғы муниципалдык реформасына дейін Чисменск ауылдық округіне қарасты болған.

Ядрово ауылы Волоколамск тас жолында Волоколамск қаласы орталығынан шығысқа қарай 6 км қашықтықта орналасқан. Жақын елді мекендері – Мыканино деревнясы мен Трехмарьино кенті. Деревняның оңтүстігінде Городни өзенінің бастауы бар.

1929 жылдан бастап Москва облысы Волоколамск ауданы құрамындағы елді мекен.

Шишкино.

Бір кезде Шишкино маңындағы орман үстінен үштен топталып истребительдер ытқып-ытқып шыға келді (2 т., 143-б.).

Олар үш-үштен, алты-алтыдан топтанып Шишкино, Матренино, біз тұрған Горюнының үстінен ұшып өтіп барады. Рождественское, Ядрово мен Дубосековоға жеткенде құйыла дәлдеп гүрсілдетіп бомба тастай бастады.

Таң ата Шишкиноға келіп, өз тобымызға қосылдық. Ал, енді генералдың айтқаны «бүгін мен ертең шыдап берсін, әсіресе, тас жолдың бойындағы Горюныны қолдан шығармай мықты ұстасын» деді (2 т., 147-б.).

Бара жатқан қыстағымыз Шишкино, орманнан шыға бергенде-ақ алдымыздағы алаңнан көрінді (2 т., 89-б.).

Шишкино – Москва облысы Волоколамск ауданындағы станцияға қарасты деревня. Чисменское ауылдық мекеніне жатады, 2006 жылғы муниципалдык реформаға дейін Анинск ауылдық округіне тиесілі болды. Тұрғыны – 8 адам (2010).

Шишкино ауылы Волоколамск қаласының орталығынан шығысқа қарай 11 км қашықтықта, Каменка өзеніне құятын Осинниковск бұлағының жағасында орналасқан. Аумақта екі бақша серіктестігі тіркелген. Жақын елді мекендері – Лысцево деревнясы, Рождествено мен Амельфино.

1929 жылдан бастап Москва облысы Волоколамск ауданы құрамындағы елді мекен.

Гусенево топонимі.

Краев Гусеневоға қарай кете берсін. Икс-игрик координатындағы орманда бізді тосуы керек (2 т., 179-б.).

Гусенево – Москва облысы Волоколамск ауданындағы деревня. Чисменск ауылдық мекеніне кіреді. 2005 жылғы мәлімет бойынша деревняда 8 адам тұрған. Гусенево деревнясы Большая Сестра өзе-

нінде, Волоколамск қаласының орталығынан шығысқа шамамен 15 километр қашықтықта орналасқан. Жақын орналасқан елді мекендері – Аксеново деревнясы және Чисмена поселкесі. Гусенево деревнясында Лесная, Панфиловская, Речной, Цветочная, Школьная және Южная көшелері орналасқан. Ұлы Отан соғысы жылдарында И. Сталин К.Е. Ворошиловпен бірге И.В. Панфиловтың 316 дивизиясының Гусенево деревнясы маңындағы орналасу орнын аралайды.

Старое Рахино топонимі.

...Сентябрьде біздің батальон Старое Рахино маңында қорғаныс шебінде жатты (2 т., 189-б.).

Старое Рахино – Новгородск облысы, Крестецк ауданының деревнясы. Новорахинск ауылдық мекенінің құрамына кіреді. Старое Рахинодан Холова өзені ағады, оңтүстігінде кішігірім Ямно теңізі бар. Көшелері: Луговая, Отрадная, Солнечная.

Крюково топонимі.

Село Крюково, станция Крюково сол себептен біздің есімізде қалды. Бұл шепте біздің полк көпке төтеп бере алмады. Жаудың басым күштері шабуыл үстіне шабуылдап, бізді тықсыра-тықсыра барып, Александровка, Каминка селоларын басып алып, екі бүйірімізден қысып, маңдай алдымыздан соғып, бізді бірте-бірте ығыстыра берді. Тек кешке қарай, ымырт жабылуын пайдаланып, Крюковоның іргесіне тақап барып бекініп алуға мұршамыз зорға жетті (Б.М., 2 т., 236-б.).

Крюково топонимі Белоруссияда Минск облысының Любань ауданында ал Ресейде Архангельск, Белгородская, Брянск, Владимир, Вологодский, Иванов, Калуга, Курган, Москва, Курск, Ленинград, Липецк, Зеленоград облыстарында және Украинада кездеседі. Қолданыста шамамен 85-ке жуық Крюково атауы бар екен.

Б. Момышұлының «Москва үшін шайқас» повесіндегі – Крюково Москва облысының Волоколамск ауданындағы шағын деревня.

Васильево.

Бара жатқан жерім – дұшпаннан өткен күні ғана азат етілген Васильево қыстағы. Оның алдында 3-4 шақырым жерде Соколово қыстағына бекінген жау сіресе қарсыласып, жанына жолатпай шайқасып жатқанына екі-үш күн болды (2 т., 261-б.).

Васильево орманының алаңында, қарға белдеуіне дейін көмілген орыс қыстағы (2 т., 261-б.).

Дедёшино.

– Алдынан тосқауыл қалдырып, негізгі күшіңізбен Дедешино совхозына қарай шегінуге кірісіңіз! Бұйрық солай – деді полковник (2 т., 232-б.).

Түн жарымы ауа бастағанда бәріміз де Дедешино совхозына келіп жеттік (2 т., 236-б.).

Дедёшино – Москва облысы, Истинск ауданындағы Букаревск ауылдық мекенінің деревнясы. 2004 жылғы тұрғын саны – 21 адам. Дедешино Истра аудан орталығынан батысқа 13 километр қашықтықта, Маглуши өзенінің сол бөлігінде орналасқан. Деревняның атауы XVI ғасырдағы жер иегері Дедишиноның фамилиясынан шыққан.

Ловать өзені.

Екі ортада түйсетін жері мына тұрған Холм қаласы, – деп картадағы қара қоңыздай тарбиған бір белгіні сұқ қолымен көрсетті. Картаға үңіле қарап мен сирек жасыл жиекті баса сызылған р. Ловать деген жазуды оқыдым. Е, баяғыда мектепте оқып жүргенде аталатын Ловать дария-өзені осы екен ғой деген ой маған сап ете түсті. География сабағында кездескен Ловать өзенінің бойына соғысқа келемін деген кімнің ойында бар еді бұрын (2 т., 262-б.).

Ловать (др.рус. Ловоть, белор. Ловать) – Белоруссия және Ресейге қарасты өзен. Витебск, Псков и Новгород облыстарының территориясымен ағады.

Көлемі 21,9 мың км², орташа су ағасы 169 м³/с. Балтық теңізінің Нева өзенінің бассейні.

Өзен жағалауында Великие Луки қаласы, Холм және қалалық типтегі Парфино посёлкесі орналасқан. Ең ірі ағысы – Кунья Холм қаласы арқылы Ловать өзеніне құяды.

